



РАХМАНҚҰЛ  
БЕРДІБАЙ

Эпос -  
ел қазынасы

Бес томдық  
шығармалар  
жинағы

Бірінші  
ТОМ

Бердібай Р.

Б 45 Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос — ел қазынасы.

Бірінші том. — Алматы: «Қазығұрт», 2005. — 464 бет.

ISBN 9965-22-098-0

Көрнекті сыншы, әдебиетші, фольклоршы, түріктанушы, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, публицист-жазушы, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Рахманкүл Бердібайдың бес томдық шығармалар жинағының бірінші томында бертінгі ғасырлардағы түрік әлемінің рухани қазынасы болып табылатын эпостар, кисса-жырлардағы дәстүр мен жаңашылдық проблемаларына кең орын беріліп, халық ауыз әдебиеті ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 83.3 (2 Каз)

Б 4603000000  
482 (05)-05

ISBN 9965-22-098-0 - (1 том)

ISBN 9965-22-097-2

© Бердібай Р., 2005

© «Қазығұрт» баспасы, 2005

## МҰРАНЫҢ МӘНІ

*Ауыз әдебиеті — халқымыздың ғасырлар бойында жаратқан көркемдік қазынасының ең маңызды ескерткіші. Онда еліміздің сан ықылым замандарда бастан кешкен оқиғаларының жаңғырығы, тарихи дәуірлерде қалыптасқан көзқарасы, дүниетанымы, наным-сенімі айқын бедерленген. Сонымен қатар ауыз әдебиеті шығармаларында халықтың алдан күткен арманы, жақсы өмір, жарқын болашаққа деген үміті, ғалам мен қоғам құбылыстары туралы түсінігі, болып өткен істерге бағасы көрініс береді. Осы тегелей теңіз мұраның түрлі жанрында өмір шындығы алуан бояулы, қайталанбас нақышымен өрнектелген.*

*Халық тарихының қатпарларын неғұрлым мол қамтып шежірелеген, әлемдік көркемдік дамуға үлес болып қосылған эпикалық жаратындылар да аз емес. Оқиғалық, сарындық түбірлері кем дегенде мың жарым, екі мың жылдық уақытпен межеленетін «Алпамыс батыр», «Қазы Көрпеш — Баян сұлу» дастандары өзінің терең мазмұны, көркемдік бітімі жиынан атағы жаһандық көлемге кеткен «Махабхарата», «Илиада», «Манас», «Дәде Қорқыт кітабы» секілді дұрданалармен деңгейлес тұрады. Ел жадында ошпес із қалдырған оқиғалар мен тарихи адамдар жайындағы ондаған, жүздеген дастандар өз алдына бір төбе.*

*Ұлтымыздың рухани, көркемдік мұрасын жинау, жарыққа шығару, зерттеу, оның танымдық, тәрбиелік, эстетикалық сипатын ашып, қауымның игілігіне айналдыру ісіне ауыз әдебиетін зерттеушілердің өлденеше буыны ат салысқан. Бұл ретте Ш.Уалиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.А.Диваев, М.Көпеевтен басталып, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, К.Жумалиев, Ә.Қоңыратбиев, Е.Исмаилов, М.Ғабдуллиндерге ұласатын дақты есімдерді атасақ та болады.*

Осы ғұламалардың игі дәстүрін жалғастырып, фольклортану ғылымының теориялық, методологиялық деңгейін жаңа белеске көтеріп келе жатқан ғалымдар еңбегі де елеулі. Солардың бірі — әдебиет сыншысы, фольклоршы, түрікстанушы, публицист, жазушы Рахманқұл Бердібай. Оның қазақ фольклоры мен әдебиетінің, түркологияның көкейкесті мәселелеріне арналған ондаған кітаптары мен жүздеген мақалалары әдеби, ғылыми жұртшылыққа жақсы таныс. Р.Бердібайдың зерттеулері мен мақалалары орыс, түрік, ұйғыр, түркімен, өзбек, татар тілдерінде де жарияланған. Міне, осы еңбектердің таңдамалысы бес том көлемінде тұңғыш рет шығарылғалы отыр. Бұл томдардың алғашқы екі кітабында ғалымның көне, қиһармандық, ғашықтық, діни, тарихи дастандар, фольклор шығармаларының тарихилығы, ауыз әдебиетін жаратушылар мен дамытушылар, түрік халықтарына ортақ сарындар, көркемдік дәстүр жалғастығы т.б. турасында екшелген ойлары, жасаған талдаулары, маңызды тұжырымдары орын алған.

Профессор Р.Бердібайдың фольклоршылық еңбектерінің ішінде қазақ эпосының генезисін, даму жолдарын, жанрлық ерекшелігін сипаттайтын зерттеулері ерекше құнды. Ғалым қазақ халқының аса бай эпикалық мұрасын жанрлық-стадиялық тұрғыдан талдап, тану принципін тұңғыш рет ұсынғаны белгілі. Егер одан бұрынғы зерттеушілер (Ә.Мареұлан, Ә.Қоңыратбаев, Е.Исмаилов) эпосты көбінесе тақырыптық және хронологиялық белгілеріне сәйкес жүйелеп топтаған болса, Р.Бердібай дастандық туындыларды жанрлық және стадиялық сипатын қоса қамтып тексеріп, ғылыми жаңалық әкелді: күллі эпикалық репертуарды көне (архаикалық), қаһармандық (классикалық), ғашықтық (романдық) және тарихи эпос деп төрт топқа жүйеледі. Соңғы 25 — 30 жылдан бері эпосты осылайша жүйелеу жоғары мектеп бағдарламаларына кіргізіліп, филология факультеттерінде дәрістер жүргізіліп келеді. Зерттеушінің ертедегі ғұндар дәуірінің елесі сақталған дастандарды («Алаңқай батыр») ғылыми талдау нысанысы етуі де құптарлық.

Ғалымның фольклортану еңбектеріндегі екінші сонылық — түрік халықтарының эпикалық аңыздарларын салыстырмалы-типологиялық тәсілмен зерттеудегі бастамашылығы. Бұл тәсіл фольклор шығармаларындағы ұқсастық табиғатын неғұрлым нақтырақ тануға мүмкіндік береді. Р.Бердібай «Түрік халықтарының тарихи-генетикалық типологиясы» деген еңбегінде түрік халықта

рының эпосындағы үндестіктер мен сарындастықтар түбірін үш жүйеге бөліп тексеруді ұтымды деп табады. Олар: 1. **Тарихи-типологиялық салыстыру**; 2. **Тарихи-мәдени типология**; 3. **Тарихи-генетикалық типология**. Автор осылардың әрқайсысына тән ерекшелікті нақтылы көрсетеді. Мәселен, ғалым «Едіге батыр» дастанын ноғай, қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары өз туындысы деп есептеуі бұл елдердің әуел бастағы генетикалық туыстығынан, бәрінің де бір заманда Алтын Орда империясының құзырында жисаған бауырлас елдер болғандығынан деп түсіндіреді. Сондай-ақ «Алпамыс батыр» дастанының ең көркем, классикалық версийлары қазақ, қарақалпақ, өзбектер арасында сақталып, дамуы осы халықтардың құрамындағы қоңырат тайпасының этностық тарихымен байланысты екенін дәлелдейді. Фольклоршының «Дәде Қорқыт кітабы» және қазақ эпосы», «Манас» жырындағы қазақ тақырыбы» деген зерттеулері де қызғылықты. Ол эпостағы ұқсастықтардың заңдылықтарын зерттеу түркі халықтарының бір замандағы бірлігі мен кейінгі кезеңдерде ыдырауының себептерін білуге, үзілген мәдени, көркемдік дәстүрлерді қайта жалғатуға жарқын мысал екенін ескертеді; келешекте тілі, діні, дәстүрі жақын жұрттардың эпикалық мұрасын көптомдық серия етіп жариялауды ізгі міндет санайды.

Сөз болып отырған кітаптардың тағы бір ұнамды ерекшелігі — қазақ фольклортану ғылымында ондаған жылдар бойында ауызға алынбаған, тұрпайы социологиялық көзқарастың үстем кезінде «халыққа жат, зиянды» деп қараланған бір топ эпос-дастандардың зерттеу тақырыбы болуы. Олар: «Едіге батыр», «Ер Сайын», «Шора батыр», «Қарисай-Қазы», «Орақ-Мамай» тәрізді елге ежелден танымал, әрі сүйікті шығармалар. Бұл дастандар ХХ ғасырдың қырқынышы жылдарынан бастап, еліміз тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдарға дейін мүлде ұмыт қалдырылғаны мәлім. Міне, осы мұраның халыққа қайта оралуына ерекше еңбек сіңіргендердің бірі — Р.Бердібай болғанын атап айтуымыз парыз. Рахақ соңғы отыз жыл бойында эпикалық мұрамыздың күрделі бөлегі — қазақ-ноғайлы дәуірінің эпосын жариялау, зерттеу қажеттігін тыңғылықты көтеріп, ғылыми конференцияларда баындама жасады; «Советская түркология» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің беттерінде мақалалар жазды; «Едіге батырдың» ғылыми басылымын жариялауға басшылық етті. Оның «Эпос тудырған дәуір», «Қырымның қырық батыры», «Едіге деген ер еді», «Қаһармандық жыр — халық естелігі»,

«Эпос – ел мұраты» сияқты зерттеулері «жабық» жатқан мұраны жарыққа шығару жолындағы ізденістер жемісі.

**XX ғасырдың ұзына бойында жарық көрмеген мұраның елеулі бір шоғыры діни қисса-дастандар еді. Осы тақырыпқа тұңғыш қалам тартқан да Рахақ болғанын айтсақ, шындыққа қиғаш келмейміз. Ол ертеден ел құлағына сіңісті, бірақ Кеңес дәуірінде «зиянды» мұра қатарына қосылған «Дариға қыз», «Зархұм», «Мұхамед-Ханафия» сынды тағылымы зор тамаша дастандарды алғаш рет байыпты талдап, салдарлы пікір айтты; бұлардың қазақ эпикалық дастаншылық дәстүрімен байланысын және адамдарға рухани тәрбие берудегі зәрулігін көрсетті.**

Жүйелі зерттеуге тиіс тақырыптың бірі – ежелгі түрік фольклорындағы көркемдік дәстүр жалағастығы мәселесі. Еуразияның ұшы-қиыры жоқ кеңістігінде шашырап жатқан түркі тілдес елдердің ауыз әдебиеті байлығын кең салыстырып, маңызды қорытындылар жасау уәзіпасы күн тәртібінде тұра береді. Мұндай жұмыстар үшін ең қажетті нәрсе – отызға тарта түркі тілдеріндегі мұраны жарыққа шығару, текстерді түпнұсқада оқым-талдау болып табылады. Р.Бердібайдың «Орхон ескерткіштері және эпикалық дәстүр», «Ертедегі түрік фольклорындағы көркемдік жалағастық» деген еңбектері осы бағыттағы санаулы ізденістердің бірі.

Эпосқа арналған екі томдықта бертіңгі ғасырлардың туындысы болып табылатын тарихи жырлардағы дәстүр мен жаңашылдық проблемасына, нақтылы дастандарды талдауға, халық әдебиетін насихаттаған жырғау, ақын, жыршылар қызметіне, ірі фольклоршы ғуламалар (Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан т.б.) шығармашылығына, билер сөзінің фольклорлық сипатына т.б. кең орын берілген. Бұл еңбектердің қай-қайсысында да ғалымның өзіндік қалам қайраты, кең парасаты, ұлттық рухани құндылықтарға деген ілтиматы айқын танылады. «Құйрықты жұлдыз секілді» атты зерттеуінде аятар қазақ ауыз әдебиеті ғылымының негізін салушы, фольклоршы, шығыстанушы Шоқан Уәлиханов өмірі мен шығармашылығын монографиялық деңгейде қарастырған. Сондай-ақ «Абылай асуы», «Ерлік туын көтерген ер Кенекең», «Шоқан шарпаты» деп аталған мақалаларда да толғамды, тың пікірлер баршылық. Заманымыздың ұлы жазушысы М.Әуезов пен аса көрнекті ғалым Ә.Марғұлан шығармашылығына арналған еңбектердің де танытқыштық тағылымы үлкен.

Р.Бердібайдың эпосқа арналған еңбектерінің бәрінде дерлік желі тартып жатқан идеяның бірі – түрік халықтарының арасындағы

ежелгі туыстықтың халық шығармаларында көрініс табуын зерттеуге қатысты. Мұны Рахақның шығармашылығындағы тұрақты тақырып («Алтай аңызы», «Сүйімбике мұнарасы») деп қарауға болады. Замандар бойындағы үзілген байланысын жаңадан жалғап келе жатқан түрік халықтарының ортақ рухани қазынасын меңгеру, зерттеу, насихаттау мейлінше көкейкесті мәселе екені каміл.

Қазақ халқының эпикалық мұрасы – ешқашан ескірмейтін, еліміз бастан кешкен замандар ақиқатын өзгеше көркемдік тәсілмен жеткізген асыл қазына. Ол мұра бүгінгі және келешек қауымға отаншылдықтың, ерліктің, намыстылықтың аманат сөзін ұқтыратын ұлттық ұлы жәдігеріміз.

**Шәкір Ыбыраев, филология ғылымдарының докторы**

## ЕЖЕЛГІ ЕРЛІК ДӘУІРІНІҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Түркі халықтарына ортақ саналатын ежелгі эпикалық дәуір және оның аңыз, әпсана, ертегілердегі көрінісі туралы арнаулы зерттеулер жоққа тән. Бұл ретте біз жекелеген мақалаларды ғана атай аламыз. Солардың бірі — қазақ тарихының, заттық және рухани мәдениетінің білгірі, академик Ә.Х.Марғұланның «Эпос тудырған ортаның мәдениетке қосқан үлесі» деген еңбегі. Мұнда қадімдегі ғұндар заманынан сақталған аңыз, ертегілер, заттық ескерткіштер сөз болады («Дың сұлу», «Ер Төстік», «Еділ-Жайық» т.б.). Мәселенің мәні ғалымның жекелеген мұраны «пәлен заман туыпшысы» деп ең тағып, анықтық енгізуінде ғана емес, ұзақ ғасырлар бойында ұмыт болмаған мұраның тарихи хронологиялық «межесін» айқындап беруінде. Ғалым осындай аса қызғылықты із қалдырған ғұндар дәуірі жөнінде кең де кемел пікір толғайды. «...Ғұндар туралы әдебиет бұл күнде орасан бай. Ескі дәуірдегі ғұндардың өмірі, тұрмысы елдік бағыты қытай, латын, армян, мадияр тарихында аса күрделі түрде сақталып келген. Сахарадағы мал өсіріп, суармалы егін жұмысымен шұғылданған халықтарды суреттеуде бұл бір табылмайтын қазына... Әсіресе ғұндар туралы жылнама Қытай мен Рим тарихында топ-тобымен кездесіп отырады. Олардың баяндауынша, ғұндар мыңдаған жыл сахараны қоныстап, кейінгі түркі-моңғол тайпаларына мұра етіп, көп ұрпақ қалдырған әйдік жұрт... Қытай тарихының баяндауынша, ғұн қауымының тарихқа белгілі болуы біздің заманымыздан бірнеше ғасыр бұрын. Олар қыс күні Камсу, Шенси, Орлос бойын, Шығыс Түркістанды қоныстап, жаз айларында Алтай, Қанғай тауларын жайлаған ұлы қауым...» (6 — 7-беттер).

Бұдан кейін ғұлама көне бір аңызды келтіреді. Ғұндар күндердің күнінде көрші елмен соғыста жеңіліп, жаппай қырылып, жалғыз ғана бала тірі қалады. Жау әскері ол баланы аяп, шөбі шүйгін бір көлдің маңында тірі қалдырып кетеді. Баланы бөрінің қаншығы асырайды. Қаншық жаулардан сақтанып, ба-

ланы Алтай тауының ішіне жасырады. Бұл — арасында үнгір шатқалы көп, жан-жағын биік таулар қоршаған тіршілікке қолайлы Ергене Көң деген алқап болады. Бөрінің қаншығы осы араға бекініп, әлгі баладан он ұл көтереді. Солардың бірі ғұн ұрпағы Ашина делінеді. Бұл әпсаналан түрік халықтарының иесі көк бөрі деп келетін көне ұғымның түбірін көреміз.

Ғұндар тарихын кеңірек қозғаған ғалымның кейбір тұжырымдарын келтіргеніміз жөн. «Түріктердің ескі ғұндардан шығуы апайқын. Моңғол мен түріктердің шығуында да оншама айырмашылық жоқ. Ғұндар — «ең ескі түрік», «ғұндардың қосындары тегісімен түрік тайпаларынан» (9-бет), «біздің заманымыздан 8 ғасыр бұрын ғұндар бұрынғы отырықшы тұрмыстан шығып, енді төрт түлік мал өсіретін көшпенділікке ауысады» (11-бет), «ғұндар ортасынан ел қорғайтын кемеңгер басшы, жойқын алып ерлер шығады. Соның бірі — Тұман. оның алып ұлы ер Мөде біздің заманымыздан 209—174 жыл бұрын жасаған ғұндардың жойқын ері... Мөденің дәуірі ғұндарда ерлік жырын тудырған дәуір» (12-бет). Ғалым осы тұста ежелгі ғұндардың өз жерін ешкімге бермейтін берік дәстүрін тағы да бір аңыз-әпсана арқылы дәлелдейді. Ғұндардың аса айбатты күшке айналуының себебі өздеріне туыс үйсін, қаңлылармен бірігуінде скенін көрсетеді.

Бертінгі замандағы түрік, моңғол әскербасыларының мыңбасы, жүзбасы, онбасы деп аталуы да ертедегі ғұндар орнатқан тәртіптен бастау алатынының өзі көп нәрсені аңғартады. «Ғұндар сол кездегі ұлы мемлекеттердің бірі болып, Қытаймен тең түсіп отырады. Мөденің кезені ғұн тарихында ерлік жырын шығарудың бір жарқын дәуірі. Ол барлық Орталық Азиядағы халықтарды біріктіріп, Қытайға қарсы қойған... Көп ғалымдар Мөдені Оғыз ханның жорығымен салыстырып, скеуі бір сюжет деп анықтайды», — (14-бет) дейді Әлекен. Ғұндардың Қытаймен соғыстарында екі жақтап да жүз мыңдаған әскердің шығуы тарихи шындық болса, кейінгі түрік аңыздарында, соның ішінде қырғыз, қазақ жырларында да осы сарынның үзілмей, жалғастық тапқаны атап өтерлік.

Бізге ғұламаның «ғұндар — мыңдаған жыл бойы ұлы сахараны қоныстап, өздерінен көп ұрпақ, бай мәдениет қалдырған ел. Олардан ұрпақ болып қалған елдер: үйсіндер, қаңлылар, оғыздар, қыпшақтар, арғындар, қонырат-қияттар, наймандар, керейлер, уақ-үңгіттер. Бұлар мұрас етіп қалдырған қалалар Сыр бой-

ында, Жетісуда, Күнбатыс Қазақстанда, Маңғыстауда орасан көп. Олардың ішінен ең жойқындары Сайрам, Сүткент, Отырар, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Қауған-ата, Баршынкент, Жент, Оғыздабан, Қорасан-ата, Сыр бойы мен Қаратаула толып жатқан өзге қалалардың үйінділері» (41-бет) деген пікірі де ой салады.

Ауыз әдебиетін зерттеушілер қазақ халқының эпикалық дәуірі деп көбінесе бергі тарихымыздағы қазақ-ноғай одағының күшті кезеңін, көптеген батырлық аңыздар туған дәуірді айтып келгені мәлім. Бұл ұғымның нақтылы тарихи шындыққа сәйкес екенін мойындай отырып, жыр мен аңыздағы ерлік дәстүрінің көнеден басталатынын естен шығармауға тиіспіз. Сонда біздің еске алатынымыз осыдан екі мың, екі жарым мың жыл бұрынғы ғұндар салтанат құрған дәуір болса керек. Ә.Марғұланның еңбектері бізге бұл тарапта сенімді ғылыми сүйеніш бола алады.

Ұйғыр тарихшысы Тұрғын Алмас өзінің тарихи зерттеуінде Қытай мәнбелері негізінде ғұндар туралы құнды құжаттар келтірген. Ол ғұндар біздің заманымызға дейінгі сегізінші ғасырдан бастап әлемдік аренаға даңқы шыққанын айтады, ғұндардың аты ертеде халықтың «күн тәңіріге» табынғандығынан шыққан деп есептейді (43-бет).

Осы тұста ұлы ақын Мағжанның «ерте күнде отты ғұннан от боп ойнап мен туғам» деген өршіл өлең жолдары еске түседі. Заманның қыспақ ауасынан тарыққан ақын ежелгі ғұндардың өшпес даңқын өзіне медет етеді. «Әлігіе барғам Алтайдан, Балқанға барғам Қытайдан» дегенде ақын ғұндардың Батыс Еуропаға жорығын айтып отыр. Ақынның «От» деген өлеңінде ғұндардың көсемі: Аттила, Баламер есімі келтіріледі. Бұл мысалдар ежелгі тарихи оқиғалардың замандар бойында аңыз түрінде жалғасып қана қоймай, жазба әдебиет шығармаларына да нәр бергенін сипаттайды.

Тұрғын Алмас кітабында ғұндар тарихы неғұрлым жүйелі тізілген. Мұнда ғұндар мемлекетінің ең шарықтаған кезінде шығыстағы шекарасы Тынық мұхитқа, солтүстікте Лена өзенінің орта ағысына, Байкалға, Енисейдің орта тұсына, оңтүстікте ұлы Қытай қорғанына, солтүстік-батыста Каспий теңізіне, оңтүстікте Үндістанның, Иранның терістігіне дейінгі жерлерді иемденгені айтылады (46-бет). Осыған қарағанда, эпоста ғұндардың айбынды болып бейнеленуі шындық шеңберінен алыс кетпегенін көреміз...

Ғұн билеушілерінің Тәңірқұты деп аталуы көңіл аударарлық нәрсе. Бұл кен мағынасында алып қарағанда, жаратушы Тәңірінің жер бетіндегі құты, бақыты дегенді білдірсе керек. Осындай атақты Тәңірқұтының бірі Батырдың тұсында ғұн мемлекеті толысып, қаһарлы күшке айналғаны жөнінде өте көп дерек қалған. Ғұндардың ел билеу жүйесін қалыптастырып, түрлі дәрежедегі өкімдерге айрықша атақтар бергені кейінгі түрік мемлекеттері тұсында да жалғасқан. Мәселен, Білге хан, ябғы, елқосай, құтығы, сол қол, он қолдың ханы, қазынабек, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасы секілді атаулар осыны көрсетеді. Күнбатыс елдерін билейтіндер батысхан деген атақ алған (48-бет). Ұйғыр тарихшысы Тұрғын Алмас Орхон-Енисей жазуы біздің заманымыздан бірнеше ғасыр бұрын жасалған, — деп тұжырымдайды (49). Бұл тұжырым ескі түрік алфавитінің шыққан дәуірін анықтай түсуге көмектеседі.

Біздің заманымызға дейінгі 166-жылы ғұндардың ханы Көкхан деген болады. Енді бір құжатта бұл халықты билеушінің есімі Күнхан деп көрсетілген. Демек, эпостағы Айхан, Жұлдызхандар негізінде ақиқат желісі жатыр деген сөз. Тарих, шежіре деректері зерттелген сайын ертеден бері аңыз, әпсана болып таралған халық әдебиеті шығармаларының табиғаты таныла түседі.

Бір заманда жаһанға даңқы мәлім болған Тәңірқұттар мемлекеті қалай әлсіреп, ыдырап кеткендіктерінің себебі кейінгіге сабақ, нұсқа боларлық. Қытайлар жауынгер ғұндарды ашық соғыста жеңе алмайтынын білген соң, түрлі айла-шарғы қолданған. Сондай тәсілдің бірі ел билеушілерді алтын-күміске, дүние-мүлікке қызықтырушылық болған. Сан ғасыр Қытай сынды қуатты мемлекеттің қыруар әскерінен бәрі қайтпаған Тәңірқұттардың түбіне дүниеқұмарлық жеткенін де, ғұн көсемдерінің іштей іріп-шіруі, азғындауы шетелдік әйелдерге үйленуіне тікелей байланысты екенін де аңыз, ертегі, әпсаналар баян етеді. Тегі, салты жат халықтың қызынан туған ханзадалар көбінесе ата дәстүрін ұстамайтын дүбәрә болатынына тарих дәлелдері жеткілікті.

Өз жерінде тәуелсіздік туын көтерген әрбір ел ертедегі ата-бабалар тәжірибесін мықтап ұғып, жақсы дәстүрді жалғастыруы, өкініштерді қайталамауы тиіс. Аңыз, әпсана, ертегінің де, эпостың да қадірлі болатыны — ата-бабалар аманатын келесі қауымға үлгі-өнеге етіп қалдырғанына байланысты...

Бұл кезге дейін қазақ әдебиетінде ертедегі ғұндар дәуірінің шындығын қайта елестететін шығармалар арнайы сөз бола қоймаған еді. Ел ішінен табылған тың, тосын ескерткіш мұралар ендігі жерде бұл тараптағы әңгіме тәркінің терендігіне мүмкіндік беретін секілді. Сондықтан сондай шығарманың біреуі туралы сөз сабақтауды лайық көрдік.

Ертегілік эпостың тарихи дәуірдегі оқиғалармен тікелей байланысын табу қиын. Әдетте эпос қандай да болмасын құбылыстың нақтылы ізін қайталамай, ең мықтағанда оның ұлы сарынын ғана айтып беретіні белгілі. Мұндай жағдайда оның «тарихилық» көріністерін анықтауға түрлі қосалқы куәліктер көмектеспек. Сондай куәліктер қатарына оқиға болып өткен жерлер мен мекендер, адамдар аты, тілдік, этнографиялық сипаттамалар жатады. Осы секілді таяныштарға сүйеніп қана жырда баяндалатын оқиғалардың дәуірін танып-білуге жақындаймыз. Ал көп жағдайда көне жырларда «пәлен заманның әңгімесі» дерліктей деректің өзі тым сирек ұшырайтыны мәлім. Осы орайда, ежелгі эпоста суреттелетін жағдайлар мен адамдар бұрынғы заманның бұлдыр ертегісі болып шыға береді. Сонымен қатар кейде эпос «кабатында» тарихтың айқын бір кезеңдерін елестететін нақтылы мағлұматтар да кездесіп қалып отырады. Бұған мысалға «Алаңқай батыр» жырын (Алматы, «Жазушы», 1993) алып қарауға болады.

Алдымен бұл жырдың жасалу тарихына аз-кем тоқталып өтуіміз шарт. Қазіргі заман ақынының қолынан өнделіп, «қайта жасалып» шыққан жырдың бойындағы дәстүрлілік пен жаңашылдықтың өзара қарым-қатынасын есепке алғанда да «Алаңқай батырда» көне эпостың нышандары мол болып табылады. Бұл бұрынғы ақын-жыршылардың айтуынан есте қалған, негізгі желісі сақталған туынды екенін көреміз. Жыр нұсқасын жасаушы ақын Өмірзақ Қалбаев осы жағдайды былайша түсіндіреді: «Алаңқай батыр» жырының жалпы нұсқасын емес-емес білетін, естіп қалған көнекөз қарт кісілеріміз бұл күнде азайған. Тіпті жоқ десе де болғандай. Әкем марқұм сауатты да, ұқыпты кісі еді. Кисса, жыр-дастандарды көбірек жинаған. Әкем қайтыс болған кезде мен жас болдым да, оның әдеби мұрасына көңіл бөле алмай қалғанмын. Бір жақсысы әкемнен кейінірек қайтыс болған Сабыр деген немере ағам ертегішіл, өлең білгіш болатын. Мен табиғатымда әңгіме,

ертек, жырқұмар, ынталы болып өскенлігімнен болу керек, ағам Сабыр айтатын көптеген ертегілер мен өлеңдерді құмарта тыңдап, жаттап алуға тырысатын едім. Ол «Алаңқай батыр» әңгімесін ара-тұра өлендетіп, көбінесе қара сөзбен айтып беруші еді. Арада көптеген жылдардың өтуімен «Алаңқай батыр» ертегісінің бір тұстарын кейінгі кезде мен де ұмыта бастадым. Дегенмен де, ертегінің ұлы жобасы есімде дұрыс сақталған сияқты. Соның ішінде бір кездерде бабам Қалнияз ақын жырлаған, бірақ бұл күнде ұмыт болып бара жатқан ата-бабаларымыздан қалған әдеби мұра «Алаңқай батыр» ертегісін қайта жаңғыртып жазып, соңғы буын жастарымызға тарту етуге ой түйдім. Сонымен, мен өзімнің табиғи дарыныма күш салып, домбырамен сүйемел жасай отырып, әр күні ертелі-кеш уақытты пайдаланып, осы дастанды жазып шықтым».

Өмірзақ Қалбаев қазақ жерінің «эпикалық өлкесі» Батыс Қазақстан жыршы-жырауларының дәстүрін құлағына күйіп, санасына сіңіріп өскен дарын иесі екенін «Алаңқай батырдың» соңында берілген түсініктеме сөзінде фольклоршы Қыдырәлі Сәттаров таныстырған. Зерттеушінің мәлімдеуінше, Ө.Қалбаевтың қаламынан бірнеше кисса-дастандар «Асқат пен Әліжат», «Орақ-Мамай», «Қарасай» секілді жырлардың өзіндік ерекшелігі бар нұсқалары туған. Ақын өзіне белгілі Мұса жырауды ұстаз тұтқаны да көңіл аударарлық нәрсе. Бұл фактілер Өмірзақ Қалбаевтың жыршы, жыраулықты атадан балаға мирас еткен ортада өскенін дәлелдейді. «Алаңқай батырдың» әрі авторлық туынды, әрі дәстүрлі эпос өрнегін мол сақтаған шығарма болу себебін осыдан іздеп көрейік.

Енді «Алаңқай батыр» жырында желі тартқан сарындардың көнелігін сипаттайтын жалпы типологиялық жайларға тоқталайық. Ертегі мен эпостың бір ерекшелігі — бұларда тұрақты, қалыпты фабулалық оралымдардың қайталанып келетіндігі десек, бұл белгілер сөз болып отырған жырдан түгелге жуық кездеседі.

**1. Перзентсіздік зары.** Түрік-монғол эпосында ерте заманнан жиі ұшырайтын осы сарын «Алаңқай батырда» бар. Мәселен, Молақсай жыраудың баласы Алаңқай әкесінің досы Байқұттыны іздеп келгенде, мал-мүліктен кемдігі жоқ қарттың ұлсыздық наласын естиді:

Жалырағың жайтанға  
Қосарланып ұл бітер,  
Ұлы барға мал бітер.

Талаптанған жас жігіт,  
Мұратына бір жетер.  
Ұлым жоқ та, қызым бар  
Отырған шалмын беп-бекер.

Бұл көшпенді патриархалдық өмір тәжірибесінен туған ақиқат тұжырым, ұлдан мұрагері жоқ адамның өмірі зая дегендіктің көрінісі. Тағы бір ретте Байқұтты бұл сырын айықпас шердей қайталап зар төгеді:

Қызым бар да, ұлым жоқ,  
Қуарған ағаш мен болдым,  
Жаптырағын жаймаған.  
Бермесе тәңірім қайтейін  
Жұрт баласын көргенде  
Зығырданым кайнаған.  
Баламның жоқтық зарынан,  
Көңлімде бар ғой көп арман...

Аланқайдың әдейі іздеп келіп, сәлем беретін жалғыз нағашысы, өзі батыр Құлансердің де көңіліндегі мұны ұл перзентінің жоқтығы болады.

Жоғымды жоқтап жүргендей  
Болымды туған балам жоқ,  
Мүгедек жатқан бір шалмын  
Төңірден басқа панам жоқ...

Мұндай ұғым сан ықылым замандар бойында қалыптасқан. Әулеттің келешегін ойлаған әрбір отағасы өзі қартайғанда дүниеге иелік ететін, атын ғана емес, мұрасын да жалғастыратын, даңқын өшірмейтін «болымды» ұлды аңсаған. Ол кездегі ұлдар да атаның салған жолынан аумай, қалыпты, бақытты тіршілік кешкен. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дейтін нақыл өмірдің адастырмас заңдылығындай саналған. Өмір бойы бейнет кешіп, жинаған дүниесі-мүлкі сенімді қолға, өзінің жолын бұлжытпай ұстайтын ұлдың қолына тигенін көрген әке де бұл жалғаннан «алансыз» аттанған. Кейбір зерттеушілер феодалдық дәуірдің томағатұйық «катал тәртібі» деп сынамақ болатын осы дәстүрдің ғажайып жақсы жақтары да бар екенін ұмытады. Әсіресе дүниені «қайта жасаймыз, бұрынғы қалыптың тас-талқанын шығарып қиратамыз, жана болмыс орнатамыз» деп өксімдеп, жалаң ұранға шап-

қанлар өздерінің бүлдіргінгер екенін сөзбейтіп секілді. Қалай болғанда да әке мен баланың арасындағы ізгі жалғастық алампаттың тарихындағы ең қасиетті дәстүр саналуы тиіс. Қазақтың ертедегі сүттей ұйып келген отбасының бір тірегі де атадан балаға, баладан нәсілге ауысып отырған осындай сабақтастық еді. Қазіргі кезде де көп ретте ыдырап, тозып бара жатқан осы сағт қалпына келсе, қазақ ырысының қайта оралғанымен бірлей болар еді-ау!..

**2. Жүйрік ат таңдау.** Батырлық жырлардың бәрінде де болашақ ердің өзіне лайық жүйрік ат таңдауы шарт болса, «Аланқай батырдан» да осы үрдісті көреміз. Молақсай жырау баласына «Байқұттыға барғанда қалайтының жүйрік ат болсын», — деп кенес берелі.

Әкемнен дұғай сәлем деп,  
Құлағына салғайсың,  
Жылқысы жақсы болатын,  
Шегінен жүйрік желқұйын.  
Сұраса сенен бір бұйым,  
Бір атын сұрап алғайсың.

Алыс сапарға аттанғалы тұрған ұлына Молақсай өзінің ең жақсы атын беріп тұрып, оны былайша сипаттайды: «Жігіттің түздегі жолдасы астындағы аты мен қолындағы қаруы болады. Ол жаңуардың қасиеті адасқан жерінде басын өз еркіне жіберсең, елді, жерді өзі табады. Және алдында қауіп-қатердің барын сезсе, **жүйрік** бара жатқанда тоқтай қалып, артына айнала береді. Байлап қойсаң оскырынып, елсуреі береді...»

Әкесінің досы Байқұтты Аланқайға Көкбесті деген жүйрігін береді. Бірақ үйірдегі жылқыны ұстап міну оңай болмайды. Асау атты Аланқайдың өзі бұғалықтайды.

Бір атты ұстап міне алмай,  
Ауылға қайтып барғанға  
Аланқай батыр арланды,  
Қалай да болса бестігі  
Ұстаймын деп қамданды.  
Қайымына келгенде  
Бестіге құрық салады...  
Таспалап тіккен бұғалық,  
Қыл мойыннан бұрады,  
Көкбесті тулап жүлдінды,

Жұлқылды да тартынды,  
Тартынам деп қылғынды.  
Төрт аяқтан әл кетті,  
Дірілдеп бесті тұралы,  
Жуасып бесті тұрған соң,  
Басына жүген салалы  
Женіл тоқым ер салып  
Үстіне мініп шады.

Бұл суреттер көшпенді елдің байырғы замандағы тіршілігінің аса бір қанықты тұсын көзге елестетеді. Жылқышы ең ескі мамандықтың бірі болса, асауды ұстан міну де ер жігіттің қажетті қадамы еді.

**3. Ерлік сынынан өту.** Алаңқай батыр он бес жасқа толғанда әкесінің досы Байқұттыны, нағашысы Құлансерді іздеп, сәлемдесіп қайтуды көздегенінің өзі батыр болар жігіттің алғашқы серпілісі сияқты. «Жассың әрі жалғызсың, алыс сапарға бір өзінді жібере алмаймын» деген әкесіне Алаңқай салмақты, сенімді жауап айтады.

Жас та болса баланың  
Бөріге жетер шамасы.  
Қай кісінің қасында  
Іні менен ағасы?  
Рұқсат, өкс, бермесен,  
Көңілімнің көп-ті наласы.  
Он бесімде жас болсам,  
Қашан елге бас болсам?  
Үйден түзге шықпасам,  
Қайлан іздеп дос табам?

Көп ұзамай-ақ, Алаңқай қауіптің зорына кездеседі. Ол өзіне қарсы атылған жолбарысты семсермен жарып өлтіреді. («Тайөгіздей жолбарыс, Алаңқай көрді көтеріп»). Алаңқайдың келгеніне қуанып, нағашысы Құлансер батыр үш күндік той жасайды. Осы тойда Алаңқай Қоңжар деген палуанмен күресіп жығады, мәртебесі көтеріледі. Қоңжар «ілісдей жуан бөксесі, көтерілмес өкшесі, бұқа шүйде, бура төс, өгізден артық салмағы» деп сипатталады. Батырлық сыны жалғаса береді. Нағашысы мен Байқұтты батыр аулынан еліне қайтар жолда бұған Еділ патшаның жігіттері кездесіп, қапыда мұны байлап алады. Ерегіскенде Тұманазар батырды жығатын болған соң, жаулар бұған жабылып күшін асырады...

Алаңқай әрбір іске ақылмен ойлап кірісетін, сөзіне берік, адал, біреудің ала жібін аттамайтын жап болып көрінеді. Ол үшін айтылған сөз антпен бірдей. Тағы бір ғажап жері — Алаңқай өз еркінен гөрі аманатын көбірек ойлайды. Әкесі Молақсайдың Байқұттымен құда болмақ ниеті болғанын еске алып қана Алаңқай Ақтұйғынның ынтық тілегіне қосылады. Бұл да ескі заманның нағыз шындығы. Ол дәуірде құда болатындар қыз бен жігітке «қалай қарайсыңдар» деп рұқсат сұрап жатпайтын. Өйткені жеке бастың ықыласынан гөрі, екі рудың немесе тайпаның құдалық арқылы бірігіп, бір-біріне қорған, айбар болғаны келешек өuletтің бейбітшілігі мен бақыты үшін маңыздырақ саналған... Алаңқайдың Ақтұйғынға үйленуге уәде беруінде дәстүрді сыйлағандық басым жататыны осыдан. Бұл тұрғыдан алғанда ол — заманның ең «үлгілі» адамы. Алаңқайдың жүрек қалауымен емес, әке еркімен жүруін айтушы ақын да, тыңдаушы қауым да күмәнсіз құптайтыны көрініп тұр. Жас батырдың ақылы мен сымбатына қызығып, іңкәрлік сезімін білдірген Құлансер қызы Ақтоты да, атағы жер дүниеге кеткен Еділ патшаның дегені болып тұрған қызы Үзілдік те Алаңқайды адал антынан тайдыра алмайды. Ақырында батырдың айтқанынан қайтпайтын мінезіне «қорланып», Еділ патшаның қызы Үзілдік қастандық жасап, жазықсыз ерді өлтіреді. Үстірт қарағанда Алаңқайдың сұлу қыздардың тілегіне елең етпейтіні тым тоңмойындық секілді көрінуі де ғажап емес. Бірақ оның есесіне қаһарманның «сүйегіне» біткен поктік, сирек табандылық жарқырай ашылған. Берген сертіне берік, арым — жанымың садағасы деген қағиданы пір тұтқан, жалған сөйлеуді, өзіне қауіп төніп тұрғанда да жалтаруды білмейтін Алаңқай сынды бейне қазақ эпосында сирек кездеседі... Өзіне анық қиянат, қастық жасаған Тұманазарды өлім аузынан алып қалуы да оның ерекше қайырымды, жан баласына жамандық ойлауды білмейтін табиғи таза мінезін танытады.

Ертегілік және батырлық эпостың көбінде қаһарман жауын жеңіп, қиындықтардан өтіп, сан түрлі сын үстінде сыр алдырмай, мандайы жарқырап тұратын, ақырында сүйгеніне қосылып, еліне жақсылық орнатып мұратына жететін. «Алаңқай батыр» көп белгілерімен ертегілік эпос шартына лайық жасалғанымен, орталық кейіпкердің қайғылы қазаға ұшырауы тосындау сезіледі. Бұл арада ежелгі жыр фабуласына белгілі дәрежеде өзгеріс енгені көрінеді. Жырда Алаңқайдың ізін басып өсіп келе жатқан Ала-

қай деген ұлы да сөз болады. Мүмкін әуелде Алаңқай мен Алақай жеке-жеке жырланған да болуы мүмкін. Қалай дегенде де эпос ақыры қаһарманның қасіретін естіртумен бітсе де, сонынан Алақай деген ұлы өсіп келе жатқаны сездірілуі үміт отын жалғайды, ерлердің ісі мен өнегесі өшпейді деген тұжырымға әкеледі. Біздің қолымыздағы нұсқа көне жырдың өзі емес, қайта жырланған түрі екенін ескерсек, сол ежелгі сарындардың ақабасы жеткеніне де қанағат етуге тура келеді.

**4. Жырдағы көне наным-сенімдер көрінісі** (анимизм, тотемизм, магия).

Ежелгі дүние адамдарының жер бетіндегі зат атаулының жаны болады деп сенгені белгілі. Мұның көрінісі ауыз әдебиеті ескерткіштерінде молынан ұшырайды. Бұл күнде екінші бірінде-ақ айтылатын «шыбыным» немесе «шыбын жаным» деген сөздердің әуел бастағы мағынасы көне түсінікке байланысты екенін ескере бермейміз. Ал шынында бір кезде адам ұйықтағанда оның жаны шыбын бейнесінде ұшып кетіп, қайтып оралады деген түсінік орын алған. Бала кезімізде көнекөз қариялардың «адам ұйықтап жатқанда оны қатты айқайлап оятуға болмайды», — деп отыратынын талай рет естігеніміз бар. Кісі ұйықтаған кезде шыбыны (жаны) аузынан шығады, оянар кезде қайтып келеді деген ұғымға иланған, ұйқыдағыны кенет оятсаң, шыбыны қайтып үлгермей, өліп кетуі мүмкін деп ойлаған. Демек, адамның «жаны» денесінен бөлек құбылыс деп қараған. Адамның түсіне сенуі де ұйықтаған кезде тіршілік заңдары тоқталмайды деушіліктен туған. Қазақтың ертегі, қисса, дастандарында түс көру мен оны жоруға ерекше мән берілген себебі де осыдан.

«Алаңқай батыр» жырының көнелігін көрсететін белгілердің бірі — адам тағдырының әрбір бұрылыстары түс арқылы «аян» болып отыруында. Түстің өзі көп жағдайда астарлы, бейнелі түрде келетіні ғажап! Молақсай жырау сапарға аттанғалы тұрған ұлы Алаңқайға өзінің көрген түсін былайша баяндайды:

Жақында, балам, түс көрдім,  
Түсімде ғажап іс көрдім.  
Жағаласып біреумен  
Жасқанып аздап күш көрдім.  
Тағы бір жиын ішінде  
Қолыңда қыран құс көрдім,  
Адасып қалып соңында  
Көзіңнен аққан жас көрдім...

Айтқандай-ақ, Алаңқай түрлі кедергілерге кездеседі, жалғыздықтың ауырлығын көреді, күтпеген қасіретке душар болады.

Әрбір іске кірісерде ата-баба аруағына сыйыну (тотемизм) дәстүрі де жырда елеулі орын алады. Молақсай жырау Алаңқайға: «Түнде жүріп, қорықсан, от жағып, май түтетіп, ата-бабаларыңның аруағына сыйыңғайсың», — деп ақыл айтады, жебеуші күштердің күдіретіне қалтқысыз сенеді. Қазақта аруаққа табыну ислам діні келгеннен бұрынғы құбылыс екені мәлім (Заманнан заман өтсе де, осы наным адамдардың санасында әлі күнге дейін сақталып келе жатқаны таңқаларлық). Алаңқай Қонжар палуанмен күрескенде оған аруақтар жар болып, жеңіске жетеді. Кейіннен Еділ патшаның құзырында болған кезінде ешкімнен беті қайтпаған Рум батыры Елберікке қарсы шайқасқа шығарда да, аруақтарды ауызға алып, медет тілейді.

Арғы атам менің Арғынбек,  
Оң үш жаста аттанған,  
Қызылбастай жауына.  
Нағашым менің Құлансер  
Атан нардай ерлердің  
Бұғау салған мойнына.  
Аруақтар жар болсын  
Өлер деп мені қайғырма...

Көне дәуір кісілері бата-алғыс сөздің де күшіне сенген. «Жанбырменен жер көгерсіді, батаменен ер көгереді» деген накылдың растығына, бата сөздің магиялық күшіне ешкім күмән келтірмеген. Сондай-ақ қарғыстың залал шақыратынына иланған. «Алаңқай батырда» қаһарманға демеуші күш беретін бата сөздер болып келетіні де осындай нанымның көрінісі. Атақты Қонжар батырмен күреске шығарда Алаңқайға нағашысы Құлансер былайша бата береді:

Рұқсат бата берейін,  
Жиенім, жайшы қолыңды.  
Күліп барып, жеңіп қайт,  
Оңғарсын Алла жолыңды.  
Көп ішінде жығылсаң,  
Көбейтерсің мұңымды.  
Уа, тәңірім, сақтай гөр,  
Қыла көрме жазымды.  
Жасағанға жалғандым,  
Көтеріп көкке қолымды.

Аруақтар жар болсын,  
Күресуге, шырағым,  
Тарғынбай шығып бар енді...

Кейде бата беруші дүниеге даңқы жайылған атышулы адамдарды ауызға алады, әлемдегі жақсылықтың бәрін тілейді.

Төлірім саған тақ берсін,  
Еділ патша тағындай,  
Ұшан-теңіз бақ берсін,  
Ескендірдің бағындай.  
Еділдей ұлық патша бөл  
Рум мен Қыпшақ, Қырымға-ай,  
Қасиетті Арғынбек  
Ер болғайсың бабаңдай.  
Қызар Ілияс жар болып,  
Өсіп-өніп ұрпағың,  
Қара қытай халқындай.  
Пайдан тиісін халқыңа  
Күннің сәуле нұрындай...

Бұл көрсетілген мысалдар «Аланқай батырдың» өмір кешкен дәуірі мен сол кездегі наным-сенім, ғұрыптардан нақтылы хабар береді, эпостың жанрлық-стадиялық жағынан көпе заманға тән екенін дәлелдейді.

«Аланқай батыр» жырының барлық белгілері бойынша «көнелік» сипатын ашу мәселенің бір жағы. Тағы да бір қызықты нәрсе – бұл эпостың тарихи дәуір шындығымен белгілі дәрежеде байланысының барлығы. Жырдың өн бойындағы келтірілген жер, ел аттары, кейбір есімдер ғұн заманының ақиқатына жақын келеді. Қазақ эпостық жырларының ішінде осы кезге дейін атақты Еділ (Аттила) патшаға қатыстылары кездесе қоймаған еді. «Аланқай батыр» бұл ретте өзіндік жаналық әкелгені шүбәсіз. Эпосты айтылатын оқиғалар аңғары біздің заманымыздың бастапқы ғасырларында ғұндар дәуірлеген өлкеде өтеді. Эпос кейіпкерлері Молақсай жырау, оның баласы Аланқай, қарт сарбаз Құлансер – бәрі де Еділ патшаға қатысты кең өңірдің адамдары болып елестейді. Бұл жағдай жырдың «ертеде Еділ патша заманында, Еділ-Жайық бойында, қалың елде Молақсай деген жырау болыпты» деп басталған тұсынан-ақ шет жағалап көрініп, бірте-бірте толығы түседі. Молақсайдың «жырау» аталуының өзі кездейсоқ болып көрінбейді. Ерте кезде «жырау» деген сөздің мағынасы көпқырлы болатын. Ақындықты жауынгерлікпен ұштас-

тырып, ел қамқоры, мемлекет, халық мүддесін ойлайтын, халқына қысылғанда жол тауып, ақыл беретін беделді жандар ғана мұндай атаққа лайық келген. Демек, Молақсайдың жырау аталуы оны ғұндар еліндегі көрнекті адамдардың бірі дегізеді. Молақсай баласы Аланқайға нағашысын сырттай сипаттаған жолдарда көп сырдың ұшығы аңғарылады:

Нағашың жайың айтайын,  
Қырым менен Румда,  
Шайқаста талай болған ер.  
Батырына Бұрғынның  
Бұғалықты салған ер,  
Қапалқырда мертгіп,  
Айқастан енді қалған ер.

Осы жырдағы Қырым менен Рум тіркестері түсінікті, Қырым ежелден белгілі ел, мемлекет болса, ерте кезде Византияны Рум деп атағаны анық. Бізге бұл арада тосындау естілетіні «Батырына Бұрғынның бұғалықты салған ер» деген жолдары. Әсіресе «Бұрғын» сөзінің өзгеріссіз жетіп, кейін эпосқа ауысуы аса күрделі куәлік деп есептейміз. Еділ батырдың жауынгер қосылдары Еуропада көптеген елдерді өздеріне қаратып алғаны тарихтан мәлім. Өкінішке қарай, сол замандағы оқиғалардың шежіре анызы қалмаған. Қайта Еділ батырдың есімі, жалпы ғұндардың салт-сана срекшеліктері Батыс Еуропа эпостарында көбірек сақталғаны көңіл аударарлық. Атап айтқанда, немістің «Нибелунг туралы жыры» мен Скандинавия халықтарының халық әдебиеті ескерткіштері «Үлкен Эддадан» Еділ (Аттила) туралы қызықты деректер ұшырасады. Ғұндардың жойқын жорықтары жөнінде Орталық, Батыс Еуропада көп аңыздардың ұмытылмай келуінің себептері де салмақты. Біздің жыл санауымыздан бірнеше ғасыр бұрын басталып, жаңа дәуіріміздің V ғасырына дейін созылған ғұндар тарихының үздік-үздік мағлұматтары олар өмір кешкен алып кеңістіктің – Азия мен Еуропаның қыраттарында қала берген. Ғұндардың Еуропадағы шоғыр жері Венгрия өңірінде бұл халық халқында неғұрлым мол аңыз-әңгімелер, шежірелер кездесіп отыратыны табиғи. Бұл мәселеге қазақ зерттеушілері де кейінгі кезде көңіл бөле бастағаны игі нышан.

«Аланқай батыр» жырындағы «Бұрғын батырлары» деген тіркестің сыры ғылыми кітаптарды парақтағанда мәлім болды. Қазақ совет энциклопедиясындағы «Аттила» деп аталған мақа-

лада Еділ әскерлері соғысқан елдердің ішінде Бургундия да бар екенін көреміз. Нақтылық үшін сол мақаладан үзінді келтірейік. «Аттила — ғұн тайпаларының көсемі. Атииланың басқару орталығы қазіргі Венгрия жерінде болды. Оның тұсындағы ғұн тайпаларының атағы көркейіп өсі. Олар шығыста — Кавказға, батыста — Рейнге, солтүстікте — Данияға, оңтүстікте Дунай өзендеріне дейінгі жерлерде билік жүргізді. Ғұн тайпалары 447 жылы Фракия мен Иллирияны талқандап, Фермопил мен Константинополь төңірегіне дейін жетті. Шығыс Рим империясы ғұндарға салық төлеп тұрды... 451 жылы Аттила Галлияға басып кірді, кейіннен Батыс Рим империясы мен оның одақтастары (вестготтар, бургундар т.б.) әскерлерінен жеңілді. 452 жылы Солтүстік Италияны ойрандап, Падуа, Милан т.б. қалаларды алды. Рим салық төлеп құтылды. Аттила өлгеннен кейін ғұн тайпаларының одағы ыдырады. Атииланың бейнесі орта ғасырдағы көптеген аңыздарға енді...»

Сонымен, жырдағы «бұрғындар» Батыс Еуропадағы тарихи Бургундия елі болып шықты. Арада ондаған ғасыр өтсе де, Еділ батыр соғысқан елдердің аты-жөні аңыз түрінде дәл сақталып қалғанына қайран қалмасқа болмайды. Ежелгі ғұндардың бір бұтағы болып саналатын қазақтардың «ресми» тарихында мүлде аталмайтын жұрттардың толық есімі ертегі-аңызда кездесуі ауыз әдебиеті ескерткіштерінде тосын фактілер мен ұмытылған байланыстардың мол екендігін көрсетеді. Қазақ тарихы сак, үйсін, ғұн, қыпшақтар жағдайына бойламай, ғұндар мемлекеті, түрік қағанаты, оғыз-қыпшақ бірлестігі, Қарахандар дәуірі, Алтын Орда, Ақ Орда, Тұран деректерін қамтымай тұрғанда ешқашан толық болмақ емес. Сондай-ақ түрік халықтарының ертедегі айбынды қайраткерлері Мөденің, Афрасиябтың, Атииланың, Күлтегіннің, Батуханның, Темірдің, Едігенің тағы басқалардың өмір деректері зерттелмейінше, «актандақтар» азаймайтынын түсінуіміз керек. Бұлар жекелеген диссертациялық еңбектердің де, монографиялардың да тақырыбы бола алатыны көміл. Ұлы жазушы Максим Горькийдің халықтың өткендегі үкімдарлар туралы өз санасында сақтаған «тарихы» болады деген сөзінің мейлінше әділ екендігін еске сала кетуіміз орынды.

Ой көзімен қарай білсек, «Алаңқай батырдың» бізге ұқтырарлығы аз емес. Бір заманда жер дүниені тітіренткен ғұндардың этникалық географиясын болжауға жырдың өз тарапынан анық-

тық енгізе алатындығы оның құндылығын көрсетеді. «Еділ, Жайық — екі су, ежелгі түрік қонысы» деген тіркес жырдың асыл желісіндей қайталанып отырады. Құлансер батырдың қонысы Азаулының (Азов теңізі) маңы деп көрсетіледі. Тағы бір жерде Молақсай жыраудың мекені «Еділ, Жайық — екі су, ауылымнан алыс арасы, көк теңіздің жағасы, Арқаның жазық даласы» делініп анықталады. Құлансер өзінің өткен өмірін шолғанда даңқты жорық жолдарын мақтанышпен еске алады. Алаңқай сынды батырдың ерлік тізгінін қолына алғанына қуаналы:

Ар жағы Еділ, бер жағы  
Қырым мен Румға,  
Түркі, Қыпшақ, Торманға,  
Еділ патша сұрамы,  
Қалың түрік, Бұрғылға.  
Соғыстан ерте қалғанға  
Жүр едім болып арманда.  
Қанып тұрмып осы кез  
Алаңқайым жетісіп  
Қаруымды алғанға...  
Балқан да, Балқан, Балқан тау,  
О да біздің көрген тау,  
Балқан таудың баурайы,  
Қаптап жүрген қалың жау,  
Содан да аман құтылып,  
Қайтып едім аман-сау.

Мына өлең жүйесінде қазақ даласында бұрыннан айтылып келген «Барар жерін Балқан тау, о да біздің көрген тау» деп келетін қанатты сөздің мағынасы кеңірек ашылғанын көреміз. Бұнда ғұндар заманында көшпенділердің ат тұяғы Еуроланың бел ортасында жатқан Балқан тауға талай рет тигені еске алынып отыр.

Жыр қаһармандары Молақсай да, Құлансер де өздерін Еділ патшаның еліміз деп есептейді, алысқа жатқан патшаны өздеріне сүйейіш, пана көрсіді. Бұны да ғұн патшалығындағы этностық сананың бірлігі деп қарауға болады.

Алаңқай ұзақ уақыт кеткенде Құлансер Молақсайға сәлем айтады, жас батырды іздеуге бел буғанын, тіпті Еділ патшаның құзырына барғысы келетінін хабарлайды.

Іздеу салып көрелік,  
Жоғарылы, төменді.  
Торман, түрік, саяғұрт,

Алғи, қыпшақ көп елді  
Бағындырған өзіне Румды.  
Басына байтақ бақ қонған  
Патшамыз батыр Еділді.  
Еділге хабар жеткізсем,  
Осылай айтып жөнімді  
Алмай қалмас тілімді.  
Еділдей ұлық патшамыз  
Бағындырған әлемді...

Бұл жолдардағы кейбір атаулардың (торман, саяғұрт, алғи) мағынасын ашу зерттеушілер уәзипасы. Ертегіге де, эпосқа да жер, ел, халық аттары кездейсоқ қосылмайтыны белгілі. Ғұндар заманы мен хандарына, қолбасыларына арналған зерттеулер, этникалық араласулар, көшпенділер мен отырықшы елдер арасындағы байланыстар диалектикасын, кейбір тайпалардың өзге діндерді қабылдап кетуінің немесе шоқынғаннан кейін аты-жөнін өзгертуінің жағдайына қанықтыруға тиіс.

«Алаңқай батырда» Еділ патшалығының жай-күйі де сөз болады. Еділ жазықсыз зынданда жатқан Алаңқайды шақыртып, мән-жайды білген соң, оны өз қарауына алады, зорлықшы Тұманазар деген батырын жазаға бұйырады. Патша Алаңқайдың ата-тегінің білетін болып шығады. Жас батырды:

Қызылбасты қиратқан  
Арғынбек болса аржағы,  
Бүліндірген Бұрғынды  
Құлансер болса бер жағы...  
Жарқылдаған шар болат  
Тасқа салсаң кесетін,  
Иілмейтін емендей  
Тау мен тасқа өтетін.  
Қыран бүркіт мүсінді  
Қасқырға қайтпай түсетін  
Қас батырдың өзі екен  
Мандайға сирек бітетін, —

деп бағалайды. Алаңқай Еділдің үмітін ақтап, соғыс ашқан Румының батыры Елберікті жекпе-жек ұрыста жайратады, өз патшасының мерейін үстем етеді.

Еділ патшаның кең парасаттылығы, әділдігі, қайырымдылығы жырда сенімді суреттелген. Біз мұны Еділдің қазақ поэзиясында тұңғыш сомдалған бейнесі деп қараймыз. «Алаңқай батыр» қазақ поэзиясының көкжисігін кеңітіп, оның қаһармандар пантеонын

жана тұлғалармен байытатын, ежелгі ғұн дүниесі мен бүгінгі түрік қауымының арасындағы рухани желіні жалғастыратын жыр.

Атап көрсетерлік тағы бір мәселе — бұл жырдың өулеттік (генеалогиялық) десте (цикл) үлгісімен жасалғандығы. Ерлік үзілмейді, елдік мұрат өшпейді деген аңсар эпосқа айрықша мақсаттылық, өршілдік сипат дарытады. Арғы атасы Арғынбектен басталған батырлық дәстүр Алаңқай, оның ұлы Алақай арқылы жалғасқаны осыны көрсетеді.

Академик Ә.Марғұлан түрік, соның ішінде қазақ эпосын туғызған тарихи дәуірлер мен ортаны сөз ете келіп, соның алғашқысы ретінде ғұндар заманын көрсеткен еді. Осы ойын дәлелдеу үшін ғұлама ертегі-аныз, әпсаналар мысалына, заттық ескерткіштерге сүйенген болатын. Міне, енді эпос туғызған ғұн дәуірін сипаттайтын жана шығарманы сөз етіп отырмыз. Бұл жәдігер эпос қазынасын байытқан жалқы мысал болып қалмас деп сенеміз. Түрік халықтарының тарихы мен мәдениетіндегі, фольклорындағы ортақ сарындарды, этникалық типологияны тереңдеп таныған сайын қолымызға соны материалдар түсуі мүмкін. Біз әзірге дейін қазақтану көлемімен шектеліп келеміз. Алдағы кезде оны бүкіл түріктік көлемге көтеру ләзім. Сонда ғана түркі халықтарының, оның бір бұтағы қазақ халқының бүкіл адамзаттық рухани қазынаға қосқан үлесін анығырақ білуге мүмкіндік туады. Қазіргі ізденістеріміз сол жолдағы дайындық, қажетті сатылар деп қарасақ керек.

## ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

VI — VIII ғасырларда тасқа жазылған Орхон ескерткіштерінің дүниежүзілік өркениет тарихынан алатын орны үлкен. Орхон жазуларында Түрік қағанаты дәуіріндегі елдің білім, дүниетанымы, ғаламның жаралуы, түркі халықтарының тарихы мен тағдыры, ұлысаралық қарым-қатынастары, жеңістері мен өкініштері, отаншылдық, ерлік, бірлік, намыс туралы түсінігі, наным-сенімі, тәуелсіздік аңсары, осы жолда халқына фидайы қызмет еткен Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк тәрізді ұлы қаһармандардың бастан кешкендерінің баяны берілген. Сонымен қатар бұл жазулар түркі халықтарының бұдап бір жарым мың жыл бұрынғы биік мәдениетінің, көркемдік дәстүрінің жарқын кәуәлігі.

Аталған ескерткіштердің табылу тарихы, тілі, оқиғалық мазмұны, жанры жөнінде ХІХ ғасырдың ақырышан күні бүгінге дейін жүргізілген зерттеулерде көптеген қызғылықты ойлар қорытылған; мұраның генезисі, тарихи танымдық, жанрлық сипаты, көркемдік қасиеті т.б. туралы жүйелі түсініктер қалыптасқан. Біз ол еңбектерге тоқталып жатпай, Орхон ескерткіштеріне қатысты көп мәселенің бір ғана қырыш эпикалық дәстүрмен байланысты сөз еткіміз келеді.

Орхон ескерткіштерінің ең көрнектілері: Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазуларында, түркі аңыз, дастандарында жиі кездесетін сарышардың орын алғаны назар аударарлық болып көрінеді. Сол сарышардың кейбіреулері төмендегіше:

**Мифтік, эпикалық уақыт пен кеңістік.** «Күлтегін» жазуындағы «Жоғарыда көк тәңірі, төменде кара жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласын басқаруға ата-баба жаралды. Бұмын қаған, Істеми қаған отырған, түркі халқы елін, заңыш ұстай берген, иелік еткен» (1) деген сөздер мифтік дәуір ұғымының елесі. Сондай-ақ «...Ілгері күнбатыста, он жақта — күн ортада, кейін — күнбатыста, сол жақта — түн ортасында. Соның ішіндегі халықтың көбі маған бағынды (2) ескілді тіркестер де дүниені төрт бұрышты деп есептеген ескі түсініктің көрінісі. Осындай ұғымдардың түркі халықтары фольклорында ұзақ замандар бойында орын алып келгеніне мысал мол... Хакас халқының қаһармандық дастанында дүниенің жаңадан жаралған кезі былайша суреттеледі: «Дүние алғаш жаралып, жұлдыздар пайда болғанда, жап-жарық ғалам орнап, халық тіршілік жасаған. Ақ шынның баурайында, алты қия өрінде, алты жылғаға бөлінген Ақ-Талай судың қасында, биік күздің түбінде, алуан мал оттап жайылған (3). Тува (тобалар) халқының батырлық ертегісінде де адамзатқа қаскөй күштер «аспан мен жерді жабыстырып» қоймақшы болғанда әділеттілік күрескері Хаа-Ченгей «бір қолымен аспанды өрі итеріп, екінші қолымен жерді бері тартып» орнына келтіреді (4). Бурят халқының эпосында оқиға «дүниеге нұр тұңғыш рет тарай бастаған, таң шапағы жаңа-жаңа атып келе жатқан, өсімдіктер бүршік жармаған, жердің орнында үлпілдек шаң-тозан ғана көлбеген» (5) кезеңнен басталады. Бұл келтірілген мысалдар ғаламның пайда болуы туралы ұғым қадім дәуірлерден бері халықтың ауыз әдебиетінде, ертегілерде, эпостарда, аңыздарда айтылып келгенін, Орхон жазуларында осындай ескі сарышын қайталанғанын сипаттайды.

Қазақ жырлары мен ертегілерінде ұшырайтын «баяғы өткен заманда», «дүниенің төрт бұрышы» деп келетін тіркестер, сөз жоқ, әлгіндей архаикалық заман түсініктерінің бертіңгі кездегі сілемі болып табылады. Мифтік сарын қазақ фольклорында аспан әлемі (космологиялық) аңыздарында көбірек сақталған...

**Қаһарманның жедел жетілуі, асқан ерлігі.** Орхон ескерткіштерінде қаһармандардың тұлғасын сипаттап, ерлігін баяндаған тұжырымды, қысқа хабарламаны қарасөз тіркестері деп қарау жеткіліксіз. Мәселен, «Он жаста Ұмайдай шешен қатынның бағына інім Күлтегін ер атып алды. Он алты жасында атам қағанның ел-жұрты сонша менгерді... Күлтегін жауға жаяу ұмтылды. Он тұтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді. Ол әскерді біз сонда жоқ еттік» (6) секілді үзік-үзік сөздердің тасасында эпостық дастандарда айтылатын оқиғалардың сарыны сезіледі. Күлтегіннің он жасында ер, батыр атағына ие болғанын айту қаһармандық эпостың ежелгі дәстүріне орайлас берілген. Қазақтың батырлық жырларында бұған үндес көріністер мол. «Алпамыс батырдағы»: «Сол уақыттарда Алпамыс он жасқа толып, Жиделі-Байсын жеріне, қалың қоңырат еліне бек болып, жұрт сұрап тұрды» (7) деген сөздер Күлтегіннің жастай батыр болғанын баяндайтын тұсымен бірдей екенін әркім аңғарса керек. Болашақ қаһарманның жедел жетілуін мадақ ету жалпы түркі эпосында, соның ішінде қазақ жырларында жиі кездесетіні эпостық дәстүрдің бірі. Тасқа жазылған ескерткіштердегі көркемдік кестелер мен ауызша айтылып келген эпикалық жырлардың арасында терең байланыстар болуы мүмкіндігін кезінде ұлы ғұлама М.Әуезов те (8) атап көрсеткен еді.

Көне түркі жазуында батырдың соғыстағы қайратын, жауды жасқандырған айбатын мадақтайтын теңемелер көп. Сол кездегі түркі халқының қандай жауды да тас-талқан етіп қирататын қауқары болғаны «тізеліні бүктірілік, бастыны жүгінттік» деген асқақ сөздерден де аңғарылады. Енді бірде Күлтегіннің қас дұшпандармен қырық жеті рет соғысқаны атап өтіледі. Сол соғыстарда батыр жеңіске жетіп, халқын қуанышқа кешелтіп отырады. Ешбір жаудан бесті қайтпағандықты үлгі етіп көрсету де түркі эпостық жырларындағы негізгі сарындардың бірі. Орхон ескерткіштерінде түркі халқымен ұдайы өштікте өмір кешетін дұшпан табағаштар болса, кейінгі замандағы қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ жырларында эпикалық жау қалмақтар болып көрінеді. Бертіңгі замандағы қаһармандық жырларда да батырлардың қалың жауға

қарсы қаймықпай қарсы шабатыны «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» секілді көптеген дастандарда биік көркемдікке бөленіп берілген.

Қара сөзбен баяндалған Орхон жазуларында әсірелеудің алуан түрлері кездеседі. «Түркі, оғыз бектері, халқы есітін. Биіктен төңірі баспаса, төменде жер айырылмаса, түркі халқы ел-жұртыңды кім қорлайды?» — деп өз елінің күшіне сенімді қаһарман ғана айтса керек. «Өлімші халықты тірілттім, жалаңаш халықты киімді, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым, тату елге жақсылық қылдым», — деген сөздер мен қазақтың батырлық дастандарының соңында айтылатын «жауды жеңіп, ел тыныштық тапты, байлыққа кенелді, мұратына жетті» тәрізді тіркестердің арасындағы ұқсастық та айқын...» Құғ Сенгүн басқарған төрт түмен әскер келді. Түңкертауда жетіп жайраттым, үш түмен әскерді өлтірдім» (9). «Білге қаған» жазуынан алынған бұл үзінді түркі халықтарының эпосында батырлардың мыңдаған жауды бір өзі жайпап түсетін жойқын ұрыс суреттерін еске салады.

**Киелі мекен.** Орхон жазуларында түркілердің құт мекені, қасиетті қонысы Өтукен туралы жиі айтылады, Өтукеннің негізгі мазмұны түркілердің ырысты жері, байлығы, бақыты, тағдыры дегенге саяды («Түркі қағаны Өтукен қойнауында отырса, елде мұң жоқ», «қасиетті Өтукен қойнауының халқы... біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың. Барған жерден не игілік таптың. Қаның судай ақты, сүйегің таудай жатты, бек ұлдарың құл болды...»). Осы сөздердің аңғарына карағанда Өтукенді түркілер жер-ұйық деп санағаны сезіледі. Халық өзінің үміті мен сенімін Өтукенмен байланысты деп түсінген. Аты аңызға айналған осы жер туралы түрік ғалымдарының еңбегінде көңіл аударарлық деректер кездеседі. Зерттеуші Йылмаз Өзтұна Өтукенді көктүріктердің кіндік кенті, табиғаты өмір сүруге жайлы, Орхон және Селенга өзендерінің арасындағы жер еді (10) деп көрсетеді. Ал оғыз дастандарында Өтукен Тянь-Шань таулары мен Орхон аймағындағы киелі өңір деп сипатталады. «Диван лұғат ат-түрікте» Өтукен «татар шөліндегі ұйғырларға жақын бір жердің аты» делінеді. Енді бір мәңбелерде Өтукен жер төңірісі деген ұғымды білдіретіні айтылады. Біз бұл жердің қай аймақта болғанын дәлелдеуді мақсат етпейміз. Қалай болған күнде де Өтукеннің көне түркі заманында халық қиялында үлкейтіліп, барша жақсылықтың рәміз-символы болып саналғаны анық. Қандай халықтың да бейбіт,

берекелі өмір кешетін бай да байтақ өлкені іздейтіні дәстүрге айналған нәрсе. Түркі халықтарының дастандарында «оты мол, суы мол», зорлық, зұлымдық дегенді білмейтін жерлер жайында аңыз аз емес. Солардың Орхон ескерткіштеріндегі Өтукенмен үндестігі кездейсоқ деп қарауға болмайды. Асан қайғының халыққа жайлы мекен, жақсы қоныс іздеп, жер-дүниені шарлауы туралы оқсана мен қазақ халқының Жиделі-Байсынды жер жәннаты деп қиялмен өсіріп, сағынышты, арман өлкеге айналдыруында Өтукеннің рухы жатыр десек, қателік болмайды. «Алпамыс батыр» жырындағы Жиделі-Байсын суреттерін еске түсірсек, бұған көзіміз жетеді.

Жиделі-Байсын жерінде,  
Қоңырат деген елінде,  
Байбөрі деген бай шықты,  
Тоқсан мың екен қорасы.  
Мұрындық, ноқта тимеген.  
Түйешілер мінбеген  
Сексен мың екен маясы.  
Шұрқырап жатқан бір жылқы,  
Есебі жоқ көп жылқы  
Жиделі-Байсын даласы (11)

Орхон жазулары тек тарихи оқиғалардың баяны емес, онда халықтың бақытты өмір, абад тұрмыс туралы мәңгілік арманы елес бергеніне осы мысалдар дәлел.

**Ат таңдап міну.** Түркі халықтарының жырларында батырдың ат таңдап мінуіне ерекше мән берілетіні белгілі. «Қобыланды батырда» Тайбурыл қырық күншілік жерге бір-ақ күнде жетеді, ешкімге құрық салдырмаған шұбар ат (Байшұбар) Алпамысты көргенде бірден жуасиды. Батырдың батыр атанбағы өзіне лайық ат таба білгеніне байланысты болатыны қаһармандық дастанның бөріне тән ортақ сипаты. Міне, осы сарынның ерте заманнан келе жатқанын Орхон ескерткіштері, соның ішінде Күлтегін жазулары көміл растайды. Тасқа ойылған үзік-үзік мәтіндер арасынан атқа мініп шапқан батырдың тұлғасы танылады. Ең алғашқы соғыста Күлтегін «Тадықан шордың боз атын», екінші жолы «Ышбар Йамғардың боз атын», үшінші кезекте «Йегін Сіліктің «ерттеулі торы атын» мініп шабады; Қырық Аз халқымен ұрыста батыр «Байыркүнның ақ айғырына», тағы бір соғыста «алып Шалшының атына», Тоғу қаласында сайыста Азманның атына» (12)

мінеді. Тағы бірде Күлтегіннің астындағы аты қаракер болады. Осы мысалдардан Күлтегіннің мінетін аттарының түсі көбінесе ақ немесе боз болып келетінін байқаймыз. Жорыққа шыққанда өскердің ақбоз ат мінуі түрік қағанаты заманынан бұрын ғұндар дәуірінде қалыптасқан үрдіс екенін, бұл ай жарықта түнделетіп жүрген өскердің мінген аттары дүппанның көзіне айқындалып көрінбеуі үшін ойлап табылған тәсіл болғанын академик Ә.Марғұлап өзінің ғұндар туралы еңбегінде (13) атап өткен болатын. Орхон ескерткіштерінде жүйрік аттың «ер қанаты» болып суреттелуі ежелгі эпостық дәстүрдің мықты бір белгісі демекпіз.

**Білге қаған өсиеті.** Орхон жазуларында желі тартқан мәселенің бірі — ақылды, білікті басшының мемлекет тағдырындағы орны мен атқарған қызметіне қатысты. Ұлан-ғайыр кеңістікті мекендеп, ғасырлар бойында өз тәуелсіздігі үшін сан алуан жаулармен соғыса, арпалыса жүріп адамзат тарихында өшпейтін мәдени итіліктер жасаған түркілер ісінің алға басуы қағандардың алдағыны ойлайтын көрегендігіне, елге парасатты көсем, қамқор бола білуіне тікелей байланысты еді. Ал ел басшылары қарақан басынын ғана қамын ойлайтын, дүниенің жылтырағына қызығып, байлыққа көзі тоймайтын жемқор, табансыз, екіжүзді жандар болса, мемлекеттің қисайған жүгі түзелмей, құрдымға бата беретінін, бардың жоқ болып кететінін ертедегі көк түріктің дарынды нерзенттері ұмытылмастай етіп, тасқа жазып, тарихтың сабағын күллі ақиқатымен айтып кетіпті. Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк сынды данышпандар Түрік қағанатының өрлеген кезінде, қасіретке душар болған тұстарын да келешек буынға шежіре етіп қалдыруы және оны тасқа жаздыруы дүние жүзінің тарихында түрік мәдениетінің озық тұрғанын әйгілейді. Дәл осындай тарихи, мәдени ескерткіштер әлемнің төрт бұрышынан табылмайды десек, артық айтылғандық емес.

Түрік қағандарының әлденеше буыны айналадағы дұшпандармен ғасырлар бойында сұрапыл күрес жүргізіп, ірі жетістіктерге қол жеткізгенін Орхон ескерткіштерінен айқын аңғарамыз. Сонымен қатар заманында ешбір жаудан беті қайтпаған қайсар халықтың әлсіз тұстары болғандығын да тас жазулар баянынан білеміз.

Түрік қағанатының күшін біріктірмей, оны әлсін-әлсін зор шығасыға душар еткен қырсықтың бірі — мемлекет ішіндегі алауыздық. Осының кесірінен ата жауға жұмсалатын күш екінші бі-

рінде-ақ өзара тартысқа, бақталастыққа бағыттталып, ортақ күш-қуат ыдырай берген. Бұл хал Күлтегін жазуларында: «Бектерінің, халықтарының түзу еместігі үшін, тағаш халқының алдауына иланғаны үшін, өтірігіне көнгендігі үшін, інілі-ағалының дауласқандығы үшін түркі халқы елдігінеп жойылды» (14) деп көрсетілген. Күлтегін жазуындағы: «Елді халық едім, елім енді қайда, кімге елдік жасаймын, қағанды халық едім, қағаным қайда? Қай қағанға күш-қуатымды беремін?» (15) деген зар-нала сөздер әлемде айбары асқан мемлекеттің ойраны шыққанын көріп, күйінуден туған жанайқай. Мұны білікті мақсат, ел бірлігі үшін тегеуірінді, дәйекті жұмыстар жүргізілмей, намыссыз жандар билік басына шығып, айбынды елді аяқасты еткеніне ашыну, баққұмар, такқұмар, жетесіз, тексіздердің асыл халықты қор еткендігіне қарата айтылған қарғыс десе де болады. Түркі ұлыстары мен тайпалары күш біріктіріп, аузын арандай ашқан жалмауыз дұшпанға қарсы шығудың орнына өзара қырқысуы қатарынан озып туған небір есіл елдердің жігерін күм еткен. Бір ғажабы — бұдан мың жарым жыл бұрынғы түрік бірлігі проблемасы еш заманда да өзінің маңызын жойған емес. Түркі ынтымағының арасына сына қаққысы келетіндердің заһарлы, кесапат, жымысқы әрекеттерінің салдарынан туысқан ұлыстарды бір-біріне арандату оқиғалары соңғы кездерге дейін орын алып келгенін де ұмытуға болмайды. Мәселен, бұдан біраз жыл бұрын өзбектер мен қырғыздар, месхеттік түріктер мен өзбектер жанжалын ұйымдастырған қаскүнем күштер адалдығын ысқылап, «тағы да кімдерді төбелестірсек екен» деп қолаңды сәтті күтіп жүргені де ақиқат. Олар ендігі жерде Қазақстан мен Өзбекстан арасынан бір ілік табылса екен деп күндіз күлкісін, түнде ұйқысын бұзып, пәлекет торларын құрып жүргені тіпті де жасырын емес. Түркі республикаларының басшылары сондай арам ниеттілердің тұзағына түсуден сақ болуы ләзім. ХХІ ғасырға қадам қойған түркі елдерінің алдында тұрған ең күрделі уәзіпа рухани бірлік деп қазір де қайталап айтамыз.

Бағы заманнан бері қарай хас жауларымыздың қолданып келген тәсілінің тағы бірі — түркілер арасына бөгде салт-сананы, жат діндер мен нанымдарды тарату, сөйтіп тұтас елдерді іштей іріту, тоздыру болған. Түркі қауымын ұстанып келген дәстүрінен, тілінен, дінінен айыру үшін сыртқы дұшпандар жүйелі бағдарламалар жасап, оларды жүзеге асыруға айла-амалын сарқып пайдаланған. Орхон ескерткіштерінде бұл жағдай да барынша анық тү-

жырымдалыпты. Дұшпан елдердің «тәтті сөз, асыл қазынасына көп сеніп, түркі халқы өлді, түркі халқы жойылды» (16) деген сөздер ешқашан да ұмыт болмауға тиіс. Тастағы жазуларда «түркі халқы жойылды» деген тіркестер өлденеше рет кездеседі. Бұлар кемеңгер ата-бабалардың кейінгі буынға қалдырған қатаң ескертпесіндей естіледі. Аллаға шүкір, жаулары «құртамын» деп қанша әрекеттенсе де, түркі халқы мүлде жойылып кетпеді. Бірақ қайта бірлесуі қиындап, жүздеген жылдар бойында күшті мемлекеттердің боданына айналды, басқыншы елдердің миссионерлік саясатының әсерімен өзіне тән қасиет пен құдіреттен алыстай берді. Тек XX ғасырдың ақырғы тұсында ғана түркі ұлыстарының бірқатары тәуелсіздік тізгінін қайта ұстады...

Ілгеріде айтылған және басқа мәселелер бізге бұрынғы ата-бабаларымыздың имандай сыры, жан дауысы, кейінгіге қалдырған үлгі-өсиеті, асыл аманаты болып естіледі. Бұл өсиет сөздердің мәні қазіргі кезде де мысқалдай кеміген жоқ. Еуразияның ұлы кеңістігін жайлаған түркі халықтарының рухани бірлігі, тұтастығы, тіл мәртебесі, діни наным сақталуы үшін күрес әлі де көкейкесті проблема болып келеді. Осы күресті жалғастырып, алдағы ұлы мұраттарды жүзеге асыру бүгінгі және ертеңгі қауымның қасиетті парызы.

#### Әдебиет:

- (1) Айдаров Г. Орхон ескерткіштерінің тексі. — Алматы, 1990, 56-бет.
- (2) Сонда. 53-бет.
- (3) Алтын Арығ. — Москва, 1988.
- (4) Бокту-Кирилл и Бора-Шэллей. Тувинские народные сказания. Кызыл, 1969.
- (5) Гэсэр. Бурятский героический эпос. М., 1973.
- (6) Орхон ескерткіштерінің тексі... 65-бет.
- (7) Батырлар жыры, 2-том, Алматы, 1986, 100-бет.
- (8) Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., 1959.
- (9) Орхон ескерткіштерінің тексі... 87-бет.
- (10) Вцушк turkiye tarihi. 1983. 1-том, 81-бет.
- (11) Алпамыс батыр. 1986, 88-бет.
- (12) Орхон ескерткіштерінің тексі... 64 — 69-беттер.
- (13) Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. 1985.
- (14) Орхон ескерткіштерінің тексі. 58-бет
- (15) Сонда. 58 — 59-беттер.
- (16) Сонда. 54-бет.

## «ҚОЗЫ КӨРПЕШ — БАЯН СҮЛУ» ЖЫРЫНЫҢ АРХАЙКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қазақ халқының даңқты ғашықтық жыры — «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» шығу тегі, тарихы және көркемдік шындығы, айтушылары, вариант-нұсқалары, жинаушылары, поэзиялық ерекшеліктері т.б. жөнінде зерттеулер бірнеше ғасыр бойында жүргізіліп келеді. Бұл жырдың көп қырлы сипаты мамандарға ғана емес, жалпы оқушы жұртшылыққа да танымал. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастаны орта, жоғары мектеп бағдарламаларына енген. Атақты суреткер Ғ.Мүсіреповтің жыр сарынымен жазылған трагедиясына жамағат театр сахналарынан да, кино экрандарынан да қанықты. «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» мәтіні жеке кітап болып өлденеше рет басылып шыққаны да әмбеге аян.

Дегенмен атағы қазақ көлемінен асып, әлемдік деңгейде әйгілі болған ұлы дастанды тану мен талдау ақырғы межесіне жетті деуге әсте болмайды. Қайта өзге де бірсыпыра эпостар секілді, «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» зерттеу жұмысы соңғы жылдарда баяулап қалғанын мойындауға тиіспіз. Эпостың 1500 жылдығына арналған конференция ғылыми-зерттеу істеріне жаңа серпін берер деп сенгіміз келеді.

Біз «Қозы Көрпеш — Баян сұлуға» қатысты көп проблеманың бір тармағы дастанның архайкалық белгілері деген мәселеге қысқаша кідіріп өткіміз келеді. Бұл — арнаулы зерттеулерді қажет ететін күрделі тақырып. Әлбетте, бір баяндама шеңберінде осы тақырыптан туындайтын міндеттерді толық қамту мүмкін емес. Сонда да болса, бұл бағыттағы кейбір методологиялық таяныштарды сөз ету қажет деп есептейміз.

«Қозы Көрпеш—Баян сұлу» — қазақ халқының ертедегі өмір ерекшеліктерін неғұрлым мол бейнелейтін жырдың бірі. Эпостың бітіміндегі осындай көнелік белгілерді көптеген зерттеушілер атап өткен. Солардың ішінде шығарманың түрлі нұсқаларын салыстыра тексеріп, ондағы архайкалық нышандарды анықтауға көңіл бөлген академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Тақырыбы-

мызга сөйкес болғандықтан, ғалымның бұл тараптағы ойлары мен тұжырымдарын келтіруіміз ләзім.

Қазақ ескілігінің білгірі Әлкей Хаканұлы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының пайда болу тарихын заттық мәдениет ескерткіштерімен, атап айтқанда Қозы Көрпеш — Баян сұлу кешенімен байланыстыра қарайды. «Аягөз бойында тұрған бұл кешен мен оның ішіндегі мүсін тастар исламнан көп бұрын жасалған өте ескі дәуірдің белгілері. Олар Түрік қағанаты кезінде шыққан. Адамның суретін, тас мүсінді халық сол кезден ерекше қадірлеген» (1), — дейді ол. Бұл өте маңызды, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының шыққан кезеңін нақтылы пайымдаған пікір. Бұдан кейін Әлкей Хаканұлы осы ойларына қосалқы дәлел ретінде топонимикалық атауларды келтіреді: «Және бір ғажайып жері олардың (эпос кейіпкерлерінің. — Р.Б.) аты тек қана мүсін таста сақталып қоймай, жер аттарына да қойылып отырған. Оның зор дәлелі Баянның атымен аталатын сол жердегі «Баянжүрек» тауы... Аягөзге құятын екі өзеннің бірінің аты — Айтаңсық, бірінің аты — Айғыз. Бұлардың барлығы бір кездегі тарихта болған оқиғаны еске түсіріп, солардың халық ортасына көп тараған терең сырларын сақтап келген. Әсіресе «Баянжүрек» тауы Баян мен Қозы Көрпештің жиі қосылып, сүйіскен жері деп білу керек» (Сонда, 286-бет). Өзінің құрылысы мен архитектуралық стилі Қозы Көрпеш—Баян сұлу кесенесіне ұқсас дін-мұнара Қазақстанның әр өңірінде кездесетініне қарап, Ә.Марғұлан мұны сол замандағы ескерткіш салу дәстүріне тән құбылыс деп есептейді.

Эпостың көнелігін сипаттайтын келесі бір жағдай — сол замандағы көш жолдарының аталуы. Дерпсалин жазып алған жыр нұсқасында (1834) Қозы Көрпештің жаздығүні отыратын жайлауы терістікте, Түменнен әрі, Мұз теңізіне таяу жерде деп көрсетіледі екен. Бұған жырдағы «Мұз тауына екі хан келді көшіп, байлығы шыққан скен талай-талай», — деген жолдар дәлел болғандай. Ә.Марғұлан осы бір куәліктен терең мағына табады, оны қазақ халқының мал шаруашылық кәсібінің ынғайына қарай көші-қон бағытының ғасырлар бойында қалыптасқан дәстүрімен байланыстырады. «... V—X ғасырларда оғыз бен қыпшақтардың қыс күні Сыр бойын қоныстап, жаз күні Сарыарқаға жайлауға шығатынын Жувейни, Рашидеддин, Абылғазы өдемілеп суреттеген. Демек, Оңтүстік пен Солтүстік арасында көшіп жүру тәртібі ту ескі дәуірден келе жатқан дәстүр. Қысты күні жылы жақ-

ты қоныстап, жаз шына солтүстікке, салқып жаққа жайлауға көшу ескі сақтарда, ғұндарда, үйсін, қаңлыларда болған әдіс. Бұл жағдай ескі заманның әңгімесі Қозы Көрпеш — Баян сұлу аңызында жарқын көрінісін тапқан» (2).

Әлкей Хаканұлы Марғұлан «Қозы Көрпеш—Баян сұлудың» тарихын Түрік қағанаты дәуіріндегі кешендерге қатыстыра қарастырумен шектелмей, одан өрідегі заттық жәдігерлер мысалына да назар аударады. Бұл ретте ғалым «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры — ең ескі аңыздардың бірі. Ол — көне замандағы түркі-моңғол тайпаларының арасында көп тараған ғажайып бір оқиғаның сюжеті. Бұл аңыздың ең ескі дәуірдегі бейнесі жарқын өрнекті алтыннан күйылған ескерткіш ретінде сақталған. Онда Шоктеректің, оның түбіндегі екі жастың келбеті келтірілген... Бұл алтын бейне XVIII ғасырда Ертістің күншығыс жағында жатқан байтақ даладан, Алтай тауына таяу жерден табылған. Бұл эпостық алтын бейне біздің заманымыздан III — IV ғасыр бұрын жасалған» (3), — дейді. Әлкей Хаканұлының алтыннан жасалған Шоктерек және оның түбіндегі адам бейнелерін Қозы Көрпеш — Баян сұлу аңызымен байланыстыруы батыл болжам. Ғалым Шоктерек бейнесіне кездейсоқ көз тігіп отырған жоқ, ол әйгілі жырда Қозы мен Баянның кездесетін мекені болатын. Әлекең Шоктерек деген жер аты да болғанын, Батыс Сібірдің он шақырымдық картасында (1909) Шоктерек атты тоғайлы жер көрсетілгенін, ал поляк саяхатшысы Квартлей XIX ғасырдың 30-жылдарында да осы Шоктеректің суретін салғанын куәлендіреді (4).

Сонымен, біз сөз болып отырған жырдың түбірі байырғы заман аңыз-әңгімесінен бастау алғанына, бұған осыдан бір жарым жыл бұрынғы Түрік қағанаты дәуірінің қалыбымен салынған Қозы Көрпеш—Баян сұлу кесенесі, дастанда айтылатын бірталай жер, мекен аттары, тіпті біздің заманымыздан бұрын жасалған ескерткіштер дәлел бола алатынын көрдік. Мұның бәрі зерттеушіге ой салатын, салдарлы қисындар. Сонымен қатар эпостың ұзына бойында «мен ескі дәуір куәлігімін» деп тұрған сарындар да жеткілікті.

Ең алдымен, «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жыры қазақ елінің ерте замандағы әлсуметтік, тұрмыстық жағдайларына мол дерек бере алатындығымен құнды. Адамның бас бостандығы, сүйіспеншілік еркіндігі есепке алынбайтын көне дәуірдің шындығы мұнда бар болмысымен ақиқат баяндалған. Жырдың ғасырлар

бойында ұмытылмай, ауыздан-ауызға тарап келуінің негізгі сыры да заманның бас қайшылығын, жастардың басындағы теңсіздік қасіретін көрсете алуында. Арманына жетпей, қайғылы түрде мерт болған Қозы мен Баян тағдыры тыңдаушыға күшті әсер еткен, жазықсыз жандардың көрген наласы мен шеккеп азабын халық жадында сақтап, аялушылық білдіріп отырған. Жырдың ұзақ өмір кешуінің түпкі себебі осында. Адамның жеке басының мүддесі ескерілмей, ескі салт-сананың құрбаны болғанын жыр айыптау үкіміндей әйгілейді. Қолы қысқа, талабы тұсаулы болса да, халық қиялы мен арманы еркін еді. Фольклор шығармаларының көбіне тән болып келетін өршілдік рухы осы жағдайға байлапты. Тіпті «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ақыры трагедиялық халге құрылуының да ел үшін тәрбиелік мәні болған. Қозы мен Баянның шәйіт өлімін көрсете отырып, жырыны, ақын елді зұлымдықтан шошытқысы келген, адамдарға ізгілік ғибратын таратқан...

«Қозы Көрпеш–Баян сұлуда», жаңа айтқанымыздай, қазақтың ескі көшпенділік қалпы тудырған көріністер мол. Бұл жағынан алғанда жыр нағыз қазақ өмірінің туындысы десе болады. Сарыбай мен Қарабайдың анда жүріп кездесуі, есгебыл жолымен болашақ перзенттерін бір-біріне айттыруы, Сарыбай өлгенде айтылған өсіртуі, ас берілуі, Ай, Таңсықтың ауылы белгісіз алысқа көшерде туып-өскен ел Балталы-Бағаналымен қоштасулары, барлық оқиғаның мал баққан сахара елінің төл шындығы болып көрінуі; Қарабайдың тоқсан мың жылқышы жер-дүниеге сыйғыза алмай, талай өлкені кезіп, ақырында Сарыарқаның сайын даласына келіп қоныс тебуі, Қодардың қыруар көң малды шөлейт жерден құдық қазып суарып, аман өткізуі секілді суреттің бәрі таза дала жұртының кәсібі мен іс-әрекеттері. Қарабайдың тоқсан мың жылқысы дегенде эпостық өсірелеу сезіледі. Дегенмен бұл арада қазақ халқының ерте заманда, көші-қон аумағы тым ұзаққа созылатын кездерінде көбінесе жылқы малын өсіргенін ескерсек, мұндай өсірелеу өмір ақиқатына негізделгенін аңғарамыз. Тарихшылардың көрсетуінше, ұсақ мал өсірумен халқымыз беріңгі дәуірде, мол өрісі тарыла бастаған кезде шұғылданған (5). Жырдың көне табиғаты және эпостық заңдылықтар ауқымында жасалғаны қаһармандарды суреттеген тұстан-ақ бірден көзге шалынады. Қарабайдың «тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да, үйінде сілкіп киер киімі жоқ» деп сипатталуы, аң аулауға

шығуы саятшылықтан емес, дүниеқорлықтан екені көрінуі; Қодардың «бойы он кез, жауырышынын жалпағы үш жарым кез» делінуі, сөзімі тоғас, кара күш иесі болып бейнеленуі оларды қарапайым адамдардан гөрі миф пен ертегі кейіпкерлеріне жақындатады.

Дастанда көне заманның түсінігі молынан көрініс берген. Сарыбай мен Қарабайдың аң аулап жүріп кездесуі де жырдың стадиялық байырғы қабаттарының бірі болып табылады. Аңшылық — адамзаттың бақташылық, диканшылықтан бұрынғы кезеңі екені мәлім. Сарыбайдың буаз маралды еріксіз атып, шошынып өліп кетуінде де барлық жан-жануардың киесі бар деп ұғылатын ерте кездегі түсініктердің ұштығы жатуы мүмкін. Жырда түс көру мен оны жоруга да мән беріледі.

Дастанға тән архаикалық сарынның бірі — қаһарманның ғажайып туысы болса, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» бұл да тиісті орын алған. Қозының «алтын айдарлы» деп суреттелуі оның басқалардан өзгеше болмысы. Атышулы жаулаушыларды «қан уыстап туған» деушілік тәрізді Қозыны «алтын айдарлы» деп дәріптеу де тағдыр артық жаратқандық рәмізі есептелген.

Адамдар, жан-жануарлар түрлі жағдайда түсін өзгертіп, қауіп-қатерден құтыларлық айласы бар болып көрінуі де ескі магиялық ұғымдармен түбірлес. Дастанның түрлі нұсқаларында мұндай көріністер кездесіп отырады. Мәселен, Қозы Қарабай ауылына «тазша бала» болып барады; ала тай Қозыға Баянды көруге «келес» береді; Баянға Қозының хабарын беріп тұратын бозторғай болады; Баянға Қозының келгендігін тоқты «білдіреді»; Қозының анық кім екеніне көз жеткізу үшін, қыз қой терісін жамылып келеді... Жырдың бірнеше нұсқасында Қозы Көрпештің алыс, қауіпті сапарға шығуына анасы ризалық білдірмей, теріс батасын береді. Қозының арманына жете алмай, қайғылы қазаға ұшырауына теріс бата, қарғыстың да әсері бар деген ұғым да жырда сезілгендей. Қозының Шоктеректің түбін мекен етіп жүруі де адам баласының мифтік дәуірдегі санасының алыс елесі секілденеді...

Эпостық ерлердің тағдыры, сәтті сапары айрықша жүйрік ат таңдап мінуіне байланысты болатыны дәстүрлі көрініс. Батырлық дастандарда жағдай осындай болса, романдық (ғашықтық) эпостарда да бұл ерекшелік сақталады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» бір нұсқасында Қозының таңдаған тайы лезде құлап-

## «ДӘДЕ ҚОРҚЫТ КІТАБЫ» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭПОСЫ

Түркі халықтарының ерте заманнан бергі этникалық, мәдени, рухани байланысын зерттеу тарих, әдебиет, фольклор, этнография пәндерінің алдына күрделі уәзипалар қояды. Бұл міндет түбі бірге туыс халықтардың бүгінгі таңдағы да, келешектегі де ортақ мүддесіне орайлас. Осы қатарда әсіресе ауыз әдебиеті (фольклор) мұрасындағы ұқсас фабулалар мен сарындар, поэтикадағы туыс өрнектер ерекше көңіл бөлуді керек етеді. Түркі халықтарының соңғы бірнеше ғасыр көлемінде ыдырап, күшті мемлекеттердің отарына айналғандығына байланысты мәдени мұраны кенінен зерттеуге мүмкіндік болмағаны белгілі. Ендігі жерде ондай көркем ескерткіштерді салыстырмалы типологиялық әдіспен тексеру ғылымның көкжисігін арттыра түспек.

Ауыз әдебиеті жанрларының ішінде дастаншылық (эпос, жыр) саласындағы ұқсастықтар аса елеулі. Мәселен, «Алпамыс батыр», «Едіге батыр», «Шора батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Көрұғлы» секілді жырлардың әрқайсысы бір емес, бірнеше түркі халықтарының арасында сақталып келуі түбірлестіктің шеңбері кең екенін көрсетеді. Бұл халықтардың ғасырлар бойында өзара байланысы үзіліп, ежелгі жақындық белгілері ұмыт бола бастаған. Бірақ тарих ұмытқанды халықтың ауыз әдебиеті ұмытпалты. Ертедегі этностық, мәдени қарым-қатынастардың жарқын куәлігі фольклор нығармаларында қалыпты.

Осындай көркемдік байланыстардың нышанын оғыз халықтарының (түрік, әзірбайжан, түрікмен) даңқты дастаны «Дәде Қорқыт кітабы» мен қазақ эпостық жырларының арасынан көреміз. Бұл елденеше зерттеулерге жүк болатын құнарлы мағриал. Сондықтан мәселенің маңызды тұстарын тұжырымдап отумен ғана шектелуге тура келеді.

«Дәде Қорқыт кітабының» жиналу, зерттелу тарихнамасының өзі жеке тақырып. Дастанның түрлі елдердегі, соның ішінде қазақ арасындағы сарындары да, тарихилығы да арнаулы тексе-

рілуге лайық. Біз осындай ұлан-ғайыр проблемалардың бір қыры — оғыз дастаны мен қазақ эпосына ортақ сарындарға ғана тоқталамыз.

1. Түркі халықтарының көптеген эпостық аңыздауларында жиі қайталанатын сарын — қарт ата-ананың перзентсіздік зары «Дәде Қорқыт кітабында» ұшырайды. Байыпшыр хан оғыз бектерін тойға шақырғанда «бір жерге ақ отау, бір жерге қызыл отау, енді бір жерге қара отау тікгіреді» (1). Хан қызметкерлеріне «Ұлы барларды ақ отауға, қызы барларды қызыл отауға қондырындар. Ал ұл-қызы жоқтарды қара отауға қондырындар, астына қара киіз төсендер, алдына қара қойдың етінен табақ тартындар, жесе жесін, жемесе тұрсын да кете берсін», — депті (2). Тойға шақырылған Дірсе ханның ұлы жоқ еді, ол мынадай қорлыққа шыдай алмай, үйіне қайтады: «аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойдырады. Іш оғыз бен тыс оғыз бектерін шақырып жинайды. Аш көрсе тойындырады, жалаған көрсе киіпшіреді, борыштыны күтқарады. Төбе қылып ет үйгізеді, көл қылып қымыз сапыртады. Жиналған жұрт тілек тілейді. Аузы дуалы біреуінің қайыр-дұғасымен қатыны жүкті болып, тәңірі бір ұл береді» (3).

Дәл осыған ұқсас сарын «Алпамыс батыр» жырында бар екені мәлім. Байбөрі бай перзентсіздіктен көрген қиянатты мұң қылып шағатын, мал-мүлкіне ие жоқтықтан, маңайындағылардан зәбір ісккенін айтатын еді. «Шора батыр», «Ер Сайында» да осындай хал кездесетін. Қырғыз жырындағы Манас батырды да әкесі Жақын жаратқаннан тілеп алған болатын. Демек, «Дәде Қорқыт кітабындағы» Дірсе ханның басындағыдай ахуал көптеген жырларда қайталанып келетін жағдай деуге негіз бар. Мұндай ұқсастық поэтикалық дәстүрі, тұрмыс-салты жақын халықтарда ғана болады.

2. «Тілеп алған» жас баланың ежел жетіліп, батырлық танытуы да түркі халықтары эпосында жиі кездесетін көрініс. Дірсе ханның («Дәде Қорқыт кітабы») баласы Бұқаш елден асқан қайратты болып, жас кезінен жұрт таңқалғандай ерлік мінез көрсетеді. Алпамыс та, Шора да, Сайын да, Едіге де тым ерте есейіп, ел қамы үшін атқа қонады, ұлы істерге қабілетті екенін танытады. Батырлық жырларда мұндай әсірелеу табиғи болып саналады. Эпос қаһармандары елінің жауда кеткен кегін қайтарады.

3. Оғыз дастанында барлық маңызды мәселені шешудің басы-қасында Дәде Қорқыт жүреді: ол жана туған балаға ат қояды, ба-

та береді, елдің келешегін болжап, сәусегейлік сөз айтады. «Дәде Қорқыт кітабының» әрбір тарауында Қорқыт ата халық белгілі бір істер жөнінде дағдарып, кеңес күткен кездерінде табылып отырады. Оның дана сөздері мен сара шешіміне тәмәм жұрт тоқтайды. Дірсе хан әйелі ұл тапқанда оның атын қоюға Қорқыт шақырылады. Қорқыт бата-тілегін айтады.

Ей, Дірсе хан,  
Бектік бер бұл ұланға,  
Так бер астына, өнерлі екен!  
Қаз мойынды бедеу ат бер бұл ұланға,  
Мінер болсын, өнерлі екен!  
Қой қорадан он мың қой бер бұл ұланға,  
Соғым болсын, өнерлі екен!  
Аруаналардан қызыл түйе бер ұланға,  
Жүк артатын көлік болсын, өнерлі екен!  
Алтын баулы отау бер бұл ұланға,  
Көленке болсын басына, өнерлі екен!  
Құс иінші торқа тон бер ұланға,  
Киер болсын үстіне, өнерлі екен! (4)

Қазақ аңыздарында Қорқытты кемеңгер ұстаз, ақылшы батағөй, асқан жырау, болашақты болжайтын ойшыл, күйшілердің ұлы атасы деп санаушылық ертеден қалыптасқан ұғым екенін академик Ә.Марғұлан өзінің зерттеуінде атап көрсеткен (5). Осы бағаның «Дәде Қорқыт кітабындағы» Қорқыт бейнесіне сәйкес келіп жатқаны қайран қалдырды. Бұл сонау VII-VIII ғасырларда оғыздар мен қыпшақтардың Сыр бойында қатар өмір кешкендігінің, Ұлы Қорқыт тұлғасы екі елдің де санасында өшпес орын алғандығының белгісі. Аса көрнекті фольклор зерттеушісі Х.Г.Короглы «Дәде Қорқыт кітабының» түп-төркінін, құрылысын, тілін, тарихи шындықты бейнелеу дәрежесін жан-жақты сөз ете келіп, эпостың бірнеше тарауының оқиғалық құрамы оғыздардың бір заманда Түркістанда, Сыр бойында өмір кешкен кезінің ақиқатын сипаттайды деп көрсеткен (6).

Қазақтың төл эпостық дәстүрінде көп белгілерімен Қорқытты еске салатын бір тұлға бар. Ол қазақ-ноғайлы жырларында есімі құрметпен аталатын Сыпыра жырау. Қорқыт пен Сыпыра ұқсастығының түпкілікті себебін анықтау арнаулы зерттеулерді керек етеді. Қалай болған күнде де оғыз, қыпшақ жырындағы осы екі тұлғаның ел шеше алмаған қиын мәселелер жөнінде кеңес, болжам айтатыны, кесек, көркем толғайтыны бұлардың жырау-

лық дәстүр бастауында тұрғанын дәлелдейді. «Едіге батыр» жырында Тоқтамыс хан өз ордасынан кетіп қалған Едігені қалай қайтару мәселесін жасы 185-ке келген қарт Сыпыра жыраумен ақылдасады. Сыпыраның Едіге туралы сипаттамалары мейлінше дәл болып естіледі.

Артынан келіп сынасам,  
Қаһардан пайда болғандай.  
Алдыннан келіп сынасам,  
Жалыннан пайда болғандай.  
Сонау бір жалғыз кетер сол,  
Сәтемір ханға жетер сол.  
Сәтемір хан қол берсе,  
Аллатағалам жол берсе,  
Қыркала біткен қырық алып  
Қырық басып жүрер-ді.  
Сауырлы бұт, күренше ат,  
Пұтқа тартып мінер-ді.  
Алағаншық күндей боп,  
Алды-артынан шығар-ды,  
Ноғайлының ауыр жұрт,  
Баяу жатқан қайран жұрт.  
Аш күзендей бүгіліп,  
Аш бөрідей керіліп,  
Шетіннен кикү асыр сап,  
Ащылы сүрен салар-ды (7).

4. Батырлардың ерлікпен үйлену сарыны да оғыз, қазақ (қыпшақ) эпостық жырларының құрылысында тұрақты түрде кездесетіні де жырдың көне белгілерінің бірі. «Дәде Қорқыт кітабында» көпір елінің қызы Селжан арыстаннан, бұрадан, бұқадан күшін асырған жігітке ғана тиемін деп шарт қояды. Эпос қаһарманы Төрәлі осы сындардың бәрінсі өтіп, дегеніне жетеді. Мұндай сарын көне ертегілік жыр «Дотан батырдан» бастап бірталай эпостық аңыздарда орын алған. Қазақ жырларында бөйгеде озу, палуан күрес, жамбы ату түрінде келетін жарыстардың түп негізі де батырлық үйлену ғұрпына тіреледі. Сондай-ақ батырлардың «алып ұйқысы» да қыпшақ, оғыз эпосында танымал көріністердің бірі. Мұндай оқиға «Дәде Қорқыт кітабы» мен «Қобыланды батырда» бар екені белгілі.

5. Эпос, ертегі батырларының жалғыз көзді дәуді аяласын асырып өлтіру сәкілді дүние жүзі халықтарының эпостық мұрасында сирек кездесетін фабуланы «Дәде Қорқыт кітабындағы»

«Басаттың Төбекөзді өлтіру әңгімесінен» кездестіреміз. Осы әңгіме мен қазақ ертегілерінің арасындағы үндестікті академик В.М.Жирмунский өзінің монографиялық зерттеуінде гректің «Одиссея» эпосына сүйенс отырып кеңінен таратып айтқан еді (8).

6. «Дәде Қорқыт кітабының» үшінші тарауы ерекше назар аударарлық. Мұндағы оқиғалық өрілімдер де, кейіпкерлер қатары да қазақтың «Алпамыс батыр» жырымен ұқсастық танытады. Бұл жөнінде кезінде көрнекті ғалымдар М.Әуезов, В.М.Жирмунский, Ә.Қоңыратбаев т.б. азды-көпті тоқталып өткені мәлім. Оғыз, қазақ эпостарындағы Байбөрі-Бөрібек, Бамсы-Алпамыс, Банушешек-Гүлбаршын аттарының, істерінің орайлас болуы осы жырлардың сарыны бір түбірден тарағанына көз жеткізеді. Бірақ сырт ұқсастықтарды атап өтумен ғылым мұраты түгенделмейді. Ұқсастықты ғана емес, сол үндестіктерді тудырған заңдылықтарды талдау ләзім. Ол үшін оғыз, қыпшақ халықтарының тарихи дәуірде қоныс-қатар өмір кешкендіктері, олардың бір-біріне генетикалық жақындықтары мен өзара мәдени қарым-қатынастары жақында зерттеулер өте қажет. Бұндай міндет түркі халықтарының өткен замандағы тағдыр жолдарын анықтау тұрғысынан да, көркемдік, рухани байланыстар түбірін тексеру жөнінен де қызғылықты болып көрінеді. Қазақстанда Қорқыттану ғылыми орталығының құрылатын болуы бұл тараптағы жаңа ізденістерге жол ашар еді. Осыған байланысты бір пікірді алдын ала айтудың қажеттігі жоқ емес. Кейбір ғалымдардың «Алпамыс батыр» эпосының шығу датасын анықтау жөнінде сөз қозғап жүргенін білеміз. Бұл реттен алғанда қазақ эпосының (мұның қарақалпақ, өзбек нұсқалары да бар) жасын өзімен сарындас Қорқыт жырымен деңгейлес мөлшерде алып қарау керек болатыны түсінікті. Сонда «Алпамыс батырдың» тарихы 1200—1300 жылға баратын болады. Осы сананы ұлттық немесе ұлтаралық көлемде өткізу мәселесін де көп кешенділікпен шешу керек демекпіз. Бұл көделі істі Түркістан қаласының 1500 (немесе 2000) жылдық мерейтойына орайластырып өткізуге де мүмкіндік бар. Эпостың сарынын жыр, ертегі түрінде сақтап қалған түркі халықтары мұндай жиынға шын ықпалмен қатысқан болар еді.

7. Оғыз эпосында Қорқыт атанын бата-тілек сөздерінің де тамаша үлгілері бар. «Дәде Қорқыт кітабындағы» мына жолдар қазақтың төл туындысындай естілетіні көп дәлелді керек ете қоймайды.

Қаратауларын құламысын!  
Көленкелі қаба ағашың кесілмесін!  
Күркіреп аққан суларын сарқылмасын!  
Қанаттарыңның ұшы қайрылмасын!  
Бойгеге жіберген ақбоз атын мүдірмесін!  
Қара болат қылышын мұқалмасын!  
Шашақты найзаң сыңбасын!  
Анаңның жатқан жері пейіш болсын!  
Бабаның жатқан жері жұмақ болсын!  
Хақ жандырған шырағың жана берсін!  
Төңірім қаражүрек қарақшыларға мұқтаж етпесін! (9)

Келтірілген тұжырымдар мен мысалдар оғыз, қазақ эпосының тамыры тереңде жатқанына, оларда халықтардың сан ғасырлық байланыстарының сырына қанықтыратын қазынаның мол екеніне зиялы жұртшылықтың көңілін аударар деп сенеміз.

#### Әдебиет:

- (1) Қорқыт ата кітабы. Қазақша аудармасы. Алматы, 1994.
- (2) Сонда, 16-бет.
- (3) Сонда, 15-бет.
- (4) Сонда, 20-бет.
- (5) Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. 1984, 144-бет.
- (6) Королы Х. Огузский героический эпос. М, 1976. 30-бет.
- (7) Едіге батыр. 1996, 93-бет.
- (8) Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. М-Л., 1974.
- (9) Қорқыт ата кітабы. 1994, 29-бет.

## «МАНАС» ЖЫРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТАҚЫРЫБЫ

Қырғыз ауыз әдебиетінің інжу-маржаны «Манас» жырындағы қызғылықты құбылыстардың бірі — қазақ эпостық жырларынан аты мәлім қаһармандардың аралас жүруі. Мәселен, Ер Көкше, Ер Қосай, Ер Төстік, Жаңбыршы, Кен Жанбай секілді есімдер осы айтылғанға дәлел. В.М.Жирмунский өзінің зерттеуінде осы жағдайға назар аударып, бірсыпыра қызықты пікір айтқан. Ол Манас батырдың қол астында түрлі рулардың, халықтардың өкілдері бірлескендігіне көңіл бөлген. Көрнекті ғалымның еңбегіндегі аса мәнді тұжырымның бірі — Манастың көршілес отырған жауларға шабуылы отан қорғаудың эпостық заңдылығына сәйкес туатынын көрсетуі (1).

Сонымен қатар В.М. Жирмунский Манастың бейнесі жаһангер жаулаушы болып қалыптасуына Орта Азия халықтарының Оғыз хан туралы аңыздары әсер етуі мүмкін деп қарайды (2). Бұл да ой тоқтатып өтерлік қызықты болжам... Ғалым Ер Көкшеге қатысты кейбір оқиғалық желілер, атап айтқанда Көкше мен Алмамбеттің кездесуі өз алдына дербес сюжеттей сезілетінін айтты; Қошайдың қаһармандық бейнесі де «Манас» жырына кейінірек қосылған деп қарайды (3). Бір жырдың қаһарманы екінші эпосқа кірігіп кетушілігі ауыз әдебиеті дәстүрінде кездесетін құбылыс. Манастың серіктерінің ішінде қараңғай Жаңбыршы, нөкерлерінің бірі болып Кен Жанбай (Радлов жазып алған нұсқада) жүруін зерттеуші қазақ-ноғай эпостық сарынымен байланысты туған деп есептейді; қалмақтың «Жөңгір» жырындағы бас батыр Қоңыр мен «Манастағы» қалмақ-қытай қаһарманы Қоңырбайдың аты үкәс келуін Жирмунский «кездейсоқ құбылыс емес, мұның екеуіне де тарихта өмір кешкен қалмақ нояны негіз болуы мүмкін», — дейді (4). Бірақ бұл қаһармандардың бәрі де өзінің тарихи немесе аңыздық топырағынан ауысып, қырғыз жырында эпостың бағдарына сәйкес жанаша ситуациялар үстінде өзгеше қызмет атқарғанын ескертеді; Манас пен Алпамыс аттарындағы

үндестіктерден де белгілі бір мағына іздейді (5). Қырғыз эпосының Орта Азия халықтарының әсіресе қазақтың эпикалық шығармашылығымен тығыз байланысты дамығаны атап өтілген.

Қырғыз эпосында аты аталатын Ер Төстік қазақ арасында ертек түрінде тараған. Халық ақыны Кенен Әзірбаевтың таңдамалылар кітабына енген «Бұрынғы өткен батырлар» деген аңыз дастанда Көкетай ханның інісі Төкетай баласына лайықты қалыңдық іздеп, күнбатыс пен күншығысты шарлағанда мініп жүрген аты Мәнікер делінсін. Қазақ эпосында Манаша деген батыр да бар. Бұл келтірілген қысқа деректер екі халықтың эпостық дәстүріндегі туыстықтың анық нышаны. Жетісу жерінде атақты жыршылар қазақ дастандарын жатқа айтумен қатар «Манасты» да жырлап келгені белгілі. Өзге мысалдарды айтпағанда, Кенен Әзірбаев мұрасындағы Көкетай мен Төкетай жайындағы аңыз осыны анық сипаттайды. Демек, қырғыз эпосына қазақ, ноғай жырларындағы қаһармандар аты қосылып отыратыны сияқты, қазақ эпостық репертуарына туысқан халықтың рухани қазынасынан да жекелеген сарындар ауысуы табиғи. Фольклордың басқа жанрларын айтпағанда, бір эпостың өзінің құрамында екі халыққа ортақ қызықты қабаттар жатқанын көреміз.

«Манаста» қазақ және басқа тілі, тегі, дәстүрі, тағдыры жақын халықтардың ынтымағы мен өзара байланыстылығы қаншалық көрінген деген мәселені жырдың Сағымбай Оразбақұлы айтқан аса құнды нұсқасы бойынша нақтылы сөз еткіміз келеді. Алдымен эпостың тікелей қазақ халқы туралы беретін дерегіне келейік. Жырдың көп тарауларында қазақ пен қырғыз бірге туған ел деген ұғым айтылып отырады. Қырғыз халқының басына қауіп-қатер төнгенде немесе той-жиындарда шақырылатын елдің ілкі кезегінде қазақ аталады. Эпоста халық тарихы мен санасы өзіндік өзгеше өлшеммен ірі жинақталатынын ескерсек, мұндай күштіліктің терең шындықтан туатынына көз жеткізуге болады. Эпикалық шығармада халықтар арасындағы қарым-қатынастың хронологиялық тізбегі емес, жалпы мәні, екшелген ақиқаты, бағыты мен сипаты негізгі орынға шығады. Қазақ пен қырғыз халқының ұзын тарихтың бұралаң жолдарында көбінесе тағдырлас, ұрандас болып жүргенін есте тұтсақ, дастан сол сансыз оқиғалардың саналық түйінін сөйлейді. Манас туғанда Жұмырт той қамына кірісіп, ел шақырғанда, басқа көп жұрттармен қатар бірталай қазақ руларын тізіп айтады.

Қабырға тұрған қыпшақ бар,  
Қасыма жып алайып.  
Алпын, үйсін, найманды,  
Айтайын тойға баруды.

(Манас. 1-кітап, 74-бет\*)

Қазақтың ру аттарын ғана емес, жер атауларын да, жайлаған қонысының аймағы мен шекарасын да жыр елестетіп отырады.

Іле менен Шуына,  
Хабарымды ұққаңдар.  
Қалмасын, — делі, — үйінде,  
Турасы Ертіс су болсын,  
Аяғы Орал тау болсын... (1,75)

Эпоста әр заманның шындығы елес беретіні, оның көп стадиялы болатыны белгілі. Сол секілді «Манаста» да сонау көне дәуірлердің мифтік, аңыздық сарындарымен қатар бергі ғасырлардың да шындығы көрініс береді. Айтушы жыршылар дастанның ұлы желісіне жол-жөнекей ұдайы өзгерістер, жаңаша шешімдер кірістіріп отыратыны көміл. Бірақ осындай қосымшалардың өзі эпостық санада қорытылған, шығарма бойына сыйымды, халық ұғымына жанасымды ақиқат болады. Қырғыз жомоқшысы өзінің жырында қазақ руларын, жер аттарын кірістіруі дастапшың шалқыған әсірелеуге толы кестесіне үйлеседі. Манастың туғанына арналған той кезіндегі палуан күресте қазақ батыры жығып, мерейлі болғаны көрсетіледі.

Қазақтың Қаллар бөкесі,  
Қарсы алдына барғаны.  
Қармасқан жерден ер Қалдар,  
Қаптай қамтып алғаны,  
Қалдайтып барып қалмақты,  
Қара жерге салғаны.  
Ашырандап көп қазақ,  
Айғайласып қалғаны.  
Алты жылқы, бір түйені,  
Бөйгесіне алғаны (1,79).

Жыр қазақтың тағы да бір батырын мадақ етеді:

\* Бұдан былайғы сілтеме сандардың алғашқысы «Манас» жырының томын, соңғысы бетін көрсетеді.

Арғы атасы Барақ хан,  
Өз атасы Камбар хан,  
Қазақтап шықты мықты жап,  
Өзінің аты Айдархан,  
Айдархан шықты ақырып,  
Айбаттанып бақырып... (1,80)

Кейде қырғызға бауырлас, ниеттес елдер қатарласа айтылады («қазақ, қырғыз, өзбек, қазақта туған өзі деп», «қазақ, қырғыз, катаған, бәріміз бір атадан»). Той, жиындарға қытай, қалмақтар да келгенімен, оларға берілетін мінездеме басқарақ болады. Жакып аулын жау шабатын сыңайын білгенде алыс-жақындағы ағайып елдерге хабар жіберіледі. Сонда Жакыптың аузына алдымен қазақ бауырлары түседі.

Сәлем айтқын осыған,  
Қарабек қазақ бігіне,  
Қазақ, қырғыз бір туған.  
Қалмақ қамал жатқанда,  
Қайтып жатад үйінде.  
Найманның Шора батырға айт,  
Сөзкеден қалмай жылдам қайт.  
Қонырат Байбақ көріге айт,  
Айдархан деген тың бала,  
Тек өзіне тиіс айт (1,128).

Жакыптың шақыруы бос кетпейді, көп күттірмей қазақ қолы да жетеді. Бұл оқиға жырда төмендегіше сипатталады:

Камбардың ұлы Айдархан,  
Қырық алты жүз қолменен,  
Байрақтары желбіреп,  
Қайқаннан шыға қалғаны.  
Оны көріп бай Жакып,  
Жедел жүре көргін деп,  
Айғайды өзін салғаны.  
Мұны көріп олар да  
Ат қойып жүріп қалғаны (1,145).

Бір атап өтерлік мәселе — Жакып кейде қырғыз делінсе, екінші жерде ноғай болып есептеледі. Оған жәрдемге келген қырғыздар көп ағайынның қатарында аталады. Ал «қазақ» деген атау да екінші бірінде-ақ осы халықтың құрамындағы белгілі көне рулармен деңгейлес мағынада айтыла береді.

Кызыр шалган Жақыптың,  
Кызметін көрген кыргыз бар,  
Аркасы тиген найман бар,  
Консылас жүрген коңырат,  
Үйірлсс жүрген үйсін бар,  
Араласқан алпын бар... (1,145)

Жырдың «көпқабаттылығына» жаркын мысалдың бір саласы осы тұстан көрінгендей. Осында аталған найман, коңырат, үйсін т.б. бір заматта өз алдына дербес елдер болғаны мәлім. Бұлардың «қазақ» деген хандық қол астына бірігуі кейінірек. Эпос өз тарапынан осы бір ақиқатты еске салып отыр. Аталған рулардың жеке-дара бірлестіктер санатында жүрген кезі мен қазақ мемлекеттігі құрамына енуінің арасында жүздеген жылдар жатыр. Мәселен, Шыңғысхан күнбатысқа шабуылға шығардан бұрын Орталық Азияда тәуелсіз тайпалар болып жүрген керей, найман, коңыраттарды бағындырып алған. Қазақ құрамына енген ежелгі рулардың кейбіреулері қырғыз құрамында да жүргені мәлім. Міне, дастан тарихтың тереңіне кететін осындай аралас-құраластықты тек өзіне ғана тән батыл еркіндікпен қайта елестеткендей. Жыр тарих ізін шежірелемегенімен, оның ұлы сарынынан «адаспайтын» даналығы осы ретте де көрінеді.

Қырғыздың жауы Нескараға қарсы аттанысқа да қазақ қатысады. Бұл оқиғаны да жыр сендіре, төндіре баяндайды.

Қырық жігіттің басы екен,  
Он алтыда жасы екен,  
Көкше деген баласы,  
Айдарханның салдырған,  
Ақкала деген қаласы,  
Аты Көкше қойылған,  
Айбатын көрген адамның  
Көрсө көзі тойышқан.  
Әлімсігіт дегені,  
Алдына бастап алыпты,  
«Көкше деген менмін» деп,  
Сен көпсініп қайдан келдің» деп,  
Жеке, жеке, жеке деп,  
Жекеге шығып тұрыпты  
Оған жеке келе алмай,  
Қытайды құдай ұрыпты,  
Қамалып қарал тұрыпты... (1,200)

Қазақ батырларынан Манас жорықтарына көбірек араласатын Көкше. Оны суреттеуде эпостық жыршы бір ізбен жүріп

отырмайды. Көкше көп ретте нағыз ер, Манастың жанашыр досы сипатында көрінеді. Сонымен қатар оның Манаспен тіл табыспай қалатын сәттері де айтылып отырады. Бұл оның өз еркіндігін жойғысы келмегендігінен, кейде бакталастығынан туатыны сезіріледі. Өзара, ел ішіндегі істерде Манаспен кейде қиғаш келіп қала беретін Көкше ортақ мүддеге келгенде әрқашан бірлік табады. Қалайда бұлардың арасындағы қарым-қатынаста екі халықтың мүдделестігін түсіну басым жататыны сезіледі. Көкше Манасқа талай рет көмекке келсе, Манас та оны қаншама қауіп-қатерден құтқарады. Әрине, жырда Манасты өзіне талай рет тар кезеңде серік болған түрлі ел өкілдерінің бәрінен жоғары көрсету, олардың барлығын қырғыз батырына бағынышты етіп көрсету сарыны анық байқалады. Мұндай тұстарды зерттеуші С.Мұсаев «шектен шығып кетушілік» деп сипаттайды (6). Әрине, «Манасты» көп зерттеген ғалымның бұл сөзінде жан бар. Мәселен, Көкше батырды төмендетіп, кейде қызғаншақ, іші тар етіп бейнелейтін тұстар да кездесіп отырады. Бірақ бұл арада эпостық аңыздың өз заңдылығымен есептеспей болмайды. Манас — жазба шығарманың типтендірілген тұлғасы болса, оған реалистік әдебиеттің талабын қойып, дәлелдемесі жетпейтін жерлерін көрсетуге болар еді. Жырдағы Манас бейнесі халықтың «осындай ер болса екен» деген аңсарына лайық жасалған ғой. Ал идеалдық бейне кішігірім пенделік міндерден құлантаза, «жоғары» тұратыны ежелден мәлім. Халықтың арман, үмітінен жаралған Манас бойынан өзгелерде болатын «кемшілік» кездеспейтіні осыдан. Жауларды ғана емес, одақтас, ынтымақтас болып жүрген, сан рет мақталған Көкшені де кейде «құлдыратып» жіберушілік эпостың әсірелегіш табиғатына қатысты деп білеміз. Бұл арада «Манастағы» Көкшені қазақтың белгілі бір ханы деп қарауда, «Ер Көкше» жырымен тікелей салыстыру да шындыққа жеткізбек емес, қырғыз жырындағы Көкшенің қазақ эпосындағы қаһарманмен аты ұқсас келгенімен, «заты» баска екенін айыру қиынға соқпайды. Әрине, эпостық оқиғалардың түбірінде қандай да болмасын тарихи негіз жатуы мүмкін. Дегенмен ондай аңыз әңгімелердің ескісі де, жанасы да эпостың ауқымына түскен сон, оның заңдылығына сөйкес қайта «қорытылады» да, алғашқы соқпақ іздер ұмытылады, қаһармандар бейнесі жаңаша жасалады.

Қалай дегенде де «Манаста» бүкіл түркі тілдес ағайын халықтар ішінде қазақ пен қырғыздың етене жақындығы, тағдырластығы мейлінше табиғи, нанымды қалпында көрінеді. Елдің бо-

лашағын ойласатын ірі әнгіменің көбінде осы екі халықтың игі жақсылары бірлесе ақылдасалы. Жаулардың тегеурінінен сескеніп, Жақып Алтайдан Әндіжанға көшуді ойлағанда да қазақ, қырғыз қауымына қарата сөйлейді.

Қырғыз, қазақ отырсын,  
Андап жауап беріндер,  
Айтып тұрған сөзіме (11,14).

Алтайдан көшу бейбіт сапар болмайтынын сезген Манас қол жинайды. Сол қалың әскердің ішінде қазақ қосындары тым қомақты болады.

Қазақтан шеру алғаны,  
Айтқан күні дүйсенбі,  
Алты жүз мың қол болып,  
Айдархан бастап барғаны.  
Желегі тудан бөлінбей,  
Жердің жүзі көрінбей,  
Асаба тудан бөлінбей,  
Алтайдың бойы көрінбей,  
Найзаның ұшы жылтылдап,  
Жер ойылып былқылдап,  
Желегі алтын ту болды,  
Жер жарылған шу болды,  
Жеке Манас түстенгіп,  
Осы келген көп қолды,  
Алтайдың ара даласы  
Әскерменен жық толды (11,31).

Кейде той, жиын кезінде бәсеке жарыстарда көбінесе жау саналып жүретін қалмақтар қазақтармен бір жақ болып та көрінетін жерлер бар. Мұның да себебін түсіну қиын емес. Көрші жатқан елдер болған соң, бұл халықтардың кейде араз, кейде тату тұратын шақтары да аралас жүреді. Мәселен, Тейіш ханның тойында қазақ пен қалмақ, қырғыз бен сарт екі топ болып жіктеледі. Бірақ мұндай уақытша ынтымақ кездері тым сирек болғанға ұқсайды. Ел тағдыры таразыға түсетін қауіпті, алмағайып шақтарда қырғыз, қазақ бір тудың астына бірігіп кете береді. Манастың маңындағы топта түрлі ру, бірлестік, халық өкілдері ұдайы бас құрайды. Солардың қатарында алтайлықтар, арғын Қарақожа, найман, дулат адамдары, тарақты Тана би, Тарғыл (Тарғын) атты қария, абақ Айдархан, оқшы Қаракесек, қырғыздан Саламат, қыпшақтан Таз шешен, ноғай Бакай, нойғұт Шуақ, қарақал-

пақ Бердіке, өзбек Дамбылда, қанғай Бердіке, манжу Мәжік, қытай Байқап, шымыр Баубек тәрізділер болады (11,68).

Орталық Азияны мекен еткен түркі халықтарының ежелгі жауы қытай хандары болғаны мәлім. Сонау VI — VIII ғасырларда өмір кешкен Түрік қағанатының тәуелсіздік үшін қытайлармен ұдайы күрес жүргізгені тасқа қашалып жазылған жазулардан да белгілі. «Манас» жырында қытаймен тайталас бір қырғыз емес, жалпы түркі халықтарының ортақ мақсаты болғаны да жиі ескертіледі. Бұл да тарихи дәуірлердің ел санасында қалған жаңғырығы деуге болады. Түрік қағанаты секілді бірлестіктер құрамында сан түрлі рулар жүрген. Олардың жеке-жеке халықтар ауқымына сініп, бөлінуі кейінгі ғасырлар үлесіне тиеді. Жырда жиі айтылатып қыпшақ, найман, қонырат, үйсін бір кезде қырғыз деген атауға барабар қатарлас этностар. Бұл және басқа рулар бертінде бір емес, бірнеше халықтың құрамына қосылған. Мәселен, қыпшақ тек қазақ, қырғыз, алтай халықтарының ғана емес, өзбек, қарақалпақ, ноғай, құмық, башқұрт елдерінің де ішінде бар. Басқа үлкен көне рулар мен тайпалар да солай.

«Манас» дастанында осы секілді тайпалардың екінін бірінде-ақ тізбектеліп айтылып отыратыны кездейсоқ болмауға тиіс. Ол ерте кезде түркі руларының дербес күн кешіп, бір-бірімен қанаттас жатқан кезінің елесі тәрізді өсер қалдырады. Мұны кейінгі жыршылар өдейі қолдан қосқан дегенге көңіл иланбайды. XII ғасырдың бағалы жазба ескерткіші «Диуан лұғат ат-түрікте» сол кезде өз алдына жеке халық саналып жүрген елдер көрсетілген. Солардың ішінде қырғыз бен қыпшақ та аталады. Манас маңына жиналатын әрбір рудың батырлары мен көсемдері жалпы түркілік мұрат үшін күресетін болуы олардың мүддесі ортақтықтан шығады. Көрінісінде Қытай сынды қуатты ел отырғанда селдіреп, көшпенді тірлік ететін түрік рулары бірлесе қимылдамаса, жоқ болып кететінін жақсы түсінген. Ұзын тарихтың бойында көшпенділердің бір-бірімен алауыздығы, басшыларының бақталастығы сан рет опық жегізген. Тасқа жазылған Күлтегін, Тоныкөк атына байланысты тарих осындай өкінішті сырларды ашық баяндаған. Ендеше, тарихи тәжірибенің тек шежіреде ғана қалмай, жыр, аңыз түрінде де көрініс беруі таңқаларлық емес. М.Әуезов жырдың генезисін, түрлі қабағтарын, тарихи оқиғалармен байланыс дәрежесін анықтау үшін, «Манастың» мәтінін ертедегі жазулармен және қырғыздардың күні кешеге дейін сақталып келген тұрмыс-салт жырларымен салыстыра отырып зерттеу қажет»

(7) деп атап көрсеткен. Ол Түрік қағанаты кезінің тарихи шежіресі тасқа жазылып қалғанда сол немесе соған ұқсас оқиғалардың жұрнағы халықтың жалында аңыз, жыр, тұрмыс-салт өлеңдері, жоктау, ерлерді мадақтау түрінде сақталмауы мүмкін емес деген дәйекті тұжырым жасайды.

«Манас» жыры — кез келген классикалық эпос тәрізді көп заманның, түрлі наным, сенімдердің, талай дәуірдің шындығын өзгеше сыйымды жинақтай алған туындылардың бірі. Жырдың қайта түлеп, жанғыра көрсеюіне жоңғарлардың шапқыншылық оқиғасы себепкер болғанын зерттеушілер көптен аңғарған. Сонымен қатар эпоста қырғыз халқының одан көп бұрынғы эпикалық дәстүрінің ізі де байқалатыны анық. Соның бір көрінісі — қырғыздардың қоныстас, мүдделес түркі халықтарымен, бірінші кезекте казак халқының құрамына кейінірек кірген, VII — VIII ғасырларда-ақ жекке ел, мемлекет сыпатында жүрген ірі тайпалармен бейбіт күнде тату ағайын, соғыс кездерінде одақтас болып бір қосылып, бір ыдырап отырған шағының ақиқатының елес беруінде жатыр. Жалпы түркі елдерінің ортақ мұқтажын түсініп, сыртқы жаулармен айқасқа шығуын, осы жолда жеңіске жетуін көрсетуі жырдың аса мықты идеяларының бірі. Ерте заманның жыршысы неге қырғыз, казак, ноғай, өзбек, каракалпак, алтайлық бірлігін серігінді түрде толғаған деп таңырқаудың ешбір негізі жоқ. Тіпті қайсыбір кезеңде ондай бірлік болмағандығының өзі эпостың нұрлы мұратын теріске шығара алмайды.

Эпос — болғанның көшірмесі емес, болуға тиісті арман, үміт, құбылыстарды, тарихи оқиғаларды халықтың өзінше түсініп, бағалауының көрсеткіші. Жырдың қаһарманы «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын болуы» бір қарағанда нанымсыз секілденгенмен, халық осындай алыптардың болуына арман еткен. Сондай-ақ қырғызға тілі де, діні де, тегі де туыс елдер өкілдері жырда Манас төңірегінде шоғырланып жүрсе, ол да замандар бойында ыдыранқылықтан, бірлестік аздықтан, түсініспестіктен сап рет арандап, опық жеген түркі халықтарының қуатты бірлігін қажет еткендікке де байланысты болар. Қалай болған күнде де бүгінде ынтымақ туы астында бір бағытта күш біріктіріп, өзара қалын қарым-қатынас жасап, алдына биік, нұрлы мұрат қойған, түбі бірге казак, қырғыз, өзбек секілді туысқан ұлттардың көне кезеңдердегі достыққа, бірлікке жасаған қадамын көрсетуі «Манас» жырының мәнін арттыра түсетін тұстарының бірі. Туыс ұлттар жарастығының тамырлары анық, дерегі көп, тілектестігі түйі-

сетін сәттері ертеде де мол болғанын халық даналығы өзі күәлендіріп отырса, бұған тек мақтаныш сезіммен карау керек. Фольклордың нағыз демократиялық сипатының бір көрінісі осы болар. Ресми тарихтарда жазылып қалмағанды ауыз әдебиеті шығармалары өзіне ғана тән көркемдік тәсілмен анықтай алады дейтін А.М.Горький пікірі қаншалық терең екенін қырғыз эпосы «Манас» жарқыратып дәлелдей алады. Жыр өзінің қаншама құнды қасиеттерінің үстіне казак пен қырғыз халықтарының эпикалық дәуірдегі ұлы ынтымағынан қымбатты мағлұмат бере алатындығымен де елеулі дейтініміз осыдан. Әсіресе казактың көптеген көркемдігі кемел жырларымен («Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Шора батыр», «Ер Сайын» т.б.) «Манастың» бір эпостық дәстүр арнасында туғандығының өзі бұл жырды Орта Азия халықтарының, соның ішінде казак халқының сүйікті мұрасы қатарына қояды. Төңкерістен бұрып казак ақындары мен жыршылары «Манасты» өз репертуарына қосып, халық арасына кең таратып келгендігінің өзі мағынасы терең құбылыс еді. «Манасты» өткен ғасырда алғаш рет зерттеуші Ш.Уәлиханов, кенес заманында терең тексерген М.Әуезов, Ә.Марғұландар болуы кездейсоқ емес.

«Манас» жырының түрлі замандар шындығынан елес беретін «көпқабаттылығы» зерттеу еңбектерде ескертіліп отырады. Мұнда адамдардың өте ертедегі мифтік ұғымдары да, түрік қағанаты, карахандар билеушілігі, ноғайлы дәуірі, одан кейінгі қалмақ-жоңғар шабуылдары кезеңіндегі оқиғалардың жаңғырығы байқалатыны атап өтілген. Тіпті эпоста XIX ғасырда болып өткен тарихи оқиғалардың да іздері аңғарылады. Жырда қырғыз халқына жырақ жатқан сан жұрттың да аттары аталып отырады. Кейбір тұстарда айтушы орыс пен неміс халықтарының да атын ауызға алады. Бұдан XX ғасырдың бас кезіне дейін қырғыздың нағыз «эпикалық аудан» болғанын да анық көреміз. Жыршылар өздері түсінген, халық тағдырына қатысы бар мәселенің көбін өз талғамынан өткізіп, эпостық ауқымға сыйғызып отырған. «Манастағы» түрлі стадиялық қабаттар туралы да арнаулы зерттеулер жасалуға тиіс.

«Манастың» 1856 жылы Шоқан Уәлиханов жазып алған үзіндісінің тарихын әңгімелеу үстінде академик Ә.Марғұлан жырдағы көне сарындарды кең баяндаған. «Көкстайдың асы» суреттелетін бөлімге арнайы тоқтала келіп, ғалым мұндағы салт, ырымдардың көбі ертедегі ғұндар дәуірінен бері жалғасып келе жатқандығын дәлелдеген. «Патриархат қауымның әлеуметтік түр-

мысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты дәстүрлері: қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп, той жасау — бәрі бұрынғы көшпелі сак, гүл, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралар» (8). Дәл осындай әдет-ғұрып бейнеленетін тұстарда халықтың ең байырғы наным, сенімдері, ежелден келе жатқан дәстүрлері тамаша жырланғанын көреміз. Көкөтайдың өлер шағына жеткенде жалғыз ұлы Бөкмұрынға айтқан өсиеті көшпелі халықтардың замандар бойындағы салт-санасынан хабар береді. Алыс, жақын елдерге өлім хабарын білдірудің өзі тұрақты дәстүр болғаны білінеді. Көкөтай баласының жастығын, ақылы толмағандығын ескеріп, өсиет сөздерін жақын туысы Баймырзаға тапсырады. Осы әңгімеден кезінде айналадағы өлем туралы өте ерте кездегі түсініктер сезіледі. Көкөтай Баймырзаға өлімді жөнелтуге шақырылмайтын жұрттарды сипаттаған тұста қиял-ғажайыптық, зооморфтық жан иелерін атап өтеді.

Мандайда бар көздері,  
Босып жүрген айуандай,  
Мылқаудап жаман сөздері.  
Байқап адам түсінбес,  
Балдырлаған сөздері.  
Адам десеп аюандай,  
Дико мәннен перінің  
Арасының ұрығы... (111,12)

Бұл мифтік, ертегілік ескі кабаттар нағыз өмірдің анық суреттерімен қатарласып берілгені қайрап қалдырады. Ендігі бір елдің ұсқыны төмендегіше болып келеді:

Ергежейлі, италы,  
Қатыны адам, еркегі ит,  
Хабарын ұқтым мен оның  
Оларға хабар салмасын,  
Зор бейнетке қоймасын  
Қара қырғыз баласын (111,14).

Аяғы адамдай бөлінген,  
Басы балық көрінген,  
Баяндас деген бірі бар... (111,15)

Көкөтайдың жайлаған, қоныс еткен жерлері Орта Азияның кең алқабы болып сипатталуы да ересеп эпостық әсірелеу болып табылады. («Жеті жүз мың жылқысы, жеті жүз екен жылқышы»).

Асқа арпалып тігілетін үй жүз мың делінеді. «Токсап мың жігіт жидырып, таудан ағаш қидырып» деу де шарықтаған эпостық қиял жемісі. Осылардың бәрінен жыршының, айтушының, тыңдаушының байырғы дүниесі туралы түсінігі танылады. Жыршы қандай мәселені айтса да, шегіне жеткізіп, сондай болғанына өзі имандай сеніп сөйлейді. Эпостық орташын күдіреті деген, міне осыдан да көрінсе керек. Көкөтай байдың жер-жаһанды жалғыз өзі жайлағандай суреттелуі оны мифтік дәуірдің жеке-дара ілкі адамдарына да ұқсатып жібереді. Нақтылы адам туралы сөз бола отырса да, мұндағы қаһарман «қалыбы» көне ұғымдармен жалғасып жатыр.

Өлік шыққан, қаралы үйге ағайын, туғандары атпен шауып келіп, айқайлап, өкіріп жылағанын суреттеу де кәліммен қалған ғадет болып көрінеді.

Бөкмұрын боздап бұрқырап,  
Қалың қырғыз ұрығы,  
Шапқыласып шұрқырап,  
Манас келіп қалыпты,  
Барлық жұрт айқай салыпты,  
Қазақ, қырғыз халқына,  
Өкірудің өлеті,  
Өткендерден қалыпты.

Осы көріністің өзі жырдың көне қатпарынан хабар бергендей Қаралы үйге алыстан жылап келіп көрісу тарихи дәуірдің терең алыстарына апарды. Мұндай салттың ежелгі ғұндарда да болғанын түрлі зерттеулер куәлендіре алады. Тіпті мұндай көріністі немістің «Нибелунг туралы жыр»ынан да» байқауға болады. Осы жырда Аттиланың өлімін естіп, ғұндардың алыстан ат қойып, күнірене жылап келгені бейнеленген. Демек, біздің заманымыздың бастапқы ғасырларында бұл мөресім көшпенділер арасында орын алғаны шәксіз. Ө.Марғұлап өзінің «Манас» туралы зерттеуінде жырдағы көптеген тұрмыс-салт дәстүрлерінің исламнан көп бұрынғы ғұрыптар екенін нақтылы мысалдармен тұжырымдаған. Батырлардың анттасқанда «түсі түкті жер ұрсып, төбесі ашық күн ұрсын» деп қарғануының өзінен жерге, көкке табынудың ізі байқалатынын ғалым жақсы аңғарған. Ислам шарттары бойынша «жабық» әдеттердің біразы «Манаста» көрініс беруі де жырдың ежелгі бедерін байқатпақ.

Мұнда бөйге суретінің өзі жеке бір дастандай кен де келісті өрнектелген. Жүйрік аттар шабысын бір-бірінен асыра сипаттау

жырдың әсем айшықты жерлерінен саналады. Бәйгеге қосылған жүйріктің бірі Шалқұйрық жердің астына түсіп шыққан ат болып көрінеді. Бұл арадан да дүниенің құрылысы үш кат әлемнен тұрады деп есептеген мифтік дәуір түсінігі қылаң береді. Міне, бұл және басқа белгілер «Манастың» ғасырлар бойында қаншама жаңғырып, құлпырып жырланғанымен, ертедегі ескі сананың да соқпағын сақтай алғаны ғажайып қасиеті болып табылады.

Ә.Марғұлан «Манастағы» соғыс суреттерінен де көнелік қабаттарын көбірек көреді. «Ежелгі ғұндардың ерлік өмірін еске түсіретін тарихи бейненің бірі сол заманда қолданылған соғыс әдістері. Бұл — «Манас» жырында әдемі, өзінің дәстүрлі түрінде кездеседі. Әскерді он қол, сол қолға бөлу де солардан басталған... Тарихтың барлауына, ғұндар соғыста бірыңғай боз ат, не баран ат пайдаланған. Жауға ылғи ай жарық күндері боз атпен ай астынан тиіп, күндіз күн жағынан тиіп болған. Міне, осы әскері әдіс — Манастың ерекше қолданған әдісі» (9). Бұған ғалым «Манастың» Ш.Уәлиханов жазып алған нұсқасынан мысал келтіреді («ай жағынан тиген дейді, қайтадан сүрен салған дейді, күн жағынан тиген дейді, күнде сүрен салған дейді»).

Қаншама жойқып өсірелеулері бола тұрса да, «Манас» жырының оқиғалары шындық өмірдің елесіндей әсер етеді. Манастың туғанынан өлгеніне дейінгі алуан оқиғаларды, сан түрлі қайырымдарды, көп елдің тарихи дәуірдегі аралас-құраластығын, қырғыз еліндегі ішкі қайшылықтарды, шетелдік жаулардың басқыншылығына қарсы үздіксіз сұрапыл соғыстарды, елдің тұрмыстық-салттық дәстүрін шалқыта баяндаған жыр шынында да Шоқан Уәлиханов дәл анықтағанындай қырғыз халқының көркемдік энциклопедиясы болып табылады.

#### Әдебиет:

- (1) Тюркский героический эпос. — Л., 1974. 49-б.
- (2) Көрсетілген кітап. — 50-б.
- (3) Көрсетілген кітап. — 65-б.
- (4) Көрсетілген кітап. — 77-б.
- (5) Сонда. — 78-б.
- (6) Манас. 7-кітап. 1978. — 292-б.
- (7) Әуезов М. Уақыт және әдебиет. — Алматы, 1962. 213-б.
- (8) Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». 1971. 36-б.
- (9) Сонда. Шоқан және «Манас». — 94-95 бб.

## КӨНЕ ЗАМАН КУӘЛІКТЕРІ

Ауыз әдебиетіне арналған еңбектерде көне эпостың сипаты жөнінде айтылған ойлар мол. Академик Ә.Марғұлан қазақ жырларын сталиялық жағынан жүйелеген зерттеулерінде атам замандағы (архаикалық) эпосты жеке қарастыруды ұсынып келгені белгілі. Ал білікті фольклоршы Ә.Қоныратбаев: «Эпосты кенжелету, оны зерттеуден шет қалдыру лайықсыз» (1) деп табады. Бұл пікірдің жаны бар. Өйткені қазақ фольклоршылары көне эпосты зерттеуге бара қойған жоқ, ал талданған жырлардан бергі дәуірдің ғана шындығын іздеу басым. Кейде көне эпос туралы сөз бола қалса, «ерте кезде туған» деген жалпылама анықтамамен өте шығушылық орын тепті.

М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықов та өздерінің бірлесіп жазған еңбегінде қадим замандар эпосының кейбір ерекшеліктерін атап өткен. Бұлар көне эпоста: «...ертедегі адамдардың ру тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, шаруашылық жайлары, бақташылық, аңшылық кәсібі, дүние танудағы көзқарасы, наным-сенім ұғымдары мифтік-фантастикалық негізде суреттелген» — (2) деп тұжырымдайды.

Архаикалық эпостың жанрлық сипаттары жөнінде орыс фольклоршылары кең зерттеулер жүргізген. Олар орыс ауыз әдебиетінің және славян фольклорының шығармаларына нақтылы талдау, салыстыру нәтижесінде көне эпосқа тән белгілерді екішеп көрсеткен.

Б.Н.Путилов орыс және оңтүстік славян эпосындағы архаикалық элементтердің көрінісін жүйелі тексеріп шыққан. Ол эпостық аңыздардың көне кезеңіне тән нышандар деп қиял-ғажайыптың эпоста орын алуын; үш кат әлем туралы түсінік орын тебуін; мифтік дәуір, ілкі адамдар (культурные герои) жағдайы сөз болуын; құбыжық, аждаһалардың бейнесі берілуін; табиғаттың сиқырлы күштеріне табынушылықтың көрінуін айтады (3).

Эпостағы архаикалық элементтерді іздестіру жеке өзіндік мақсаттан тұмайды. Ол эпостың әрбір кезеңіне тән тарихи шын-

дықтың елестеу дәрежесін пайымдау үшін қажет. Архаикалық эпостың дәстүрі уақыт өте келе қаншалық өзгерістерге ұшырайтынын анықтау да күрделі мәселе. Қаһармандық идеал мен адамдардың тарихи түсінігіне орай көне эпос оқиғалары жаңа сипаттарға көшетіні заңдылық ескілді нәрсе. Эпостың жанрлық түрлерінің бәрінен де түрлі тарихи дәуірлердің ұғым өлшемдері қатарласа келуі табиғи...

Б.Н.Путилов архаикалық эпос жайындағы еңбектерді шола отырып, нақтылы қорытындыларға келеді. Ол мифологиялық эпос, батырлық ертегі, мемлекет пайда болғанға дейінгі (догосударственный) эпос алғашқы қауым жемісі деп біледі; ілкі адамдар — «мәдени қаһармандар» әрекетінің көрсетілуі, одан соң батырлық жорық, ерлікпен үйлену, аждаһалармен арпалысу, рулық кек — осының бәрі архаикалық аңыздардың мазмұнын құрайтынын көрсетеді. Эпикалық ғажайып пен эпикалық қиялдың қосындысынан туған архаикалық эпос адамдардың алғашқы ұжымдық тәжірибесін ғана емес, түрлі түсінігін де аңғарта алады. Бүгінгілер үшін нанымсыз көрінетін құбылыстар көне қауым өкілінің тұрмыс-салт, сана нормасы еді...

Архаикалық және қаһармандық эпостың бір-бірімен жалғастығы да, айырмашылығы да болады. «...Героический эпос классического типа возникает путем преобразования, переработки и развития традиций архаической эпика, которая «умирает» в эпохе героическом, оставляет свои многочисленные следы. Классический эпос «наследует» архаическую эпическую сюжетику, трансформируя ее в соответствии с новыми идеалами и новыми принципами историзма. То же самое касается и эпических персонажей, эпического фона. Классический эпос «наследует» и художественные законы и специфику, подвергая и то и другое переработке. Поэтому в памятниках героического эпоса разных народов мы находим сюжеты о змеборстве, о борьбе с чудовищами, о сватовстве, которые теперь приобретают иной смысл, наполняются новым историческим содержанием, но не утрачивают своих традиционных связей» (4).

Мұндай эпоста оқиғалардың хронологиясы немесе белгілі өмірде анық болған істер жаңғыртыла көрсетілуі шарт емес. Эпос ондай оқиғаларды өзінше «қорытады», өзінше қалыптастырады, қаһармандар құрамын да өз түсінігінше өзгертеді. Эпостық туындыда халық күші жеңілуді білмейді, тарихи оқиғалар мен эпи-

калық жинақтау белгілі дәрежеде алшақ кетеді. Өмір шындығы эпос тігісіне айы, жылы аталып кірмейді, тұрақты тип түрінде жаңғыра қосылады. Мұндай көркемдеу типінің беріктігі соншалық, эпостың структуралық-сюжеттік денесіне кейінгі ірі оқиғалардың өзі сіңе бермейді...

Көне эпос белгілерін анықтауға қажет күрделі ойлар В.М.Жирмунский еңбектерінен мол ұшырайды. Ол түркі-моңғол халықтары эпостық аңыздарының кең көлемде салыстыра қарап, бірталай заңдылықтарды атап көрсеткен. Әсіресе ғалымның «ескі миф, аңыздардан классикалық эпосқа өтс жолдағы бір шығармашылық асу — батырлық ертегілер» (5) деп тұжырымдауы ой саларлық.

Көне эпостың шығу тамырларын арнайы тексерген ғалымдардың бірі — Е.М.Мелетинский. Ол өзінің еңбегінде карель-фин эпикалық руналарына, солтүстік кавказ халықтарының нарттық аңыздарына, грузин, армян эпосына жеке-жеке тоқталып, қызғылықты ойлар қорытқан. Мәселен, ол «Калевалагың» қаһарманы Вяйнямейненнің көне негізі ілкі адам (культурный герой) туралы түсінікке апаратынын айтады; нарттық эпоста анаеркі (матриархат) дәуірінің элементтері айқын сезілетінін ескертеді, сондай-ақ, «Амиранидің» көнелігі мұнда анаеркі, атаеркі (патриархат), аңшылық салттарының көрініс беруінен байқалады деп түйеді. «Сасундық Давид» эпосында Бағдасар мен Сатасардың әкесіз делінуі де матриархаттық тәртіптің нәтижесі екеніне күмән келтірмейді (6).

Түркі-моңғол халықтарының батырлық жырлары ішінен ең көне сипаттар якут олонхоларынан табылатынына Е.М.Мелетинский ерекше назар аударған. Адамға жат күштер ретінде аждаһалардың, албастылардың (абаасы) жиі кездесуі, ұнамды қаһармандар айы слінің (орталық өлемнің) өкілдері болып есептелуі, үш қат дүниенің тіршілігі өзгеше деп түсіндіруі, әлемдегі алғашқы жан иесі — Эр Соготох болып елестеуі, мұның бәрі якут олонхоларында мифтік ұғымдардың үстем болып келетіндігінің белгісі. Бурят эпостық аңыздарында да осыған ұқсас жайттар ұшырайтынын зерттеушілер атап көрсеткен. Сондай-ақ Алтай жырларында батырлық ертегілік сарын басым екендігі дәлелденген.

Мифтен ертегіге, эпосқа дейінгі өзгерістердің заңдылығын анықтаудың түрлі деңгейлері бар. Сібірдің түркі-моңғол халықтары эпосы бұл жөнінде көп сауалдың шешімін табуға мүмкіндік

береді. Мұнда эпикалық аңыздар екінің бірінде-ақ мифтік-ертегілік сипатта кездесіп отыруы ол дәстүрдің белгілі тарихи оқиғалардан бұрын қалыптасып болғандығынан. Кейде архаикалық, әлеуметтік желілер араласып келетін кездер де сирек емес. Жалпы алғанда, Сібір халықтарының жырларында не мифологиялық, не ертегілік сарын көбірек байқалуы олардың стадиялық жағынан көне құбылыс екендігін көміл анықтайды.

Эпосты стадиялық жағынан жіктеу жөнінде фольклоршылар көп ізденістер жүргізіп, тұрақты тұжырымдарға келген. Мәселен, Ю.И.Смирнов эпостық шығармалар типін мифологиялық, ертегілік, анық эпостық, тарихи, діни-аңыздық (христиандық) деп бес топқа бөледі (7). Ол мифологиялық деңгей эпостық шығармашылық сананың қай түрінен болса да ерте пайда болғанын білдіреді. Сондай-ақ ертегілік жыр қаһармандық эпостан бұрын тұратынын күмәнсіз деп қарайды. Бұдан кейінгі эпикалық кезең — тарихи эпос ескеніне тоқтала келіп, мерзімдік жағынан діни-аңыздық шығармалар бәрінен соң пайда болғанын ескертеді.

Бізге діни-аңыздық оқиғаларға негізделген жырлардың ең бір тонна да, тақырыпқа да қосылмай келуі зерттеушілік тәжірибе мен мәдениеттің кенжелігіне байланысты. Орыс, грузин, армян, т.б. фольклоршылары діни-рухани шығармаларды зерттеп, олардың фольклор жүйесіндегі орны мен ерекшелігін белгілеген.

Атап өтілген эпостық типтер жекеледі, қоспасыз күйінде кездесе бермейтіні, кейде бір шығарма бойынан түрлі дәуір белгілері қатарласа орын тебуі мүмкін. Эпикалық көп стадиялық шығарманың форма, құрылысы жағынан да байқалады. Шығарма құрылысының қарапайымдылықтан күрделілікке ауысуы, іс-әрекетті төтелеп баяндаудан түрлі диалог, монологтар арқылы беруге ұмтылушылықтың бой көрсетуі олардың көнеліктен жана деңгейге көшуінің де көрсеткіштері болып саналмақ.

Ежелгі эпос мұрасын сөз сткенде анимизмнің көріністері шығарманың суреттейтін кезін айқындайтын белгінің бірі саналуға тиіс. Жан-жануарлардың киелі күші бар деп сену, кейде соларды киіе тұту, әрбір аң, құстың иесі бар деп есептеу (тотемизм) жөніндегі ескі ұғымдарды Э.Тэйлор қысқа да болса, тұжырымды дәлелдеген (8).

Архаикалық аңыздардың бірталай белгісі бурят халқының эпосы «Гэсэрдін» бойынан табылады. Эпостың жалпы оқиғалық мазмұны бұл айтқанымызды толық сипаттай алса керек. Тоғыз

тараудан тұратын «Гэсэрдін» алғашқы үлкен тарауында аспан әлемінде болып жатқан құбылыстар айтылады. Алааспан кеңістігінің өзі түрлі билеуші бағырлардың қарамағында болады. Көк әлемнің батыс бөлегін билеген Хан-Хұрмастың күдіреті мадақталады... Оның үш алып ұлы, үш сұлу қызы, отыз үш батыры, үш жүз дос серігі, үш мың әскері бар деп сипатталады. Аспанның шығыс алабын Атайулан билеп тұрыпты, көк дүниесінің орталық деңгейінде Сэгэн-Сэбдей өмірін жүргізді. Міне, мұның бәрі «Гэсэрдін» түп негізі миф, ертегімен ұласып жатқандығын көрсетеді (9).

Архаикалық эпостың түрлі нышандарын кенірек тануға қажет материал туысқан халықтар ауыз әдебиеті мұрасынан табылады. Бұл-тұста біз соның ішінен бір мысалға келіріп өтеміз. Зерттеушілер башқұрт, татар халықтарында бірдей сақталып келген «Заят-өлөк пен Сусұлу» (башқұртша Хыуқылыу) анызының бірнеше нұсқасында архаикалық эпосқа тән белгілер ұшырайтынын дәлелдеген (10). Олар бұл халықтардың фольклорында XIX ғасырға дейін су иесі, су анасы туралы көне сенімдер орын теуіп келгенін айта келіп, эпос батыры Төлектің су патшасының қызына ғашық болып, қаһармандықпен мұратына жеткенін осы ескі ұғымдарға байланыстырады. Эпостың көнелігін көрсететін сипаттар ретінде мұнда аңшылық өмір, алғашқы қауымның ыдырап, жеке отбасылық мақсаттың өріс ала бастағаны, батырдың жас кезінен асқан алып болып танылуы, өзіне лайық тұлпар ат тандап мінуі, батырлық үйлену салты (қыздың өзімен күші асқан жігітке ғана тиемін деп шарт қоюы, Заятөлектің қайратты қызды күресте жығуы), батырдың су асты әлемінің күштерін жеңіп, жер бетіне шығуы, бас қаһарманның жау қастандығынан жығылмайтын «киелі» болып көрінуі, т.б. келтірілген...

\*\*\*

Қазақтың эпостық жырларының ішінде оқиғалық жағынан ең ескісінің бірі — «*Мұңлық-Зарлық*». Жырдың кейбір нышандары өте көне дәуірге мензейді. Зұлымдық иесі мыстан кемпір, алып қара дәу, жас балаларды адамға асырайтын киік бейнелері, аңшылық өмір көріністері исламнан бұрынғы бұлдыр заманнан ауысқан секілденеді. Дастанның көнелігін алғаш дәлелдеп көрсеткен Ә.Қоңыратбаев тұжырымы дұрыс деп білеміз (11).

Жырдың өрбуіне себепші болған элеуметтік сарын да өмір шындығына жанасады. Шаншарханның алпыс әйелі жасаған күндестік, қастандық хандар, байлар өміріне тән полигамдық отбасының катал шындығын елестетеді (12). Шаншарханның перзентсіздік мұңы да өзіне мұрагер қалдыру талабынан туған құбылыс. Қысқасы, ара-арасында ғажайып, керемет «күштер» қатысын отырғаны болмаса, мұнда нағыз шынайы өмірдің көрінісі мол. Ақырында Мұңлық-Зарлық ата-анасына табысып, дұшпандар өшкереленіп, жазасын тартып, бұлар мұратына жетуі де ертегі мен эпостық жырларға тән шешім. Жырдың ертегі негізінде жасалғаны көп белгілерінен көрінеді. Мұнда талай заманның шындық елесі бар екендігін ескере отырғанда да көне кезең адамдары түсінігіне сәйкес «қабаттар» мол екендігі аңғарылады.

Ең алдымен «Мұңлық-Зарлықта» баласыздық зары күллі оқиғаларға жол бастаған сарын болады. Дүниені белден кешіп жүрген Шаншарханның өзі баласыздығын бақытсыздық деп есептейді. Жиған мүлікке, тақ пен тәжге иелік ететін мұрагер аңсау рулық-патриархаттық түзілімнің үлкен ерекшеліктерінің бірі еді. Таңдырдан бала сұрау жалпы адам баласының табиғи тілегі болса, мына жырда ол көне түсініктермен байланыстырылғаны көрініп тұр. Перзентсіздігін ойлап, қасірет шегіп, қалжырап жығылған Шаншарханға түсінде ақ сақалды кісі аян беріп, бір ұл, бір қыз көретінін хабарлайды. Міне, осы тұжырым адамның перзенті болуы ғажайып, сырт күштер шалағатына тоуелді деген тотемдік ұғымнан тарайтыны көміл...

Шаншарханды әйелі Қаншайымнан, ұлы Зарлықтан, қызы Мұңлықтан арамдықпен ажыратып, жазықсыз жандарды ұзақ жылдар азапқа салатын қаскөй күш — мыстан кемпір. Оқиғаға мыстанның араласуы бөленің басы болып шығады. Шаншарханның қызғаныштан өлердей болған алпыс қатыныңның жұмсауымен мыстап жаңа босанған Қаншайымды екі күшік тапты деп ғайбаттап, ханға хабар береді. Ханның Қаншайымды «ларға асындар» деп бұйыруы осыдан. Мыстан бейнесі шексіз жамандықтың, зұлымдықтың жиынтығындай, жан шошырлық болып сомдалған. Бір қызық жері — мыстанның ішіндегі дүлей қастандық, әйтеуір оның адамзат жауы болуынан емес, алпыс қатыныңның берген алтынына қызығуынан екені көрінеді. Ертегінің мыстаны осылайша біраз «өзгеріске» түскен, мінез, әрекет өрнектері дамытылған. Ол жазықсыз жас сәбилерді суға лақтырмақ болып тұрған шақта аздап «толқығандай», обалды ойлағандай болады.

...Тастайып десем бұл суға,  
Сендерді көзім қимайды.  
Тастамаймын десем мен  
Алпыс «анаң» болмайды.  
Барғын, балам. Аллағи,  
Разы болғын қазаға.  
Тіпті көзім қимайды,  
Қызығып кеттім ботам-ай,  
Алпыс табак тілдеме...  
Тірі жүрсен дүниеде  
Әр пәлеге қаласын.  
Бұл күнде өлсен, шырағым,  
Дәл бейбішке барасын  
Жыл-жыл сайын жыл бітер,  
Күнөні артып аласың (13).

Мыстан зұлымдықтың өзін сауап жұмыс деп дәлелдейтін халде көрінеді. Бұл, сөз жоқ, ежелгі мыстан бейнесінің күшті эволюцияға түскенін танытады.

Шаншарханның әйелі толғатқанда «баланың дауысын естігенде жүрегім жарылып кете ме» деп қорқып, далада жүруі эпос жүйесінде кездейсоқ емес. Көп елдің эпостық дәстүрінде кездесетін бұл құбылыс та ескі сарынның бірі. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында да Сарыбай мен Қарабайдың аң аулап жүрген кездерінде әйелдері босанатыны мәлім. Мұның тасасында көне салтанат қалған, ғылым тілінде куада деп аталатын ырым да жатуы мүмкін (14)...

Зәбір көрген, тарыққан, жазықсыз жандарға қысылған кезде жәрдемге келетін ғажайып күш — ғайып ерен қырық шілтендер «қызметі» бұл жырда өте күшті сезіледі. Шілтендер мұнда оқиғаны байланыстырып, дамытып тұрған қозғаушы күнтей. Мыстан теңізге тастаған Зарлық пен Мұңлықты «қағып алып», аман-есен айдаладағы Шөгірлінің тауына апарып паналататын, оларға бір киікті «ана қылып» беретін ғайып ерен қырық шілтендер болады. Шілтендердің ежелгі адамдар ұғымындағы «ие күштің» кейінірек, ислам дәуірі туғанда өзгерген түрі екені ғылымда дәлелденген (15). Біздің атап өткіміз келгені — «сактаушы, жебеуші» күш бар деп сенушіліктің күрделі түрде елес беруі...

Жырдағы аса қызғылықты мәселе — Мұңлық пен Зарлықты киіктің «асырауы». Бұл да, сөз жоқ, ежелдеп тарап келген аңыздарға қатыссыз емес. Қырғыздарда, мәселен, халықтың бір үлкен руы — бұғы әуел баста бұғыдап таралған деген мифтік аңыз сак-

талған. Қалайда адамды киіктің асырауы да түбі терең ғасырларға кететін тотемдік ұғымдарға тірелетіні зайыр.

Мұнылық пен Зарлықтың елсізде өсуі бір тараптан алғашқы қауым адамдары тіршілігінің де нышанын еске салғандай. Көптеген ғалымдардың пайымдауынша, эпостық қаһарманның өуел баста жетім болып, елсізде күнелтуі алғашқы мифологияның негізгі сарындарының бірі; жер-дүние жаралмай тұрғанда дүниеге келіп, бүкіл құрлық, су, орман, даланы, жан-жануарларды, адамзатты жаратқан «мәдени қаһармандар» (культурные герои) туралы сарынмен сабақтас. Эпостық қаһарманның жетім болып суреттелуі осы мотивтің жалғасуы, жаңғыруы, саха олонхосының бас кейіпкерлерінің бірі — Эр Соготох, сибір түркілері фольклорының персонажы — өскүс ұл (жетім бала) осы айтылғанды дәлелдейді.

Шаншархан мен Зарлық далада кездескенде бір-бірің танымайды. Осы оқиғадан кейін хан іштей үміт сөулесі жанғандай болып, әрі күдіктеніп нала болады, шер төгеді.

...Күдіреті күшті құдайым,  
Тауға бердің баланы,  
Көңіліме салдың жараны  
Дүниеден өтсем осылай,  
Қалады-ау орным қаранғы.  
Қайда барып төгермін  
Ішімдегі санамды.  
Менің балам болар ма,  
Мекен қылған даланы? (16)

Жырда әке мен ұлының бірі екіншісін танымауы тек нақтылы оқиғаның ғана салдары емес, түбірі көне сарын. Бұның арғы ұштығы балаларын әкелері емес, аналары ғана тіктеп айыратын матриархат дәуіріне ұласатын ұғым. Сол ұғым өзге жағдай бойына сыйымды болып, қайта жаңғырыға беруі мүмкін. Бертін келе әке мен баланың түрлі жағдайлармен бір-бірінен алыстап, танымай кездесуі, кейде соғысып күш сынасуы — әлемдік көркемсөз туындыларында тосын әрі қызғылықты дәстүр болып қалыптасқан. Мұндай хал атакты «Шахнамада» ұшырайтын. Орыс эпосының қаһарманы Илья Муромец те капиада ұлымен шайқасқа түсетіні мәлім. Аталы-балалының айқасы осылайша арғы негізін ұзақтан бастайды.

Зарлық пен Күлмесхан арасындағы оқиғада тағы да ертегілік сипат араласады. Ол — ханның қызы Құралайды тартып әкететін дию Қарадәу. Бұған қатысты суреттеу тәсілдері де ертегі дәстү-

рінде берілген. Зарлық «кәміл пірлері» медет болып, Қарадәуді жеңеді. Бұл көрініс былайша берілген.

...Зарлық батыр ал, сонда.  
Қарадәуді сүйретті,  
Сүйреткі қылып үйретті.  
Шеттегі шенгел, тікенге,  
Өкпес, бауырын түйретті.  
Тау мен тасқа соқтырып...  
Дүрілдетіп келеді.  
Ылдиан төмен құлатып,  
Зырылдатып келеді.  
Жүрегін тасқа қақтырып,  
Сырылдатып келеді.  
Төбет иттей ыржытып,  
Ырылдатып келеді,  
Қарадәудің торғайын,  
Шырылдатып келеді (17)...

Мына тұста ескерте кетерлік нәрсе — Зарлық әрекетінің әсерлі көрсетілгені ғана емес, оның Қарадәуден зәбір көрген күллі бір елдің кегін қуып, тәуекел етіп ұрысқа кірісуі. Осы көрініс жырдың эпостық тынысын кеңейтеді...

Шаншархан мен Зарлықты кездестіруге де кәміл пірлер киік кейпіне түсіп, дәнекер болады. Адамның ғажайып, сиқырлы күштерге сенетін кезінің елесі де бұл тұста жалт етіп көрінеді.

Мифтік, ертегілік сюжеттердің, аңыздардың өміршендігі, бұлардың заманнан заман аралай келіп, қайта жаңғырып, жанды қуатпен әдебиетке жана серпін, өзгеше өрнек қосып отыратындығы өз алдына жеке мәселе. Жақсылық пен жамандықтың, жана мен ескінің мәңгі толастамайтын күресін, қайшылығын суреттегенде адам баласының сан ықылым кезеңдерде қалыптастырған түсінігі, поэтикалық бейнелері тосын қырларымен, терең сырларымен «соны» сипатқа ие болатын кездері аз емес. Ежелгі грек мифологиясы жасаған Прометей бейнесінің ескірмей, ұмытылмай, түрлі суреткерлер қаламына тақырып болып, алуан келбетте көрініс табуы, адамдар ойына азық, бойына қуат берерлік, биіктікке, тазалыққа, сұлулыққа ұмтылдырарлық нәр дарытуы осыны көрсетеді. Мұндай мысалдар көп. Бұлар адамзаттың сөбилік дәуірінің ұмытылмас ескерткішіндей, кемелдену жолында ұзақ ізденіспен тапқан қымбатындай қарапайым даналыққа, сыны кетпес сұлулыққа толы, асыл мүлкіндей қалірлі. Көне аңыздар-

ды зерттеудің, олардың заңдылығын ашуға қажеттілік туып отыратындығының бір ұштығы осында...

Алғашқы қауым адамдарының сана-сезім, наным-сенімін, дүниетанымын елестететін мифтік, ертегілік, аңыздық оқиғаларға құрылған эпостық туындылардың көбіне тәп ортақ белгілерді жинақтай келгенде бірқатар тұжырым жасауға болады.

1. Мұндай шығармаларда қиял-ғажайыптық оқиға күрделі орын алады; адам баласына қаскөй күштер: дию, албасты, аждаһалармен күрес, оларды жеңіп барып, мұратқа жету көрсетіледі.

2. Көне эпоста дүниенің жаралуы туралы мифтік ұғымдар көрініс тапқан. Оқиғалардың, байланыстардың үш қат әлемде: аспан, жер, жер астында өтетіні осының айғағы. Алғашқы адамдар — «мәдени қаһармандар» іс-әрекетінің, мифтік дәуірдің елестері осылай жағдайда айқындала түседі. Өке мен баланың ұзақ уақытқа айырылысып, жат болып барып табысуы да қас күштер әрекетіне қатысты.

3. Анаеркі (матриархат) дәуірінің ыдырап, атаеркі (патриархат) кезеңінің салты орныға бастаған шақтың сипаттарын танытатын оқиғалар кездесуі эпостың көпелігіне дәлелдің бірі. Бұл мәселелер кейде төтелей көрінбегенімен, осы процестің салдары аңғарылып отырады.

4. Қазақтың көне эпосында ертедегі аңшылық өмірдің суреттері пәгүрлым кеңірек сақталған. Өз сәбегімен күн көріп жүрген аңшы, мергендердің зұлым күштерге күтпеген жерде кездесіп, айқасқа түсуі, көп қиындықты бастап өткізіп барып, мұратына жетуі бұл шығармалардың қалыптасқан негізгі желісі.

5. Адамдардың сиқырлы күштерге сенуі (анимизм, тотемизм, т.б.) жан-жануарлар, өсімдік дүниесінің жаны, иесі бар деп сенілетушілігі эпостық шығармаларда із қалдырған. Адамнан «ақылды» жүйрік аттар, жас баланы асырайтын киіктер «камқорлығы» осыны көрсетеді. Адал ниетті жас қаһармандарға тарыққанда жәрдемге келетін, ақыл беретін, жол табатын кәміл пірлер, ғайып ерөн қырық шілтендер қызметіне ерекше мән беріледі.

6. Баласыздық тақсіреті, әулиелер аралап, мінежат етіп жүріп перзентті болушылық, түс көру, аян беру, болашақ қаһарманның ғажайып тууы секілділер түбірі де адамның табиғат күштеріне тәуелді кездерінің айқын өрнектері.

7. Қаһармандардың жедел есеюі, жүйрік ат тандап мініп, қауіпті алыс сапарға аттануы, жол-жөнекей алуан түрлі жыртықш,

сиқыр күштермен кездесуі, батырлық үйленуі көне эпоста кең таралған құбылыс.

Бұл көрсетілген сипаттар қазақтың көне эпосында бірде-бірде аз кездескенімен, жеткілікті орын теуіп келгені зайыр. Түркі-моңғол халықтары эпосынан келтірілген мысалдар эпикалық дәстүрдің даму жолдарын, эволюциясын нақтырақ тануға көмектеседі.

#### Әдебиет:

(1) Қоныратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975, 12-б.

(2) Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. — Алматы, 1972, 32-б.

(3) Путилов Б.Н. Русский и южнославянский героический эпос. М., 1971, с. 31.

(4) Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. Л., 1976, с. 232.

(5) Жирмунский В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. М., 1960.

(6) Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. 1963, с.237.

(7) Смирнов Ю.И. Славянские эпические традиции. М., 1974, с. 154.

(8) Тэйлор Э. Первобытная культура. М., 1939, с. 312.

(9) Гэсэр. Бурятский героический эпос. М., 1973.

(10) Урманчеев Ф. Татарско-башкирское сказание о Туляке. — Советская тюркология, 1976, № 6, с. 14-22.

(11) Қоныратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975.

(12) Арзынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. — Алматы, 1973, 83-б.

(13) Батырлар жыры. — Алматы, 1964, 164-б.

(14) Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. — Алма-Ата, 1972, с. 82.

(15) Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974, с. 151.

(16) Батырлар жыры. — Алматы, 1964, 164 б.

(17) Сонда, 200-б.

## АЛТАЙ АҢЫЗЫ

Алтай халқының бай ауыз әдебиет мұрасы бар. Солардың ішінен ең қызықтысы да, ғибраттысы да эпос болып көрінеді. Алтай фольклоршылары өз халқының эпикалық жыр байлығын «Алтай батырлар» деген атпен тоғыз том етіп басып шығарды. Мұнда туысқан елдің сан ғасырлық рухани тәжірибесін, өткен өмірі туралы түсінігін, алдағы үміт-арманын бейнелейтін мол көркемдік жинақтау табылады. Алтайдың батырлық жырының кейбіреуі орыс тіліне аударылған.

Бұл елдің батырлық жырын жинауға төңкерістен бұрынғы зерттеушілер В.В.Радлов, Г.Н.Потаниннің сіңірген қызметі ерекше. Г.Н.Потанин жазып алған бірталай жыр «Анос жинағы» деп аталған кітапқа енген болатын. Дегенмен Алтай фольклорының жүйесі тізіліп, ғылыми тексерулер тақырыбы болуы тек Кеңес жылдарында ғана. Алтай эпосы туралы арнаулы еңбектер жазған ғалымдар қатарында И.В.Пухов, С.С.Суразаков есімдері белгілі. Бұлар Алтай фольклорының жанрлық құрамы, даму жолы, мазмұндық және көркемдік ерекшеліктері жайында құнды пікірлер айтты.

Аса бір қызғылықты құбылыс — Алтай эпосын айтушы қайшылардың (жыршылардың) кейінгі кезге дейін ел арасында жиі ұшырап отыруы. Солардың ішіндегі ең көрнектісі — сан түрлі аңыз, өлеңдерді жадында сақтап келген атакты айтқыш Н.У.Улагашев. Бұл жыршыдан жазып алушылар ішінде талантты жазушы П.В.Кучияк пен фольклоршы С.С.Суразаков еңбектері елеулі. Жоғарыда аталған «Алтай батырлардың» екінші, үшінші томдары негізінен Н.У.Улагашев репертуарынан құралғанын айтсақ та, оның қаншалықты қымбат қазына әкелгенін аңғарамыз.

Алтай жырларын табиғи қалпында жеткізген екінші үлкен айтқыш — А.Г.Калкин. Мұның өзі алтайлықтар арасында ауызша айтып, жыр тарататын дарын иелерінің мол болғандығын сипаттайды. Ауыз әдебиеті дәстүрі бүгінге дейін сақталып, дамып

отырған, күні кешеге дейін Мұрын, Нұрпейіс секілді үлкен ақын, жыраулары өмір сүріп келген қазақ пен алтай елдерінің поэтикалық дәстүріндегі бір ұқсастық осы тараптан көрінеді. Жалпы түрік халықтарындағы ауызша айтқыштықтың, төкпе ақындықтың табиғатын, өзгешелігін салыстыра зерттеу де өте қажетті тақырыптардың бірі.

Алтайлықтар жырды да, ертекті де шөршек деп атап келген. Ал жырды ертегіден айырып көрсету үшін *қайлап айтар шөршек* деген. Дауыс көтеріп айтуды *қайлап айту* деу көне ұғым екендігі көрінеді. Қазақ әнінің соңында келетін қайырма ырғақтар «қаулау» болып келетінін еске түсірсек, алтай мен қазақтың «қайлауы» бір түбірден тарағанына көз жеткендей. Алтайлықтар жырды белгілі әуен, ырғақпен айтатындарды қайшы деп атаған... Ал жырды қайлап (әндетіп) айтудың түрлі дәстүрі болған.

Өзінің жапрлық ерекшелігіне қарағанда Алтай эпикалық жырлары қаһармандық эпос тобына қосылады. Бірақ мұнда қияли-ертегілік сипат та күшті. Академик В.М.Жирмунский Алтай жырларын батырлық ертегі санатына қосқан. Л.И.Потапов сынды тарихшылар Алтай эпосын негізінде XV — XVIII ғасырларда қалыптасқан деп санайды. Қаһарманның аждаһалармен айқасы, жер астының билеушілерімен күресі, батырдың қалыңдық іздеуі және үйленуі, жат елдік жаулармен сайыс сарындары осыны дәлелдейді. Бұл жағынан келгенде де қазақ ертегілері мен Алтай эпосында жақындық мол...

Қазақ, қырғыз ертегілерінде кездесетін жеті қат көк, жеті қат жердеген ұғымдар Алтай эпосында да көп айтылып отырады. Сонымен қатар батырдың өзі де, астындағы аты да қажет жағдайда өзге жан-жануар «кейініне» күсіп, жауды «алдап» жөнүшілік Алтай эпосында жиі ұшырайды. Мұның бәрі олардың әрі жыр, әрі ертегі элементтерін бойына сіңіргендігін білдіреді. Батырдың атының керек жерінде «тіл бітіп» сөйлеуі де, кеңесіні болуы да осы пікірді толықтыра түседі. Сол секілді жыр қаһармандары аң мен құстың тілін «бідсігін» болып көрінеді. Алтай эпосында әсірелеудің (гиперболааның) неше атасы кездеседі.

Осы айтылған белгілер түгелге жуық Алтайдың «Маадай-Қара» аталған жырынан табылғандай. Мәскеуден КСРО халықтары эпосының сериясымен шыққан (1973) бұл жыр Алтай ауыз әдебиетінің аса көрнекті ескерткіші болып саналады. Жырдың аты «Маадай-Қара» болғанымен, негізгі оқиғаға араласатын бас

қаһарман Маадай-Қараның ұлы Көгедей мерген. Жырда Маадай-Қара мен оның әйелі Алтын-тарғаның қартайған шағында бұлардың елін Қара-Құла деген ханның зорлықпен басып алғаны айтылады. Дастаның ең үлкен бөлігі Көгедей мергеннің туу, есею, үйлену, жауын жеңіп, мұратына жету тарихын айтуға арналған.

Жырдың басында Маадай-Қара елінің бейбіт өмірі елестетіледі. Алтайдың «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды» дейтіндей бейбіт қалпын Қара-Құла ханның өктем озбырлығы бұзады. Ол «жердің үстің жемірген, жетпіс ханды билеген» жалмауыз делінеді. Ертекегідей оның «жаны» басқа жерде жасырулы болады. Ал бұған қарсы күресетін жас батыр — Көгедей мергеннің сипаты ерекше әсерлі бейнеленеді. Оның «жүзі толған айдай, көзі Шолпан жұлдыздай, тілі от-жалындай, беліне бес он (елу), арқасына алпыс үйір жылқы жайылғандай» деп мадақталады.

Жас батырдың ержеткенін әсірелеп суреттеу де Алтай эпосын басқа елдер жырларымен үндестіреді. Көгедейдің екі күнде «ана», алты күнде «ата» деуге тілі келеді. Батыр баланың бесігі де, иеленген құлыны да, асынған қаруы да ерекше болып көрсетіледі. Алтай иесінің (біздегі қайып ерен қырық шылтен секілді) көмегімен бала батырдың ғажайып есеюі кей тұста «Мұңлық-Зарлық» оқиғасын еске түсіреді. Көгедейдің бүкіл Алтайды жалмаған Қара-Құладан құтылуы, небір ғаламат тажал кедергілерден аман өтуі, астындағы атының «ақыл қосуы» секілді тұстар ғажайып ертегінің дәстүрімен берілген. Қара-Құла бүтіндей билеп алған Алтай елінің халін көрген Көгедей бір сәтте жау зынданынан шығып, еліне диуана киімімен жасырынып келген Алпамыс секілденіп көрінеді. Біз, әрине, бұл арада кейбір оқиғалық ұқсастықтарды айтып отырмыз. Басына қауіп төнгенде Көгедей Тастарақайға (тазша балаға) «айналып», елеусіз болып жүреді. Бұл түс «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырында Қозының қойшы болып киініп, Қарабай еліне келген жерін еске түсіргендей. Қаһарлы Қара-Құла ханның әйелі жер асты әміршісі Эрликтің қызы — Қара Таади басына жезтырнақ пен мыстанның зұлымдықтары жиылып берілген. Елінің азаттығы үшін күрескен Көгедей мерген осындай айлалы, айбарлы жаулардан күшін, қулығын асырады. Көгедейдің мұншама дұшпанды жеңуге дейінгі іс-әрекеті ұзақ, жүйелі әңгімеленген. Бірақ Қара-Құланы жеңумен Көгедейдің шеккен бейнеті бітіседі. Ендігі оның қас жауы — сиқыр-

шы, зальым әйел Қара Таади болады. Соның құрған торына Көгедей талай рет ілінсе де, айла тауып құтылып жүреді.

Айханның қызы — Алтын Көзгіге үйлену жолында Көгедейге кездескен қиындықтар жырда кең баяндалады. Қалыңдық іздеу сапарында Көгедейге Таусоғар, Қолтаусар, Желаяқ, Сакқұлак тәрізді достар кездеседі. Осылардың көмегімен Көгедей Айханның қыз бермеу үшін ойлап тапқан неше түрлі сын жарыстарында жеңіп шығады. Эпостың бұл тұсы қазақтың «Ер Төстік» ертегісіне өте ұқсас екенін әркім аңғарса керек... Айханның еліндегі тойдың көлемі мен көркі орасан әсіреленіп беріледі. («Тоқсан жылдай той тойлау, жетпіс жылдай жырғалу...») Қызын Көгедейге кимаған Айхан көп қараулық жасағанмен, айласы іске аспай қала береді («Ер Тарғындағы» Ақшахан, Ханзадахан секілді). Ақырында ата жұрты — Алтайды түгел өз қарауына алған Көгедей жер астындағы жауы Эрликті де өлтіріп, одан қысым көргендерді босатады. Аңыз, қиялы, шындығы, әсірелеуі аралас жыр әділеттің жеңісімен аяқталады. Көгедей мерген өзінің батыр жолдастарымен көкке ұшып, жеті хан (біздегі Жетіқарақшыға ұқсас) атты жұлдызға, оның сүйген жары Алтын-Көзгі Алтынқазық (Темірқазық ұғымында болса керек) жұлдызына айналыпты-мыс; Көгедейдің алтын-күміс жиһазы жердің астына көміліп, малы Алтайда қалыпты-мыс... Алтай халқының әдемі аңыз-жырының қысқаша желісі осындай.

Біз «Маадай-Қара» ертегі жырының кейбір оқиғалық ізін ғана әңгімелендік. Жырдың бейнелеу жүйесіндегі кестелерді сөз ету, қазақ эпосымен салыстыру өз алдына жеке әңгіме. Сонда да болса өте қызық көрінген бірер мәселеге аз-кем кідіру қажет. Эпостың ең бастапқы жолы — «алыптың жүзі қызыл өрттей» деген тіркестегі «өрттей» деген тепеудің тегі қазақтағы ұғымына жақын секілді көрінеді. Қазақ эпосында жиі айтыла қоймаса да, «өрттей» деген теңеме тіліміздің көне қорында кең қолданылғанға ұқсайды. Жырда кездесетін эпикалық мекен — Ойғылық пен Қиғылық — біздің Ойыл мен Қиылымыздай құлаққа жағымды естіледі. Эпикалық сандар: жеті, тоғыз, қырық, алпыс, жетпіс, тоқсан Алтай жырларында жиі қайталанып отырады. Көптеген жыр жолдары ырғағы, ұйқасы жағынан қазақ, қырғыз эпосымен сарынлас. Бұл айтылғандар біздің халықтардың фольклор қорында қаншама туыс суреттер, орайлас оқиғалар, етене ертегі, аңыздар жатқанын сездірсе керек.

## ЕРТЕГІДЕН ЭПОСҚА

Эпостың құрылысы көп өрнекті, мол өнекейлі, қабырғасы берік қаланған, сан түрлі заттық бөлшектерден құралған көркем де тұтас ғимаратқа ұқсайды. Соулет өнерінің мамандары белгілі бір үйлерді салу үшін адамзаттың талай замандар бойында жинаған құрылыскерлік тәжірибесін пайдаланатыны мәлім. Ауыз әдебиетінің туындылары да бұрыннан келе жатқан дәстүрлерге сүйеніп жасалады. Тіпті осындай дәстүрлілік фольклор мұрасын ұмыттырмай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып тұрған басты дәнекер деп қараса да болады. Ауызша тараған мұрала жекелеген сарындардың қайталануын олардың міні деп қарамай, ерекшелігі деп санайтынымыз сондықтан. Эпос шығармаларының табиғатын тексергенде дәл пәлен ғасырдың жаратындысы деп кесіп-пішіп айтудың қиындығы да осыған байланысты. Тіпті көне мифтер араласқан аңыз, ертегіден де бертінгі дәуірлердің «таңбасын» тани алатындығымыз, ең жана оқиғаларды баяндайтын жырларда қадим кезендердің белгілері араласып жүретіні, бұларда түрлі «қабаттар» жататыны заңдылық секілді нәрсе. Ауыз әдебиеті ескерткіштерінің мұндай бітімін фольклортану ғылымында «полистадиялылық» (көпқабаттылық) деп атайтыны осыдан. Демек, шығарманың бір «қабатын» ғана көріп, оның басқа тұстарын, үйреншікті көзге байқала бермейтін астарларын тани алмасак, түсінігіміз толық болмақ емес.

Ауыз әдебиеті мұрасы жөнінде көн тарап кеткен кейбір шалағай ұғымдар, бәрінен бұрын фольклор туындысының өзіне хас нышандарын ескермеушіліктен пайда болған. Ауызекі айтылып, халықтың жадында сақталған шығармаларда елдің тарихи кезеңдерде орын тепкен оқиғалар жайындағы өз бағасы да, бастан кешкен наным-сенімдердің де, дүниетанымдардың да тізбегі елес береді. Ең маңыздысы сол – мұндай мұрадан жұртшылықтың жақсылық, бақыт, азаттық, теңдік, әділдік туралы мәлгілік үміті мен арманы көрініс табады. Міне, осыншама ұғымдар мен сарындардың басын біріктірген шығармаларға әрқашан тиісті өлшеммен келмесек, біржақтылықтан арыла алмаймыз.

Ғылымда эпостандудың көптеген шарттары мен өлшемдері қалыптасқан. Оның кейбіреулерін айта кетейік. Эпостық аңыздардың туған жылын немесе ғасырын дәл «түстеп» көрсету қиын болса да, уақыттық жағынан қандай дәуірлерге тән екенін анық-

тауға көмектесетін методологиялық таяныштар бар. Қай халықтың арасында туғанына қарамастан, олардың көбіне тән ортақ белгілерді жинақтап бір жүйеге түсіруге болады. Мәселен, эпостық жыр атаулыны архаикалық, классикалық, ғашықтық және тарихи эпос деп жіктеушілік ұзақ зерттеулердің, көн салыстырулардың нәтижесі. Кейде осы аталған түрлердің өзі «таза» қалпында кездесе бермейтініне қарамастан, олардың ірі белгілерін біліп отыру әрбір зерттеудің шарты болмақ...

Ауыз әдебиетінің шығармаларын сөз өнерінің мүлкі деп қараймыз. Бірақ фольклор жаратындыларының бұл «өлшемге» сыймайтын басқа да қасиеттері баршылық. Біз бұл кезге дейін ауызекі туып, таралған мұраны халықтың салт-санасынан, әдет-ғұрпынан, дүниетанымнан бөлек қарап келдік. Сондықтан да оның бірталай қырлары мен сырлары көзден таса қалдырылды. Сәл ұйқасы олақ немесе түсінігі көне оралымдар мен сарындар кездесе қалса, оның бәрін фольклордың «кемшілігіне» ғана жорыдық. Ал шындығына келгенде, осы заманға дейін ауыз әдебиеті санатында жеткен қандай жанрдың шығармасы болмасын, халық басынап өткерген қилы-қилы жағдайлардың өзінше бір энциклопедиялық жиындысы деп қарасақ қана, жан-жақты сипаты танылмақ. Сондықтан фольклор шығармасын тану үшін, қажет жерінде тарихтың да, археологияның да, этнографияның да, музыканың да, тілдің де шарттылықтары көмекке келе алады. Өкінішке қарай, фольклортану ғылымының құлашы осындай түрлі пән жетістіктері менгеру дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Белгілі бір мәтінді жалаң оқып шығумен ғана күрделі ойлар түю мүмкін емес. Басқасын былай қойғанда, қазақ жырларының сөздері жарияланып, олардың саздық (музыкалық) өрнегі мүлде тасада қалдырылып келе жатқанын зерттеу ісінің балаңдығы қатарына қосамыз. «Қазақ жырларының сақталуы мен дамуына ән-ырғақтың мәні қаншалық» деген мәселе өз зерттеушілерін күтіп тұр...

«Эпостың жасалу жолдары мен түбірлері» деген мәселе де өз алдына күрделі тақырыптардың бірі. Жыр жанрының тараулары қанша көп болса, олардың ішкі өзгешеліктері де соншалық мол. Міне, осы жанрлық түрлердің өзара айырмашылықтарын ескермеу, олардың бәріне бірдей өлшеммен қарау ғылыми жұртшылықты бірталай жансақтыққа душар еткен. Эпостық жырлардың қаһармандарын қалайда тарихи қайраткермен сабақтастырып айтушылық біршама шалағай қорытындылардың өріс алуына се-

бәткер болғаны белгілі. Эпосқа негіз болған сарындардың әрқайсысында тарихилық деңгей килы-килы болатынын ескеру шарті. Мәселен, ертегілік түбірлерге тірелетін эпостық жырлардан тарихта жасаған адамдар бейнесін іздеу мүмкін емес. Мифтер мен қиял-ғажайып аңыздардан пайда болған шығармалар жөнінде де осыны айтамыз. Ал оқиғалық сүйегі бертінгі белгілі тарихи кезеңдерді бейнелейтін туындылардың жағдайы бір басқа. Бұларда өмірде анық болып өткен оқиғалардың да, нақтылы адамдардың да іздері азды-көпті елес беріп отырады. Демек, тарихи аңыздарға, саяси оқиғаларға негізделген мұраның әуел бастағы түрткілері сақталады деп тұжырымдауға болады. Ал кейде бір жырдың көлемінде ілгеріде аталған жанрлық түрлердің бәрі де ұшырауы мүмкін...

Ауыз әдебиетінің өзіндік сыр-сипатын елемеушілік, оған тек «ағымдағы» әдебиет өлшемімен ғана баға берушілік фольклордың қанша қымбат үлгілерін көзден таса етіп келді. Діни ұғым араласқан немесе шығыстық сарындары байқалатын жауһар жаратындылардан халқымыздың бірпеше буын әулеті махрұм қалдырылды. Ал кейіпкерлерінің аттары тарихта өмір кешкен қайраткерге ұқсайтын шығарманың құндылығы көркемдік бітіміне емес, бүгінгі көзқарасымызға сәйкес келетін-келмейтініне қарай өлшенді. Ғылымға, ақиқатқа жақын келмейтін осындай әрекеттер халықтың жырын да, әнін де, күйін де жақсы білмейтін, тарихи санадан жұрдай жандарды көбейтті.

Қаһармандық эпостың көп үлгілері ертегілерден пайда болғаны мәлім. Орыс кеңес ғалымы В.М. Жирмунский өзінің түркі тілдес халықтардың фольклоры туралы зерттеулерінде осы мәселені түбірлеп дәлелдегені ғылыми жұртшылыққа таныс. Әсіресе ол батырлық ертегілердің белгілері эпос құрамына етене араласып, жана сапаға ие болатынын мол деректерге сүйеніп айтқан. Бұл тұжырымның ыждағатты ізденістен, салыстырулардан туғаны шүбәсіз. Сонымен қатар эпостың қатарын толықтыратын сарындар тек батырлық ертегілермен ғана шектелмейтінін, жыр «теңізіне» құйылатын бұлақтар әр тараптан ағатынын көреміз. Бұған ертегілік эпостың оқиғалық, жанрлық құрамы сенімді айғақ бола алады.

Осы топтағы «Еділ, Жайық», «Дотан батыр», «Құламерген», «Құбығұл», «Рауан батыр», «Мәлік батыр», «Арық мерген», «Әділ Зайыт», «Ер Бегзат» т.б. жырларды тұтастай шолып қарасақ,

бұлардың көбіне тән ортақ нышандарды да, әрқайсысына тән айырмашылықтарды да аңғарамыз. Бірінде толық, екіншісінде арақидік көрініс беріп отырғанымен, бұлардың әуел бастағы ертегілік туысы танылмайды емес.

Ертегі мен эпостың екеуінде бірдей қайталанып келетін сарындар қатарында бірнеше әуезелік қалыпты көрсету орынды. Олар: 1. Перзентсіз ата-ананың халі; 2. Кейіпкердің көрмеет туысы; 3. Тотемдік киелі күштердің «көмегі», аталар аруағының жәрдемі, әулис-пірлер қолдауы; 4. Баланың батыр болып, ерекше өсуі, алғырлық, алыптық қасиеті, оның алғашқы әрекеттері; 5. Батырдың қалыңдық іздеуі, жолдағы бөгесіндерді жеңуі, өзіне тілектестер табуы; 6. Іздеген өмірлік қосағына жолығуы, сапар сырын құпия сақтауы, түрлі бәсеке, жарыстарда қарсыластарын жеңуі, еліне аман оралуы; 7. Батырдың өз елін жаулардан қорғауы, ерлік жорықтары, таланған елінің намысы үшін шапқыншылармен ұрыс жүргізуі, жауды мұқатып, ұлан-асыр той жасауы... Біз бұл арада батырлық ертегіден эпосқа баратын «жолдың» классикалық үлгісін ғана келтіріп отырмыз. Нақтылы жағдайда бұл тізбектің бәрі бірдей қайталануы шарт емес, кейде осы аталғандардың бірнеше сарыны ғана кездесуі ықтимал, сондай-ақ, бағзы бір кезде тіпті тосын өрнектердің де кірігуі мүмкін. Ертегі мен эпостың жолайрығын белгілейтін нышандар бұлар ғана емес. Ең басты мәселе көне аңыздарға деген көзқарастың жаңалануына байланысты болады. Ертегілерде ежелгі дүниетанымнан туған сарын молырақ болса, эпоста олардың өзгеріске түскен, «дамыған», бертінгі дәуірдің тарихи танымдары араласқан түрлері басымырақ байқалады. Аса мәнді өзгешеліктер қаһарман өрскетінің сипаты мен бағытынан танылады. Ертегі кейіпкерінің мұраты үйлену, отбасының мүддесі деңгейімен шектелсе, эпос қаһарманы тайпалық, елдік істерге араласады, халық қамын ойларлық биікке көтеріледі... Осыған орай ертегілерде оқиға бастауы көбінесе аты-жөні белгісіз кемпір-шалдардың баласыздық халін сипаттаудан өрбісе, жырларда ондай кейіпкерлер қатардағы біреу болмай, хан, бай, патша деп көрсетіледі, олардың елі де, есімі де, жері де нақтылана түседі...

Жанрлар арасындағы заңдылықтардың бұлардан да басқа шарттары аз емес. Әрбір шығармада мұндай «ережелердің» шеңберіне сыймайтын сонылықтар да ұшырайды. Олардың мән-жайын нақтылы талдау үстінде анықтап отыру қолайлы болмақ. Сол үшін ертегілік эпостың кейбір нұсқаларын әңгімелеуге көшейік.

Ертегілік эпостың бірі — «Еділ, Жайық». Мұнда көне дәуірлердің бұлдыр елесімін деп тұрған көріністер бар. Еділ мен Жайықтың бір-бірін түсіпде көруі, бұлардың аттанған сапар жолында жыртқыш аңдар: арыстан, аю, жолбарыстардың кездесуі, жезтырнақ, қара дәу сынды қаскөй күштермен арпалыс, екі батырдың да мергендер болып сипатталуы «таза» ертегілік нақыштар десек, бүкіл елді жалмамақ болған қара дәудің көзін жою жолындағы бірлескен күрес, белгілі бір қауым атынан жасалған әрекет бұған эпостық қуат дарытады. «Ертеде бір Қарадәу, елге бүлік салған жау, денесіне көз салсаң, шөгіп жатқан «қаратау» деп көмескі жырактан естілетін сарын бұдан кейін «Оралтауын жағалап, Атырауды аралап, халыққа қырғын таптырған» деген жолдар арқылы мекендік нақтылыққа ұласа бастайды.

Еділ батыр Жайықты іздегенде күш біріктіріп, халық кегін алып бермек ниетте болады. Осылайша шу дегеннен ертегінің құлашы кеңіп, жаңа деңгейге беттейді. Жалғыз ұлы Бертешті қалдырып, қатерлі сапарға батыл аттануы да Еділдің көздеген мүддесі жеке басының қамы еместігін дәлелдейді. Оның жолын қуатын болашақ батыр Бертеш болатынын да сездіреді. Еділдің ерлік «сынынан» өтуі әсерлі баяндалады:

Байқаусызда батырға,  
Жолбарыс келіп жабысты.  
Соқты жерге аркалап,  
Берген жоқ оған намысты.  
Арыстан келді ақырып,  
Сілтеген қылыш дәл тиіп,  
Аю да жатыр бақырып,  
Өте шықты Еділ ер  
Бір-бір салып қатырып...

Адамға дұшпан күштердің мінездемесі де эпостық әсірелеу дәстүрінде берілген. Елдің тынышын кетірген зұлмат, зорлықшы Қарадәудің кескіні тым қорқынышты болып көрінеді:

Алысам деп Жайықпен,  
Бес өгіз егі, жүз қой жеп,  
Бір көлдің суын ішеді.  
Бір үлкен төбе секілді  
Қарадәудің қалқаны.  
Мінген аты сол дәудің  
Алатаудай арқалы.

Тобылғыдай шашы бар,  
Төбешіктен басы бар.  
Жағанның қара талындай,  
Көзін жапқан шашы бар...

Әсірелеудің тым еркіндігі де жыр табиғатының көнелігін, оның ертегілік түбірін белгілейтін нәрсенің бірі...

Жалғыз көзді Қарадәу бейнесі әлем халықтарының түрлі аңыз, жырларында кездесіп отырады. Оғыз елдерінің ортақ мұрасы «Қорқыт ата кітабында» ол «Төбекөз» деген атпен ұшырайтын. Қазақ ертегілерінде орын алған бұл қорқынышты бейне «Еділ, Жайық» жырында күрделі сипатқа ие болған, күллі дүлей жамандықтың, тілсіз сұрапылдың символындай болып елестеген.

Аузынан шыққан ақ көбік,  
Аспанда көшкен ақ бұлттай.  
Қара дәудің қабағы  
Қараңғы түнек ымырттай.  
Танауынан шыққан дем  
Сібірден соққан суықтай...

Жайық пен Қарадәудің айқасы әлілдік пен зұлымдықтың майданындай өсерге бөлейді. «Сен тажалды жайратам, ел қайғысы тарасын, еркіндетіп ойнатам, елімнің ерке баласын», — дейді Жайық. Екі алып алысқанда «тас домалап қаңбақтай, ой түсірді қыратты, жер мен көктің арасың, қара тозаң, шаң басты» делінеді. Қарадәудің тұтқынында болып келген Ақтұйғынды босатып, өзіне жар етуі Жайықтың ерлік сынынан өтуі болса, ол бұдан кейін де көп тосқауылдарға кездеседі. Ал Еділ батырдың көзін жойғысы келетін жау жезтырнақ болып көрінеді. Еділ жезтырнақтарға қарсы соғыс ашқанда оған қарапайым халық жәрдемге келеді. Әкесін іздеп жолға шыққан Бертештің жолын тосқан тағы да бір Қарадәуді одан зәбір көріп келген ел жабылып жүріп жөнөді. Мұның өзі ертегінің «жеке» жүрген ерлері еллік мүдделер үшін күресетін эпос қаһарманына айналғанын аңғартады. Еділді іздеп тауып, күш біріктіруді аңсаған Жайық өз шаңырағының ғана қамын көздемей, жұртшылық мұратын биік тұтады.

Жүрейн десе Жайық ер,  
Сұлуды көзі кимайды.  
Жүрмейін десе сапарға  
Еділсіз көңіл тынбайды...

Ел бақытынсыз жеке адамның бақыты толық болмайтынын ертегілік эпос осылайша кемел тұжырымдайды, халық үшін қайрат жұмсаудан артық қасиетті іс болмайтынын мәңгілік ғибрат етіп қалдырады...

Көне эпостың өрнегі неғұрлым толық сақталған нұсқалардың бірі — «Дотан батыр». Мұнда ертеп пен эпостың өзіндік нышандары алмасып отырады, ескі сарындарға берінігі замандардың белгілері жамалады. Оқиғаның Орманбет хан дәуірінде болған деп хабарлануы жырды кейінгі тарихи хронологияға жақындатудың көрінісі. Сондай-ақ аты ұмытылған бұрынғы жаулар орнына ағышулы қалмақ жау алынған. Бірақ Орманбет хан да, қалмақ зорлықшылары да батырлық ертегінің сипатын көлегейлей алмайды. Құбакан байдың қырық ұлының қалыңдық іздеп белгісіз алыс сапарға шығуы, жалмауыз кемпірдің талап етуімен әлгі қырықтың кенжесі Дотанның неше жылдық жол жүріп, Шынтемір ханның еліне келуі, жолда Дотанға жезаяқ, таусоғар, сакқұлақ, көзбояушы, хас мергендер кездесіп, адал серік болуы, ханның қызын алуы үшін болған бәсеке жарыстарда бұлардың барлық шартты орындап шығуы, сол елге салмақ салып, зорлық еткен қалмақ ханы Жәзіраны жоюы, ақырында Дотанның Шынтемір хан қызын алып қайтуы — мұның бәрі ертегілік фабула тізбектері болып саналады. Жырдың ақырғы тұсында оқиғаның өрбуі жана сипатқа көшеді, ендігі жерде Құбакан бай балаларының үйленуі нақты жау — қалмақтардан көрші жатқан елді азат ету қажеттігімен байланыстырылады.

«Дотан батырда» адамдардың қадим замандардағы дүниетанымын, салт-санасын байқататын белгілер аз емес. Мұнда жалмауыз кемпір айласы мен күші ешкімді шак келтірмейтін, төңірекке үрей туғызып жүрген, айтқаны орындалмай қалмайтын тажал секілді елестейді. Оны жеңу адамдардың еркін тыныстауының басты шартына айналады. Жалмауыз кемпір бейнесінде өте ертедегі анаеркі (матриархат) заманының кейбір сарқыпшақтары сезілетінін фольклор зерттеушілер атап өткен болатын. Жырда айтылатын айдаладағы жалғыз бәйтерек бейнесі де кезлейсоқ алынбағаны анық. Алғашқы қауым адамдарының табиғат сырларын меңгеріп болмаған дәрменсіз шағында жапырағы жайқалған бәйтеректер пана да, көленке де, тіршілік мекені де болғанының жаңғырығы жырда естілгендей. Қазақтың басқа жырлары мен ертегілерінде аталатын шоқтеректер мен бәйтеректер де қиял жемісі емес, бір кездегі адамдар болмысының куәлігі секілді.

Ертегілік эпостың қаһармандары көбінесе аншылар, мергендер болып келетіні ортақ заңдылықтай нәрсе. Аншылық адам қауымының ең ілкі кезеңіне тән кәсіп болып табылады. Түркі-моңғол халықтарының көне жырларында да мергендер негізгі кейіпкерлер легінде жүреді. Қазақ арасында осы үлгідегі кен таралған жырдың бірі — «Құламерген». Әуел баста мұның ертегі ретінде айтылғаны күмән тудырмайды. Кейіннен ертегі эпосқа көшкенде оған кейбір соны өрнектер қосылғаны көрінді... Адамдар көзінен аулақта тіршілік етіп жүрген Құламерген өміріне тартыс әкелетін тек жыртқыш аңдар емес, қиянатшылар мен зорлықшылар мұхит шетінде «бүркіт салып, ит жүгіртіп» жүрген жанның өмір шырқын бұзады. Алыстағы Бұлғар патшасы Қасым Құламергеннің әйелі Күнәйімге сұқтанып, мергенді өлтірмек болады. Құламерген қапыда келіп басқан жауынан айласын асырып, ажалдан құтылады, опасыз Күнәйімді төркініне апарып тастайды, Балумаржан атты балдызына үйленеді. Бұдан кейінгі оқиғаның бел ортасында Құламергеннің батыр ұлы Жоямерген жүреді. Жоямергеннің қас жауы мыстан кемпір мен оның баласы Орақты болады. Орақты түсін өзгертіп, құбыла білетін сиқыры бар дұшпан ретінде жас батырды шыралаңға салады. Бұл арада ертедегі адамдардың сиқырлы күштерге — магияға сенетін кезеңі із қалдырған. Сонымен қатар жырда су асты әлемінің де әңгімесі орын алған. Жоямергеннің ерлігін сынға салатын оқиғалардың біразы су асты патшасы Жыланбектің құзырында өтеді. Көне мифтік ұғым бойынша әлем әлденеше қат-қабаттан тұрады деп есептелген, жер астында да тіршілік бар деген наным үстем болған. «Құламергеннен» де осы ұғымның мысалын көреміз.

«Құламергенде» ер қанаты — аттың қадір-қасиеті ерекше шоқтықтанып көрінген. Ділдәш ат Жоямергенге керек жерінде «ақылшы» ғана емес, су астындағы алтын қазанды алып шығатын, адамнан зыят сенімді серік те болып сипатталған. Жыр қиянат, зорлық, арамдық, опасыздықты өшкерелеп, адал жанлардың мұратқа жеткенін көрсетіп қана қоймай, әкеден балаға жалғасқан ерлікті де мадақ етеді...

Ертегілердің жырға айналу жолдары түрлі-түрлі. Бірсыпыра жағдайда ертегінің оқиғалық, құрылыстық жүйесі сақтала отырса да, шығарманың идеялық құлашы кеңейіп, тарихи дәуірлер шындығына жақындай түсетініне «Дотан батыр», «Еділ-Жайық», «Құламерген» жырлары көз жеткізеді. Жырды айтушы өзінің

ансарына орай ертегілік фабуланың барлық тізбегін емес, солардың ішіндегі жеке сарындарды ғана бөліп, екішеп алуы мүмкін. Енді бір жағдайда кейбір ескі мотив-сарындар шығарманың мақсатын күшейте, өткірлей түсу үшін пайдаланылып отырған. Олардың өзіне тән ерекшелігі қандай да болмасын қалыптасқан модель — қалыпқа сыймайды.

Жыр кестесіне негізгі мазмұны көп өзгеріске түспей ауысатын сәттер де сирек емес. Шығыс аңыздарынан пайда болған сарындарда бұл жағдай көбірек ұшырайды. «Рауан батыр», «Үш жетім» жырларында да басты қаһармандар алаштарды қасақы күштерден қорғайтын жас батырлар, мергендер болып келеді. «Үш жетімде» ағайынды Болатхан, Асылхан, Алмасхан дегендердің кәсібі «садақ тарту, оқ ату» екені, осындай өнерінің арқасында олардың әрқайсысы елдің жанашыр ұлдары бола алғандықтары айтылады: Болатхан айлаһарды, Асылхан арыстанды жайратады, ал бұлардың кенжесі Алмасханның ерлігі мен ептілігі бәрінен де асып түседі.

«Мәлік батыр», «Арық мерген», «Әділ Зайыт», «Ер Бегзат» жырларының да тым көне дәуір елесін жеткізетін ертегілік өрнегі басым екені көрініс түр. Сонымен қатар бұлардың қай-қайсысында да полистадиялық бітім байқалмайды емес. «Таза» ертегі түрінде берілген әңгіменің де жекелеген соңылықтары болатыны бұл арадан да қылаң береді. «Мәлік батырдың» негізгі нысанасы бейбіт халықты жеті басты жалмауыздың қысымынан құтқару болатыны адамдар тіршілігінің байырғы кезеңін меңзесе, жыр қаһарманының қарызын өтей алмай жанталасқан ғаріпті осындай мүшкіл күйден құтқарып алуы мүлде басқа заманның шындығынан хабардар етеді. Жыр адам баласына қайырымдылық көрсету, торыққан мен тарыққанға қол ұшын беру, біреуге жасалған жақсылықты парызым деп білу өмірдің биік мұраты екенін ғибрат етеді...

Қазақ ертегілік эпосының құрамы туралы сөз болғанда олардың көбінде халықтың бұрынғы өткен бұлдыр кезеңі елестейтіні табиғи. Тіршілік үшін күрес, жыртқыш аңдарға қарсы әрекет, жезтырнақтар, диюлар, мыстандар зорлығы мен зұлымдығына тойтарыс беру тәрізді сарындар сол ертегілерге ортақ желі болып тартылады. Тарихи дәуірлердің тереңіне сүңгіген сайын мұндай оқиғалардың көп елдердің ауыз әдебиетіне тән ұқсастығы байқала береді. Әйткені кейінгі замандардағы даму дәрежесінің әр

түрлі деңгейіне қарамастан адамзаттың басып өткен ұзақ жолында бір-біріне қарайлас, үндес халдер мол болады. Табиғат сырларын түсіну мен танудың балан, өндіргіш күштердің әлсіз кездерінде, адам өміріне төнген қауіп-қатер көбінесе азулы аңдар, дүниені жалмаса да тойымы жоқ дәуірлер, қулығы мен сұмдығы жаннан асқан мыстандар, сиқырлы, айлалы жезтырнақтар бейнесінде елестеген. Көптеген халықтардың фольклорында дәл осындай ахуалдың ізі қалған.

«Арық мерген» деген жырда бірталай ертегісімекте (былички) орын алған сарын қайталанатын, мұнда да далада жүрген мергенге әйел бейнесінде жезтырнақтың жолыққаны, қастық ойлап, аңшыны өлтірмек болғаны, бірақ мерген жезтырнақтап айласын асырып кеткені айтылады. Бұдан кейін Арық мерген бір бұлақтың басында жолбарыс мекеніне тап болып, бұл жыртқышты да жояды. Бәрінен қызығы мергеннің жалғыз көзді адамға кездесуі. Жалғыз көзді адам Арық мергенді өзінің үңгіріне алып келіп, дарбазаны тарс жауып қояды. Ол адам етін жейтін кісісіз екен. Ажал тұзағына түскенін сезген Арық мерген енді бұл арадан қалай аман кетуді ойлап, есебін тауып, дәудің жалғыз көзін пығарады. Мерген үңгірдегі қойлардың біреуін сойып, оның терісін жамылып, есіктен шығып кетеді. Ақырында елдің үрейін ұшырып келген жалғыз көзді дәу өлтіріліп, айналадағы халық тыныш табады. Бұл арадан да жалғыз көзді адам жегіш дәу туралы фабулапшы жаһанның әр бұрышына кең таралғанын көруге болады.

Әуел бастағы түбірі шығыс елдерінен тарағаны анық байқалып тұрған «Әділ Зайыт» жыр-ертегісінің де айтарлық ғибраты мәнді. Мұның алғашқы тұсында Зайыт есімді кедейдің жайы сөз болады. Ешкімнің байлығына сұқтанбайтын, қанағатшыл Зайыттың пейіліне лайық оның қолына күндердің күнінде «бақыт құсы» қонғаны, соның арқасында байығаны айтылады. Жырдың насихат еспек болған түпкі мұраты дүниеқұмарлықтың алдамшы көрініс екенін, көздің құрты болған байлықтың ешкімге де опа бермейтінін ескерту болып табылады.

Дүние түбірі шірік бір бөйтерек,  
Кетеді шыңға құлап ырғасыңыз, —

деген жолдар ертегі-жырдың бағдарын білдірді. Арамнан мал жинама, нысанғы бол, нәпсінді тежеп үйрен, мықтылықтың үлкені өзінді-өзін ұстай білу деп келетін өсиет-қағида көрініс береді.

Жыр қаһарманы Зайыт міне осы ережені берік ұстанған жан болып мадақталады. Бірақ байлықты көтере алмайтын, дүниенің жылтырағына мастанып, адамшылықты ұмытатын, азғындық жолына түсетін, тәубасынан жаңылатын жандар да болады. Зайыттың әйелі Айымхан теріс жолға түсіп, көңілдес ойнасына жағыну үшін өзінің туған баласын өлімге қиюдан тартынбайды. Ақырында оның сұмдық пиғылы іске аспайды, баласы Бараттың басына бақ қонып, бір елге патша болады. Айымхан қылмысы үшін өлім жазасына кесілетін болғанда күйеуі Зайыт кешірім жасайды...

Зайыттың патша тағына отырған ұлы Бараттың ерекше ер екені көрсетілді. Барат жасынан мергендік құрып, өзінің батылдығын, қайраттылығын танытқан («Аң аулап, Барат бала кәсіп етті»). Шаһарды айдаһар жұтпақ болғанда Барат асқан батырлық көрсетіп, жыртқышты жайратады, халықты өлім қаупінен құтқарады. Осындай теңдесі жоқ қайраты үшін ол патша қызына үйленеді, таққа ие болады. Халықтың әділ санасы, жүйрік қиялы жамандықты әшке-релеп, жақсылықты қолдайды, ел үнін қызмет көрсетуден артық атак, бақыт жоқ дейтін аңсарды алға тартады...

«Ер Бегзат» — батырлық ертегінің барлық өрнегі сақталған түріне жатады. Бегзаттың орте ер жетуі, ел қамын ойлап атқа мінуі, ерекше күш иесі болуы эпостық қаһарманның бөріне ортақ көріністер.

Есейіп тоғыз жасқа Бегзат жетті,  
Құдайым күш берді оған күдіретті...  
Ер Бегзат атқа мінді он жасынан,  
Көрген жан таң қалады тұлғасынан...  
Атады қырық құлан, жүз киікті,  
Жиялы бір-екі күн таудай етті...

Әкесі Бегзатты жыртқыш аңдардың көптігінен, халыққа зорлық жасаушы жаулардың қастандығынан сақтандырады. Бегзат аюды алып ұрады, «арыстанды тымақтай қып лақтырады», ысқырған айдаһарды қылышпен екі бөледі. Сөйтіп жүріп отырып бір шаһарға жетеді. Ол Бакытнұра деген патшаның сұлу қызы Гүлсіммен тіл табысады. Гүлсім де, оның шешесі Күлән де оқиғаның осылай боларын түс көріп білген болады... Бірақ Бегзат пен Гүлсімнің өздері жарасқанмен, бұлардың жолында зор кедергі тұрады. Ол — көрші елдің патшасы Байғаламның Гүлсімді

алмақ болуы. Байғаламға қарсы шығатын күш Бакытнұрада жоқ екен. Сол үшін бұл патшалықты қорғау Бегзатқа жүктеледі. Бегзат жекпе-жек ұрыста Байғаламның батыры Күбішті өлтіреді... Бакытнұра қызы Гүлсімді той жасап, Бегзатқа береді. Тойға «бір мың қой, бес жүз жылқы сойылады». Ата-анасын сағынған Бегзат өз еліне барып қайтуды ойлайды. Жолда әкесінің кер биісін тартып алған бір қарақшыны жазалайды, әке-шешесімен көрісіп, мауқын басады. Осы кезде Бакытнұраның шаһарын бір айдаһар жұтқалы жатыр екен деген хабар келеді. Бегзат айдаһарды өлтіріп, сол шаһарға патша болады. Ақырында ол әділ билеуші атанып, мұратына жетеді. Ертегі-жырда халықты жаудан да қорғайтын, әділетсіздіктен де сақтайтын патша бейнесін жасау мақсаты көзделгені айқын...

Әрі архаикалық белгілерін неғұрлым көбірек сақтаған, әрі қаһармандық эпос деңгейіне көтерілген, көркемдік кестесі тартымды жырлардың бірі — «Құбығұл». Жырдың басталу тұсы да эпостық шалқыма әсірелеу арқылы берілген.

Көк Еділдің бойында,  
Уәли деген хан болған.  
Батыр болған, бай болған,  
Төрт түлігі сай болған...  
Малы менен бағы тең,  
Тәрбиесі тағы тең.  
Шеттен дұшпан көз салса,  
Әскер, құрал бәрі тең...

Осындай байлық пен сән-салтанат иесінің көңіліндегі жалғыз мұны перзентсіздігі болады. Уәли хан күндердің күнінде ажал сағаты жеткенде мал мен бағыма кім ие болады деп қатты уайымдайды. Әсіресе оған қарауындағы елдің сырт айналып кете бастағаны, оның бірден-бір себебі баласыздық тақсіреті екені қатты батады.

Қартаю келген шағында,  
Халқы ханға келмеді.  
Алдияр айтып ханына,  
Елі сәлем бермесі...  
Әркімнен көрді зорлықты...

Елді уысында мықтап ұстап тұратын қайратты басшысы болмаса, берекесі кететіні, ондай кезде ауа жайылу етек алатыны

ежелден белгілі. Сенімді мұрагері болмаған ханның басындағы тақсірет тіпті қалың болатыны да түсінікті. Демек, Уәли ханның қайғысы өмір шындығынан туғандығында шүбә болмаса керек. Сондықтан да жетпіске келген ел ағасының перзент тілеуі өте салдарлы оқиға саналған. Бұл мәселеге жырда ерекше мән берілетіні де осыдан.

Уәли ханның зар-наласы, шер-шемені ақтық арманы болып төгіледі.

Құлдардың көрген зәбірі,  
Түп-түбіме жетті ғой...  
Бір баланың қайғысы  
Басынан бақты төкті ғой...  
Пірлерден тілек тілейін,  
Темір аса қолға алып,  
Темір кәбіс киейін...  
Мен патшамын демейін,  
Енді қалған өмірді  
Таланымнан көрейін.  
Жердің жүзін кезейін,  
Бақ пен малдан безейін...

Бұрынғы шалқыған байлық пен дәуірлеген атақтан енді ешқандай пайда жоқ екенін Уәли хан мойындайды:

Ықпалым жүрген күнімде,  
Қайырлы патша мен болдым.  
Бақ, дәулетке кен болдым,  
Қайыспас берен ер болдым.  
Бір баланың жоқтығы  
Қартайған күнде кем болдым.  
Таптаған тақыр мысалы  
Бейне қара жер болдым...

Әулие аралаған ханның көрген жол азабы да («аяққа киген кәбістің теңгедейі қалады, қолға алған асаның тебендейі қалады») кең суреттелген. Баба түкті әулие Уәлидің тілегін қабыл етіп, хан қартайған шағында перзентті болады. «Күдіреттің күшімен» бала тілеу сарыны – өте көпе дәуір түсінігі. Әрбір жан иесінің иесі – тотемі болады деп есіңтеу адамзаттың сан замандар бойында күмәнсіз табылған сенімі болатын. Сол «иелер» кейіннен кәміл пірлер, кейде ғайып ерен қырық шілтендер бейнесіне ауысып отырған...

Уәлидің әйелі Қаныш жүкті кезінде алмас тасқа жерік болған делінеді. Ол көк тасты «ауызға салып шайнайды, тастан тісі таймайды». Заттарға керемет туғызарлық күш деп сену – фетишизм де ежелгі дүние адамдарының ұғымы. Жыршы да, тыңдаушы жұртшылық та осындай халде дүниеге келген баланың болашақта елден асқан қасиеті болатынына күмән келтірмеген. Осындай «жебеушілері» бар Құбығұл тез есейеді, жедел ер жетеді.

Құбығұл туғанда Уәли ұлан-асыр той жасайды. Ғайыштың күшімен пайда болған баланың қуанышы да елден ерек болмағы эпостық шарттылыққа сыйымды. Тойға келген түрлі қауым өкілдерін тізіп, бірінен-бірінен әсірелей суреттеу жырға серпінді ажар қосады. «Айғыр сойып ақыртты, бура сойып бақыртты, қол астын қоймай шақыртты» деп басталған үдемелі жолдар көз алдымыздан тізбек-тізбек болып өтеді.

Тұлпар мініп, ту алған,  
Жау легенде қуанған,  
Ер де келді ол тойға...  
Жүйрік мініп ұрынған,  
Той легенде қызынған  
Сері де келді ол тойға...  
Үкімін жұртқа жүргізген,  
Ел бастаған би менен  
Бек те келді ол тойға...  
Қол астынан сырқары  
Шет те келді ол тойға...  
Батыр менен жиынға  
Пан да келді ол тойға.  
Қарақлысы қасыңда  
Хан да келді ол тойға...

Қазақ жырларында той салтанатын дәл «Құбығұлдағыдай» жүйелі де жарасымды бейнеленген шығарма сирек-ақ шығар. Егер қылқалам шебері осы сипаттамаларды суретке салса, қазақ қоғамының өкілдерін өздеріне тәп ерекшелігімен толық та ашық елестеткен болар еді...

Жырдың бұл тұстағы көркем кестесін дәлелдеу үшін тағы да бірер шумақ мысал келтірейік:

Кер маралдай керіліп,  
Басуына ерініп,  
Той легенде серігіп,  
Сауырдан шашы төгіліп,

Қос шашбауын тебініп,  
Құмырсакадай белі бар,  
Қас сүрмелі көзі бар,  
Сұлу, сымбат жолы бар,  
Қылан кердей қыландап,  
Ақ қайрандай сыландап,  
Нәзік белі бұрандап,  
Қыз да келді ол тойға...

Халық ойындарының суреті де танытқыштық мәнге ие («алтын кабак аттырды, ат бәйгесін шаптырды, риза етін халықты, қуандырын шат қылды, сапырулы сары қымыз, келген жанды мас қылды»). Құбығұлды бесікке бөлеу рәсімі де салтанатты жалғастырылады.

Қаһарманның ерте ер жетуі де оның ғажайып «туысына» орайлас («Бес пен алты жасында, бала ойлайды ақылды»). Ол жеті жасқа келгенде ат жақсысын тандап мініпті.

Жырда кейіпкерлердің түс көріп, алда болатын істердің бағдарын біліп отыруы жиі кездеседі. Түс көру секілді жұмбақ құбылысты ертедегі адамдар келешекті болжайтын тәсілдің бірі деп қараған, оған айрықша мән беріп отырған. Ғашықтардың түс көру кезінде бір-бірімен танысуы, тіпті «сөйлесуі» бірталай жырда орын алатынын білеміз. Түс көру процесі «Құбығұл» жырында сюжеттік-композициялық желінің шымыр тартылуына да қызмет етеді. Құбығұлдың алыстағы Ақбілекті іздеп, белгісіз ауыр сапарға аттануына түсінде көрген қызының «шақыруы» себеп болады. Мұның өзі жырда көне замандар адамдарының тылсым (фетишизм, анимизм) күштерге қалтқысыз иланғанын көрсетеді.

Құбығұлдың қатерлі жырақ жолға аттануына әке-шешесі көпке дейін ризалық бермейді, елден тандап, қалаған қызынды ал деп үгіттейді («ханның қызы ханша бар, байдың қызы панша бар, бұралған белі талша бар»). Бірақ баласының алған бетінен қайтпайтынын көріп, олар амалсыздан илігеді... Құбығұлдың жолға мінер ат тандауы да өте жауапты әрекет болып баяндалады. Жас батырдың көп тұлпардың ішінен тандап мінгені құлаша ат болды. Құлашаның шабысы қазақтың қаһармандық эпосындағы ең үздік үлгілермен деңгейлес болып көрінеді.

Сауырдан тері шыққанда,  
Жұлдыздайын ағалы.  
Танауынан дем шығып,

Қолтығынан тер шығып,  
Зулап кетіп баралы.  
Тұяғы тиген жерлерді  
Жер ошақтай қазады...  
Басып кеткен іздері  
Қазылып жатқан ор болды.  
Жүрген жері жол болды.  
Қара тері құйылып,  
Бүркіт күстай шүйіліп,  
Біресе бауыр жазылып,  
Біресе белі бүгіліп  
Екі көзі жалтылдап,  
Сүйек тәні қызынып.  
Құйрығын тігіп құландай...

Қиын-қыстау кездерде Құлаша атқа тіл бітіп «сөйлейді», ол Құбығұлдың жол серігі ғана емес, ой серігі де болады... Әділбайдың еліне Құбығұл «қайыршы» сипатында келіп, біраз уақыт «қойшы» болып жүреді. Қаһарманның жасырын жүріп, шешуші сәтатқа дейін шын пиғылын байқатпауы ертегілік эпосқа тән тәсілдің бірі.

Жырда ата-ананың ақ батасы жарылқайды, теріс бата жамандыққа ұрындырады деген ұғымның «растығы» дәлелденген. Ақбілекті алып қайтқан Құбығұл қыздың «түс көрдім, бұл жер қауіпті» дегеніне карамай бір судың бойына аялдауды ұйғарады, сол жерде Ақбілекті айдаһар жұтады. Бұлай болуы қыз әкесі Әділбайдың теріс бата бергендігінен делінеді. Әке шешіміне қайшы келген қызына Әділбай:

Тілегінді бермегір,  
Көзінің жасын көрмегір.  
Жолдасыңнан айырылып,  
Қайғыменен өнірегір.  
Қайғыменен қамыққыр,  
Құса болып тарыққыр.  
Жолдасыңнан айырылып  
Жалғыз қалып зарыққыр... —

деп қарғыс айтқан болатын. Жырды шығарушы да, айтушы да, тындаушы да сөздің киелі күшіне сенетіндігі шығарманың көне белгілеріне жатады.

Қаһарманды қысылған жерде қолдаушы иелер — көміл пірлер қызметі архаикалық дәуірлер шындығын елестетеді. Ақбілекті

айдаһар жұтып, Құбығұл қамығып тұрған кезде әлгі көміл пірлер «ақыл айтып», жөн нұсқайды. Осыдан кейін барып Ақбілек өмірге қайта келгендей болады...

Құбығұлдың қалмақ жауларымен соғысып, жеңіске жетуі жырдың батырлық ертегі дәстүрінде жасалғанын көрсетеді. Сонымен қатар «Құбығұл» ғашықтық эпосқа тән өрнектерімен де ерекшеленеді. Құбығұл мен Ақбілектің бір-бірімен түсінде тапысуы, бұлардың қосылуы әуел бастан «пешенесіне» жазылған деген ұғымды аңғартпақ. Ғашықтардың көп сергелден мен сарсанды бастан кешіріп, мұратқа жетуі, кедергі мен кесірді кесіп өтуі – бәрі де жырдың құрылыстық жүйесінде батырлықпен қатар махаббат сарышы да елеулі орын алатынын әйгілейді. Бұл мысал да эпос атаулының полистадиялы – көпқабатты болатынын байқатады...

Сөз болып отырған жырлардың бәріне ортақ ертегілік, кейде мифтік, киял-аңыздық жайларды бірсыпыра әңгімеледік. Бірақ бұларда ерте заман оқиғалары мен дүниетанымы мүлде өзгеріссіз, байырғы қалпында қайталанған деп қарауға болмайды. Айтушы мен жыршы қандай хикаяны болмасын тыңдаушы ортаға лайықтап, белгілі бір тарихи дәуірге «жақындатып» әкелетіні де түсінікті. Көне оқиға шығармаға айналғанда, белгілі дәрежеде жана ша талданбай тұрмайды. Жырда, шартты түрде болса да, оқиғалар өтетін, кейіпкерлер өмір кешетін мекендер, елдер аттары көрсетілуі дәстүрге айналған нәрсе. «Құбығұл» оқиғасы «көк Еділдің бойында», «орта ноғай елінде» болған делінеді. Шындығында, мұнда айтылатын өмірлік мазмұндар тек қана бір дәуірдің ауқымына әсте де сыймайды. Жырда халықтың мыңдаған жылдарда қалыптасқан салт-санасының, әдет-ғұрпының, дүниетанымының өзінше бір қорытындысы көрінеді. «Оқиға пәлсі жерде» өтті деушілік ауыз әдебиеті туындыларына тән көркемдік тәсіл ғана. Сондай-ақ жау ығни дерлік қалмақ болатыны да бертінгі кездерде пайда болған хаттамалар. Қалмақ пен қазақ арасындағы үздік-создық соғыстар XVII – XVIII ғасырларда ғана жиі орын алғаны тарихтан белгілі. Ал одан бұрынғы мыңдаған жылдарда соғысқан дұшпандар аты ұмыт болғандықтан ауызға алынбайды. Мұның бәрі фольклор жаратындыларының мақсаты нақтылы бір кезеңнің, белгілі тарихи адамдардың мінез-құлқын, өзара тартысын, қайшылығын, күресін ашып көрсету емес, қоғамдық, адамдық құбылыстардың жалпы мазмұны мен бағытын, жақсылық пен жаман-

лықтың тайталасы, ізгіліктің жеңісі, зұлымдықтың маңсұқталуы секілді ірі ақиқаттарды, мәңгілік мәселелерді халықтың үміті мен арманына сәйкес бейнелеу екенін аңғартады.

Әрине, әрбір жырда тарихи шындық пен көркемдік киялдың ара қатынасы түрліше болмақ. Кейбір мұрада ертегілік, көнелік эпизодтар ұшырап отырса да, мазмұны жағынан тарихи аңызға жақынырақ тұрғаны байқалады. Бұған «Орақты батыр» жыршы мысалға алуға болады. Мұнда да қаһарман жолында жыртықшы аңдар, жалмауыздар кездеседі. Орақты асқан батырлық көрсетіп, олардың бәрін жеңіп шығады. Бұл реттен алғанда жырда ертегілік эпос шарты сақталған тәрізді. Бірақ жырдағы басым сарын бұлар емес, Орақты батырдың өз руластарына қоныс іздеу тарихы шығармада негізгі нысанаға айналған. Сондықтан да «Орақты батырды» тарихи аңыз-әңгімеге негізделген жыр деп қарау керек. Мұны қаһармандық эпосқа жақындатып тұрған Орақты батырлық дара әрекеттері ғана.

Он жетіде Орақты,  
Қорғаймын деп елімді,  
Көксерек атты сайлады,  
Бұрынғы ерлер жолымен,  
Қанжарын батыр қайрады,  
Садақтың оғын жайлады,  
Шоқпарын белге байлады...

Жырда көненің көнесі дерлік құбылыстар аралас келіп отырады. Мәселен, адам мен айуанның аралығындағы жан ислері, зооморфтық бейнелер кескіні былайша берілген:

Бас жағы адам қарағым,  
Бөксесінің жүні бар.  
Адам да емес, ит те емес,  
Әйтеуір жаман түрі бар.  
Біреуі қара, біреуі ақ,  
Аузынан көбік ағады,  
Сала құлаш тілі бар,  
Түсі суық у мен зар,  
Қорыққаннан көмейден,  
Жүрмей қалды татқан нәр...

Мұның бәрі қаһарманның жеңіп өтуге тиіс кедергілері мен алда тосқан қауіп-қатерінің мол екенін аңғарту үшін алынған қоспалар екені көрініп тұр. Ал қаһарманның және оның ру-елінің

аты да, жүріп өткен қоныстары да Қазақстанның өз ішіндегі өңірлер екені айдан анық баяндалған.

Сүйсінді Балтық көрген соң,  
Іздеп тапқан жеріне.  
Жеріне сәйкес көліне.  
Жеріне шыққан шөбіне...  
Бұл жерге тартыс салатын,  
Қорқытын тартып алатын,  
Жақын ел жоқ шенінде.  
Келген жылы Жалайыр,  
Ілеге егін салады.  
Астық алып сол жылы  
Қарық болып қалады.  
Ашығып келген халықтың  
Астыққа тойды тамағы...

Бұл айтылғандар эпостық жырдың қатарында есте жоқ ескі заманның да, кешегі күндердің шындығы қым-қуыт аралас-құралас жүре алатынын аңғартады. Тіршіліктің жаңа мүдделері жырдың дәстүрлі құрылысына да, оқиғалық жүйесіне де шым-шымдап өз жаңалығын қосып, әрқашан байып, дамып, құбылып отыруы эпикалық сананың диалектикасын танытады...

## ҚАҒАРМАНДЫҚ ЭПОС

Әрбір халықтың да эпикалық аңыздары қатарынан қаһармандық жырлардың\* алатын орны үлкен. Бұлай болуының түрлі себептері бар.

Ең алдымен қаһармандық эпос елдің сан ғасырларда бастан кешкен тарихын, салт-санасын өзгеше көркем жинақтайды; түрлі оқиғаларға өзіндік көзқарасын, бағасын белгілейді, алдан күткен

\* Қазақ фольклорын зерттеу еңбектерінде эпостың бұл түрі көбінесе «батырлар жыры», «батырлық эпос» деп аталады. Мұндай дәстүрлі терминдермен қатар «қаһармандық эпос» деген атауды да қолдануды орынды деп санаймыз. Оның себебі мынада: орысша жазылған фольклористикалық еңбектерді «богатырская сказка», «героический эпос» деген ұғымдардың бірыңғай «батырлық» сөзімен аударылуы олардың арасындағы кейбір түбегейлі айырмашылықтарды әрдайым толық бейнелей алмаса керек. Сол үшін «богатырская сказканы» «батырлық ертегі», «героический эпосты» «қаһармандық эпос» деп атағанды жөн көрдік.

үмітін, аңсарын білдіреді. Тарихта орын тепкен белгілі оқиғалар мен істердің дәлме-дәл шежіресі, көшірмесі болмағанымен, қаһармандық эпос сондай құбылыстардың терең, түпкілікті мәнін, тұжырымын аңғартады. Осы тұрғыдан алып қарағанда батырлық жырлар тарихтың желісі де емес, әрі сол желіден мүлде «қара үзіп» те қалмайды. Эпостық жинақтаулардың қайталанбас ғажайып табиғатының бір қыры осында.

Қаһармандық эпостың халыққа қызықты болып, атадан балаға, әулеттен әулетке ауысып, ұмытылмай келуінің тағы да бір құпиясы оның теңдесі жоқ көркемдік бітіміне, өз бойына қиялдау, бейнелеудің алуан өрнектерін сыйғыза білгендігіне байланысты. А.М.Горькийдің «ең жарқын, терең, көркемдігі кемел тұлғалар ауыз әдебиетінде жасалған» (1) дейтін тұжырымы мейлінше ақиқат. Ерліктің, отансүйгіштіктің, белгілі бір мақсат жолында жан аямай күресетіндіктің, намыстылықтың неше алуан үлгісін танытатын қаһармандар эпос туындыларында көптеп кездеседі.

Адам бойында ұшырайтын ұнамды, ұнамсыз мінездер мен қасиеттерді әсірелеп, ірілеп, естен кетпестей көрнекті етіп бере білушілік те эпоста әрдайым биік үлгі ретінде саналады.

Әсіресе қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адамзат қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудын, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі проблема болып келген. Дәл осы аңсар батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады. Бұл жөнінде фольклоршылар пікірі бір жерге түйісіп отырады (2).

Қазақ эпосының күрделі бөлегін құрайтын батырлар жырында осы белгілер толығымен бар. Әрине, әрбір жырдың құрылысына, идеялық бағытына лайық ерлік сарыны түрлі дәрежеде көрініс береді. Сонда да болса қаһармандық аңыздардың басты пафосы — ерлік, Отан қорғау болып келеді.

Батырлық жырлардағы ерліктің сипаты өзгеше. Мұндағы қаһармандар ел үшін қандай да болмасын қауіпке қарсы барады, жаулармен арпалысады, неше түрлі сергелден, сарсаңға, ауыр сын-дарға душар болады; ақырында жеңіске, мұратына жетеді. Міне, осындай «жеңілмейтін қаһармандарды» суреттеу және оның бағысына ең асыл қасиеттерді жиып беруі халық қиялының шексіздігін көрсетеді және эпостық жырлардың ерксінелігін танытады.

Тарихтың ұзына бойында орын тепкен түрлі ұрыстар, ел басына түскен ауыртпалықтар эпостың ішкі заңдылығына бағындырыла сипатталады. Белгілі бір соғыстың немесе тартыстың ауқымында ғана қалу эпосқа тән емес. Эпос өмірде болған оқиғалардың санын да, хронологиясын да қуаламайды. Батырлық жырға қандай да болмасын құбылыстардың ел аңсарына сәйкес тұстары ғана іріктеліп алынады.

Халқымыздың тарихында тәуелсіздік үшін жүргізілген оқиғалардың ұзын тізбегі бар. Жеріміздің байлығына көз тігіп, халықтың ішіндегі түрлі қайшылықтарды, сәтсіз жағдайларды пайдаланып, замандар бойында сыртқы жаулар ауық-ауық қырғын соғыстар ашып, елді ауыр апаттарға ұшыратып отырған. Тарихи еңбектерде сол оқиғаның нақты себептері, жағдайлары, қатысушылары, нәтижесі тізілсе, эпос әлгіндей құбылыстарды өзінше пайымдайды. Өмірде орын тепкен үлкен күрестердің қашан да себеп, түрткілері нақтылы болып отырса, эпос соларды барынша екшеп, сығымдап, ең нәріпін ғана талғайды. Тарихи еңбекте озбыр жаулаушының аты-жөні анық ескертіліп, мекені, кәсібі, салты неғұрлым толық қамтылуы шарт. Ал эпос үшін дұшпанның аты емес, «заты» қажет. Сондай-ақ батырлар жырында «пәлен соғыста түген батыр ерлік көрсеткенін» дәл білу міндет саналмайды. Эпостағы қаһармандар көбінше өмірдегі болған адамдардың емес, ел түсінігі бойынша болуға тиісті жандардың бейнесін елестететіні осыдан.

Қазақтың қаһармандық эпосы ішінен жұртшылыққа неғұрлым танымал «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғыл», «Қамбар батыр» секілді нұсқалардың жалпы бітімінде классикалық батырлар жырына тән өрнектер толығырақ байқалады. Мұның өзі түрлі халықтар эпосы арасында кең мағынасындағы тарихи-типологиялық ұқсастықтар, маңызды заңдылықтар орын алатындығын аңғартады.

«Қобыланды батыр» жырында қаһарманның айқасатын жауларының ұлты бірде қалмақ, бірде қызылбас деп аталады. Осының өзі де эпостық жиіліктеудің заңдылығына тән көрініс. Жыршы мен тындаушы жұртшылық үшін жаудың аты кім болғаны онша есеп емес, сол дұшпанды жөніп, кеткен есені қайтару, елдің бірлігін қалпына келтіру, бейбіт өмірге қолын жеткізу маңызды. Басқа жырлардағы эпостық жаулар табиғаты туралы да осыны айтамыз. Бүкіл қазақ жырында эпостық жаулардың екеу-ақ —

қалмақ пен қызылбас болып келуі де осы пікірімізді дәлелдей түседі. Тек Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларда ғана тағы да бір эпостық дұшпан — ындыс аталады. Қазақ халқының сап гасырлық тарихында ұшырасқан жауларының аты-жөні бұл көрсетілгеннен анағұрлым көп болғанын білеміз. Бірақ олардың нақтылы аттары уақыт өте келе ұмытылып, кейінгі замандағы көп жауласқан ел — қалмақтар ғана эпостық дұшпан деп саналған. Мұның тағы да бір себебі эпостық шығармалар тек өткен дәуірдің шындығын ғана бейнелеумен шектелмей, өз кезеңінің де жанды сауалдарын қамтып отыратындығында. Эпостың ұмыт болмай, ғасырдан-ғасырға ауысып, ұласып келуінің де мәні оның заманалық тілектерге жауап бере алатындығында. Міне, мұндай жағдайда ұмыт бола бастаған бұрынғы эпостық жаулардың, ру мен тайпалардың атаулары кейінгі нақтылы тарихи жағдайларға, эпикалық процестерге лайық өзгеріп отыруы заңды құбылыс. Қазіргі түркі халықтарының шығу тегі бір эпостық шығармаларында ру, тайпа, қаһарман аттары кейде сәйкес келе бермеуі де олардың бертінгі тарихи өмірінің өзгешелігінен туса керек. Тіпті мұндай айырмашылық бір халық көлеміндегі жырдың версиялары мен варианттарынан да байқалып отырады.

Эпикалық сана мәселесін сөз еткенде де осындай жағдайға кездесеміз. Асылы, өмірде орын тепкен кішігірім істер, күрестер халық жадында сақталмайды. Тағдыр жолында сан рет қайталанған, ел есінен мәңгілік кетпестей болып із қалдырған, жер бетінде бар болу мен жоқ болудың тайталасы секілді орасан оқиғалар ғана жыршы, жырау назарына ілінген. Сол себептен эпикалық санада нақтылықтан жалпы шындық басым жатады.

Ел жадында әйтеуір батырлық, күштілік атаулының бәрі сақтала бермейді. Батырлық ру, тайпа, ел қорғауға, азаттық күреске жұмсалғаны ғана ерекше ілтипатқа алынған. Рулар арасындағы жүріп отырған әдеттегі талас немесе көрші халықтарға жасалған әділетсіз шабуыл халықтың эпикалық санасында сақтала бермейтіні байқалады. Кейде рулар арасындағы барымта немесе өзге елдерге жасалған әділетсіздік эпостан көрініс тапқанмен, олар мадақталмай, қайта кінәлау, айыптау тұрғысынан жырланатынын аңғару қиын емес. Өмірде жақсы істердің ғана өлмес даңққа ие болатыны секілді эпостың талғайтыны да қалың қауымға пайдалы тигізген ірі оқиғалар болмақ. Халықтың әділетсіз соғыстарды, кімге де болса нақаттан тиісін, зәбір көрсетушіні қолдамай-

тын көзқарасы эпостың өзінен де айқын көрініс беріп отырады. «Қобыланды батыр» жырында Қобыланды, Қарамандар Қазан ханды жеңіп, қайтар жолында Көбіктің де елін «олжалай» кетпек болған әрекеті тосын қиыншылықтарға кездестіретіні мәлім. Осы жолы Қобыландының өзі қолға түсіп, Қарлығаның көмегімен ғана тұтқыннан босайды. Эпикалық сана әділдік пен қиянат мәселесінде ешқашан ауытқымай, адаспай отыратынының бір мысалы осы.

«Қобыланды батыр» жырында батырлар бастан-аяқ қыпшақ елінің, кең мағынасында алғанда ноғайлы жұртының мүддесі үшін күреседі. Қобыландылар Қазан ханның еліне ежелгі кекті қуалап, ата жау болған соң ғана аттанады. Қазан да, Көбікті де, Алшағыр да кез келген сәтте қыпшақты шауып алуға әзір тұрған бітіспес, мәмілеге келмес жаулар деп есептеледі. Сондықтан да Қобыландының оларға аттануын «эпикалық сана» ақтайды, өте қажет, орынды әрекет деп есептеледі. Қобыландының жорығына ноғайлы қауымының бір бөлегі болып саналатын қият руы, оның Қараман бастаған батырлары да қатысады.

«Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларының да жетекші сарыны ел мүддесі үшін жасалған ерлікті мадақтау. Бұл мақсат әсіресе «Алпамыста» айрықша қуатты сезіледі. Алпамыс өзінің қалыңдығы Гүлбаршынды жау ортасынан сан түрлі ерлік көрсетіп, алып қайтқанда да, Байбөрінің жылқысын айдап кеткен қалмақ ханы Тайшық әскерін қырғанда да қапысыз батыр, қоңырат кегі үшін шыбын жанып аямайтын адал перзент болып сипатталады. Алпамыстың барлық әрекеті өз басы үшін емес, бүкіл қоңырат руластарының теңдігі мен бейбіт өмірі үшін болады. Осы мақсат жырдың бойына өшпес, нұрлы идея дарытады, орталық қаһармандарын халық махаббатына бөлейді.

Үстірт қарағанда «Ер Тарғын» жырында батырдың намыс отына қайралып, хас дүтіпанға атой салуына тікелей себеп жоқ секілді. Өйткені эпоста Тарғын өз елінен қылмысты болып, бойтасалап кеткен, Қырым жұртына сінген адам болып көрінеді ғой. Бірақ ол қалмаққа діні, тілі, тағдыры бір ноғайлы атынан аттанады. Бұл оның ұмтылыстарына табиғи негіз «дәлел» бола алады. Бір кезде бүгінгі қазақ, ноғай, қарақалпақ ноғайлы деген жалпы атпен мәлім болғаны белгілі. Тарғын, түптеп келгенде, жалпы ноғайлының намысын жыртықан ер есебінде көрсетіледі. Оның жауды жайпап түсетін қайратында шек жоқ болып сипатталады.

Сонда да болса Ер Тарғынның артында тілектес өз елі, туған отандастары тұрмағаны оны кейде қиындықтарға душар етеді. Бұл әсіресе Тарғынның Ханзада ханның жауын мұқатып беріп, өзі кездейсоқ ағаштан құлап, белі мерткікенде, айдалада қалдырылған кезінде айрықша жанға батырлық болады. Мұның соңында қалың қоңыраты мен қыпшағы тұрған Алпамыс, Қобыландыдай сенімді, жанқияр тірегі жоқ екенін эпос бүркемелемейді. Қатал шындықты эпикалық жырау қаз-қалпында, бүкпесіз бейнелейді. Ханзада хан елі жұртқа тастап кеткен Тарғынның монологынан бұл хал анық танылады.

...Бұлғыр, Бұлғыр, Бұлғыр тау,  
Бұлдырап тұрған құрғыр тау.  
Қаптай қонар елім жоқ,  
Елім-күнім Көрібоз,  
Сөйлесетін тілін жоқ.  
Ел таптырар ма екенсің,  
Арысан да жауар  
Көрсетер еді бір қара,  
Саған мінер белім жоқ,  
Белге қылар емім жоқ!  
Бұл шамаға келгенде  
Ажалым аштан болды ма,  
Ауызға жерге жемім жоқ.  
Егер өлсем бұл жерде,  
Сүйегімді ұстар теңім жоқ!  
Көк шалғынның үстінде  
Көгеріп келіп жатырмын,  
Үстіме киер кебім жоқ (3).

Бұл айтылғаннан эпоста ерліктің себебі мен қаһарман тағдырын суреттеудің түрлі-түрлі жолдары болатындығын көрсеміз. Бірақ жырдың құрылысы, ішкі дәлелдемелері өзгеше бола тұрса да, жалпы пафосы мен шешімінде үндестік анық болады. Қобыланды, Алпамыстар секілді Ер Тарғын да ақырында «мұратқа» жеткені хабарланады.

Кейде эпоста ерлік суреттер мен тұрмыстық салттарды көрсету аралас келетін ұстар болады. «Қамбар батырда» Қамбардың аңшылық өмірі, қарауындағы «алпыс үйлі аргын мен тоқсан үйлі тобырды» асырау үшін адал еңбектенуі кеңінен айтылады. Жырда қаһармандық және тұрмыстық элементтердің қатар берілуі түрлі себептен. Стадиялық жағынан алып қарағанда қаһармандық сипаты бар жырлардың өзі бір дәуірдің ғана туындысы емес-

тігі белгілі. «Қамбар батырда» көне ертегілік (мәселен, аншылық дәуір көрінісі) және қаһармандық жыр сарыны бірлесе орын тепкен. Осының өзі ел азаттығы үшін күрес идеясына шебер киюлас-тырылған. Қамбардың аш, арық кедей ауылдарды аң етімен асырап келгенін, оның өзіне қарсы атылған жолбарысты лақтырғанын көрсету жырдың бұдан былайғы сатысына көркемдік, идеялық әзірлік секілді. Қаһармандық эпоста батырдың жастай күші иесі болғанын көрсету шарт болатын. Ал «Қамбар батырда» қаһарманның ерте есейгендігі, жасынан үлкен істерге қабілеттігі біртіндеп көрсетілмегенімен, болашақта қалмақтың бетін қайтаратын батырдың тегеурінді қимыл-әрекеті алдын ала сездірілген. Бір ауылдың қамы үшін аңшылық етіп жүрген Қамбар кейінінен жалпы ноғайлы елі намысын жықпай, батыл ұрысқа шығады.

Қазақтың өзге батырлық жырларында да («Қарасай-Қазы», «Шора батыр», «Қырымның қырық батыры», т. б.) жеке бастың емес, бүкіл халық немесе тайпа тыныштығы үшін күресетін ерлердің ірі елдік істері алғы кезекке шығарылып көрсетіледі.

Мұндай жырлар замандар бойында халықты батырлыққа, шет жаулар алдында бас имеуге, қиындыққа мойымауға, дүниедегі ең үлкен еркіндік, ырыс — елдің тәуелсіздігі екенін санаға сіңіріп өсуіне төндесі жоқ тәрбиелік қызмет атқарған. Жүйелі оқиғаларға құрылған, қайталанбас көркем тұлғалары бар, асыл мұратты алға тартатын, халық қиялын сергек сақтауға септесетін эпостарихтын алмағайып, ауыр, кездейсоқтыққа толы, бұралаң жолының тағылымын ұқтыратын өнеге сабағы болған. Сонымен қатар мұнда елдің жақсылық пен жамандық, мәрттік пен пасықтық, ірілік пен төмендік туралы ұғымдары көрінген, дүниені түсінуі, «өмір осылай болуы керек» дейтін үміті мен арманы, кейінгіге қалдырған өсиеті тұжырымдалған.

Зерттеушілердің көрсетуі бойынша қаһармандық жырлардың көбіне тән негізгі белгілердің бірі — болашақ батырдың ғажайып туысы болып табылады (4). Бұл сарын (мотив) эпостан басқа жанрларда да (ертегі, аңыз) кездесетіні белгілі. Болашақ батырдың ғажайып туысының мифтік персонаждармен генетикалық байланысы, мифологияның ыдырауы кезеңінде пайда болған кейіпкерлерге қатысы бар екендігі көміл. Қаһарманның қандай жағдайда туғанын тәптіштеп айту тек композициялық тәсіл немесе өмірбаяндық қажетті элемент қана емес, мұның мәні тереңіректе жатыр. Байқап қарасақ, батырдың туғанына дейінгі ахуалды ес-

керту үлкен идеялық қызмет атқарады екен. Қартайған ата-ананың, дүйім бір елдің жаратқанның перзент сұрап, мінәжат етуі жеке отбасының ғана тілегі емес, белгілі бір ру, тайпаның шын мүддесі де болып есептелуі эпостың басталуына ерекше құпия қуат дарытқандай болады. Демек, қаһармандық дастан экспозициясы аса үлкен көркемдік рөл ойнайды.

Бұл жағдай «Алпамыс батыр» жырында неғұрлым толық түрінде берілген. Бүкіл Жиделі-Байсынды жайлап жатқан Байбөрі байдан салтанатын көсілте суреттеу белгілі мақсатты көздейтінін көп ұзамай білеміз.

Токсан мың екен қарасы  
Мұрындық нокта тимеген,  
Түйешілер мінбеген,  
Сексен мың екен маясы.  
Шұрқырап жатқан бір жылқы,  
Тоғай сайын мың жылқы,  
Есебі жоқ көп жылқы —  
Жиделі-Байсын даласы (5).

Бірақ осыншама шалқыған байлық Байбөріге бір мысқалдай да бақыт бермеді. Оның себебін жыр «соншама бай болса да, жоқ еді ердің баласы» деген сөздермен тұжырымдайды. Рулық-патриархаттық заманда, ата мүлкіне бала ғана мұрагер болатын жағдайда перзентсіздік деген кімге де болса үлкен кемшілік саналатын. Билік пен бедел күшке негізделген дәуірдің салт-санасын «қол қорқытады, терең батырады», «көсеуі ұзынның қолы күймес», «көптің бір аты — зорлық» деп келетін мақалдардан да байқауға болады. Баласыздықтың зары «Алпамыс батырда» Байбөрі аузымен былай айтылған:

...Алманың құдай жанымды,  
Бір баланың жоғынан  
Ағайын желі малымды,  
Зорлық қылды манайым.  
Әкім қыла сөйлейді  
Баласы көп ағайын...  
Сүйегім кетті жасық боп,  
Досым кетті қашық боп,  
Көретін көзім көр болды,  
Бір перзентке асық боп.  
Айналайын атыңнан,  
Жаратқан жалғыз құдайым,

Бір баланың жоғынан  
Аққап жасым тым алмай,  
Перзенттің дағы өтеді.  
Баласы жоқ адамның  
Әркімге ақы кетеді.  
«Байбәрі қу бас» деген сөз  
Сүйегімнен өтеді (6)...

Міне, осындай жағдайда тәңірден бала тілеп, сұрауы қабыл болғанын көрсету ерекше мәнге ие болмақ. Ерте заманда дүниедегі күллі жан-жануардың иесі, жебеушісі болады деген ұғым үстем болғаны белгілі. Баланы мінәжат етіп, тілеп алуға болады деген түсінік осыдан туған. Байбәрі мен Аналықтың перзент алсаған әрекеті төмендегіше жүйеде көрінеді.

1. Баласыздық зары. 2. Жебеуші «күштерге» жалбарыну. 3. Әзірет сұлтанға бала тілеп аттау. 4. Әулиеге түнеу, садақа үлестіру. 5. Баба түкті шашты Әзиз әулиеге сапар шегу. 6. Намаз оқып, мінәжат ету. 7. Тансәриде ақ сәлделі, қолында асасы бар диуана келіп, бұларға бір ұл, бір қыздарын болады деп аян беруі. 8. Апалықтың қабылан етіне жерік болуы. 9. Алпамыстың дүниеге келуі. 10. Ұлан-асыр той жасалуы...

Жырда бұлардың бәрі де кең таратылып, келісімді сипатталады. Айтушы, жыршы қаһарманның тууы ғажайып күштерге байланысты екеніне әлсіз мән беріп, мұны айрықша оқиға дәрежесіне көтере суреттейді. Алпамыс туғанда Байбәрі жасаған той да ерекше дарқан пейілді аңғартқандай болады.

Болашақ батырдың ғажайып тууы қазақтың, түркі, моңғол тілдес басқа халықтардың да эпосында жиі кездеседі (7). Қазақ жырларынан бұл сарынды «Алпамыс батыр», «Мұңлық - Зарлық», «Шора бағыр», «Едіге батыр» аңыздауларынан ұшыратамыз.

«Қобыланды батыр» жырында да Қобыланды Тоқтарбай мен Аналықтың қартайған шағында «тілеп алған» баласы болып суреттеледі. Бұл жағдай жырдың бастапқы тұсында қысқаша тұжырымдалған.

...Сексенге жасы келгенше  
Бір бала көрмей Тоқтарбай  
Қайғыменен қап жұтып,  
Ақылдан аласқан...  
Тоқтарбайдың зарына  
Қалың қыпшақ қайысқан.  
Әулие қоймай қыдырып,

Етегін шенгел сыдырып,  
Жеті пірге танысқан.  
Әулиеге ат қойып,  
Қорасанға қой айтып,  
Қабыл болған тілегі,  
Жарылғандай жүрегі,  
Аналықтай бөйбіш  
Қабырғасы майысқан.  
Елуге жасы келгенде  
Көзімді ашпай дүниеден  
Өтемің бе дегенде  
Сонда көрген арыстап... (8)

Эпос зерттеушілері жырдағы баласыздық зары сарының түбірін рулық-патриархаттық, феодалдық дәуірдің дәстүріне байланыстырып түсіндіруі табиғи. Патриархат үстем болғалы бергі кезеннің бәрінде атадан қалған мал-мүлік ұлға тиісілі болған. Сондай-ақ рулық өмірдің жалғасуы да тікелей сол рудан тараған мұрагердің бар немесе жоқтығына қатысы еді. Ұлы көп адамның сөзі де салмақты, айбыны да артық саналған. Балалы болушылық қауымның мүддесіне қызмет ететін, үрім-бұтақ өсіретін, өзгелермен құдандалы болып, бедел, байлықты күшейтетін маңызды шарттылық, қажеттілік болып есептелген...

Бағырдың ғажайып жағдайда дүниеге келуі барлық жырларда түгел тізіліп, жүйелі баяндала бермейді. Оның себебін жырдың айтылу дәстүріне, варианттылығына, не қысқарып, не ұлғайып отыратын табиғатына байланысты қараған жөн. Қазіргі романдарда қаһармандардың туғанынан ер жетіп, кемел істер атқарғанына дейінгі өмір желісі түгел қамтылып айтыла бермейтіні секілді эпоста да мұндай заңдылық орын тебетіндігін көреміз. Мәселе жекелеген жырлардың құрылысындағы әр түрлілік емес (ол өз алдына жеке проблема), қаһармандық эпостың классикалық, неғұрлым барлық пышандары сақталған нұсқаларына тән басты белгілер жайында болып отыр.

Егер эпикалық батырдың өмір бастауы осындай керемет оқиғалармен өрнектелмесе, оның кейінгі алуан, сұрапыл ерліктерін түсіне алмаған болар едік. Есейіп, ақыл, қайраты толысқан кезде мың жауға жалғыз шабатын батырды «жаратылысынан» ерекше ерен етіп көрсетудің психологиялық мотивировкасы осында жатыр.

Жалпы, тылсым, күпия күштерге сену адамзаттың табиғат құбылыстарына тәуелді кезеңінің санаға сінген көрінісі десек;

эпикалық аңыздауларда бұл ұғым ұзақ сақталатынын көреміз. Атап көрсетерлік нәрсе сол — эпостың әсірелеуге (идеалдандыруға) құрылған табиғатына қаһарманды айрықша туған жан деп бейнелеу мейлінше қолайлы болып табылады (9). Жазба әдебиеттің, реалистік жүйелегі шығармалардың негізгі көркемдік тәсілі — типтендірудің заңдылығы тұрғысынан алып қарасак, эпос оқиғалары мен суреттеулері адам нанбайтын ерсілік секілді көрінер еді. Бірақ фольклор туындыларының әсіресе эпикалық аңыздаулардың өшпес әсері мен мұқалмас, тозбас көркі де оның көркемдеу, жинақтау тәсілінің өзгеше екендігіне тығыз байланысты. Эпос құбылысының барлық кезеңіне де осы заңдылық араласып отырады...

Қаһармандық эпостың көбіне тән ерекшеліктің енді бірі — батырдың ерте есеуі, алыптықты жастайынан таптып отыруы (10). Бұл да кездейсоқ емес, эпикалық идеалдандырудың заңды сатысы. Арханкалық элементтері көбірек сақталған саха (якут) эпостарында қаһарманның жедел жетілуі соншалық көтеріңкі, әрі кең таратылып айтылады (11). Қазақ эпосында да осы дәстүрдің ізі байқалады, жалпы түркі-монғол эпостық жырларымен типологиялық ұқсастық заңдылығы анық сезіледі.

«Қобыланды батыр» жырындағы:

...Алты жасқа келгенде  
Арыстан туған Қобыланды —  
Қазынадан қамқа киеді.  
Өзінің еншім болсын деп,  
Тобылғы менді торы атты,  
Енші қылып мінсіді.  
Қобыландының тілегін  
Бүкіл қыпшақ тіледі.  
Қайыры көп халқына,  
Енді түсіп салтына,  
Таулар күйіп, тас жанған  
Алты жасар баланың  
Елбедеген зарпына.  
Өзі алты жасында  
Қаршығасы қолыңша  
Тағысы ерткен сонында... (12)

деген жолдардың «шындығына» қаншама айтушы, жыршы, сансыз тыңдаушы замандар бойында қалтқысыз сеніп келгені кәміл. Өйткені жырау да, халық та ел қорғаны батырдың тек осындай,

өзгеше бітімді болуын аңсаған, өз киялында ешбір жаудан өсте жеңілмейтін қаһарманның бейнесін тудырған.

«Алпамыс батырда» қаһарман он жасқа шыққанда алыстағы қалыңдығын іздеуге әзірленген болып көрінеді. Ол жылқыға барып, ат таңдағанда тапқырлық та, қайраттылық та танытады, шұбар атты «құйрықтан алып лақтырады», өзінің ырқына әбден көндіріп алған соң ғана тұлпарға мініп, мақсатты жағына тартып отырады. Эпос осылайша қаһарманды шапшаң сапқа тұрғызады, өзіне тән тәсілмен батырлық пырағына мінгізіп, ерлік ғарышына беттetedі.

...Шұбарды бала ұстады,  
Ашуы жамап қыстады.  
Үйіне де келмеді,  
Мен кетемін демеді.  
Жалғыз бауыры Қарлығаш,  
Кетерін де білмеді.  
Саймандарын сайланып,  
Алтыннан кемер байланып,  
Абжыландай толғанып,  
Қызыл найза қолға алып,  
Шұбарға қарғып мінсіді.  
Құдайдан медет тіледі.  
Қарғып мініп жас бала  
Ашуы көрнеп жөнсіді.  
Ләшкер тартып келеді  
Ауыздықпен алысып  
Үшқан күспен жарысып...  
Бір күн шапса шұбар ат  
Айлық жер алып берсіді.  
Осыменен ұдайы  
Он екі күн жүреді  
Айналдырып санаса  
Он екі айлық жер еді (13).

Батыр балаларға кейде кеңес беретін, енді бірде ат таңдайтын яки жол сілтейтін дана, қамқор, шын берілген жәрдемші, ақылшылар, дос пейілді жанлар болады (14). Бұлар елдің болашақ тірегі, өскелен ерлерге өздері білген өмір тәжірибесін үйретеді, қауіптен сақтандырады. Эпосты жаратушы жыршы, жырау, ақын халық даналығын, ел тәжірибесін дәл осылай кейіпкерлер арқылы білдіруді қажет деп тапқан.

«Қобыланды батыр» жырында мұндай ақылгөй Естеміс жылқышы бейнесінде берілген. Ол Қобыландыға ат таңдап қана қоймайды, аңшылыққа, мергендікке де баулиды.

...Қобыландыны барған соң,  
Естеміс ерін баулайды.  
Күнде киік аулайды,  
Кездесе жауын жаулайды,  
Жылқыда жатып Қобыланды,  
Екпіні оттай қаулайды,  
Қаршығасы қолында,  
Құмай тазы соғында,  
Көрсө киік аулайды... (15)

Көктім аймақ ханның елін, Құртқа сұлудың данқын, алтын теңгені мергендікпен түсірген адам қызды алады дегенді естіп Қобыланды сол жаққа баруға оқталғанда Естеміс біраз тоқтау салады, алда тұрған қауіп-қатерді ескертеді.

«Алпамыс батыр» жырының басқа тілдес халықтар арасында таралған эпостық, ертегілік нұсқаларында жас батырға ат таңдап беретін жылқышы Құлтай кейде Құлтаба болып көрінеді (16).

«Ер Тарғын» жырында Тарғынға опасыздығы үшін қатты қорқып, ақыл таппай, дағдарған Ханзада ханға ақыл тауып беретін, батырды мәмілеге шақыратын қарт Сыпыра жырау болатын. Ал «Қамбар батырда» сәл басқашалау жағдайда болса да, бұл рөлде Әзімбай байдың үлкен ұлы Алшораз жүрседі, ол Қамбардың қасиетін ерте танып, ноғайлы жұртына ақыл-кеңес айтады...

Эпикалық жырлардағы халықтық сапаның көрінісін елестететін кейіпкерлер басында реалистік белгілер мол болады. Мұндай тұстарда ақын, жыршылар эпостың шырқау биігінен «төменге түсіп», өмірдің ақиқат байланыстарынан хабар береді. Бұл эпос бітімінің алуан айшықты, көп қырлы екендігін де байқататын мысалдың бірі. Қаһармандарға орасан ерліктер жасататын және оларды қашан да жеңдіріп шығаратын ақын, жыршылар ірі өсіреулер арасында өмірдің қарапайым шындықтарын кірістіріп, кейіпкерлердің де басы жұмыр пенде екенін ұмыттырмайды.

Батырларға тарыққанда медет беретін, тар жол, тайғақ кешпуде көмекке келетін көміл пірлер, ғайып ерен қырық шілтендер жөні басқа. Бұлар идеалдық тұрғыдап алынған іс-әрекеттердің адам нанбастық халдерін жеңілдетіп, шындықтың «тігісін жатқызып» жіберудің өзгеше амалы. Реалистік романдарда қаһармандардың әрбір елеулі істері мен аңсарларына жеткілікті психологиялық мотивировка, жағдай, орта, мінез шындығын, себеппен салдарды қатарластыра келтіру шарт болса, эпос бұл шарт-

тылықтардан сиқырлы, ғажайып күштерді қатыстыру арқылы онай құтылады...

Эпоста суреттелетін бейнелердің бірі — жүйрік ат бейнесі. Ғасырлар бойында көшпелі өмір кешкен қазақ халқының тіршілігінде жылқы малының ерекше маңызы болған. Сауса сүт, мінсе көлік, сойса ат дегендей, жылқы түлігі ел санасынан өшпес орын алған, бұл тарапта неше алуан аңыздар, өлеңдер, мақал-мәтелдер шығарылған. Соның бәрінде жүйрік, жорға, тұлпар, арғымақ тұлғасы көкке көтеріле мадақталады.

Мұның бәрінің түп негізі жылқының адам баласы тарихымен бірге жасасып, қызығына да, қиындығына да ортақ болып келе жатқандығына байланысты. Жылқы тағдыры мен тарихы арнаулы зерттеу (17) тақырыбы да болып жүр. Бұндай еңбектерден көп тың мағлұматтар кездестіруге болады. Адамзат жылқы өсірумен айналысқан соңғы бес мың жыл ішінде бұл түліктің тұқымын өсіру, жетілдіру жолында көп еңбек сіңіргені айтылады. Қолда өсірілген жылқылар мен жабайы мал — тарпандардың өте ұқсастығын да зерттеушілер атап көрсеткен. Ал «тарпан» атауы қазақ арасында да кенінен мәлім болған. Үйретілмеген асау малды «мінезі тарпан» деп сипаттаған.

Жабайы жылқы — тарпан бейнесі өзге түркі тілдес (башқұрт т.б.) халықтар ауыз әдебиетінде де бар (18). ХІХ ғасырға дейін бұл жануарлар Ресей, Қазақстан далаларында да кездесіп отырған.

Көне тарихтың куәгері — жылқының қоғам, жеке адам өміріндегі қызметі алуан түрлі. Орта Азияда жылқы өсіру тарихы біздің заманымызға дейінгі төрт мың жылдыққа барады екен (19). Бұл әлбетте, осы бір түліктің күллі қасиетін, сыр-сымбатын жетік білерлік мерзім екені кәміл. Жылқының барлық тұқымы, жасы, түсі, мүшесі тілдік қорымызда соншалық анық сипатталып отыратыны осыдан. Аттың сұлу тұлғасын суреттеген өлең, жыр жазба әдебиетте де мол...

Атка мініп жүру көшпенді ел салтында үйреншікті әдет екенін зерттеушілер ертеден байқаған. Мәселен, Плато Каршини әйелдердің еркектермен қатар ат құлағында ойнап өсетінін жазып қалдырған. «Девушки и женщины ездят верхом и ловко скачут на конях, как мужчины. Мы также видели, как они носили колчаны и луки. И как мужчины, так и женщины могут ездить верхом долго и упорно» (20).

Қазақ және басқа халықтар эпосында хас батырлардың сүйген жары немесе қарындасы қажет болған жағдайда атқа мініп, жауга қарсы шаба білетін болып көрінуі құр қиялдан емес, өмірдің өз шындығынан туған. Бұл ретте қарақалпақ эпосы «Қырық қыздың» жасалуында да үлкен өмірлік, шынайы ақиқат жатқанын көрмеуге болмайды... (21)

Ежелгі скифтердің атты әскерлері жойқын күш болғаны көптеген тарихи деректерде көрсетілген. Әсіресе скиф жылқысының күштілігі, төзімділігі аңызға айналған (22). Мәселен, бір скиф патшасының астындағы аты иесінің дұшпанын теуіп өлтіргені туралы аңыз ертеден бар. Бұл аңыз қазақ батырлар жырындағы «ақылды» арғымақтар бейнесін еске салады. Қобыландының Тайбурылы — жапыпа қамшы батқанда тіл бітіп «сөйлейтіні», Алпамыстың Байшұбары арам ойлы мыстан кемпірді теуіп, үстіне мінгізбейтіні осы жайды есімізге салады. Жүйрік атқа байланысты айтылатын ұшан-теңіз ғажайып аңыз өңгімелер бұл пікірді толық сипаттайды.

Жылқы малына деген ерекше сүйіспеншілік түркі-моңғол халықтарының эпосынан да мол көрініс береді (23). Бурят қаһармандық эпосында (улигер) атақты батыр, мергендердің бәрінің де сенімді серігі — астындағы жүйрік аты болады. Тіпті бурят жырларында батырдың аты панасыз қалған балаларды құтқарушы ретінде көрінеді (24). Бұл жүйрік аттың қасиетін мейлінше мадақ етудің бір белгісі.

Батырдың мінген аты жүйрік болып көрсетілуі қаһармандық эпостың идеясына — елді сыртқы жаудан қорғау мақсатына тікелей байланысты. «Ат — ердің қанаты» деген нақылда замандар бойында қалыптасқан түйінді пікір жатыр. Соғыстың, жеңістің тағдырын атты әскер шешетін заманда жүйрік аттың қаншалықты қадірлі болғанын түсіну қиын емес. Жүйрікке қол жеткізу ер жігітке қаншама мәртебе болса, жаяу қалу соншама қорлық саналған. Қысқасы, көшпенді елдің тұрмыс қалпында қуса жеткізетін, қашса құтылдыратын аттың орны бөлек еді. Міне, осы ұғым халықтың эпикалық санасында әбден сіңгенін көреміз. Жырларда жүйрік атқа деген махаббат ерекше көркемдік қуатпен бейнеленеді.

Қаһармандық эпоста батырдың аты түрлі жағдайға алуан сипат танытатын киелі жануар есебінде елестейді. Сол қасиеттерді жинақтап келгенде мынадай белгілері ескеріліп шығады:

1. Ұшқан құстан озатын ересен жүйріктігі;
2. Алыс жолға алқынбай жететін қайратты, төзімділігі;
3. Батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пайылын танытын естілігі;
4. Қысылтаяң тұстарда «тіл бітіп» сөйлеп, батырға ақыл-көнес беретіндігі;
5. Сын сағаттарда түсін өзгерте алатын сиқырлы өнері болатыны;
6. Жау келе жатқанын күн ілгері сезіп, иесіне қауіпті білдіретіндігі;
7. Батыр мерт болса, денесін далада қалдырмай, еліне алып келетін опалылығы, т.б.

Батырлар жырында аттың ұшқырлығы ерекше шебер кестеленгеніне қазақ эпосынан көп мысал келтіруге болады. «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысын бейнелейтін түс көңілімізді елең еткізіп, қаһармандық, еркіндіктің стихиясына қалықтырғандай болады, сұлулық, асқақтық, өршілдік ұғымдарына ұшырастырады, мәрттіктің мәңгі үлгісіндей тұтастығымен және кесектігімен таңғалдырады. Атап өтерлік нәрсе — «Қобыланды батыр» жырында Тайбурылдың әр кезеңдегі шабысы үдемелі түрде бірінен-бірі асып түсерлік қасиеттермен берілген. Сол шабыстың ең шырқау жері қырық күншілік Қазан хан еліне бір-ақ күнде жеткенін көрсететін көркем, кесек шумақтар.

Арандай аузын ашады,  
Аяғын топ-топ басады,  
Бір төбенін тозанын  
Бір төбеге қосады.  
Кешке таман Тайбурыл  
Жын қаққанға ұқсады,  
Құлан менен құлжаның  
Ұзатпай алдын тосады.  
Көл жағалай отырған  
Көккүтан мен қарабай  
Көтеріліп ұшқанша  
Белінен басып асады.  
Дуадақ пен жек қалды,  
Әлде өтірік, әлде шын  
Ақ сұңқар мен лашын  
Өлген құсты жөп қалды.  
Ебелек ұшпас елсізден,  
Көбелек ұшпас көлсізден,  
Құла мидай шөпдерден,

Адам жүрмес жерлерден,  
Батпак-лай көлдерден,  
Асқар-асқар белдерден,  
Жалғыз шауып, жол шекті,  
Үмітін үзіп келеді,  
Қарсапан тауын жайлаған  
Қалың қылшақ елдерден.  
Намаздыгер өтті енді,  
Намазшамға жетті енді.  
Қобыланды мен Бурылдың  
Уәдесі бітті енді... (25)

Жүйрік аттың осындай қасиетін ерекше бағалайтын халық оны жан-жануардың бірі деп қана қарамай, адам ойын, ниетін түсінетін киелі деп санаған. Батырдың көңіл күйін «танитын», керек кезінде ақыл-кеңес беретін жүйрік көп жырда кездесіп отырады. Атты сөйлестудің бір мысалын «Қобыланды батырдан» кездестіреміз. Қобыландының қамшысы жанына батқан Тайбурыл батырға «тіл катады».

Алпамыс батырдың киімінің иісін сезген Байшұбар темір торлы қапасты «бұзып» шығады. Жырдың бір нұсқасында қалмақ батыры Қараманның астындағы қара аты алыста келе жатқан Алпамысты «болжап», аяғын ілгері баспай қояды. «Ер Тарғын» жырында Тарлан ат соңынан қутыншы бар скенін батырға «сездіреді». Жалпы алғанда, тұлпар тұлғасының жасалуы қаһармандық эпостың ең екішелген, көркемдік бояуы қанық тұстарының бірі болып табылады.

Эпостық жырларға хас белгілердің бірі — ел қамқоры батырдың ең жақын досы, әрі жары — тамаша сұлу, ақылды, опалы әйелдер бейнесінің жасалуы. Ал кейбір халықтардың (бурыт т.б.) эпосында әйел қаһармандар батырлық жағынан ерлерден кем қалмай, кейде асып түсетін болып суреттеледі (26).

Батырлық эпоста қаһарманның үйленуі де ерекше жағдайда өтеді. Сондықтан да оны фольклоршылар қаһармандық үйлену (27) деп атайды. Әлсіз болашақ батырға өзінің қалыңдығын алу үшін, жаулармен соғыс жүргізуге, түрлі сындардан өтуге, палуандық, мергендік жарысында озып шығуға тура келеді. Бұнда, әрине, терең өмір шындығы бар. Қаһарманның алғашқы күрделі қайраты, тегеурінділігі жар үшін күрестен басталуында символдық мағына жатыр. Елдің, рудың басшысы болып табылатын жас батырдың өмірлік серігі қандай болу керек дегенге эпос өзгеше мән

береді (28). Қазақтың қаһармандық жырларында батырлар қашанда өз жарларын үлкен ұрыс жүргізіп, жауын мұқатып барып алатындығы, бір жағынан, көшпенді жаугершілік өмірдің объективтік шындығына сәйкес келсе, екіншіден, эпостың құрылысындағы қажет көркемдік тәсілдің бірі болып саналады.

Қазақ эпосының қаһармандары: Қобыланды, Алпамыс, Тарғын, Қамбар, тағы басқалардың үйленуі соғыста ерлік көрсетіп, қайратын танытқан соң ғана мүмкін болады. Қобыланды Құртканы алу үшін теңге атып мергендік көрсетеді, қырық бес кез Қызыл ермен алысады; Алпамыс батыр да осындай ерлік сындарында қалмақтың барлық мықтыларынан озып шығып, Гүлбаршынды алады. Қырымның еліне барып, алғашқыда елеусіздеу болып жүрген Тарғын өзін бір ұрыс кезінде таптылады. Ақша ханның қызы Ақжүніс бұған содап кейін барып іңкәр болады. «Қамбар батыр» жырында да үйлену, түштеп келгенде, батырлық сыннан өту арқылы болады. Қамбар Әзімбайдып жауын, қалмақ әскерін қырғаннан кейін ғана үйлену тойы жасалады. Бұл айтылғанның бәрі де бір нәрсені — қаһармандық эпостың пафосы ерлік, батырлық, жауды жеңіп қана бейбіт өмір кешу мүмкін екендігін дәлелдеу болып табылады.

Батырлар жырында көркемдігі кемел әйел бейнелері жасалған. Халықтың эпикалық санасы әйелдің отбасындағы, қоғамдағы орнын лайықты бағалай біледі, батырлардың сүйген жарларын өздеріне тең, айрықша парасат иесі, ел мүддесін кен ойлауға қабілетті, алдағыны болжай білетін, қиын-қыстау кездерде айнымайтын, сүйгені, қосағы жолында басын өлімге де қиюға әзір жандар етіп сипаттайды. Бұлар рудың, елдің бүтіндігіне септесетін дана аналар болып та елес береді.

«Қобыланды батырда» Құртқа ерекше шеберлікпен сомдалған. Жырда ол жиі көрінбегенімен, ең қажетті істерді атқарады; Қобыландының тұлпары Тайбурылды мәпелеп өсіріп, алыс жорықта талмайтын етіп шындайды. Батыр үшін бұдан артық көмек бола ма? Қобыландының көңіл күйін танып, тиісті жерінде ақыл қосуда да Құртқа әдептілік, кемелділік байкатады. Қысқасы, Құртқа басына қазақ қоғамы жағдайындағы ең асыл қасиеттер жинақталған. Алпамыс батырдың жары Гүлбаршын туралы да осындай мінездеме айтуға болады.

Қазақ эпостарында әйелдің ақылшылығына үлкен мән беріледі. Құртқа, Гүлбаршын сұлулар ақыл-парасат жағынан ерлер-

ден асып түспесе, кем қалмайды. Ал «Ер Тарғындағы» Ақжүніс, «Қамбар батырдағы» Назым бейнелері жан-жақты суреттелген тұлғалар деуге болады.

Қырым елінен Тарғын Ақжүністі алып қашқанда бұлардың сондарынан қуғын шығып, солардың ішінен әсіресе өктемдеп келгені Қарт Қожақ батыр болып көрінеді. Қарт Қожақ Тарғынды сөзден ұтып, Ақжүністі алып қайтуға таянғанда қыз мейлінше тапқыр, өткір сөздермен қарт батырдың үмітін іске асырмай, бетін қайтарады. Ақжүністің Қарт Қожаққа жауабы әйел еркіндігі мен құқықын қорғаудың, парасат пен намыстылықтың үздік үлгісі болып табылғандай. Ең алдымен Ақжүніс өзінің көркін, жастығын сипаттап өтеді. Ақжүністің бұдан кейінгі сөздері Қарт Қожақты мінәздеуге арналған. Мұнда ол батырдың даңқты өмір жолын тізе келіп, «өмірден сыбағанды алып болдың, ендігін арсыздық» деген түйінге тіреледі. Эпостың шебер жасалғандығы соншалық — Ақжүніс сипаттамасынан-ақ Қарт Қожақтың тұлғасы айқындалып қалады. Бұл тұста Ақжүністің шешендігі, сүймеген адамына өлмей берілмеуге бекігендігі, өрттей лаулаған арыны елестеген.

Қыз сөзінің растығы мен өткірлігі соншалық, оның соңғы тұжырымдары Қарт Қожаққа үкімдей естіледі.

Алпыс беске келгенде  
Сақал-шашың қуарып,  
Бойға біткен тамырдың  
Бәрі бірдей суалып,  
Алайын деп тұрмысың  
Мені көріп қуанып?  
Өлтірсен де тимеймін,  
Тендік берсең сүймеймін.  
Бұрын батыр болсан да,  
Сенің басын бұл күнде  
Жерде жатқан қу тезек... (29)

Қазақ эпосында жасалған әйелдер бейнесінің тізбегінде «Қамбар батырдағы» Назым тұлғасы да ерекшеленіп көрінеді. Назымның өз теңін табу үшін талпынуы, әкесіне батыл шарт қоюы, Қамбармен сырласу үшін әрекеттері — бәрі де бұрынғы қазақ әйелінің сымбағын өзгеше бір қырынан түсіндіре алады. Бұл арада біз эпостағы әйел тұлғасының эволюциясын да көргендей боламыз. Егер Гүлбаршын, Құртқалар бойынан рулық-патриархат-

тық қоғамның салтына толық сай келетін, көбінше ел ісінге ашық араласпайтын, батырға адал кенеспі, жанашыр бола білетін әйелдер келбетін көрсек, Ақжүніс, Назымдар өз еріктерін жоғары санайтын жандар болып сипатталады.

Түйіндеп айтқанда, қаһармандық эпостағы әйелдер бейнесі халықтың бір замандағы ұғымына, әйелдің қоғамдағы қызметін жоғары бағалауына сәйкес көркемдік жинақтаулар болғанын көреміз. Бұлар ғасырлар бойында әйел жынысының мінсіз, ең тапдаулы үлгісі ретінде ел сүйіспеншілігіне бөленген, аттары аңызға айналған бейнелер.

Қазақ қаһармандық эпосына тән өзгешеліктің бірі: тілдік, тақырыптық қайталаулардың (формузалықтың) кеңінен кездесуі. Бұл мәселе бізге өзінше жүйелі зерттеле қоймаған, өз алдына арнаулы еңбектердің міндеті. Сонда да болса эпос тіліндегі формузалықтың кейбір типологиялық жайларына қысқаша тоқтала кетуіміз қажет. Жалпы эпостық шығарма тілінің формузалығын қарастыру жеке өзіндік мақсат емес, белгілі бір туындының табиғаты, жасалу түбірі фольклор дәстүрінде қаншалық сәйкес екенін анықтаудың нақтылы жолы десек, қазақ эпосының тілдік құрамын осы тұрғыдан тексеру күрделі іске айналады. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы диалектикалық байланысты, олардың бір-біріне әсерін түсіну үшін де мұндай салыстырулар керек. Орыс кеңес фольклоршылары өздерінің жазба эпос тіліндегі формузалықты айқындауға арналған «Памятники книжного эпоса» деген ұжымдық еңбегінде бұл проблеманың алуан қырын атап көрсеткен. Ол еңбектегі талдаулар мен қорытындылар, методологиялық таяныштар қазақ ауыз әдебиетін әсіресе эпосын жан-жақты зерттеуге көп көмегін тигізе алады.

П.А.Гринцер әлемге белгілі, жазбаша тараған атакты эпостардың өзі әуел баста фольклорлық дәстүр негізінде пайда болған деп қарайды. «Памятники, как «Илиада» и «Одиссея», «Гильгамеш», «Беовульф», «Эдда», «Песнь о Роланде», наконец, санскритские «Махабхарата» и «Рамаяна», первоначально сформировались в русле фольклорной традиции» (30).

Зерттеушілер орыс былиналарының түрлі тақырыптарында тілдік қайталаулар, формулалар 20-дан 80 пайызға дейін орын алып отырғанын дәлелдеген (31). Мұның өзі формузалықты анықтау фольклорлық туынды табиғатын танудың аса маңызды шарты екенін аңғартса керек.

Фольклоршылар эпос тілінің формулалығын үш түрге бөліп қарайды. Олар: а) жекелеген бейнелі сөз тіркестері; ә) түрлі ұқсас жағдайлар суреттемеленде қайталанып келетін жолдар; б) эпостағы дәстүрлі ситуацияларды бейнелейтін күрделі суреттемелер (32). Әлбетте, бұл түрлердің әрқайсысының қолданылу жиілігі әрбір шығармада, олардың версия, вариантында өзгеше құбылып отырмақ. Бұл тарапта түрлі халықтың фольклорында ортақ ұқсастық та, едәуір айырмашылық та ұшырайтыны табиғи. Мәселен, көне эпостық дәстүрі күшті саха (якут) фольклорында жекелеген балама, теңеме сөздер, тіркестер, шумақтар ғана емес, тұтас тақырыптық тараулар да бір эпостан екінші эпосқа еркін «көшіп» отыратындығы байқалған. Якут ауыз әдебиетінің көрнекті зерттеушісі И.В.Пухов мұндай заңдылықты жете дәлелдеп шыққан. «Любой сюжет из одного олонхо мог быть более или менее безболезненно перенесен в другое, либо, наоборот, без особого ущерба сокращен за счет упразднения отдельных деталей, эпизодов (33).

Эпос тілінің формулалығы қазақ жырларында қаншалықты сақталған деген мәселе шығарманың фольклорлық «туысын» анықтауға көмектескендігі проблеманың бір жағы болса, былайша тексеру нақтылы туындыдағы төкпе ақындық (импровизация) неғижесін де бағалаудың шарты болып саналады.

Қазақ эпостарында ұшырайтын формулалықтың бір тобы қысқаша тілдік тіркестер, тұрақты эпитеттер мен теңеулер болып табылады. Бұған «жеті жұмақ», «кәміл пір», «қозы жауырын жебе», «құмырсқа бел», «алтын тұрман», «кара ат», «көк бурыл», «көкала бие», «сары бел», «ақбөкен», «ақсұңқар», «ақсауыт», «ақ найза», «алмас қылыш», «ақ семсер», «тоғыз қабат», «көп жылқы», «қалың әскер», «ақ берен» секілділерді мысалға алуға болады. Бұлар жыр көлемінде әлденеше рет қайталанып келіп отырады, эпостық бейнелеудің күрделі бөлігі болып табылады. Жыршы, жырау, ақындардың бұл тәрізді дәстүрлі баламалардың жүздеген нұскасын жатқа білуі олардың эпос оқиғасын қажет жерінде өзінше баяндап, еркін көсіліп кетуіне мүмкіндік берген. Өйткені мұндай теңеулер халық құлағына ежелден қанықты, жатық естілетін, ешкімнің «жеке меншігі» емес, кімде-кім қисынын тауып, іске жаратуға да хақылы, үйреншікті сөздер болып есептелген.

Эпостағы ауыспалы сөздер мен тіркестердің енді бір парасы қайталанып келетін жолдар. Мұндай тармақтар эпостық стильдің

дәнекері, байланыстырушы элемент секілді. Жырдың даму барысында оның түрлі бөліктеріне тән осындай жолдар мен шумақтар күрделі орын иеленеді. Бұл үлгідегі формула, қайталаулардың кемі бір жол, молырағы бірнеше жолға ұласады. Эпостық жырлардағы: «әулие қоймай қыдырып, етегін шенгел сыдырып», «намаздыгер өткенде, намазшамға жеткенде», «қабағына қар қатып, кірпігіне мұз тонып», «жая десе жал берген, шекер десе бал берген», «буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды», «ақ сәлдесі басында, ақ таяғы қолында», «аш күзендей бүгілді, шыбын жаннан түнілді», «сарғайып таң атқанда, таң шолпаны батқанда», «сонда батыр сөйледі, сөйлегенде бүй деді», «ертемен шапса, кеште озған, ылшидан шапса, төсте озған», «шауып кетті еліңді, сындырып кетті беліңді», «шешесі келіп жылайды, көзінің жасын бұлайды», «тар құрсағын кеніткен, тас емшегін жібіткен», «айт жануар шу деді, арындап бұрыл гүледі», «үлкен едің ар ма деп, алдына кісі бар ма деп», «құланның атты қодықты, көлден тартты борықты», «қаланың аузын қан қылды, қақпаның аузын шаң қылды, тұлымдысын тұл қылды», «қорамсаққа қол салды, бір салғанда мол салды», «қалмақы ердің қасы деп, өлер жерін осы деп», «тұлпар мініп, ту алған», «атса мылтық өтпейді, шапса қылыш кеспейді», «мен бір бүгін түс көрдім, түсімде жаман іс көрдім», «етектейін ернінен екі-ақ елі қалыпты, от орнышай тұяқтан оймақтай-ақ қалыпты», «Қапкейдей көріктінді, Тініктейдей тектінді», «дұшпанды батыр сүйретті, сүйреткі қылып үйретті», «сауды іңгендей ыңқылдап», «бұлан етіп, былқ етіп, сылан етіп, сылқ етіп», «асу да асу бел деді, аса бір сокқан жел деді», «алтын-күміс арттырып, асыл кілем жаптырып», «көбелектей көзі жоқ, перзенттен басқа сөзі жоқ», «мандайы күнге күйеді, табаны тасқа тиеді», «асусыз асқар бел еді, белге шыға келеді», «қош, аман бол алғаным, алаша төсек салғаным», «қызыл найза қолға алып, әбжыландай толғаным», «ғайып ерен қырық шілтен, баланы қолдан демеді», «атқа салдым терлікті, дұшпанға қылдым ерлікті», «керней, сырнай тарттырып, топ зеңбірек аттырып», «енді қалмақ ат қойды, жүз мың әскер лап қойды», «оқтаудай бойы бұралып, тартып қойған сымдай боп», «танадай көзі жалтылдап, алтын кебіс сартылдап», «ақ сұңқар ұшар жем үшін, туады ерлер ел үшін», «ауызына қарасам, сұлуды тандап сүйгендей, қалбетіңе қарасам, қамқаны тандап кигендей», «қанаты бүгін сұңқар жоқ, тұяғы бүгін тұлпар жоқ», «айы біткен айында, күні біткен күнін-

де», «ауыздықпен алысып, ұшқан құспен жарысып», «толықсын тұрған көпірді, толғап тартып қалады» тәрізді байырғы балама, ұйкастар шығарманың көркем көз жүйесінде де, құрылысында да елеулі қызмет атқарады.

Қазақ эпосында жиі қайталанып отыратын тіркестердің қатарында эпикалық сандарды да көрсетуге болады. Әсіресе жеті, тоғыз, қырық, алпыс, сексен, тоқсан тәрізді сандар молырақ кездеседі. «Қобыланды батыр» жырында «жеті» саны бірде «жеті пір», екіншіде «жеті жұмақ» тіркестері түрінде жиырмадан артық рет қайталанған. «Қырық» санының қолданылуы да осы шамалас. «Алпамыс батыр» эпосында бұл сөз «қырық күншілік шөл», «қырық кез сандық», «қырық шөлмек арақ», «қырық қыз», «қырық отау», «қырық балам бар еді», «қырық келінім жанымда», «қырық қақпалы қала», «қырық шиша», «қырық қыз нөкер», «қырық арқан», «қырық қойдың құйрығы», «қырық арқан бойы зындан», «қырық күн тойын» сияқты тіркестер кездеседі. Сонымен, эпикалық сандар да өз орнында формулалық міндет атқарады екен.

Эпостың тілдік құрамында формулалық үлкен мәнге ие болуы түрлі тақырыптардың қайталануына, шығарманың белгілі композициялық құрылыс заңдылығына байланысты. Ұқсас тақырыптар мен оқиғалардың сөз болуы тілдік, тіркестік, бейнелік қайталаулар туғызуы табиғи. Қазақ эпосының біразына тән мұндай тақырыптар: кемпір мен шалдың баласыздық зары, әулиеден бала тілеп жалбарыну, болашақ батырдың ғажайып туысы, оның жедел ер жетуі, қалыңдығы үшін соғыс жүргізу, тұлпар аттың шабысы, жаудан кек қайтаруы секілді болып келеді. Сөз кестесіндегі сарындастық осындай тақырыптық жақындықтан, композициялық үндестіктен туса, тіл өрнегіндегі айырмашылықтар да осы тұста көрінеді. Айтушы ақын, жырау, жырыны неғұрлым дарынды болса, әрбір оқиға, эпизодты өзгеше мәнерлеп, құбылта суреттеуіне мүмкіндік мол, жырдың түрлі вариантты, нұсқалы болып таралатыны осыдан. Эпоста айтылатын тақырып ауданы неғұрлым көп болса, оның лексикалық, стильдік өзгешелігі де соғұрлым кеңірек көрінбек.

Эпикалық поэзия стилінің формулалығы ауызша тарап келген жырлардың тегі мен табиғатын тануға, талдауға қажет маңызды кілттің бірі. Сонымен қатар бұл фольклор мен жазба әдебиеттің арасындағы байланыс заңдылығын ашудың да қажетті

шарты болып саналады. Жазба туындының ауыз әдебиеті дәстүрінде қаншалық етене тұрғандығының немесе «қара үзіп», алыстап, жаңа сапаға ауысып кеткендігінің де күрделі бір қыры осы айтылған формулалықтың көлемі мен кестесінің сипатын ажыратудан аңғарылады.

#### Әдебиет:

- (1) Горький М. Избранные литературно-критические произведения. М., 1954, с. 214.
- (2) Пропп В.Я. Русский героический эпос. М., 1958; Жирмунский В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. М., 1960; Соколов Ю.М. Русский фольклор. М., 1938.
- (3) Батырлар жыры. — Алматы, 1963, 1-т., 376-б.
- (4) Жирмунский В.М. Народный героический эпос. М.; Л., 1962, с.12.
- (5) Батырлар жыры. — Алматы, 1963, 222-б.
- (6) Сонда, 223-224-бб.
- (7) Маалай-Қара. Алтайский героический эпос. М., 1973, с. 269. Моңғолдың күпия шежіресі. Өлгий, 1979, 25-б.
- (8) Сонда, 22-б.
- (9) Пропп В.Я. Русский героический эпос. М., 1958, с. 9.
- (10) Жирмунский В.М. Народный героический эпос. М.; Л., 1962.
- (11) Емельянов Н.В. Сюжеты якутских олонхо. М., 1980, с. 188.
- (12) Батырлар жыры. — Алматы, 1963, 22-23-бб.
- (13) Сонда, 242-243-б.
- (14) Жирмунский В.М. Тюрский героический эпос. Л., 1974, с. 61.
- (15) Сонда, 25-б.
- (16) Башкорт халық ижады. Өфө, 1973, икенсе кітап, 29-б.
- (17) Ковалевская В.Б. Конь и всадник. М., 1977.
- (18) Киреев А.Н. Башкирский народный эпос. Уфа, 1970.
- (19) Ковалевская В.Б. Аталған еңбек, 18-б.
- (20) Путешествие в восточные страны Алано Карпини и Рубрука. М., 1957, с. 37.
- (21) Каракалпак фольклоры. Нүкіс, 1980, VI т., 28-б.
- (22) Ковалевская В.Б. Аталған еңбек, 111-б.
- (23) Кичиков А.Ш. Исследование героического эпоса «Джантар». Элиста, 1976, с. 89.
- (24) Шаракшинова Н.О. Бурятский фольклор. Иркутск, 1959, с. 203.
- (25) Батырлар жыры, 1963, 76-80-бб.
- (26) Кузьмина Е.Н. Женские образы в героическом эпосе бурятского народа. Новосибирск, 1980, с. 146.
- (27) Жирмунский В.М. Народный героический эпос. М., Л., 1962.

(28) Марғұлан Ә. Казак жырын туғызудағы мотивтер, 1940.

(29) Батырлар жыры, 1963, 370-373-бб.

(30) Гринцер П.А. Стилистическое развертывание темы в санскритском эпосе. — В кн.: Памятники книжного эпоса. М., 1978, с. 16.

(31) Сонда, 17-б.

(32) Сонда, 17-б.

(33) Пухов И.В. От фольклора к литературе. — Якутск, 1980, с. 7.

## ЖАҒАНҒА МӘШЬҮР ЖЫР

Даңқы түрік халықтары арасында ғана емес, одан сырт елдерде де кеңінен мәлім көне эпостың бірі — «Алпамыс батыр» жөнінде жазылған зерттеулер мен мақалалардың өзі үлкен шоғыр. Бұлай болуының бірнеше себептері бар. *Біріншіден*, бұл жырдың оқиғалық сарыны Алтайдан Анадолыға дейінгі атырапта қоныстанған түркі тілді халықтардың көбіне таныс. Бірінде ертегі, екіншісінде аңыз, әпсана, енді біреулерінде эпикалық жыр ретінде айтылып келгенімен, олардың түбірі бір арнадан тарайтындығына зерттеушілер көз жеткізген. Нақтылап сөйлесек, Алпамыс туралы көне аңыздар алтай, татар, башқұрт, өзірбайжан, түрік елдеріне де таралған. Ал жырдың классикалық эпос сипатындағы нұсқасы казак, каракалпак, көшпелі өзбек қауымына ерекше жақын. *Екіншіден*, жырдың оқиғалық «сүйсігі» өзінің көнелігімен өлем халықтарының бірсыпыра ескерткіштерімен үндестік аңартады. Мәселен, батырдың ғажайып туысы, жедел ер жетуі, таңдап ат мінуді, батырлық үйленуі, елдің бүтіндігіне, еркіндігіне қол сұққан дұшпандардан кек алып, туған халқын бейбіт өмірге жеткізуі сәкілді сарындар жаһандағы көп елдердің ауызекі көркем сөз мұрасында ежелден орын алып келгені көміл. Міне, осындай жағдайлар «Алпамыс батырдың» шығу төркінін, жанрлық срекшелігін түрлі халықтардың эпикалық ертегілік туындыларымен салыстыра зерттеуді қажет етеді. *Үшіншіден*, әуел бастағы оқиғалық негіздің түрлі ортада, әрбір елдің көркемдік дәстүріне орай түрліше қалыптасуы өз алдына ғылыми тақырып болып табылады. Міне, осы және басқа жағдайлар «Алпамыс батырдың» әлемдік эпос қазынасындағы өзіндік орны мен мәнін белгілейді.

Бұл тақырыпқа қол ұрған зерттеушілер мәселеге түрлі қырынан келгені түсінікті. Жырға негіз болған тарихи оқиғалардың мән-жайы, эпос кейіпкерлерінің тарихилық деңгейі, түрлі нұсқалардың өзгешеліктері, көркемдік өрнектері, стадиялылығы, типологиялық қалыптары сынды алуан проблемалар сөз болған.

Ауыз әдебиеті мұрасын жинап, жариялап, зерттеуге атақты этнограф, фольклоршы ғалым Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың (1856-1932) сіңірген еңбегі орасан зор. Ұлты башқұрт Ә.Диваевтың қазақ ауыз әдебиетін жүйелі де дәйекті жинап, оны ғылыми айналымға түсіру жолындағы ұдайы қызметін қалай көтеріп айтуға да тұрады. Ол алдыңғы қатарлы түрік, татар, башқұрт халықтары зиялыларының мәдени, рухани жетілуіне сапалы түрде ат салысатын ізгі дәстүрін жалғастырушы, озық ағартушы қайраткер еді. 1876 жылы Орылбордағы Неплюев кадет корпусын бітіріп, Ташкент шаһарындағы әскери басқармаға қызметке жіберілген Ә.Диваев өзінің ресми атқаратын міндетінен анағұрлым маңызды, абыройлы іске «ерікті» түрде жегіліп, осы жолда артына өшпес мұра қалдырды. Ол 1884 жылдан өмірінің ақырына дейін жарты ғасырға жуық қазақ халқының көркемөз ескерткіштерін жинап, жүйелеп хатқа түсірген, биік адамшылық мұратымен жалындаған жан. Оның қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен жазып қалдырған түрлі жанрдағы материалдарының көлемі әлденеше том құрарлық. Сол үлгілердің біразы қазақ әдебиеті оқулықтары мен хрестоматияларында ондаған жылдар бойында жарияланып, сан мыңдаған оқушының игілігіне айналды.

Ә.Диваев ұшан-теңіз қазақ ауыз әдебиетінің барлық жанрының жәдігерлерін тіркетеп жинаған. Солардың қатарында мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары, жұмбақтар, ертегілер, кара өлеңдер, аңыздар, эпостық жырлар т.б. ұшырайды.

Әбубәкір Диваев жинаған бағалы мұраның ең көрнектісі — «Алпамыс батыр» жыры. Оның қолында «Алпамыстың» екі нұсқасы болған. Зерттеушілер Ә.Диваевты осы эпос жөнінде алғаш рет пікір айтқан ғалым деп есептейді. Ол «Алпамыс» жырымен таныстығын 1896 жылы баспа жүзінде мәлімдеген («Алпамыс» тұңғыш рет 1899 жылы Қазанда басылған. — Р.Б.). Жинаушы қарақалпақ бахшысы Жиёмұрат Бекмұхамедовтен алған қолжазбаны 1897 жылы баспаға даярлайды. Бірақ қолжазба сәл кейінірек, 1901 жылы «Сборник материалов для статистики Сырдарьинской области» деген жинақта жарық көреді. Ә.Диваев бұл жыр қазақ халқының сүйікті де қадірлі мұрасы екенін атап айтқан. Ғалымның қолындағы жыр нұсқасының екіншісін оған түркістандық зиялы Еркінбек Ақынбеков жіберген. Ертегі түрінде қара сөзбен жазылған бұл нұсқа орысшаға аударылып, «Великан Алпамыс» деген атпен басылған.

Бұл көрсеткіштер Ә.Диваевтың «Алпамыс батырдың» зор көркемдік және танымдық мәнін бірінші рет бағалап, пікір білдірген ғалым екенін сипаттайды. Ол жырды орыс тіліне аударғанда көптеген маңызды түсініктемелер беріп отырған. Жиделі-Байсын аталған жердің Куляб, Фиссар атыраптарында екенін айтқан. «Алпамыс батыр» жырын Ә.Диваев 1922 жылы Ташкентте басылған «Батырлар» деген жинақта жариялаған. Осы жинаққа жазған алғы сөзінде ол: «алдарыңызда ұсынылып отырған «Алпамыс батыр» хикаясы Сырдария облысы қазақтары арасында зор орын тұтады... «Алпамыс батыр» шын қазақ халқының өлең-жыры...» — деп эпосты биік бағалайды.

«Алпамыс батыр» жыры Қазан баспаларынан өткен ғасырдың ақырғы тұсында-ақ басылып шығып, жұртшылыққа тарағаны мәлім. Сол басылымдар туралы әр кезде азды-көпті ойлар айтылып келген. Сонда да болса жырдың тарихы мен табиғатына шындап көңіл аударылған түс жиырмасыншы жылдардан бергі кезек екенін көреміз. Бұл ретте алғашқы күрделі талдау Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) деген кітабында берілгенін айтуымыз керек. Өкінішке қарай, бұл кітап кезінде оқушыларды қолына тимеген. Мәдени мұраға деген жадағай көзқарастар кесірінен жақсы еңбек елге таралмай қалған. Осы кітап араға ондаған жылдар салып барып 1991 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрді.

«Әдебиет тарихының» жалпы зиялы жұртшылық үшін де, мамандар үшін де пайдалы жақтары мол. Мұнда көне мәдениет мұраларын тану, зерттеу жолдары мен шарттары ескертілген. Сондай-ақ ауыз әдебиетінің жанрлары жіктеліп сипатталған. Кітаптың «Сыршылдық салт өлеңдері», «Батырлық әңгімесі», «Ел поэмалары», «Тарихи өлеңдер», «Ертегі», «Айтыс өлеңдер», «Зар заман ақындары» деген тарауларында терең, білгір талдаулар берілген.

М.Әуезов эпостанудың қалыптасуына бастамашылық көрсеткендердің бірі. «Әдебиет тарихында» «Едіге батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Шора батыр», «Камбар батыр», Алпамыс батыр», Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», «Бекет батырға» негіз болған тарихи оқиғалар баяны бар.

«Алпамыс батыр» жырын әңгімелеген тұста М.Әуезов бірнеше мәселеге назар аударған. Жыр фабуласының бастапқы тұсы-

ның «Қозы Көрпеш — Баян сұлумен» ұқсастығы атап өтіледі. Эпостың казак өмірінің суретін неғұрлым нақтылы әрі кең бейнелейтінін көрсетуі зерттеушінің маңызды тұжырымы. «Алпамыстың жайынан айтылатын сөз бұрынғы батырлар әңгімесінің ішінде казак иісін көбірек сездіретін әңгіме. Бұрынғы батырлар әңгімесінен біз казактың ескі рулары бірлігіне кіріп, жаңа, бүтін елдің жасап келген, қалыптанған мінезін, нығайған елдің салтын білдіретін ерекше, казакша келетін жерлерін көп көре алмаймыз... Алпамыс батыр әңгімесі бұл жағынан нағыз казак елінің ескілігі болады» (1), — дейді ғалым. Осы пікірін нақтылай түсіп, М.Әуезов ойын былайша жалғастырады: «Бұл берірек келген заманның туындысы. Әбден қалыптанған казак бірлігінің әңгімесі. Алпамыс әңгімесіне келгенде, біз елдің салт-санасын көргендей боламыз. Бүгінгі казакқа таныс, жақын болған әдет-ғұрыпты көреміз. Екі байдың достығы, достық үстіндегі ежеқабыл, той, көкпар, жылқышы суреті, бәйгеге ат қосу, қайын ата мен қайын енені қадірлеу — барлығы да казак иісін білдіреді. Алпамыс әңгімесінің бұрынғы әңгімелерден бөлек бағасы осы жерінде» (2).

С. Сейфуллин өзінің «Қазак әдебиеті» (1932) деген оқу құралы ретінде жазған еңбегінде казак эпосын тудырған тарихи дәуір оқиғаларына кең шолу жасаған, казак руларының ескіліктегі тұрмыс күйі, салт-санасы, тіл өнері, шаруашылығы, тұрмысы, наным-сенімі жөнінде мол дерек келтіреді, ауыз әдебиеті жанрларын өзінше жіктеуге ұмтылады. Осы еңбегінде ол «Алпамыс батыр» жырына қатысты тұжырымдарын да білдірген. С. Сейфуллин жырдың негізгі екі бөлегін сөз ете келіп: «Алпамыстың бертіңгі заманға шейін ел аузында айтылып жүргені бұл екеуінен де толық еді» (3), — дейді.

Қазак эпосы жөнінде зерттеу жазған ғалымдардың бірі — профессор К. Жұмалиев. Ол өзінің «Қазак эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958) деген еңбегінде эпостық жырдың даму, қалыптасу заңдылықтары туралы жүйелі пікір қозғайды. Жырдың әр халықтағы варианттарына жеке-жеке тоқталып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көркемдік құрылысы, мазмұндық сәйкестігі жағынан көрсетуі зерттеушінің Алпамыстануға қосқан өзіндік үлесі деп есептеуге болады.

К. Жұмалиев «Алпамыс батыр» жырын қоныраттардың тайпалық эпосы деп бағалаған В. Жирмунскийдің пікіріне толық қосылатынын айтады, жырдың барлық нұсқаларында да оқиғалық

өрілімдер, қаһармандардың әрекет ететін ортасы тек қана қонырат руының шеңберімен шектелетінін көрсетіп, эпостың дүниеге келу кезеңін моңғол жаулаушылығы дәуірімен, XIII ғасырдан кейінгі түспен байланыстырады...

Қазак ғалымдары арасынан «Алпамыс батыр» жырын арнаулы түрде зерттеген филология ғылымдарының кандидаты Тұрлыбек Сыдықов. Ол өзінің елуінші жылдарда қорғаған кандидаттық диссертациясында Алпамыстанудың хронологиялық жолын шолған және жырдың мазмұндық, көркемдік жақтарын сөз еткен. Жинаған материалының молдығы әрі жүйелілігі жағынан Т. Сыдықов еңбегі «Алпамыс батыр» туралы қалам тартқандардың ешқайсысы бір соқпай өте аямайтын күрделі ізденіс. Зерттеушінің осы эпос жөніндегі екшелген ойлары мен тұжырымдары оның М. Ғабдуллинмен бірлесіп жазған «Қазак халқының батырлық жыры» (4) деген кітапқа енген.

«Алпамыс батыр» жырының кейінгі ғасыр ішінде казак фольклортану ғылымында тым аз сөз болуының себептері де барға ұқсайды. Елуінші жылдардың бас кезінде түрік, моңғол халықтарының көптеген эпикалық ескерткіштеріне байшыл-феодалшыл идеологияның туындысы деген біржақты кінәрат тағылғаны ғылыми жұртшылыққа белгілі. Сол кезеңде казактың ауыз әдебиетін зерттеп келген жетекші мамандарға тиген соққы із-түзсіз кеткен жоқ. 40—50-жылдарда М. Әуезовтің үздіксіз қудалауға түсуі, кез келген жерде сын садағының нысанасына ілінуі жаңадан қарқын ала бастаған фольклортану ғылымын баяулатты. Б. Исмаилов, К. Жұмалиев сынды аса көрнекті әдебиетшілеріміз дарын қуаты кемеліне келіп тұрған шағында жиырма бес жылға сотталып, ұмытылмастай зәбір көрді. Олар айдау мен түрмеден оралып келгеннен соң көп ұзамай бірінен соң бірі дүние салды. М. Әуезов бастаған белді ғалымдардың дүниеден мезгілсіз ғайып болуы біразға дейін фольклортану ғылымын жетімісіретті.

Эпос нұсқаларының түрлі халықтар мұрасынан орын алуы жөнінде В. Жирмунский тұжырымы өте қызғылықты естіледі. Бірақ мұны да ең ақырғы, күмәнсіз шешім деп айтуға әлі ерте. Көп сұраудың тірілетін жері осы жыр варианттарын жаратқан елдердің этникалық тарихының зерттеліп болмауында. Рулар, тайпалар шежіресін есепке алмай, олардың замандар бойындағы өзара байланысын ескермей ұқсастықтар мен айырмашылықтар диалектикасына қанығу оңай емес. Эпостың қонырат, оғыз нұсқалары-

тың пайда болу межесін де жасанды түрде жіктеу шындыққа жеткізбесе керек...

«Алпамыс батырдағыдай» ұқсас сарындардың Татарстан мен Башқұртстан елдеріне мәлім болуының «жұмбағын» да зерттеушілер әр қилы қисындайды. Олардың кейбіреулері Алтайдан көшкен түркі рулары өзімен бірге бұл фабуланы татар, башқұрт өңірлеріне әкелуі мүмкін десе, екіншілері негізгі ұйтқысы Арал, Сырлария маңында қалыптасқан жыр аңызы бұл ағайындарға осы маннан «қосылуы» ықтимал деп санайды.

Эпостың тарихы мен табиғатын көп зерттеген ғұлама Әуелбек Қоңыратбаев еңбектерінде мәселенің байыбына барып айтылған, салыстырудан туған құнарлы ойлар мол. Эпостық жырдың шыққан дәуірі, эволюциясы, полистадиялылығы, тарихи оқиғалар мен қаһармандар бейнесінің арақатынасы, тайпалық және халықтық эпос сынды алуан күрделі проблемалар бойынша ғұламаның көсіліп баяндаған тұстары жиі кездеседі. Ә.Қоңыратбаев «...Біреулер эпос оқиғаның ыстық ізімен туады дескен. Мысалы, төжік, өзбек эпосын кейбіреулер VIII ғасырдың өзінде, араб басқыншылығы келген заманда туған дейді. Біздің ойымызша эпос оқиғаның ыстық ізімен емес, көбіне сол оқиғаның ізі суып, екінші түрлі бір таусыншық күн туған кезең пайда болады. XVIII ғасырда жоңғар соғысы басталғанда қазақ жыраулары бұрынғы оқиғаларды жалғап, ескі сюжеттерді жанаша жырлай бастайды. Бәлкі, ноғайлы эпосының өзі де осы кезеңде жырланса керек. Өйткені ноғайлы эпосында тарих элементі қаншама басым десек те, оқиғалар бұлдыр. Қараман, Қазан образдары X ғасырдағы Оғыз ұлысының ыдырау кезеңінен алынған. Сол үшін эпос сюжетіндегі тіндер мен оның жырлау кезеңін бірдей деп ұғуға болмайды. Айтушылар сол жырларға қандай көзқарас, наным тұрғысынан келді дегеннің жайы да солай» деп көрсетеді.

Ондаған жылдар бойында тарихшыларымыз кенестік дәуірдің тарихын ғана сөз етіп келді. Халықтың бұрынғы өткен жолдарында қасиет тұтарлық өркениет белгілері жоқ, жақсылықтың бәрі де кенес тұсында пайда болды деп келетін біржақты, жасқан қисын қоғамдық ғылымдардың барша саласында үстем болғаны белгілі. Ертеде Қазақстанда қалалар да, отырықшылық мәдениет те болмаған, диханшылық дамымаған, қараңғылық жайлаған деген қисынды сансыз рет қайталап, ескі тарихымыздан күлер үзуге жақындағандай халде болған едік. Жаңалықтың бәрі Еуропа

жақтан, Ресейден келген, сондықтан сол елдің тарихы мен тілін оқысақ қана дүниенің ұштығына шығамыз деп сенгендер тіпті аз емес еді. Әріден санасак, бес мың жылға баратын тарихымыздың деректері тұтас жиналмақ түгілі ірі-ірі дәуірлерден де, атакты қайраткерлер өмірінен де бейхабар болып келдік. Міне, осы жағдайлар қоғамдық ғылымдардың, соның ішінде тарих пәнінің өркен жаюына тікелей кедергі жасады. Бұл кезге дейін, айталық, сактармен, ғұндармен, түрік қағанатымен тарихымыздың байланысты жағы арнайы зерттелген емес. Қидандар, оғыз-қыпшақтар бірлестігі, қарахандар, монғол шапқыншылығы, Жошы ұлысы кезеңінің тарихы салдарлы, дәйекті жазылып болған жоқ. Тіпті Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы заманының да ақиқатына қанығып болдык дей алмасак керек. Мұндай жағдайда ауыз әдебиеті тарихын жүйелеу, аса ірі эпостық аңыздардың шығу төркінін анықтау қиын болатыны түсінікті. Шалағай түсіндірілген немесе мүлде көмескі жатқан «тарих» негізінде фольклор туындыларын дәуірге бөлуіміз долбар мөлшерінде ғана жүріп келгені жасырын емес.

Қазақ фольклоры, әдебиеті, эпос табиғатын тануға септесетін, ескі дәуірдің болмысын бейнелейтін зерттеулер ауадай қажеттігі барған сайын сезіле бермек. Мұндай еңбектер туысқан түрік халықтарымен ортақ рухани мұрамыздың сипатын түсіндіруге де керек-ақ. Мұны «Алпамыс батыр» жырына байланысты да айтамыз. Біз оғыз халықтарының «Дәде Қорқыт кітабы» мен «Алпамыс батырдың» арасындағы фабулалық ұқсастықты фольклор деректеріне ғана сүйеніп сөз етіп келеміз. Шынында, VII—X ғасырларда оғыздар мен қыпшақтардың Сырдария бойында, Қаратау алқабында қатар өмір сүргенін біз көне сүрлеудей ғана білеміз. Ол замандағы қыпшақтар мен оғыздардың өзара қарым-қатынасын айқындайтын деректер әлі тексеріліп болған жоқ. Қазақ тайпаларының, соның ішінде «Алпамыс батыр» жырының аса көркем нұсқасын жасаған қоңыраттардың оғыз бірлестігіне қатыстылық дәрежесі ғылыми шешімін табуды күтеді.

«Алпамыс батыр» жырының қоңырат, қыпшақ, оғыз версияларын тұтастай қарап, неғұрлым кең зерттеген орыс ғалымы В.Жирмунский. Оның монографиясында эпостың жанрлық генезисі, эволюциясы, версиялары мен варианттар айырмашылығы, кейіпкерлердің сипаттамасы, сюжет пен композициясы әлемдік эпос төжірібесімен салыстырып берілген. Өзіне дейін осы тақырыпқа қалам тартқандардың ізденістерін ескере отырып, зор білім

мен методологиялық таяныштарға сүйеніп, батыс пен шығыстың фольклорындағы қыруар деректі пайдаланып жазылған бұл еңбек жалпы түркология көлеміндегі ірі жетістік болып саналады. «Тюркский героический эпос» (1974) деп аталған қомақты кітапқа көрнекті ғалымның татымды, күрделі еңбектері енген.

В.Жирмунский «Алпамыс батыр» жырының құрылысы мен оқиғалық мазмұнын жан-жақты қарастыра отырып, эпостың түпкі негізі батырлық ертегіден пайда болған деген қорытындыға келеді. Ғалымның дәлелдеп шыққан желілі ойлары бір «Алпамыс батыр» емес, басқа көптеген жырлардың табиғатын тануға көмектесетін зор методологиялық кілтке айналды.

Әдетте эпос зерттеушілер белгілі бір ескерткіштің түпкі негізін, шығу межесін қарастырғанда тарихи оқиғаларға табан тірейді. В.Жирмунский де эпостың бертінгі дәуірде болып өткен оқиғалармен байланысып сөз етеді. Бірақ ол «Алпамыс батырдың» әуел бастағы құрылыстық негізі батырлық ертегілердің қалып-үлгісімен жасалған деп есептейді. Осы ойларын дәлелдеу үшін, ол әлем фольклорынан, әсіресе ертегі аңыздардан ұқсас сарындар табады. Сөйтіп, ғалым жырдың бастапқы «қабатын» арғы түбі мындаған жылдарға кететін ертегілік қисындармен қабыстырады, эпостың көнелігін көрсетеді. Батырдың ғажайып туысы, қаһармандық үйлесуі және отанына, отбасына зорлық жасаушылардан кек алуы, туған халқын мұратқа жеткізуі секілді ескі ертегілерде қалыптасқан жүйені «Алпамыс батырға» қолданады, өте қисынды назариялық-теориялық мәні бар қорытынды шығарады. Ғалым өзінің зерттеуіне тірек-мысал ретінде эпостың өзбекше нұсқасын алады. Дегенмен жырдың қазақша, қарақалпақша, өзбекше нұсқаларының негізі бір болғандықтан, талдаулары мен шығарған тұжырымдары жалпылық мәнге ие болады.

Орта Азия мен Сібір түріктерінің ертегілік эпостарынан мысал келтіріп, ғалым қарт ата-аналардың жаратқаннан перзент тілеп, зар кешуі жиі кездесетін құбылыс екенін анықтайды. Бұған қазақ, қырғыз, алтай, шор ертектерінен мысал келтіреді. Мұндай оқиға қай елде көрініс бергеніне қарамастан әмбсбаптық сипат алатынын әңгімелейді. «Алпамыс батырдың» қазақ нұсқасына мысал келтірсек те, бұл қорытындының кездейсоқ емес, ғылыми объективтік заңдылық екенін көреміз. Жырда Байбөрінің перзентсіздік паласы былай беріледі ғой:

Жиделі-Байсын жерінде,  
Қонырат деген елінде,  
Байбөрі деген бай шықты,  
Токсан мың екен қорасы.  
Мұрындық, нокта тимеген,  
Сексен мың екен маясы.  
Шұрқырап жатқан бір жылқы,  
Тоғай сайын мың жылқы,  
Есебі жоқ көп жылқы  
Жиделі-Байсын даласы.  
Андай болып көрінген  
Бозы менен аласы.  
Соншама бай болса да,  
Жоқ еді ердің баласы.  
Алланың өзі бермесе,  
Пенденің бар ма шарасы?

Әулиелі жерлерге жол шегіп, жалбарынып жүріп тапқан баланың туысы ерекше, салтанаты өзгеше. Аналық бәйбіше қабылан етіне жерік болыпты. Мерзімді уақыты жетіп, Аналық босанып, ұл тапқанда Байбөрі ұлан-асыр той жасайды. Бұл жағдай да ертектегідей әсіреленіп берілген.

Әмірімен Алланың  
Арыстай қылып ұл тапты.  
Болғай деп ұзақ өмірі  
Анаған берді бір атты,  
Мынаған берді бір атты.  
Арт жағы қызық той болып,  
Сойғылды тоқсан күр атты.  
Мұрындық, нокта тимеген,  
Түйешілер мінбеген,  
Токсан нарды құлатты.  
Токсан үйдің ініне  
Токсан саба орнатты.  
Байсының қонып сазына,  
Қыс емес, күннің жазына  
Жердің жүзін шандатты...

Жас Алпамыстың жедел жетілуі, орасан қайрат иесі болып шынығуы, қатарынан озық болуы, ақыл-парасатының елден айрықша зеректігі — бәрі де ертегілік «шапшағдықпен» көрсетіледі. Оның жылқыны аралап, тандап ат мінуді, өзгеге ұстатпайтын Байшұбардың Алпамысқа «бұйыруы» батырдың елден ерек туысын дәлелдей түседі. Батырдың айбаты, Байшұбардың шабысы да орасан.

В. Жирмунский Алпамыстың ғажайып туысын, ерте ержетіп, ат басын тартып мінгеніп, намыс үшін ширығып үлкен істерге араласуын ертегілерде қалыптасқан көрініс деп біледі. «Пролог» деген тарау түгелдей осы мәселеге арналған.

Ғалым еңбегінің екінші тарауын «Қаһармандық үйлену», үшінші тарауын «Ердің қайтып оралуы» деп атаған. Түрлі елдердің ауыз әдебиетінен мысал келтіре отырып, зерттеуші ерте замандарда күйеу жігіттің өз қалыңдығын ерлік көрсетіп барып алуы өзінше бір салт болғанын дәлелдейді. Ал батырдың өзі сыртқы жаулармен арпалысып жүргенде оның елде қалған әйелін қас жауларының зорлықпен алуға әрекеттенуі мен батырдың дер кезінде оралып, дұшпандарын өлтіріп, мұратқа жетуі «Алпамыс батырда» ғана емес, басқа да көптеген аңыз, ертегілерде орын тепкенін сөз етеді. Бұл тұста ол әлем әдебиетінен салыстырулар жасайды. Мәселен, Алпамыстың жорықтан оралғанда елде қалған Гүлбаршынды Ұлтанқұлдың алмақ болып, қиянатқа барған тұсын грек эпосының кейіпкері Одиссейдің сан жылдық сапардан келгенде әйелі Пенелопаны зорлықпен алмақ болғандардың үстінен шығатын жерімен ұқсатады.

Бірақ зерттеуші қоңырат эпосы жасалу «қалпы» жағынан ертегілік пішін жамылғанымен, ішкі мазмұны нағыз тарихи өмірдің шындығы болып құлпырып шыққанын мойындайды. Ғұламаның негізгі ой желісі жырда қоңырат тайпасының қалмақ жаулаушылығы заманындағы әлеуметтік жағдайының ақиқаты көрінген дегенге саяды. Эпосқа зор танытқыштық, тағылымдық, отаншылдық қуат беріп тұрған да қиялдағы емес, тарихта орын тепкен, халықтың есінен кетпестей болып санасында сақталған сұрапыл жаугершілік кездердің істері эпикалық биікке көтеріліп берілуінде. В. Жирмунскийдің эпоста нақтылы тарихи тақырып анық сезілмейді, қалмақтарға қарсы күрес ертегілік сарынға «бүйірлен» қосылған секілді деуі асығыс айтылған тұжырым. Тұтас қазақ халқының, соның ішінде қоңыраттардың қалмақ жаулаушыларына қарсы күресі тарихилық мәнге ие бола алмайды дегенге ешкімді иландыру қиын. Демек, «Алпамыс батырдың» тарихилық негіздері туралы проблема әлі де болса арнайы тексеруді керек етеді.

Кейбір зерттеушілер «Алпамыс батыр» жырындағы оқиғалық желіні, тартыстық негізді құрайтын қазақ пен қалмақ қарым-қатынасын эпосқа тіркелген қосалқы «қабат» деп ойлауға бейім. Мұндай ойдың үшқаны өзбек «Алпамышын» толымды тексерген ака-

демик В.М. Жирмунский монографиясында да ұшырасады. Мұндай жағдайда көлденең оқушы Алпамыс батырдың қалмақ хандарының зорлығына қарсы күресі жалпы сарынмен айтыла салған қиял деп ойлап қалуы да мүмкін. Шындығында, мәселенің мәңгі басқашалау екенін тарих деректері сипаттап бере алатынын көреміз.

Фольклоршылар қоңырат тайпалары Өзбекстанның оңтүстігіне, Сурхандария өңіріне XVI ғасырда Шейбани хан елінің дүрмегімен бірге келген деген пікірді жетекшілікке алады. Ол өлкенің тіршілікке қолайлы, шаруашылыққа жайлы болып, көшпенділер сахарасынан жырақ жатқаны түрлі жаугершілік соғыстардан ығыр болған елдерді өзіне ынтық етіп отырған секілді. Қазақтың халық поэзиясында Жиделі-Байсынды аңсаған, ел басына қиыншылық кездессе, сол өлкеге көшейік деген ұғым туып отырған. XVIII ғасырда өмір кешкен ұлы жырау Бұқардың да қазақ жеріне төніп келе жатқан жаудың ұсқынын анық танып, қазақ қауымын Жиделі-Байсынға көшіруге шақырғаны да белгілі. Бұл сарын ғасырдан ғасырға, әулеттен әулетке тәтті қиялдай болып ауысып отырған. Сол Байсын өлкесіне жоңғар жаушыларының ат тұяғы жетті ме, жоқ па — ол өз алдына бір мәселе. Бірақ қазақ пен қарақалпақ қоңыраттарына қатығез жаудың зәбірі тигені тарихтан да, аңыз шежірелерден де мәлім. Ендеше тарих куәлігіне де назар салғанымыз дұрыс.

«Қоңырат» аталған тайпаның, бері салғанла Шыңғысхан дәуірінен бастап түркі, моңғол хандықтары мен бірлестіктері тағдырында зор рөл атқарғаны мәлім. Бұл тайпаның жекелеген топтары мен аталары түркі халықтарының көбінің құрамында кездесетіні анық. Қырым татарларының, солтүстік Кавказ ноғайларының, башқұрттар мен Еділ татарларының ішінде қоңыраттан тараған рулар болған. Бұл күнде оны тарихшылар мен этнографтардан басқалар біле бермейді. Татар мен башқұрттағы «Алпамыштарды» сөз еткен зерттеушілер де сол халықтардың ертедегі этностық құрамын іздестірмеген. Ал Орта Азияда қоңыраттар қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз ішінде күні бүгінге дейін өмір кешіп келеді. Оның жекелеген аталары түркімендер қатарында жүргеніне де тап қалуға болмайды. Ал ноғай, қарақалпақ, қазақ, көшпелі өзбек қоңыраттары Алтын Орда, Ноғай ордасы заманында бір мемлекеттің құрамында болғаны да анық. Бұл, шынтуайтпап келгенде, ежелден келе жатқан етене туыстықтың белгі-

сі. Ендеше, соңғы ғасырларда бұл елдер түрлі мемлекеттік бөліністер ішінде кеткеніне карап, олардың арғы тарихындағы тұтастықты ұмыт қалдыруға болмайды. Ноғай, казак, карақалпақтың ауыз әдебиет мұрасының өте ұқсастығы көпке аян. Тарихы жақын болмаса, мұншама ұқсастық болуы мүмкін емес.

Халықтардың өзара жақындығын емес, бір-бірінен жырақтайтын тұстарын әдейі алғы кезекке шығарып, лажи болса, олардың басы бірге қосылмауын терең ойластырған кешегі кеңестік үкімет кезінде казактар мен карақалпақтардың арасындағы дәстүрлі байланыстарды күшейтуге билеуші топтардың пейілді болмағаны белгілі. Ең ақыры бұл халықтардың алфавитінде де «өзгешелік» болсын деп, әліппелерді жасанды түрде қиындатушылық болғаны белгілі. Ал әрідегі тарихқа қадам бассак, бірлік, ынтымақ, туыстық нышандары мен мұндайлап-ақ тұр...

Карақалпақтар XVII ғасырдың ақырынан XVIII ғасырдың орта тұсына дейін Сырдарияның орта және төменгі сағасында өмір кешкені, кіші жүз казактарымен қоңсылықта ұзақ жасағаны, казак хандарына бағынышты болғаны анық. Туысқап халық өз ішінен он төрт ру және қоңырат арысы болып екі топқа бөлінген, осыған карағанда бұл екі бөлімнің халық саны да бір-біріне қарайлас болуы мүмкін. Сонда екі бөліктің бірін құраған қоңырат арысының ел тарихындағы орны мен мәні үлкен болатыны дәлелдеп жатуды керек етпесе керек. Карақалпақ халқының даңқын шығарған батырлар мен ақындар ішінде қоңырат тайпасының өкілдері көрнекті орын алатынына мысал мол. Мәселен, карақалпақ әдебиетінің классиктері Бердак, Әжинияз, Күнқожалар қоңырат арасынан шыққан. Тәуке ханның тұсында (1680-1718) карақалпақтарды ханның балаларының біреуі билегені де тарихтан мәлім. Ал Түркістан барлық карақалпақтардың ата-жұрты саналған. Карақалпақ тағдыры таразыға тартылған шақтарда ел сөзін ұстаушылардың алдыңғы қатарында қоңырат билері жүргені де бұл тайпаның халық құрамындағы салмағын көрсетсе керек.

Демек, қоңырат тайпасынан шыққан Алпамыс батырды карақалпақтың да өз батыры етіп дәріптеуі табиғи нәрсе. Сондай-ақ қонысы сәл шалғайлау болса да, Сурхандариядағы Байсын қоңыраттары да Алпамысты бауыр тартса, бұл да құлақ қоятын нәрсе. Ғалымдардың «Алпамыс батыр» жырын қоңыраттардың тайпалық эпосы деп бағалауы осындай тарихи негіздерге сүйенгендіктен туған. Ең қызықты жері сол — казак, карақалпақ, өзбек

қоңыраттары өздерінің аңыз әңгімелерінде Алпамыстың қоңырат ішінде қандай рудан «шыққанына» дейін айтып келген...

Енді қоңырат тайпалары жоңғар жаулаушылығы кезінде басқыншылар зорлығына душар болды ма, әлде алыс атырапта бейтарап күн кешті ме деген сұраққа жауап іздеуіміз керек. Казак арасындағы шежіреде бұл мәселеге қатысты аңыздар айтылып келген. Ал қоңыраттардың қалың бөлегін қамтыған карақалпақ ше? Оларды да жоңғар соғысына қатыссыз, бір бүйірде қалған деуге ешбір болмайды. XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдарында басталған жоңғар сойқанының зардабын Сыр бойында отырған карақалпақтар казакпен бірдей татқан. «Осы оқиғаларға байланысты карақалпақтар казактармен бірге Сырдарияның жоғарғы жағына, Ташкентке һәм құбыла-батыс тарапына карап, дарияның төменгі жағына, Арал теңізіне қарай кетеді. Сөйтіп, жоңғарлардың Сырдария бойының орта жағын басып алуына байланысты карақалпақтардың «төменгі», һәм «жоғары» карақалпақтар болып бөлінуі біржолата аяқталады» (5).

Бұдан карақалпақ руларының қак бөлініп, берекесі қашуының, күштілердің зәбір-жапасына ұшырауының объективтік себебі, олардың тыныш өмір қалпын бұзған жаулаушылар озбырлығында жатқанын көреміз. Мұндай жағдайда халық арасынан шыққан қайратты, намысты батырлардың жоңғар озбырлығына қарсы күреске шығуы табиғи екенін кім де болса мойындайды. Ал сондай батырлардың жинақталған, өсіріленген, халық қиялында сомдалған бейнесі Алпамыс болып көрінсе, танқаларлық ешнәрсе де жоқ. Ел арасында бұрыннан келе жатқан ертедегі алыптар туралы аңыз, әпсаналардың қайта жаңдануын өмірдің өзі талап еткен. Эпос қаһармандары сондай ерлерді халық сағынған, арман еткен кезде туады деген қағида мейлінше қонымды. Олай болса «Алпамыс батыр» жырының этностық тарихпен де, нақтылы дәуір оқиғаларымен де тығыз байланысты туғаны, жырдң қабатында үлкен әлеуметтік астар жатқаны аян.

Зерттеушілер «Алпамыс батыр» жырының таралып, сақталған аймағы, негізінен алынғанда Оңтүстік Қазақстан екенін мәлімдейді. Қазіргі кезде көпшілікке таныс нұсқалардың дені осы өңірден жазып алынған. «Алпамыс батырды» арнайы зерттеген филология ғылымдарының кандидаты Тұрлыбек Сыдықов жырдң ең көркем, толымды варианты деп табылған нұсқасын да елуінші жылдарда Оңтүстік Қазақстанның Түркістан ауданын-

да, Ашысай кенінде тұратын белгілі ақын Желеу Жакыповтан жазып алғанын айтады. Жырды өзінше толғап келген Әбдірайым Байтұрсынов, Айнабек Нысанов, Серғазы Керімбетовтер осы облыста өмір кешкен адамдар еді. Сыр бойында, көрші Қарақалпақстанға жапсарлас жерлерде бұл аңызды білетіндер мен жатқа айтығындар анағұрлым көп болғанға ұқсайды. Тіпті жоғарыда аты көрсетілген ақын, жыршылардың барлық білетіні жазып алынған деп те айта алмаймыз. Кейбір мәліметтерге қарағанда Түркістан ауданының Шорнак кентінде өмір кешкен Әбдірайым Байтұрсынов «Алпамыс батырды» ғана емес, оның баласы Жәдігер, немересі Аманолла туралы да жалғасын жырлаған делінеді. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1958 жылы шыққан осы хабарға сол кезде эпос маманы болып жүргендердің бірде-біреуі сөйт ете қоймағаны өкінішті. Араға жылдар салып, Шорнакқа барғанымызда Әбдірайым Байтұрсынов дүние салған, оның балалары өке архивін сақтай алмаған болып шықты. Көне мұра ескерткіштерінің жоғалуы деген осы секілді түрлі себептерден туа берелі. Фольклоршы Нысанбек Төрешұлов Жамбылдың жас кезінде Оңтүстік Қазақстанға барып, өзіне ұстаз, пір тұтқан Майлықожа, Құлыншак ақындардан бірталай жыр үйреніп қайтқанын анықтады. Зерттеуші Жамбылдың жыршылық репертуарындағы «Мұңлық-Зарлық», «Шора батырлар» оның Оңтүстік сапарынан тапқан олжасы деп санайды. Ал Құлыншак ақынның тікелей шәкірті Сұлтанбек Аккожаев «Алпамыс батырды» өмір бойы жырлағаны белгілі. «Алпамыстың» қарасөзбен баяндалған бір нұсқасын өткен ғасырдың соңғы кезінде атақты фольклоршы Әбубәкір Диваевқа тапсырған Еркінбек Ақыпбеков те ақын Құлыншак шыққан ауылдың адамы еді. Е. Ақынбеков Диваевқа бұдан да басқа көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін берген. Демек, «Алпамыс батырдың» өлеңмен айтылатын нұсқасын да, қарасөзбен берілген мазмұнын да білетіндер ол кезде анағұрлым көп болғаны күмәнсіз.

Оңтүстік Қазақстанның Созақ, Түркістан, Отырар, Арыс, Шардара, Жетісай, Киров, Мақтарал, Қызылорда облысының Жанакорған аудандарында қоңырат ата үрім-бұтағы шоғырланған. Қарақалпақ қоңыраттарының осыдан екі жарым ғасырдай уақыт бұрын қазақ хандарынан зәбір-жапа көріп, жер ауып кеткенге дейінгі қоңысы да Сырдың бойы, Қаратау атырабы екенін еске алсақ, қазақ қоңыраттары сол ескі мекеннен ірге көтермей отырғаны айқындалады.

Көне шежірелердің бірінде Қазақ пен Созақ дегендер туысқан болып, Созақтан қарақалпақтар тарайды деген аңыз да кездесетіні бар. Қалай болған күнде де, түрлі халықтардың құрамына қосылған қоңыраттардың қазақ бөлегі «Алпамыс батыр» жырын ерекше жақын тұтып, «өз батырымыз» деп келісетіні дәлел мол. Қазақ қоңыраттарының кейбір рулары тіпті Алпамысты өздерінен таратып та «меншіктеп» қарайтыны да осы айтылғанның бір көрінісі. Қоңыраттар тарихы бұл күнге дейін зерттелмеген. Өзгелерді былай қойғанда тарихшылардың өзі олардың басып өткен жолын, қай заманда қандай жерді мекендегенін, бұл елден қандай белгілі адамдар шыққанын нақтылы түсіндіріп бере алмайды. Екіншісі қоңырат тарихын Шыңғысханның жаулаушылық жорығы заманымен байланыстырғанды, Шыңғыстың қоңыратқа әрі жиен, әрі күйеу екенін айтып бере алады. Шыңғыс әулетінің айбаты асып тұрған кездерінде қоңыраттардың олармен құдандалы болып, тығыз араласып тұрғанының мысалын Рашиддиннің шежіресінен айқын көруге болады. Шыңғыс әскерінің бір түменін басқарған қоңырат Тоғұшар болғаны да нақтылы дерек. Шыңғысты хан көтерген билердің біреуі қоңырат Саңғыл би делінеді. Алтын Орда дәуірлерінде де қоңырат адамдары мемлекеттік істерге араласып, көрнекті қызмет атқарғанын шежіреден табамыз. Заманында атағы жер жарған, шынжыр балақ, шұбар төс Шыңғысхан әулетінен шыққан айбарлы хан Токтамыспен арпалысып, ақырында жеңіп шыққан Едіге батыр да тарихи деректерде кейде қоңырат, кейде манғыт аталады. Орта ғасырлардағы татымды дастандардың бірі — «Мұхаббатнаменін» Хорезми лақап атпен мәлім болған шығарушысы да қоңырат тайпасынан екенін білеміз. Шамамен алғанда Орта Азияға Шейбани жорығы жүргізілген шақтарда Түркістан қоңыраттарының бөлінуі басталған секілді. Бұл тайпаның одан кейінгі тарихи жолдары бір емес, бірнеше халықтың тағдырымен ортақтасып кеткен. Хорезм мемлекетінің соңғы біржарым ғасыр бойындағы хандары қоңырат руларынан шыққанына да назар аударылып көрген емес. Мұның бәрі тарихтың ашылмаған беттері, танылмаған құпиясы болып келеді...

Тарихи құжаттарда жазылмаған, халықтың жалында сақталған аңыздардың да қосымша мағлұмат ретінде маңызды орны бар. Соның бірі — Оңтүстік Қазақстан өңірінде ауыздан ауызға көшіп келген аңыз өңгіме. Мұны мен елуінші жылдарда туысы отырар-

лық Әшірбек деген ақсақалдан естіген едім, кейінгі жылдарда бұл аңызды қоңыраттың жеке руларының баспадан шыққан шежіре кітаптарынан да кездестірдім. Бұл аңыз өңгіменің жалпы нобайы төмендегіше. Ертедегі бір заманда ірі жаугершілік болып, елдер сапырылысқа ұшырайды. Ол кезде Қоңырат Нағанай деген кісінің отыз ұлының жиырма тоғызы Жиделі-Байсын жаққа ауып кетіпті. Арада жылдар өткенде солардың бір-екеуі ғана туған еліне қайта оралып, ата жұртта қалған Мелде бимен табысады. Қазақ қоңыраттары міне, осы Мелде би ұрпақтарының үрім-бұтағы делінеді. Қалай десек те, қоңырат тайпасының түрлі өңірге шашырап кеткені туралы тарихи аңыз құжаттармен сарындас келіп тұрғанын көрмеуге болмайды. Мұның өзі елдің этникалық санасы ұзақ жасайтын құбылыс екенін аңғартады. Жырдың барлық варианттарында да Байбөрі мен Аналықтың жаратқаннан перзент тілеп, зар нала шегетін жерлері бір сарында қайталанып отыруы да оқиғаның тарихи негізі, өткен ортасы қайсы екенінен ешбір жанылдырмайды.

Әзіреті Қаратау  
Әулиең кені еді.  
Өзен, сайын тастамай  
Бөріне бір түнеді.  
Әзіреті Ысқақ бап,  
Бабатада дер еді.  
Ол уақытта Бабата,  
Томпайып жатқан жер еді.  
Албесік салып басына,  
Қабірін бұлар түзеді.  
Қалған малын сарып қып,  
Бұған да үш күн түнеді...  
Кей жерде жаяу үдеріп,  
Кей жерде жатып түнеді.  
Күннен күнге түн қатып,  
Бейшара әбден жүдеді.  
Бірнеше күн жүргенде  
Өлдік-талдық дегенде  
Әзіретке келеді...  
Сайрамда бар сансыз бап  
Отырарда Арыстанбап,  
Бөріне бір түнеді...

Осылардан кейін Қаратау асып, Баба түкті шашты Әзизге бет алады. Өткен замандарды айтпай-ақ, бұл өлкеге келіп, әулиелерден медет тілегендердің қазірге дейін жүріп өтетін жолдары мына

өлең мысалдарда сайрап жатыр. Эпикалық сана мен тарихи-этностық ұғымның ұштасатын жері осы...

Оңтүстік Қазақстан халқының «Алпамыс батыр» жырына ерекше ден қоятынын біз өз көзімізбен көрген де едік. Менің жас кезімде аса үлкен бір жыршының өнерін тамашалағаным естен кетпейді. Ол жыршы — «Алпамыс батыр» эпосының ең сұлу, толық нұсқасын біздің дәуірімізге жеткізген Сұлтанбек Аққожаев еді. Бұл жыршының репертуарында «Шора батыр», «Қыз Жібек», «Сауда ишан» секілді бірсыпыра әйгілі дастандар бар болатын. Жыршы жиналған қауымға өзінің білетін шығармаларын санамалап айтқанында, елдің ықыласы көбінесе «Алпамыс батырға» түсе беретін. Осындай ортада мен «Алпамыс батырды» бір емес, талай рет қайталап тындауыма тура келген. Бір қызығы — жырды тындаушылардың да құрамы өзгере қоймайтын еді. Олар осы жырды қанша рет қайталап тындаса да жалықпайтын. Мұның себебін мен кейінірек, фольклор туындыларының жанрлық ерекшеліктерін кеңірек түсінетіндей болған шағымда айқынырақ аңғардым. Ең негізгі себеп — басым көпшілігі қоңырат тайпасының түрлі руларының өкілдері болып саналатын жамағатшылық эпос қаһарманы Алпамысты нақ өз ауылының батырындай етене жақын санайтындығында екен. Сондықтан да олар Алпамыстың да, оның жақындарының да өмірі мен тағдырына бейтарап қарамайтын. Тындаушылар бәрі дерлік жырдың мазмұнын өте жақсы білетін, кейбіреулері дастанның жекелеген айшықты, әсерлі жолдарын жатқа да айтатын. Фольклор ғалымының тілімен айтсақ, бұл халықтың этностық санасының белгісі екен. «Алпамыс» жырында тым әсіреленген, кісі илана бермейтін тұстар аз емес қой.

Мәселен, Байбөрінің малын шауып кеткен Тайшық ханға жалғыз аттанған Алпамысты жолда мыстан кемпір айламен қолға түсіргенде жаулар батырды өлтіре алмай, шерменде болады: Алпамысты қылыш кеспейді, оған оқ өтпейді, суға салса батпайды, отқа салса, күймейді. Нақтылы өмірде жағдай мұндай болмайтынын біліп отырса да, тындаушылар әлгіндей әсірелеуге шынымен сенетін еді.

Тындаушы халайық Алпамыстың қалыңдығы Гүлбаршынды іздеп шыққан жолында қалмақ әскерлерімен соғысып, дұшпанды бет қаратпай жеңетін жерін де айызы қана тындайтын. Алпамыс жау шебіне кіргенде «Алатау» деп ұран шақырғаны да олар-

дың жанына жайлы тиетін. Өйткені «Алатау» — казак қоңыраттарының бергіндесі жауынгерлік ұраны болатын.

Алпамыстың Тайшыққа аттанған жеріндегі:

Шу дегенде жануар  
Үшқан құстай озалы,  
Тарта-тарта баланың  
Алақаны тозады, —

деген тұсқа келгенде тыңдаушылардың «қайтсін-ай, жас балаға аттың шабысына шыдау онай ма» деп кәдімгідей батырға жанашырлық білдіргенін естіген едік. Сұлтанбек жыршы Алпамыстың зынданнан шығып, диуана кейпіңде өз еліне оралып, туған-туысқандарымен өзінің кім екенін білдірмей тілдескен жерлеріне келгенде тыңдаушылар көздеріне жас алып, ел батырының жеңісі таяу екеніне қуанып, осы оқиғаны өздері бастан кешіріп отырғандай тебіренетін. Жырдың сақталу дәрежесі тыңдаушылардың ықыласына байланысты дейтін қағида мейлінше әділ. «Манас» эпопеясының негізгі желісі үзілмей, жоғалмай жетуіне тыңдаушылардың манасшылардан өздеріне қанықты оқиғаларды қайталап айтуды талап етіп отырғандығына байланысты болғанын зерттеушілер атап өткен. Тарихи оқиғалар жаңғырығы өздерінің өткендегі тағдыр жолдарына жақын болғандықтан, казак-ноғайлы жырлары Батыс Қазақстанда көбірек сақталғаны түсінікті. Сондай-ақ ертедегі қоңырат елінің батыры туралы эпос сол тайпаның жиі қоныстанған жерінде айрықша қастерленіп, буыннан буынға жетіп отырғаны, бұл жырды айтушылардың көп болғаны таңғаларлық емес. Сонымен, «Алпамыс батырдың» көп нұсқалы, құлаққа сіңімді, жүрекке жақын болып қалыптасуының негізгі себебі, ең алдымен оқиғаларының қызықты, тілінің көркем, дастан құрылысының шебер болғандығына байланысты десек, жырда суреттелген өмір кешулері қоңырат елінің мәңгілік есінде қалған оқиғаларға қатысты болуының да өзіндік мәні бар. Ерлік, отаншылдық, намыстылық, халық мүддесі үшін жан аямай күрес идеясына құрылуы жырды жалпы ұлттық құндылықтар деңгейіне көтереді.

Жырда казак елінің кара шаңырағы сынды көрі қоныс Қаратау бірнеше рет қайталанып аталатыны да кездейсоқ емес. Тайша хан елінде Гүлбаршын үшін талас қызып, кімнің аты озып келсе, қыз соған бұйыратын болған кездегі жарыс Қаратаудың

баурайында өтеді. Байбөрі жылқысын жау шауып әкеткенде баласына, «лұшпаннан кек алмасаң, сонда пенде болып қал» деп ауыр сөздер айтады. Алпамыстың әкесіне қайтарған жауабында да Қаратау еске алынады.

Атқа салдым төмілдірік, терлікті,  
Қаратауды мен көп сүрдім бегілікті,  
Жалғыз ұлын — мен кеткен соң, атажан,  
Мұнда құлдан сен көрерсін қорлықты.

Алпамыс зынданнан шығып, жауын жеңіп, Жиделі-Байсыңға келгенде Ұлтанқұлдың тепкісін көріп, түйесін бағып жүрген әкесінің зар, мұның естиді.

Қаратаудың басында бар арпасы,  
Келінімнің түсіп қалды паршасы.  
Айласам да жөнге ешбір жүрмейсін,  
Қарағымның аманат қойған наршасы...

Қоңыраттардың әзелден бергі қонысы жырда да осылайша берік орын алған.

Эпостың танытқыштық, тәрбиелік қасиеті онда халық өмірінің қаншалықты кең қамтылғанымен де өлшенеді. Бұл реттен алғанда «Алпамыс батыр» казак елінің ертедегі көптеген салт-санасын, әдет-ғұрпын, наным-сенімін елестете алатын аса құнды ескерткіш. Қарт ата-ананың баласыздық зарын алып қарайық. Бұл ежелден келе жатқан сарын, сонымен қатар соңғы замандарға дейін талайлардың үзілмеген мұны болатын. Мал-мүлікке, жерге келешекте ие болып қалатын мұрагер мәселесі жалпы адамзат көлеміндегі мәнді мәселе екені белгілі. Ал кең сахараны еркін жайлап, жайылым қуалап, мың-мыңдап мал өсірген елде ата аманатын алып қалатын ұл перзенттің орны тіпті бөлек еді.

«Қорқыт ата кітабында» ұлы жоқтарға тойда орын берілмейтін қатал тәртіп туралы сөз болатыны құр қиялдап тұмаған, ерте замандағы үйреншікті көрініс еді. «Алпамыс батырдағы» Байбөрінің наласы да жеңіл-желпі нәрсе емес екені нанымды. Перзентінің болашағын ойлап, оны үйлендіру жағдайын ерте бастан қамдап, өзіне терезесі тен елмен құда болу да казак атаның өміріндегі аса кәделі іс. Бұл жолды аттап кететін жан болмаған. Ендеше, Байбөрінің Байсарымен құда болуы табиғи көрініс. Ал екі құданың өкпелесу себебін казак жыры өте қисынды етіп шығарған. Көкпар

кезінде серкеге таласып, тіпті ен жақын адамдардың да камшы салысып, қатты өштесіп кететін де жағдайы сирек болмаған. Көкпардың өзіндік қатал шарты бойынша қызу тартыс кезінде ешкім де жеңіске біреулердің аяушылығымен немесе кепшілік жасауымен жетпеген, астындағы аты жарамды, өзі қарулы әрі әбжіл шабандоз жандардың ғана мерейі үстем болған. Олай болса, көкпар кезінде Байбөрінің Байсарыға камшысы тиіп, Байсарының осыны кек тұтып, қалмақ еліне ауып кетуі тартыстың шыншыл өрбігенін көрсетеді. Қазақтың жер-дүниеге тарап кетуінің көп себебінің ішінде оның ағайынмен араздасып, қайта көрмейтіндей болып, тіпті жаудың еліне де асып кете беретіндігі де бар... Ал Байсарының барған елі анау-мынау емес, қазаққа тізе көрсетіп, өктемдік жүргізген қалмақ елі болуы мәселені ұшқындыра түседі. Сұлу Гүлбаршынға қалмақ ханы мен батырларының көзі түсуі, әйелдікке алмақ болып ұмтылуы тартысты өршітіп, қазақ пен қалмақ арасының бөсекесі мәселесіне айналады. Жырдағы ат жарыс, палуан күрес суреттері үлкен тойлардың қанықты көріністері...

Табиғаттын тылсым күштерінің күдіретіне сенетін халық түс көруге де күшті мән берген. Күні кешегі дейін қазақ арасында түске сенушілік, түсті жорытушылық дағдылы нәрсе болатын. Алпамыс аттанып келе жатқанда Тайшықтың көрген түсі әрі көркем, әрі көңілге қонымды. Бұл арадағы түс оқиғалардың бұдан былайғы даму бағытын айқындап тұрған дәнекер қызметін атқарады.

Алпамыс жау елінде хабарсыз кеткенде елде қалған Ұлтанқұл оның әкесі мен шешесін, қарындасын қорлап, әйелі Гүлбаршынды алмақ болып зорлық көрсеткен тұста да нағыз өмірдің шыншыл көріністері мол. Кектескен күштінің күні туып тұрғанда жасайтын қиянаты мұнда әсіреленген түрде болса да, нақтылы бейнеленген. Байбөрінің, Аналықтың, немере ағасы Тортайдың, баласы Жәдігердің, әйелі Гүлбаршынның бастарына түскен тауқыметті сабырмен көтеріп, жақсылықтан күдер үзбей, Алпамыстың қайтып оралуын күткен халдері айрықша әсерлі. Алпамыстың Гүлбаршын тұсына келіп айтқан өлеңіне оның жауаптары ақылды, опалы, қайратты қазақ әйелінің асыл қасиетін сомсурет етіп елестеткендей. Ер жігіттің жары қандай болу керектігі туралы халық ұғымы жырда жарасымды, әсерлі берілген. «Алпамыс батырда» әрі өмір шындығымен сабақтасып, әрі көр-

кемдік шындық болып түскен тіршілік суреттері тұнып тұр. Осы жағдайды ескергенде кейбір зерттеушілердің мұнда қазақ халқының белгілі бір тарихи дәуір шындығы жұқа көрсетілген деген шала түсінігіне қайран қалмасқа болмайды. Мүмкін олар жырдың қазақша мәтінін оқымай, тек мазмұнын ғана білгендіктен мұндай біржақты тұжырымға келген болар. «Алпамыс батырдың» өткен замандағы халық өмірінің өте күрделі қырларын көрсете алғаны жыр қаһармандарының нақтылы өңірде әрекет ететініне, этностық тарихпен тығыз ұштасып жататындығына байланысты. Мұнда, өзге көп жырлардағыдай, ертедегі қазақ жұртының әйтеуір бір бұрышында болып өткен оқиғалардың қиял елесі емес, бастан-аяқ қоңырат елінің мұн-мүддесі мен арманынан туатын жағдайлар айтылады. Ал шындығына келгенде, дастанда жалпы қазақ халқының басынан кешкен халдерінің үлгі-қалыбы көрініс береді. Алпамыстың туған еліне өзін танытпай келіп, барлық жағдайларды көзбен көруі арқылы берілген өмір ақиқаты көркемдік құрылыс, шеберлігі жағынан әлемдік эпос мүлкінің арасында айшықтанып тұратын құбылыс. Алпамыс пен сақау Бадамшаның қайымдасып айтысқан жерінде де қаншама тұрмыстық, мінездік сипаттар ашылған.

Әлбетте, жырдың халық көңілінен мәңгілік орын алған тартымды қасиеті Алпамыстың туған еліне шексіз берілгендігі, атаның да адал ұлы, тайпаның да қажымайтын қорғаны, қазақ елін басқыншы жаудың құлдығынан құтқаруды, оның іргесі бүтін, тәуелсіз, бақытты болуын көздеп, қайсарлықтың, намыстылықтың асқан үлгісін көрсеткендігі. Алпамысты шет жұрттың асыл жиһазы, қазына-мүлкі, мансап, лауазымы қызықтырмайды. Ол туған елінің басқаға зәредей де бағынышты өмір кешуіне көнбейді, малын жау шауып кеткенде «арты қалай болар екен» деп жалтақтамайды, Ұлтанқұлдың дүниесіздігіне опасыздығын кешірмейді. Жырдың көп әсіреленген тұстарының тасасында халықтың «осындай ұл туса екен» деген өшпес арманы сезіледі, «қазақ» деген елдің ешкімнің табаны астында тұншықпай, кеудесін тік ұстап жүретін болуына сенімі сезіледі. Замандар бойында қазақ халқының басына ауыртпалықтар, күтпеген сұмдықтар душар болғанда оның жігерін қайрап, намысын ұштан, ерлік дәстүрін еске салып, әрбір буынды биік адамгершілікке, отаншылдыққа тәрбиелеп келгендігі «Алпамыс батырдың» да, басқа жырлардың да баға жетпес құндылығы болып табылады.

#### Әдебиет:

- (1) Әуезов М. Әдебиет тарихы. — 1991. 105-б.
- (2) Көрсетілген кітап. — 105-б.
- (3) Сонда, — 382-б.
- (4) Қазақ халқының батырлық жыры. — Алматы: Ғылым, 1972.
- (5) Қарақалпақ АССР тарихы. — 142-143-бб.

## ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ ЭПОСЫНЫҢ ТАРИХИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТИПОЛОГИЯСЫ

Жаһанның әр өңірінде әр қилы мәдени сатыда тұрған халықтардың фольклорындағы ұқсастықтар мен сарындастықтар сырын анықтау аса маңызды мәселе. Ауыз әдебиеті ескерткіштеріндегі жекелеген сырттегі үндестіктерді табу, жүйелеу, салыстыру зерттеулердің тек алғашқы қадамы ғана. Фольклортанудың мақсаты ауыз әдебиеті мұрасындағы ұқсастық атаулыны тізіп көрсетумен шектелмейді. Бұл тараптағы негізгі уәзипа түрлі ұқсастықтардың заңдылықтарын ашу болып табылады.

Халық әдебиетінен ұқсастықтар іздеуді үстірт мақсат етіп қарау кем дегенде екі түрлі жаңсақтыққа жол қалдырады. Біріншіден, жалаң салыстырулар әрбір шығарманың қайталанбас даралығын, ұлттық ерекшелігін тануға мүмкіндік бермейді, екіншіден, мұндай тәжірибе белгілі бір елдің фольклорлық жаратындыларын жасанды түрде көтермелеп, екінші жұрттың мұрасын төмендетіп көрсетуге апарарды.

Соңғы ғасырларда дүние құбылыстарына еуроцентристік көзқарастардың бел алып кетуінен шығыс халықтарының дәстүрін, мәдени жетістіктерін елемейтін теориясымақтар пайда болды. Мұны қазақ әдебиеті мен өнеріне қатысты бірер мысалдан байқауға болады. Қазақтың ғажайып сұлу халықтық саз өнері, әні мен күйі, жыры ондаған жылдар бойында ескірген мұра делініп, бірден-бір үлгі, жетістік ретінде еуропа музыкасы мадақталды. Осындай көзқарастың салдарынан бүгінгі таңда халықтың классикалық әуендерін ұмытуға, жоғалтуға бет алып келеміз. «Үйренетін үлгі мынау» деп марапаттаған шетелдік жасанды, жадағай саздар мәңгілік тозбайтын халықтық музыканы түгелдей ысырып тастауға жақын қалды. Жалаң еліктеу, әр нәрсенің сыртқы жылтырағына ессіз әуестену дегеннің қандай қатерлі зардабы болғанын осыдан-ақ көре беріңіз. Қазақтың атакты әдебиет, өнер қайраткерлерін еуропалық көрнекті тұлғалармен салыстыруды да мадақтаудың асқан түрі деп семіріп келдік. Бір кезде Жам-

былды «Сталин дәуірінің Гомері» деп салыстыру жиі кездесетін, оны қазір де қайталап айтушылық жоқ емес. Гомердің ұлылығында дауымыз жоқ, бірақ Жамбылдың ақындық дәрежесін ашуға бұл теңеу куәлік ете алмайды. Сондай-ақ М.Әуезов шығармашылығын М.Шолоховпен салыстыру қаншалық мақтау бола алатынын да ойлап көру керек. Бұл айтылғандар әдебиет, өнер өлемінде сырттай ұқсастықтар табуға барудың ғылыми методологиялық жағынан теріс скенін дәлелдейді.

Түрік халықтары фольклорының, соның ішінде эпосының типологиясын зерттеу аса маңызды, көкейкесті тақырып. Академик В.М.Жирмунскийдің «Дәде Қорқыт кітабы», «Алпамыс», «Манас», «Едіге батыр» жырларына арналған монографиясы бірталай мәселелерге анықтық енгізген зерттеу. Соңғы жылдарда қазақ фольклоршылары да осы бағытта еңбек етіп келеді. Атап айтқанда «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ фольклорының тарихилығы», «Қазақ фольклорының поэтикасы» секілді ұжымдық ғылыми еңбектер методологиялық тұрғыдан жаңа қалам болды.

Қазіргі кезде түркі халықтарының зносындағы типологиялық ұқсастықтар мен сарындастықтар табиғатын үш жүйеге бөліп тексеру орын алып келеді. Олар: *тарихи типология, тарихи-мәдени типология және тарихи-генетикалық типология*. Бұлардың әрқайсысында бір-бірінен өзгешеленіп тұратын қалыптар мен шарттар бар.

*1. Фольклорлық шығармаларды зерттеудің күрделі бір саласы тарихи-типологиялық салыстыруларға саяды.* Бұл халықтардың дамуындағы біркелкіліктен, әлеуметтік-тарихи дамудың ұқсастығынан туындайтын жақындық.

Түрлі халықтардың фольклорында ол елдердің тарихи және мәдени жағдайларындағы даму ерекшелігіне байланысты ұқсас тақырып, сарын (мотив), фабула, ситуациялар (халдер) болады. Бұл ретте эпос қаһармандарының тағайып туысы, оның жедел жетілуі, батырлық қасиетінің ерте көрінуі, қауіп-қатерден аман сақтайтын магиялық кереметі болуы, жүйрік ат тандап мінуі, тұлпар аттың қаһарманға жәрдемшілік, «кеңесшілік» қызметі, батырлық үйлену тәрізділерді атап көрсету керек. Бір кезде мұндай сарындастықты кейбір ғалымдар бір елден екінші елге ауысқандық салдары деп түсіндірген. Ал шындығында осы аталған жағдайлардың бәрі де адамдардың тұрмыс және қоғамдық өмір ерек-

шелігіне байланысты пайда болатын, ішкі заңдылығы бар нақты халдердің көрінісі. Сондықтан бұлардағы сюжеттің дамуы адамдардың қоғамдық тіршілігіне, психологиясына, дүниетанымына қатысты ситуациялар үстінде жүріп жатады.

Тарихи-типологиялық белгілер фольклорлық шығармалардың сюжеттік баяндауымен ғана шектелмей, олардың жанрлық құрылысын, көркемдік бейнелеу құралдарын да қамтиды. Эпосты мұндай типологиялық ұқсастықтардың мол болуы шығарма табиғатына терендеп, нақтылы тексеруді қажет етеді. Қалай болған күнде де тарихи-типологиялық салыстырулар фольклорлық байланыстардың ұлы құпиясын ашуға бағытталған методологиялық әдістің бірі болып қала береді.

*2. Ауыз әдебиетіндегі ұқсастықтардың тағы бір заңдылығы тарихи-мәдени типология* көлемінде танылады. Адамзат жаралғалы бері бір елдің екінші елге рухани, көркемдік жетістігі мәдени байланыстар арқылы жүріп келгені белгілі. Мұндай қарым-қатынастар тілі, наным-сенімі, шаруашылық кәсібі, тұрмыс қалпы түрлі деңгейдегі халықтар арасында да болып тұрған. Қазақтың «ақыл ауыс, ырыс жұғыс» деген нақылы бұл ақиқатты дәл бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда бұл күнде қазақтың төл мұрасына айналып кеткен көптеген қисса, дастан, жырлары, ертегілері мен аңыз, әпсаналары түрлі елдермен мәдени араласулар нәтижесінде туған деп тұжырым жасауға болады. Халқымыздың көркемдік қазынасына қосылған дастандар мен ертегілердің, тәмсілдер мен мысалдардың күрделі саласы Үндістан, Арабстан, Иран елдерінен ауысып келгені кәміл. Бұған мысалға арғы түбірі «Қалила мен Димнадан», «Мың бір түннен», «Шаһнамадан», «Тотынамадан», «Қабуснамеден» таралған фабулаларды көрсетуге болады. «Шаһнаманың» сюжеттік желісіне сүйене отырып, Тұрмағамбет ақын жырлаған дастандардың өзі бір шоғыр. Ал «Мың бір түннің» тараулары ел арасында аңыз, ертегі, қисса, хикая түрінде танымал болғанына да мысал аз емес. «Жеті ғашық» деген жалпы атпен мәлім болған «Сейфүлмәлік», «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зухра» тәрізді дастандардың да түп негізі Таяу және Орта Шығыс елдерінен ауысқаны шүбәсіз. Әлбетте, қандай да болмасын фабула, сарындар белгілі бір халықтың рухани мүлкіне айналу үшін, сол елдің көркемдік дәстүрімен табиғи бірлестік табуы қажеттігі басы ашық мәселе. «Сейфүлмәлік», «Жүсіп-Зылихалар» қазақтың өз жырларымен қатар даңқ-

қа бөленуі осындай заңдылықтың орын тепкендігін көрсетеді. Еуропа елдеріне кеңінен мәлім Ескендір Зұлхарнайын туралы аңыз, әпсаналардың қазақ сахарасынан «қоныс тебуі» тарихи-мәдени типология заңдылығын дәлелдейді. Тіпті тілі, діні, ғұрпы, кәсібі жақын елдердің де көркемдік мұрасы жуық көршілеріне таралуының басты жолдары мәдени қарым-қатынастар нәтижесі болып шығады. Бұған «Көрұғлы» дастанының Орталық Азия халықтарының: қазақтардың, каракалпақтардың, өзбектердің, тәжіктердің сүйікті жырына айналғандығын мысал етіп көрсетуге болады. Ең аяжабы сол — «Көрұғлының» оқиғалық желісі ғана емес, көркемдік бейнелеу жүйесі де, әсіресе саз музыкасы да аталған халықтар арасына байырғы калпында жеткен. Қазақстанда, Каракалпақстанда «Көрұғлыны» айтатын жыршы-жыраулар дастан сазының түркімендік өрнегін қабылдап алған көрінеді. Аты өлемге әйгілі «Манас» эпосының қазақ арасына осындай рухани, мәдени ауыс-түйіс жолымен келгені де анық. Сондай-ақ «Манастың» құрамына қазақтың Көкше батыр туралы дастаны кірігіп кеткені белгілі. Бұл және басқа көптеген мысалдар эпос типологиясының түбірі мен жасалу, таралу жолдарын, ұқсастықтардың тегін түсіндіретін сенімді таяныш болып табылады.

3. Эпос мұрасындағы ұқсастықтар заңдылығын айқындайтын әдістің енді біреуі *тарихи-генетикалық типология* жүйесіне жатады. Халықтардың әуел бастағы генетикалық туыстығына байланысты көп елдерге тараған эпикалық аңыздар табиғатына үңілу қызғылықты талдаулар мен тұжырымдар жасауға аса ұтымды. Бұл — ғасырлар бойында түрлі оқиғалардың салдарынан бір-бірінен алыстап, үзіліп қалған рухани қарым-қатынастарды қайта жалғауға себепсіді.

Көпшілігі көшпенді және жартылай көшпенді өмір кешкен түрік тайпалары мен рулары Еуразияның ұлы даласын шарлап жүрген замандарында түбі бірге туыс халықтардың әр өңірде, түрлі өлкеде қоныстап, қалып қойғандықтары мәлім. Бұдан екі жарым мың жыл бұрынғы ғұндар дәуірінде қазіргі түрік халықтарының аталары Орталық Еуропадағы елдерге дейін өз билігін жүргізген. Түрік қағанатына бірлескен ұлыстар мен тайпалардың да кейіннен жер дүниеге тарап кеткені ақиқат. Қазіргі кезде жалпы саны отызға жуықтайтын түркі ұлттары мен ұлыстары ұлы даланың төсінде ойдым-ойдым шашырай қоныстанған ежелгі түріктердің ұрпағы. Бұлар Байкалдан Балқанға дейінгі кең аты-

рапты мекен етіп қалған. Далалық көшпенділердің ат тұяғы Алтын Орда заманында да Азия мен Еуропаны еркін кезген. XVI ғасырда бері қарай Ресей мемлекетінің күшейіп, озбыр, отарлаушы елге айналуы көшпенділер ұрпағының ежелгі тұрмыс, тіршілік қалпына күрт өзгеріс енгізді. Бұрын Қырым мен Үрім арасында кедергісіз кешіп жүргендер өзінен зор күшке душар болып, тас қамалға тірелді. Ресей патшасының Казан хандығын құлатуы, Еділ (Волга) өзенінің ұзына бойын иемденуі, ақырында түрік ұлыстары түгелге жуық жаулап алуы олардың бір-бірімен байланысын қырқып тастады. Казан, Астрахань, Қырым, Ноғай, Сібір, Өзбек, Қазақ хандықтары бұрынғы тұтас түрік-қыпшақ дүниесінің қираған орнында құрады...

Ресей империясы түрік халықтарын саяси, экономикалық жағынан ғапа билеп-төстеп қойған жоқ, ең қасіреттісі сол — бағынышты елдерді рухани құлдыққа түсіруді көздеп, сан алуан зұлым жоспарларын жүзеге асырды. Соның ішінде басты мақсат ретінде түрік халықтары бірлігін мүлде жойып жіберуді көздеген еді. Бұл үшін бағынышты халықтардың шұрайлы жерлерін тартып алып, оған келімсектерді орналастырды, ислам дінін қуғынға ұшыратты, түрік пәсілдерін шоқындыруды жоспарлады, түрік халықтарының өткен тарихын бірыңғай қаралап көрсетуді жүзеге асырды. Бұл айтылғандарға мысал көп. Солардың кейбіреулерін еске сала кетейік.

Ресейдің үш ғасыр бойында айналасындағы азулы жаулардан сақтап, орыс халқының бейбіт өсіп-өнуіне, өз дінін ұстауына еркіндік берген Алтын Орданы бірыңғай ғайбаттау, түрік халықтары тарихының даңқты беттерін өлтіру, елдік намыс үшін күрескендерді жазалау, оқу орындарында орыс халқының тарихы мен мәдениетін шектен тыс дәріптеу т.б. қиырқы әрекеттер өз нәтижесін берді. Осының салдарынан өз ұлтының тарихын білмейтін, ұлттық намыстан жұрдай, бірақ миссионерлік сипаттағы оқу орындарынан білім алған, іс жүзінде өз халқына дұшпандық жасайтын буындар пайда болды. Ондайларды бұл күнде мөңгүрттер немесе көзқамандар деп айтушылық қалыптасып келеді... Ежелгі түрік жер-су, мекен аттарын өзгертіп, географиялық картаны да қайта құрастыру отаршылдық саясаттың құрамдас бөлектері еді. Біз қазіргі Ресей мемлекетінің аймағында қазақтың ежелгі қаншама қонысы мен өрісі қалып қойғанынан да бей-хабармыз.

Түркі халықтарының ыдыран, тарихи тұтастығын мүлде ұмытқандығы фольклор мұрасына деген түсінігінен де айқын көрінеді. Г.Н.Потанин сынды аса көрнекті ғалым қазақтың дүние жүзіне әйгілі ең сұлу жырларының бірі деп сипаттаған «Қозы Көрпеш—Баян сұлуды» алтайлықтар да, башқұрттар да, Солтүстік Кавказ ноғайлары да, қырым татарлары да, Румынияның татар-ноғайлары да өздерінікі деп сапайды. Ал жырдың осы халықтардағы нұсқалары олардың бәрі де бір түбірден тарағандығын аңғартады. Мәселен, «Қозы Көрпеш—Баян сұлудың» қазақ және қырым-татар нұсқаларындағы бір ғана айырмашылық кейіпкерлерінің аттарында екен. Қазақ жырындағы Қарабай мен Сарыбай қырым-татар нұсқасында Еділбай мен Жайықбай болып жүр.

Түркі халықтарының тарихы әлі толық жазыла қойған жоқ. Ежелден туыс халықтар өздерінің тарихын тым күшті біледі. Бір ғажабы сол — тарих ұмытқанды, халық естелігі ұмытпағанды. Сөз етіп отырған «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» түркі ұлыстарының ертеде тұтас бірлестікте жүрген кезінің жаңды куәлігі. Тарихи-генетикалық типология рухани ескерткіштердің жаратушысы да, сақтап, дамытушысы да бір-біріне туысқан тайпалар мен ұлыстар екенін дәлелдейді. Сонымен, эпосты тарихи-генетикалық типология тұрғысынан зерттеу таза ғылыми міндетімен қатар ғасырлар бойында бір-бірінен алыстан, ажырап қалған елдердің тарихи туыстығын танытуға, өзара бірлікті күшейтуге аса пайдалы екенін көреміз. Ойымызды тұжырымдау үшін тағы да бірер мысал келтірудің қажеттігі бар.

Атақты Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» деп аталатын жыр тізбегін ноғай ағайындар «ноғайдың қырық батыры» дейді. Осы тізбектің құрамындағы жырдың көбі ноғайларда да сақталған екен. Бұл да қазақ, ноғай халықтарының ертеде бір мемлекет бірлестігі құрамында өмір кешкендігінің, Алтын Орда ыдырағаннан кейін бұрыннан ата-бабасы айтып келген аңыз, дастандарға мұрагер болып қалғандығының куәлігі. Қарақалпақтардың фольклорлық мұрасы да ортақ түбірден шыққанына қарақалпақ фольклорының жиырма томдығын қараған әрбір адамның көзі жетеді. «Едіге батыр» жырының қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт халықтары арасында сақталып келуі де жырда айтылатын оқиғалардың Алтын Орда дәуірінде болып өткенін, империя құлағаннан кейін әрбір ұлыс эпосты өзінікі етіп мешіктеп, иелік жасағанын көрсетеді. «Алпамыс ба-

тыр» дастанының қазақ, қарақалпақ, көшпелі өзбек халықтарына ортақ болып есептелуінің негізгі себебі бұл жырлы жаратушы, айтушы, тыңдаушы ортаның негізінен алғанда қоңырат тайпасы болып келуіне байланысты. Ал «Дәде Қорқыт» кітабы мен «Алпамыс батыр» дастанының арасындағы ұқсастықтар «күниясып» ашу күрделі зерттеуді керек етеді. Сонымен, түркі халықтары эпосын тарихи-генетикалық жағынан талдау, тексеру бүгінгі күннің актуальды мәселесінің бірі болып көрінеді. Ұзақ ғасырлардан кейін тағдыры онынан туып, тәуелсіздік туын көтерген түркі халықтарын рухани жағынан табыстыратын аманат сөз эпоста қалуы ғасыр ғажайыбының бірі десе болады.

Ілгеріде айтылған ойларды қорыта келгенде, кейбір тұжырымдар өзінен-өзі туады. Қазіргі кезде түркі халықтарының негізгі эпостық қоры жарық көргені белгілі. Солардың тандаулы ұлттық варианттары мен версияларын топтап, тиісті түсініктемесімен том-том кітап етіп шығару алдағы міндеттің бірі. Бұл қазынаның басын біріктіру үшін, ғылыми орталық керек екендігі де түсінікті. Осы уәзіпаны халықаралық қазақ-түрік университеті Анкарадағы А.Иасауи қоғамымен, тағы басқа мекемелермен бірлесе отырып жүзеге асыра алар еді. Түркі халықтары фольклоры мен әдебиетін оқытуды жүйелі жүргізетін арнаулы кафедралар ашылуы да, түркі фольклорының тұнып тұрған мәселелерін көтеріп, ғылыми жұртшылық пікірін ұйымдастырып отыратын бір журналдың шығуы да университетіміздің ұлы мұратына сәйкес келер еді.

#### Әдебиет:

- (1) Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос, М., JL., 1974.
- (2) Бердібай Р. Саркылмас қазына, А., 1983.
- (3) Қазақ фольклорының типологиясы. А., 1989.
- (4) Бердібай Р. Эпос — ел қазынасы. А., 1995.

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ ДАСТАНЫ

(«Алпамыс батыр» және оның қазақ халқының этникалық тарихымен байланысы)

Қазақ халқының қаһармандық дастаны «Алпамыс батырдың» 1000 жылдығын атап өту кезекті ғана емес, елдің өткендегі кәдімгі дәстүрлерін, рухани тіректерін еске түсіріп, солардан болашаққа бағдар табуын қажетті шарасы. Өзінің көркемдік ажары көтерген мәңгілік мұраты, халықтың асыл армандарымен үндестігі жағынан әлемге әйгілі «Махабхарата», «Одиссея», «Манастармен» қатар тұратын даңқты дастанды қалай ардақ тұтсақ та лайық. «Алпамыс батырды» қазақ халқы ғана емес, басқа да түрік халықтары, соның ішінде өзбектер мен қарақалпақтар да өз мұрасы санауы эпостың бағасын арттыра түседі. Өзбекстанның 1999 жылды «Алпамыш жылы» деп атауы, республиканың барлық түкпірінде дастанның тарихи-эпостық мәнін кең насихаттауы, Термез қаласында батырға ескерткіш орнатуы елеулі оқиға... «Алпамыс батырға» фабулалық жағынан ұқсас жырлар мен аңыздар алғайлықтарда, татарлар мен башқұрттарда да сақталып келеді. Атағы дүние жүзіне белгілі «Дәде Қорқыт кітабының» бір бөлімінің мазмұны «Алпамыспен» бірдей болып келуі де дастанның тамыры тереңге тартатынын танытады. Демек, «Алпамыс батыр» қазақ халқының ғана емес, күллі түркі дүниесінің ортақ мақтаншы болып табылады. Солтүстік Кавказ халықтары: адыгейлер, черкестер, осетиндер, кабардиндер, карашайлар мен малкарлар «Нарттарды» қалай қадір тұтса, Орта Азия, Кавказ, Кіші Азия, Еділ бойы түріктері де «Алпамысты» сондай қас-терлейді...

Ұлы эпостың ешқашан мәні кемімес құндылығы қазақ халқының азаттыққа, бейбіт, бақытты өмірге деген үміт, арманын сомсурет бейнелермен, биік көркемдікпен суреттеуінде. Ғасырлар бойында жерімізге көз тігіп, халқымызды құлдыққа түсіруге ұмтылған сырт жаулардың озбырлығына қарсы күресіп келген, өзгеге кіріптарлыққа көнбеген еліміздің қайсар рухы «Алпамыс батыр» сынды тамаша дастандарымызда жарқырап көрінген.

Алпамыстың бір өзі қалың жауға қарсы шабатын, «оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін» болып сипатталуы халық арманымен орайлас туған. Дүниенің жылтырағына қызықпайтын, елдің ар-намысын жоғары қоятын тұтас, кесек бітімді ерлер бейнесі шындық пен қиялдың бірігуінен туатыны осыдан.

«Алпамыс батырдың» басқа да қазақ жырларынан күрделі өзгешелігі бар екені зерттеушілер еңбектерінде атап өтілген. Дастанның құрылысы, оқиғалық құрамы көне дәуірден келе жатқан батырлық ертегілер дәстүрінен бастау алады. Қарт ата-аналардың перзентсіздік зары, болашақ батырдың ғажайып туысы, жедел жетілуі, өзіне тұлпар ат таңдап мінуі, қаһармандық үйленуі стадиялық жағынан алғанда архаикалық эпостың қалыбына сәйкес келеді. Бірақ дастан өзінің мазмұны және идеясы жағынан ертегілік шеңберде қалып қоймай, классикалық батырлық эпос дәрежесіне көтерілген. Жырдағы Алпамыс тұтас бір бірлестік — тайпаның мүддегері биігінде көрінеді. Бұл жалпы эпосқа тән белгі болса, суреттелетін оқиғалардың халық тарихымен нақтылы байланысты болуы шығарманың әсерін, тағалымын күшейтеді.

Жақсылық пен жамандық арасындағы қадімнен келе жатқан күрес сарындары дастанда жаңа мазмұнмен байытылып, «қазақтық» пішін табады. Ендеше, «Алпамыс батырды» қазақ халқына етене жақын ететін, этностық тарихпен байланыстыратын желілерді атап көрсетуіміз ләзім.

1. Қазақтың батырлық дастандарының қаһармандары белгілі бір тайпаның өкілі болып көрінетіні олардың «жалпыхалықтық» мәніне төмендетпейді. Мәселен, ең таңдаулы жырларымыздың бірі «Қобыланды батырдағы» оқиғалар қыпшақ тайпасы мен қызылбастар арасында өтеді; «Шора батыр» дастанында тамалар қалмақ жаулармен күреседі. Сондай-ақ «Алпамыс батыр» да қоныраттардың тайпалық эпосы боп саналады. Осыған орай барлық оқиғалық өрілімдер қонырат тайпасының тағдырына байланысты болып отырады. Бұны эпостың қазақ нұсқасы ғана емес, қарақалпақ, өзбек варианттары да дәлелдейді. Қазақ дастаны:

Баяғы өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда.  
Жиделі-Байсын жерінде,  
Қонырат деген елінде,  
Байбөрі деген бар екен,  
Байбөрі малға бай екен —

деп басталатыны белгілі. Қарақалпақ «Алпамысының» Есемұрат жыраудан жазып алынған нұсқасында:

Ертедегі айем заманда,  
Заманның қадимінде,  
Жиделі-Байсын елінде,  
Едін мекен жерінде,  
Қоңыраттын қаласында  
Сарсебіздің даласында

Ырғақты руынан Байбөрі мен Байсары бай деген екі бай болған екен», — делінеді. Ал жырдың Фазыл Юлдашов айтқан өзбек версиясы: «Бұрынғы өткен заманда он алты ру қоңырат елінде Дабанби деген өтті. Дабанбиден Алпынби деген ұл перзент пайда болды. Алпынбиден тағы екі ұл пайда болды: үлкенінің атын Байбөрі қойды, кішісінің атын Байсары қойды» деп басталады. Өзбек дастаншысы Бекмұрат Жорабайұлының айтуындағы «Алпамыш» та осы сарындас: «Қоңырат елінде, Байсын шөлінде Байбөрі бай деген бір кісі бар еді. Ешбір жақтан кемшілігі жоқ еді. Дәулеттен, малдан кем емес еді. Бір перзентке зар еді».

«Алпамыс батырдың» қазақ, қарақалпақ, өзбек версияларының оқиға, кейіпкерлер құрамында өзгешеліктері болғанына қарамастан, негізі бір түбірден тарағаны айқын. Мұндай ұқсастық осы үш халықтың құрамындағы қоңырат тайпасының ерте заманда біртұтас ел ретінде өмір сүріп келгендігінің, «Алпамысты» өздерінің төл мұрасы санап келгендігінің көрінісі екені күмәнсіз. Сырдариядан Сұрхандарияға дейінгі кең алқапты жайлаған қоңыраттар түрлі тарихи оқиғалардың салдарынан ыдырап кетсе де, өздері әуел баста айтып келген жыр, аңыздарын әсте ұмытпаған...

Біз де тайпалар тарихы өлі күнге дейін зерттеліп, жазылған жоқ. Бірақ оның есесіне ауызша сақталған, атадан балаға жалғасып келе жатқан тарихи аңыздар бар. Сондай аңыздардың бірі Түркістан, Қаратау, Сыр бойын жайлаған Қоңыраттың ел ағасы Нағанайдың отыз ұлының жиырма тоғызы Қарақалпақ, Үргеніш, Бұхар, Байсын жағына ауып кеткені, біраз жылдар өткен соң, әлгі жиырма тоғыздың біреуі ғана ата мекеніне қайтып оралғаны айтылады; қазақ халқының құрамындағы қоңыраттар Нағанайдың отыз ұлының екеуінен тараған ұрпақ делінеді. Дәл осы сарындас дерек қарақалпақ халқының классик ақыны Бердақ жазған шежіреде де кездеседі.

Нағанай би жұрт ағасы  
Жүмә қоңыраттын бабасы.  
Отыз ұғылдың атасы  
Ұғлы отыз болған екен.

Шежіре аңыздың көрсетуінше, қоңыраттың бөліне көшіп, әр жерлерге тарап кетуі жонғар қалмақтарының жаулаушылығы тұсындағы «актабан шұбырынды» жылдары болса керек. Бұл дерек қоңыраттардың Сыр бойынан Сұрхандариядағы Байсын жерлеріне көшуінің себебін де, кезеңін де анықтай алатын секілді. Кейбір зерттеушілер, соның ішінде В.М.Жирмунский «Алпамыс батыр» жырының негізі Сұрхандария қоңыраттары арасында тутап деп тұжырымдаған еді. Бұл пікір қоңыраттардың әуелгі қонысы Байсып аймағы, олар қарақалпақ, қазақ жерлеріне сол маннан көшіп келген деген қисынға саятын. Әдебиет пен фольклордың білгірі, аса көрнекті ғалым мұндай қорытындыға қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының тарихын терең зерттеп, салыстыру арқылы емес, кейбір жергілікті фольклоршылардың ауызша топшылауына иланып айтқаны аңғарылады. Қоңыраттардың ұзақ ғасырлар бойындағы мекені Сыр бойы екені әр тараптан-ақ дәлелденеді. Олардың үлкен тобы XVIII ғасырдың бірінші жартысында Хорезм, Үргеніш жеріне ауып, қарақалпақ құрамына қосылған. Бердақ шежіресінде қарақалпақ қоңыратының бір бөлегінің Сұрхандария, Байсыпқа қоныс аударғаны туралы:

Түркістаннан қоңырат көшті,  
Сұрханға келіп түсті.  
Малы-басы оған да өсті,  
Мұқым абад болған екен, --

деген жолдар бар. Бұл мысалдар Нағанай бидің үрім-бұтағы Қарақалпақ, Үргеніш қана емес, Бұхар, Сұрхан жағына да жол тартқанын дәлелдейді.

Өзбек фольклортану ғылымының негізін салушы Хали Зариф «Алпамыш» эпосының негізгі мотивтері» деген зерттеуінде: «Бу дастан бизнинг тахминимизча, Сырдаре буйлари ва Арал кули атрофида яшаган чорвадор кунфират кабиласи ичида яратилган» деп жазады. Осы көрсетілген дәлелді қисындар «Алпамыс» жыры Оңтүстік Өзбекстанда алғаш дүниеге келген деген жорамалды жоққа шығарады. Дастанның қарақалпақ, өзбек версиялары қоңырат тайпасының көшімен бірге жаңа жерлерге ірге тепкен,

уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраған нұсқасы деп караган шып-дыққа жақын. Ал «Алпамыс батыр» жырының даму эволюциясы деген тақырып арнаулы зерттеулерді қажет етеді.

2. Дастанның түйінді, жолайрық оқиғалары көшпелі қазақ қауымы тұрмыс, тіршілігін, салт-санасын мейлінше айқын сипаттайды. Екеуі екі рудың адамы Байбөрі мен Байсарының құдаласуы қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрінен туындайды. Қазақ халқы бір рудың ішінен қыз алып, қыз беріспеу салтын, экзогамдық үрдісті ертеден берік ұстаған. Ал «Алпамыстың» өзбек тіліндегі ең өйгілі нұсқасында бір әке, бір шешеден туған ағалы-інілі Байбөрі мен Байсары құда болады. Бұл ертеден отырықшыланды, рулық тегін ұмытқан халықтарда ғана болатын әдет. Осы тұстан-ақ өзбек қоңыраттарының тұрмыс қалпында, отбасылық өмірінде мүлде тың өзгерістер пайда болғаны байқалады.

3. Дастандағы тартысты оқиғалардың өрбуіне себеп болған Байбөрі мен Байсарының араздасуы қазақ, өзбек версияларында түрліше түсіндіріледі. Өзбек нұсқасында Байсары Байбөрінің «зекет төле» деген талабына көнбей, ақыры аралары ажырайды. Жалпы мұсылман жұртына міндетті әдет — малдан зекет беруге Байсарының қарсылық көрсетуі сенімді ме, жоқ па, ол өз алдына мәселе. Ал қазақ «Алпамысында» Байбөрі мен Байсары көкпар тартысы кезінде ренжиседі. Жырда бұл жағдай былайша баяндалған: «Байсары бай лақты алып қашты, Байбөрі бай артынан қуып жетіп, лақтың сирағынан ұстап, «жібер» дейді. Байсары бай жібермейді, екеуі сол жерде тартысып, бір-біріне қамшы салысып, көп ішінде төбелесседі. Байбөрі бай рудан көп еді. Байсары бай рудан аз еді. Көкбөрі лаққа таласып, екеуінің арасына алалық түсті»... Көкпар ойынының кезінде неше алуан ұрыс-жанжал болатыны, мұндай кезде дос, туыс адамдар да бір-бірінен «ат құйрығын үзісіп» кететіні жиі кездескен. Өйткені көкпар үшін талас-тартыс адамдардың ерлігіне, намысына сын болып есептеледі. Осы тұрғыдан карағанда наққ зәбір көрсеткен құдасы Байбөріге Байсарының өкпелеуі, ол елден қалмақ жеріне көшіп кетуі нанымды болып көрінеді. Тартыс, жанжалдың мұндай түрі көкпарды дүниедегі қызық ойын санайтын, жүйрік атқа ие болу үшін мал-мүлкін аянып қалмайтын қазақ адамының психологиясына тән. Байбөрі мен Байсарының арасындағы араздықты ақын, жыршылар осылайша өмірге, дәстүрге лайық етіп алған...

4. Алпамыс батырдың қалыңдығын іздеп баратын жері де, елінің малын шауып кеткен дұшпаны да қалмақтар болатыны тарихи шындыққа сәйкес келеді. Бұл қоңырат тайпасының түрлі қиыншылықтарға ұшырап, бөлшектенген кезеңі болатын. Бір-бірімен байланысы аз, әр өлкеге тарап кеткен тайпаның жаулармен шайқасатын тегеуірінді күші болмайтыны мәлім. Қалмақ ханы Тайша мен оның батыры Қаражанның жер ауып келген Байсарының қызын тартып алмақ ниеттері де күштінің әлсізге жасайтын зорлығы болып көрінеді... Байсарының Байбөріге өкпелеп көшіп барған жері қалмақтың елі делінеді. Дастанның өзбек нұсқасында ол жердің аты Шылбыр шөл. Ал Шылбыр деген жер алыстағы Жоңғарияда емес, Оңтүстік Қазақстандағы Қаратаудың күнгеі бетіндегі алқаптың аты. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Жоңғар қалмақтары Қазақстанның оңтүстік-шығысынан батысына дейінгі өңірді, соның ішінде астана қала Түркістанды басып алғаны белгілі. Демек, Байсары ауылының озбыр жаудан зәбірлік көруі тарихи шындыққа орайлас. Сондай-ақ Алпамыс қалыңдығын іздеп сапарда жүрген кезде Байбөрінің малын қалмақтар тартып өкетуі де дәуірдің ақиқаты.

Жырда суреттелетін бәйге, жарыс, палуан күрес, жамбы ату секілді халық ойындары қазақ халқының үлкен тойлар кезінде болатын салтанаты еді. Гүлбаршынды кім алады деген таласта Алпамыстар жағы басым түсіп, мәртебесі биік болып отыратыны эпостық әсірелеу шарттарына сәйкес берілген.

5. «Алпамыс батыр» жырындағы жер, су, мекен, адам аттары, әулие-әнбиелер — бәрі де Оңтүстік Қазақстанға тән болып көрінеді. Байбөрі, Байсары, Гүлбаршын, Алтыншаш, Құлтай, Тыныбай, Тортай, Ұлтан, Карлығаш, Жәдігер — қазақ арасында жиі кездесетін есімдер болса, Ақбұлақ, Қаратау, Қытай, Әзірет Сұлтан тәрізді жер атаулары да Түркістан, Сыр бойының мекен-жайлары. Бұл арадағы Қытай деген сөз халықтың емес, жердің атауы екені Оңтүстік Қазақстанда осы кезге дейін Қытай, Жаман Қытай, Жаксы Қытай, Құр Қытай деген тау қыраттарының бар екендігімен де дәлелденеді. Әзірет Сұлтан — Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің лақап аты. Жырда кездесетін қазақ, қоңырат, арғын, шекті сияқты этнонимдер оқиғаның қай елге болып өткенін көрсететін куәліктер қатарына жатады. Жырда «Қаратауда мен көп сүрдім беглікті», «Алпыс рулы ағайын, атағы қоңырат ел еді», «Қаратаудың басында бар аршасы», «Жатырмысын Алпамыс, ардақты ба-

тыр қазағым» секілді жолдар ұшырайды. Қазақ қоңыраттарының ұрапына айналған Алатау батырдың есімін де жырдан табамыз.

Әскерді көріп Алпамыс  
Оттай көзі жаналы.  
Ұмғылды батыр ақырып,  
Даусы жерді жарады.  
Ұранын айтып «Алатау»  
Айқай-сүрен салады.

«Алпамыс батыр» дастанында ғарын-міскіндерге қамқор болып көрінетін Баба түкті шашты Өзіз әулиеің қасиеті де мадақталады. Оның есімі бірталай қазақ жырларында кездесетіні белгілі. Сол сияқты халыққа шарапаты тиетін қасиетті жерлерді дәріптегенде айтылатын: «Түркістанда түмен бап, Сайрамда бар сансыз бап, Отырарда отыз бап, ең үлкені Арыстанбап» деп келетін тіркестер де эпостық оқиғалар өрбитін ел мен жерден нақтылы хабар береді. Қысқасы, «Алпамыс батыр» жырында суреттелетін тұрмыс-салт, кәсіп, ғұрып ерекшеліктері, ру, тайпа, қала, дала атаулары, спорттық ойындар толығымен қазақ болмысының шындығы болып елестейді. Әсіресе мал өсірген елдің жүйрік атты айрықша қастер тұтатындығы Алпамыстың тұлпары Байшұбарға қатысты суреттерден көрініп отырады. «Ат — ердің қанаты» деп жүйрік атты арман еткен көшпенді халықтың психологиясы да кең бейнеленеді. Алпамыстың Тайшық хан зынданынан құтылып, еліне қайтып оралған, туған-туыскандарымен қайта табысқан кезеңі дастанның ұлттық колориті мол аса қызық беттері болып саналады.

6. «Алпамыс батыр» жыры қазақ халқының эпостық санасына терең ұялаған ғажайып қызық, терек мазмұнды дастан. Бұл жырды қазақ елінің барлық өңірінде де ерекше ықыласпен тыңдаған. 1899 жылы Казан қаласында басылған «Алпамыстың» 1917 жылға дейін жеті рет қайта жариялануы жырдың қазақ еліне аса сүйікті, тартымды болғанын сипаттайды. Әсіресе дастан Оңтүстік Қазақстан өлкесінде көп айтылып келген. «Алпамыс батырды» айтатын жыршылардың тұтас мектебі де болған. Бұл қатарда Құлыншақ Кемелұлы, Майкөт Сандыбайұлы, Сұлтанбек Аққожаұлы, Әбдірайым Байтұрсынұлы, Мырзабек Байжанұлы, Айнабек Нысанұлы, Серғазы Керімбетұлы секілді есімдерді атап өтуге болады. Осылардың ішінен Сұлтанбек Аққожаұлының айтуынан

ертеректе дастанды тыңдаған кезіміз естен кетпейді. Қаратау қойнауындағы ауылдарды аралап жүріп, жыр айтатын Сұлтанбектің репертуарындағы ең сүйікті эпос «Алпамыс батыр» еді. Бір ғажайы — тыңдаушылардың бәрі сонау қиялдан алыстағы Алпамыс батырды дәл өз ауылының қаһарманы секілді санайтын, өздерін Алпамыс батырдың үрім-бұтағы деп есептейтін; қаһарманның ерлігіне сүйсініп, қиындықтарға кездескеніне жаны ауырып күйзелетін. Жырдың Алпамыс зынданға түсіп, азап шеккеп тұсын суреттеген жерлерінде тыңдаушылар көздеріне жас алып, жылайтын еді. Ал Алпамыстың Жиделі-Байсыңға оралып, елінің халін білгісі келген, жақындарымен өзін танытпай сөйлескен кездеріне де халық дәл өздерінің тағдыры туралы сөз болып отырғандай-ақ зор ілтипат білдіретін. Бұл — халықтың эпикалық сапасының белгісі еді.

7. Сөз соңында қазақтың эпостық дәстүрі қалыптастырған Жиделі-Байсын туралы әлеуметтік қиял әңсананы еске түсіргіміз келеді. Тағдырдың тар жол, тайгак кешулерінде қоңырат тайпасы Қаратау, Түркістан, Сыр бойынан бастап, Қарақалпақ, Үргеніш, Бұқар, Байсын жерлеріне дейін жол көшкені белгілі. Бұл кеністікті олар жақсы біліп, әр жердің қасиетін таныған. Сондай жағдайда көшпенді елдің мал өсіруіне қолайлы, оты мол, суы мол, озбыр жаулардан қағаберіс жатқан Байсын өлкесін ерекше сағынышпен еске түсіруі табиғи құбылыс. Осындай аңсар уақыт өте келе бүкіл қазақ халқының әсем әңсанасына айналған. Қазақ халқы басына қайғылы күндер туған кездерде армандай алыс өлке — Жиделі-Байсыңға көшіп кетуді де ойлаған. Жиделі-Байсын туралы «қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған, жесір қатын мың қой айдаған» деген әуезе тудырған. Сонымен, Жиделі-Байсын халық көңілінде бейбіт өмірдің, молшылықтың символы, жерұйық, абат өлке секілденіп, сан буынның қиялын тербеген ұғым болып қалыптасқан. «Алпамыс жыры» айтылғанда Қоңырат, Жиделі Байсын есімдерінің қатар жүруі дәстүрге айналған. Бұл атамалар ру, тайпа көлемімен шектелмей, бүкілхалықтық, бүкілқазақтық мағынаға ие болған.

Кенес дәуірінде бұрынғы замандарды суреттейтін эпостық мұраға теріс, шалағай ұғым қалыптасқан кезде «Алпамыс батырдың» да басына бұлт үйірілгені белгілі. Қазақстанда эпостық мұраға деген сұрапыл қиянаттың бел алуы фольклор зерттеушілердің де жолын кесіп тастаған кездер көп. Осыдан ба, әлде бас-

ка себептерден бе, қазақтың классикалық эпосынын шоктығындай «Алпамыс батырды» зерттеу ісі тым кенжелеп қалған. Көршіміз қырғыз «Манас» эпосын ардақ тұтып, ұлттық мақтаныш санап, алуан түрлі ізденістер жүргізіп, ғылыми нәтижелер тапқан жылдарда Алпамыстану бір орыннан жылжымай қалып келді десек, артық айтылғандық емес. Эпостың мың жылдығын атауды тым кешеуілдетіп алуымыздың өзі осындай халдің белгісі. Дегенмен ұлы эпостың 1000 жылдығына арналып ғылыми конференция өтуі алдағы кезде атқарылатын сан-салалы жұмыстарға серпін береді деп сенгіміз келеді.

## МӨНГІЛІК ЖАСАЙТЫН Аңыздар

Халықтың тарихын, тағдырын, түп негіздерін табу үшін, ауыздан ауызға таралып келген, уақыт шаңына көміліп қалмай, саф алтындай сараланып жеткен аңыз-әпсаналардың мәні зор. Әрине, аңыздар тарих оқулығының орнына жүре алмайды, олардан болып өткен оқиғалардың дәл жылы мен айын анықтап білу қиын. Сонда да болса олар шежіре тізбегінің ұлы көшінен адастырмайтын, ақиқатты тек өзіне ғана тән тәсілдермен жаңғыртып елестететін аса қымбатты куәлік болып табылады. Аңыздарда елдің белгілі бір дәуірлер мен оқиғалар, тарихи қайраткерлер жөнінде өз түсінігі, бағасы сақталған. Ал қандай да бір болмасын жағдайдың аңызға айналғанда, белгілі дәрежеде әсіреленіп берілетіні ауыз әдебиетінің өзінде бері келе жатқан шарты. Қиял араласпаса, жамағатшылықтың ерекше ілтипаты болмаса және сан рет қайталанып айтылмаса, шындық дегеннің өзі бірте-бірте көмескіленіп, ақырында мүлде ұмытылып кетуі ғажап емес. Соңдықтан да қиял — шындықтың шегесі деп бекер айтылмаған.

Қалай дегенде де өткен замандар жайында жазба деректері көп сақталмаған қазақ халқының бұрынғы кезеңдерін неғұрлым толығырақ пайымдау үшін, аңыз әңгімелердің, әпсаналардың маңызы үлкен. Мәселе солардың дәні мен нәрін, танытқыштық және тәрбиелік қасиетін зерек ықыласпен талғап алуымызға байланысты. Шындығына келгенде, ауызша таралып келген қарасөз көне ғасырлардың жасырын қалған қаншама құпиясын ашуға жарайды. Бір замандарда халқымыздың наным-сенім, салт-сана-сы, тіршілік кәсібі, өмір мен табиғат туралы ұғымының қандай

болғандығын ауыз әдебиетінің ескерткіштері, соның ішінде аңыз, әпсаналар анықтап бере алады. Тіпті олардан халықтың ерте кездегі өмір кешкен мекені, араласқан елдері, достары мен дұшпандары жайында қымбат деректерді де табамыз.

Қазақ халқына мейлінше кең танымал болған тамаша аңыздардың бір тобы Қорқыт атына байланысты. Кезінде елдің ақылгөй данышпаны, көреген көсемі, болашақты болжайтын сәуегей, ақын-жырау, сазгері, тәуібі саналған Қорқыттың есімі мен өлетесі мың жылдан артық уақыттан бері ұмытылмай, әсері көмімей, әрбір буынның санасына дарып келеді. Тарихшы ғалымдарымыз халқымыздың соңғы мың жылдағы бастан кешкендерін ғылыми жүйеге салып, тереңдеп тексердік дей алмайды. Ол түгіл дәл осы ғасырдың ішінде болып өткен істердің себебі мен салдарын саралап түсініп те жетпегеніміз белгілі... Ал Қорқыт аңыздары сонау VII—VIII ғасырлар тұңғышына бастайтын, көптеген көделі шындықтардың көзін ашатын жәдігер. Тағы бір ғажабы — бұл әпсаналар тек қазақ арасында ғана емес, түбі бірге туысқан түркімендер, өзсерілер, Түркия түріктері арасында да ежелден таныс. Бұл халықтардың әрқайсысы да Қорқыт ата турасындағы әңгімелерді өздерінің төл ұлттық мұрасындай қабылдайды және мақтаныш етеді. Демек, Қорқыт хақындағы аңыздар халықтардың ғасырлар бойындағы рухани байланысын дәлелдерлеп келген ортақ қазына деп қарауымызға да болады.

Қазақтар айтып, қастер тұтып келген Қорқыттың да, оғыздардың «Дәде Қорқыт кітабы» деп аталатын дастанының да түбірі біз. Бірақ бұлардың негізіндегі ұқсастық күмәнсіз болғанымен, сақталу дәрежесі, оқиғалар құрамы түрліше екені көрінеді. Қорқыт жөнінде әңгіме қозғалғанда осы жағдайларды да қоса қамтып айтқанымыз орынды болмақ...

Қазақтар арасында Қорқыттың туғанынан өлгеніне дейінгі аралықта бастан кешкендерінің белес оқиғалары бастапқы желісін неғұрлым толық сақтағаны көміл. Жалпы алғанда, Қорқыттың қазақ нұсқалары өзінің ғажайып бітімі, биік мұраты жағынан дүние жүзінде сирек кездесетін құбылыс. Қорқыттың жарық дүниеге қалай келгенін сипаттаудың өзі теңдесі жоқ қиял жаратындысы десе болады. Аңыз бойынша Қорқыттың әкесі оғыздардың баят руынан, ал анасы қыпшақ қызы делінеді. Бұл бір заманда қыпшақтар мен оғыздардың Сырдария, Қаратау өңірінде қатарласа, араласа өмір кешкендігінің мысалы. Кезінде ай-

рықша данка бөленген Қорқытты халық қиялы өзгеше жан деп дәріптеген. Анасы Қорқытты құрсағында үш жыл көтеріпті, туарында тоғыз күн толғатыпты, сол кезде жер-дүниеге үш күн, үш түн қаралғылық түсіпті, кара жаңбыр, сұрапыл дауыл соғып, біреуді біреу көре алмай, қорқыныш басыпты. Қорқыт туған жер — Сыр мен Қаратау арасындағы Қараспан деген жер екен. Қорқынышты жағдайда туғандықтан, баланың атын Қорқыт қойған екен дейді. Ол туысымен сөйлеп туыпты... Осы жағдай халық арасында әпсана болып та айтылған, өлең түрінде де өрнектелген. Сол өлеңдердің біріндс:

Қорқыт туған келінде,  
Қараспанды су алған,  
Қара жерді құм алған,  
Ол туарда ел қорқып,  
Туғаннан соң қуанған... —

деген жолдар бар.

Міне, осы ғажайып жағдайда туған Қорқыттың ер жеткеннен кейінгі іс-әрекеттері де мейлінше тосын, ешкімге ұқсамайды. Ол жиырмаға толғанда түсінде біреулер аян беріп, «қырықтан артық жасамайсың» депті-міс. Міне, осыдан кейін Қорқыт дүниенің пәнилігін көп ойлап, өлмесудің жолын іздестіреді, желмаяға мініп, әлемнің төрт бұрышын аралайды. Ол қайда барса да қазулы көрді көреді, «бұл кімнің көрі» деп сұрағанда «Қорқыттың көрі» деген жауап алады. Ақырында өзінің туған жері Сырдария бойына кайтып келеді, қарағайдан қобыз жасап, өлмес өмір күйін тартады. Қазақта «күй атасы — Қорқыт» деген өнгіме осылайша пайда болады. Халық Қорқыттың басқа көп қасиеттерінің ішінен оның қобыз жасап, күй шығарғанын, елдің мұны мен арманын саз тілімен мәңгілікке қалдырғанын ерекше қадір тұтқан. Ол Сырдария суының бетіне кілем төсеп, күй тартқанда дүниелегі жан иесінің бәрі де құлағын тігіп, елжіреп тыңдаған деседі. «Адам баласының өмірі қалай етсе ұзақ болады» деп өлімсіз жерді іздеп, жаһан кезген Қорқыттың теңдесі жоқ әрекеті замандар бойында халық жалынан шықпай, оның тұлғасын әулиелік, артық жаралғандық дәрежесіне көтерген. Ол барлық ақын-жыраулардың, жыршылардың, күйшілердің, бақсылардың ұлы ұстазы саналған...

Арада сан ықылым замандар өтсе де, Қорқыттың күйі делінетін шығармалардың ұмытылмай, күні бүгінге дейін жеткендігі қайран қалдырады. Қорқытқа қатысты аңыз-әпсаналарды кен

зерттеген қазақ ғалымы, академик Әлкей Марғұлан көне мұраның мұншама өміршең болуын ғылыми түрде түсіндірген. Ол Қорқыт мұрасын сақтаушыларды бақсы-жыршылар, қобызшы күйшілер, ойшыл жыраулар, төкпе ақындар және шежірешілер деп бес топқа бөліп қарайды.

Ертеле қобызшы, жыршы атаулының бәрі жұртшылық алдында жыр айтқанда сөздің кіріспесін Қорқыт өлеңімен бастауы берік дәстүрге айналған.

Қарағайдан түбінен,  
Қайырып алған қобызым.  
Үйеңкінің түбінен,  
Үйіріп алған қобызым,  
Желмаяның терісін,  
Шанақ қылған қобызым.  
Бесті айғырдың күйірығын.  
Ішк қылған қобызым... —

деген жолдар тұрақты қайталанған. Әуел баста бұл көлемді толғау болған секілді. Кейінгі жылдарда этнограф О. Хаймолдин басқа шумақтарын тауып, толықтыра түсті.

Таутекенің мүйізін,  
Тиек қылған қобызым.  
Ақ түйенің сүтіне  
Сылап алған қобызым.  
Сырынды ашып, үйінді  
Сынап алған қобызым.  
Ақ ырғайын қиянның  
Құлақ қылған қобызым.  
Ортекенің терісін  
Сауыт қылған қобызым.  
Жаһан кезіп жүргенде  
Серік қылған қобызым.  
Өзек талғап кезімде  
Талшық қылған қобызым.  
Таусылғанда амалым  
Ақыл берген қобызым.  
Замананың сағымын  
Күй ғып тартқан қобызым.  
Сарылғанның санасын  
Сыр ғып тартқан қобызым...

Бұл жолдар Қорқыттың күйшілігімен қатар ақын-жыраулығынан хабар берсе керек. Әрине, жырау сөздерінің арада қанша-

ма ғасырлар бұлдырап өткенде бұлжымай жетуі тіпті де мүмкін емес. Шығарманың бастапқы нұсқасы тиісті өзгеріске түсуі, кейбір тұстары ұмытылып, енді бір жерлері жаналанып, қырналып жалғасуы ауызша тараған мұраның бәріне ортақ заңдылық. Бірақ қалай болғанда да Қорқыт сөздерінің рухы мей негізгі мұраты сақталғанының өзі ғажап көрініс. Жоғарыдағы жолдардың Қорқытқа тән болатынын кейінгі бақсы қобызшылардың осы сөздерді қасиет тұтып, өзгертпей қайталап отырғанынан көруге болады. Сондай-ақ қазақтың Сыпыра, Асан, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар сынды ұлы жырауларының баршасы Қорқыттың дәстүрін жалғастырушылар болып саналады.

Ел арасында Қорқыттыкі делінетін күйлердің сарыны, сазы ғана емес, солардың тарихи мазмұны да айтылып келген. Мұның да себебі, қобызшылардың бәріне ортақ болып табылатын дәстүрге қатысты. Қобызшының белгілі бір туындыны орындау алдында күйдің шығу тарихын түсіндіруі де бұрыннан келе жатқан салт болатын. Тіпті жыршылардың белгілі бір шығармаға кіріспестен бұрын өзінің білетін өлең, дастандарын санап айтып шығып, солардың ішінен таңдауды тыңдаушылардың еркіне қалдыратын дәстүр де Қорқыттан қалған деген пікір бар.

Қорқыт күйлерінің бірнешеуі өз атымен біздің дәуірімізге жетуі халықтың ұлы жырау, кеменгерге деген шексіз құрметіне қатысты деп білеміз. Сан ғасырлар бойында елдің Қорқыт зиратын жоғалтпай, оның үстіне сағана салып, оны мәпелеп күтіп, басына шырақ жағып келгені де оны әулие тұтудың белгісі. Демек, Қорқытқа жанасты аңыз да, өлең де, күй де, бақсылық мәресімдері де, ел тағдырын шешетін нақыл сөздері де бұрмаланбай, түпнұсқа калпында жалғасып таралуы парыз болған. Қорқыттың қобызда ойнаған «Арыстанбап», «Желмаяның желісі», «Аққу», «Тарғыл тана», «Ұшардың ұлуы», «Башпай» тәрізді күйлерінің жоғалмай келуін осылай түсінеміз. Қобызшылық дәстүр қазақ арасында толастамаған. Көптеген орындаушылар Қорқыт күйлерін тартумен бірге жана шығармалар тудырған. Солардың ішінде айрықша даңққа бөленгендердің бірі — Ықылас Дүкенұлы. Оның туғанына 150 жыл толуын Қазақстан жұртшылығы 1993 жылы үлкен ілтипатпен атап өтті.

Қазақстан жерінде Қорқыттың атына қойылған жер, су аттары аз емес. Қызылорда облысының Кармакшы ауданының жерінде темір жол бойындағы стансаның аты да Қорқыт. Сырдария-

ның дәл стансаға жақын жиегінде бұрын Қорқыттың зираты болған. Өкінішке қарай, дарияның суы ернеуінен асып, атырабын орып кететін кенегі бір шақтарда Қорқыт моласы бұзылған. Қазіргі кезде дарияның суы жоғарыдан байланып, Арал теңізі жоғалуға бет алғаны белгілі. Қазақтардың, өзбектердің, қарақалпақтардың ортақ ризығы болып келген қайран Сырдария суын ысырап қылып, дүние жаралғалы бері аман келе жатқан айдынды Аралды қаңсытқап кенестік тоталитарлық, зорлықшы үкіметке деген халық қарғысының ішінде Қорқыт әулиенің киесі де бар шығар... Бүгінде Қызылорда облысының халқы Қорқытқа арнап бұрынғы зират жатқан жерге жақын тұста ескерткіш сағана орнатқанын айта кетейік... Қазақтың басына төтеннен келген зұлмат қаншалықты ауыр, қырсықты болса да, ол халықтың өзі әзиз тұтқан әулие данышпанына деген қалтқысыз пейілін өзгерте алған жоқ. Қорқыттың адам үшін жасаған қаһармандық істері, сансыз жақсылығы ел есінен шығатын емес.

Қорқыт есімін ұмыттырмаған себептердің кейбіреулерін атап өттік. Бұл қатарда көптеген ақын-жыраулардың Қорқытқа арнап жазған шығармаларын да көрсетуіміз ләзім. Солардың ішінен ең даңқтылары деп ұлы ақын Мағжап Жұмабайұлының «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» секілді дастандарып айтсақ керек. Қорқыттың рухы торыққанда және тарыққанда медет бергенін, халыққа қызмет етудің өнегесін ұлы жыраудан алғанын ақын былайша түйіндейді:

Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,  
Қорқыттай жаңды жаспен жуа бітсем,  
Жас төгіп, сүм өмірде зарлап-сарнап,  
Құшақтап қобызымды көрге кірсем...

Қорқыт туралы әңгімелер мен жырлардың тағы да бір тағылымды тұсы қазақ эпостық аңыздарының шыққан дәуірін анықтауға мүмкіндік беретіндігінде. Түрік, әзірбайжан халықтарының «Дәде Қорқыт кітабы» мен қазақ эпостарының салыстырып қарарлық қызғылықты желілері, оқиғалық, көркемдік иірімдері баршылық. Мәселен, «Дәде Қорқыт кітабының» үшінші тарауы мен «Алпамыс батыр» жырының оқиғалары да, қаһармандар аты да ұқсас. Қазақ жырындағы Алпамыс — оғыз эпосында Бамсы, Гүлбаршын — Банушешек, Байбөрі — Бөрібек болып аталуының өзі бұлардың түбірлестігіне күмән қалдырмайды. Ақа-

демек Ә.Марғұлан «Алпамыс батыр» жырына негіз болған аңыз әңгімелер оғыздар мен қыпшақтар Сырдария бойында қатарласа өмір кешкен дәуірде пайда болған деп есептейді. Бұл — жырдың жаратылу тарихы мың жылдан артық уақытты қамтиды деген сөз. Болашақта «Алпамыс батыр» жырының дүниеге келу тарихын іздеп, салтапатты түрде еске түсіретін сәт туар болса, оған сенімді дерек мол.

Қаһарманы ортақ қазақ аңыздары мен түрік, өзірбайжан, түрікмен эпосы бұл халықтардың ертеде туыстығы, араластығы мол болғандығының куәгері, тілі де, салты да жақын елдердің бөріне бірдей қымбат ескерткіш. Белгілі фольклоршы Х.Короглы «Дәде Қорқыт кітабының» бірнеше тарауына негіз болған оқиғалар оғыздардың Сыр бойында жүрген кездерінің шындығын елестетеді деп сағайды. Оғыз эпосының қаһармандары Баяндур, Карашық атты жерлер Каратау төңірегінде бүгінге дейін бар. Ең қызықты жері — қазақ және оғыз эпостары құрылысының, олардағы сарындардың үндес, ынғайлас келіп отыратындығы. Жалпы, түркі жырларындағы тұрақты сарындар: қартайған ата-ананың баласыздық зары, болашақ қаһарманның ғажайып туысы, ерте жетілуі, ерлікпен үйленуі, жауды жеңіп, соңындағы елді мұратқа жеткізуі қазақтың да, осман түріктерінің де эпостық туындыларында жиі кездесіп отырады. Тарихи дәуірлерде түрлі себептен түркі халықтары бір-бірінен жырақтан кетсе де, ауыз әдебиетінің мұрасы сол ежелгі жақындықтың белгісіп сақтап қалғанына бұдан жарқын мысалды іздеп табу қиын. Демек, Қорқыт тақырыбы түркі халықтарының рухани бірлігін тұтастырып, олардың өткен замандарда қоныстас, тағдырлас, мүдделес болғандығын еске салып, көп сырларды бүгіп жатқан ауқымды тақырып. Кенірек алып сөйлесек, жалпы қыпшақ халықтары эпосындағы негізгі жолшыр «Дәде Қорқыт кітабымен» терең байланысып жатыр деген тұжырымға келер едік.

Қазіргі кезде қоныс пайғайлығынан, көп ғасырлар бойында өзара байланыс үзілгендіктен, қазақ және түрік тілдерінің арасында бірсыпыра айырмашылықтар пайда болған. Ал көне дәуірлерде тілдеріміздің бірімі бір-біріне анағұрлым жақын болғандығын «Дәде Қорқыт кітабы» мықты дәлелдейді. Бұл эпоста қазіргі оғыз тілдерінде жоқ, бірақ қыпшақ тілдерінде бар сөздер ұшырайды. Осының өзі тілдердің алшақтауы мен жақындауының заңдылықтарын зерттеуге аса қызықтық материал.

Заманының данышпан әулиесі, бүкіл елдің пір тұтқан ақылгөйі Қорқыттың туған, ер жеткен кездерінің әңгімесі қазақтар арасында ғана сақталғанының өзі ерекше көңіл бөлерлік нәрсе. Ал Кавказ бен Кіші Азияға мекен аударған оғыздар шығармасында Қорқыттың ерте тартқан, ел ісіне төрелік шешім айтқан кезеңі ғана көрініс тапқан. Мұның өзі Қорқыт туралы эпостың алғашқы бастаулары Сырдария, Каратау өңірлерінде пайда болып, жалғасы оғыздардың жанадан ірге тепкен жерлерінде аяқталғанын көрсетеді. Қазақ арасындағы Қорқыт жөніндегі аңыздар мен жырларды неғұрлым толық жинау, сөйтіп бір кездердегі тұтас шығарманың жоғалған желілерін қалпына келтіру зерттеушілердің уәзипасы. Сонымен қатар «Қорқыт атаның» жалпы түркі халықтарындағы нұсқаларын топтап жарыққа шығару, олардың ішкі байланыстарын тексеру де күрделі ғылыми нысанның бірі. Түбі бірге туысқан түркі халықтарының ынтымағы нығайып, үзілген қарым-қатынастар қайта жалғанып жатқан қазіргі кезеңде бәрімізге ортақ асыл мұраны ардақтау ерекше мәнге ие болатыны шүбәсіз.

«Дәде Қорқыт кітабында» кездесетін «Қорқыт айтқан» делінетін нақыл сөздердің көбі күні бүгінге дейін қазақ арасында мақал-мәтел, қанатты сөздер түрінде ұшырап отыратындығы байырғы бауырластықтың өшпеген іздері тәрізді. Тарих ұмытқанды халық ұмытпайды деген осы. Бұндай ұқсастықтар көршілестік салдарынан ғана туған емес, олар оғыз және қыпшақ халықтарының, соның ішінде қазақтың генетикалық, тектестік жағынан да бір ғамырдан тарағанын дәлелдейтін нәрселер. Ойымызды дәйектеу үшін мысал келтірейік. «Дәде Қорқыт» кітабынан алынған «Өшкен жанбайды, өлген тірілмейді», «Ежелгі жау ел болмас, ескі мақта жіп болмас», «Қыз анадан көрмейінше үлгі алмас, ұл атадан көрмейінше үлгі алмас», «Өзіннен тумай ұл болмас», «Кұлдан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойпайды», «Төкаппарлықты тәңірі сүймес», «Қара есек басына жүген кигізсең де тұлпар болмас», «Жапалақ-жапалақ қар жауса да, жазға қалмас», «Ежелгі дұшпан дос болмас», «Дәулетті ұл болса, ошағының қоры болар, дәулетсіз ұл болса, атаның көрі болар», «Жердің соны шөбін киік білер», «Түнде керуен көшкенін қара торғай білер», «Қай жерде сулы саз барын жекен білер», «Самайы ағарған баба көрікті, ақ сүтіне тойғызса, бала емізген ана көрікті, сүйікті ағайын-туған көрікті, үлкен үйдің қасына тігілген отау

үй көрікті» деген нақыл тіркестердің бір түбірден тарағандығына күмән келтіру мүмкін емес.

Қорқыт туралы аңыз, әпсана, дастан, өлеңдердің мәнін ашып, түп-тереңіне бойлау талай-талай ұмытылған рухани байлықтарды қайта тірілтуге септесетіні сөзсіз. Ұзақ жылдар бойында ескі мәдени мұраны игеруге тосқауыл қойылғаны, тарихты білуге ұмтылғандарды «ұлтшыл», «коммунизм идеясына қарсы» деп қудалап, жазалау орын алғаны елді жаппай мәңгірткенге алып келді. Қазақ, түркімен ғалымдары жетпіс жыл ішінде Қорқыт жайында зерттеу жазбақ түгілі, атын атауға да сескенді. Осындай қасап ахуалдың салдарынан Қорқыт жайындағы көне сөздерді жазып алуға жол жабылды. Ұлы баба жөнінде небір ғажайып аңыз әңгімелерді, алтынның сынығындай асыл мұраны білетін жандардан жазып ала алмай қалуымыз орны толмас өкініш.

Кейінгі жылдарда Қорқыт күйлерін іздеу, жазып алу, насихаттау жұмысы біршама жандана түсті. Көрнекті ғалым, түрколог Әуелбек Қоныратбаев «Дәде Қорқыт кітабын» түрікше нұсқасынан қазақшалады. Қорқыт есіміне деген ілтипаттын және бір көрінісі – Қызылорда педагогикалық институтына оның атының берілуі болды. Мұның бәрі Қазақстанда Қорқыттану саласында жаңа серпіліс басталғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, түркі халықтарының әдебиеті мен фольклорындағы, өнеріндегі ортақ сарындарды неғұрлым кеңірек таныстыру жас буынның тарих тағылымдарын терең білуіне, жоғалған ынтымақты қайта жалғастыруға аса қажет шаралардың бірі болмақ. Қазақ арасында «Көрұғлы» жырының танымал әрі сүйікті болғаны да назар аударарлық құбылыс. Ерте кезде «Көрұғлыны» көп елдер айтып келген. Бірақ солардың ішінде бұл жырды ерекше қастерлеген халық қазақ десек артық айтылғандық емес. Күні бүгінге дейін Сыр бойында, Қарақалпақстанда «Көрұғлыны» өзіне ғана төн мақамымен айтатын жыршылардың болуы дастанның халық қазынасына айналып кеткенін аңғартады...

Қазақ халқы барлық вариант-нұсқаларымен қоса есептегенде төрт жүзден астам дастан жаратқан. Олардың тандаулылары жаһанның эпостық қорына қосыларлық байлығымыз. Солардың ең көне де көріктісі қатарында Қорқыт ата туралы аңыздар мен әпсаналар тұрғанын мақтанышпен айтамыз. Қорқыттың мың жасаған ғибраты мен өсиеті алдағы кезде де қаншама буындардың қажетіне жарайтын жөдігер болып қала береді...

Қорқыт есімін пір тұтушылық, оның аруағына сиынушылық, одан тарыққанда медет, торыққанда сүйеніш тілеушілік қазақ арасында ежелден дәстүр болып қалыптасқан. Қазақтың ұлы ақыны, түрік данқының жыршысы Мағжан Жұмабаевтың Қорқыт туралы дастанынан бұл өте анық көрінеді.

## ЭПОС ТУДЫРҒАН ДӘУІР

Қазақтың қаһармандық жырларының бәрінде болмаса да, көбінде туысы да, қонысы да, тағдыры да бір ел ретінде ноғайлар аталады. Мұны өткен ғасырда Шокан Уәлиханов та атап өткен болатын. Тіпті ол өзінің еңбектерінде қазақтың батырлық эпосы Ноғай ордасы заманында туған деп тұжырымдайды. Бұндай қорытынды жасауға көп жырларда Ноғай ордасы кезінде жасаған кейбір тарихи адамдардың аты аталуы да себепкер болса керек. Кейіннен С. Сейфуллин осындай жағдайларды ескере келіп, эпостық аңыздарға «ноғайлы дәуірінің туындылары» деп сипаттама бергені мәлім.

Біз бұл зерттеуімізде жоғарыдағыдай анықтаманың қаншалықты дәл екеніне тоқталмай, қаһармандық эпосқа түрткі болған, оған ұлы сарын берген тарихи жағдайларды сөз етеміз. Архив, шежіре деректеріне сүйенсек, батырлық эпос туғызарлық негіздің мол болғанын көреміз. Сол үшін алдымен ноғайлар тарихының бірсыпыра мағлұматтарын келтіріп өту орынды болмақ.

Ноғай аталған халықтың негізін ХІІ ғасырда татар-моңғол жаулаушыларының құрамында болған рулар қалыптастырған. Олар жергілікті қыпшақ тектес елдермен араласып, уақыт өте келе жеке халық ретінде дүниеге келген. Ал Ноғай ордасының нышаны Алтын Орда өлсіреп, құлдырауға бет алған ХІV ғасыр соңында-ақ көріне бастаған. Ноғай халқын құраған рулар қатарында маңғыт, қоңырат, найман, қыпшақ, үйсін, кенегес, шырын т.б. тайпалар аталады (1). Ал жана этностық құрылымның ресми «ноғай» есіміне ие болуын тарихшылар ХV ғасырдың екінші жартысына апарайды (2). Бұны айбарлы Едіге билеген кезде ноғайдың бір өзі екі жүз мың әскер шығара алғандығынан да аңғаруға болады (3). Бірақ түрлі объективті себептер салдарынан – ХVІ ғасырдың орта шенінде бұл халық Үлкен Ноғай, Кіші Ноғай деген атпен екі тарапқа бөлшектенеді. Кіші Ноғай елдері Украина-

ның оңтүстігінде, Азов, Дон, Кара теңіз маңында, Кавказ сыртында көшіп-қонып жүрген, кейінірек бұлар жоғары Кубань бойына да жақындап келген. Ал Үлкен Ноғай негізінен Еділдің күншығыс жағына жайғасқаны айтылады. Тарихи дәуірде екіге бөлінген ноғайдың тағдырында ортақ ұқсастықтармен қатар айырмашылықтар да кездесіп отырған. Ноғайлар Алтын Орда құлап, оның орнында түрлі хандықтардың бақ пен тақ үшін талас-тартыстарында, бір жағы Ресей, екінші жағы Түркия болып әлгі хандықтар елі мен жерін жеке-дара билеуге ұмтылған дәуірде үлкен саяси әрі әскери күш ретінде маңызды рөл ойнаған.

Атап өтерлік бір мәселе сол — ноғайлар мен Ресей арасының қарым-қатынасы біркелкі болмаған. Ресей Қазан, Астрахань хандықтарын бағындырған кезде ноғайлардың ниеттес болуы көп пайдасын тигізген. Сонымен қатар ноғай билеушілерінің өзара бақталастығын пайдаланып, орыс патшасы оларды бір-біріне айдап салуға тырысқан, мұндай саясат өз нәтижесін берген. Әсіресе патшалық Ресей Қазан, Қырым хандықтарының өзара қырбайлығын ұтымды пайдаланып отырғаны белгілі. Өз тарапынан Түркия да Ресейге қарсы соғыстарында сан рет Қырым, Кавказ ноғайларымен ымыралас болған. Батыс ноғайларының көп ретте Түркия, Қырым саясатының ықпалында болып, орыс елімен қақтығыстарға ашық араласқаны да белгілі.

Ноғайлардың XV — XVI ғасырларда бұрынғы Алтын Орда империясы жерінде елеулі күшке айналғанын көрші ірі мемлекеттер қатты ескерген. Ресей де, Түркия да оларды ішке тартып, өз жақтарына шығаруға ұмтылған, Ноғай мырзаларының орыс билеушілерімен жазысқан хаттарынан бұл хал айқын танылады (4). Бұл хаттар екі елдің арасындағы байланыстың сыр-сипатын айқынырақ тануға көмектеседі. Әсіресе орыс патшалығының ноғай күштерін өздерінің түпкілікті мақсаттары жолына өте икемді түрде пайдаланып, жауларының бірін екіншісінің таяғымен есептіретіп тастап отырғаны, өздеріне керек адамдарды көзден таса қылмай, оларға сый-сыяғат беріп, кейде Ресейге көшіріп әкелгені, одақтастары айшып кетпеуі үшін аманаттар алып отырғаны терен ойластырылған қадамдар еді.

Орыс пен Еділ бойы ноғайларының арасындағы қарым-қатынастың бағытын мінездейтін құжаттар сақталған. Соларды оқып отырғанда, бұлардың бір-бірінен алыста жатса да, көп ретте мүдделес болғанын көруге болады. Қазан, Астрахань билеушілері

қарауындағы жұртты қатты қанағаны себепті ел ішінің наразылығын тудырған. Шыңғысхан тұқымының билік үшін таластары қара халықты мезі кылып біткен еді. Демек, алдымен Алтын Орданың, кейіннен Қазан, Астрахань, Қырым хандықтарының құлауына септескен күштің бірі де жергілікті халықтардың зорлыққа қарсы күрестері болатын. Ресей мемлекеті қанағын кен жайып, көрші елдерді бодан ете бастаған шақта әсер күшіне ғана емес, әлгі елдерге өштігі бар үлкен рулар мен тайпаларға да сүйенген. Ноғайлар Алтын Орданың ыдырау дәуірінде негізінен осындай қызмет атқарғаны белгілі. Басқа мысалдарға тоқталмағанда, Едігенің Тоқтамыс ханға күресі Алтын Орданың шаңырағын шайқалтуға көп әсер еткені кәміл. Ноғай тарихын сөз еткенде, ол халықтың Алтын Орда керегесін құлатуға ат салысқан, кейде Ресей мүдделеріне қайшы келген жерлері де аралас кездесе береді.

Ноғайлардың өзара талас-тартысында орыс патшалығы өзіне қолайлы жағын үлемі қолдаған. Мәселен, Үлкен Ордаға қарсы күресінде Үшінші Иван Қырым ханы Менлігерейді одақтас еткен, соның нәтижесінде Ресей мен Қырым хандығының бірлескен соққысына төтеп бере алмай, Үлкен Орда 1502 жылы құлайды (5). Қазанды билеп тұрған Әлиханпаш орнына оның інісі Мұхаммед Әминнің отыруы да Мәскеу ұлы князының әрекетіне байланысты еді. Сонымен, орыс патшалығы кезі келгенде Қырым хандығымен дос болып, Үлкен Орданың ойранын шығарысса, енді бірле Еділ бойының ноғайларын Қырымға қарсы айдап салуға тырысқан. Мәскеу мен ноғайлар арасындағы байланыстың бір кезегін нақтылы елестете алатын материалдардың жеке кітап болып басылуы мәселенің тарихына бірсыпыра анықтық енгізе алады.

Үшінші Иван мен Ноғай мырзаларының 1489 — 1506 жылдарда жазысқан хаттарынан орыс билеушісінің ноғайлар жөніндегі саясаты, олардың күші мен беделін Қазан хандығын иеліктіруге жұмсауға ұмтылуы айқын көрінеді. Ноғай мырзаларының хаттарынан олардың Ресеймен ынтымақтас болу ниеті айқын сезіледі. Солардың ішінде Мұсаның, Жаңбыршының, Алшағырдың, Мамайдың, Шораның есімдері жүр. Ұлы князь Иван Васильевичтің қырына алған елдердің адамын тұтқында ұстай отырып, жауларымен шірене сөйлесетін әдеті осы хаттардан анық көрінген. Мәселен, Абак (Ибак хан) өзінің хатында тақтан тайдырылып, Иванның қарауында аманатта отырған туысы Алегам (Әли-

хан — Р. Б.) ханды босатып беруін сұрайды, бірақ орыс билеушісі қайтарған жауабында «Әлихан уәдесінде тұрмалы, достық келісімді бұзды, сол үшін біз оны тұтқын еттік, ханды босата алмаймыз», — деп жазады (6). Князь Иванның айлакерлігі соншалық — ол келген елшілердің салмағын, соңында тұрған елінің іргелілігін есепке ала отырып, әрқайсысына тиісті жауап айтады. Барлық әлгіменің түйіні орыс мемлекетінің мүддесіне пайдалылық тұрғысынан «байланып» отырады. Мәселен, князь ол алысырақта, қалыстау жатқан ноғай мырзалары Мұса мен Жанбыршыға қыр көрсетуге тырыспай, өзіне жақындата түсулі ойлайды; Иван Васильевич олардың қолға түскен адамдарын қайтаруға келіседі. Опыш есесіне өз тарапынан ұсыныс, тілек те айтады. Ол Қазан хандығына өзі отырғызған Мұхаммед Әминге «дос болсаң, маған доссың, қас болсаң, маған да қассың» дегенді ашық білдіреді. Бұл Үшінші Иванның асқан саясаткерлігін айқындайтын мысалдардың бірі. Ноғайдың белгілі билеушілерінің бір жағын қолдап, екінші жағын әлсіретіп, тізе батырып отыру өзін-өзі ақтаған әдіс еді. Ұлы князь Мұса мен Жанбыршыға жіберген жауабында олардың Мұхаммед Әминмен құдаласуын қалайды. Осы тілек-талап көптеген хаттарда қайталанады. Ақырында Мұсаның Мұхаммед Әминге қыз беріп, ал Мұхаммед Әминнің Алшағырға қыз ұзата-тын болғаны хабарланады. Осылай әрекеттер арқылы Үшінші Иван өзіне қолжаулық болып отырған Қазан хандығының жағдайын жақсартпақшы болған.

Орыс елінің билеушісі мен ноғай мырзаларының өзара хаттары мен сәлем сөздерінде «бұрынғы аталарымыз да доспейіл болып өтіп еді» деген тұжырым жиі ескертіліп отырады. Бір кезекте елші Семен баһадүр Үшінші Иванға Мұсаның «менің атам Едігемен оның атасы дос, ағайын болып тұрып еді, әкесі мен әкесі дос, ағайын болып тұрып еді» деген сөздерін жеткізді (7). Мырзалар мен князь хаттарында «...и ныне дружбы с тобою хотим, другу другом быти, а недругу недругом быти, и люди бы наши межи нас ходили здоровья нашего видети» (8) деген тіркестер жиі ұшырайды.

Тағы да бір атап өтерлік нәрсе — орыс билеушісінің алдағыны кең өлшеп болжайтындығы. Ол ноғай мырзалары мен Қазан ханын құдаластырумен шектелмей, ноғай күштерін өзінің жауларына қарсы жұмсау ниетін де жасырмайды. Үшінші Иван өзінің көздеген мақсатын Қазан ханына да хабарлап, ноғайлармен ара-

дағы келіссөздерін түсіндіріп отырады. Мұхаммед Әминге ноғай елшілерін кедергісіз өткізіп тұруды тапсырады. Сонымен қатар, ол ноғайлардың сөзіне де көп сене бермей, оларға өз ішінен бақылау да ұйымдастырады, тіпті Мұсалар мен Жанбыршы және басқа мырзалар арқылы олардың қай жерді қыстап, қандай жайлауға көшкенін де қырағы қадағалайды.

Үшінші Иван мен Мұса дүние салғаннан кейін бұлардың балалары арасындағы байланыстар жалғаса түскенін нақтылы фактілер дәлелдейді. Ендігі хат жазысулар Иванның ұлы Василий мен Мұсаның баласы Алшағыр арасында жүріп жатады. Мұнда да мәселенің негізгі сарыны өзара достық, ынтымақ тақырыбына саяды. Князь Василий өзінің елшісі Кожух арқылы Алшағырға жіберген жарлықнамасында: «Отец твой Муса князь и дядя твой Емгурчей князь да и ты были со отцом с нашим и со мною в правде, и другу бы есте нашему дружи были, а недругу недружи, и на всякого бы есте нашего недруга были со мною за один» (9) дейді.

Сөз болып отырған осы кітапта тарихтан белгілі ноғай мырзасы Мамайдың аты ұшырайды. Бір хатында Мамай Василийге менің туысым Алшағырмен дос едің дей келіп, князь қолындағы үш адамын: Ақмамедті, Топиды, Мендәліні қайтарып беруді сұрайды. Бұл тілектің нақтылы қалай орындалғаны анық емес, бірақ Василий Мамайға жылы жауап қайтарумен қатар бірсыпыра сыйлық жібергенін хабарлайды (10). Бұл арада біз үшін ең маңыздысы ноғай мырзасы Мамайдың орыс князімен бейбіт, достық қарым-қатынаста болғанының көрсетілуі. Эпостық жырларда, әсіресе жоқтау өлеңдерде Мамайдың қалың жау әскерін жалғыз жаңырған батыр деп дәріптелетіні мәлім. Егер шынымен Мамай өмірінде соңдай ірі соғыстар жүргізілген болса, ондай жаулардың аты да, жөні де орыстан басқалар екенін мына мысал айқын дәлелдесе керек.

«Елшілік кітабын» шолып көргенде тағы да бірер мәселеге көңіл бөлу керек болады. Князь Василий жарлықтарында ноғайларды Литваға қарсы соғысқа бірігіп баруға шақыру сарыны анық аңғарылады. Бұдан орыс билеушісінің саясаты сан-сала және мейлінше дәйекті болғаны көрінеді. Қазан хандығының басына өзінің тілін алатын адамды қою, ноғай күштерін онымен достыққа тарту, сөйгіп мемлекеттің бір қанағын қауіпсіз ете отырып, басқа жақтағы дұшпандары Қырым хандығы мен Литва князіне қар-

сы жинау, сөпі түсе калса, ноғайлардың өзін бір-бірімен өштестіру, беделді мырзаларды жылы сөзбен, қымбат сыйлықтармен алдаркатып қойып, ыркынан шыққан біреп-сарапшыларды қысымға алу, жау адамдарын қолға түсіріп алып, елшілік арқылы айбат көрсетіп сөйлесу, ноғай іштеріндегі қайшылықтар мен өзгерістерді қапысыз бақылап отыру – осыны бәрі орыс княздері Үшінші Иван мен оның баласы Василийдің тұсында орын алғаны көрінеді (11).

Аталған кезеңдегі орыс-ноғай қарым-қатынастарының жалпы бағыты осындай. Егер орыс князі Василий ноғайдың көрнекті басшыларымен ашық, достық пейілде хат жазысып тұрса, олардың кейбіреулерін тіпті ең сенімді кісісі ретінде сипаттайды. Мәселен, Шора есімді адамды әрдайым «өз адамымыз», «аяулы жақын адамымыз», «татардың ұлық мырзасы Шора» деп зор ілтипатпен атап отырады.

Осы мәселеге аздап кідіріп өтуге тура келеді. Шора есімді кісінің тарихта жасаған белгілі қайраткер екені, оның Қазан хандығының тағдыры ішкілер қарсаңда Мәскеудің тілектесі (12) болғаны жөнінде деректер бұрыннан айтылып келеді. Мына материал соларға жаңа, маңызды қосымша бола алады. Бір кезде «Шора батыр» жырына тағылған кінә оны орыс халқына жау етіп көрсетушіліктен туған еді. Ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшелігін елемеуден, эпос қаһарманы мен тарихи қайраткер арасына тепе-теңдік белгісін қоюшылықтан туатын мұндай көзқарастың ғылыми негізсіздігі көп дәлелдеп жатуды керек етпейді. Қазан хандығына иелік ету, ықпал жүргізу жолында орыс патшалары ұзақ дайындық жасағаны, бұл мәселе төңірегінде татарлар мен ноғайлардың арасында түрлі көзқарастар болғаны, олардың ішінен Мәскеу қарауына өтуді жақтағандар да аз болмағаны тарихтан мәлім. Бұл қатарда ілгеріде аты аталған Мұхаммед Әмин секілді орыс мемлекетінің сыбайластары да бар еді. Ендеше тартыс, күрес Қазан хандығы мен ноғайлардың өз арасында да үздіксіз жүріп отырғаны күмәнсіз.

Тарихи адам Шораның халық санасында ер, батыр, халық қамқоры ретінде сақталып, кейін эпостық жырға айналуы кездейсоқ болмауы тиіс. Іс-әрекеттері қалайда бұқараның терең мүдделерімен үйлеспеген адамның ұнамды қаһарман ретінде аңызға айналуы мүмкін емес. Шора сырттағы орыс әскерлерімен емес, өз маңындағы бақталас топтың қосындарымен соғысса да,

қарсыластың аты «жау» болатыны белгілі. Олай болса уақыт өте келе Шораға татар, ноғайдың өз ішкідегі жауласқан күштердің аты ұмытылып, сонынан түрлі айтушылар немесе баспагерлер әсерімен «көпір» болып кетуі табиғи.

Бұл келтірілген мысалдар орыс пен ноғай арасының белгілі бір кезеңдегі қарым-қатынастар сипатын ашуға жарайды. Әрине, бұл халықтардың арасында әр кезеңде түрлі оқиғалар болып тұрған. Әсіресе Қырым хандығының қыздыруына еліккен, кейде амалсыз соғысқа ерген Күнбатыс ноғайларының тарихи тағдыры апағұрлым шытырман, күрделі. Бірақ қалай болған күнде де жоғарыда атап өтілген тарихи оқиғалар Ресейдің белгілі бір кезеңде ноғайлар жөнінде қандай саясат жүргізгенінен хабар бере алады. Әсіресе казак жырларында эпостық батырлар санатында көрінетін Едігеннің ұрпақтары: Мұсаның, Жанбыршының, Мамайдың және ноғай, татар, башқұрт, құмық фольклорында аты қалған Шораның тарихтағы ақиқат орнын, соның ішінде олардың орыс княздарымен қандай қарым-қатынаста болғандығының нақтылы тарихын тану мәселесінде бұл деректердің мәні зор.

Қаһармандық эпостың пайда болуына себеп, негіздерді сөз еткенде, казак, ноғай, қалмақ халықтарының тағдырына тікелей қатысты тарихи оқиғаларға көңіл аударған жөн. Сонда ғана біз эпос туғызған орта мен жағдайдың қуатты негіздеріне көз жеткізе аламыз. Казак, ноғай жырларында үздіксіз жау ретінде көрінетін қалмақтар болуының да сырына осындай жолмен қанығамыз. Сан түрлі халықтармен ғасырлар бойына араласта, қоңсылас та отырған ноғай мен қазақтың эпостық дұшпаны басқалар емес, қалмақтар болып шығуында қандай заңдылықтар бар екенін де тарихи фактілерге сүйене отырып шолып көргеніміз мақұл. Бір атап өтерлігі сол – сан ықылым замандарда орыспен көрші отырған қазақтың ертедегі бірде-бір эпостық жырында орысты кектескен жау етіп көрсететін мысал табылмайды. Бұдан, әрине, орыс пен казак арасында қайшылықтар немесе қақтығыстар болмаған деген ұғым тумамайды. Жеке адамдар немесе топтар арасында болып тұратын ұрыс-керістер халық санасында соншалықты терең із қалдырмайды. Бүкіл елдің тағдырына әсер еткен ауыртпалық, сұрапыл соғыстар мен «өлім не өмір» деп актық күшін салып айкасқан сәттер, көп қайталанған қиянат зорлықтар халықтың күллі рухани қуатын, білеск күшін жұмсауды қажет ететін арпалыстар ғана бірте-бірте эпостық сарынға айналады екен. Бір жағы казак

пен ноғай, екінші жағы қалмақ болып жауласқандықтың қаншама деректері тарих материалдарынан (13) табылмауы мүмкін емес. Ендеше, сол мағлұматтарға да азды-көпті көңіл аударып көрелік.

XV ғасырда қазақ аталған елдің мемлекеттігі айқындалып, тарихи аренаға шыққаны мәлім. Жаңа халықтың кең жеріне қызығып, оны басып алуға көз алартқан, тікелей соғыс ашқан дұшпандар аз емес еді. Солардың ішінде қазақпен ең көп соғысқан, есепсіз шығынға душар еткен күш қалмақтар болатын. Әдетте қалмақтар атауымен жонғар деген сөз қатарласа айтыла береді. Өйткені бұлар бір негізден тараған, алдымен жонғар, соңынан қалмақ атанған елдер еді. Жонғардың да, қалмақтың да тарихына байланысты зерттеулер аз емес. Соларда осы халықтардың тарихи қалыптасу жолдарымен қатар өзге елдермен, соның ішінде қазақ, ноғаймен соғыстарының фактілері де келтірілген.

Жонғар мемлекетінің құрылуы Моңғолияның өз ішіндегі сан ғасырға созылған экономикалық, саяси күштердің нәтижесінде пайда болған. Бұрынғы Шыңғысхан империясының ұйтқысы болған моңғол жеріндегі саяси жағдайлар бірте-бірте шиеленісе келіп, соның акыры моңғолдардың екіге – шығыс және батыс бөліктерінің пайда болуына әкелген еді. Біртұтас моңғол мемлекеттігін күшейту жолындағы әрекеттер нәтиже бермей, рулар мен тайпалардың кейде бірлесіп, кейде ыдырауының себептері көп еді. Соның негізгісі көшпелілік өмір салтына байланысты болатын. Мал бағатын жайылым-өрістің қажеттігі моңғолдарды жаңа қоныстар іздеп, өз елдердің жерлерін күшпен тартып алуға итермелеген басты себеп екені анық. Батыс моңғолдары тіршілік қамына аса қажет заттарды сатып алатын базарларға да өте мұқтаж болды. Олардың Қытай империясымен дәстүрлі сауда-саттық қарым-қатынаста мүмкіндік азайған сайын тұрмыстық піректері әлсірей берген. Батыс моңғолдарының немесе ойрат, жонғарлардың Қазақстан жеріне ұмтылуының экономикалық түрткісі мал өсіретін кең жайылымды жер үшін деп тұжырымдайтын зерттеушілер пікірінде шындық бар (14). Бірақ жалғыз себеп осы деп қарауға да болмайды.

Ресей мен Қытай империясының отаршылдық, түрлі халықтарды бір-біріне айдап салатын ежелгі саясаты да өз рөлін атқарғанын көп мысалдар дәлелдейді. Мысалы, Қытай билеушілерінің батыс моңғолдарымен сауда-саттықты тыйып тастағандығы тұтас бір көшпелі елдің тағдырына кері әсер етіп, соңынан сұмдық

оқиғалардың тууына себепкер болды. Жонғарлардың XVI ғасырдан бастап Ресеймен, Қазақстанмен шекаралас жерлерге кіре бастауының сипатын басқаша түсіндіру қиын. Сол кезден бері қарай қазақ-ойрат, ойрат-орыс қарым-қатынасының шытырман тізбегі желі тартады. Бұл елдердің арасындағы ұзаққа созылған дипломатиялық байланыстардың мән-жайын тәптіштеп баяндау біздің міндетімізге жатпайды. Біз біреп мәселеге – қазақ-ойрат арасының бітіспес қайшылықтарға жету себебі мен сол алауыздықтардың қандай қайғылы салдарға жеткізгеніне, көшпелі екі халықтың орыс мемлекетімен осы кезеңдегі байланыстарының бағытына ғана шолу жасаумен шектелеміз.

Ойраттардың жойқын күш екенін Ресейдің сол кездегі билеушілері әуел бастан жақсы аңғарғанға ұқсайды. Қалмақтар мен орыстар арасындағы елшіліктер мен келіссөздердің көбінесе нәтижелі болып аяқталып отыруы осыны көрсетеді. Әрине, әрбір мемлекет ең алдымен өз жерінің, халқының амандығын ойлауы, барлық саясатын осы мүддеге лайықтап жүргізуі табиғи. Өз тарапынан ойрат әкімдері де аса қуатты орыс мемлекетімен тату тұрудың болашақ тағдырына қаншалық пайдалы болатынын терең сезгені аңғарылады. Орыстармен кең тарапта қарым-қатынас жасауда табысқа жеткені ойраттардың зор дипломатиялық ұтысы. Ойраттармен бейбітшілік келісім жасау – Сібірдің ұланбайтақ өлкесіне Ресейдің қарқындап кіруіне бөгесінді алып тастаумен бірдей еді.

Ресеймен қарым-қатынасты мықтап алуы жонғар қалмақтарының қазақтарға қарсы күресті алансыз жоспарлап, жүзеге асыруына өте қолайлы болды. Сібірдегі патшалық әкімдерімен ойраттардың келіссөздерінде олардың мүдделестігі мейлінше анық байқалады. Мәселен, 1607 жылы Тара қаласының воеводасы Гагарин патша атынан ойрат билеушілеріне «наше царское жаловальное слово, что мы, великий государь, их пожаловали, велели им по их челобитию кочевати вверх по Иртышу и в-ыных местах, где похотят, и держати их велели под нашей высокою рукою, и велели их ото всех недругов от казацкие орды и от Ногай и от иных недругов беречи и обороняти...» (15) деп мәлімдеме жасауы көп нәрсені аңғартады.

Бұл ескілді келіссөздер бұл екі ел арасында тығыз қарқынмен жүріп отырған. Олардың көбінің мазмұны біз келтірген үзіндінің рухына сәйкес келеді. Патшалық әкімдер мен ойрат көссм-

дерінің өзара пайдағы көзлеп, тіл табысқандығы соншалық, олар Сібірді жайлаған тувалықтардан, Енисей қырғыздарынан, бараба татарларынан, т.б. халықтардан екі жақтап алым-салық жинауға да келіскен (16). 1608 жылы ойрат тайшысы Хо-Урлюктін жіберген елшісіне Мәскеу әкімдерінің атынап қалмақтарды казак, ноғай т.б. қорғаймыз деп сенімді уәде қайталанып берілген (17). Бұдан кейінгі келіссөздер тереңдей бергенін көреміз. Ендігі жерде ойраттар ақ патшаға мойынсұнуға ант берсе, олардың Ресей шебіне көшіп-қонуына рұқсат етілуі айтылған (18).

Әрине, шапқыншылық бір жақтан, ойрат билеушілерінен ғана туып отырған деп тұжырымдау дәл болмас еді. Реті келгенде казак хандары мен сұлтандары да ойраттардың осал жерлерін іздеп, өз тарапынан жорыққа шығып отырғандығы да белгілі. XVI ғасыр мен XVII ғасырдың алғашқы тұсында казак хандары мұндай тайталаста жеңіске жетіп жүргендіктері де ақиқат (19). Бірақ бұдан кейінгі кезеңдерде ойрат күштері барған сайын басым түсе берген. Казак жүздерінің өз ара ыдыранқы, билеушілерінің бірлігі жоқ екенін сезген сайын жоңғарлар өктемдей түскен. Әсіресе XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде жоңғар жорықтары жиілеген. Бұған мысалға олардың қазақтарға 1643, 1681, 1684, 1711–12, 1714, 1717, 1723, 1729 жылдары сұрапыл соғыс салғанын айтсақ та жеткілікті. Ал 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығының казак халқын қандай трагедияға душар еткені белгілі. Халықтың есінен мәңгілік ұмытылмайтын орын алған «Ақтабан шұбырынды» дәл осы сойқанның салдары еді. Жоғарыда атап өтілгендер казак-қалмақ соғыстарының ең ірілері ғана. Кішігірім қақтығыстар мен ауыл шауып, мал айдап кетушіліктер саны мұнан анағұрлым көп болған. Оны халық «белдеуден ат көгпейтін құба қалмақ заманы» деп атаған.

Жоңғардың казак елін жаулаушылық соғыстарының көп дайындықпен жүргізілгені туралы да нақтылы деректер мол. Ойраттардың өзара алауыздығын жойып, біртұтас мемлекет еткен тайшылар еңбегі зор болатын. Өзінің шығысында жатқан бақталас ежелгі жауларының қысымынан құтылып, барлық күшті казактарға қарай бағыттауға мүмкіндік алғаны да қалмақ тайшыларына аса қолайлы көрінген. Ал солтүстік-батыстағы қуатты көршісі Ресеймен ұтымды келіссөздер жүргізілуі, мақсат-мүдделерінің үйлес келуі жоңғарлардың басқыншылық саясатын үдетуіне объективті түрде септескені шүбәсіз. Тарихшылар бұ-

рын майдан даласында талай рет кездесіп, бірде жеңіп, бірде жеңіліп, кейде итжығыс түсіп жүрген казак пен қалмақ қосындарының арасалмағы қалайша өзгергеніне де назар аударған. Мұтын негізгі себебі жоңғар армиясында зеңбіректің пайда болуы деп те көрсетіледі.

Орыс армиясының карауында болып, бір соғыста ойраттар қолына түскен Ренаттың қалмақтарға зеңбірек құюды үйреткені мәлім. Орыс елшісіне кездескенде Ренат ойраттарға қанша зеңбірек құйып бергенін мәлімдеген. «Важную роль в развитии литейного и пушечного производства сыграл Ренат, деятельность которого высоко оценивалось джунгарским ханом. Ренат говорил Угрюмову, что изготовил для армий Галдан-Церена 15 пушек четырехфунтовых, 5 пушек малых и 20 мортир десятифунтовых» (20). Жоңғар армиясына зеңбірек жасау жұмысы XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдарында қолға алынғаны да тарихи дерек мәтіндерінде анық көрсетілген. Өзара көкірек көрсетісіп, алты бақан алауыз болып, басы бірікпей, иен далала тарыдай шашырап жатқан казак руларының әлсіздігі де қалмақ тайшыларына мәлім еді. Осындай ұрымтал тұсты дәл пайдаланып, олар адам айтқысыз қатал зорлықтар жасап, ежелден көрші жатқан елді жер бетінен жойып жіберуді көздеген. Ойраттардың озбыр мінездері мен қастандық әрекеттері казак эпосында ұмытылмайтын болып, атадан балаға аманат сөздер секілді жетуінің түбінде сұмдық шындықтар жатқан еді. Әрине, эпос өзіне ғана тән тәсілмен болған істердің түйінін, философиясын, халықтың арманы мен ұшастастырып сөйлейтіні мәлім.

XVIII ғасырдың бастапқы тұсында казак халқының бір жағы жоңғарлардан, екінші жағы Еділ бойындағы қалмақтардан, Жайық казактары мен башқұрттардан қысым көргенін Ш. Уәлиханов та атап көрсеткен еді (21). Жоңғар шабуылы казактарды сан жетпес шығасыға душар етті. Кеңет соққыдан есенгіреген ел мал-жанын тастап, бассауғалап, Орта Азия елдеріне босып кеткені (22), халықтың тәуелсіздігі мен намысын қорғауға үстем тап өкілдерінің қабілетсіз болғаны, ақырында азаттық күрестің туып ел батырлары Тайлак, Саурык, Малайсары, Жәнібек т.б. көтергені (23), азаттық үшін ұзақ ұрыстарда Қабанбай, Бөгенбай сынды ұлы қолбасылардың іріктеліп шыққаны тарихи шындық.

Қалмақтар мен казактар, ноғайлар арасындағы жаугершілік талай ғасырға созылғанына мысал көп. Казак еліне жоңғарлар

жағынан төнген қауіп пен қасірет сарыны атадан балаға ауысып, сап түрлі аңыздар туғызған. Халықтың ежелгі дәуірден бергі қаскөй күштер туралы түсінігі көбінесе ұмыт болып, барлық қиянат пен озбырлықтың себепшісі «қалмақтар» деген ұғым қалыптасқан. Осы негізде қалмақтың «ата жау» аталуын тарихи өмір тәжірибесі жеткілікті дәлелдеп берген.

Ойраттардың ойраны тек күншығыс жақтал ғана келген жоқ. Еділ бойындағы қалмақтар да казак еліне қауіпті жау болды. Ал қалмақтардың атажұрты Жоңғариядан көшіп, Ресейдің шебіне жетуі де тарихта сирек кездесетін оқиға. Тұтас бір халықтың бірнеше мың шақырым жердегі жана қонысқа еңсеріліп келуін ерте замандардағы ұлы көштермен ғана салыстыруға болады. Орыс патшалығы мен қалмақ тайшыларының үздіксіз құпия келіссөздерінің нәтижесінде жоңғарлардың бір бөлігі (кейбір деректерде көшкен елдің жалпы саны екі жүз мыңға жуық болған делінеді) Еділдің төменгі жағалауына, Еділ мен Жайық аралығына, Донның шөлді далаларына келіп мекендеген. XVII ғасырдың оныншы жылдарынан басталған бұл көш үздік-создық ұзақ жылдарда аяқталып біткен. Бұл жөнінде тарихи деректерге кезек берейік.

Алып қуатпен жерінің шеңберін бірте-бірте кеңейте түскен орыс патшалығы 1552 жылы Казан, 1566 жылы Астрахань хандығын жойғаны мәлім. Бұл дәуірде Еділдің төменгі екі жағалауын, Еділден күншығыстағы көп жерді ноғай ұлыстары жайылайтын еді. Кейіннен ноғайлар екіге бөлініп, Кіші ноғайлар Еділдің оң жағалауына өтіп, Кавказды Дон мен Кубань арасын қоныс етеді, ал Үлкен ноғайлар Еділдің сол жағындағы өңірде көшіп-қонып жүреді. Ноғай ұлыстары Мәскеумен, Казанмен, Астраханмен сауда-саттық жасап тұрған. Сонымен қатар ноғай мырзалары көрші жұрттармен қатар жауласқан өз руластарын шауып отыруды да көсіп еткені белгілі. XV ғасырдың орта тұсында ноғайлардың көбі Ресейдің вассалы халіне түседі. Ал Азов, Қырымға жақын жүрген ноғайларға Түркия мен Қырым хандығының ықпалы күшті еді. Ресеймен достық, ынтымақты қуаттап отырған Үлкен Ноғайдың да ішінен оқта-текте қайшылықтар мен қарсылықтар кезек пайда болып тұратын. Мұның өзі Ресейдің оңтүстік шекарасының тыныштығын бұзатын фактор еді. Ноғай мырзалары мен патшалық әкімдерінің арасындағы келіссөздер мен жазысқан жарлықтар мұндай қарым-қатынастың көпқыр-

лы, шытырман болғанын дәлелдейді. Патшалық үкіметі өз заманында айбарлы күш болып саналған ноғайларды түпкілікті илкітірудің іліктерін іздестіріп, қаншама ұтымды шаралар қолданғанына мысал көп.

Ноғайлар тағдырындағы ауыр кезең олардың жеріне алыс Азия түкпірінен қалмақтар көшіп келе бастаған кезден басталыпты. Зерттеушілердің көрсетуінше, «қалмақ» деген этноним бертінде, XVII ғасырда көбірек тараған. Оған дейін «ойрат» деген атауға ие болған халықтың қалмақ есімі олар Еділ бойына көшіп келіп, жеке ел сипатында қалыптасқаннан кейін біржола бекиді (24). «Қалмақ» деген сөздің түркі тілдеріне тән екені де дәлелді. Бұл арадан тарихта жиі кездесетін заңдылық — белгілі бір халықтың аты қоныс елдердің айтуымен өзгеріп отыратындығы байқалады. XV — XVIII ғасырларда жасаған казак ақын-жырауларының өлеңдерінде, барлық эпостық жырларда «ойрат» аты ұшыраспайды деуге болады. Демек, мұнан да ол есімнің батыс монғол руларының ертеректегі атауы екені сезіледі. Ал шығу тегі көне замандарға апаратын «Манас» жырында қалмақ, ойрат дегендер синоним ретінде қатарлас қолданыла береді.

Қалмақтардың Жоңғариядан Ресейге көшіп келуі өзге халықтармен соқтығыссыз бітетін ондай мәселе емес еді. Көшпенді қалмақтар өздері секілді бірыңғай мал өсірумен айналысатын, Еділдің төменгі жағалау атыраптарында, шөлейт далаларда, Кавказ тауларының теріскейінде көшіп-қонып жүрген халықтармен, солардың ішінде бірінші кезекте ноғайлармен қоныс үшін талас-тартысқа түсті. Қалмақтар алғаш рет 1608 жылы Жем бойындағы ноғайларды дүрліктірді, ал 1613 жылы Жайықтан өтіп, ноғай ұлысын Еділге қарай қуып барды (25). Шабуыл барған сайын үдей түседі. 1633—1634 жылдарда қалмақтар жорығы талай рет қайталанып, қысым зораяды. Осының нәтижесінде ноғайлар өздерінің жайылым өрісін қалмақтармен бөлісуге ризалық білдіреді. Бірақ қалмақтар бұл ұсынысқа қапағат етпей, ноғай ауылдарын тықсыра-тықсыра, Еділдің оң қабағына өтуге мәжбүр етеді, жеңілген елдің кейбір бөлегі Донға қарай кетеді. 1644 жылы қалмақ қосындары Еділдің оң жағына өтіп, оңтүстік-батысқа қарай беттейді. Кабарда жерінің әскерлерінен ноғайлар жеңіліс табады. Қалмақтардың және бір тобы Жоңғариядан шығып, жана жер іздеп, 1649 жылы Жем бойына жетеді, осының салдарынан бұл өлкені бұрыннан бауыр басқан Дайчин және Лаузан тайпалар жұртының өрісі

азайып, олардың біразы батысқа қарай жылжи қонады. Атап өткерлік бір мәселе сол – қалмақ тайшылары мен патшалық әкімдері шарт жасасқан сайын қалмақтар мойнына жана міндеттер жамылып отырған. Мәселен, қалмақ қонысын кеңейту туралы 1657 жылғы шартта тайшылардың өз әскерімен Қырым мен Польшаға қарсы соғысқа патшалық қосындармен бірігіп шығуы қажеттігі ескерілген. Патша үкіметі қалмақтарға жайылымдық жерлерді ешқашанда жаны ашып бере салмаған, тайшыларға «алмақтың да салмағы» бар екенін әрдайым ұқтырып, сан жорықтарға қалмақ әскерін қатыстыруды талап еткен. Бұл өзін ақтаған, біреудің қолымен шок көсеу саясатының анық көрінісі еді...

«Қалмақ АССР-і тарихы очерктерінің» мәліметіне қарағанда қалмақтардың кейде өздері, енді бірде патша әскері құрамында ноғайларға қарсы көп жорықтар жасағаны көрінеді. XVII ғасырдың орта тұсында Еділ қалмақтары толығымен Ресейдің қарауына өтеді, ноғайлардың, тағы басқа халықтардың қонысы есебінен өздеріне лайықты көші-қон өрісін әблен айқындап алады. Ендігі жерде патшалық үкіметі қалмақ қосындарын өздерінің оңтүстіктегі және күнбатыстағы жауларына қарсы айдап салуды жүйелі түрде жүргізіп отырады. Патшалық осындай әдіспен «екі жеп биге шығуды» дағдыға айналдырады. Қалмақтарға бос жатқан шөлейт аймақтарды беріп, оның есебіне империя шекараларын қорғау міндетін тапсырған. «Шекараны қорғау» деген дипломатиялық тіркестің шын мағынасын түсіну қиын емес еді. Ол өзінше Ресейге толық бағынып болмаған қауіпті жауларын қалмақ әскерінің күшімен илкітіру деген сөз болатын. Ноғайлар көп жағдайда өздеріндегі көшпелі, бірақ мықты қаруланған қалмақ әскерлерімен істес болып, оның сыртындағы айдап салушыны білмейтін. Жан-жақта жаулары аңдыздап тұрған Ресейдің ол кезде барлық майданға қол жіберуге мүмкіндігі жоқ еді, сондықтан жерден таршылық көріп, жаны қысылған қалмақтардың өмірлік мұқтажын «басқалардың есебінен» шешіп, өздерін шоклар орнына пайдаланған. Шашыранды ноғай еліне тастүйіп боп бүйідей тиіп отырған қалмақ жасақтары үлкен үрей туғызып, патшалық көздеген міндетті «онай» шешіп отырған. 1760 жылдардың бас кезінде қалмақтардың тұрақты армия қатарына шақырылатын болуы да оларға деген «сенімнің» арта түскенін білдіреді.

Зерттеу еңбектерінде дәстүр бойынша Ресейдің оңтүстігін жайлаған түркі тектес халықтардың көбі (оның ішінде ноғайлар

да бар) «татар» деген атаумен беріліп отырды. Шындығында, ресми жазба документтерде «татар» деп қыпшақтарды да, бұрынғы бұлғарлар үрім-бұтағын да, бұртастарды да, мажарларды да, нағыз татарларды да атай берген (26). Бұл терминнің ауқымына Казан төңкерісіне дейін құмықтарды да, тіпті өзірбайжандарды да сыйғызушылық орын болған. Сондықтан да тарихи құжаттарда «татар» деген есім кездессе, оның не татардың өзі туралы немесе Еділ бойын, Солтүстік Кавказдағы, Азов жағалауын, Қырымның далаларын жайлаған ноғайлар жайында екенін айыру онайға түспейді. Қазақ эпосы бұл халықтар атауын ешбір жаңылыстырмаған. Онда татар аты мүлде кездеспейді, мұндағы ноғай дегендер қазақпен ауылы аралас, қойы қоралас етене жақын өмір кешкен біртұтас ел секілді ұғымда беріледі. Бұл арада қазақ пен ноғайдың бір мемлекеттің құрамында жүрген кезінің елесі көбірек сақталғанын көреміз (27).

1660 жылы қалмақтар Қырымға қарсы соғысқа қатысумен қатар Үлкен және Кіші ноғайды талайды (28). Қырымға, Азовқа және Қазан ұлысына қарсы жорық 1661 жылы да қайталанған. 1661 жылы мамыр айында қалмақтар Кавказдан Қырымға көшпек болған ноғайларға кедергі жасап, кері қайтарған. Сол жылғы 13-тамызда қалмақ тайшылары ноғайлардың көшетін, қонатын өрісін нақтылы белгілеп, бұл шарт бұзылса, мүлде жойып жібереміз деп талап қойған және айтқандарына көндірген. 1664 жылдан бастап қалмақ әскерлері орыс армиясының бір құрамы ретінде мойындалған. Бұл оқиға қалмақ ұлыстарына орыстың әскери туын жіберуден көрінген еді (29).

Қалмақ тайшалары мен патшалық өкілдері арасындағы 1655, 1661 жылдардағы шарттар бойынша, қалмақтар қонысы болып Жайық маңындағы, Еділдің, Астраханның Царицынге және Самараға дейін созылған екі атырабындағы жартылай шөлейт жерлер анықталып берілген және олардан алым-салық алыпбайтын болған. Қалмақтарға жүктелген жалғыз міндет – Ресей «жауларына» соғыс ашу, шырыш бұзғандарды жазалау, империяның оңтүстік шекарасын қорғап тұру (30) болды. Қалмақ хандығы бұл міндетті жүз жылға жақын ойдағыдай атқарып, патшалықтың мүддесінде көп қызмет сініргені белгілі. 1657 – 1661 жылдарда қалмақтар Еділ, Дон, Запорожье казактарымен бір сапта Ресейдің оңтүстік шебіне басып кірмек болған түрік-қырым әскерлеріне күрделі тосқауыл жасаған. Осындай жорықтарға он мыңға жуық

қалмақ шерігі қатысқан (31). 1669 жылы қалмақ хандығының тағына Аюке отырғаннан кейінгі кезеңде мұндай соғыстар әлденеше рет қайталап ады. Аюке Жоңғарияның билеушісі Цеван-Рабданмен байланысты күшейте түскен. «Қалмақ хандарының тарихы» деген еңбекте Аюкенің орыс патшасына «қалмақтар орыс қалаларына шабуыл жасамайды; парсы шахымен, түрік сұлтанымен, қырым ханымен достық қарым-қатынас жасамайды; орыс елін жауларынан қорғап тұрады» деп аңг бергені жазылған (32). Өз тарапынан орыс патшалығы қалмақтар мен қырымдықтар тіл тауыш кетпесін деп, олардың арасын жақындатпауға күш салған.

Бір атап өтерлік жайт, жоңғар әскерлері Шығыс және Оңтүстік Қазақстанға қырғын салған шақта Еділ қалмақтарының ханы Аюке Цеван-Рабданның ұлына қызын беріп, туыстық ынтымағын күшейтіп жатады (33). Мұның өзі жоңғарлар мен қалмақтардың қазақ жерін екі жақтан қыспаққа алу саясатымен ұштасып жатқандығын көрсетеді.

Аюке хан тұсында қалмақтардың патшалық әскерлерімен бірлесіп, көп жеңісті жорықтарға қатысқанына тағы да бір мысал келтірейік. 1672 жылы Аюке Қырым хандығына қарсы соғысқа 15 мың қол жібереді. 1674 жылы жеті мың қалмақ қосымы Азов маңындағы ноғайларға аттанады. 1677 жылы үш мың қалмақ шерігі Солтүстік Кавказдағы жауларға қарсы соғысады, олар 1698 жылы Кіші ноғайды талқандайды. Мұндай жорықтар тізбегі бір ғасырға жуық созылған.

Жоғарыда келтірілген және басқа мысалдар қалмақ пен ноғай арасының трагедиялы халдерге толы жауластық тарихынан хабар бере алса керек. Қазақтың да, ноғайдың да соғыстары көбінесе қалмақтармен болып отыру себебі қиялдан шығарылмаған, тарихта болып өткен сан ұрыстардың жанғырығы екені де бұдан анық көрінеді. Қаһармандық эпос тудырған заманның кейбір деректері осындай. Әрине, ноғай мен қалмақ қақтығыстары ілгеріде көрсетілгендерден анағұрлым мол болғаны да белгілі. Біз бұл мәселелерді эпостың тарихи негіздерін анықтай түсу мақсатымен ғана келтіріп отырмыз.

Аталған дәуірде қалмақ тайшыларының неғұрлым соқтыққыш болып көрінуінің негізгі себептерін түсіну қиын емес. Тек қана мал шаруашылығымен айналысқан көшпенді қалмақ халқының тіршілік-тынысы Жоңғар атыраптарында тарылып, жаңа қоныс іздегенде, олардың көзі алдымен қазақ, ноғай далаларына

түскен. Бірақ өз еркімен біреуге жер беретін ел дүниеде табыла қоймаса керек. Сол үшін қалмақ тайшылары әуел бастап өте ұтымды саясат ұстанған. Олар қуатты орыс мемлекетімен ертерек тіл тауып, Ресейге бодан болу сылтауымен қуатты одақтасқа арқа сүйеп, көп жеңіске жеткен. Азияның алыс түкпірінен оларды Еділ бойына келуге мүмкіндік тудырған да орыс патшасымен ертерек келіссөз жүргізіп, мүдделерін біріктіре алғандығының арқасы. Бұл тұста Ресейдің өзіне толық қарап болмаған ноғайлар мен қазақтар таңдырына тікелей араласқысы келмегені, қайта бұл елдердің күйреуіне мүдделі болғаны шүбәсіз. Қай мемлекет болса да алдымен өз мақсатын бірінші кезекке қояды. Қалмақтармен ынтымақтаса отырып, Ресей өзінің алдындағы көптеген күрделі міндеттерді шешуге ұмтылды.

Ал Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақ шарты 1731 жылдан басталғаны белгілі. Міне, сол кезеңнен бастап қазақ даласындағы оқиғаларға империя бейтарап қарамайтын болды. Аталған кезеңнен бастап Қазақстан сырт жауларының тынымсыз шабуылынан белгілі дәрежеде қорғаныш тауып отырды.

Қазақ пен ноғай халықтарының есінен кетпестей болып, буыннан буынға тараған ауызша шежіре, аңыз, жырлары XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші бөлегінде болып өткен қанды оқиғалардың, қатал зорлықтардың, геноцидке барабар сұмдық жауындылықтардың сырын мәңгілікке әшкере ететін көркем куәлік болып қалды...

Қазақ билеушілері елдің батысы мен шығысында жатқан ажалдай екі империяның қуаты мен зорлықшыл ниғылын сезбеді деу қиын. Ресеймен ынтымақ, достық қарым-қатынастар жасау әрекеті Тәуке хан тұсында да, одан бұрын да болғаны белгілі. Өкінішке қарай, ол әрекеттер нәтижесіз қалды. Мұның түрлі объективтік себептері бар. Ол кезде Ресейдің шешілмеген өз проблемалары да жеткілікті еді. Ал шындығына келгенде, патшалық әкімдер қазақ пен қалмақтың өзара қырқысып, бірін-бірі қансыратуын тілеп, күнілгері қалмақтармен тіл тауып алу қолайлы деп тапқан болатын. Бұл қазақтың жоңғарлармен соғыста әлсіреуін, ақырында жаугершіліктен зықысы шыққан елді келісіп те, ұрысып та бағындыру оңай болатынын алдын ала болжаған зұлым саясат көрінісі еді... Оның үстіне өз ішінде бірлік жасай алмаған, шаруашылық негіздері әлсіз елді ғайыптан бір күш келіп қорғап берсін деп малдану күр қиял болмақ. Әрбір ел өз қамын өзі ой-

лауы шарт. Қазак халқының мықты мемлекеті, тұрақты әскері болмауы, ел тағдырын, «бас-басына би болған кикымнын» шешіп келгені, ойсыздық, алауыздық казак халқына одап кейінгі замандарда да сан рет онык жегізген...

#### Әдебиет:

- (1) Очерки истории Ставропольского края. — Ставрополь, 1986, с.116.
- (2) Очерки истории Ставропольского края. 1986, с.128.
- (3) Сонда, 129-бет.
- (4) Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой. М., 1984.
- (5) Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой. 1489-1508 гг. 1984, 4-бет.
- (6) Сонда, 17-бет.
- (7) Сонда, 28-бет.
- (8) Сонда, 40-бет.
- (9) Сонда, 50-бет.
- (10) Сонда, 50-бет.
- (11) Сонда, 60-64, 70,80-беттер.
- (12) Сейфуллин С. Шығармалар жинағы, 6-том, 79-бет.
- (13) Веселовский П.И. Лекции по истории монголов. СПб., 1909.
- (14) Златкин И.Я. История джунгарского ханства. М., 1983, с.21.
- (15) Материалы по истории русско-монгольских отношений. 1607-1636. Сборник документов. М., 1959, с.22.
- (16) Златкин И.Я. История джунгарского ханства. М., 1983.
- (17) Сонда, 80-бет.
- (18) Сонда, 80-бет.
- (19) Сонда, 109-бет.
- (20) Сонда, 21-бет.
- (21) Валиханов Ч.Ч. Собр. соч., том 1. — Алма-Ата, 1691, с. 426.
- (22) История Казахской ССР. Том 3. 1979, с. 20.
- (23) Сонда, 20-бет.
- (24) Очерки истории Калмыцкой АССР. М., Изд-во Наука, 1967, с. 55.
- (25) Сонда, 108-бет.
- (26) Қоңыратбаев Ә. Қазак эпосы және түркология. — Алматы, Ғылым, 1987, 348-бет.
- (27) Сонда.
- (28) Очерки истории Калмыцкой АССР, 1967, с. 124.
- (29) Сонда, 125-бет.
- (30) Сонда, 127-бет.
- (31) Сонда, 134-бет.
- (32) Сонда, 140-бет.
- (33) Сонда, 155-бет.

## ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ

Атақты жырау Мұрын Сәңгірбекұлынан жазып алынған батырлық жыр тізбегі «Қырымның қырық батыры» деп аталады. Ал жыршынып айтуынан 1942 жылы хатқа түсірілген шығарманың жалпы саны отыз алты. Бұл эпостық тізбек тақырып жағынан да, циклдену шарты жағынан да, суреттелген оқиғалар мен қаһармандар жағынан да өте қызғылықты. Бұрышғы-соңғы казак жыршыларының ешқайсысынан дәл осындай мол көлемді мұра жазылып алынған емес. Циклдің «Қырымның қырық батыры» аталуы жырдың жалпы санының өлшеуіші бола алмаса керек. Солтүстік Кавказдағы поғайлар да осы тектес жырларын «Ноғайдың қырық батыры» деп атайды. Бірақ ноғайлар арасында сақталған жырлар саны да, көлемі де казактардікіне қарағанда тым аз. Бұл реттен алып қарағанда да «қырық» деген санның эпикалық сан, мол, көп деген ұғымды білдіретінін аңғаруға болады. Біз бұл пікірді жыр сапын қалайша қырыққа жеткізуді талап етуге болмайтынын түсіндіру үшін айтып отырмыз. Әрине, казак пен ноғайлының ортақ тағдырын сөз өтетін шығарма сапы қырықтан артып түсуі де, кем соғуы да мүмкін. Мәселенің мәні аңыздар санында емес, нақтылы шығармалардың мазмұнында, көркемдік қасиетінде.

«Қырымның қырық батыры» желісі «Аңшыбай батырдың ұрпақтары», «Қарадөң батырдың ұрпақтары» деген екі топтан және тұтастыққа ие болмаған жске жырлардан тұрады. Соңғы топқа «Ер Қосай», «Манашыұлы Тұяқбай», «Телағыс», «Айсаның ұлы Ахмет», «Қарға бойлы Қазтуған», «Асан кайғы», «Абат», «Тоған», «Алау», «Әмет», «Төрехан», «Ақжонасұлы ер Кеңес», «Қыдырбайұлы Қобыланды» жырлары жатады. Біз жыршыдан жазып алынған жүйені келтіріп отырмыз.

Мұрын жыраудың тағылым алған ұстаздары мен замандас әріптестері аз болмаған. Мәселен, ол әйгілі Нұрым жыраудан «Алатайлы Аңшыбай батырды» және оның ұрпақтары: «Баба түкті шашты Әзиз», «Парпария батыр», «Құттыкия батыр», «Едіге ба-

тыр», «Нұрадың батыр», «Мұсахан батыр», «Орақ-Мамай батыр», «Карасай-Қазі» жырларын үйреніпті. Мұрат ақыннан, Қашаған жыраудан үйренгендері өз алдына бір төбе. Зерттеушілердің көрсетуінше, Мұрын ел аралап, жыр айтып жүрген кезінде Үдербай баласы Мәулімберді жыршымен, каракалпак Қарыз жыршымен таныс-біліс болады. Карасай, Бегім, Қалым секілді өнер иелерімен танысады, түрлі той-жиындар кезінде Ақтан, Жаскілен, Бітеген сынды дарындылармен сұхбаттас болады. Мұрын әсіресе Нұрым, Қашағандарды ерекше құрмет тұтқан, Мұрат ақынды өзі іздеп барып жолыққан. Сенгірбекұлы Мұрынға өсер, ықпал жасағандар легінде Сүгір, Қубала, Жұмарбай ақындар, атакты жырау Марабай, Көшелек есімдері аталады. Мұрын жыршылық, ақындық дәстүрінен үлгі алып қана қоймай, көршілес отырған каракалпак, түрікмен, өзбек жұртының бахшы, шайырларының да өнерімен танысқан; Хиуа, Бұхар, Хожелі, Қоңырат, Байрамалы, Теджен, Нөкіс, Үргеніш жерлерін көрген. Ол өзінің жыршылық репертуарын ұдайы толықтырып, байытып, жыр желілерін жетілдіріп отырған. Бір атап өтерлік нәрсе сол — Мұрынның тағылым алған ұстаздары да, өзі де күллі қазақ, ноғайлыға ортақ жырлардың түпкі шығарушысы Сыпыра деп түсінген. Олар қазақ арасында күй атасы Қорқыт деген ұғымның қалыптасқаны секілді барлық эпостық жырдың түп төркінін Сыпыраға теліген.

Мұрыннан жазып алынған шоғыр жыр осы кезге дейін жан-жақты тексерілген жоқ. Жырау репертуарының басым көпшілігі ұзақ жылдар бойында архив мүлкі болып жатты. Олардың жалпы сипаттамасы кейбір фольклоршылардың (С. Садырбас, О. Нұрмағамбетова, К. Сыдықов т.б.) зерттеулері мен мақалаларында берілгенімен, генезисі, поэтикасы таратылып айтыла қойған жоқ. Академик В. М. Жирмунский өзінің «Тюркский героический эпос» (1974) деген монографиясында Мұрын айтқан жырлардың түп-тегіне, эволюциясына қатысты қызғылықты талдаулар бергені мәлім. Халық ақыны М. Хакімжанованың «Мұрын жыраудың мұрасы» («Жұлдыз», 7, 1987) деген мақаласында жыраудың өз аузынан жазып алынған бағалы мағлұматтар бар. Жыршының жадында сақтаған сөз қазынасын жазып алған, сөйтіп мол рухани байлықты жұртшылық игілігіне айналдырған М. Хакімжанова еңбегі бағалы.

Бұл аталған және басқа еңбектердің маңыздылығын есепке алғанның өзінде де «Қырымның қырық батыры» жөнінде жана

зерттеулер керектігін мойындаймыз. Мұндай ұлан-ғайыр қазынаның манызын ашып талдау үшін бір емес, көптеген зерттеулер жазылуға тиіс. Өйткені бұл жырлардың көлемі ғана емес, қамтыған оқиғалары да өте салдарлы. Эпостың генезисі, полистадиялығы, жыршылар және олардың мектебі, циклді дамытудағы ақын-жыраулар қызметі, тарихи шындықтың осы жырларда сөулелену дәрежесі, көрші халықтардың эпостық дәстүрінің тәсілі, жанрлық ерекшелігі, варианттылық пен формулалықтың орны, циклдену жолдары секілді сан тарау проблеманы қатар қамту қандай зерттеушіге де күрделі міндет жүктейді.

«Қырымның қырық батыры» туралы азды-көпті пікір айтуға батылдық етіп отырған біздің де қамтымақ өлшеулі иенберіміз бар. Жырлар желісінің оқиғалық даму эволюциясын мазмұндай отырып, солардың жанрлық сипатын, тарихи шындықты елестету өзгешелігін сөз ету қажет деп санаймыз. Сонымен қатар эпостың түрлі вариант-нұсқаларын салыстыра отырудың да қажеттігін сеземіз. Мәселен, Мұрын жырлаған «Қобыланды» мен Қазақстанда көптеген басқа ақын, жыраулары айтқан нұсқалардың ұқсастығымен қатар айырмашылығын да көрсету қажеттігі туады, «Карасай-Қазі» секілді тағы да бірталай жырдың кен тараған варианттарын, полистадиялық сипатын да атап көрсетіп отыру шарт деп санаймыз. Сөз болып отырған эпосқа қатысты негізгі проблемалардың құрамын белгілеуді маңызды уәзіпа көреміз. Осы және басқа тақырыптарды қозғаудың түпкі мақсаты «Қырымның қырық батырының» қазақтың эпостық дәстүріндегі орнын белгілеу — кейбір ортақ заңдылықтарды анықтауға септеспек...

**«Аңшыбай батыр».** «Қырымның қырық батыры» тізбегіне кіретін жырлардың бір тобы «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» деп аталады. Мұнда атадан балаға ұласқан ерлік, батырлық шежіресі сөз болады. Көлемі 1400 жол шамасындағы «Аңшыбай батыр» жырынан әңгіме басталып, оның үрім-бұтақтары деп есептелетін қаһармандар жайы баяндалады.

Көне ертегі, эпосқа тән белгілер «Аңшыбай батырдан» молынан табылады. Жыршы Аңшыбайдың ата-тегін таратып айтып жатпай, оның үш жасында шешесі, төрт жасында әкесі өліп, жетім қалғанын хабарлайды. Бұл реттен алғанда Аңшыбай мифологиядағы ағаш жаралған «Ілкі адамдарды» немесе саха (якут) аңызындағы Ер Соғоқты еске салады. Жыр қаһарманы «жынғылдан

жак, шиден оқ жасап» алып, шіл, үйрек атып күн көреді. Аңшылық адамзаттың өте ерте дәуірінде басталған кәсібі екені мәлім. Ендеше, Аңшыбайдың аты да, кәсібі де сол баяғы бұлдыр көне дәуірлерді аңғартып тұрғаны анық.

Аңшыбайдың жасы онға толады. Бір күні көлге келіп қонған аққуды атпақ болғанда аққуға «тіл бітіп» сөйлейді, Аңшыбайдың мән-жайын біліп алады. Сол кезде аққу ұшып кетіп, көлге екінші бір аққу келіп қонады да, қанатын сілкіп қызға айналады. Бірінші аққу мұсылман патшасының, екінші аққу көпір патшасының қызы екен, екеуі де Аңшыбайға тигісі келеді, бірақ кедей жігіт үйлесуге жағдайы жоқ екенін айтып, «аққу» қыздардан кеншілік сұрайды... Ақырында екі аққу бір төбенің үстіне тастаған түйіншек алтынды тауып алады. Аңшыбай базардан екі ақ үйдің жабдығын алдырып, жиырма қатынға ақысын беріп жалдап, өлігі үйлерді тіктіреді. Екі үйге екі аққу-қызды кіргізіп, елден асқан бай-батпа болып шыға келеді... Бұл арада жырдың ертегілік сипаты мейлінше айқын. Қаһарманды қас пен көздің арасында мұратына жеткізетін ертегілік киелі анық көрініп тұр. Жырдың көнелік қабағын аңғартатын нышанның бірі — аққу пішініне түсіп жүрген қыздар. Мұның өзі адамдардың магиялық күшке сенетін, сиқыр қуатына иланатын байырғы кезеңдегі наным-сенімінен де хабар береді. Бір қазақ емес, түркі-моңғол ертегі, эпосында қасиетті, киелі саналатын аққудың мына жырда келтірілуі жыр қаһарманының айрықшалық, тектілік туысын көрсету мақсатын да көздейтіні бешпілі. Сонымен қатар мұнда тотемдік ұғымдар да көрініс берген. Дүниедегі жан-жануарлардың бәрінің иесі бар деп түсінетін заманда ғана қаһарман басына ғайыптан жақсылық «қонбақ». Жыршы, айтушы Аңшыбайды әуел бастан осындай ғажайып тағдырлы жан етіп сипаттауды көздеген...

Аңшыбайдың мұндай кенет тағдыры күллі ноғайлы елін таңырқатыпты. Ел ішіндегі жауыз күштер Аңшыбайдың бақыты мен байлығын күнделі, оны өлтірмекке ниеттенеді. Бұл жағдайды өлгі екі «аққудың» бірі — мұсылман перінінің қызы сезіп қойып, арам ойлыларды қорқыта сөйлеп, рыйынан қайтарады. Енді Аңшыбай ноғайлардың жауда кеткен кегін әперуге бекінеді, ол халыққа: «көк сауытты киіндер, ат құйрығын түйіндер» деп жар салады, өзі көп жылқының ішінен Қара атты тандап мінеді... Бірақ аттанар сәт келгенде ноғайлылар айнып, жорыққа шықпай қалады да, Аңшыбай дұшпанға жалғыз кетеді.

Осы тұстан бастап ертегі қаһармандық эпосқа тән сипатқа ауысады, батырдың орасан ерлігін мадақ етеді. Бір жырдың ішінде неше түрлі дәуірдің нанымына сәйкес оқиғалар аралас орын тепкен. Басы ғажайып мифтік құбылыстардан басталған жырдың бірте-бірте құлашы жазылып, ел үшін күреске аттанатын сарынға көнеді. Ендігі жерде Аңшыбай ноғайлы елінің мүддесін қорғайтын қажымас ер бейнесінде көрінеді, ол далада кездескен жау Орақшының «кімсің» деген сұрағына өктем жауап береді («қайратымды сұрасаң, кара дауыл сел деді, тұқымымды сұрасаң, тоқсан баулы ноғайдан, қырық таңбалы Қырымнан шалқытып жатқан жер деді»). Аңшыбайдың сауытынан жаудың оғы өтпейді, ол жекпе-жекте Орақшыны өлтіреді («Орақшылай қалмақты төңкеріп тастап кетеді, қалмақтан өткен көк болат, бір төбеге жетеді, төбені жарып кетеді»). Оның астындағы аты да өзіне сай. Кара аттың шабысы былай суреттелген:

Тасыған судай ағалы,  
Тұяғы шакпақ шағалы,  
Ойға келсе ырғиды.  
Қырға келсе қарғиды.  
Жер тозанын суырған...

Дұшпанға «Менің атым Аңшыбай, жауларды өтем жаншыпай» деп қайтпас айбатпен шабатын батыр жазықсыздарға зәбір көрсетпейді. Оның он алты күн соғысып, қалмақ жауға ойран салуы да ел мүддесі үшін болып көрінеді... Ел іші жаңа саябыр бола берген кезде тағы да бір жаудың — ындыстың үрейлі хабары жетеді: («Ақбарат» деген ындыстың жаусыраған ханы бар, ноғайлыны шабам деп, жиналып жатқан жайы бар»). Қазақ жырларында негізгі эпостық жаулар қалмақтар мен қызылбастар болатын, кейде дұшпан күштер ретінде шүршіттер аталатын еді. Мұрын жырау жырларында осындай эпостық жаудың тағы бірі ұшырайды. Ол жау ындыс аталады. Әзірге түбірі айқындала қоймаған бұл жаудың да жыр кестесіне кездейсоқ кірмегені анық. Тарихтың алмағайып кезеңдерінде ізі қалмаған оқиға халық санасында да сақталуы мүмкін емес. Қалай болған күнде де бұдан алыс ғасырлар тасасында қалған істер мен оқиғалардың жанғырығын сезгендей боламыз. Кейде фольклор ресми тарихтарда қалмаған деректерден де өзіндік хабар бере алады дейтін тұжырымның растығы осы тұста да көрінгендей...

Он мың әскері бар делінетін ыңшысқа ноғайлыдан ешкім бетпей алмайды. Намысқа тырысқан Аңшыбай калың жауға жалғыз аттанады. Аңшыбайдың Кара аты үш айлық жерге тоғыз күнде жетеді. Ындыстын ханы Ақоралдың атқан оғы Аңшыбайға өтпейді, ноғайлы батыры жауға қырғын салады. Аңшыбай ыңдыстын қолбасшысы Карабалтаны да жеңеді, бұдан кейін сайысқа шыққан Аюбай да төгеп бере алмай, «достасайық» деп тілек айтады. Сонымен жыр аяғы Аңшыбайдың жауды мұқатып, ноғайлы елін мұратқа, бейбітшілікке жеткізуімен бітеді. Аса маңызды нәрсе — Аңшыбайдың тек алып қайрат иесі ғана емес, қиянатқа бармайтын, әділ де болып көрінуінде. Жырдан халықтың «ел намысын жырғарлық ерлер туса екен, жұртына тыныштық әперіп, еркіндікке, байлыққа жеткізсе екен» деген мәңгілік аңсары көрініс тапқан. Жалпы алғанда, «Аңшыбай батыр» классикалық қаһармандық эпостың үлгісімен жасалған, негізгі идеясы ел бүтіндігі мен бейбітшілігін сақтау болып табылатын халықтық тұрғыдағы жыр.

**«Парпария».** Жыр тізбегінің көрсетуінше, Аңшыбайдың баласы Баба түкті шашты Әзиз, одан туған Парпария болады. Ал Парпарияның әкесі Баба түкті шашты Әзиз өулие делінеді. Біздің енді сөз ететініміз — «Парпария» жыры. Бұл арада Парпария деген сөздің этимологиялық түбір мағынасын қарастырып жатпаймыз. Ол өз алдына жеке мәселе. Академик В.М. Жирмунский бұл атаудың түбірін ертеде Тұран жерінде өмір кешкен Парпия бірлестігіне байланыстыра қарағаны да белгілі...

Парпария он алты жасқа келгенде үйленеді. Күндердің күнінде бұл елге қалмақ шапқалы жатыр деген хабар келеді. Баба түкті шашты Әзиз баласына: «Аңшыбай атаңа бар, батасын ал» деп жібереді. Аңшыбай Парпарияға жақсы тілек айтады («тұлпар болсын мінгенің, сұңқар болсын ілгенің, сұлу болсын сүйгенің, асыл болсын кигенің, жауыңды жеңіп, ел алсан, қатын-балаға тимегің»). Парпария Шамахан қалмақ еліне аттанады. Астындағы атының екпіні де тау жыққандай сұрапыл делінеді («дариядай тасалы, кемер-кемер таулардан, бөгелместен асады, таутеке мен бұғылар, кездесе қалса жолыңда, кетерін қайда біле алмай, жануарлар сасалды»). Жауға беттеп келе жатып Парпария тұтқындалған бейбіт елді, соның ішінде өзінің әйелін кездестіреді, жауға деген кегі қайнайды. Парпария мен Шамаханның диалог сөздерінен бітіспес дұшпандық себебі мәлім болады. Ісі әділ Парпария соғыс салып Шамаханды өлтіреді, оның артынан төніп келген Шаштөбені де

мүрдем кетіреді, қалмақ әскерін тоз-тоз етеді. Бірақ ноғай батыры бейбіт халыққа тимейді. Бұл арадан эпостың біік демократиялық сарыны айқын сезіледі. «Қатын менен баланы, қорламады қорқытып, жазықсыз жанға санады» дейді жыршы. Парпария жауға пенде болған елді азат етеді, өз әйеліне қосылып мұратына жетеді.

**«Құттықия».** «Аңшыбай және оның ұрпақтары» цикліне қосылатын жырдың бірі — «Құттықия». Бұл жырдың нұсқасы толық сақталмаған, жазып алынғаны үзіндісі ғана. Сондықтан да жыр мәтініне қарап, қаһарманның кімнен тарап, кімге қарсы, не үшін күресіп жүргенін анықтау оңай емес. Жыр басында Сыпыра, Парпария аттары кездеседі. Құттықияның үш айлық жердегі қалмаққа, Ақтажыға аттанбақ екені мәлім болады. Ақтажы «Шора батыр» жырында ұшырайтын, зорлықшы би болатын. Жыршының айтуында адамдар, жерлер, ерлер аты мидай араласып кеткен. Ауызша тараған, көп жері ұмтылған жырда бұлай болмауы мүмкін де емес секілді. Анығы — Құттықияның алыстағы жауға бет түзеп бара жатқандығы, еретін жан табылмай, жалғыз кететіндігі. «Қалмақ Ақтажыны шап» дейтін Сыпыра мен Парпария болады. Тартыстың анық себептері көмескіленіп, сұлбесі ғана қалған. Мұнда да өзге жырларда кездесетін жауға жалғыз шабу, дұшпан батырымен алысу, жауды өлтіру, тозған елге есе өперу секілді ситуациялар қайталанатын...

**«Нұрадын».** Құттықиядан Едіге, Едігеден Нұрадын тарайды делінеді. Нұрадын да ерте есейіп, батырлық жолын қуады. Ол елінің ескі жегін еске алып, қалмақ пен ыңдыс жауды шапсам деп ниеттенеді. Әкесі Едіге ыңдыстын жері әрі алыс, әрі күшті жау екенін айтып, баласын бетінен қайтармақ болғанмен, Нұрадын бұған көнетін сынай танытпайды. Ақырында Едіге рұқсат береді, «Телшұбар атты мін», — дейді. Нұрадынның анасы да алыс жорыққа жүргелі тұрған баласының халін көріп, қауіп ойлайды. Жауға «үш айлық жерді мекендеп тұрған ыңдыс елі еді, есепсіз көп ел еді» деген ғана мінездеме бар. Нұрадын «ноғай келіп қалар ма екен» деп жол торып жүрген шолғыншы жаудың елуін ө дегенше еңсеріп тастайды. Бұдан кейін жаудың саны екі мың болады. Қалмақ батыры Тарқаспен жекпе-жекте басым түседі. Батырлардың өзара диалогына көп орын берілген. Нұрадын екі мың жауды да қойдай қуады, ыңдыс қалмақты бағындырып, оларды «мұсылман» етеді. Бұл арада жыр кестесіне діни идеологияның әсері тигені анық сезіледі.

Еліне қайтып оралған соң Нұрадын таққа отырады. Бұл кезде Едігенің қайда екені елеусіз қалдырылады. Нұрадынның ендігі жауласатыны қызылбас болады. Қызылбастың жері, мекені ыңдысқа қарағанда анығырақ. Бірақ соғысқа аттану себебі көмескі. «Ежелгі жау» дейтін атағы ғана жыр мен жыршыға жеткілікті, оларға қарсы қандай аттанысты да эпос заңдылығы ақтай береді. Бұл тек қазақ эпосына ғана емес, жалпы қаһармандық жыр атаулының көбіне тән қасиет... Нұрадынның шаппак жауы Ерсарының елі, ханы Шаппасхан екен. Сөз жоқ, бұл айтылып отырған ел мен адам аты түркіменді меңзейді. Түркіменде Ерсары деген белгілі, күшті ру бар екені, көрші отырған ол елмен қазақ арасында атыс-шабыс болып тұруы табиғи. Осындай арақидік түскен нақтылы фактілерге қарап, әрине, мұны түркімен мен қазақ арасындағы соғыстың жаңғырығы дей алмаймыз. Жырлы айтушы қызылбас жаудың жөні осы деп, өзі білетін Ерсарыны атай салуды да әбден ықтимал. Бірақ мәселенің мәні мұнда да емес. Нұрадын қызылбасты жеңіп, еліп мұсылманға айналдырды делінеді. Ал тарихи шындыққа келгенде қызылбас деп аталған елдің өзі де бұрыннан мұсылман екені белгілі. Бұл арада қарсы келген жаудың бәрі діні бөлек, «кәпірге» айналатын эпостық заңдылықты ескермеуге болмайды. Айтушыға, жыршыға керекті ноғайлы елінің мүддесін қорғайтып, қорықпайтып, қажымайтын ерлерді мадақ ету, қиял аралас болса да, солардың сом бейнесін жасау... Мұнымен қатар жырда мұсылманның суннит, шиит секталарының арасындағы көп соғыстардың жалпы сарыны да сезілмей қалмайды. Жырда ел қорғау идеясымен қатар жауласқан елді «мұсылмандыққа өткізу» мақсаты да желі тартады. Қызылбастардың ханы Шаббазға «мұсылман діні көп жақсы, оған қатты көнеміз» деген сөздерді айтқызу да бұл пікірімізді дәлелдей түседі. Жалпы алғанда, «Нұрадында» қаһармандық эпостың белгілері басым, оқиғалық өрісі, тілдік, бейнелік өрнегі өзге батырлық жырларымен ұқсастық танытатын жыр деп қарауға болады. Мұнда да формалықтың рөлі аса мол.

**«Мұса».** Нұрадынның баласы Мұса он бес жасында атқа мінеді, таққа отырады, хан болады. Ол 40 мың әскермен Қозан ханның қаласын шаппак. Қозанның Қосым деген баласы шаһар салған екен, сол шаһарды Мұса иемденбек, олжа қылмақ. Мұны білген қалмақтар 500 әскер барлаушы шығарады. Мұсаның жіберген жансызы Қосымның шаһарына жасырын барып, шолып қайта-

ды, қаланың бекінісі мықты, қаруы сай екенін айта келеді. Ноғайлар мен Қосым қолы бір-біріне бетпе-бет ұшырайды. Батырлардың диалогынан бұл елдердің арасындағы ескі кектің үшқыны сезіледі. Қосым Мұсаға: «ноғайлының елінде, ежелден жатқан кегім бар, айтайын деген кебім бар» деп өктейді. Үш күнге созылған соғыста ноғайлар жағы жеңеді. Сөз болып отырған жырда жау еліне деген қаталдық кешірімді нәрсе секілденіп көрсетіледі («шулатып ала жөнелді, қатыны менен баласын...»).

Бұдан кейін қалмақтар қаланың бекінісін нығайтады («он екі қатар ор қазған, он екі қатар орына, он екі бірдей тор салған, он екі қатар жөбесі, кіл болаттан қағылған»). Жау батырының сөзі де нағыз ашынды кекшілдікті көрсетеді («бұзамын деп ойладым, ноғайлының қаласын, жесірлікке айдармын, қатын менен баласын...») Бұл соғыстан кейін ноғайлар үш ай, тоқсан күндік жолы бар тағы бір жауға тиісіп, Балқан суының бойында оларды да қақырата жеңген болады. Жалғыз дәлелі – ежелгі жауды жеңу. Кейде мұндай аттаныстардың себебі ашылмағандықтап, соғысқұмарлық, ел талап дөніккендік секілді де әсер етуі мүмкін. Бірақ кеп мағынасында алғанда мұндай әрекеттер жеке адамдардың емес, тұтас ноғайлы елінің қамы үшін жасалған болып табылады. Мұндай жорықтардан Мұса жасы алпысқа келгенде ғана тежеліп, ендігі билікті балаларына берді делінеді.

Бұл арада атап өтерлік бір мәселе бар. Кейде эпос өзінің даму жолында тиісті сүргілерден, халықтың бағалауынан толық өтіп болмай, әуел бастағы кейбір сарындар төңірегінен ұзай алмайтын болады. Мұндай жырлар өзінің шығу мерзімі жағынан неғұрлым кейінірек туған жырлар десе болады. «Мұса» жыры туралы да осыны айту керек. Бұлардың варианты аз болатыны да эпикалық органың талғамына тең түспеуіне байланысты. Жырдың варианттылығының мол болуы оның данқтылығының да, көтерілген мәселелердің халық көңілінен терең орын алғандығының да күрделі белгісі. «Мұса» секілді жырлар бір кезде тарихи аңыздардың ізімен туып, кейіннен көп өзгеріске түспей, дамымай, көркемдігі ұшталмай, алғашқы деңгейінде сақталған жырлар тобына қосылады. Жырдың бізге жеткен нұсқасы оның ұмыт болуға бет алған әлсіз нұсқасы деп қарауға да болады.

**«Орақ-Мамай».** Орақ пен Мамай – Мұсаның бәйбішесінен туған ұлдары. «Аңшыбай тұқымынан адам ұстап әкеліндер» деп қалмақ ханы Қожанның жұмсаған үш жүз әскері ұйықтап жат-

қан жерлерінен Орақ пен Мамайды қолға түсіреді. Қалмақтардың «кімсіңдер» деген сұрағына Мамай өр жауап береді, Аңшыбайдан бастап құт қонған ата-тегін айтып шығады, Баба түкті шашты Әзизді де, Парпария сұлтан мен Құттықияны да, Нұрадынды да («халық билеген Нұрадын, Нұрадып таққа мінген соң, ноғайлының берген мұрадын»), әкесі Мұсаны да дәріптейді, бірге туған бауыры Орақты «қасымдағы Орағым, өзімнің егіз қарағым» деп таныстырады... Жау Орақ пен Мамайды зынданға салдырады. Бұлардың хабарын естіп Қожанның қызы Қарахан іздеп келеді, жас батырларға киім, тамақ бергіздіреді. Қалмақ ханы Мамайларды мұқатпақ болып, оны Берен шайырмен айтыстырады. Мамай мұнда да өктем сөйлейді («он екі қатар қазған ор, ат қарғытсам өтермін, он екі қатар жебені, атсам талқан етермін...»). Елде қалған Мұса «Орақ пен Мамайды іздеп табындар» деп 40 батырға тапсырады, жаудан құтылған жас ерлер олармен даллада кездеседі. Іздеп шыққандар ішінде Жанбыршы ұлы Телағыс та болады. Барлығы қосылып қалмақты шабады, Қожан ханды өлтіреді. Сол кезде Орақ сегіз-ақ жаста делінеді. Ақырында жауын жеңіп, ноғайлылар еліне қайтады. Жырдың қаһармандық сипаты апық және ноғайлылар ісі әділ екені көрсетілген. Мұнда эпикалық өсіреу нышаны мол.

«**Карасай-Қазы**». Бұл циклдегі жырлардың неғұрлым тұтас, көркем шыққандарының бірі — «Карасай-Қазы». Карасай да, Қазы да Орақтың «бір көзі, бір қолы, бір аяғы жоқ» әйелінен туады. Мамайдың әйелі Қарахан сұлу қалмақ ханы Қожанның қызы екен. Бәйбішесі Ақтерме Ораққа қастық ойлап, бір күні Орақтың есігінің алдына алмас қойдырып, «жау келді» деп біреулерге айқайлаттырады. Осыған сеніп қалған Орақ үйінен жүгіріп шыққанда алмасқа түсіп өледі. Ағайынды Карасай мен Қазы, қыз Қибат жетім қалады. Осы кезде Әділхан деген ноғай ханы жауға аттанбақ болып, жол-жөнекей Мұса ханның үйіне соғады, ойнап жүрген екі баланы көреді. Орақтың сыбаға табағы болады екен, сол табакты Әділхан Карасайға ұсынғанда баланың тамағынан ет өтпейді. Бала жылап, үйіне қайтады. Мұның мәнісін шешесі сұрап біліп, баланың жүйрік аты жоқтыққа намыстанғанын түсінеді. Қараулек (Карасай-Қазидың анасы) баласына жылқыдан «қабан құлақ қара атты ұстап мін, сексендегі шал Көкшеге бар», дейді. Жырдың дәл осыдан кейінгі тұсы жазылып алынбаған, соған қарамастан, оқиға желісі тым үзіліп қалмайды. Шын-

дығында, қабан құлақ қара ат Көкше шалдыкі болады, ол Карасайға «қарындасын Қибатты маған берсең ғана Қара атты беремін» деп шарт қойыпты. Карасай ол шартқа көңілді. Қибаттың сұлулығы шебер бейнеленген («бұлдыраған сағымдай, аққан бір сулай сылдырап, жібектей бойы ілбіреп, қоңыраудай даусы сыңғырлап, нәзік белі бүгіліп»). Қибат өзін бір жүйрікке айырбастанғанын біліп, Карасай ағасына өкпелейді, мұны естіген Карасай қара атты тастап, жаяу жүре береді. Қибат ағасының сағын сындырғысы келмей, «мен сендерден садаға» деп кешірім сұрайды. Бұл жағдайды көрген Көкше де Қибатты алмақ райынан қайтып, оған «өкіл ата» болады.

Қалмақтармен соғыста Әділхан қолға түсіп қалады. Оны құтқарса, тек Карасай мен Қазы құтқарады деп Әділханның қарындасы Ханзия бұларды іздеп табады. Ақырында Карасайлар тұтқындағы Әділханды босатады, өздері жоқта елін шапқан тағы бір жауды жеңеді. Жырдың толық жазылмай қалған жерлері сезіледі-ақ, ол тұстарды қарасөзбен дәнекерлеп жіберуге болады...

«Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» деген желілі, шежірелік, генеалогиялық циклдің ұзын-ырғасын шолып, мазмұндай келгенде бірнеше мәселеге көңіл аударуымыз қажет. Ең алдымен бұл циклдегі жырдың бәрі жанрлық ерекшелігі жағынан қаһармандық эпос жүйесіне жататынын көреміз. Қаһармандардың ғажайып туысы, жедел ержетуі, жүйрік ат тандап мінуі, елінің жауда кеткен кегін қуып, бір өздері қалың дұшпанға тайсалмай қарсы шабуы, ақырында жауларын жеңіп, елін, халқын бейбіт өмірге жеткізуі, езілген жұртының еңсесін көтеруі — бәрі де батырлар жырына тән сипат.

Сонымен бірге аталған жырларда, белгілі дәрежеде, тарихи оқиғалар мен істердің көмескі жанғырығы да аңғарылғандай болады. Мұндағы Едіге, Нұрадын, Мұса, Орақ-Мамай, Карасай-Қазы тарихта жасаған, ноғай ордасының білікті, белгілі адамдары. Ноғай ордасы кезінде бұлардың түрлі саяси оқиғаларға қатысканы, ұлыстың тағдырын қолында ұстап тұрғаны да рас. Бірақ бұл тарихи қайраткерлердің аттары ұқсас болғанымен, жырдағы оқиғалар олардың бірде-бір ісінің нақтылы көшірмесі емес, мұның бәрі кейіннен айтушы ақын, жыршы қиялында қорытылған, батырлық жыр қалыбына түсірілген көркемдік жинақтаулар. Тек «Едіге батыр», «Орай-Мамай» жырларында ғана тарихи істердің кейбір мезеттері там-тұмдап елес береді.

Сөз болып отырған жырлар бір заманның емес, әр дәуірдің наным-сенімін, дүниетанымын, арман-мұратын бойына сіңірген көпқабатты, полистадиялы туындылар екеніне де мысал көп. Осы белгісінің өзі-ақ бұл жырларды тарихи оқиғалардың жалаң көшірмесі дегізбейді.

Ақырында ілгеріде аталып өткен жырлардың құрылысында формулалықтың қызметі орасаң үлкен екенін көреміз. Мұнда тұтас-тұтас суреттер қайталанып, шығарма құрылысын «бекітіп» отырады.

**Қарадөң батырдың ұрпақтары.** Мұрын жыраудан жазып алынған жыр кестесінің бір тобы «Қарадөң батырдың ұрпақтары» деген атпен мәлім. Осы циклдегі бірнеше шығарма алғаш рет 1964 жылы «Батырлар жинағы» томында жарияланды. Олар: «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Беріс», «Тегіс, Көгіс», «Тама». Бұлардың табиғи жалғасы болып есептелетін «Нәрік» пен «Шора» қолжазбалар мұрағатында сақталып келді\*. Біз енді осы жырлардың оқиғалық өріліміне, жанрлық ерекшелігіне, көркемдік бедеріне тоқталамыз.

**«Қарадөң».** Бір жаста өкеден, екі жасында шешіден жетім қалған Қарадөң ноғайлының көп балаларынан таяқ жеп, жабығып жүріп, «басында сәлдесі, үстінде мәллесі, қолында асасы бар» бір кісінің кеңесімен тоғыз үйдің ішіндегі үлкен үйге барады. Үй иесі «тоқсан баулы ноғайлының» ханы екен. Ол Қарадөңге қамқорлық көрсетеді, бала он бес жасқа келгенде оған тәжі мен тағын бермекке ниеттенеді. Мұны естіген бала «қанғырып жүрген жетімге таққа міну қиын-ды», — деп жауап береді. Хан тілегін қайталап айтып, өзім жәрдемдесем деген соң ғана Қарадөң ризалық білдіреді. Жырда Қарадөңнің қайдан шыққаны, тегі, туысы жөнінде мағлұмат жоқ. Жыршыға ондай деректер керек те болмаған. Әйтеуір, Қарадөңнің ноғайлы жұртынан болғанын өзі оған деген сенімді арттырады. Көп ұзамай Қарадөң жалғыз аттанып, қалмақтың Қараменді деген ханын жеңеді. Бұл ерлікке риза болған ноғайлы ханы «Қарадөң пірі бар болса, жыламас ноғайлы баласы» деп көңілі жайлана түседі. Осы кезде кейбіреулер «хандықты жетім бала алып кететін болды, жол сенікі еді деп, ханның баласы Бердіханды азғырады. Бердіханның шығымына әкесі дәлел айтып («Жас он беске келгенше, қатарымда жүрмедің»), өзінің оған көңілі толмайтынын білдіреді. Қарадөңді қалаған себебін жасырмайды.

\* «Қырымның қырық батыры» толық түрінде «Қазақтың халық өлеңі» деген басылымның V, VI томдарында жарық көрді.

Қарадөңді қарасам,  
Хас патшайдай қамданған,  
Лашын күстай қамданған,  
Дұшпанды көрсей сайланған,  
Қару-жарак байланған,  
Қиын-қыстау кездерде  
Ноғайлы елін бағады,  
Халыққа солай жағады,  
Керетін елдің табады.  
Ерегіскен дұшпанды,  
Айдап жолға салады.  
Өзімнің балам болсам да,  
Қоймаймын сені хандыққа...

Бұл арада дала өмірінің, көшпенді тіршіліктің ерекшелігінен туатын бір өзгеше салт көрініс береді. Қолында тұрақты әскері, қылмыстыларды салып қоятын зындан, түрмесі жоқ дала билеушісі өзіне лайықты мұрагер қалдыруды аса маңызды іс санаған. Жаксы өкенің жиған-тергенін жаман бала жоқ қылып жіберуі, мұра боп қалған биліктен айырылып қалуы оңай еді. Сондықтан ру-руға бөлінген көшпелі елдің үкімдары қартайғанда тағы мен тәжін әйтеуір балама қалдырамын деп тырыспаған, елдің ішіндегі ең ержүрек, парасатты ағайынның біріне киюды орынды көрген, жасық баласынан жарамды жамағайынды артық бағалаған. Бұлай ету өмірдің қатал заңдылығы болатын. Міне, біз мысалға келтіріп отырған үзінді мысалда дала өмірінің осындай бір өзгеше «демократиясы» аңғарылып тұр...

Қарадөң қалмақтың тағы бір ханы Қаразмды жеңіп, оның қызы Сұлқашима сұлуға үйленеді. Жаудан түскен олжаны халыққа бөліп береді. Сонымен, «Қарадөңнің» бас идеясы ноғайлы елінің тәуелсіздігі мен бүгіндігі үшін күрес. Бұл ноғайлы ордасы дәуірінің аса үлкен мұқтажын мөлдіретіп баян ететін шындық. Елдің мүддесі жанқияр табанды ерлерді керек еткен, бұрынғы билеушілердің халықты бірлестіруге қабілеті жетпеген мезет өте айқын елестейді. Қарадөң сынды батырдың жауға жеке шабуы да хандық ішіндегі ыдыранқылық, әлсіздіктен хабар бере алады. Жалпы, ноғайлы ұлысының ыдырауына, күйреуіне қалмақтар шабуылының зор зардабы болғаны тарихтан белгілі ғой. «Қарадөң» осы ақиқатты эпос заңдылығына орай күәлендіреді. Ноғайлының жауын мұқатқан, ел басқаратын жалғыз жетім Қарадөң болуы көңіл аударарлық. «Қой асығы деменіз, қолайлы келсе, сақа ғой, жасы кіші деменіз, ақылы асса, аға ғой» деген халық даналығы

эпостан да осылайша шешімін тапқан. «Қарадөң» өзінің таза қаһармандық жырға тән көркем бітімімен де, халықтық бағдарының айқындығымен де оқушыны отаншылдыққа, әділдікке, адамшылыққа тәрбиелейтін жырлардың бірі.

**«Жұбаныш».** Қарадөңнің қартайған шағында көрген ұлы Жұбаныш та батыр болып, ежелгі жау ындыстың ханы Қылышты шабалды, жауын жайпап, еліне абыроймен қайтады. Бұл эпизод та эпостық дәстүрге сәйкес жүйелі баяндалған (жас батырдың ат тандап мінуі, жауға қарсы баруға әкеден рұқсат сұрауы, елмен қоштасуы, жау батырымен диалогы, соғыс суреттері, жеңіс салтанаты т.б.). Жұбаныштың қорғайтын елі Еділ судың бойындағы ноғайлы делінеді. Енді бірде ноғайлы жұрты Үшқиянның бойында екені хабарланады. Ноғайлы елінің ыдырап, әбден берекесі кеткен тұсының елесі айқын-ақ. Бұл жауға аттанар кезде Жұбанышқа ешкімнің ермей қалуынан да байқалады. Жұбаныш Ындыс жауға аттанарда Қарадөң оған «саяқ жүр» деп кеңес береді, бірақ жолын қақпайды. Қарадөң елдің бет-бетімен жүргенін: «жалғыз жүрген ерлер көп, ноғайлының ішінде, ол ерлерде айла көп», — деп мінездейді. Жұбаныш әрекетінің бір ерекшелігі — оның жау елінің жай-жапсарын жансыз болып жүріп біліп алатындығы.

Жырда соғыс тіленуші жалғыз ноғайлы болып көрінбейді, өз тарапынан ындыс қалмақтар да ел тыныштығын бұза береді. Ындыстың мекені Қаратау делінеді («көлденен жатқан Қаратау, аттанған шығар ындыс жау...»). Жырдағы ноғайлылар жеңісі эпостық әсірлесу екені анық. Эпос елдің өткендегі ерлік рухын қайта тірілтуді көздейді. Жыр болғанды емес, болуға тиістіні сөйлейді дейтін қағида осы тұстан да байқалады. «Қарадөң» ескілді «Жұбаныштың да» тілі көркем. Мәселен, Жұбаныш мінген аттың шабысы: «жазылып белі бүгілді, жер бауыры сөгілді, омыраудан тер төгілді, шортандай белі бүгілді» деп суреттелген.

**«Сүйініш».** Бұл да ыдыраған, қайта оналмастай ойсыраған ноғайлы елінің арманды жыры, «акку әні». Орны толмас өкініш сарыны жырдың өн бойынан сезіледі. Ноғайлының елін қорғайтын ер қалмағаны соншалық — Жұбаныштың он жасар ұлы Сүйініш асық ойының тастап, сұрапыл соғысқа баруға мәжбүр болады. Жас баланың ересен ерлігін көрсету эпостың әсірелеуге негізделген табиғатына сыйымды. Ноғайлының Нұр деген шалы мен Сүйініштің диалогынан талай сыр аңғарылады. Шал ноғайлы батырларының өткендегі ерліктерін айтып, баланы қайрайды.

Он жасында әкен ел алған,  
Ындыс пенен қалмақтан  
Жалғыз барып кек алған...

Ноғайлының ендігі халін де Нұр нақты сипаттайды.

Ноғайлы деген ел еді,  
Ішінде оның ханы жоқ,  
Артық туған ері жоқ,  
Шаруа баққан ел еді...

Жырдағы қызықты бейненің бірі — Нұр. Ол ақылгөй шежіре бейнесінде ертедегіні еске түсіріп отырады, халықтың болашағын болжайды. Сүйініш «жасым онға жана жетті» дегенде Нұр шал:

Бұрынғы өткен заманда,  
Ілгері қатар генімнен  
Ноғайлының елінен  
Ақжонасұлы ер Кеңес,  
Жасы алтыға келгенде  
Қара деген қалмақтың  
Женіп алған қаласын  
Мұны балам, біл, — делі...

Анасының «жасын он беске келгенше жауға шаппа», — деген тілегіне Сүйініш Нұрдан естіген әңгімесін дәлел етіп қарсы қояды.

Неше түрлі ерлер де  
Жеті менен сегізде,  
Қызылбас пен қалмақтан,  
Ындыс деген елдерден  
Жауын жеңіп, кек алған.  
Мендей ноғайлы жоқ па екен?..

Сүйінішпен бірге жүруге ешкім ермей, ол жалғыз кетеді («ноғайлының бірі жүрмеді, ақылсыз туған сорлы деп, бір адам оған ермеді»). Бірақ жалғыз да болса Сүйініш көпке татиды, қалмақтың Сұлтан ханы бастаған қолын жеңеді. Еліне абыроймен оралған Сүйініш Бибі сұлуды алады, ұлды болады. Дегенмен тыныштық ұзаққа созылмайды, жау дүбірі естіліп қалады («бір күні хабар алады, аттанып қалмақ келед деп»). Бұл сапарда Сүйінішке Нұрлыхан ереді, ол да ат тандап мінеді. Бір атап өтерлігі — Нұрлыхан кедей көпшіліктің өкілі ретінде көрінеді («ат-жарағым кем

деді, жарлылау едім мен деді»). Осындай жекелеген жолдардан ноғайлы памысын жырлатын бұқарадан шыққан жанлар екені айқындалады.

«Ауыспалы» формулалық жолдар, тіркестер, бейнелер, композициялық қайталама тәсілдер жырда мольнап ұшырайды. Бұлар әсіресе атшабыс, батырлардың диалогы, соғыс мезеттері кезінде көбірек кездеседі («ұрысып еді сәскеде, күннің көзі батқанша, ұрыса берді карамай, ағарып тап атқанша»).

«**Ер Бегіс**». Сүйініштің жұрт болып атын қойысқан жалғыз ұлы Бегіс жиырмаға келгенде бір ақсақал «ата-бабасы шынжыры үзілмей келе жатқан ер еді, мұнда ол жоқ, осының шынжыры үзіліп кетеді-ау» деп наразылық сөз айтты. Мұны естіген Бегіс әкесінен қалмаққа аттануға рұқсат сұрайды, ата-бабаларының ерлік дәстүрін еске салады. Бегіс жолға камданып жатқанда қалмақ келіп қалады. Сүйініш пен Бегіс қарақөкті ерттеп, атқа қонып, көп ерлік көрсетеді, жауды жапырады. Соғыста Сүйініш қолынан қалмақ Тірсек хан өледі... Бірнеше жылдан кейін бір досымен ноғайлының жауын жаулауға аттанатын болады. Ендігі жауы — Тірсек ханның баласы Тобылғы хан. Тобылғы әскеріне топалап тигендей етіп жүргенде Бегістің жолдасы мерт болады, ол Бегіске үй ішін, туашақ баласын тапсырады. Жауды түгел жеңіп, Бегіс айлар жүріп, еліне оралды, «егескен жерде ел қалған, қыраннан тартып жем алған» батырдың ісі онына келе береді...

«**Тегіс, Көгіс**». Көгіс — Бегістің, Тегіс — қандыкөйлек досының ұлдары. Әкелері сияқты бұлар да дос болады. Күндердің күнінде Тегіс өзінің жетімдігіне налып, мұның себебін шешесінен сұрайды. Анасы баланың ер әкесі жөніндегі ақиқатты айтады. Тегістің үйсіз, көңілсіз жүргенін Көгіс байқап, мән-жайды сұрағанда ол тіс жармайды. Бұл не хикмет екенін Көгіс әкесі Бегістен сұрап біледі. Енді екі бала, жастары он бірде, қалмаққа кек қайтаруға аттанады. Тегіс жылқыдан ташдап, алаяқ торыны мінеді. Аттың шабысы, жауласқан батырлардың бір-біріне айбат сөздері, соғыс суреті («Көгіс мінген көк тұлпар, аспанға қарғып ойнайды, ұстаған қолға көк найза, қалмаққа салса, бойлайды. Бір қолында ақ семсер, сермесе, кеспей қоймайды») эпосқа тән асқақ әсірелеу стилінде беріледі. Алдыз хан әскерімен жеңіліс табады. Қос батыр абыроймен елге оралады.

«**Тама**». Аталарынан үзілмей келе жатқан ерлікті Көгістің ұлы Тама да қайталайды. Алты атаға созылған батырлық дәстүр,

шамамен, екі жүз жылдан артық уақытты қамтиды деуге болады. Бұл Ноғай Ордасының (1380—1500) жасаған дәуіріне орайлас келетін мерзім. Мұндай салыстыру, әрине, шындыққа дәл апара бермейді. Тарих пен эпостың арасында тікелей хронологиялық байланыс болмайтыны белгілі. Қалай болған күнде де «Қарадөн батырдың ұрпақтарында» ноғайлы дәуірі шындығының рухы сезілетінін мойындамасқа болмайды... Тама батыр қалмақпен соғыста ерлік көрсетеді. Ол жедел жетіледі («асық ойнап ұмтылса, төбелсіп тартып алады»), тандып ат мінеді («байлаулы тұрған тұлпарды, ерттеп мініп алады»). Жас баланың жау тілсіз етінін анасы ерсі көрмейді, мұны ата дәстүрін жалғайды деп түсінеді («тыңда менің кебімді, жауға берме кегінді»). Тама қалың жауды көрсе де саспай, өр сөйлейді («Сұрасан байтақ елімді, тыңда менің кебімді, мен ноғайлы деген ел елім, елден шыққан ер едім, әлі білмей жүрмісің, қалмақ, байғұс шаманды»).

«**Нәрік**». Қарадөн ұрпақтарына жалғасатын жырдың бірі — «Нәрік». Бұл кезге дейін жұртшылық Нәріктің ұлы Шора туралы дастанның бірнеше вариантын білетін еді. Енді міне Нәріктің өзі туралы жырды Мұрын репертуарынан тауып отырмыз. Көңілдік үшін тосын жырдың мазмұндық желісін келтірейік... Қазан шаһарының ханы сексен жастағы Нәрік бес қатын алса да, перзент көрмепті. «Тағы бір әйел алайып» деп 40 биімен ақылдасалды. Бұл ойына сол билердің үлкені Әлібиден басқасы мақұл деседі. Дегенмен Әліби ханның қаһарынан сескеніп, жиырма қыз әкеліп көрсетеді. Сол топ қыздың ішіндегі жыртық киімді біреуіне Нәріктің көзі түсіп, оған бір уыс алтын бергізеді. Билер ханның көңілі сол қызға ауған екен деп түйеді. Осы кезде Нәрікке бір қойшы келіп сәлем беріп, «қыз тандасан Асылнұр деген ноғайдың қызы Мендіні ал» деп кеңес береді. Нәрікке тикөге келісетін Мендінің өзі болады. Менді Нәрікке: «екі қыз малын тең берсең, тиермін саған мен деді, төссің таза салармын, көрпенді таза жабармын, өлгеніңше сұлтаным, сүйегің таза бағармын, өлгенінді көрермін, қолымнан қазып көмермін», — деп жауап айтады. Нәрік Мендінің сөзіне тойып, әке-шешесімен бірге еліне көшіріп әкеледі. Мендінің қарт әкесіне жас қыз әпергізеді. 40 би Нәрікке қастық ойлап, оны қалмақ шаһарына жіберіп, көзін жоймақ болады. Нәрік қара тұлпарын ерттеп, далаға шыққан кезде артынан Менді де шығып, ерине: «кетсең қайтып оралмайсың, мұндағы жауларың мені көздеп жүр», — дейді. Нәрік жолға жүрмейді,

«бәле сенен» деп Әлібидің басын алдырады. Телшора құлға бұйрық етіп, сегіз канат үйді қара нарға арттырады, бес қатынды қалдырып, Мендіні ғана алып кетеді. Нәрік кетіп бара жатып, бұрыннан өш, жеті рет соғысып ала алмаған қалмақ Өгізхан елінің тұсына тап болады. Мендінің ақылын алып, Нәрік өзінің кім екенін жасырып, ноғайдан қашып келеміз деп, біраз күн аялдауға бір тоғайды сұрайды. Өгізханның малшылары келіп, қаусаған шал мен теңдесі жок сұлуды көреді, осы хабарды хандарына айтып барады. Ханның ойы бұзылып, Мендіні иемдену үшін Нәрікке әскер береді, тоғыз айлық жердегі жауына жұмсайды.

Нәрік аттанып кетісімен Өгізхан Мендіге көңіл білдіреді. Менді Өгізханға Нәріктің батыр ата-бабалары туралы әңгіме айтып, уақытты ұзартады, ханға пейіл бермейді. Мендінің ақылдылығы мен тапқырлығы аңыздағы Жиреніс шешеннің әйелі Қарашашты еске салады. Сапарға шыққан Нәрік орта жолдан оралып, үйіне қайтып келеді, азғырушы Өгізханды өлтіреді. Енді бұл арада тұруға болмайтынын біліп, Мендіні, Телшора құлын ертіп кетеді. Жолда Менді толғатып, ұл табады, атын Шора қояды. Шораның туысын аңыз ерекшелеп айтады. Менді бәті-қолын жуайын десе, су табылмапты, сонда Шора жер тебініп жылағанда екі өкшесі тиген жерден екі бұлақ ағыпты дейді. Осыдан кейінгі бұрынғы Шөлтау деген жер «Өгіз бұлақ» атанған екен дейді жыр аңызы. Менді толғатқан кезде Нәрік далаға кетіп қалады. Бұл көне ырым, ресім белгісі.

Шора жедел есейеді. Құлыншақ батырдың астындағы атын сауғаға сұрайды, бірақ Құлыншақ жас балаға Кертұлпардан тұған Торқұлынды сыйлайды. Бұл арада да ежелгі қаһармандық эпостың бір шарты – болашақ батырдың мінетін атын тандау мәрсімі сөз болғанын көреміз. Осы кезде Қазанды көпір алды деген хабар келеді. Телшора Шораны: «Қазанды көпір алғаны, айдап жолға салғаны, атаға тартып көнскей, Шора құрғыр туғанын, біз секілді құлдардың, қасына келіп тұрғанын», — деп қайрайды. Сонымен, Шора Қазанға жөнеледі.

Бір кезде зерттеушілер «Қазанды көпір алды, сол үшін Шора кектеніп аттанды» деген сөздерден ерекше секем алғаны белгілі. Шындығына келгенде, мұндай шошынудың көп жөні жоқ еді. Біріншіден, Шора батырдың ноғайлар мүддесін ойлап, Қазанға аттануын ауыр күнәға балау ғылыми қорытынды емес. Ертедегі тарихта кіммен кім соғыспап еді, тіпті Шора патша әскеріне қар-

сы шыққанын өзінде осыдан жүздеген жылдар бұрын өмір кешкен қаһарманды қалай айыптауға болады? Екіншіден, «көпір» деген сөздің жалпы дүшпан атаулыға қолданылатын атау екенін ескермеуге болмайды. Ертедегі діни киссаларда мұсылманның екі сектасындағылар – сунниттер мен шииттер өзара соғысқанда бірін-бірі жау деп атаған. Қазақ эпосында қалмақты да, шүршітті де, қызылбасты да көпір дей береді. Ендеше, бұл сөзді тек орысқа ғана қатысты ұғыну біржақты болатынын түсінетін уақыт жетті. Қазан хандығының тағдыры шаһарды Иван Грозный әскері алардап көп бұрын тартысқа түскені белгілі. Бірте-бірте өлсіреген Қазан хандығындағы беделді топтардың өзі іштей талай қырысқа түскен. Так үшін талас пен Ресей мемлекетімен қарым-қатынас саясаты мәселесінде көп тартыстар жүрген. Міне, Шораның аттанысы сондай сансыз шапқыншылықтың кезінде болғанын анықтаудың өзі опай емес. Бірсыпыра жазба деректерде тарихта жасаған Шора орыс патшалығының дүшпаны емес, досы ретінде сипатталатынын да ұмытуға болмайды. Үшіншіден, тарихи қайраткер мен эпостың қиялдап шығарған Шорасының арасында жер мен көктей айырма бар екенін ұмытпалық. Жыр қаһарманының тарихтағы Шораға ешқандай нақтылы оқиғамен байланысы жоқ, халықтың «осындай батыр туса екен» деген арманының жемісі.

Шораның әкесі Нәріктің бас жаулары ноғайлы ішінде болатын. Ендеше, Шораның да көп дүшпанын сол ортадан іздеу орынды. Бұл айтқанымызға жырдың өзі-ақ жауап береді. Қазанға бармақ Шораны өлтіреміз деп оны орта жолда баяғы Өгізханның баласы Мендіхан ториды. Мендіхан жөн сұрағанда алты жасар Шора: «асылымды сұрасаң, асылым артық арғынмын, өз атымды сұрасаң, Нәрік ұлы Шорамын, барарымды сұрасаң, мен Қазанға барамын, мен Қазанға барған соң, қар жаумасын қан жаусын», — дейді. Алты жасар Шораға осындай ірі сөздерді айтқызу тек эпикалық өсіреуге ғана тән нәрсе. Мендіхан өлтіремін деп оқ атса, Шораға өтпейді. Шора Мендіханды өлтіріп, қалмақтарды қашырады. Шора Қазанға келсе, шаһардың ханы Әділшенін қызы Ханжан сұлуды алмақ болып қалмақ әскері қамап жатыр екен. Міне, Қазанды алғалы жатқан көпіріңіз. Ханжан сұлуды Шорадан қызғанып, Нәріктің баяғы 40 биі қастық ойлайды. Осылайша Қазаннан тағы да бір жаудың шеті көрінді. Қандай эпосты алып қарасақ та, көпқабатты, көпстадиялы болады дейтіндіктің сырын осы тұстан көруге болады...

Сопымен, «Нәрік» атты жырдың басы қаусаған шал Нәріктен таралып, ақыры алты жасар Шораға ұласады. Оқиғалық құрылысы жағынан алып қарағанда мұнда эпосқа емес, ертегіге тән сипат басым. Нәріктің жауы қалмақ, көпір деп аталып отырғанымен, екінші жауы ноғайлының өз ішінде. Негізгі сарын Нәріктің иемденген тағын қайтарып алу мәселесіне саяды.

**«Шора».** Бұл батырлық ертегі дәрежесіндегі жыр, Шораға байланысты аңыздың өзінше бір версиясы. Өйткені мұнда тосын шешімдер, эпос дәстүріне сыймайтын ситуациялар бар. Оқиғалық өрілімі төмендегіше: Ақташ хан 60 биіне Нәріктің жүйрік атын алып келіндер деп жібереді. Шора алпыс биді қолға түсіреді, оларды Нәрік сауға деп сұрап алып, босатып қоя береді. Ондағы ойы осы хабарды естіп, Шораның жойқын күшін сезіп, Ақташтың елі қашсын дегендік. Шора ақырында Ақташтың әскерін жойып, елін бездіріп жібереді. Қазанның ханы Әділшенің қызы Ханжанға үйленеді, ханның ұсынған тағынан бас тартады. Жыр осылайша Шораны қарапайым халық өкілі етіп сипаттауға бейім. Шора қалмақ жауларына Құлыншакпен бірге шабады, ылғи жеңіске жетеді. Осылайша, батырлық ертегіге тән шешімнен кейін де Шора өзге оқиғаларға араласа береді, қалмақтарға қайта-қайта шабуылдайды. Мұндай тұстарда батырдың әрекеті ел қорғау шеңберінен асып, жалаң шапқыншылыққа айналғандай да өсер қалдырады. Дұшпанға шабудың нақтылы себептері көріне бермейді. Мүмкін бұл арада жыр нұсқасы ұмытылған да болуы ғажап емес. Бір өзгеше жері Шораның қалай жоқ болғанын баяндайтын тұс. Шора Құлыншак досына аруағымды көрсетейін: «Күншығыстан саған бір айдаһар жылан келіп, сені жұтам дер, сонда қолыңды сермеме, қолыңды сермесен, мені қайтып көрмейсің», — дейді. Айтқанындай, бір кезде Құлыншактың қасына бір айдаһар келіп, жұтуға оқталады. Сонда Құлыншак беліндегі алмасты суырып алып, жыланды шабайын дегенде айдаһар жоқ болып кетеді. Құлыншак енді айналып артына қараса, жер ойылып, Шораны жер жұтып кетіпті. Сөйтсе, әлгі ысқырып келген жылан Шораның аруағы екен...

Кей тұсында батырлық эпос белгілері көрінетін жырдың ақырында қиял-ғажайыптық сипатқа көшкенін көреміз... Құлыншак бұл күтпеген қайғылы халді елге келіп хабарлағанда Ханжан мұны естіп, Шораның барлық қару-жарағын отқа салады. Жыршы Шораны өз аруағы болмаса ешкім өлтіре алмайды дегенді

анғартқысы келуі де мүмкін. Шора өлгенде жоқтау айтылмайды, ата-ана қайғымен өртенбейді. Ертектегідей қаһарманлы езде жоқ етіп, жыр аяқталады. Шораның қару-жарағын өртеу оның артында ұрпағы, ізбасары жоқтықты меңзегені ме, қалай болғанда да Мұрын жырау версиясының өзге нұсқалардан көп айырмашылығы бар. Ауыз әдебиетін тексерудің өзіндік шарттары мен тәсілдеріне сүйене отырып, «Шораның» жанрлық табиғатының «құрама» екенін анықтау қиын емес. Шораның иесі айдаһар деп түсіну де өте көне тотемдік ұғымдардың салдары. Батырдың шабысатын елдерінің бірде қалмақ, бірде ноғай, әйтеуір жалпы аты көпір бола беретін себебі де жырдың негізіне алынған оқиғаның түп төркіні мүлде ұмытылып, ертегілік, эпостық үлгі қалыбына түскендік белгісі. Соңдықтан да бұл ертегі-жырдан дәл тарихи оқиғалардың тізбегін іздеу фольклорлық жанр табиғатымен мүлде есептеспегендік болар еді. Ауыз әдебиеті шығармалары өмір шындығын танытудың өзгеше бір құралы болса, сол ерекшелікті түрлі қырларынан тексеріп қарау міндетіміз. «Шора» жырында архаикалық белгілер, көне дәуір дүниетанымы айрықша мол көрініс береді. Өмір шындығы халық санасына қайшылығымен түсетінін мойындамасак, «Шора» жыры да бұл заңдылықтан тыс тұра алмайды. Шораның мекен еткен жерлері бірде Үшкиян делінсе, бірде Қазан шаһары болады. Нәрік той жасағанда бөйгеге адам тіккені де айтылады. Бұл асқынған билеушілердің астам қылықтарын еске түсіреді. Осы айтылғанның бәрі жыр атаулыны, соның ішінде «Шораны да», басқаны да тек сөз өнері ретінде ғана емес, халықтың бір кездегі дүниетанымы, болып өткен істерге берген бағасы ретінде қарау қажет екенін ұқтырса керек.

## ЕДІГЕ ДЕГЕН ЕР ЕДІ...

### I

Ғасырлар бойында ел аузында айтылып келген аңыз, жырлардың бірі — «Едіге батыр». Ертеде бұл жырдың қазақтың кең даласында зор данққа бөленгендігі соншалық — «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді...» деп келетін жолдарды естімеген, жағқа айтпаған жан болмаған тәрізді. Қазақта аты әйгілі, халыққа танымал, сүйікті жырлар аз емес. Классикалық эпостың ең таң-

даулы үлгілері «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», ғашықтық жырлардың інжу-маржаны «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» секілді «Едіге батыр да» өзінің қайталап бас ерекшелігімен ел жадынан берік орын алған. Едіге туралы тарихи аңыз-өнгіме тек қазақ қана емес, Сібірді, Орта Азияны, Еділ бойын, Солтүстік Кавказды, Қырым кеңістігін жайлаған ісі түркі халықтарының көбіне мәлім болған. Жырды Түркия, Румыния өңіріне тараған нұсқалары да көңіл аударарлық...

Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, «Едіге батырдың» ел аузынан жазып алына бастағанына екі ғасырға жуық уақыт өткен (1). Эпостың қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ тіліндегі нұсқалары кейде толық, енді бірде үзінді түрінде жарияланып келе жатқанына да ғасырдың жүзі болды. Ал жырдың мазмұны мен көркемдік бітімі жайында арнайы зерттеулер мен мақалалардың өзі үлкен шоғыр. Бұларда «Едіге батырдың» шығу төркіні, тарихқа қатыстылығы, жанрлық өзгешелігі, көркемдік суреттеу құралдары жөнінде ойлар айтылған, талдаулар берілген, тиісті тұжырымдар жасалған. Бұл тақырыпта қалам тартқан зерттеушілердің қай-қайсысы да жырдың тарихта орын тепкен оқиғалар негізінде жасалып, эпостың шығарманың шарттарына сәйкес түрлі аңыздық, ертегілік қосымшалармен толықтырылғанын, сондықтан мұнда шындық пен қиял аралас келетінін көрсеткен (2).

Өкінішке қарай, қазақтың өзге де бірсыпыра жырлары тәрізді «Едіге батырды» да қырсық шалып, соңғы жарты ғасыр ішінде ол туралы зерттеу түгіл қысқа хабар да жазылған жоқ. Тіпті Едігенің атын атаудың өзі қылмыспен барабар саналған кездер болды. Ал шежіре бойынша оның үрім-бұтағы болып келетін батырлар (Орақ-Мамай, Қарасай-Қази т.б.) турасында да пікір қозғау мүмкін болмады. Ғылымға да, объективтік ақиқатқа да жат мұндай құбылыстың себебін соңғы жылдарда ғана айта бастадық. Тақырыбымызға орай қоғам өмірінде орын тепкен сондай сорақылықтардың назариялық (теориялық) негіздеріне тоқталып өтуіміз ләзім.

Кешегі әміршілдік-әкімшілдік өрістеген заманда мәдени мұраны тану мен бағалауда біржақтылыққа жол берілді. Халықтың сан ғасырлар бойында жасаған рухани мүлкінен тек «езілген тап» мүддесіне лайықтылары ғана санатқа қосылып, өзгелері мансұқталды. Байдың, бидің, ханның, молданың аты аталған жерге күдікпен қараушылық қалыптасты. Осының салдарынан ауыз әдебиетінің де, жазба әдебиеттің де көп құнды ескерткіштері ең-

бекші халыққа жат деп есептелді. Сонау елуінші жылдардың бас кезінде «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» бастаған қаншама жырлардың басына бұлт төнуі, олар байшыл-феодалшыл идеологияның жемісі деп үкім шығарылуы, түрлі нұсқаларымен қосып санағанда төрт жүзден асатын қазақ эпостық жырларының ішінен «Қамбар батырдан» басқасы зиянды туындылар тізіміне ілінгені өсіре «тапшылдық» көзқарастың тікелей нәтижесі еді.

Міне, мұндай жағдайда қаһармандары Тоқтамыс хан, Әмір Темір, Едіге би болып келетін «Едіге батырдың» халі мүшкіл болатыны түсінікті. Бір-біріне ғашықтығынан басқа кінәсі жоқ жыр кейіпкерлері Жібек пен Төлегендер де байдың қызы, ұлы болып сипатталғаны үшін күдікке ұшырады. Сахарада серілік құрып, ән айтқан, күй тартқан халық композиторларының шығармалары да дәл осындай «таптық» белгілеріне қарай бағаланатын болған еді. Мұның бәрі халықты адамзаттық құндылықтардан, мәңгі өлмес елдік мұралардан алыстатып, біржақты, шалағай үстірттікке итермелеудің, түптің түбінде өмірдің табиғи заңдылықтарынан бездірудің, рухани азып-тозуға ұшыратудың шаралары еді. Кенестік дәуірде өмір кешкен бірнеше буын өкілдері осындай жалған ұғымдар рухыша тәрбиеленгені орны толмас өкініш...

Қазақтың бірталай жырының, соның ішінде «Едіге батырдың» кезінде теріс талқыға түсуінің екінші бір себебі сол кезде фольклортануда үстем болған қисындарға да байланысты еді. Тарихта өмір кешкен нақтылы қайраткерлер мен олардың ауыз әдебиеті шығармаларындағы бейнесі арасына тепе-теңдік белгісін қоятын «тарихи мектеп» концепциясы көп бұрмалаушылыққа саңылау қалдырды. Тарихтағы Едіге мен эпос қаһарманы арасында күрделі айырмашылық бар екені, кез келген тарихи оқиға эпосқа ауысқанда көркемдік шындықтың өз заңдылығына бағынатыны мойындалмады. Ғалым атағын жамылған белсенділер жырдан баяғы өтіп кеткен Едігенің хронологиялық шежіресін іздегісі келді. Фольклортану ғылымында «тарихи мектеп» теориясы ғана есепке алынған сол бір шақта қазақтан басқа да халықтардың эпостық мұрасын бағалауда да қателіктер орын тепкенін еске сала кетудің артықтығы жоқ. Қалмақ халқының бірегей эпосы «Жәңгірге» де байшыл-феодалшыл туынды деген айып тағылды. Аты дүние жүзіне мәлім «Манас» та бірнеше жыл бойында схоластикалық дау-шардың шығаланына түсті. Мұның өзі түптеп келгенде көркем шығарманың ежелгі заңдылығын, шындық пен

көркемдік шындық арасындағы елеулі айырмашылықтарды белден басып, барлық мәселені идеологиялық «күрес» талаптарына иіп әкелудің көріністері болатын.

«Едіге батырға» кездескен үшінші кесірдің сыры да тікелей киянат, өктемдікке негізделгенін көреміз. Оның аты ұлы орысшылдық, шовинистік көзқарастан туған, ғылымға зорелей қатысы жоқ озбырлық саясат еді. Бұл құбылыстың да өзіндік «тарихы» бар екенін ескерте кеткеніміз жөн. Фашистік Германияға қарсы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін Сталиннің «дуалы» аузымен орыс халқын бірыңғай мақтау науқаны басталғаны белгілі. «Халықтар көсемінің» 1945 жылы жазда әскербасылармен басқосуында «ұлы орыс халқы» деген тіркеске саяси мағына беріліп айтылған еді. Міне, осыдан кейін барлық баспасөз осы сөзді ұрандай көтеріп, аспандатып өкетті. Көп ұзамай Ресей тарихын мадақтайтын мысалдар ізделіп, бұл елдің бетіне шіркеу түсірерліктей нәрсенің бәрі қайта қарама бастады. Жоғарыдан берілген нұсқау мейлінше анық еді. Оның мәнісі «дүние жүзінде ең озық жана құрылысты мемлекет жүйесін орнатқан орыс халқының бұрынғы тарихы да даңқты болуға тиіс» деген тұжырымға саятын. Жер-жердегі идеология қызметкерлері бұл нұсқауды орындауға жан салып бақты. Ерте кезде Ресеймен қандайда бір себеппен соғысқан, жауландардың бәрі орыс халқының, демек, халықтар достығының жауы деп бағаланды. Осындай жасап көзқарас «ғаразысына» салып жібергенде патшалы Ресейге қарсы күрескен ұлт өкілдерінің бәрі дерлік «дүшпан» болып шыға келді. Дағыстан, Солгүстік Кавказ халықтарының тәуелсіздігі үшін патшалық отаршылдармен арпалысқан Шәмил құбыжық етіп көрсетілді. Оны туған елінің халқы пір тұтып, есімі мен еңбегін ардақтап келгені ескерілмеді... Қазақстанды патшалықтың құлдығына түсірмеймін деп арыстанша алысқан Кенесары, Наурызбай бастаған халық қозғалысы кертартпа, монархистік әрекет деген атқа ұшырады. «Ресей басып алған елдерге игілік әкелді, сондықтан отаршылдықтың өзін қажеттілік деп мойындау керек» делінді. Патшалыққа еріксіз бағынуга мәжбүр болған ұсақ халықтардың намысты, жігерлі, ержүрек азаматтары қараланып, халқының мүддесін сатып, күштілермен тіл тапқандар мақталды. Ең сорақысы сол Ресей жаулаушылығы басталғаннан көп бұрынғы оқиғалар да дәл осындай сіреспен догматикалық тұрғыдан қаралды... Алтын Орда, Ноғай Ордасы мен Ресей ара-

сындағы қарым-қатынастар тарихына байланысты мәселелер де біржақты қарастырылды. Осының салдары сонау XIV ғасыр мен XV ғасырдың шежіресінде елеулі орын алған би, қолбасы, мемлекет қайраткері Едігені қаралаудан да көрінді. Едігенін Алтын Орда ханы Тоқтамысты мұқатып, айбарлы мемлекеттің іргесін шайқалтудағы істері есепке алынбай, оның 1409 жылы ауыр әскермен барып Мәскеуді қоршағаны, жергілікті халықтан салық, айып алғаны ғана алғы кезекке шығарылып көрсетілді, орыс халқының жауы деп саналды. «Едіге батыр» жырының басылмай да, зерттелмей де қалу себебі осылай туған.

БҚ(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылы 9-тамызда қабылдаған «Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы мен оны жақсартудың шаралары туралы» қаулысында Едіге жайындағы ұзақ жылдарға созылған қисынсыз айыптаудың негізі салынған еді (3). Бұл қаулыда Татарстанда Едіге туралы эпостың насихатталуы қате деп көрсетілген, ал жырдың өзі «хандық-феодалдық» деп сипатталған. Орталықтан шыққан сөзге күмәнсіз сеніп, құлағын түріп отыратын жергілікті белсенділерге Едіге туралы әлгіндей «баға» берілгені жеткілікті еді. Бұдан кейін қазақ халқының ертеден бері айтып келе жатқан «Едіге батыр» жыры жаманатқа ілінді. Жырдың тарихилығы, көркемдігі, халыққа танымалдығы дегендермен ешкімнің жұмысы болған жоқ. Тарихи Едігеге тағылған негізгі «айып» оның әлсіреген Алтын Орданы қалпына келтіруге әрекет жасағаны, өзіне қарсы шыққандарды қатты жазалағаны болып шықты. Бұған дәлел ретінде орыс шежіресінде жазылған «...Едіге көп адамды сабады, көп адамды тұтқынға алып кетті, көп адам қырғынға ұшыратылды... Бір татар келсе, біздің көп адам оған жақындауға бата алмайтын, әйелдер мен балалар қорқып, бет алды қашатын» деген сөздер келтірілді. Ал эпостың көркемдеу заңдылығы, тарихи қайраткер мен эпос қаһарманының арасында күрделі айырмашылық болатыны ескерілмеді.

Ұзақ жылдар бойында жабық жатқан «Едіге батыр» жырының тарихына қайта оралып, салдарлы әңгіме қозғаған аса көрнекті ғалым В.М. Жирмунский еді. Оның түрік эпосына арналған бағалы монографиясында «Манас», «Алпамыс», «Дәде Қорқыт кітабы» секілді әлемдік эпостық қазына қатарынан орын алатын жырлармен қатар «Едіге батырға» да кең талдау жасалды. Бұл еңбекте тек Едігеге қатысты деректер ғана келтіріліп қоймай,

жалпы казак-ноғайлы эпосын тудырған тарихи негіздерге де сипаттама берілген. В. М. Жирмунский зерттеуінің мәні біржақты каралауға душар болып, құбыжық етіп көрсетіліп келген жырдың қадір-қасиетін қайта таныстырып, бұған жұртшылық көңілін аударуында деп білеміз. Сонымен қатар Едіге туралы эпостың жанрлық ерекшеліктерін ескертіп, оның халық қиялына бөленіп жасалған маңызды ескерткіш екенін дәлелдеп беруі ғалымның мәдени мұраға деген қамқорлығы болып табылады. Аса беделді ғалымның осы еңбегі Едігетанудың қайта жандануына бетбұрыс жасады.

Сексенінші жылдарда бастап казак ауыз әдебиетін зерттеушілер эпостың тарихилығы деген мәселеге тегеуірінді түрде көңіл бөліп, ғылыми жұмыстардың методологиясын жетілдіруге талаптанды. «Едіге батыр», «Шора батыр», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» сынды жырларды ел игілігіне айналдырудың қажеттігін көтерді (4). Осының нәтижесінде бұл мәселе төңірегінде оң көзқарас қалыптаса бастады; аталған жырлардың жекелеген нұсқалары мен үзінділері газет, журналдар бетінде жарияланды, «Қарасай-Қази» жыры қарақалпақстандық қарт жыршы Қайролла Иманғалиевтың орындауында грампластинкаға түсірілді; казак теледидарында жыр қазынасымен таныстыратын арнаулы хабарлар ұйымдастырылды. Көптен бері ұмыт бола бастаған жыршылық дәстүрдің жандануы эпосқа деген қызығушылықты күшейте түсті. Ең бастысы қандай мәселені де байыпты, әділ салыстырып қарауға, байсалды талдаулар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндіктің туғандығында еді. Бұған еліміздің өмірінде сексенінші жылдардың орта тұсынан бері қарай орын тепкен демократиялық жаңарулардың шарапаты тигенін атап өтуіміз парыз.

Эпостанудың дамуына кедергі келтірген жасанды тосқауылдардың алынуы жыр мұрасын жаңаша, шын ғылыми талаптарға лайық зерттеулер жасауға жол ашады. Бірақ бұдан ауыз әдебиетін тексеретін ғылымның жүгі өсте де жеңілдемейді. Ендігі жерде эпостың табиғатын тануға септесетін түрлі тараптағы деректер есепке алынып, солардың арасындағы байланыстар заңдылығы да ескеріліп отыруы ләзім. «Едіге батыр» жырының түркі халықтары арасына кең тарағандығы, бұл жырды ноғай да, татар да, башқұрт та, қарақалпақ та айтып келгендігі мәселені белгілі бір халықтың ғана ауқымында қарау аздық ететінін көрсетеді. Сондықтан жырда баяндалатын оқиғалардың түп негізі қандай жағ-

дайлардан туғанын нақтылы мағлұматтарға сүйене отырып сөз ету керек болады. Алдымен жырдың жаратылған, таралған аймағы бұрынғы Алтын Орда империясының өңіріндегі тарихи, әлеуметтік халдерді, айбынды мемлекеттің ішкі қайшылықтарын, бірте-бірте құлауға бет алған себептерін анықтау қажеттігі туады. Мұны білмей, атышулы Шыңғысхан әулетінен тараған, ел билеу хақылығына ешкімнің күмәні жоқ Токтамыс пен бұрын ешқашан тек пен төжге таласып көрмеген көп рулардың бірінен шыққан Едігенің арасында өліспей бітіспейтін шайқастың қалайша өршіп кеткенін түсінбеген болар едік. Тарихта Ноғай Ордасы деп аталған мемлекеттің пайда болуы да, оның кезінде көрші елдерге ықпалы жүргені де, дәл осы ноғай жұртынан Едіге сынды атақты қайраткердің шығуы да кездейсоқ еместігіне көз жеткізу үшін де тарих куәліктеріне сүйену шарт. «Едіге батыр» жырының басқа ешбір эпосқа ұқсамайтын ерекшелігінің өзі мұнда тарихи оқиғалар жаңғырығы мен қиял, әсірелеу қым-қиғаш араласып келетіндігінде ғой. Мұнда қаһармандық эпостың да, ертегінің де, аңыздың да, тарихи жырдың да белгілері қатарласа көрініс береді. Ал тарихи адамдар дегеніміз анау-мынау емес, Токтамыс хан, Әмір Темір, Едіге би секілділер болып келеді. Еңдеше, аты дүние жүзі тарихына белгілі мұндай адамдар есімінің эпостан орын алуының шындыққа жаңастылық деңгейі қаншалық деген сұрақтар туады.

Жырдың казак арасындағы негізгі нұсқаларын өзара салыстыра отырып, негізгі оқиғалық желілер мен сарындарды анықтау, кейде туысқан түркі халықтарында сақталған варианттар мысалына сүйену эпос өзгешелігін талдаудың сенімді жолдары болып саналады. Ақырында, «Едіге батырдың» жалпы казак эпикалық дәстүрі ауқымындағы орны мен мәні, көркемдік, құрылыстық ерекшеліктері туралы да тоқталып өтуіміз қажет.

## II

«Едіге батыр» жыры тарихи аңыз негізіне құрылғандықтан, оны сол дәуірдегі тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайларды баяндайтын еңбектермен салыстыра қарау шындық пен аңыздың парқын айқындай түспек. Ал эпостың бас қаһарманы — Едігенің тарихи аренаға шығу себептерін Алтын Орда, Ноғай Ордасы мем-

лекетінің тағдырынан алшақ алып қарау тіпті де мүмкін емес. Сондықтан Алтын Ордаға қатысты кейбір ақиқатты еске түсіру тақырыбымызға керек-ақ. Жалпы алғанда, Алтын Орда тарихы осы кезге дейін жан-жақты жазылмағаны белгілі. Заманында даңқы әлемге тараған аса айбарлы мемлекеттің экономикалық та, саяси да, мәдени де халдерін тексеру көптеген еңбектерді керек етеді. Бұл уақытқа дейін белгілі дәрежеде «жабық жатқан» бұл тақырыптың ашылмаған сырлары мол. Алтын Орданың негізгі елі болып табылатын қыпшақ халықтарының бүгінгі ұрпақтары татарлар, башқұрттар, қазақтар, ноғайлар, құмықтар, карашайлар, малкарлар, қарақалпақтар, көшпелі өзбектер, қырым татарлары т.б. бұл кезенді толық түсініп алмайынша, өз тарихтары жартыкеш болып қала беретінін ертеле-кешті ескеруге тиісті...

Мұндай жағдайда Алтын Орда тарихына жанасты зерттеулерге көңіл бөліп, солардағы келтірілген мәnbелер (источниктер) мен талдауларды пайдалануымыз ләзім (5).

Бас-аяғы екі елу жылдай өмір кешкен Алтын Орда мемлекетінің тарихи мәні анықталды, әділ бағасы берілді дей алмаймыз. Бұл тарапта бір-біріне кереғар пікірлер орын алған. Орыс, Еуропа зерттеушілерінің көбі дерлік Алтын Орданың Ресейді билеп-төстеген дәуірін бірыңғай қарағүнек, зорлық тізбегі деген сынайла сипаттап келгені мәлім. Ол заманда орыс елі жаншылды, жарық сәуле көрмеді, мәдениеті тоқырады деуінің басым. «Татар-моңғол ығындағы кезең» («татаро-монгольское иго») деген тіркестің түрлі кітаптардан берік орын алғанына да талай ғасыр өтті. Өрбір құбылыстың он да, көлеңкелі жағы да болады деп үйрететін диалектикалық материализм қағидасы басқаға жүргенімен, дәл Алтын Ордаға қолданылмай келген. Осындай төте тұжырым қаншалықты рас, бұл арада біржақтылық жоқ па деп сұрақ қоятын да кезең әлдеқашан келген секілді.

Татар-моңғол жаулаушылығын да, Алтын Орда салтанат құрған дәуірін де өздігінше таллап, үкімін шығарғандар сол мемлекеттің негізін құраған халықтардың бұл мәселеге көзқарасын білген де, білгісі келген де емес. Осы тұстан да атышулы еуроцентристік дүниетанымның ықпалы айқын көрінетін еді. Әділдігіне көшсек, орыстың ертедегі атақты тарихшылары Н.А.Карамзиннің, С.М.Соловьевтің т.б. еңбектерінде «татар-моңғол билеушілігі» деп аталған ғасырлардың шындығы біршама дұрыс көрсетілгенін көрер едік. Олардың тарихи шығармаларында

дұшпан деп есептелген жақтың каталдығымен қатар ілтипатқа аларлық істері де қатар көрсетілетін еді. Ал кейінгі зерттеушілер әлгіндей бірен-саран жылы пікірлерді мүлде сызып тастап, татар-моңғолдар тілге келмейтін озбыр күш деген ұғымды біржолата қалыптастыруға тырысты. Л.Н.Гумилев сынды терең ойлы, әділдік таразысын тең ұстауға ұмтылған ғалымдар болмаса, өзге көп авторлар бұл мәселеге келгенде алдын ала «анықталып» қойған априорлық шешімнен әрі аса алған жоқ.

Соңғы жылдарда пікір айту бостандығының артуына байланысты бұрынғы архив тереңінде қалып келген кейбір еңбектер қайта басыла бастады. Бұлардың арасында жалпы моңғол империясының, соның ішінде Алтын Орда мемлекетінің тарихы мен табиғатына мүлде басқаша биіктен қарап бағалайтын ойлар да кездеседі. Мұнда бұл мемлекет орыс халқының тарихында ілгерішіл рөл ойнады, бір-бірімен ертеден бері өзара жауласып, басы бірікпей, түрлі жауларға жем болып келген орыс княздіктері Алтын Орда сынды үлкен империяның қарауына түскендіктен, сырт дұшпандардың да сұқтануынан құтылды, әрі бірлігін күшейтіп, қуат жинауға мүмкіндік алды, ақырында орыс елінің тәуелсіздігі мен бүтіндігі үшін күреске бастайтын негіздер салынды дейтін толғамдар да баршылық (6). Ал атақты ғалым Л.Н.Гумилев Алтын Орда билеушілігі Ресейдің ішкі бірлігін, елдігін қалыптастыруға қолайлы болды деп қарайды. Зерттеуші Алтын Орда әкімдері орыстың әрбір княздігін өзді-өзіне билетіп отырғанын, қалыпты дінін ұстауға кеншілік жасағанын, тіпті әрбір княздіктің өз әскерін ұстауға рұқсат беріп қойғанын атап көрсетеді (7). Осы секілді пікірлердің орын алуы бекер болмаса керек. Тарих ғылымы өзінің объективтік байсалдылығымен ғана құнды. Барлық фактілердің өңін айналдырып, оларды белгілі бір саяси идеологиялық мақсатты дәлелдеу үшін ғана бұрып өкелетін тәсіл ақиқатқа жеткізбек емес.

Алтын Орданың ұзақ тарихына бұрылу біздің міндетімізге жатпайды. Біз бұл тақырыптың әлі де болса өзінің кемел зерттеушілерін күтіп тұрғанына, бұған дейінгі тым біржақты айтылып келген пікірлердің қай-қайсысына да жанаша өзгерістер жасалу қажеттігіне ғана қысқаша кідірдік. Бұл арада бізді қызықтыратыны – бір заманда айбыны асқан мемлекеттің кейіннен тозтозы шығып кетуінің, елдің өз ішінен іріткі шығуының, мұның ақыры өзара жауласушылыққа алып келгенінің, халық ауыз

әдебиетінде, соның ішінде эпоста қалай көрініс бергенінің заңдылықтары. Осы мақсатты көздеп отырып, Алтын Орданың ыдырау себептерін неғұрлым байсалды түсіндірген бір еңбектің қорытынды ойларын келтірумен ғана шектелміз.

Татар ғалымы М.Г.Сафарғалиев Алтын Орданың басындағы қасіретті неғұрлым кең де шыншыл баяндаған. Ол осы империяның құлауын белгілеген бірнеше себептерді жүйелі түрде тізіп көрсетеді. Ғалымның тұжырымдауынша; а) хан әулетінің көшпенді өмір кешіп, жер-дүниеге шашырап қоныстануы, әуел бастан бір-бірімен тығыз байланысының болмауы; б) бақталастық пен тақталастықтың атадан балаға мирас болып, болымсыз, кездейсоқ хандардың көп залал келтіруі, ел билеуге қабілеті барларды ығыстырып немесе жойып, «тілалғыш» мансапқорларды көтерудің көп орын алғаны; в) осының салдарынан Батый, Берке, Өзбек, Жәнібек сынды хандардың орнатқан темір тәртібінің әлсіреуі; г) өздеріне хандық тимегенмен, есепсіз бедел мен билікке ие болған Ноғай, Мамай, Едіге сияқтылардың өз мүдделерін биік қойып, империя іргесін қаусатуға қатысқандықтары; д) алтын Орданың кең өңірінде елдің басын біріктірмейтін көшпенділіктің басым болуы; е) заманында бетіне жан қаратпаған Әмір Темірдің тойымсыз жаулаушылық саясатының Алтын Ордаға даусыз тажал боп тиіп, бұл мемлекетті 1391 — 1395-жылдары ойсырата талқандауы; ж) міне, осындай қайшылықты жағдайларды бағынышты ел Ресейдің дер кезінде пайдаланып, ұтымды әрекеттер жасап отыруы, мансапқа мастанып, азғындап біткен хан әулетін кейде дүние-мүлікке қызықтырып, енді бірде бір-біріне айдап салып араңдатуы, тағы басқа себептер Алтын Орданың ойранын шығарып, ақырында оның түрлі хандықтарға бөлініп кетуі салдарлы факторлар еді (8).

Тарихта анық орын алған осы секілді жағдайлардың сарыны сол заманда Алтын Орданы мекендеген халықтардың қай-қайсысының да ауыз әдебиетінен орын алғанын көреміз. Әлбетте, фольклор шығармаларынан болып өткен істердің хронологиясын іздеу қажет емес. Ауыз әдебиетінің шығармасы қандай да болмасын оқиғаның болған жерін, айын, жылын дәл көрсетіп бере алмайды. Сонда да болса аса ірі оқиғалардың халық санасында із қалдырмауы, өзінше сәулеленбеуі мүмкін емес. Алтын Орданың жергіліктен шыққан кейінгі хандықтардың, соның ішінде Ноғай Ордасының берекесі кетіп, құлдырауға бет алғандығының, туыс

елдердің жатқа айналуының, біртіндеп дұшпанға жем болуының ұлы желісі қазақ-ноғайлы жырларында үздіксіз қайталанып отыратындығының да түбірі осында.

«Едіге батыр» жыры мен басқа да көп эпостық аңыздаулардың ноғайлы дәуіріне тән оқиғалар сарынына құрылуы «ноғай» деген атаудың тарихына көңіл бөлулі керек етеді. Тарихшылардың көрсетуінше, бұл есім Алтын Орданың күнбатыс өңірін, атап айтқанда Днепр мен Днестр аралығын, Қырым атырабын билеп тұрған Ноғай ханның атынан таралған (9). Бір кісінің аты тұтас ұлысқа берілуінің негізгі себебі, Ноғайдың қырық жылдан артық ел билеп, қолбасшылық даңқы көп елдерге жайылып кетуіне байланысты. Тағы бір деректе Ноғай христиан дінін қабылдаған делінеді (10). Қалай болғанда да, оның әуел бастан Алтын Орданы қарауында ұстауға ұмтылғаны, өз ұлысында тәуелсіз саясат жүргізгені, ақырында Токтай ханның әскерінен жеңіліп, 1296 жылы мерт болғаны белгілі. Бірақ ноғай ұлысының жойылуымен «ноғай» атауы жоғалып кетпеген. XIV ғасырда Едіге тұсында Еділ мен Жайық арасындағы жаңа этностық бірлестік ноғай атауын қайта жаңғыртады (11). Бұл бірлестіктің құрамында манғыт, қоңырат, қыпшақ, найман, қанлы, қият, керейт, арғын, үйсін, шырын тәрізді рулар болады.

Едігенің аты әуелгі кезде Токтамыс пен Әмір Темір билікке таласқан көшпенділер өлемінде танылады. XIV ғасырдың жетпісінші жылдарында Токтамыс бұрынғы Жошы ұлысын қалпына келтіргенде, Едіге онымен саптас болып, әскердің сол қанатын басқарады (12). Бірақ көп ұзамай Токтамыс пен Едігенің арасында алалық туып, Едіге Әмір Темір жағына шығады. Әмір Темірдің Токтамысқа қарсы 1391 жылғы жорығына Едігенің тікелей қатысы болғанын шежіре деректері сенімді дәлелдейді. Сонымен қатар, осы соғыстан кейін Едігенің Әмір Темірден іргесін аулақ салуға тырысқаны, өзінің қарауындағы Манғыт ноғай ұлысының бүтіндігін көздегені, сол елдің бірден-бір билеушісіне айналғаны кәміл. Ноғай Ордасын жиырма жылдай билеген шағында Едіге Алтын Орданың да істеріне ықпал жасайтын аса зор беделге ие болады, өзінің айбыны мен қаһарын білдіру үшін бойсұнғысы келмеген орыс жерлеріне де шабуыл жасап, бас көтергендерді ықтырып отырады.

Едігенің Токтамыспен және Әмір Темірмен арақатынасы, бұлардың әрқайсысының тақ пен тәж үшін күрес тәсілдері туралы

архив шежіре деректері көп нәрсеге қандырады. Әрине, халық қиялында жасалған жырда бұл оқиғалардың аты-жөні сақталмай, тек қана жалпы желісі орын алғанын көреміз. Жыр табиғатын тереңірек түсіну үшін, осы үш қайраткердің саясатын сипаттайтын мағлұматтарды да келтіруді қажет санаймыз. Татар зерттеушісі Фатых Урманче көптеген тарихи мәнбелерді пайдалана отырып жазған еңбегінде Едігенің де, Тоқтамыстың да, Темірдің де тарихи тұлғасын айқындай түсетін фактілерді келтірген (13). Едігенің де, онымен пікірлестердің де алыстағы Әмір Темір құзырына баруы Тоқтамыс ханды тағынан құлатудың амалы болатын. Алтын Орда ханымен ашық күреске жағдай тумағанын түсінген Едіге көп елдерді жаулап алған қолбасы Темірге сүйенбей бұл мақсатына жете алмайтынын біледі. Едіге Темірдің Тоқтамысқа қарсы өштігін қоздыруға қолайлы сәт туғанын ұтымды пайдаланған.

Әуел баста Алтын Орда тағына Темірдің қуатты қолдаушының арқасында отырған Тоқтамыс көп ұзамай Әмірдің қамқорлығын ұмыта бастайды. Әсіресе 1382 жылы Мәскеуге жорық жасаған кезеңде Тоқтамыстың беделі арта түседі. Атақ пен мансапты ешкіммен бөліскісі келмейтін Темірге Алтын Орданың қайтадан күш алуы ұнамайды, ол осы мемлекеттің басында өзіне бағынышты адамның отырғанын ғана қалайды. Ақырында, Әмір Темір Тоқтамысқа қарсы үлкен соғысқа дайындалып, ауыр қолмен «жердің түбіндегі» Алтын Орда еліне аттанады. Бұл жорықты ұйымдастыру мен жүзеге асыруда Едігенің «кенесі» ерекше пайдалы болғанын тарихшылар бірауыздан мойындайды. Алтын Орданың шаңырағын шайқалтқан бұл ұрыс 1391 жылы болады. Тоқтамыстың қолын жөніп, көп олжаға батып, Темір әскері кері оралады. Бірақ Тұранның әміршісі мен Алтын Орда ханы арасындағы бақталастық мұнымен тоқталмайды. Тоқтамыс өзіне одақтастар тартып, жана шайқасқа күш жинайды. Мұны білген Әмір Темір Алтын Орданы қайта оңалмастай етіп шабуға бел байлайды, мықты дайындалып, 1395 жылы көздегеніне жетеді; Тоқтамыстың әскерін қырып қана қоймай, империяның астанасы Сарай-Беркені және ондаған кенттерді қиратады, бейбіт елді талан-таражға ұшыратады.

Өзінің қас жауы Тоқтамысты Әмір Темірдің қолымен құртуға мүдделі болған Едіге кейін Алтын Орданы бір өзі билеп-төстейтіндей деңгейге жеткен. Соның өзінде де ол Әмір Темірге қиғаш

келмей, оған бағынышты екенін сездіруге тырысқан. Әмір Темірдің шектен тыс қаталдығын көріп, жүрегі шайлыққан Едіге өзін одан жырақ ұстауға ұмтылған. Алтын Орданың барлық билігі Темір-Құтлық ханға және өзіне тиген кезде Едіге ойраны шыққан елдің халықаралық және ішкі халін жөндеу үшін көп күш жұмсайды, қираған елді мекендерді қайта тұрғызады, халықтың тыныш өмір сүруін көздейді. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Едіге адамды құл ретінде сатуға тыйым салған делінеді.

Алтын Орданың қайта күш ала бастағанын естіген Әмір Темірдің пейілі бұзылып, жана соғысқа әзірленеді. Осыны сезген Едіге 1398 жылы Әмір Темірге елші аттандырып, тарту-таралғыларын қоса жібереді, өзінің «бағыныштылығына» сендіреді. Осы мысалдың өзі-ақ Едігенің қысылғанда жолтапқыш парасатын көрсетсе керек. Әрі қарауындағы елді уысында ұстап, әрі сырттағы жыртықшы жаулармен тіл таба білуі Едігенің жұртшылық арасындағы беделін арттырған. Оның үстіне Едіге дәурен сүрген замап ноғай елінің тарихындағы ең данқты, бейбіт, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» кезең болып саналған. «Едіге батыр» туралы аңыз, әңгімелердің де бастау алған жері дәл осы орта болуы ғажап емес. Едігенің атағын асырған оқиғалар көп. Әмір Темірден сұрапыл жеңіліске ұшыраған Тоқтамыс Литва князі Витовтымен одақтасып, жоғалған тағын қайтармақ болып ақырғы жанкешті әрекет жасағаны мәлім. Борсықты (Ворскла) өзенінің бойында болған соғыста Тоқтамыс-Витовты әскерін Едіге бастаған қосындар тас-талқан етеді. Тарихшылар 1399 жылғы бұл соғыстың Ресейдің болашақ тағдыры үшін зор ұнамды мәні болғанын атап өтеді.

Бұдан кейінгі жылдарда Тоқтамыстың «бағы тайып», Едігенің мәртебесі аспандай береді. Бұл жағдай Әмір Темірге ұнамай, ол Алтын Орда тағына өзіне толық бағынышты, көнбіс хандардың біреуін отырғызуды қалайды. 1402 жылы Алтын Орданы «тоубасына келтірмек» болып Әмір Темір оқталғанда тағы да Едігенің мәмілегерлік әрекеті елді сойқаннан аман алып қалады (14)...

XIV ғасырдың ақырғы тұсы мен XV ғасырдың бас кезінде Тұранды және қыпшақ даласын билегендердің бір-бірімен арақатынасы, ішкі қайшылықтары, мансап пен байлық үшін елдер мен халықтардың тағдырын ойыншыққа айналдырғаны туралы тарих мағлұматтары ерекше мол. Өйткені Алтын Орда да, Әмір Темір мемлекеті де дүние жүзіне кеңінен мәлім жұрттар еді. Бұл

елдер және оның үкімдарлары туралы түрлі саяхатшылардың, елшілердің, шежірешілердің қалдырған деректері көп. Олар Темірдің, Токтамыстың, Едігеннің әрбір әрекетіне өзінше баға беріп, хатқа түсіріп отырған. Мәселен, Г.Клавихо «История великого Тимурлана» деген еңбегінде «Темір бектің Татарияда дәуірлеген Едігеден асқан жауы жоқ» деп тұжырымдаған (15). Тағы бірде Клавихо Едігенің қол астында екі жүз мыңнан артық атты әскер бар екенін мәлімдейді. Жазбаларының бір жерінде ол Темір мен Токтамыс әскерінің арасындағы соғысты көзбен көргендей етіп баяндайды.

Еуропалық тағы бір автор Л.Лянглэ казак, ноғай шежірелерінде де, тарихи жазбаларда да қалмаған мәселені келтірген. Ол Токтамыс әскерінің бір соғыста жеңілуі ту ұстаушы-байрақтардың жауға сатылып кеткендігінен деп түсіндіреді (16). Мұндай сәтсіздіктер бекер сақталмаса керек. Енді бір деректе Әмір Темірдің әскеріне жол бастаушы болып, Токтамыс еліне келе жатқан Едігенің ноғайларға күні бұрын хабар жіберіп, беделді адамдардың хан құзырынан аулақ кетуін сұрағаны да келтірілген. Токтамыс әскеріндегі Едіге жақтастары сын сағатта ханды тастап кеткендіктері туралы да дерек бар (17).

Демек, тарих беттеріне түскен құжаттар ұмыт болмайтын ірі оқиғаларды ғана шежірелегенін, ал шын мәнінде Едіге, Токтамыс, Әмір Темір араларындағы байланыс анағұрлым шығырман, қат-қабат болғаны аңғарылады. Едігенің Токтамысқа деген кегін де шежірешілер түрліше түсіндіреді. Олардың кейбіреулері Токтамыс Едігенің даңқы өрлеп бара жатқанын көре алмай, оған жасырын қастандық ойлаған дегенді тілге тиек етсе, екіншілері Едігенің Токтамыста ата кегі бар еді деп пайымдайды. Біздің міндетіміз ондай құжаттарды саралап, тізіп шығу емес, «Едіге батыр» жырына негіз болған тарихи ахуал мен оқиғалардың ұлы сарының ғана еске салып, солардың эпостық шығармада қаншалық көрініс бергенін, тарихи шындықтың эпос шындығына айналу жолын әңгімелеу...

### Ш

Тарихи оқиғалар мен қайраткерлер істері эпостық аңыздауға айналғанда қаншалықты күрделі өзгерістерге түсетінін түсінуге

«Едіге батыр» жыры аса қызғылықты дәйектемелер береді. Замапы, оқиғалардың болған жерлері, түпнұсқалары көптеген жазба мәнбелерде (источниктерде) анық сипатталған Едіге, Токтамыс дәуірінде орын тепкен тартыстар мен қайшылықтар халық қиялында өзінше қорытылып, мүлде танымастай пішінге ауысқанын көргенде, ертедегі ғасырларға тән аңыз-әңгімелердің түпкі деректерін іздеудің қиыншылықты қиын болатынын аңғару қиын емес. «Нәлен жырдағы түген оқиғаның» болған жерін, жылын, қатысқан нақтылы адамдарын дәл тапқан болып «мәлдіретіп», төндіріп баяндайтындар өздерінің ғылыми зерттеу принциптерінен бейхабар екендігін ғана көрсетеді. Тіпті эпос пен шежірелер тарих желілері үндес, сәйкес сияқты сезілген тұстардың өзінде де болып өткеннің жалаң хронологиялық тізбегі қайталанбайды. Кейде қайсыбір жырдағы жер, су атаулары Қазақстанның белгілі бір өңірлерінде кездескеніне бола, «эпос дәл осы жерде туған екен» деп сәуегейлік жасаушылық ешқашан шындыққа жеткізбейді, қайта ондай үстірт тұжырымдар елді шатастырады.

*«Едіге батыр» жырының бірнеше нұсқасын* сөз ету бізді эпостағы ақиқат пен қиялдың арасындағы байланыстар мен заңдылықтар табиғатын тануға кілт беретін секілді. Сондықтан осында арнайы аталып отырған жыр варианттарының жалпы бөріне тән ортақ ұқсастықтар мен әрқайсысындағы азды-көпті айырмашылықтарды талдау керек. Жырдың кітап жүзіне шыққан мәтіндері (текстері) және қолжазба күйінде сақталып келген (18) тарихи шындық сарындары қаншалықты елестете алғандығы туралы мәселеміз де нысанаға алып отырамыз.

Эпостың XIX ғасырдың орта тұсында әкелі-балалы Шыңғыс және Шоқан Уәлихановтар жазып алған нұсқасы атақты ғалым В.М.Жирмунскийдің бағалауына, ең көркем, неғұрлым толық нұсқалардың бірі болып табылады. Сондықтан бұл вариантты және басқа басылымдар мен қолжазбаларды өзара салыстыра отырып тексеру қажеттігі туады.

Аталған нұсқаны 1905 жылы П.М.Мелиоранский бастырып шығарған. Бұл басылым жырдың тұрақты желісі мен негізгі оқиғалық өрілімдерін ғылыми жұртшылыққа таныстырудың мәні зор болғаны белгілі. Дегенмен, онда біршама қазақ сөздерінің татар-түркіге бейімделіп, өзгертіліп берілгені мәтінді (тексті) оқуды ауырлатып, кейде ұғымсыздандырып жіберетін еді. Сондықтан осы нұсқаны толық «қазақыландырып», Мәскеуде 1927 жылы

қайта басып шығарған Қ.Сәтбаев еңбегін Едігетану жолындағы маңызды кадам деп қарау керек. «**Ер Едігенің**» сөз болып отырған нұсқасы отызыншы жылдарда қайта басылып, жамағатшылық арасына кеңінен тарады.

Әуел баста Шынғыс пен Шокан Уәлихановтар түрлі айтушылардан жазып алып құрастырған нұсқаның ерекше маңыздылығы жырдың қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар варианттарына тән «ортақ» желісін неғұрлым толық қамти алғандығында деуге болады. Едіге туралы нақтылы тарихи эпостың өзге нұсқаларымен салыстырып қарағанда, кейде қысқа, енді бірде сәл «өзгеше-леу» баяндалатын жерлері кездескенімен, негізінен алғанда, аңыз әңгіменің көп ретте түбірлі сарындарын сақтай алғандығын аңғарамыз. Кейінірек жазылып алынған варианттарды оқығанда олардың «таныс бейтаныстай» әсер қалдыратыны да осы себептен.

Едігенің әкесі Баба түкті шашты Әзиз, оның әкесі «он бес жасынап әулиелік еткен» Бабағұмар делінуі болашақ жыр қаһарманының «ғажайып» туысын көрсетуді көздейтіні анық. Ал Баба түкті шашты Әзиздің дарияның жағасында алтын шашын тараған сұлу қызды іздеп, су астындағы алпыс ақ отауға кіруі, онда «ай десе аузы бар, күн десе көзі бар» қызға жолығуы, қызды некелеп алуы адамдардың өте көне дәуірдегі дүние құрылысы үш қат әлемнен тұрады деген мифтік түсінігінің көрінісі. Сырт келбеті соншалық сұлу қыздың адам ұғымына жат саналатын белгілері: аяғы ешкінің аяғындай болуы, қолтығынан өкпесі көрініп тұруы, бас терісін алдына алып шашын тарауы дүниеде жартылай адам, жартылай аң тектестер болған дейтін ескі нанымның жаңғырығы секілді. Эпостың шу дегеннен тарихи шежіреге қатысы аз құбылыстарды сөз етуі бізді аңыз-қиял әлемінен бір-ақ шығарады...

Жырдың аңыздық-әпсаналық желісі судан шыққан сұлу қыздың Баба түкті шашты Әзизге: «Ішімде алты айлық балаң кетіп барады. Ніл дариясының басында, Күмкент шаһарының қасына баланды тастап кетермін, өзің іздеп тауып ал», — деп аспанға ұшып кетуінен де көрінеді. Баба түкті шашты Әзиз Ніл дариясының бойында кезіп жүріп, «Күмкент шаһарының қасында жібек орамалға ораулы жатқан» баласын тауып алады, елсіз-күнсіз жерде туды деп атын Едіге қояды.

Бұдан былайғы жерде жырдың аңғары аңыз әңгіме сарынына көшеді. Едігені үш жасқа келгенде молдаға оқуға беріп, «ла-

рызынан құтылған соң» шашты Әзиз де ғайып болады... Едігенің жасынан ерекше зерек, тапқыр әрі батыл болып өскені, күрескенде қасындағы тоқсан батаны жығуы, өзара дауласып келгендерге әділ төрелік айтуы жырдың бағытын айқындауда маңызды қызмет атқарады. Болашақ қаһарманның ерлігі жасынан-ақ белгілі болатынын айту батырлық ертегінің дәстүрі десек, осы нышан жырдың бастапқы тұсынан анық аңғарылады. Едігенің осындай қасиетін сырттан естіп, назарын салып жүрген Тоқтамыс оны өзінің қарауына тартады. Шындығына келгенде, эпостың нақтылы тарихи халдерді еске салатын тұсы дәл осы оқиғадан басталады. Жыр жас батыр Едігенің Тоқтамыс хан құзырында қызмет еткенін, ханның сеніміне ие болғанын өз тарапынан осылайша сипаттайды. Түптеп келгенде тарихи оқиға мен эпостың үндесетін жері де Едігенің Тоқтамыс қызметінде болып, кейіннен араздасуларын, жас батырдың ханнан кек қайтармақ үшін алыстағы Сәтемір ханға кетуін, ол жақтан ауыр қолшы бастап келіп, жеңіске жетуін баяндайтын төңірек. Тарих деректері Едігенің біраз уақыт Тоқтамыс әскерінің сардарларының бірі болғанын айтатыны белгілі. Ақиқатында бұл екі қайраткердің әуелгі кезде араларындағы достық ықылас өте тығыз болғанын жыр да куәлендірді. Едігенің келешегі зор екенін сезген Тоқтамыстың оны шақырып алып, үміт, сенім артқан кезеңі жырда неғұрлым әсерлі бейнеленген:

Жауырындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы,  
Ал қарақес тон берді,  
«Мұны үстіңе ки», — делді.  
Көкала жорға ат мін, — делді,  
Көнте белбеу бу, — делді,  
Тұтам бауы сом алтын  
Ақ сұңқар құс беремін,  
Ұшан теңіз шүй, — делді.  
Қырымнан қиын дау келсе,  
Төресін соның бер, — делді.  
Қырымнан қалың жау келсе,  
Едігем, соны қыр, — делді...

Жыр Тоқтамыстың Едігеге қастық ойлап, жауығуы хан әйелінің «Едігенің әруағы сізден басым екен» деп сақтандыруынан басталған етіп көрсетеді. Анық өмірде хан мен қарашының арасы суық тартуы дәл осылай туды ма, әлде басқа себептерден шық-

ты ма, — ол жағы бізге беймәлім. Эпостың өзге варианттарында бұл мәселе түрліше түсіндіріледі. Ол жағына кейінірек тоқталамыз. Қалай болғанда да хан мен Едігенің араздасуы біреулердің оларды әдейі шағыстыра қояйын деген қарау ниетінен тұтанбағаны, мұндай бітіспеске беттеген әрекетке түрткі оқиғаның ызғары анағұрлым салмақты болғаны күмәнсіз. Бірақ сөз етіп отырған жыр нұсқасында бұл мәселе көмескі күйінде қалады. Едігенің өзін күтіп тұрған қастандық бар екенін сезіп, сақтық ойлауына, құрылған ажал торынан құтылып шығуына оның Аңғысын деген досының ескертуі қамшы болғаны жырдың көптеген халықтар арасына таралған нұсқаларында тұрақты қайталанады. Осыған қарағанда, бұл кейіпкердің де анық тарихи түпнұсқасы бар екеніне шүбә келтіру қиын. Тоқтамыс хан билеген ноғайлы жұрты Едігенің өз елі екенін еске алсақ, сол елден айрықша дараланып шыққан әрі ақылды, әрі батыр аламанға тілектес адамдар аз болмаған тәрізді. Едігеге іштей тілектес жалғыз Аңғысын ғана болмауы мүмкін. Тоқтамыстың жанындағы тоғыз батыр да Едігені ұстауға қауқарсыз болып шығады. Едіге сол кеткеннен мол кетіп, Еділ мен Жайықтың аралығында тоқтайды, арттағы қалған елден бір хабар келгенін аялдап тұрады. Бұл аралдан да болып өткен істердің сілсімі елестегендей әсер қалдырады...

Едігенің хан маңындағылардың құрғап торынан айланып асырып, сытылып шығуы Тоқтамысты қатты абыржытады. Ол өзінің құзырындағы батырлардан «не істейміз» деп кеңес сұрайды, бірақ олардың бірде-біреуінің ақылы көңіліне қонбайды. Сол батырлардың ішінде «арғындардың басы» Қарақожа, қыпшақтардың данқты батыры Қобыландының да аттары ұшырасады. Жырда Қарақожа:

Көшкенде көшін айланған,  
Өткір есімдер байланған,  
Жау қарасын көргенде  
Жауар күндей торланған,  
Кетер күстай сайланған, —

деп сипатталса, Қарақыпшақ Қобыландыға да мадақ сөздер айтылады.

Қаранғыда жол тапқан,  
Қаны жерде сөз тапқан.  
Жауырыпты үлкен қақпақтай,

Айдары үлкен тоқпақтай.  
Адам тілін алмаған,  
Өз райысы болмаса,  
Асу жерге бармаған...

Осылайша Тоқтамыс батырлары бірінен-бірі өткен мықтылар болып суреттеледі. Кейде батырларды қос-қосымен мінездейтін тұстары да бар.

Қас қояндай қасқарған,  
Қаранғы мейіреу түндерде  
Сансыз қолды басқарған.  
Күнде бір сүнгі сындырған,  
Ер көңілін тындырған.  
Сүңгіге кісі міндірген,  
Алмаған жау қоймаған...  
Елге аз, жауға көп  
Ақбалтыр ұлы Уағым,  
Манжур ұлы Шуағым...

Батырларды әсірелей мақтау Тоқтамыстың қарауында небір жаужүрек жандар болғанын да, олардың түрлі руларға билігі жүргендер екенін де аңғартады. Әрине, бұл арада жалпы эпостық жырларға тән полистадиялық — көпқабаттылық белгілері де көрініс береді. Қаракыпшақ Қобыланды секілді әйгілі батырды Тоқтамыстың қызметінде жүргендей етіп көрсетуді шартты түрде ғана түсінсек керек. Мұны белгілі бір билеушілердің маңына атақты баһадүрлерді топтап, шоғырландыратын аңыздық дәстүрдің әсері деп те қарауға болады... Тоқтамыс батырларының ішінде жырдың бұдан былайғы желісінде қайталап кездесетін есім — Кеңестің ұлы Кеңжамбай. Оны хан «шаршамайтын дүлдүлім, шалдырмайтын бұлбұлым» деп дәріптейді. Бірақ осыншама қолбасшы мен жолбасшының Едігені қайтарып әкелуге ақыл таба алмағаны қайран қалдырады. Кейбір зерттеушілер мұны халық арасынан дарынымен оқпау озып шыққан Едігеге ноғайлы еліндегі батырлардың іштей тілектестігінен деп пайымдайды. Қалай болған күнде де, мәселенің бұл арасын жыр тәптіштеп түсіндірмейді, батырлардың берекелі шешім таба алмағанын, ханның ашулы күйін айтумен шектеледі. Ал жалпы алғанда, Едігенің Тоқтамыстан қашып шыққанын бейнелейтін түс тарихи шындықты елестетеді, хан мен батыр арасындағы тартыстың анық басталған кезеңін көрсетеді.

Эпостық жырларда қысылғанда жөн табатын, адасқанда жол табатын қариялар тұлғасы жүреді. Сол дәстүр «Едіге батырдан» да орын алған. Токтамыс Едіге әрекетінен әрі дағдарып, әрі шошынған шағында «аузында отыз тісі жоқ, жағын жібекпен тартырған», талай ханды көрген, жасы жүз сексенге келген Сыпыра жырауды алдырып, содан ақыл-кеңес сұрайды. Едігенің болашағы, Токтамыс тағына төнген қауіп-қатер туралы Сыпыра жыраудың айтқан сәуегейлік сөздері жырдың түркі халықтары арасына тараған түрлі нұсқаларында кездесетін тұрақты сарындардың бірі. Тарихта аты мәлім Сыпыра жыраудың өмір кешкен уақыты Ноғайлы заманымен қарайлас келетінін ескерсек, оның Токтамыс маңынан көрінуінде сәйкессіздік сезілмейді. Жырау Едігенің Сәтемір ханнан әскер алып келетінін, ханның тағы мен төжі ойрап болатынын ашық айтады. Едігені «артынан келіп сынасам, қаһардан пайда болғандай, алдынан келіп сынасам, жалыннан пайда болғандай», — дей келіп, алда ауыр күндер туатынып жасырмай баяндайды.

Токтамыс елінен бір хабар күтіп жатқан Едігеге тоғыз ер келіп, жақын баруға бата алмай тұрғанда Кенжамбай ғана хан сөлемін жеткізеді. Кенжамбайдың Едіге райынан қайтатын болса, оны байлық та, салтанат та күтіп тұрғанын айтатын сөздері мен батырдың кекті, өктем жауаптары жырда биік көркемдікке бөленіп берілгенін атап көрсету ләзім. Мұны аңғару үшін Едігенің Кенжамбайға берген жауабын келтірсек те болады.

...Мен қайтпан-ды, қайтпан-ды,  
Қайтып Еділ өтпен-ді.  
Еңсегей бойлы Ақ Орда  
Еңкейіп сәлем бермен-ді.  
Еңсеме қатты иманнан  
Болат шоқпар тиген-ді.  
Ернесуі жұқа сары аяқ  
Хан сарқытғын ішпен-ді,  
Ернім жерге былғанды.  
Жауырындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы  
Тон берсең де қимен-ді.  
Иініме ноғай қотыр шыққан-ды.  
Көкала жорға ат мініп,  
Көн дауығлаз байланып,  
Ұшан теңіз айналып,  
Ақ сұңқар құс берсең де,

Көл айнала шүйе алман,  
Қолымнан қуат кеткен-ді.

Едігенің бұдан кейінгі ұзақ жауабында жалпы қазақ эпосының інжу-маржан көрікті кестелері дерлік шумақтар мен тіркестер көз тартады. Жырдың ұзына бойындағы ең дәмді, нәрлі, асқақта әдемі оралымдар, алуан түрлі теңемелер мен баламалар, өзге жырларда көп кездесе бермейтін тосын үйлесімдер, жыраулық толғаудың үздік үлгілерін еске салатын бітімі бөлек, болмысы өзгеше құдіретті жолдар қаһарман аузымен берілуі оның өр тұлғасын, жаннан асқан айбынын айқындайды.

Арбан да арбан жүгіріп,  
Адымың жерде қуыртып,  
Арғымақ ат берсең де.  
Салтанатқа іле алман...  
Құлағын біздей қадаған,  
Кекілін қыздай тараған,  
Жүргенде ізін санаған,  
Бауырын тартып жараған,  
Қысыр жылдан өзекті,  
Қолтыраудай танаулы,  
Саптыаяқтай ерінді.  
Сарымсақтай азулы,  
От орнындай тұяқты,  
Қиған қамыс құлақты  
Ат берсең де міне алман...

Токтамыспен сөйлесер сөзі қалмағанын Едіге: «өкпе фөни сөзімді, көктен оғым зуылдап, зымырап барып айтпаса, сірә аузымнан айтпан-ды», — деп білдіреді. Өзіне тілеулес адамдар аз болмаса да, ұзақ жолға шыққанда серік табылмай, жалғыз кеткенін Едіге «ұшайын десем, қанат жоқ, қонайын десем, күйрық жоқ, әй жалғыздық қайтермін, сұм жалғыздық қайтермін», — деп мұңғып шағады. Бұл арадан да тарихтың төл шындығы жалт етіп көрінгендей болады. Едігенің тәуекелге бел байлап, алдағы ауыр күрестерге шыдауға серт бергені, Токтамыспен түбінде бір «есеп айырысуға» келетініне сенімділігі сезіледі. Едігенің бірден Едіге болып қалыптаспағаны, оның қаһарлы ханға қарсы жеңісті жорық жасауына дейін ұзақ сындар мен дайындықтардан өтуге тиісті болғаны анық тарихи шындық десек, мына тұста сол шындықтың сайраған ізі жатқандай.

Өзінің қайраты мен қабілетіне сенімнен туған қуатты сөздер мен тіркестер Едігенің бейнесін биікке көтереді.

Мен, мен дүрмін, мен дүрмін,  
Менменсіген мінезден,  
Тауба қылған ер дүрмін.  
Досымның отын сөндірмен,  
Дұшпаным отын жандырман,  
Өзім демес нәмартқа  
Шаңқап боз ат міндірмен.  
Асылын сұрамай ас бермен,  
Атасын сұрамай дос қылмаң...  
Тауға ұялар сұңқармын,  
Тау бөктерлей шүйермін,  
Тұрлаусыз өскен құланмын,  
Мезгілсіз жусап өрермін.  
Бұйырғаннан ашмын  
Шәрбат күйсаң тұшыман.  
Буыршыннан қаттымың,  
Бұйдаласаң шөге алман.  
Бурылша аттан асаумың,  
Бұғалық салсаң тоқтаман...

Едігенің аузымен айтылған кесек-кесек келісті сөз сом алтындай сұлу, әдемі әдіптелген айшықты сөз қаһарман келбетін толықтыра түседі.

Қарағайдан берік біткен теректің,  
Басымнан дауыл ұрса теңселмен.  
Қарағайға қайнап біткен бұтақпын,  
Балталасан айырылмаң.  
Еменге айыр біткен бұтақпын,  
Еңкейіп келсем ондырман...  
Садақ толы сары жебе,  
Саудыратып төккенмін.  
Атанға тартсаң ауырмын,  
Таразыға тартсаң тең дүрмін...

Сөз арасында Едіге өзінің ескі Құмкент шаһары қасында, Нілдарияның басында дүниеге келгенін, атасы Бабағұмар, әкесі Баба түкті шашты Әзиз екенін, әулие, пірлерді медет тұтатынын айтады, олар бұған түсінде аян бергенін айтады...

«Едіге батыр» жырының ел аузында түрліше айтылып, кейде қысқарып, енді бірде жаңа деректер қосылып отырғаны, әуел баста үзік-үзік аңыз түрінде таралғаны жырдың барлық нұсқала-

рынан да байқалады. Сонын бір көрінісі Едігенің Сәтемір ханға кеткен кезеңің әңгімесінің тұстан да аңғарылады. Бұл арада да тарих пен эпос арасында күрделі өзгешеліктер кездеседі. Ендігі жерде жырдың сипаты ертегі сарынына ауысады. Едіге өзіне он жеті жолдас ертіп, дала кезеді, жолдан шаршап, тұрмыстан тартыққан серіктеріне қамқор болады; жігерлендіріп, қайрат береді. Түс көріп, оны жолдастарына жорытады. Едіге түсі арқылы да жыр батырдың болашағына үлкен сенім артқандай болады. Түске сену адам баласының өте ертеден келе жатқан, аргы түбі ани-мистік дүниетанымға барып тірелетін дәстүрі еді. Демек, Едіге туралы аңызды шығарушы да, тыңдаушы да осындай ғажайып-тардың болатынына күмән қолтірмеген. Едігенің:

Мен бүгінгі түсімде,  
Алтынды ер, ақбоз ат  
Жалынан тартып мініпшім...  
Көкте жүрген періште  
Оларға барып сөйлесіп.  
Онан да аса ұшыппын.  
Төбеде жүрген қоныр қаз  
Көк үстінде іліпшім,  
Тұр тауына қоныппын,  
Төс етіне тойыппын... —

деген сөздерін жолдастарының ішіндегі жасамыз көрісі: «Токтамыс ханды быт-шыт қылып жеңіп, мерейің үстем болады екен», — деп жориды...

Ертегілік сарын Қабантын деген алыптың Сәтемір ханның қызын зорлықпен тартып алып келе жатқанын, Едігенің айласын асырып ол дәулі өлтіруін баяндаған тұста өте анық естіледі. Осының алдында ғана тарихи оқиғалардың кейіпкері болып көрінген батыр енді ертегінің қаһарманына айналғанын көреміз. Бұл да жыр сілемінің бастапқыда «әр қолдан» шыққандығын, түпкі оқиғалардың халық жадында мүлде көмескіленіп кеткенін сипаттайды. Жырды айтушылар мен жасаушылар Сәтемір ханның атағы жер жарған, дүниеде ешбір жаудан беті қайтпаған Әмір Темір екендігінен бейхабарлығы сезіледі. Алыптың алыбы да Әмір Темірдің қызын тартып алмақ түгіл маңына да жолай алмайтынын білмегені үшін жыршы-айтушыны кінәлап отырған жоқпыз. Біздің аңғартқымыз келгені — жырдың бірыңғай нақтылы тарихи эпос жанрының ауқымына сыя бермейтінін, мұнда барлық эпос-

тық аңыздауларға тәң көпқабаттылық-полистадиялылық орын алғанын ғана көрсету.

Едігенің алыпты өлтіріп, азат етіп алып қайтқан Сәтемір қызына үйленуі, әйелі ұл тауып, атын Нұрадын қоюы, Нұрадыңның жасы он екіге толғанда асық ойнап жүріп, бір шалдың жіліншігін сындыруы, шалдың ашуланып: «Жүгермек, менің жіліншігіме әлің жеткенше, жұртынан қуып шығарған Тоқтамыс ханнан барып кегінді алсайшы» дегенін есітіп мән-жайды ұғынуы, мұның артынша Сәтемірден үш сан қол алып аттануы батырлық ертегінің қалыбы бойынша жасалған...

Зерттеушілер келтірген мағлұматтарда Едігенің Әмір Темір маңында қанша уақыт болғаны түрліше айтылады, бір мәнбеде ол Самарқанда он бес-жиырма жылдай тұрып қалған делінеді (19). Мұның тым көп мөлшер екенін дәлелдеу қиын емес. Екінші бір деректе (20) Едіге айбарлы Әмірдің қарауында алты жылдай әскери қызметте болғаны айтылады. Қалай болған күнде де, Едігенің Тоқтамыспен шайқасатын кезеңінің туғанын күтіп, өзі де бұл іске қызу өзірленіп, Тұран жерінде ұзақ уақыт болғаны зайыр. Бұл кезде ол тек Самарқанның шаһарында тапжылмай тұрып қалмай, Әмір Темірдің тапсырмаларын орындай жүріп, өзінің болашақта иемденгісі келген өлкелерін, әсіресе Сыр бойын, Қаратау, Отырар өңірін, тіпті Хорезм атырабын талай рет шарлағаны күмән туғызбайды. Әрі Әмір Темірдің сеніміне ие болу, әрі өзіне туыс елдерден тілсізгес, саптастар іздеу міндетін қатар ойлаған секілді. Жырда ешбір жазба мәнбелерде (источниктерде) ұшырамайтын кейбір мезеттер бар. Мәселен, Едігенің Әмір Темір әскерін бастап, Алтын Ордаға аттанғанда жол-жөнекей қиындықтар кездесіп, қолдың әуелгі саны азайып қалғанын тарихи аңыз ғана куәлендіріп отырғанын көреміз. Мұнда «Едігенің атқа жүруіне шыдамай, қолдың бір саны қайтып кетті. Көрінген судан су ішемін деп бір сан қол қырылды. Су құрып қалған жерлерде түтігіп, тағы бір сан қырылды» делінген. Әмір Темірдің Тоқтамысқа алғашқы, 1389 жылғы жорығында аса көп әскер болмаған деген архив құжаттары мен тарихи аңыз бұл арада бір-біріне орайлас шыққанын атап өту керек. Жырдың оқиғалық өрілімі кейде тарихи түбірден тым алшақтап кетсе, екінші бір сәтте тіпті жақын үндес келеді... «Едігенің» қарақалмақ нұсқасының бәрінде Әмір Темір қосындарының сахарадағы жолдан адасып, шөлге ұшырап, қырылатыны жөнінде айтылатын. Бір айырмашылығы сол — мұндай қырылу Тоқтамыс еліне

аттанған сапарда емес, Алтын Орда ханының шанырағын ортасына түсіріп, бейбіт елді аяусыз жойып қайтар жолда болатын. Қазақ және қарақалмақ жырларындағы мұндай қарайластық Әмір Темірдің әскеріне кездескен әйтеуір бір қырсықтың жаңғырығын сездіретін тәрізді. Әрине, жырдың жалпы бағытына мұндай жеке-леген «көлденен» деректер өзгеріс кіргізе алмайды. Бұл мысал жырда шындық пен қиялдың араласып, эпикалық заңдылыққа бағынғанын, сонда да болса арақидік «нағыз болған» істердің нақтылы ұшқындары да қылан беріп қалатынын елестетсе керек.

Едігенің Сәтемір ханнан (Әмір Темір) әскер алып келгенін естігенде, Тоқтамыс өзінің байтақ астанасын соғыспай қалдырады, елдің қырғынға ұшырамай, аман қалғанын тілейді. Жыр Тоқтамысқа: «Ей, жұртым, қойларыңды сойыңдар, қол қусырып алдына барыңдар. Сендерге тимес, мен үшін бүлінбелдер» деген сөздерді айтқызады. Бұл сөздердің тарихи шындықтан онша жырақ кетпейтінін пайымдауға болады. Әмір Темір қосындарының қуатын, Едігенің айласын жақсы сезген Тоқтамыс соғыста жеңіске жете алмайтынын білгендіктен, күштерін босқа набыт еткісі келмегені, уақыт ұтып, дұшпалмен ұрысқа әбден дайындалып кірісуді ойлағаны оның бұдан кейінгі әрекеттерінен анық мәлім. Осы ақиқатты тарихи аңыз өзінше әрлеп көрсеткен...

Жырдың бұдан кейінгі желісінде Тоқтамыстың байтағын тастап, кетерде елімен қоштасуы күрделі орын алады. Жалпы алғанда, қоштасу жанрының көркем де мәнді үлгілерінің бірі болып табылатын бұл өлеңдер шындықтың басын ашуға көмектеседі. Біріншіден, бұдан Тоқтамыс пен Едігенің бір кезде өте тату болғаны, хан қарауындағы батырдың қасиетін өте биік бағалағаны байқалады.

Едігем менің бар еді,  
Едігемнің мінгені,  
Ауызы ақтан кер еді.  
Едігенің ашу ісі сол еді:  
Өзінен бір жас үлкенге  
Өзізім, сіз біліңіз дер еді.  
Өзінен бір жас кішіге  
Үкем, сен тұра тұр.  
Мен сөйлейін дер еді...

Едіге Тоқтамыстың сенімді нөкерлерінің бірі болған деген тарихи анықтаманың растамасы ханның өз аузынан осылайша

қуәлендіріліп тұр. Өлеңнің мұнан соңғы жолдарында бірер сөзбен болса да, Едігенің жауығуының себебі айтылып қалады:

Ескілен кегі бар еді,  
Кете алмай-ақ жүр еді.  
Көре алмасы көп болды,  
Көтермесі жоқ болды...  
Едіге сынды батырдан  
Қаныда сөйтіп айырылдым...

Токтамысқа дегенде Едігенің жүрегіне мұз кату себебі, ханның құзырында қадірленіп жүрсе де, ұмыта алмаған кегі неден екені тарихи мәнбелер мен жыр, аңыздарда түрліше түсіндіріледі. Ноғайлар арасында сақталған шежірелік деректерде: «Едігенің аты тарих майданына Токтамыс ханның атымен бірге шыққан. Токтамыс хан соғысып, Алтын Орданың тағында отырғанда Едігенің әкесі Балтышақты өлтірген. Бірақ Едіге амалсыздан Токтамыс ханның қолында қызмет қылып тұрады. Кейіннен Токтамыстың қараулығынан қорқып, Шаһ Темір ханға, Самарқанға қашады» делінген (21).

Бұл мәселе қазақ жырларында әр түрлі айтылады. «Мырза Едіге» деген нұсқада (Ташкент, 1922) Токтамысты Едігеге өштестірген ханның әйелі болады. Ал Мұрын жыраудан жазып алынған мәтінде (тексте) Токтамыс Едігенің әкесі Құттықияның өте жақсы көретін Қуканат деген құсының бір жұмыртқасын жасырын түрде Сәтемір ханға беріп жібергені үшін өлтірген делінеді (22). Нұртуған жыраудың айтуындағы нұсқада Едігенің әкесі Мәулімнияз, ал асырап алған кісі Құттықия аталады. Мұнда да Токтамыстың қаһары Түктіаяқ деген құсының жұмыртқасын Сәтемір ханға кетіп қалғандықтан туады, жаза көретін Құттықия болады (23). Қарақалпақстандағы қазақ жыршысы Қылышұлы Қартбайдың орындауынан жазып алынған нұсқада Едігені Токтамысқа шағыстыратын ханның қасындағы билері деп көрсетіледі. Токтамыс пен Едігенің араздасу себебін басқаша баяндайтын мәнбелер де жоқ емес. Бұл аңыздар мен шежірелердің ешқайсысын да қоспасыз шындық деп қарамағанның өзінде де бір мәселеге көзіміз әбден жеткендей. Ол — Едіге мен Токтамыстың бастапқыда доспейіл болып жүріп, ақырында бірінің түбіне бірі жеткендей қастыққа баруының түбірлі де, қосалқы да себептері бар екендігі...

Токтамыстың елімен қолтасуынан жыршы-айтушының Алтын Орда ханының басындағы трагедияны терең тегіреніп толғағаны сезіледі. Армандай болып анырап шыққан сөздерден бидің таққа таласуы ел іргесін шайқалтып жібергені барынша шыншыл көрінеді...

Жырдың кара сөзбен баяндалған ақырғы тұсы тартыстың қалай біткендігін хабарлаумен аяқталады. Қашқан Токтамысты Телікөлге дейін қуып барып Нұрадын өлтіреді, ханның екі қызын Едіге олжалап, Нұрадынның ашуына тиеді, әкелі-балалының арасынан жанжал шығады, елді екеуі бөліп билейді. Бірақ артынан татуласады. Сол кезде Токтамыстың Қадырберді сұлтан деген баласы кекке қайралып, Едігенің жатқап үйіне келіп, бидің басынан үш қайтара секіріп түсіп: «ер болсаң өлерсің, қор болсаң жүрерсің» деп қорлағанына шыдамай Едіге мен Нұрадын өліп кетті, еліне Қадырберді хан болды деп баяндайды жыр.

#### IV

Жырдың қазақ арасына неғұрлым кең тараған және ертерек жазып алынып, баспа жүзін көрген әрі зерттеу нысанасына айналған нұсқасының ұзын-ырғасын қысқаша шолып өттік. Әлбетте, қандай да болмасын ауызша айтылып келген шығарманың барлық қыры мен сырын белгілі бір нұсқа толық аша бермейді. Сол үшін тарихи эпостың басқа варианттарын да сөз ету қажет. Мұндай нұсқалар жырдың кейбір желілерін толықтыра түссе, енді бірде тың сарындар қосады. Ғылыми тұрғыдан алғанда варианттардың қай-қайсысы да жіті назар аударуды керек етеді. Қазақстанның әр жерлеріндегі жыршылық мектептердің дәстүріне орай олардың өзіндік өрнектері болуы табиғи. Сондықтан Едіге жайындағы жырлардың бірнешеуіне кідіріп өтуіміз ләзім.

Қазақтың халық әдебиетін жинауда ерекше еңбек сіңірген *Әбубәкір Диваев жазып алған және жариялаған «Мырза Едіге»* аталған аңыз қарасөзбен берілген. Бұл нұсқаның жекелеген кейбір өзгешелігі кездеседі. Мәселен, аталған нұсқада перзент тілеп нала шеккен әулие емес, «баяғыда өткен бір бай» делінеді. Ал оның үйленетіні үш пері қызының кішісі Кенжекей деген болады. Пері қызының байдан жүкті болып кетіп, баланы тастайтын жері «тоғыз жолдың торабы». Едігені нәсілі бала пері деп сипат-

тайды... Едігенің Тоқтамыс құзырында жүргенде олардың араздасуына себепкер ханның сұлу қатыны болыпты. Міне, аңыздың бастапқы тұсындағы азды-көпті алшақтықтар осындай. Ә. Диваев хатқа түсірген нұсқаның бұдан кейінгі жерлері таза ертегілік рең алады. Оның іздеп келген ханы Сәтемір уәзірлерінің азғыруымен Едігенің әйеліне қызығады, батырдың көзін жою үшін оны алыс, қиын сапарға жұмсайды. Бірақ Едіге әйелінің ақылымен хан құрған тордан құтылып шығады. Аңыз ертегінің желісі атақты Жиренше шешен мен Қарашаштың басына түскен оқиғаны еске салады. Едігенің әуелгі жауы Тоқтамыс болса, кейінгі дұшпаны Сәтемір болып шығады. Ақырында қастық ойлаған Сәтемірдің өзі опат болады. Едіге Мысқал атты пері әйелінен туған баласының атын Нұралы қояды... Сонымен, бұл нұсқада тарихи Тоқтамыс пен Едіге арасындағы кайшылық батырдың елден кетуіне ғана себепкер болып, әңгіменің салмағы Сәтемірдің көрсекқызарлығын айтуға сайған...

*Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған нұсқаларда* жырдың жалпы мазмұны аңыз-әңгіме түрінде қорытылып берілген. Бұл әңгіменің өзі екі түрлі баяндалады (24). Бір ғажабы сол – мұнда атақты ақын әрі халық әдебиетін жинаушы Мәшһүр Жүсіп әрі айтушы, әрі түсіндіруші (комментатор) сипатында көрінеді, өзі айтып отырған әңгіменің арасында өз көзқарасын да білдіреді. «Біздің қазақта атақты, даңқты үш батыр болған» деп басталатын әңгіме жартылай аңыз, жартылай авторлық шығарма секілді сезілетіні осыдан.

Аңыз әңгіме Едігені сипаттаған сөздерімен басталады. Бұл жолдардың кейбіреулері ел арасында кеңінен тараған жыр тармақтарын қайталаса, кейбір шумақтары өзгешелеу естіледі:

Едіге деген ер дүрмін,  
Үзілмес жібек кендірмін.  
Өзі білмегенге  
Білгеннің тілін алмағанға,  
Еменнен шоқпар шекесіне  
Шық еткізетұғын мен дүрмін...

Жыр кейіпкерінің аты-жөні, мекені былайша таныстырылған: «Қазақ үш жүз деген атқа ілінбей, елдігі, жұрттығы көзге көрінбей жүрген күнде қазақ ортасында Баба түкті шашты Әзиз делінген диуана болыпты. Қаратау маңайында, Мыңжылқы деген таудың бауырында бір бұлақты дәрет алып, намаз оқуы үшін

меншікті мекен-жайы қылып жүріпті». Баба түкті шашты Әзиздің пері қызына үйленуі, одан туған баланың аты Едіге қойылуы, өзге нұсқалардағымен сарыңдас болғанымен, кейбір алшақтықтар кездесе береді. Аңыз-жырдың көрсетуінше, далада бесікке бөлеулі қалпында қараусыз жатқан баланы біреу «Түркістанда ноғайлығын ханы Тоқтамыс ханға апарып беріп, Тоқтамысқа асыранды бала болып, соның қолында өсіпті». Ал Сәтемірдің қызын «тартып алған» алыптың аты Қаратобын делінеді. Тоқтамыстың Едіге, Нұралындардан (бұл нұсқада Нұралы) қашып, ажал табатын тұсы нақтырақ, кеңірек айтылған.

«Ол заманда Әмір Темір көреген бар екен, ол да Тоқтамысты қорғалата алмапты. Тоқтамыс сол қашқаннан қашып, Ертіс өтіп кетіпті. Бір қопаға барып қорғалапты. Жалан аяқ екен, аяғын камыс тіліп, қанап, сол қанның ізімен бұлжытпай тауып өлтіріп, қопаның шетіне сүйретіп алып шығып көміпті. Бұл күнде сол қопаны Баян қопасы дейді. Басында бір оба бар, Тоқтамыстың кара обасы дейді. Бұрынғы заманда сол обадан Тоқтамыстың үзенгісін тауып алғандар болып, үзенгісінің кендігі бұл заманның атының басы сыйып кететұғын деген екен. Керекуге жүз елу шақырым жерде Шут деген қала бар, соған ұрымтал манайлас дейді». Осы үзіндінің өзінен-ақ халық әдебиеті туындысында шындық пен қиялдың шытырман араласып отыратындығын байқауға болады. Мұнда Сәтемір хан мен Әмір Темір екеуі екі бөлек адамдар ретінде көрінген. Ал «Тоқтамыстың өлген, обасы қалған жері осы» деп атын атап, түсін түстеп айтылуының өзі зерттеушілер назарын аударатын нәрсе.

Осы аңыз-әңгімеде тағы бір тосын желі бар. Ол – Тоқтамыстың күндерінің біреуінен туған Кейкуат дегеннің ер жете келе Едігені өлтірмек болып іздеп шығуы. Кейіннен Едіге Кейкуаттың ауыр сөздерін көтере алмай өлген делінеді... Әрине, нақтылы тарихи жағдайда Тоқтамыстың кегін кектейтін тілеулестері аз болмағаны белгілі. Бұл арада сол жағдайдың жаңғырығы жағуы әбден мүмкін.

Едігенің туған, тұрған, өлген жерлері туралы әрбір нұсқада түрліше айтылуы, жыршы, орындаушылар аңыз-әңгімені өзіне неғұрлым таныс өңірге жақындатып баяндауы табиғи нәрсе. «Ер Едігенің тұрақ қылған жері Ұлытау, Кішітау екен. Өзі өлерінің алдында Ұлытаудың басында отырып, Кейкуаттың сөзінен құса болып жарылып өлген екен. Сонда өлерінде айтқан екен:

— Мені бұл жерге жер қазып көмбелдер, қорған тас қалап қойыңдар. Нұралы жер үстінде бар болса, «ат айналып қазығын табар, диірмен айналып шүмегін табар» дегендей бір табар. Сонда «мені Қаратаудың бауырында қарақалпақ атасы Созақтың қара обасының қасында Баба түкті шашты Әзиз атам бар, соның қасына апарып қойсын» деген өсиетімен сонда апарып қойған екен. Ұлытауға аманат қойған екен. Ұлытаудағы аманат қойған жайын «Ақмешіт әулие» деп атап кетіпті».

*Едігеге қатысты әңгіменің қысқаша тағы бір нұсқасын* «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы сегізінші санында жариялаған Нартай Мәшһүр Жүсіпов «бұл әңгімелер Жүсіптің өз шаңырағында сақталған қолжазбасынан алынды» деп түсінік берген. Осыған қарағанда даланың дарқан ғұлама білгірі, ескі сөздерді ерінбей жинап, неше алуан асыл қазынаны келешек ұрпаққа мөлдір таза тілмен хатқа түсірген Мәшһүр Жүсіптің әлі де ақтарылмаған «қоймалары» барға ұқсайды. Сөз болып отырған қысқа аңыз-әңгімені өз алдына жеке бір нұсқа деп қарауға болады. Осындағы бір адамның өзі өлгеннен кейін қалған жалғыз ешкісіне жеті баласының таласуы, оған Едігенің төрелік беруі туралы әңгіме басқа нұсқаларда кездеспейді. Мұнда Едігенің ұлы Нұралы (Нұрадын) Кейқуаттан әкесінің өлімі үшін кек алғаны хабарланады. Осылайша Едігенің жаулары болып Тоқтамыстың өз балалары емес, күннен туған Кейқуат айтылған. Мәшһүр Жүсіп бірде бұл әңгімелер ауыздан ауызға тарап келгенін, Едігенің сүйсігі Баба түкті шашты Әзиз әулиенің түбінде қойылған деген аңызды да ескертеді... Тарихи оқиғалардың танылмаған бұлдыр тұстары көп қой. Ресми жазба құжаттарда Едігенің нақтылы қай жерде қайтыс болғаны жөнінде сенімді тұжырым кездеспейді. Мұндай жағдайда аңыз-әңгімелер, сөз жоқ, қосалқы мағлұмат саналады. Көптеген аңыз әңгіменің Едігенің туған жері мен өлген жерін Қаратаудың теріскейіндегі Баба түкті шашты Әзиз әулиенің сағанасы жатқан жерге «бұра беруін» мүлде дерексіз қиял деп атап өтуге де болмайтын тәрізді. Күні бүгінге дейін көне Құмкент манайын қоныс еткен елдердің ұрпақтары өздерінің туып-өскен жерін «Едігенің майлы жұрты» деп атап келгені де ақиқат. Ал Едігенің шыққан руының аты құжаттар бойынша кейде маңғыт, енді бірде қоңырат делінсе, бұл рулардың өлкені атам заманнан бері жайлап келе жатқаны тағы да белгілі. Қазақ шежіресі бойынша маңғыт (манғытай) руы қоңырат тайпасының құрамын-

дағы ел болып саналады. Бірақ ғылым принципі жекелеген куәліктер емес, тарих пен аңыздың толық үйлесетін тұстарын табуды мұрат тұтатыны қалыптасқан қағида.

*Мұрын жырғау жырлаған «Едігені»* де елеулі нұсқалар қатарында қараймыз. Мұнда да оқиғаның шиеленісуіне Тоқтамыстың Едіге әкесін өлтіріп, Едігені де жоқ қылуда ниеттенуі себеп болады. Ханның мұншама өштікке баруы Тоқтамыстың Қуканат деген құсының бір жұмыртқасын құсты бағушы Құттықияның Сәтемір ханға жасырын беріп жіберуінен делінеді. Тартыстың негізгі сарышы өзге варианттардағымен ұқсас болғанымен, елеулі өзгеліктері де көрініс береді. Бұл нұсқала Едігенің әкесі Құттықия хан әулетінен деп хабарланады. Құттықияның әкесі Парпария Сәтемір ханмен дос болыпты. Құттықияның Қуканат құстын бір жұмыртқасын Сәтемір ханға беріп жіберуі осындай достық қатынасты сыйлағандықтан екен... Ашуланған Тоқтамыс Құттықияны өлтіргенімен тұрмай, оның баласын да құртпақ болады. Осы тұста асқан адамгершілік көрсетіп, жас Едігені жасырып, оның орнына өзінің туған баласын қиятын Жылқыбай деген адам. Жылқыбайдың мұншама сирек ерлікке баруы Едігенің ата-бабасын қадір тұтқандықтан, жақсының тұқымы жойылып кетпесін дегендіктен деп түсіндіріледі. Тіпті Едігенің ата-бабалары кім екенін айтып беретін де Жылқыбай болады.

Арғы атаңды айтайып,  
Алатайлы Аншыбай.  
Аншыбайдың екі қатыны  
Артық еді ақылы...  
Екі әйелден, қарағым,  
Екі бала бұл туды,  
Баба түкті шашты Әзиз  
Екі бірдей ұл туды.  
Біреуінен бала жоқ,  
Біреуінен туғаны  
Парпария деген ұл болды.  
Парпариядан, қарағым,  
Құттықия деген ұл туды...  
Хандығынан айырылып  
Отырып еді жалғыз үй  
Қуканат еді баққаны...

Жыр Едігенің аталары хандық құрғандығын осылайша шежірелік желі түрінде береді... Бір ескертерлігі сол — жыршы

Баба түкті шашты Әзизді екі адам деп түсінген. Жырдың өзге нұсқаларында аты аталатын, Едігеге ылғи дос пейіл болып көрінетін Аңғысынның кім екені Мұрын жыраудың айтуында анықтала түседі. Аңғысын Токтамыстың қырық нөкерінің бірі екен. Әсілі хан ордасындағы құпияларды Едігеге жеткізуші, дер кезінде кеңес, көмек беруші Аңғысынның түптіұлғасы өмірде болғаны анық деп қарауға болады.

Сөгім ханның берген әскерін алмай, Едіге Токтамысқа аттанады. Батырлық ертегіге тәп мұндай көріністің түпкі себебін түрліше пайымдауға болады. Тарихи құжаттарда да, аңыз әңгімелерде де Едігенің Әмір Темір көмегіне сүйеніп, Токтамысқа алғаш аттанғанында сонына ерткен қосын тым көп болмағаны айтылатын еді. Мына жырда да сол сарын өсіріленген түрде болса да қайталанып тұрғанын көреміз. Қалай болғанда Ноғай Ордасында өзінің тілектестері мол екенін жақсы біліп, елдің көңіл күйін таразылаған Едігенің Токтамысты жеңетініне сенімді болғаны бұл арадан да сезіледі. Токтамыс елінің ішіндегі алалықты, тіпті ханға деген жат мінезді төмендегі жолдар аңғартады:

Токтамыс салды хабарды,  
Ноғайға кел деп бұйырды.  
Едігедей ерменен  
«Ұрысуға ер» деді.  
Токтамыстың сөзіне  
Жалғыз ноғай ермеді.  
Бір адам еріп жүрмеді,  
Токтамыс жаман торықты...

Бұл жолдар Токтамыс қарауындағы елдің іштей ыдырап, хан өктемдігінен құтылуды аңсағанын сездіре алады. Сонында тұтас елі, қалып әскері болса, Токтамыстың шу дегеннен үрейі ұшып, байтағын тастап қаша жөнелуі мүмкін болмас еді. Еуропа авторлары қалдырған жазба деректерде Едіге мен Токтамыстың жойқын қосындары қиян-кескі ұрысты деп көрсетілгенінің қаншалықты дәл екенін таразылап көру үшін де эпостың тек аңыз арқылы жеткен сарындары пайдасыз еместігі көрінеді. Токтамысты қанша жең көріп, кектескенімен, Едіге өзіне етене ұлыстың мүлде жойылып кетуін қаламағаны, Алтын Орданың қырғын тапқаны Әмір Темірдің 1391, 1395 жылғы сұранып жорығы кезінде болғаны белгілі. Едігенің Әмір Темірден түніліп, одан бойын аулақ салуға тырысуы өзі жеке-дара билеуді армандаған елінің күлі

көкке ұшып, қалалардың қиратылып, сан мыңдаған ағамдардың жазықсыз набыт болғандығына байланысты деп көрсеткендер пікірінде жан бар. Едігенің Токтамыспен бетпе-бет келіп, кінәласқан жерінде де шындықтың үшқыны елестейді. Мұнда Едіге Токтамыстың жазықсыз жандарды нақак өлтіргенін айыптайды.

Токтамыс хан сен,— деді,  
Артыңнан келдім мен, — деді,  
Құтлықия бабамды  
Өлтіргенің шын ба еді?  
Бір торғайдың қуны үшін,  
Жылқыбайдың өлтірдің  
Мен үшін жалғыз баласын...

Едіге Токтамысты өлтіріп, оның орнына Жылқыбайды отырғызды, ханның үлкен қызын өйелдікке әперді деуі жырдағы тосын шешімдердің бірі. Бұл Едігенің жақсылық жасай алатын қайырымдылығын көрсету үшін алынған көрініс десе болады.

Мұрын жырау «Едігесінің» бұдан былайғы оқиғалық өрілімі мүлде басқа арнаға түседі. Едігенің ендігі жауы «қалмақ» болып шығады. Ол қалмақтың Қанқожа деген ханыммен, оның баласы Абығаймен, батыры Тоғалаймен соғысып жеңеді. Едігелер майдандасып жүргенде елін Имапқара деген қалмақ шауып алады. Қалмаққа қайта шабуыл жасағанда Едігенің қасында ноғайлының батыры Айсаулы Ахмет сенімді серік болып жүреді. Осы екеуі бірігіп, жауларын жайшап салады...

Жырдың ақыры осылайша күрт өзгеріп, ежелгі эпостық жау қалмақпен соғыстарға ойысуы тарихи шындыққа сәйкес еместігі зайыр. Өйткені Едіге тарихи аренаға шыққан кезде қалмақ жаулар тым алыста жатыр еді. Жыршы, айтушы тарихи аңыздың ұмытылған желілерінің орнын қиялмен толтырып, Едігенің батырлығын «дәлелдеу» үшін оған бертіндегі қалмақ жауды кездестірген...

*Едігеге арналған қазақ жырларының ең көлемдісі* (қарасөзі, өлені аралас төрт мың жолдан артық) *Нұртуған жыраудан жазып алынған нұсқа* (25). Жырдың кіріспесінде ақын Едіге туралы ежелгі әңгімесі өзінше жырлағанын айтады. Шынында да, мұнда жырды шығарушының өзінен бұрынғы нұсқаларды дамыта пайдаланғаны байқалады. Нұртуған вариантының өзгешелігін белгілейтін тұстары төмендегіше:

1. Едігенің ата-бабалары араб тектес делінеді. Онып түпкі атасы Бабанияз, онын баласы Сұлтанпаяз, Сұлтанпаяздан Қыдыранияз, Қыдыранияздан Мәуліманияз. Едігенің әкесі осы Мәуліманияз болады.

2. Әуелде Стамбұл қарауында болған ноғайларды қырық жыл бойы Қырым хан билейді. Қырым өлген соң, ноғайлар хандыққа таласып, үшке бөліліпті. Үшсүйе үш хан сайланады. Хандардың біреуінің аты Қартамыс, екіншісі Токтамыс, үшіншісі Сәтемір хан екен. Қаншама қиял қоспасы аралас келіп отырса да, бұл арада бір кездегі Ұлық Ұлыстың (Алтын Орданың), оның ішінен бөлініп шыққан Ноғай Ордасының ыдырай бастаған дәуірінің шындық елесі аңғарылғандай. Ноғайлардың, әсіресе қырымдықтардың Түркия ықпалында болғаны да, одап кейін сыртқы дұшпан күштердің және ішкі алауыздықтардың салдарынан ынтымағы жоғалып, ақырында тәуелсіздіктен айырылғаны белгілі...

3. Едігенің әкесі Мәуліманияз жастай жетім қалып, Баба түкті иашты тәжі деген әулиенің қолында тәрбиеленеді. Мәуліманияз сол әулиенің қарауындағы бес жүз мүритінің (шәкіртінің) ең озығы болыпты. Піріне қызмет етуге берілгендігі соншалық – Мәуліманияз «бұл өмірде қатын алмаймын, бала сүймеймін, дүние жинамаймын, күнә көбейтпеймін», — дейді екен.

4. Мәуліманияздың осындай сертін оның түсінде көрген сұлу қыздың: «Қап тауының аржағында көзді қара судың бойында менің мекенім бар. Сол арадан мені іздеп тап, екеуіміз дәурен сүрейік» деген ынтық сөзі бұзады. Шығыс дастандарында да, казак жырларында да жиі кездесетін «түсінде көріп, ғашық болу» сарыны жырға осылайша араласады. Пірге берілгендік шартынан сұлу қызға деген ғашықтық басым түседі. Түсінде көрген қыз перінің қызы болады. Пірінен рұқсат алып, қызды іздеген сапарының ақыры перінің қызы Кенжекейге үйленуімен аяқталады.

5. Жырдың кейбір нұсқаларында Токтамыстың құсын бағатын құсбегі Құттықияның хан қаһарынан қорықпай, алыстағы Сәтемірге Түктібалақ атты құстың жұмыртқасын беріп жіберуі көмескілеу, дәлелсіздеу болатын. Мына нұсқа осы мәселеге анықтық енгізгендей. Сәтемір өзінің қызы Қағазды Құттықияның ұлына беретін болып уәделестік жасайды. Құттықия патшамен құда болуды мәртебе санайды.

6. Сәтемірге Түктібалақтың жұмыртқасын беріп жібергеніне ашуланып Токтамыс Құттықияны үй-орманымен жойып жібер-

мек болғанда жас Едігенің орнына туған баласы Құбылды құрбаңдыққа беретін Құттықияның інісі, ханның кеңесшісі Құтты би болады.

7. Жырдың басқа нұсқаларында Едігеге тілектес болып көрінетін Аңғысын қатардағы көптің бірі емес, сөзге шешен, парасат иесі, ақын сипатында бейнеленеді. Аңғысын Токтамыс пен Едігенің арасы ұшқынып бара жатқанын сезіп, мұның ақыры үлкен ойранға апаратынын сезетін жан болып көрінеді. Ол Токтамысқа «жат пиғылыңнан қайт» дегенді айтады. Екі мықтының арасы тым алшақтап кеткенін көргеннен кейін Аңғысын Едігенің хан ордасынан сытылып шығып кетуіне көмектеседі. Кейіннен Едіге Сәтемір ханмен әскерімен келіп, Токтамысты тақтан тайдырғанда оның орнына осы Аңғысынды қоюы бұлардың арасындағы достықтың тамыры терең болғанын байқатады.

8. Нұртуған жырау нұсқасының ең күрделі өзгешеліктерінің бірі — Едігенің Сәтемір қызы Қағазды «тартып алған» қалмақ ханы делінетін Кабантин дәуді көп арпалысып жүріп өлтіретін тұсы. Бұл оқиғаны баяндауға, суреттеуге жырда мол орын берілген. Өз алдына құрылыстық бітімі бар ертегілік эпос тәрізді. Ақын-жыраудың төгілген тілі, суреткерлік мүмкіндігі де осы арада ерекше айшықтанып көрінеді. Едіге мен Кабантин арасындағы тартысты әңгімелейтін жерлер қарақалпақ «Едігесімен» үлес, орайлас екендігі күмән келтірмейді. Тілі, эпостық дәстүрі жақын халықтардың жырларында мұндай ұқсастық кездесуі табиғи. Жырдың осы бөлігіндегі тіл жатықтығы, дәстүрлі бейнелі тіркестердің жиі ұшырауы оның сан түрлі айтушылардың талғамынан өтіп, қалыпты өрнектерге не болғандығын байқатады. Жырдың көркемдігі биік болуының негізгі себептерінің бірі оның ел арасында үздіксіз айтылып, ежелгі тұлғасының ұмытылмай, қанықты кестелердің сақталуына байланысты.

Нұртуған жырау көп жерлерде ескі тарихи аңыздың желісін өзінде толғайды. Мәселен, Едігенің Қап тауындағы пері қыздарын іздеп шыққаны, жол-жөнекей бастан кешіргендері, перілер мекендеген жердің табиғат ерекшелігін айтуы, «бірі перінің қызы, бірі әулие» жандардың басы қосылғанын баяндауы, Кенжекейдің кетерінде перілердің адамзаттан «айырмашылығын» түсіндіруі жырдың өзге нұсқаларында қарасөзбен қысқа қайырылған жайларды аян етеді. Мәуліманияздың алғаны Кенжекейдің аузымен айтылған сөздер бізді тосын ұғымдарға қанықтырады.

Біз пері деген халықпыз,  
Періштен төмендеу  
Адамнан артық үлесі.  
Нағыз таза болады  
Перизаттың кеуесі...  
Пері халқы ұшады,  
Өзгеріліп болымы,  
Қолтығымның тесігі  
Ұшатын қанат орыны.  
Білмедін надан оны да  
Көнілін сонша тарылды...  
Басқасын көр, болмайды  
Етегің пері көруте.  
Сөлай ғып құдай жаратқан  
Қайымдап суға жүзуге...

Әулие мен перінің қызынан туған жас бала – Едігенің дүниеге келерінің алдындағы оқиғаларды кең өңгімелеуімен, оны Мәулімнияздың күсбегі Құттықияға аманат етіп тапсыруымен жырдың алғашқы аңыз-әпсаналық бөлегі аяқталады. Бұдан кейін жыр Тоқтамыс хан билеген елдің нақтылы жағдайына жақындап, тарихи дәуірдің болмысына бұрылады... Басқа нұсқаларда қарасөзбен ғана баяндалып, ауызша өңгімеге ұқсайтын жерлер Нұртуған вариантында кең түсіндіріліп, таратылып айтылады.

Араларындағы татулық күшті кезде хан Едігені «өлсем, орныма хан болады» деп жұртқа жариялады делінетіні жырдағы өсірелеу деп түсінеміз. Өзінен туған ұлдары бола тұрып, белгісіз біреуге хандықты қию мүмкін еместігі белгілі. Бірақ осы тұста да шындықтың жаңғырығы бар екенін мойындамауға болмайды. Тарихи деректерде Едіге Тоқтамыс әскерін басқарушылардың бірі болғаны айтылады. Тоқтамыстың қастандық ойлауы Едігенің іш пиғылын білгеннен кейін туса керек. Едігенің әкесіне жасаған озбырлығын есіне алған хан күндердің күнінде достық дегені қастыққа айналып кетуі мүмкін екендігінеп сескенеді. Оның үстіне ханның ханымы Құлқаныстың Едігені жамандауы мәселені ушықтыра түседі. Жырдың Нұртуған нұсқасында ханымның Едігеге неліктен өштескені сенімді баяндалады. Мұнда Құлқаныс өзінен жасы көп үлкен күйеуіне көңілі толмай, Едігеге ынтық болғаны, тілегі қабыл болмағаннан кейін кектесіп, оған қарсы ханды айдап салғаны шебер суреттелген. Құлқаныс Едігеге ынтық болғанын былайша білдіреді.

Әй, шырағым, ақ сұңқар,  
Артық туған төрс едім.  
Сен періден туған құмайсың,  
Айтпасан да білемін.  
Жүп-жұмсақ жауһар төніңді  
Аймаласам деп едім.  
Бал тіліңнен сүймекке  
Ынтызар бейбақ мен едім.  
Ақ сұңқар күсқа, шырағым,  
Таққа мінген хан ғашық...  
Сұлу жанға ер ғашық,  
Бейшара күнге күл ғашық.  
Екі құлып ойнаса,  
Тұрмай ма тіпті жарасып.  
Бура мен бота ойнаса,  
Ондырмас сірә жанасып.  
Құдай қосты көріге,  
Бұйрық емес, мінәсіп.  
Мен бір тұрған тұрымтай  
Жастай қалған адасып...

Едігенің өзіне мойны бұрылмасына көзі жеткен Құлқаныс енді оның көзін жоюдың ақылын қарастырып, Тоқтамысқа «той жасаймын, тағымды Едігеге беремін» дегізеді. Терең ойластырылған қастандықты осындай дабырапын тасасында атқаруды көздейді. Қалай дегенде де, Едігенің Тоқтамыстан көңілі суып, кетісуіне дейін хан сарайында көп шырғалаң тартыстар болғанға ұқсайды. «Едіге Сәтемірге кетті» дегеннің астарында қаншама қайшылықтар, тайталастар жатқан өскілі. Едігенің Әмір Темірге (Сәтемірге) ынтызарлығы артқандықтан емес, Тоқтамыспен күресіне бірден-бір көмек болар күш деп аттанғанын ескерсек, нағайлы еліндегі билік үшін таластың шырқау шегіне жеткені түсінікті болмақ. Нұртуған жырлаған нұсқада осы хал неғұрлым кең баяндалған.

Осыдан кейін Едіге атымен берілген жаңа бір батырлық дастанды оқимыз. Тілі жатық, тіркестері қисынды, еркін құйылған әдемі өлең әдіптелген. Едіге бала кезінде «атастырған» қалыңдығы Қағазды іздеп келгенде, ол елді қалмақтың батыры Кабантин шауып кеткенін естіп, дұшпанның сонынан аттанады. Қалмақ ханының аты Қараман екен. Едіге өзінің кім екенін білдірмей, Кабантинның қызметінде жүріп, ақырында дәуді өлтіріп, жауға тұтқын болғандарды босатып, өзі Қағазға үйленеді. Бұлардың баласы Нұрадың да батыр болып, кейіннен Тоқтамысқа аттанған

қолды басқарады. Токтамысты тағынан қуатын да, бейбіт елді пабытқа ұшырататын да, ханның қыздары Капшыкей мен Тыныскейлі олжалайтын да Нұрадың болып көрінеді.

Жырдың екінші бөлегі классикалық қаһармандық эпостың үлгісінде жасалған. Бірақ Токтамыс пен Едіге тартысына жапаламай ғана қатысатын, іс жүзінде өз алдына жеке жыр болып қалыптасқан. Бұдан тарихи тұлға Әмір Темірдің (Сәтемірдің) жұртындағы нақтылы жағдаймен жыршы-айтушының таныстығы жоқ екені сезіледі. Сондықтан бұрынғы батырлық ертегілер үлгісімен қиялға ғана негізделген шығарма туған...

Келтірілген мысалдар мен талдаулар Едіге туралы жыр-аңыздардың ел жадында сақталуының қилы-қилы деңгейі болғанын дәлелдейді. Уақыт өткен сайын тарихта анық орын тепкен оқиғалар көмескі тартып, олардың орнын кейде ертегілік, кейде әңсәналық-аңыздық сарындар ауыстырған, енді бір жағдайда осы тақырыптың ауқымына өзге эпостық аңыздаулардың фабулалары кіріктірілген (контаминация). Ондай аңыз-жырларда Токтамыс пен Едігенің аттары ғана аталып, олардың арасындағы күрес пен тартыс ұмыт қалдырылып, әңгіме әуені басқа арнаға тартады. Бір атап өтерлігі сол — мұндай нұсқалардың бәрінде де Едігенің ерлігін мадақтау негізгі желі болып қала береді. Халық хатирасында Едіге данқының зор болғандығы соншалық — оның «әулиелік» туысы мен жаннан асқан батырлығы барлық аңыз-әңгімелерде де аталып отырады.

Осындай нұсқалардың бірі — ташкенттік фольклоршы, филология ғылымдарының докторы Қыдырәлі Саттаров пен әдебиетші Жәмила Әбдірахманқызының *Қарақалпақстанның Қоңырат ауданындағы Тасбөгет ауылының тұрғыны жырау Қартбай Қылышұлының орындауынан жазылған «Едіге батыр»* жыры. Едігеге қатысты бұл вариант бізге жаңадан мәлім болып отыр. Жырдың сөздік құрамына, өлең үйқастарының өзгешелігіне, оқиғаның болған жерінің атауларына қарағанда бұл нұсқаны карақалпақтар жаратқаны аңғарылады. Көптеген эпостық аңыздаулардың қазақ пен карақалпақ арасында өзінің төл туысындай таралғанын еске алсақ, мына «Едіге батырдың да» осындай ауысу жолымен келгеніне таң қалуға болмайды. Мұны қазақ жыршылары қашаннан бері айтып келгенін ашықтау өз алдына бір мәселе. Бізге анығы — бұл «Едіге батырдың» қазір Карақалпақстанда тұратын қазақ жыршыларының репертуарында орын

алып отыруы. Осы себептен де, мұны қазақ «Едігелерінің» тізбегінде қарап өтудің артықшылығы жоқ деп есептейміз.

Жыр «бұрынғы өткен заманда, Хорезмнің жұртында Токтамыс деген бір хан өмір сүрген екен» деген сөздермен басталады. Тарихи мәліметтерге қарағанда, Токтамыстың тақ пен тәж үшін күрес жолында алғашқы кезде Әмір Темір көмегіне сүйеніп Сыр бойында, Хорезм өңірінде билік жүрізуге ұмтылғаны белгілі. Демек, қарапайым халықтың оны Хорезм ханы деп дақпыртқа айналдыруында негіз жоқ емес (26). Жырда бұдан әрі қарай «ол ханның мекені Қоңырат қаласы болыпты. Ханның қарауында қырық мың үйлі қоңырат, қырық мың үйлі қыпшақ, қырық мың үйлі маңғыт, қырық мың үйлі қаңлы, қырық мың үйлі жаумыт, қырық мың үйлі шаудыр, он мың үйлі ұйғыр, он мың үйлі үйсін, он мың үйлі найман» болған делінеді. Аталған рулардың көбі қазақ, карақалпақ, ноғай халықтарының құрамындағы елдер екені белгілі. Демек, жыр Токтамыс хан жұртының этностық құрамына да пұндыққа сәйкес атап отыр.

Жырдың жалпы сарынында батырлық ертегінің белгілері бар. Жинақтап айтқанда, мұнда карт ата-ананың баласыздық зары, болашақ қаһарманның ғажайып туысы, жедел жетілуі, оған зұлым күштер қастандығы, жас батырдың жауға аттанып, ересен ерлік көрсетіп, дұшпанды жеңуі, ерлікпен үйленуі секілді мотивтер толығымен ұшырайды. Ханның құзырындағы төксан бидің ішіндегі ең беделдісі Тұлымби қожаның перзентсіздіктен тартқан жапасы қазақ жырларына тән қалыпты көріністерден (мәселен, «Алшамыстағы» Байбөрінің, «Ер Сайындағы» Бозмұнайдың наласы т.б.) басқашалау естіледі. Бұл арада оғыз халықтары аңыздауларында («Дәде Қорқыт кітабы» т.б.) кездесетін сарын орын алған. Өзге билер Тұлымбидің баласыздығын бетке басып, оны хан сарайынан қудыруы осыны көрсетеді... «Не жазығым бар еді» деген Тұлымби сұрағына ханның билерінің бірі Кенжебай көсе (өзге варианттардағы Кенжамбайға ұқсас) «Ей, қожам, бұл сарайда ұллыға орын, қыздыңа қырын бар», «ал кім ұлсыз, яки қызсыз болса, оған қорлық пенен зұлым бар» деп жауап береді. Кенжебай ханның Тұлымби елден кетсін деген мөр басқан пәрменін атайды:

Ей, қожам, Токтамыс хан бұйрығы,  
Кеткің енді бүгін Қоңырат елінен  
Кетпесеніз, талан-тараж қылады,

Бүгін сені көп жазаға салады.  
Хан бұйрығы: бар малыңды алады.  
Кеткін енді бүгін Қоңырат елінен.  
Жұртқа тиер тұрсаң кесір-зауалың.  
Сенің ісін дәйім жәбір қиянат,  
Жұртқа жетер сенен түрлі жаманат.  
Шүкір етерсің шығып кетсең саламат,  
Тезірек кеткін қожам Қоңырат елінен...

Тұлымби мен оның әйелі Наубаһардың туған елінен еріксіз шығарылуы үлкен қасірет шер болып айтылады. Сол заманға тән катал дәстүрдің күштілігі соншалық — ешкім де бұларға ашық аяушылық білдіре алмайды. Тұлымби де «тағдырға ризалық» білдіріп, басқа түскен ауырталықты көтереді. Оның елімен қоштасу сөздерінен айықпас мұны мен белгісіз болашаққа бет алғандық, пешенеге «жазғанды» көріп алармын дейтін момын мұсылманшыл дүниетанымы сезіледі.

Барша келген халқым, жұртым,  
Мейірбаным қош болыңдар.  
Душпандардан болды зұлым,  
Мейірбаным қош болыңдар.  
Көп дүшпандар жолымды алды,  
Мені бәделерге салды.  
Бізге нәсіп сондай болды,  
Қарындастар, қош болыңдар.  
Бұқараның ісін еткен,  
Мүсәйірдің көңілін тапқан.  
Бізді жұрттан аударған,  
Хан бектері, көп болыңдар...  
Барар жерім ұзақ жол-дүр,  
Тұлымбиге нәсіп сол-дүр,  
Мекенім тау мен шөл-дүр,  
Ағайындар қош болыңдар...

Жырда Тұлымбидің әйелі Наубаһардың асқан парасатты, инабатты, сабырлы жан екені көрінеді. Ол Тұлымбидің торыққан сәттерінде оған әрдайым басу айтады. Тоқтамыс пен оның тоқсан билері «елден қуса да, жаһаннан қуа алмас, ал хақтың бұйрығы туралап келсе, оған бойсұнғаннан басқа амал жоқ» деп ерінің жан серігі бола біледі. Хақім ата әулие қабірін көргенде де, бұл ғарып жанлар жалбарынып, өздеріне медет тілейді.

Дастан-жырдың бұдан кейінгі тұсы бізге бұрыннан белгілі, өзге нұсқаларда қайталанған Баба түкті шашты Әзиз бен пері

қызының кездесу оқиғалары әңгімеленеді. Бұл тұста пәлендей айырмашылық жоқ. Тек қана, мұнда әулие мен пері қызының табысатын жері Хорезм болып көрінеді. Ал пері қызы кестерінде аққу емес, ақ кестер кейпіне түсіп ұшады, «өзіңді бір Аллаға тапсырдым», — деп баласын үлкен ағаштың басындағы самұрық күстүлп ұясына қояды. Сан күндер шаршап-шалдығып жол кешкен Тұлымбилерге ағаш басындағы ғайыптан пайда болған баланы тауып беретін бұлардың күңі Гүлнаһал болады. Тұлымби мен әйелі әлгі күннің енбегін бағалап, оның басына азаттық береді, баланы алып туған еліне, Қоңыратқа қайтады, мың тіліә жұмсап, қырық күн той жасайды, баланың атын Рахымберді қояды. Асық ойнап, балаларды алдап ұтып алып жүрген Қикымтаздың Едігеден қорқып, «едіг-сдіг» деп қашқаны үшін Рахымбердінің аты Едіге болып кетеді... Жас Едігенің дақпыртын есітіп, оны Тоқтамыс хан өзінің құзырына алады. Бірақ бұрын әкесі Тұлымбиге қастық ойлаған баяғы тоқсан би іштарлық жасап, Едігенің де көзін жойғысы келеді. Бұл жолы да зұлымдық ойлаушының бірі көсе Кенжебай болып шығады. Жырдың әр түрлі вариантында үздіксіз аты аталатын осы кейіпкердің анық өмірде түптұлғасы болғандығы көміл болып көрінеді.

Едігенің алыстағы Төке көпір еліне жұмсалуды оны Барса-келмеске жібергенмен бірдей еді. Жолда неше түрлі ақ дәулер мен кара дәулер кездеседі, қырғын соғыстар болады. Нағыз ертегілік сарында берілген бұл оқиғалардан көрінетіні — Едігенің тәндесі жоқ батыр екенін дәлелдеуге саяды. Басына қиыншылық түскен кездерде Едігені Баба түкті шашты Әзиз аруағы қолдап отырады. Батыр бір өзі мың жауға қарсы шауып, жауларының бәрін бағындырады, Төке ханның қызы Айсұлуға үйленеді.

Қалың жаумен жалғыз шайқасып жүрген кезде Едігеге айдалада бір қарт баба кездесіп, оның кімсің, қайдан келдің деген сұрағына:

Атам аты Тұлымби-дүр,  
Менің жерім қоңырат елі...  
Едіге дер, баба, атым,  
Есіттің бе қылан датым,  
Орындалсын бар мұратым,  
Баба жерім қоңырат болар, —

деп жауап береді.

Қарадәудің сұрағына да Едіге туған елін мақтанышпен атайды.

Ашылған баудың гүлімін,  
Жаратқан тәңір құлымын.  
Тұлымбидің мен ұлымын,  
Мен өзім қоңырат болармын.

Едігенің елін сағынған тұстарында да, қарсылас жауларымен жауаптасқанда да, осылайша жерінің, руының атын айту жиі қайталайды. Бұл тұрғыдан алғанда мұндай анықтамалық деректер жыр қаһарманының шыққан тегі, тайпасын нақтыландыра түседі. Едіге туралы аңыз-жырлар кейде қоңырат, кейде маңғыт руынан делініп келсе, мына нұсқада «қоңырат» есімі бастан-аяқ желі тартады... Едігенің қалмақ жауды жеңіп, сұлу қызға үйленіп, көп шырғалаң мен сарсаннан кейін туған еліне қайтып оралуын айтумен жыр аяқталады. Бұл қуанышты бөлісушінің ішінде Токтамыс ханның өзі жүреді. Демек, мұндағы Токтамыс таза ертегілік сипат алған.

## V

«Едіге» жырының жанрлық, генезистік тұлғасын тану үшін, оның басқа халықтар арасында сақталған нұсқаларын да түрлі тараптан салыстыру – зерттеушілік шарты болып табылады. Жырдың ұлттық варианттарын толық есепке алғанда ғана ғылыми талдаулар мен тұжырымдар неғұрлым сенімді болмақ. Осы тұрғыдан сөз болып отырған эпостың қарақалпақ нұсқаларын қарап шығудың мәні бар. Бұл үшін жырдың ең алғаш хатқа түскен толымды үлгісі – Ш.Уәлиханов нұсқасы мен өзге варианттардың өзара ұқсастығын, айырмашылығын салыстыру қажет.

Алдымен *қарақалпақ фольклоршысы Қаллы Айымбетов 1934 жылы Ерполат жыраудан жазып алған дастанды* өңгіме етеміз (27). Қарасөзі мен өлені аралас келетін бұл дастанның жалпы сарынында қазақ жырымен үндестігі айқын сезіледі. Мұнда да оқиға Токтамыс хан, Едіге, Сәтемір хан, Едігенің баласы Нұрадың төңірегінде өрбіп отырады. Токтамыс пен Едіге арасындағы бақталас, тақ үшін тайталас тарихи тұрақты сарын болып табылады. Сонымен қатар, жырдың құрылысы мен оқиғалық өрілімінде едәуір өзгешеліктер де кездеседі. Ондай ерекшеліктер жыр-

дың тарихи түбірлері мен кейінгі қалпының сыры мен қырына бойлата түседі. Оқиғалық иірімдердің кейбір тұсында өзге нұсқаларда жоқ немесе ұмытылған өрнектер ұшырайды.

Ерполат жырау айтқан дастанның бірінші бөлімінде Едігенің ғажайып туысы, жасынан әділ төрелік жасап, елге данқы шыға бастағаны, Токтамыстың қастандығынан сескеніп, Сәтемір хан еліне кеткені баяндалады. Бұл арадағы тосын нәрсе Едігені жылқының пірі деп дәріптеушілік (28). Едіге кетерінде әйелі Қаракасқа «ішінде алты айлық балам қалып барады, аман-есен босанып, ұл тусан, атын Нұрадың қой», — деп тапсырады.

Едігенің Сәтемір хан құзырына келуі, ханның қызын зорлықпен алып кеткен алып Қаратиінді өлтіруі, Ақбілекке үйленуі ертегілік сарында берілген. Қазақ жырында бұл өңгіме тым қысқа хабарланатын еді. Сәтемір Едігенің батырлығын сынамақ болып, оны таққа отырғызады, қиын сұрақтардың жауабын шештіреді. Ал алып Қаратиін Едігеге «бөле» болып шығады. Едігенің де, оның да шешесі перінің қыздары, апалы-сіңілілер екен, Алып Қаратиін «бөлесінің» аты Едіге екенін де бұрышпан білетін болады, ажалы да содан келетінін сезеді. Едігенің Сәтемір хан қызын тартып алып көптеп ойын аңғарып, алып Қаратиін бөлесіне өкініш білдіреді, «маған арқа сүйесен, Токтамыс жауынды бірге шабысатын едік қой», — дейді. Өлерінде алып Қаратиін Едігені «оң көзің шықсын», — деп қарғайды...

Дастанның бұл тұсынан екі нәрсені тұжырымдауға болады. Бұл арада болашақ батыр Едіге екі рет ерлік «сынынан» өтеді, Сәтемір айбатынан сескенбей, таққа отыруы, ешкімнен жеңілмейтін Алыпты жайратуы қаһармандық эпостың шартына орайластықты білдіреді. Екіншіден, Едігенің туысы тегін емес, оның перілермен жақындығы бар, «жай пеншелерден» айрықша болуы осы себептен дегенді жыр әдейі қадап айтады. Едігенің жылқы пірі делінуі де оның кереметін үстемелеп дәлелдейді. «Жылқының пірі әуелі Жылқышы ата, онан соң Едіге еді. Шаншулатқан жылқыны Едігенің мазары қылып, айналдыру сонан қалып еді. Едіге ашуланып, жайылып жатқан жылқыға қиқу салса, семізі, күйлісі көлден шығып, шабысып келер еді; арығы, майыбы көлден шыға алмай, тұрған жерінде шырқырап, қан сиіп қалар еді (29). Жыршылар мен айтушылар Едігенің азуы алты қарыс Токтамыс пен Сәтемір ханға «терезесі тең» тұруын, ақырында Шынғыстың бетіне жан қаратпай келген нәсілі Токтамысты жеңуін осылай-

ша «дәлелдеуді» жөн көрген. Едігеннің Сәтемір халға келгенде өзінің тегін жасырып, «атың болса, бағамып, отың болса жағамын» деп елеусіз болып көрінуі де ертегілік фабула заңдылықтарын еске салады.

Дастанның екінші бөлімінде Нұрадынның жарық дүниеге келу, есею, Тоқтамыстың келіне ұшырау, елден кету тарихы сөз болады. Нұрадынның туғанын хабарлай келгендерге Тоқтамыс қаһар шанып, жаза береді. Нұрадын жасынан өзінің алғырлығы мен батырлығын танытады. Тоқтамыстың уәзірлері Ағай мен Тағайдың елге жасаған зәбірін батыл әшкерелейді. Бұған кектескендер ханға жамандап, Нұрадынның көзін жойдыруды көздейді. Тоқтамыс Нұрадынды алыс, қатерлі сапарға жұмсайды. Бір ғажәбі сол — жырдың басқа көптеген нұсқаларында елдің ақылғөйі, үш жүз алпыс жасқа келген дана Сыпыраның мекені мына дастанда көз көрмес, құлақ естімес, үш ай он күндік жолы бар жер делінеді. Нұрадын мінген тұлпардың денесі желден жаралған деп мадақталады. Сыпыраның Тоқтамысқа «Нұрадыннан құтыл» деп кенес беруі, Нұрадынға жасалған қастандық, ақырында оның тұзағынан құтылып шығуы — бәрі де Едігеннің басынан кешкен оқиғаларды қайталағандай болады. Бұл бөлімнің мәнділігі Нұрадынның қаһармандығын ашарлық кейбір ситуациялардың келтірілуінде. Ауызша тараған аңыз, жырда мұндай қайталаулар, оқиғаның орнып «ауыстырып» жіберулер ұшырай береді. Біз сондай тұстардан да батырлар туралы халық ұғымының қаншалықты тұрақты сақталғанын, оларға деген бағасының өзгермегенін, дәстүрліліктің мықтылығын танимыз.

Нұрадынның Сәтемір хан еліне әкесін іздеп келуі, бұлардың табысуы, Ақбілектің емшегін еміп, Нұрадынның оған «бала» болуы, ақыр сонында Едіге, Сәтемір, Нұрадындардың көп әскер алып, ноғай жұртына, Тоқтамыс ханға аттануы кең таратылып айтылған... Өзіне қарсы ауыр қолдың келе жатқанын, қатерлі шақтың жеткенін Тоқтамыс түсінде көреді.

Дастанның тағы да бір сопылығын атап өтейік. Қаншама ертегілік пішінге өтсе де, жырда тарихи шындықтың кейбір көрінісі жалт етіп елес бергендей болады. Олар мыналар: Сәтемір ханның қыруар әскері келгенінен шошынып, ел ақсақалдары соғыс болмаса, хандар татуласса екен деп Сәтемірге сөз салады. Сонда Сәтемір: «Тоқтамыстай ханыңа ешбір кінәм жоқ, Едігенің кеуілі үшін қол жиып келгенбіз. Өз перзентің еді. Едігеге барыңыз, со-

нан тілек етіңіз», — (78-бет) дейді. Тарих қалдырмаған куәлікті ауыз әдебиеті өзіне тән қалтқысыз туралықпен осылайша сөйлетеді. Сәтемір мен Тоқтамыс арасындағы өштіктің үлкен бір себепшісі Едіге болғанын дастан нанымды әңгімелейді. Ел ақсақалдары, ғұламалар «соғыспандар, бітісіңдер» деп барғанда Едіге оларға ханнан көрген зәбірін санап айтып береді, сол кезде неге араша түспедіңдер деп кінә тағалы, өліспей бітіспейтін кезенге жеткенін мәлімдейді. Бұл арада анызып, ертегінің емес, тарихтың өзі сөйлегендей болады. Тоқтамыс пен Едіге арасының жаулығы ноғайлы еліне орасан зардап келтіретінін заманындағы ақылғөй адамдар жақсы түсініп, осы сойқанды болдырмауға күш салғанына мына жыр аз да болса сәуле түсіреді... Нұсқалардың бірін-бірі толықтырарлық сипаты болады дегенге мысалдың бірі осы.

Сәтемір мен Тоқтамыс батырларының жекпе-жек ұрыс суреттері сол дәуірдің ақиқатын көз алдымызға келтіреді.

Сәтемірден Таймас,  
Тоқтамыстан Байпазар  
Ол да найза қолға аялды,  
Бұл да найза қолға алды.  
Бір-біріне найза ұрды,  
Найзасы көр етпеді,  
Ақ сауыттан өтпеді,  
Ол төніне жетпеді,  
Қармақ болып қайысты.  
Найзаны жерге тастады...  
Ат үстінде айқасты,  
Айғырдайын таласты.  
Бурадайын шайқасты,  
Қошқардайын сүзисті,  
Текедейін тіресті...

Тоқтамыстың ел босқа набыт болмасын деп Едігені мәмілеге, келіссөзге шақырғаны, оның талабын орындауға уәде бергені жырда анық айтылады. Едігенің ықпалы арта бастағанын жыр «Тоқтамыстың сұраған жұртының екі есесі Едігенің жұртына өтіп кетті» деп сипаттайды... Сәтемір хан әскерімен алғашқы соғыста Тоқтамыстың еріксіз елден жылысып кеткен сәтін дастан («Тоқтамыстай ұлы хан, жүз адаммен қосылып, қиын-қыспаққа шыдамай, шыға берді есіктен») шындыққа мейлінше жақын жырлайды. Мұнан кейін Қаныкей мен Тынықсәйдін: «Сіздер кеттің, біз

қалдық» деп зар жылағаны айтылады. Хан қыздарының кейінгі тағдырын еске алсақ, әлгіндей сөздердің нақтылығына күмән қалмайды.

Дастанның бұдан былайғы жерлері қазақ нұсқасына өте жақын. Тоқтамыстың елімен, жерімен қоштасуы, Нұрадыңның Тоқтамысты өлтіруі, қайтып келіп әкесімен араздасуы, Едігеннің оң көзін ағызып жіберуі өзге жырлармен сарындас. Айтушы, жыршы аузымен айтылатын тағы бір нәрсеге көңіл аударуға болады. Тоқтамыстың басы кесілгенде «қан орнына сүт шықты, бұл оның кінәсіздігінің белгісі еді» дейді жырау. Бұл арадан халықтың Тоқтамыс пен Едігеннің алауыздығына елдік, тыныштық мүдделері тұрғысынан қарағаны, тарихи қайраткерлердің бірін мүлде қолдап, екіншісін қаралағысы келмегені, екеуінің де мансап, лауазым үшін жұртшылықты дүрліктіргенін жақтырмағандығы, кей тұста «занды түрде» тақта отырған Тоқтамысқа іш тартқандығы сезіледі.

Нұрадың әкесінің алдында өзін кінәлі сезіп, елінен кетеді, бірнеше жыл Пәрән патшалығында жүреді. Дастанның бұл ақырғы тұсында тағы да ертегілік сарын байқалады. Нұрадың Пәрән патшасының қызын айдаһардан құтқарады, сол үшін құрметке бөленеді. Елін сағынса да, жас батыр қайтып оралудың ретін таппай, сахарада өзінің қырық нөкерімен талай уақыт күн кешеді. Әкелі-балалыны бұлардың ескі танысы Кенжамбай табыстырады. Дастан Нұрадыңның ата дәстүрін алып жүрерлік болып жетілгенін марапат етеді. Ақырында Нұрадыңның әкесі орнына таққа отырғанын хабарлайды жыр...

Дастанның осылай аяқталуы қаһармандық эпостың заңдылығына сәйкес. Жырдың сипаты батырлық ертегіге жақын екенін көреміз.

*«Едігеннің» қарақалпақша екі нұсқасын* тұтастай қарап тексерген белгілі фольклоршы Қ.Мақсетов бұлардың жанрын тарихи-қаһармандық дастан тобына қосады. Мұндай анықтаманы әсіресе Қыяс жырау жырлаған нұсқаға байланысты беру орындырақ секілді. Өйткені ол нұсқада Едігеннің де, Нұрадыңның да батырлық соғыстары кең таратылып айтылған. Ерполат айтқан жырдан Қыяс жырау нұсқасы төрт есеге жуық көлемді, соған сәйкес мұнда оқиғалық баяндаулар анағұрлым толық әрі тосын өрнектері де кездеседі. Жырдың жалпы тұлғасына қосарлық мағлұматтық әрі көркемдік кестесі бар болғандықтан, Қыяс жырау

вариантын да сөз етуіміз орынды. Қарақалпақша екі нұсқаның құрылысы мен оқиғалық кезегі бір-біріне ұқсас болғанымен, Қыяс жырауда соны деректер көбірек ұшырайды. Сондықтан біз ендігі жерде дәл сондай тұстарын ғана екшеп өңгімелейміз. Дастанға кіріспе өленнің өзінен осындай хал елес береді:

Ерте өйем заманда,  
Дін мұсылман халқында  
Аз ноғайлы елінде,  
Тоқтамыс ханның халқында.  
Ақ маңғыт деген руда,  
Ақылы бар, есі жоқ,  
Түрі адам, миы жоқ,  
Бала-шаға, үйі жоқ,  
Киім киер хошы жоқ,  
Адамменен ісі жоқ,  
Күндізі жоқ, кеші жоқ  
Атап қояр аты жоқ,  
Келе бойын түк басқан,  
Шашы аш беліне түскен,  
Ешпәрсеге қызықпайды,  
Дүние десе жырақ қашқан  
Бір аяқты сайыл болыпты.

Жырдың бірінші бөлімі өз алдына ертегілік дастан десе болады. Әсіресе Едігеннің Қаратиін алып дәуді іздеп барып, оны өлтіруі, тұтқындағы хан қызы Ақбілекті алып қайтуы жүйелі, желілі баяндалған. Алыптың асқан айбаты мен теңдесі жоқ қайраты жан шошырлықтай сұсты болып сипатталады. Қаратиін деген дәу үлкен шаһарларды билеген, қарауында қисапсыз байлығы бар, қызметшілері көп, қамалы берік делінеді. Дәудің пішін-бейнесі былайша әсіреленген:

Қазанның кара бұлтындай  
Қабактары жабылған.  
Мақсат қылған нәрсесі  
Іздемей-ақ табылған.  
Душарласқан адамның  
Заманасы тарылған.  
Көзіне көзі түскеннің  
Шошып жүрегі жарылған.  
Құрылысына қарасаң,  
Басы таудағы сенгірдей.  
Мұрты бар жебелей,  
Қайнатқан темір ренді,

Қайтпас батыр жүректі,  
Сықылы жаман сұр бетті,  
Рені жаман көр бетті...  
Кұлақтары қалқаңдай,  
Мұрны қысымдаған талқаңдай.  
Көзі түскен мақлұқат  
Қорқып естен танғаңдай...

Міне, мұндай жауды жөнү Едігеге оңай болмайды. Ол Ақбілек арқылы дәудің осал жерін біліп алып, ақырында айласын тауып өлтіреді. Айтушы, жыршы дәудің сұрапылдығын суреттеу үшін, оның ішетін шарабын да аңғартып өтеді: «Дәудің қымыз дегені жеті жыл бойы самал-ауа көрмей ақырып тұрған шараптың дәл өзі еді. Ішпек түгілі оның ығынап өткеннің тірі қалуы күмәнді еді. «Ерден ердің қаупі бар» дегендсі, қауіптенген адамға содан бір кесе шайдай беріп сынайтын еді. Өнешінен өткен адам – екі аяқты бол, төрт аяқты бол – сол жерде тәмәм еді» (188).

Дәудің өзіне дүниеде теңдес дұшпаны болмайтын себебі, перінің қызынан туғандығы деп түсіндіріледі. Онымен «бөле» болып шыққан Едігенің де елден асқан батырлығы пері қызынан жаралғандығы екен. Сәтемір ханға «тұтқындағы қызынды қайтарып әкеліп беремін» деген уәдесін Едіге орындағаны үшін, жат елде ерекше беделге ие болады, Сәтемір тіпті оған астындағы тағын да беруге ризалық етеді. Осындай даңққа, сый-сыяпатқа бөленген Едіге Сәтемір елінде ұзақ жылдар жасап, ханның қызы Ақбілекке үйленіп тұра береді. Өз алдына дербес шығарма секілді әсер қалдыратын бірінші бөлім осылай аяқталады.

Дастанның мұнап кейінгі бөлегінде Нұрадынның көрген сергелдені айтылады, бұл көрініс белгілі дәрежеде Едігенің ханнан қысым көріп, қашып кету тарихын қайталайды. Дегенмен, бұл бөлімде көңіл бөлерлік жерлер кездеседі. Ол – Тоқтамыстың Нұралынды бөлеге ұрындырмақ болып, жердің түбіндегі Сыпыра жырауға жұмсауы, осы сапардың қиындығы суреттелуі, жас батырдың ерлік сынынан өтуі. Нұрадынның ұзақ жолдың азабын көтеруі де, Сыпыраның балаларымен соғысы да оны нағыз қаһарман етіп әйгілейді.

Сыпыра жырау есімі «Едігенің» барлық дерлік үлкенді-кішілі нұсқаларында аталады. Мына дастанда ол туралы мағлұмат молырақ. Сыпыраның кенже ұлы Марданның өзі сексен жасқа келген болады. Ал Сыпыра жырау «үш жүз алпыс жасаған, қызырды жеті рет көрген... жарты қасық қаны жоқ, тек шықпаған жаны

бар, тандайында бұлбұлдай сайрап тұрған тілі бар» деп сипатталады. Сыпыраны Тоқтамыс еліне алып келу қиынның қиыны болып көрінеді. Жыраудың мұшшама дәріптелу себебі түсінікті. Ол қысылғанға кенес, тарыққанға медет беретін, айтқаны кәте кетпейтін, көрмегені жоқ данышпан, билігі әділ, шешімі кәміл кеменгер болып, әулие дәрежесіне көтерілген қарт. Қобызға қосып жырлайтын, ел, халық басына айрықша ауыр күндер, шешуі қиын сауалдар түскенде ғана сөйлейтін Сыпыра эпостағы ерекше тұлға, оғыз жырларындағы Қорқытты еске салатын бейне. Сыпыра жырау Нұрадынның жойқын соғыстар салғалы тұрғанын Тоқтамысқа бірден ескертіп, үлкен қатерден сақтандырады.

Ұйықтап жатқан елінді,  
Ұйытқытар ол деймін.  
Толып жатқан жұртынды,  
Толықсығар ол деймін.  
Алты айлық жұртынды  
Айрандайын аптар ол,  
Күбідейін пісер ол...  
Екі бірдей қызынды,  
Тар көпеле сымсытып.  
Тегін олжа қылар ол,  
Ат сауырына салар ол...

Жырдың басқа кейбір нұсқаларында мұндай мінездеме Едігеге берілетін еді. Бірақ бізге керсігі ол емес, ноғайлы дәуірінде бүкіл ел сөзіне құлақ салатын, төрелігіне тұратын осындай бір данышпанның болуы. Ел қиялы адам, заман жайын ойлағанда ешқашан жаңылмайтын, барлық құбылыстардың мәнін күнілгері біліп отыратын данышпан бейнесін сомдай алғаны өте қызықты.

Жырда Едіге мен Тоқтамыстың кінәласқан жерлері де маңызды болып елестейді. Көп уақыт сырлас, істес болған бұл алаңдардың сырттан кектесіп, бірден шабуылдаса кетуі шындыққа сыймас еді. Сәтемірдің қырық мың қол әскерін алып келген Едіге Тоқтамыстың үйі алдына келіп, аттан түспей тұрып ханмен жауаптасқан тұс тарихи шындықтың өзі болып сезіледі... Ал Тоқтамыстың жау келер алдында көрген түсі көп нәрсені айқындап тұрған, көркем берілген, жырдың бітімінде өз орны бар шұрайлы жолдар. Тоқтамыс түсінің суреттері мейлінше бейнелі әрі астарлы мағына беретін шумақтардан тұрады, эпостың нақышты кестелерін құрайды.

Едігеге теңдік әперіп, Токтамысты мұқатып, еліне қайтқан Сәтемір әскері орта жолда шөл азабына кездесіп, көп қырғынға ұшырайды. Ресми тарихшылардың қаламына ілінбеген, тек қана халықтың ешкімге тәуелсіз еркін санасы ұмыттырмай сақтаған сұмдық фактілердің бірі осы. Жердің түбіндегі жат елге әскер шығарып, карауындағы халықтың тағдырын шыбын құрлы көрмеген ертедегі үкімдарлардың астамшылығын дәл өшкере-лейтін тарихи құжат сирек ұшырайды ғой. Олай болуының себебі белгілі. Ешқандай патша өзі туралы кейінгіге жаман әңгіме қал-сын деп тілемейді, қылмыстары мен қиянатын жасыруға тыры-сады, ал билеушілерге бағынышты шежірешілер ондай құпиялар-ды ашатын болса, басы кететін болған. Тарихи дәуірлерде орын тепкен қаншама істердің өңі айналдырылып, замана ұлықтарына тиімді жағынан ғана көрсетіліп келгені сондықтан. Ал ақын, жыр-шы ше? Олар Сәтемір дегеннің кезінде дүние жүзін жауламақ болған Әмір Темір екенін білмейді, болған оқиғаларды қалай ес-тісе, солай баян етеді. Эпостың бағзы бір тұста тарихты «тарих-шыдан да зыят» түсіндіре, бейнелей алатыны, ел естелігі болып саналатыны осындай қасиетіне байланысты.

Токтамыс хан елінің қанын төгіп, туын жығып қайтқан Сәте-мір қолының иен далада көрген қорлығы мен тауқыметін жыр былайша куәлендірген:

Сәтемірдей ханыңа,  
Азабы шөлдердің батты.  
Су таба алмай әр жерден,  
Ақша жүзін сарғайтты.  
Алды тастай қаранғы,  
Қайғының кенін молайтты.  
Күні-түні бір етіп,  
Шөлстанға жол тартты.  
Он күн тәмәм су ілпей  
Аламанш шұлатты...  
Іштеріне толып арман,  
Он алты мың аламан,  
Су таба алмай майданда,  
Шулай-шулай ғаріттер,  
Барлығы өтті дүниядан...

Дастан Сәтемірдің осындай кездегі, бір мезгіл өкінгендей бол-ған шағынан да елес береді:

Сәтемір тұрып ойлады,  
Кесуілін шайтан жайлады,

Көкірегінің арманы  
Қазандайын қайнады,  
Қырғиқ мындай әскердің  
Кімінің қалды атасы,  
Кімінің қалды ботасы,  
Қиял етіп қарасам,  
Ісімнің көп-дүр қатасы...

Бірақ бұл бір мезеттік қана ой екен. Елдің қырылғанына жаны түршігетін Сәтемір ме? Ол осынша қолдың шөлде матынасыз қырғын тапқанын елге айтып барар деп қауіптеніп, қасындағы жақын серігі Жанай дегенді өлтіреді, қаласына елдің көзі көр-мейтін кезде қайтып кіреді.

Қасына жүз жігіт нөкерін ертіп, елін тастап шыққан Токта-мысты «түбінде қайта шабады» деп қауіптеніп, Нұралын қуады, ханның нөкерлерін өлтіреді, тірі қалған жалғыз Кенжамбай бо-лады. Жырдың басқа нұсқаларында Едігелердің хас жауы ретінде ғана көрінетін Кенжамбай мұнда алғыр шешен, жырау, өштес-кенді, жауыққанды табыстырар тілі мен парасаты бар жан болып сипатталады. Едіге мен Нұрадыңды жауықтыратын да, кейіннен табыстыратын да осы Кенжамбай болып отырады... Қарақалпақ жыры Токтамыстың байлығы мен билігінен толық айырылып қалғанына іші күйіп, Едігелерді қайта шабамын деп өзінің түбіне жеткеніне дейін мейлінше «нақтылы» әңгімелейді. Сәтемірдің, Едігенің, Токтамыстың, Нұрадыңның іс-әрекеттерін аңызға да, шындыққа да сыйымды етіп баяндай алғаны дастанның таныт-қыштық қасиетін арттырады...

Жырдың тарихи дәуірін анықтайтын куәліктер қатарында жер-су, ру, адам аттарын келтіруге болады. Кейде қиялы аралас келіп отырса да, дастанның оқиғалық негізі XIV ғасырдың ақыры мен XV ғасырдың бас кезіндегі тарихи жағдайға орайласады. Осы дәуірде Токтамыс пен Едігенің арасында бітіспес шиеленіс бол-ғаны, бұндай тайталасқа бұлардың балалары да араласқаны шы-ғармада айқын елестейді. Қарақалпақ жырында осы қайраткер-лердің іс-әрекеттері неғұрлым кең суреттелген. Сонымен қатар, Сәтемір ханға қатысты оқиғалар да қомақты болып көрінеді. Көп жағдайда Сәтемір ертегінің кейіпкері секілді бұлдырлау елестей тұрса да, жырдың соңғы жағында оның қыруар әскерді сапқа тұрғыза алатын қуаты байқалмай қалмайды. Алғашқыда Сәтемір жалғыз қызын тартып өкеткен алыпқа қарсы күресерлік дәрмені

жок болып сипатталғанымен, соғылған айбатты мемлекет басшысы екені танылады. Кейде өзінің тарихи атымен аталып, енді бірде басқаша есімге ие болып бой көрсетеді.

Жер-су аттары да дастанда сөз болатын оқиғаның өткен өңірін білдіреді. Ноғайлы елі, Токтамыс хан жұрты, Едігенің шыққан руы делінетін Ақманғыттан бастап, жырдың өн бойында бір заманда ұлан-қиыр өлкені алып жатқан елдің қоныс, өрістері аталып отырады. Едігенің туған жері ретінде Құмкенттің қайталана айтылатыны бұл шаһардың ноғайлы тарихында белгілі бір орны болғанын меңзейді. Ал Еділ, Жайық екі өзен Едігенің ата қонысы екені ақиқат көрініс береді. («Еділ қайда, ел қайда, Жайық қайда, жай қайда».) Сәтемір хан еліне келген Нұрадың өзінің ел-мекенін былайша таңыстырады.

Еділ менен Жайықтан,  
Бөктергілі адырдан,  
Нұранның қара құмынан,  
Қарғалы, Елек бойынан,  
Ноғайдың толы елінен...  
Ойыл менен Қиылдан,  
Құмкент деген даламнан,  
Құбырлы тауды жайлаған  
Есепсіз жатқан малымнан,  
Сарытауды жайлаған  
Толысып күрттай қайнаған.  
Көкті басып отпаған,  
Кеткен күйрек қойымнан...  
Жоқ қыдырып келемін...

Осы сөздерді естіген Едіге «Еділ деген тіліңнен, Жайық деген аузыңнан, ноғайды көрген көзіңнен, жаным құрбан өзіннен, мендей атаң айналсын, айтып келген сөзіңнен», — деп қуанады. Мұның бәрі жырдың тарихи географиясын белгілеуге қажет фактілер болып табылады...

«Едігенің» қарақалпақ нұсқасында көңіл аударарлық көркем кестелер мол ұшырайтынын да дастанның ұнамды нышандары қатарында атағанымыз жөн.

Тойға барсаң, бұрын бар,  
Бұрын барсаң, орын бар,  
Бұрын бар да, орын ал,  
Бұрын бар да, бұрын қайт  
Жаңжал болар соңғысы.

Кешу кешсен, бұрын кеш,  
Лай болар соңғысы.  
Алар болсаң, бұрын ал,  
Сонына қалмас ірісі.  
Ұрлық етсен, жеке ет,  
Айғақ болар бірісі...

Бұл өлең жолдары қазақ пен қарақалпақтың ақындық сөз жүйесінің қаншалықты ұқсас, көп жағдайда бір түбірден шыққандығын да дәлелдесе керек. Шешен, шебер кияуласқан шумақтар да мол.

Бай баласы байға ұқсар,  
Байланбаған тайға ұқсар.  
Би баласы биле ұқсар.  
Биік-биік тауға ұқсар.  
Шер баласы шерге ұқсар  
Кәсібі оның жол тосар.  
Құл баласы құлға ұқсар,  
Құлағы тесік ітке ұқсар...

Едігенің Сәтемір елінде Нұрадыңды көріп, қуаныш үстінде айтқан сөздеріндегі салыстырулар да жырға көрік беріп тұрған жолдардан саналады.

Мен қаршыға, сен лапыл,  
Мен бір сұңқар, сен түйғын.  
Мен қара нар, сен ботам,  
Сен бұзаушық, мен бұқан.  
Сен құлыншақ, мен атын,  
Мен ақ қошқар, сен қозым...

Токтамыс ханның өктемдігін, мінезін айнымалылығын Едігенің мына сөздері тапқыр таңбалайды:

Жылқың семіз болғанда,  
Асыранды ұлыңыз.  
Жылқын арық болғанда,  
Сатып алған құлыңыз...

Жекпе-жек ұрысқа түскен батырлардың қаһарлы келбетін суреттейтін тұстарда да бояуы қапық, накышы анық теңемелер көп.

Қынапқа салса, қылт еткен,  
Суырып алса, жылт еткен.  
Жүздерінен қан аққан,  
Қаһарланса, тас кескен,  
Қарқаралы бас кескен.  
Асыл тегі ақ алмас,  
Сілтеген жерден жан қалмас,  
Аспаһани семсерді  
Батырлар қолға алады...

Жырдың айтушылары Едіге мен Нұрадынға сөз асылын арнайды, олардың даңқын көкке көтереді, екіншісі бірі жаттап айтып кетерліктей мадақ жолдарын жиі қайталап отырады.

Дәуір кімнің дәуірі,  
Едіге ханның дәуірі.  
Заман кімнің заманы,  
Едіге ханның заманы.  
Қалаға жар салады,  
Далаға хабарландырады.  
Едігенің хандығы,  
Халыққа мәлім болады...

Ана мен баланың көп қасіретті артқа тастап, біріне-бірі қайта табысқан сәті де есте қаларлық бейнелі суреттелген:

Үн салысып жылады,  
Жас боталай боздасты.  
Бөлінген қойдай маньрасты.  
Жаралы қудай сыңсысты.  
Құшақтасып көрісті.  
Сау-саламат сұрасты.  
Амандасты, танысты,  
Жас боталай жанасты...

Көптеген аңыз әңгімелер мен жазбаша мәнбелерде (источниктерде) бұл жырдың алғашқы негіздері ноғайлы елінде айтыла бастаған деген тұжырым қалыптасқан. Әрине, Ноғай Ордасы, ноғайлы деген терминдердің анықтай түсетін қырлары аз еместігі белгілі. Ноғай Ордасы деп дақпырт алған мемлекет өзінің шарықтап кеңейген кезінде тек Еділ, Жайық өңірін ғана емес, қазіргі Қазақстанның да мол аймағын қамтығаны белгілі. Демек, бұл мемлекеттің іргесін қалаған тайпалар мен рулардың этностық құрамын да тек бір өлкесінен емес, тарихи дәуірдегі ұлан-қиыр

атыраптан іздесек орынды болмақ. «Едіге» жырын қазақтар, қарақалпақтар, ноғайлар, татарлар, башқұрттар өз елінің туындысы деп қарайтыны осыдан. Бұл сонымен қатар Едіге туралы аңыз әңгімелерді осы аталған халықтардың біреуінің ғана «меншігі» деп үзілді-кесілді үкім шығаруға болмайтынын көрсетеді. Мәселен, Едігенің шыққан руы деп есептелетін маңғыт пен қоңырат қазақ халқының құрамынан орын алған белгілі бірлестіктер. Аталған тайпалар мен рулар қарақалпақтың да, ноғайдың да, көшпелі өзбектің де ішінде сақталғаны белгілі. Мәселе бұл жырға қай халықтың «хақысы» көп немесе аздығында емес, эпостың жасалу, даму заңдылықтарын, онда тарихи шындықтың елесі қаншалықты сәулеленгенін ғылыми таяныш-тәсілдерге сүйене отырып анықтауда, мұраның танытқыштық, тәрбиелік және эстетикалық қасиеттерін ашуда, оның жалпы қыпшақ эпосынан алатын орнын сипаттауда болмақ. «Едіге батыр» жыры арқылы бір кезде біртұтас ел – мемлекет болып отырған жұрттардың кейіннен түрлі жағдайсыздықтар салдарынан тоз-тозы шығып, бірін-бірі танымастай болып кеткенінен де қасіретті сырын пайымдай аламыз. Бұл тұрғыдан алғанда эпос ұмытылғанды еске салатын, өшкенді жандыратын, өлгенді тірілтетін ғажайып құбылыс демеске болмайды. Фольклортану белгілі дәрежеде халықтану міндетін атқарады дейтін пікірдің растығы осы тұста дәлелді болып шығады. Эпостың таралу ізімен жүріп отырып, түркі-қыпшақ халықтарының жер дүниеге шашырап кеткендігіне де көз жеткіземіз. «Едігенің» бір шегі Орталық Азиядан сонау Румыния өлкесіне дейін мәлім болып отыруы шындық қой.

## VI

*Ноғай атын сақтап қалған халықта Едіге әңгімесі* қалай айтылатынына келейік. Жырдың басталуында қазақ нұсқаларынан кейбір өзгешеліктері бар. Оқушы жұртшылыққа түсінікті болу үшін сол жерлерді қысқаша мазмұндау керек тәрізді... Бір қойшы даладан адамның қураған бас сүйегін тауып алады. Сүйектің мандайында жазу болады. Оны оқи алатын біреуге көрсетсе, «мен өлмей тұрып сан мың адамды өлтіргенмін, өлгеннен соң қырық адамды өлтіремін» деп жазылған екен. Қойшы бастың сүйегін уаытып, диірменге тартып ұнтақтап, шүберекке түйіп әйеліне береді,

мән-жайды түсіндірмейді. Койшының қызы әкесі кой бағуға кеткенде әлгі шүберекті шешіп, «ұнды» көріп, тілімен жалайды. Осыдан кейін жүкті болады, айы-күні жетіп ұл табады, атын Барқая қояды. Бұл жерде кереметтің күшімен жүкті болатынға сенетін көне ұғым — партеногенезис — көрініс беріп тұр... Барқая тез есейеді, елден асқан ақылды болады... Бір күні сол елдің ханы түс көреді. Түсінде оны қырық ит камалап, жиырмасы бір жағынан, жиырмасы екінші жағынан шығып таламақ, атпан түсірмек болады. Ханының түсін уәзірлері жори алмайды. Түсті Барқая жорып: «түсінде көрген қырық ит сепің қырық уәзірін, олар сенің түбіңе жетпек», — дейді. Баланың сөзіне толық сенбегенімен, хан тексермек болады. Шынында да, 40 уәзір ханының қатынымен ақылдасып, «ханды қалай өлтіреміз» деп жүргеніне көзі жетіп, олардың бәрін де дарға асады. Хан Барқаяны қарауына қызметке алып, өзіне уәзір етпек болады. Бірақ Барқая далада аңшылықты, Еділ бойында балықшылықты кәсіп етеді. Кесулесін түк басып, шашы өсіп, сақалы көкірегіне түсіп жүретіндіктен, халық оны Баба түкті шашты Әзиз деп атап кетеді... Жырдың ноғай нұсқасының бас кезіндегі азды-көпті өзгешеліктері осылар... Баба түктестің көл жағасында перінің қыздарын көріп, солардың біреуіне үйленуі, одан туған баланың Құлтықия аталуы, оның Токтамыс ханның құсын бағушы болып жүріп, Сәтемір ханға құстың бір жұмыртқасын сатып жібергені үшін жазаға ұшырап, орманды паналап жүруі, албастының қызына үйленуі, ұлының атын Едіге қоюы, т.б. өзге нұсқалармен сарыңдас. Бір жылқышы Едігенің атын жасырып, оны Құбығұл деп атайды. Құбығұл-Едігенің хан сарайында қастандық көруі, оштестік соны Едігенің хан ордасынан кетуіне ұласуы — бәрі де қазақ жырындағыдай.

Едігенің ата-тегі анық білетін, өзі қырық бес ханды көрген Сыпыра (Сыпыра) жырау болады. Ол солардың ішінен Алнағыр, Құтай, Берке хан, Жәнібек, Дінібек, Бердібектерді атайды. «Нардың мойнын шорғ кескен Бердібекті көргенмін» деген сөздері Алтын Орда хандарының тақ үшін таласының сұмдық шындығын еске түсіреді. Осы хандарды санап келіп Сыпыра жырау: «Құбығұлдың туысы солардың бәрінен де, сенен де, сенің өкен Тойқожадан да артық», — деп Токтамысқа тайсалмай сөйлейді. Сыпыра жырау Құбығұл-Едігеге: «Арқаға мініп қараймын, асылыңды еш таппаймын, Құбығұл, төбеге мініп қараймын, төркініңді еш таппаймын, Құбығұл», — дейді. Едіге ата-тегі айтқанда «кү-

райыштан, Әбубәкір Сыддықтан пайда болғанмын, нұрдан жаралғанмын», — дей келіп, бергі аталары Дуғажы Махмун керемет, Алшыбай, Парпария, Барқая, Құлтықияларды ауызға алады.

Сыпыра жыраудың Едігені сипаттауында айшықты жолдар кездеседі.

Қуып барған нартыңды  
Құм қаптырар Құбығұл.  
Қасықтап жиган халқыңды  
Шөміштеп төгер Құбығұл.  
Құмға біткен құба тал  
Құрық сайлар Құбығұл.  
Көкалалы сенің көп жылқыңды  
Қуып айдар Құбығұл...

Ноғай жырының көп жерлері бір кезде Шыңғыс, Шоқан Уәлихановтар жазып алған нұсқаға жақын келеді. Әсіресе Едігенің Токтамыс елінен кетіп, дала кезіп жүргенде Қабартин дәуіге кездесуі, одан Сәтемір ханның қызын азат етуі, сол қызға үйленуі, әскер алып келіп, Токтамысты жеңуі т.б. бір сарыңдас келеді. Тек қана жырдың аяқталар тұсында өзгешелік бар. Ол Токтамыс ханның баласы Қалірбердінің өке кегін кектеп келгенімен, Нұрадыңның нағыз батыр екеніне көзі жетіп, онымен дос болуы... Әрине, бұл қорытынды шындыққа сәйкес емес, кейінгі айтушылардың қоспасы екені зайыр. Мұның өзі тарихи аңыздар сақталуының тағдыры түрліше болатынын көрсетеді.

Ұзақ жылдар бойында архив тереңінде жатқан «Едігенің» *татарша нұсқасы* жарыққа шығуы (30) қазіргі жанаша ойлау кезеңінің жемісі десе болады. Жырдың бұл нұсқасының жариялануы, сөз жоқ, зерттеушілер үшін қажет құбылыс. Қазақ жұртшылығына тұңғыш рет мәлім болып отырған осынау ескерткіштің тек фольклоршылар үшін ғана емес, жалпы оқушы қауымға да қызықтығы бар. Сол үшін татар «Едігейінің» жиналуы, жариялану тарихынан мағлұмат келтіруіміз керек. Сөз болып отырған басылымға жазған алғы сөзінде белгілі ғалым Елбарыс Нәдіров жырдың татар арасындағы варианттары мен ерекшеліктері жайында құнды деректер айтқан. Зерттеуші «Едігейдің» бірталай нұсқасы ертеден халық аузында айтылып келгенін, солардың көбі өлсіні, қарасөзі аралас аңыздар екенін, осы материалдардың бәрі дерлік Ғ.Ибрагимов атындағы тіл, әдебиет және тарих институтының архивінде сақтаулы жатқанын хабарлаған.

Жырдың Нығмет Хакім варианты деп аталған бағалы нұсқасы отызыншы жылдардың ақырғы кезінде баспаға әзірленгенімен, сол тұстағы қысаң ахуалдың салдарынан жарық көрмей қалған. Ал осы нұсқа 1919 жылы Сібірде, Тара өзенінің бойындағы Жалаңкөл ауылында тұратын халық шешегі Сытдық Зейнетдиновтен жазып алынған екен... Бұдан кейін «Едігейдің» түрлі тізбелерінен жинама нұсқаны жасаған ғалым әрі жазушы Нәки Исәнбет болады. 1940 жылы «Совет әдебиеті» журналының 11 — 12 сандарында осы нұсқа баспа жүзін көрген. 1941 жылы «Едігейдің» ғылыми басылымы әзірленіп болады, бірақ Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты жеке кітап болып шыға алмайды (31). Бұдан кейінгі ахуал белгілі: 1944 жылы «Едігей» жыры «хандық-феодалдық эпос» деп қараланғандықтан, оны жинау, жариялау, зерттеудің жолы кесілді. Содан бергі жарты ғасырдай уақыт ішінде эпостың түркі халықтары арасындағы барлық ескерткіштері ауызға да алынбай келді.

«Едігейдің» татарша нұсқасының жалпы желісі казактың әйгілі «Едіге батырымен» үксас. Үлкен бір айырмашылық — татарша варианты түгелдей өлең сөзбен берілгені. Жырдың күллі зерттеушілер қауымына мәлім болып келген қазақша нұсқасының қарасөзбен айтылатын жерлері татар басылымында өлеңмен өрнектелген. Бұл тарихи аңыздың татарлар арасына қалай тарағаны өз алдына жеке мәселе. Қалай болған күнде де Едіге туралы әңгіменің бір заманша кен атырапты қамтыған Ноғай Ордасы жерлерінде кенінен мәлім болғанына бұл да бір мысал. Жырдың өн бойында оқиғаның ноғай жұрты арасында болғаны ескертіліп отыратыны тегін емес. Біз бұл арада жырдың татар варианты ноғайша жасалған түпнұсқадан жаратылған деген пікірге келгелі отырған жоқпыз. Тарихи деректер бойынша Ноғай Ордасының ірге тепкен жерлерінде сан түрлі халықтардың өмір кешкені белгілі. Олай болса, заманында орасан ірі әңгіме болып таралған Токтамыс пен Едігенің арасындағы бақталастық, өштік тарихы тек ноғайлардың немесе казактардың ғана үлесіне тиісті ескерткіш болып қалуы мүмкін емес қой. Ендеше, біздің де талдауымыз татарша басылымның өз ерекшеліктері туралы болмақ... Әсіресе жырдың өткен ғасырда Ш.Уәлиханов жазып алған қазақша нұсқасынан өзгешелеу немесе азды-көпті өзгеріспен берілетін тұстарына тоқталуды жөн көреміз. Ал мұндай жерлер бір емес, бірнеше жерде көрініс береді.

Жырдың бас жағында Едігенің ата-тегі, әкесі жайында мағлұмат келтірілген. Аксақ Темірдің Токтамыстан қыран құсты қалауы, ол құсты ханның ризалығынсыз Құттықияның беріп жіберуі, осы үшін Құттықияның өлімге кесілуі, оның ұлы Едігеге де ажал қаупі төнгенде Жантемір дегеннің аман алып қалғаны, жас баланың Құбығұл деген атпен жан сақтағаны айтылады. Оқиғаның болып өткен өңірі нақтылы ескертіледі:

Бұрын өткен заманда,  
Болгар менен Сарайда,  
Жайық пенен Едіше,  
Алтын Орда, Ақ Орда —  
Данқты қыпшақ жерінде,  
Татардан туған ноғай елінде  
Токтамыс деген хан болды (32).

Сөз болып отырған нұсқада тарихи оқиғалар сілемі нақтырақ байқалады. Токтамыс хандығының орталығы «Сарай деген қаласы, сексен көше арасы, сары мәрмәр, алтын тас...», — деп сипатталады. Ал Әмір Темірдің қонысы мен руы да аталып өтілген:

Ол дария да бұл дария  
Ол дариядан Сырдария,  
Сырдариядан Самарқан,  
Самарқанда отырған  
Әмір барлас шаһ Темір  
Токтамысқа хат берді...

Құттықияның ата-бабалары өулие пірлер еді деген сарып-татарша нұсқада да бар екен. Едіге пері қызынан туған делінеді. Бұл деректердің бәрі де казак арасындағы аңыздармен үтпес болып шығады. Жырдың татарша вариантындағы қызықты сонылық болашақ батырдың ат-есіміне байланысты. Токтамыс бұйрық етіп, «Құттықияны да, оның бесіктегі баласын да өлтір» дегенде жас сәбиді етігінің кең қонышына тығып, жасырып, аман алып қалатын Жантемір деген кісі болады. Балаға ат қоятын да сол:

Ол баланы Жантемір  
Етігімен алдым деп,  
Етігінен алғанда  
Елсіз-күңсіз қалдым деп  
Атын қойды Едігей.

Келтірілген мысалдар жырдың татар нұсқасының біршама сонылықтарынан хабар берсе керек. Жырдың ұзына бойында ондай жерлерін толық салыстырып шығуды міндетке алмаймыз. Түрлі нұсқаларда оқиғалық өзгешеліктер кездескенімен, дастанның ұзын сарыны Тоқтамыс пен Едігенің және олардың балалары Кадірберді мен Нұрадыңның араларындағы жаулық, өштіктер тарихына тіреліп отыратынын атап өткіміз келеді. Ең маңыздысы «Едігейдің» сөздік кестесінде қазақ эпосының ортақ поэтикасы мол ұшырайтыны деп айтуға болады. Осы айтылғанға үзінді мысалдар келтірсек те, эпостың асыл нұсқасы әуел баста бір түбірден таралғанына көз жеткізгендей. Едігейдің ерте есеюі де қаһармандық эпос дәстүрінде өсіріленіп берілген:

...Алтысында ат мінді,  
Жетісінде жай тартып,  
Жеті тұтам оқ атты.  
Сегіз-тоғыз болғанда  
Сегіз тоқпақ сындырып,  
Төң темірге қол ұрды.  
Онға жетті — ол болды,  
Ол не айта, сол болды,  
Шөлге шығып басқанда  
Шөл жарылып жол болды.  
Тауға шығып басқанда  
Тау сығылып, үй болды...  
Он скіге жеткенде  
Алпамыстай ұл болды.

Қазақ жырларында аса жиі кездесе қоймайтын, бірақ жалпы қыпшақ халықтарының жыр өрнегіне тән кейбір бейнелі тіркестерді келтірейік: «аныраушым да маңыраушым, жақсы күнде жырлаушым, жаман күнде боздаушым»; «кеңесімнің соңы сен, кең сабамның қоры сен»; «алтыннан соққан ақ орда, күмістен соққан ақ есік»; «барарыма жерім жоқ, батарыма көлім жоқ»; «күн қызарып батқанда, ай ағарып шыққанда»; «бір соққанда он соққан, тасқа сокса от шыққан, жерге сокса су шыққан, ерге сокса қан шыққан, қанға сокса жан шыққан»; «көкке бақты — от көрді, жерге бақты — қан көрді»; «ғарасат оты жанғанда, бура мұздан тайғанда», «үзенгісі үзбе алтын, құйысканы құйма алтын, нокталары сом алтын»; «қардай шашы ағарған, құрдай көзі қызарған»; «ай қасында зүһрадай, балқи-балқи туғанмын, таң алдында шолпандай жана-жана туғанмын, сөзді адамды сөйлетпес, енеден ше-

шен туғанмын, тісті адамды тістетпес, енеден тісті туғанмын»; «жалғыз тасты қолтықтап, Жайық кешкен ұлыңмын»; «Гүрілде-сем соғар жасыпмын, күлсем мен бір шуақпын...»

Тағы да бір атап өтерлік мәселе — жырдағы жер, су, мекен аттарының Ақсақ Темір мен Тоқтамыс арасындағы жорық болып өткен жолдарды нақтылы сипаттай алатындығы. Едігенің ұлы Нұрадыңның Самарқанға, Әмір Темірге өскер, көмек сурап баратын сапарын баяндаған тұста қазақ даласының тарихи жерлері тізіліп аталады. Бұл арадан Еділ мен Жайық, Ойыл мен Қиыл, Қарғалы, Елек, Ақтөбе, Шалқар, Адыр секілді белгілі атауларды табамыз. Қаратаудың теріскейіндегі көне қала Күмкепт жырда бірнеше рет аталады. Дастанның мұндай жерлері болып өткен тарихи оқиғалардың сілемін аңғарта алады. Әрине, әуел баста ауызша аңыз, әңгіме жыр ретінде таралған шығарманың бастапқы нұсқасы кейіннен толық қалпында сақталуы мүмкін емес. Эпостың кей тұста кеңейіп, енді бір жерлері ұмытылып немесе өзгеріп баяндалуы табиғи құбылыс. «Едігейдің» таралған өрісінің соншалықты кеңдігін ескергенде, жырдың түрлі өзгерістерге түсуі мейлінше заңды болып көрінеді.

Біз үшін «Едіге батыр» жырының татар нұсқасы әр тараптан да қызықты. Біріншіден, бұл жырдың таралу ауқымының жаңа мысалын көрсек, екіншіден мұнда өзге нұсқаларда ұмытылған, кездесе қоймайтын деректер ұшырайтыны өте құнды нәрсе. Бірде ашу үстінде Едіге баласы Нұрадыңды қолындағы домбырамен салып жібергені айтылады. «Едігеде» бұрынғы жыраулар өрнегін еске салатын толғау өлеңдер де жиі ұшырайды. Әрине, ең маңыздысы — қаншама ғасырлар өтсе де, жырдың ілкі нұсқасына тән оқиғалық және көркемдік белгілердің әрбір халықтағы вариантында қайталана сақталып отырғандығы. Мұның өзі жырдың оқиғасы мен идеясы жұртшылық санасында мықтап ұялағанын және бұл аңыздың тыңдаушы мен айтушыға қапшалықты әсерлі естілгенін куәлендіреді. Эпостың сақталуы, эволюциясы заңдылығын анықтау үшін, мұндай материалдар аса бағалы. Тағы да тұжырып айтарлық мәселе қазақ және татар халықтарының фольклорлық мұрасында аса мол ортақ поэтикалық дәстүр жатқандығы.

Жырдың негізгі қаһармандары: Тоқтамыс, Едіге, Нұрадың, Сыпыра жырау т.б. *башқұрт эпосы* — «*Идеукай менен Мұрадым да да*» (Изаукай менен Моразым) қайталана көрініс береді. Сон-

дай-ақ, аңыз-жырдың негізгі оқиғалық сарыны да қазақ нұсқасындағымен қарайлас. Мұнда да Едігенің Тоқтамыс хан зәбіріне шыдамай Сәтемірге (башқұрт мәтінінде Сатмыр) кетуі, қайта оралып келіп соғыста ханды жеңуі, Едігенің ерлік дәстүрін ұлы Нұрадынның (Мұрадым) жалғастыруы жыр желісін құрайды. Айырмашылығы сол — оқиғалық өрілімдер Алтын Ордаға қарасты башқұрт жерінде өтеді. Башқұрт құбайыры (жыры) шу дегеннен әңгіменің қашан және қайда болғанынан хабардар етеді.

Алтын Урда башында  
Тоқтамыш тиген хан бұлған.  
Құл астында күп илле  
Құлдай итеп билеген:  
Яһақ алған малынан,  
Қолдар алған халқынан,  
Үз тигенсә эш итеп,  
Бер хозайзай йяшөгән.  
Уралға ла құл һузып,  
Унда халықты кузғаған... (33)

Хан башқұрттардың бес батырын өзіне бағынышты етіп алғанда бас имеген жалғыз Идеукай болады. «Күтлы ұлы Идеукай, қылышын қыңға тықпай, мінген атынан түспей, хан жіберген пәрменге, жалғыз батыр бас имей» күреске бел байлайлы. Халық тарихын жақсы білетін дана қарт Сабрау (Сыпыра) Идеукайдың парасатын байқау үшін оған сұрақтар қояды. Идеукай атжарыста, жерден күміс алуда, мергендікте, палуандар күресінде алдына жан салмайды. Хан сарайындағы дұшпандары Идеукайды жамандап, өштік өртін қоздыра береді, ақырында өзіне өлім қаупі туғанда батыр қашып шығады. Осы айтылғаннан-ақ башқұрт құбайырының қазақ, қарақалпақ, ноғай нұсқаларына жақындығы байқалса керек. Ұқсастық оқиғалық орайластықтан да, сөз кестелерінен де кездесе береді.

Қазақ, башқұрт жырларында көптеген бейнелі тіркестер, шумақтар бір-біріне тым жақын болуының түрлі себептері болса керек. Екі халықтың шаруашылық кәсіп жүйесінің ұқсастығы да, этностық туыстығы да, көршілес, жапсарлас өмір кешкендіктері де рухани ауыс-түйістің алуан түрлі болуын белгілеген. Едіге туралы жырдан басқа да екі халыққа ортақ көркем ескерткіштердің молдығын еске салсақ та, бұған көзіміз жетеді. Башқұрттарда «Ер Тарғын» жырының да нұсқасы бар екенін, «Қозы Көрпеш — Баян

сұлудың» туысқан халық арасында зор данқа бөленгенін, Жиренше шешен аңыз әңгімелерінің атадан балаға ауысып келгенін тарихи-генетикалық, тарихи-мәдени типологиялық заңдылығына қарап анықтауға да болар еді. «Идеукай менен Мұрадым да» көркемдік дәстүрдегі ежелгі туыстықты жарқын түрде дәлелдей алады.

Мұның өзін бірнеше жүйеге бөліп қарауға болады. «Жайық кетсе жол кетер, Еділ кетсе ел кетер», «Темір, құрыш, болатты қамыр еткен бар ма екен, ұзын, ұзын, ұзын жол, ұшына шыққан бар ма екен» секілді жыраулық, шешендік тіркестер өз алдына бір топ құраса, қазақ жырындағымен бірдей естілетін шумақтардың молдығы қайран қалдырады. Сабраудың (Сыпыра) кеңесімен Едігені хан ордасына қайта оралдырмақ болып Жанбайдың айтқан сөздері қазақ нұсқасындағымен бірдей десе де болады:

— Қайт, Идеукай, қайтсана,  
Қайта Изел кісәһә!  
Иле өлкен Урғаға  
Иһкәйеп сәлем бирһәһә.  
Аһ-ақ көмөш һауыттан  
Хан һарқалтын эһһәһә!

Башқұрт жырындағы жүйрік атты сипаттаған жолдарды алып қарайықшы.

Әйәренен кашы алтың,  
Йүгәненең башы алтың,  
Қолағын беззәй қазаған,  
Ялын кыззай тараған...  
Қыйғас қамыш қолақлы,  
Алпыр бәркәт қабақлы  
Қысыр йылан тамақлы...

«Бір түбірден таралдым» деп тұрған мұндай жолдар аз емес. Оларды кеңінен тексеріп салыстыру, қыпшақ халықтары дастандарының поэтикасын сөз ету жеке мәселе.

Соңғы жылдарда рухани мұраны білуге жол ашылғандығы ұзақ жылдар бойында туған жерінен қуғындальып, зорлықтың неше алуанын көрген қырым-татар халқының тағдырына да он әсер ете бастады. Халықтың әдеби, фольклорлық ескерткіштерін жариялау, таныстыру жөнінде игі жұмыстар атқарылып келеді. Соның бір көрінісі «*Едіге би*» дастанының басылуы (34)

Жартылай карасөз, жартылай өлен түрінде сақталған бұл атакты жырдың ел арасынан жазып алыну, жариялану тарихы жүз жылға жақындайды. Жырдың қырым-татар вариантин алғаш рет академик В.В.Радлов 1896 жылы басып шығарған. Бірақ ол тым қысқа нұсқа болатын. 1938 жылы «Совет әдебиаты» журналында дастанның кеңейтілген бір басылымы жүзеге асырылған еді. Араға ондаған жылдар салып барып жарық көрген эпос мәтіні бұл кезге дейінгі басылымдардың қай-қайсысынан да толық екені байқалады. Қырым-татар халқы ғасырлар бойында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Шора батыр» жырлары секілді «Едігені» де ауыздан-ауызға таратып, айтып келген. Дастанның ұзын-ырғасын білетіндерден тіріктеп жиып, баспаға әзірлеген Самарқан қаласында тұратын Кемал Қоңыратұлы деген зерттеуші. Ол жырдың жекелеген бөлектерін Бекір Өмеров, Кемал Қадыев тәрізді зиялы қарттардан жазып алып, кейіннен өз анасының ауызша айтқан әңгімелерімен толықтырған... Жыр-аңыздың жалпы тұлғасы қазақ, ноғай, татар, каракалпак, башқұрт нұсқаларынан көп алшақ кетпейді. Бұл арада ерекше көңіл бөлетін нәрсе — дастанның халық басына зобалаң туған кешегі тоталитарлық кезеңде «жоғалып» кетіп, халық жадында сақталғандарының қайтадан жазылып алынуы. Осы мысалдың өзінен-ақ, Едіге туралы аңыз, әңгіменің елге қаншалықты танымал, етене болғандығы байқалады. Өзінің бай әдебиеті мен фольклорын іздеуге қырым-татар халқы енді-енді ғана мүмкіндік тауып отыр. Болашақта «Едіге бидің де», басқа мұраның да қырым-татар жеріндегі түрлі нұсқалары жинақталып, салыстырылатын, сөйтіп жалпы түріктік көлемде сараңға түсетін кезі келеді деп сенеміз.

\* \* \*

«Едіге батыр» жырының қазақ және түркі халықтары арасында таралған нұсқаларына жасалған талдау кейбір қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді. Алғашқы тұжырым жырдың жанрлық сипатын анықтауға қатысты болмақ. «Едіге батырда» аңыз-әпсаналық, ертегілік, нақтылы тарихи сарындар қосылып келгенде жырдың полистадиялық (көпқабаттылық) тұлғасын белгілейтінін көреміз. Жыр қаһармандары әулие Баба түкті шапты Әзиздің, Едігенің анасы делінетін пері қызының тарихы, сөз жоқ, әпсана-

лық-аңыздық тұрғыда баяндалған. Ал Токтамыс пен Едігенің әуелі дос болып, сонынан хас дұшпанға айналатын, бірін-бірі құртып біткенше шайқасатын оштіктерін әңгімелейтін тұстар нақтылы тарихи эпостың өрнектерін танытады. Жырдың бұдан кейінгі бөлегі таза ертегілік әуенге көшеді. Едігенің дала кезін жүргенде, Сәтемір ханның қызын зорлықпен тартып алған Қабантын алыпты өлтіруі, Сәтемір қызына үйленуі осы айтқанымызды дәлелдейді. Эпостың соңғы кесегінде Едігенің, Нұрұлының Өмір Темірден әскер алып, Токтамыстың ордасын шапқанын, жеңіске жеткенін айтатын жері тағы да тарихи аңызға айналып соғады. Сонымен, жырда көне, қаһарманшық, нақтылы тарихи эпостың нышандары қатарлас, аралас келетіні айқын... Мұндай белгілеріне қарап жырды эпостық жанрдың қандай түріне жатқызуға болады деген сұрақ туатыны табиғи. Біздіңше, «Едіге батырда» тарихи және қаһармандық эпостың сипаты басымырақ болып көрінеді. Әпсаналық, ертегілік желілер аралас-құралас келгенімен, олар эпостың аңғартпақ болған негізгі мәселесін мүлде көлегейлей алмайды. Токтамыс пен Едігенің және аты өзгертіліп берілген Өмір Темірдің араларындағы анық оқиғаларды баяндайтыны, бұлардың арасындағы қырым-қатынастардың таза батырлық эпосқа тән тәсілмен бейнеленуі мұнда тарихи-қаһармандық нақыштардың үлесі молдығын мойындатады. Қаһармандық эпосқа хас: 1. Болашақ батырдың «ажайып жағдайда дүниеге келуі; 2. Қаһарманның ерлік қасиетін ерте танытып, жедел жетілуі; 3. Батырлық үйленуі; 4. Жауын жеңіп, мұратқа жетуі секілді қалыпты сарындар. «Едіге батырда» толығымен танылады...

Жырдың түрлі нұсқаларының оқиғалық, құрылыстық жағында бірсыпыра ерекшеліктер кездесуі оның әуел баста аңыз-әңгіме түрінде айтылып, елден елге тарап келгенін, ертегілік, әпсаналық сарындар оған кейінірек қосылғанын сездіреді. Бас қаһарманға дүниедегі жақсы қасиеттердің бәрін жиып беретін эпостық заңдылықтар бойынша Едігенің өзгеше тұлғасын сомдау үшін оны «туысы бөлек», өзгелерден артық жаралған етіп мадақ ету қажет болған. Жырдың кейбір нұсқаларында оның ата-тегін пайғамбар әулетіне жақындатып қоюшылық, әкесін әулие, шешесін перізат деушілік осыдан. Тағы бірде Едігенің әкесі хан тұқымынан таралған деген де ескертпе кездеседі. Тарихи Едігенің пайғамбар әулетінен де, хан тұқымынан да емес, өзінің ақыл, қайратының арқасында «қарадан хан туғанын» білеміз. Едіге күшіне

жан шақ келмейтін алыпты жеңген, мың сан қолға жалғыз шабатын болып көрінуі де эпостық әсірелеу шартына лайық. Сонымен қатар жырдың ұлттық варианттарында бір-біріне ұқсас өлең жолдарының кездесуі Токтамыс пен Едігенің арасындағы нақтылы тартыстың қалай өрістегенін баяндаған жерлердің нақтылы шығарушысы болғанын да байқағанды. Сыпыра жыраудың Токтамысқа кеңес беретін, Едігені сипаттайтын, Едігенің сонымен қуып барған тоғыз батырмен жауапласуын баяндайтын, Токтамыстың тақ пен тәжден қапыда айырылып, кетерінде елімен қоштасатын немесе Едігемен бұрынғы ынтымақты кездерін еске түсіретін тұстарының көптеген нұсқаларда азды-көпті өзгерістермен қайталанып отыруы, жырдың дарынды ақын, жырау аузымен айтылған алғашқы желісі болғанын аңғартады. Едігенің даналығы жас кезінен байқалып, шиеленіскен дауларда әділ билік жасағандығын әңгімелейтін аңыз әңгімелер де жырдың тұрақты құрамдарына жатады. Нұрадын мен Едігенің арасында бір мәзіл қактығы, қырбайлық орын алып барып қайта жөнделетіні де бірталай нұсқаларда келтірілген. Міне, осындай нақтылы тарихи аңыздар төңірегіне түрлі қиял-ғажайып құбылыстар қосылып, кейде түпкі нұсқадан тым алыстап кететіндік ауызша тараған, халықтың рухани мүлкі болып кеткен шығармаларға тән нәрсе.

«Едіге батырдың» түркі халықтары арасында сақталған нұсқалары оның тарихи-генетикалық негізін білуге көмектеседі. Бұл варианттар тілі, тарихы, тегі, тағдыры жақын халықтардың ертеде бір мемлекет немесе бірлестік шеңберінде өмір кешкенін, сол ұлыс көлемінде болған аңыз әңгімелердің бөріне де қанықты болғанын, кейіннен түркі халықтарының бірлігі ыдырағанда әр ел бұндай тарихи аңыздарды өздеріне ғана тән деп есептеп кеткенін көрсетеді. Бір заманда Алтын Орда, оның ішінен шыққан Ноғай Ордасы кейінірек әр түрлі хандықтарға бөлінген жұрттарда жырдың сақталу себебі осыдан. Сондықтан да сол Алтын Орданың шаңырағынан таралған қазақтар, татарлар, ноғайлар, қарақалпақтар, башқұрттар т.б. «Едіге батырды» егеле санап, қадір тұтқан. Демек, «Едіге батыр» бір кезде түркі халықтары қуатты мемлекет орнатып, әлемде өзіндік орын, бедел иеленіп, қаһармандық қабілеті әлсіремей тұрған шағының ортақ ескерткіші әңгімесі, түбі бірге туыстықты дәлелдеп тұрған тарихи құжат есепті. Қыпшақ эпосын тереңдеп зерттеу мұндай туыстық мы-

салдарының неше алуанын таныстыра алатындығы кәміл болып көрінеді.

Ақырында. «Едіге батыр» жырының кейінгіге тағылым боларлық жақтары бар екендігін де ескертуіміз ләзім. Бір кезде бетіне жан қаратпаған, алыс, жақын жұрттардың бәрі де айбаты мен қайратын мойындаған, сондықтан да құрмет тұтып есептескен, қыпшақ тілді әлемдік империя Алтын Орданың, кейіннен соның тікелей жалғасы ретінде халықаралық деңгейге аты мәлім болған Ноғай Ордасының ысырау, тозу, өзгелерге жем болу тарихының ұмытылуға тиіс емес бір сабағы сол кездегі билеушілер мен ру көсемдерінің тақ, мансап үшін таласып, елі-жұртын орны толмас ойранға ұшыратуында жатыр. Бірінен-бірі артық боламып деп Токтамыс пен Едіге айрандай ұйып отырған елінің түбіне жеткені, Тұранды бір өзі билесе де, араны толмаған Әмір Темірдің ашқарак тәбеті, тыюсыз жаулаушылығы Алтын Орданы қайта оналмастай еткені қайғылы оқиға еді. Жыршылар мен жыраулар дәл осындай тосын оқиғаның сырын келешек ұрпаққа адал жеткізуді көздеген, мансап таластырған «дәулердің» өмітк әрекеттері қарауындағы халқына сор болып тигенін; дүниеде бірліктен, ынтымақтан, бейбітшіліктен артық байлық, бақыт жоқ екенін сездіруі жыр-аңыздың тереңде жатқан аңсары деп түсінуге болады. Тарихи дәуірлерде сан рет олық жегізген алауыздық ақыры немен тынатынын эпос тілімен айтып беруі Сыпыра жыраудан бері қарай жалғасқан айтушылардың сан буынының болашақ қауымға қалдырған аманат сөздері секілді.

#### Әдебиет:

- (1) Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974.
- (2) КПСС в революциях и решениях съездов и пленумов ЦК. 1971. Т. 6. с.119.
- (3) Бердібаев Р. Эпостың тарихылығы. Қазақ әдебиеті, 1983.
- (4) Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение.
- (5) Эренжеп Хара Давап. Чингизхан как полководец и его наследие. 1928.
- (6) Гумилев Л.Н. Человечность превыше всего. Известия, 24.06.1989.
- (7) Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. — Саранск, 1960.
- (8) Қалмыков И.Х., Керейтов Р.Х., Сикалиев А.И. Ноғайшы. Черкесск, 1988, с.18.
- (9) Глухов М. Ноғайлар — көне халық. Ноғай Дабысы, 19.12.1992.
- (10) Ноғайшы... с.18.
- (11) Ноғайшы... с.20.

- (12) Половецкая луна. 1992.  
 (13) Половецкая луна, 2/4/92. с.29  
 (14) Тамерлан. М., Гураш, 1992, с.298.  
 (15) Сонда, 378-бет.  
 (16) «Шора» журналы, 1908, №8. (мағлұмат «Заман-Қазақстан» газетінің 1993 жылғы 10-қыркүйектегі басылымынан алынды).  
 (17) Едіге би. С.Петербург, 1905; Мырза Едіге. Ташкент, 1922; Ер Едіге. Мәскеу. 1927; Едіге. Батырлар жыры. 5 т. 1989; Нұртуған. Мәуліманияз — Едіге. «Кәсіп, тілім сөйлеші» деген кітапта. 1992; Ер Едіге. «Қазақтың батырлық жырлары» деген кітапта. 1992. Қолжазба, 1990.  
 (18) Ноғайдың қырық батыры. Эдіге. — Махачкала, 1991, 7-бет.  
 (19) Урманче Фатых. Эдіге. Журнал «Половецкая луна», — Черкесск, 1992, с.19.  
 (20) Шех-али ұлы Әшім. «Ноғайдың қырық батыры» деген кітапта, 1991, 7-бет.  
 (21) Батырлар жыры. Қырымның қырық батыры. — Алматы, 1989.  
 (22) Нұртуған. Кәнеки, тілім сөйлеші, — Алматы, 1992.  
 (23) Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ел аузынан жинаған өлеңіет үлгілері. 1992; «Жұлдыз» журн. 1992, №8.  
 (24) Нұртуған. Кәнеки, тілім сөйлеші. 1992.  
 (25) Кузембайұлы А. История дореволюционного Казахстана. А., 1992, с.157.  
 (26) Едіге. Нөкис. «Қарақалпақстан» баспасы, 1990.  
 (27) Сонда, 13-бет.  
 (28) Едіге. 25-бет.  
 (29) Идегей. Татар халық дастаны. Қазан, 1988.  
 (30) Идегей. Татар халық дастаны. Қазан, 1988. 6—7-беттер.  
 (31) Идегей... 11-бет.  
 (32) «Ағизел» журналы, 1989, №1.  
 (33) Сонда, 19-бет.  
 (34) Едіге би. «Иылдыз» журналы, Ташкент, 1989, № 4.

## ҚАҺАРМАНДЫҚ ЖЫР – ХАЛЫҚ ЕСТЕЛІГІ

Кезінде біржақты сынның соққысына ұшыраған, ұзақ жылдар бойында жарияланбай да, зерттелмей де келген жыр аз емес. Қыркыншы жылдарға дейін сан рет басылған, халық арасына кенінен танымал болған «Шора батыр», «Ер Сайын», «Қарасай-Қазиге» сынды эпостық туындылар да осы қатарда. Бұларға тағылған «кіна» да фольклор табиғатын ескермеушіліктен туғаны күмәнсіз. Мәселен, «Шора батыр» кейбір нұсқаларында қаһарман Қазан қаласын алған «көпірлерге» қарсы аттанысқа шығатындығы себепті «халықтар достығына» нұқсан келтіретін жыр деп айыпталған. Ал Ер Сайынның жаудан кек алу үшін болған жорықтары басқыншылық болып есептелген, тоқсан күлді жазалауы байшыл-феодалшыл әрекет деп танылған. «Қарасай-Қазиге» төтелей төнген үкім болмаса да, ол да халыққа жат эпостардың дүрмегіне қосылып кете барған. Енді бір топ жыр («Орақ-Мамай» т.б.) шежіре бойынша Едігеден тарайтын ұрпақ болғаны үшін жабық тақырып санатына қосылған. Байыптап тексеріп қараса, бұлардың ешқайсысы да аса «қорқынышты» емес екенін ұзақ үзілістен кейін енді-енді ғана өңгімелеп отырмыз. Бірақ қыркыншы жылдардың ақыры мен елуінші жылдардың бас кезінде бұл жырларды сөз етуге ешкімнің де жүрегі дауалай қоймайтын. Кейбір көрнекті өлеңші ғалымдарымыздың осы секілді мұраны зерттеп, оң баға бергені үшін көп сергелдеңге душар болғанын білеміз.

Аталған жырлардың әрқайсысы туралы жан-жақты талдаулар жасалуға лайық. Біздің міндетіміз осы қажеттілікті ескеріп, мәселені күн тәртібіне қою, тақырыптың методологиялық жағына көңіл бөлу, мұраның мәнін ашу жолында сүрлеу салу болып табылады. Осы мақсатты көздей отырып, кей жағдайда жырлар мазмұнын таныстыруды да орайлы санадық. Салыстыру ретінде кейде вариант-нұсқаларды да келтіреміз.

«Шора батырдың» бір өлеңдік, бір кара сөз нұсқасы 1939 жылы басылған «Батырлар» жинағында жарияланды. Мұның алғашқысында батырдың Қазанға аттанып, «кәпірлерді» жеңгені баяндалады. Жұртшылықты осы нұсқапың мазмұнымен таныстырып өту қажет деп санаймыз. Сонымен қатар, «Шора батырдың» түрлі халықтар арасына тараған варианттарын да таныстыру орынды.

Руы тама Нәрік батыр еліне өкпелен, Қазан шаһарын қалдырып, Үргеніш манына Ақша хан құзырына келіп, ханның сенімді адамы болады. Хан әрі елін сағынып, «кетемін» деген Нәрікке көп сінірген енбегін ескеріп, сұлу, ақылды Меңсұлуды қосады. Нәріктің «кетем деуі» оның ел-жұртына беделділігін көре алмаушылардың түрткілеуі мен арандатуы себебінен туады. Маңындағы арам пейіл адамдар Нәріктің көзін құртуға Ақша ханды азғырады, оны Меңсұлуға қызықтырады. Бірақ Меңсұлу ақылды жауап айтып, «біреудің сарқытынан бас тартқан арыстан» мысалын келтіріп, ханды райынан қайтарады... Меңсұлу Шора атты ұл, Шырын атты қыз табады. Шора ерте есейіп, бір баланы абайсызда өлтіріп қойып, «қаңғырған Нәріктің баласы» деген сөздер естиді. Сол бір кезде Қазан шаһарын кәпір алыпты деген хабар жетеді. Шора аттанбақ болады. Анасы Меңсұлу, қарындасы Шырын қоштасып қала береді. Мұнда Шораның Ақташы биге кекті екені айтылған. Жолда Ноғайлы елінен бұған Құлыншак батыр ереді, Мақтым сұлу кездеседі. Шора Қазанда Құлыншак батыр екеуі сан мың жауды жеңіп береді. Жырдың ұзақ жылдардан бері жарық көрмей жатуына себеп болған нұсқасының қысқаша мазмұны осындай.

«Шора батырдың» идеясы анық, көркемдігі биік басқа да варианттары бар. Олардың кейбіреуі кара сөз түрінде келеді. Сол нұсқасының қысқаша мазмұны төмендегідей... Қазанды жайлаған перзентсіз Нәрікбай «қу бас» деген сөзге шыдамай көшіп кетеді. Бірақ бұлар келген Қарахан (Шын билеушісі Әліби) елінде айрақтылардан (ру аты) қысым көреді... Құдайдан бала сұрап, әйелі Құлқаныс екеуі көп әулиелерден өтіп, Баба түкті шашты Өзизге келіп түнейді, бұларға әулие аян береді; Құлқаныс арыстан етіне жерік болады. Бала көтеріп, Шораны табады. Шора жедел жетігеді, айрақтылардан қорлық көрген тама балаларының кегін әпереді. Бір төбелесте Әлібидің баласын өлтіреді. Дегенмен көп рулы айрақтылар түбінде қысым көрсете ме деп қауіп-

теніп, Шора Қазандағы елін іздеп таппақ болады. Жолда көп сиқырлы күштерге кездесіп, аман өтеді. Қалмақтармен соғысып, жеңеді. Қайтып келіп, Әлібилерден қорлық көріп, ғарып болған ата-анасын қуанышқа бөлейді. Әлібиден қорқып қапа шыдап жүрген ноғайлы Қараханды қайтадан тағына отырғызады... Жырдың бұл нұсқасы әдеттегі қаһармандық эпос үлгісінде жасалған.

Қазақ арасына кеңінен танымал болған жырлардың бірі «Шора батырдың» түрлі нұсқаларының да негізгі қаһармандары мен оқиғалық сарыны бір арнаға бұрады да отырады. Сонымен қатар әрбір вариантта әрқилы өзгешеліктер ұшырайды. Осы тұрғыдан атақты фольклор жинаушы, белгілі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазып алған, қарасөзбен берілген «Нәрікұлы Шора» деген нұсқа көңіл аударарды. Мұның қысқаша мазмұны төмендегіше: ерте заманда Қазан деген қалада тама елі тұрыпты. Сол елде Кәрібай, Нәрік, Есім деген үш ағайынды кісілер болады. Қаланы Есім би билеп тұрыпты, үлкені Кәрібайдың Тәсен деген баласы Есім маңында мырза атанып, қаланың беделді адамы саналыпты. Күндердің бір күнінде сол маңдағы бір бай үлкен той жасамақ болып, елге хабар таратады. Осы тойға мініп баруға Тәсен Нәріктің шұбар дөнегін сұрайды. Нәрік өзінен туған бала жоқтығын ойлап, жүйрігін бергісі келмейді. «Шұбардан басқа қандай атты сұрасан да ал», — дейді. Осыны естіген соң ызақор Тәсен: «Ай, Нәреке-ай, қулығыңа кеттің ғой. Құдайдың да өзінді қуратып қоюы осы пейілің ғой», — деп ауыр сөз айтып кетеді. Жақын інісінің табалағанын көріп, Нәрік қатты қасірет шегеді, елімен қоштасып, әулиелер аралап, перзент тілеуді ойлап, әйелі Құлқаныс екеуі қырық үйлі таманы ертіп алысқа беттейді. «Қайтыңыз» деген інісі Есімнің тіліне де илікпейді.

Сол бетімен үш-төрт ай жол жүріп отырып, «бір ақ қаланың маңында он сан ноғайлы Айрақты еліне, мың үйлі жасыл түрікменге келеді. Түрікменнің Қарахан деген ханы, Әліби дейтін биі бар екен. Әліби «отыншының орағын, сушының шелегін алатын» озбыр болыпты. Ноғайлылар — егінші, түрікмендер — балықшы екен дейді. Қырық нөкерімен келген Әлібиді Нәрік бай ұлан-асыр қонақ етеді. Нәрік «осынша малдың, байлықтың иесі — перзенті жоқ екенін айтып, сондай балам болса ғана заңды зекет төлеуге болады, онсыз мына байлық арам мал», — деп уәжбен Әлібидің бетін қайтарады... Ауылдас отырған қырық үйлі таманың баласына түрікменнің көп баласы зорлық қылып, асықтарын тартып

алып, өздерін сабайды. Әліби араға кісі салып, Нәріктен шұбар атын сұрайды. Бұл Нәріктің жанына батады, «баласы жоқ» деп басынғаны гой деп Нәрік намыстанады. Енді ол қырық үйлі таманы да, мал-дүниесі де қалдырып, әйелімен қайда әулие бар десе, басына мал сойып, шырақ жағып түнейді. «Маңдайларынан күн, табандарынан сыз өтті». Күндердің бір күнінде «ат жүрсе, тұяғы күйетұғын, күс үнса, қанаты күйстүғын ку мидай құба жонда» қой бағып жүрген қойшыға жолығады. Ол Нәріктерге: «Қаратаудың бауырында Баба түкті шашты Әзиз деген әулие бар... Түбінде бір жылы бұлақ бар. Сол ақ шенгел Баба түкті шашты Әзиз көмілген жер. Соған бар да түне. Аузың барғанша сұра, ол берсе, берген сықылды қылып береді», — деп жөн сілтейді.

Нәрік пен Құлқаныс қыр қышырып, су сыдырып, тау-тасты басып, табандары ойылады. Ақыры іздеген әулиесіне келіп жетеді, қалған жалғыз тоқтысын сойып, сонда қонады. Таң сәріде «ала есегі қайқайып, ала қоржын арқалап, шар кітабы қойнында, аса таяқ қолыңда, өзі ақтып жолыңда» бір ақ сәлделі кісі келіп, Құлқанысқа аян береді. «Атса мылтық өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын Шора есімді ұл табатышың» айтады... Нәрік пен Құлқаныс қуанышы қойындарына сыймай, ауылына келеді. Құлқаныс арыстан етіне жерік болыпты. Нәріктің бір қойшысы айға шабам деп мертігіп өлген арыстанның жонынан таспай етіп тіліп ет әкеледі. Айы-күні толғанда Құлқаныс толғағын, ұл тапты, күмістен түбек, алтыннан шүмек жасатты. «Төбел бие сойып — төменгі елді, жорға бие сойып — жоғарғы елді, ала бие сойып — аймақ елді тойға шақырады, отыз күн ойын, қырық күн той» жасады. Бірақ Әлібидің ырқымен қалың түрікмен елі Нәріктің шақырған тойына келмейді. Өзінің ру-тайпасы үшін күрескен Шора батырды халық қиялы жедел жетілдіреді, барлық жауларын жеңдіреді. Бұл эпостық аңыздарға тән шешім. Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған «Нәрікұлы Шора» осы жырдың табиғатын тануға өз тарапынан септесетін, жырдың халықтық негізін әйгілей түсетін мысалдың бірі. Карасөзбен жазылған аңыз-жыр — өлеңдей оқылады. Мүмкін, Мәшһүр өлеңмен айтылған жырды карасөзге айналдырып, тек мазмұнын берген болар. Жырдағы эпостық жау — қалмақтар, сондай-ақ көршілес жатқан елдердің алауыздығы, зорлықшыл әкімдердің арандатушылығы түрікмен билеушісі Әліби бейнесінде жалт етіп көрінген...

Бізге «Шора батырдың» ақын Мұсабек Байзаков (Молда Мұса) жырлаған нұсқасы барлық варианттардың ішіндегі ең көркемі болып көрінеді. Мұның бітімі, шеберлік кестесі атақты эпостарымыз «Алпамыс батыр» мен «Қобыланды батырдан» кем түспейді. Бұл жөнінде арнаулы зерттеуімізде айтылады.

Ал «Шора батыр» эпосының тарихи негізін іздеп көрсек те, жырдағыдай ситуацияны таба алмаймыз. Шора Нәріков деген тарихта аты белгілі адам болғанын бір кезде өзінің зерттеуінде С.Сейфуллин де ескерткен болатын. Мұны басқа ғалымдар еңбегі де растайды. Мәселен, татар фольклоршысы Ф.Урманчиев «О происхождении и формировании байтов» («Советская тюркология» журналы, 1983, № 6) деген мақаласында татар фольклорында Шора Нәріков туралы өлеңдер бар екенін көрсетеді. Ең қажеттісі сол — автор байттерде орып алған қаһарманның тарихта өмір кешкенін және оның орыс патшасы жағында әрекет еткен адам екенін дәлелдейді. Бұл мақалада Шора Нәріковтың орыс патшасының дұшпаны емес, жақтаушысы екенін бір көрсек, екіншіден оның Иван Грозный Казанды алған кезден (1552) біраз жыл бұрын өлгенін білеміз. Әсіресе Шораның нақтылы өмірінде қандай бағыттағы адам екенін білу эпосты тарихи мектеп концепциясы бойынша бағалағысы келетіндердің оны орыс халқының жауы деп таптығын ең негізгі күдігін жоққа шығарады. Онан соң бұл факті қазақ эпосының кейбір вариантында Шораның Казан қаласын «көпірлерден» қорғаушы болып көрсетілуі кейбір жыршылардың жанынан қосқан қиял жемісі екенін анықтап береді.

Тарихи Шораның ролі кейбір қазақ жырларында көрсетілгеннен басқа болғанын тағы да бір зерттеушінің куәлігі айқындайды. Чуваш ғалымы В.Г.Радионов «К образу лебедя в жанрах чувашского фольклора» деген еңбегінде («Советская тюркология» журналы, 1983, № 6). Шора туған елін татар тепкісінен азат етуші болып сипатталатынын айтады. Бұл келтірілген мысалдар тарихи Шораның «анкеттік» мінездемесін белгілеуге жеткілікті болады деп ойлаймыз. Көп елдің фольклорында Шораның ел азаттығы үшін күрескер болып көрінетіндігі қайран қаларлық үндестік. Шораның түрлі жыр вариантында қайтпас ер болып сипатталатыны эпостық сананың даналығына, халық нағыз қамқоршының еңбегін бағалағанда естен жанылмайтындығына айғақ...

Башқұрт фольклорында Шораға («Сура батыр», Башқұрт халық ижады, эпос, 1982) арналған жырдың қысқа жұрнағы ғана сақталған секілді. Мұнда Шора батырдың Қазанға аттанып бара жатқан бір мезеті ғана елес береді. Ал «Шора батыр» жырының ноғай вариантының мазмұндық желісін біз бұдан бұрынғы еңбегімізде («Қазақ фольклорының типологиясы», «Ғылым», 1980) сөз еткен едік. Бұл жерде тек жырдың Ноғай версиясының бастапқы оқиғалары Қырым жерінде өтетінін, мұнда Шора өздеріне зорлық көрсеткен Әлібиді өлтіру себепті елінен кетіп, Қазан шаһарына барғаны, сонда бір соғыс үстінде өлгені көрсетілгенін еске салғмыз келеді. Зерттеуші Б.Кебекова «Қырғыз-қазақ фольклорлық байланысы» (Фрунзе, 1982) деген кітабында қырғызда «Шора батырдың» екі нұсқасы бар екенін мәлімдейді. Сонымен біз шолып өткен бес-алты нұсқаның бәрінде де Шора батыр ел намысын ойлаған ер болып сипатталады, оның есімі бірнеше халықтың фольклорында ұнамды орын алады. Міне, осы фактінің өзі «Шора батыр» жырына тиісті ілтипатпен қарау керектігін аңғартса керек. Ноғай, башқұрт, татар, чуваш тәрізді ынтымақтас, тағдырлас халықтар қадір тұтқан эпостық қаһарман — Шораны біз мансұқ етуіміз ақылға симады. Оның үстіне қазақ жыры мейлінше толық, сұлу, кестелі екені шүбәсіз. Айтушылардың немесе жырды жинаушылардың, басып шығарушылардың субъективтік ансарына байланысты жасалған кейбір қоспалары бар варианттардан нағыз қаһармандық эпос тұлғасын танытатын нұсқаларды ажырату қиын емес. Ондай әдемі үлгінің өзі бір емес, бірнешеу. Демек, елдің ертеден сүйіп тыңдап келген жыры «Шора батыр» эпостық ескерткіштер қатарынан өз орнын алуы тиіс.

«Едіге батыр», «Шора батыр» жырларының кейбір нақтылы тарихи түбірін азды-көпті аңғара алатын болсақ, «Ер Сайын» жыры бұлардан басқа, халық қиялынан жаралған, екшелеген қаһармандық эпостың «таза» типі. Мұның қаһарманын тарихи белгілі бір қайраткерлер өмірбаянына телу мүлде қисынсыз. Осы реттен алғанда «Ер Сайын» турасында қолденең пікір тууы мүмкін емес.

«Ер Сайын» алғаш рет В.В.Радлов жинағында (1870) басылған. Екінші рет 1926 жылы Мәскеуде «Күншығыс» баспасында жарияланған. Көлемі 1700 жолдай...

Ноғайлы елінің дүниеқор байы, тоқсан құлы бар Бозмұнай перзентсіздік зарын шегеді. Көптеген батырлық жырлардағыдай мұнда да осы сарын күшті естіледі... Ұлсыз Бозмұнай тоқсан кү-

лынан қорлық көріп, зар-наласын төгеді. Оған әулие аян етіп, «мың ұл берейін бе, мыңға татырлық бір ұл берейін бе» дегенде Бозмұнай бір де болса бірегейін тілейді. Әйелі жүкті болып, ұл табады. Әйелі аяп берген ұлдың атын кім тапса, соған сыйлық беремін деп Бозмұнай елге жар салады. Ақыры баланың аты Сайын болатынын жасы 130-ға келген қарт табады. Сайын тез есейеді, ерлігін ерте танытады. Ол қорқып қапқан тоқсан құлшы жазалайды. Бойына күші сыймай, жау тіленеді. Бұған есірік болуға Қобыланды батыр келеді. Сайынның әке-шешесі «баламыз жас, жауға шаппасын» деп Қобыландыдан уақыт, мөулет сұрайды... Енді Бозмұнай баласына қыз іздеп, бір байдың қызы Аюбикешті алып береді. Аюбикештен Бөкенбай, Киікбай туады. Сайын Қобыландымен бірге қалмақ жауға аттанады. Алдынан қалмақ емес, Жағалбайлы елі көрінген соң, Қобыланды «қайтайық», — дейді. Бұған Сайын көнбей, қырық жігітін ертіп қалмаққа тартады. Соғыс сәтсіз болып, Сайын құлайды... Сол кезде Аюбикеш түс көреді, жоқтау айтады (бұл жоқтау өте көркем). Ақырында Аюбикеш Сайынды іздеп тауып, «тірілтіп» алады. Сайынның балалары Киікбай мен Бөкенбай Қобыландыға еріп, ата кегін қуып, қалмақты шабалы, әкесімен табысады. Ер Сайын екі батыр ұл өсіріп, мұратына жетеді.

Жырдағы 90 құл, «Сайын жауға өзі тіленіп барып, сәтсіздікке ұшырады» дегендер мәселенің мәнін шешпейді. Түпкі жау қалмақты шабуға бағытталған мұндай өрекетті эпостық сана қолдайды, сол үшін де жаудан мертіге құлаған Сайынды қайта «тірілтеді», Сайын соңынан екі батыр ұл ергізеді, мұратына жеткіздіреді. Бұл — шапқыншылық жыры емес, жауға аттану, ерлік жыры. Қалмақ эпосы «Жәңгірде» де батырлар түбі дұшпанымыз осы-ау деп, алыстағы жауларға аттана беретін. Отан қорғау идеясы эпоста мұндай сырттағы соғыстарды ақтайды. Ал Сайын прототипін қайсыбір хандардан іздеу ақылға сыймайтын нәрсе.

Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған көлемші жырлардың бірі — «Сайын батыр». Жалпы мазмұнына қарағанда бұрыннан белгілі, 1939 жылы жарық көрген «Ер Сайын» эпосына жақыпшығы анық сезіле тұрса да, мұнда кейбір мезеттер кеңірек бейнеленген секілді. Жырдың тілі де мөлдір, таза көркем тіл. Осындай белгілеріне қарап, «Сайын батыр» өзінше жеке бір нұсқа деп есептеуге негіз бар. Мұндағы оқиғалық желілер: Бозмұнай деген байдың

баласыздық мұны, оның осындай тірексіздігін сезген тоқсан құлының бас көтеріп, оған зәбір көрсетуі («қарағай найза сықылды қарсы шабар ұлы жоқ, артынан іздеп келетін қатарланған халқы жоқ»), бұған Бозмұнайдың назаланып, зар төгуі («Ашамайға мінгізіп, көш алдына жүргізіп, әжептеуір құрбының алдына алып сүйгізіп, алашқа атын бергізіп, ұл қызығын көрмедім, астына жорға мінгізіп, орынды жерге бергізіп, алаштан бегзат келтіріп, оң жағыма кіргізіп, қыз қызығын көрмедім...»), түсінде ақ сәлделі кісі келіп, «ұлды боласың» деп аян бергені, қуанғаннан қойдан қошқар алдырып сойдырғаны, балаға ат қойылудың өзі үлкен салтанатқа айналғаны, ноғайлыдағы жасы жүз отызға келген ең қарт кісі баланың атын Сайын қоюы, баланың жедел ер жетуі («бір жасына келгенде, білектіден белі асты, екі жасқа келгенде, ерлікпенен таласты, үш жасына келгенде, ерте мінген атынан кешке дейін түспеді, төрт жасына келгенде, қарағай найза толғайды, алты жасқа келгенде, атын таңдап мінгенде, алты қырлы ақ сүңгі, оң қолына алғанда...), әкесі үшін кек алады деп қорқып, тоқсан құлдың қашқаны, Сайынның оларды қуып жетіп жазалағаны, әйгілі Қобыланды батырдың Сайын атын естіп, көруге құмартуы, оның жас Сайынды жауға қарсы қойғаны, Сайынға қалыңдық ізделуі, ақыры Көбікбай дегеннің Аюбике деген қызы таңдалғаны, жігіт әкесі мен қыз әкесінің алғашқыда біраз дүрдіраз болып табысуы, Сайын батырға түсінде баба Омар аян беріп, Бөкенбай, Киікбай деген қос ұлды болатынын хабарлауы, ол балалардың жастай батырлық нышан танытуы, уәделі кезінде Қобыландының қайта келуі, жауға аттанысқа шақыруы, жауырыншы бұл жолғы сапарларын сәтті болмайды деп болжау айтқаннан кейін Қобыландының алған бетінен тоқталуы, бірақ Сайынның бұл мәмілеге көнбегені, күші басым жаумен айқасып, өлімші болып жаралануы, өмірден күдер үзіп, жолдастарынан еліне сәлем айтуы, қоштасуы, Аюбикенің түс көріп шошуы, Сайынның қырық нөкерінен ауыр хабарды естіп, жоқтау айтуы, Сайынды жараланып жатқан жеріне іздеп барып, жарасын дөрілеп жазуы, Сайынды жалғыз, жарақаттанып жатқан жерінде өлтірмек болып Жоломанның келуі, қамыққан Сайынға астындағы Бозаттың, сауытының «тілдесіп» қайрауы, пір «медет» берген соң Сайынның қалмақтармен он үш күн соғыс салуы, Сайынның балалары Бөкенбай мен Киікбай «әкеміз қайда» деп Қобыландыға барғаны, үшеуі қосылып жауға шапқаны, қанды майдан айқаста

асқан ерлік көрсеткені, ақырында қалмақ жауды жеңіп еліне келгені, абыройы артқаны, мұратқа жеткені т.б.

«Сайын батырдың» құрылысы, жалпы пафосы қазақтың классикалық қаһармандық жырларынан алшақ кетпейді. Бір кезде кейбіреулерге Сайын соғыс іздеген, жау тіленген қанқор батыр секілденіп көрінгенін білеміз. Бірақ байыптырақ қарасақ, мұндағы соғысатын жаудың эпостық жау, қалмақтар екенін көрер едік. Эпостық жауға барып, сағын сындырып қайту, соғысқұмарлықтан болмайды, елдің түпкілікті баянды тұрмысын ойлау қамынан шығады. Жырда архаикалық сарындар да бар. Олар: Бозмұнайдың баласыздық қайғысы, болашақ батырдың ғажайып туысы, жедел жетілуі, әулиелер аян беру, түс көру, батырлық соғыстардың әсіреленіп берілуі, қаһарманды мінсіз етіп суреттеу... Кектескен, үздік-создық соғыстарда үнемі бетпе-бет келіп жүрген жауларға эпостық батырлар әрқашан сақалай сай тұру эпостың заңдылығы секілді нәрсе. Сондай-ақ бірде соғысты жау бастаса, екіншіде, сәтті кезенді пайдаланып, жауға ерлердің өзі бірінші болып аттану эпостық көркемдеу шарттарына қайшы еместігін еске сала кетпекпіз. Бұл жырға діни идеологияның да әсері болғанын байқаймыз.

Бұл кезге дейін жарық көрмей келе жатқан жырдың бірі — «Қарасай-Қазиді». Жырдың Мұрат ақын айтқан нұсқасын алып қарасақ, нағыз қаһармандық эпостың үлгісі аңғарылады. Мұндағы адам аттары (Мұса, Орақ, Мамай т.б.) тарихтан белгілі болғанымен, жырдың құрылысы, пафосы, оқиғасы эпостық жинақтау дәстүріне лайық жасалған. Қарасай мен Қазидың жауға шапқан ерліктері классикалық эпос өрнегін танытады. Тек жырдың бастапқы тұсында ғана Ноғайлы ордасы дәуірінің кейбір оқиғалары елес беріп өткендей болады. Эпостық әсірелеу, болғанды ғана емес, болуға тиісті көрсету дәстүрі «Қарасай-Қазидың» ешбір белгілі тарихи оқиғаға тәуелді болмай, тыңнан жасалған көркемдік ескерткіш екенін байқатады. Қарасайдың өзін сипаттауы да («Төсегіме төрт кісі, жастығыма бес кісі, қылышыма қырық кісі, найзамның ұшы жүз кісі...») қалмақтармен сұрапыл соғыс суреттері де, «қабан құла кара атқа» тіл бітіп, сөйлесуі де, Қазилардың сансыз жауды жапырып жіберуі де — бәрі де эпостық идеал, әсірелеудің кәміл белгілері... Жыр — туған жер, ел намысы үшін күреске үндейтін, тәрбиелік мәні зор мұра. Міне, осындай көркем бітімді жырдың баспа жүзін көрмей келуі өкінішті-ақ...

Бұл эпостың идеялық анықтығын, мазмұн байлығын халық ертеден-ақ жоғары бағалаған, мұны жыршылардың көбі жатқа айтып, елдің ерлік рухын тәрбиелеуді көздеп отырған. Бір ерекше атап өтерлігі «Қарасай-Қазиды» ауыл жыршылары той-тамаша, жиын кездерінде күні бүгінге дейін айтып келеді. Әсіресе термешілік, жыршылық дәстүрі молырақ дамыған және сол дәстүр жалғасын келе жатқан Сыр бойы мен Қарақалпақстанда осы жырды орындаушылар баршылық. Біз бұдан бірнеше жыл бұрын Хожейліде (Қарақалпақстан) бір тойда болғанымызда жиналған жұртшылықтың өтініші бойынша жыршы Алдаберген Тасқынбаевтың «Қарасай-Қазиды» серпінді әуенмен шебер айтқанын тыңдаған едік. Мұның өзі жырдың халық жадынан шықпай келе жатқанын көрсетеді. Мұнда Ноғайлы Ордасының бірнеше белгілі адамдарының аты аталғаны тек сыртқы ұқсастық ғана. Ақын-жыршылар тарихтан мәлім Қарасайды құжаттық деректерден мүлде басқа, эпостық оқиғаларға араластырып, тың туынды етіп шығарған. Мұндағы Мамайдың да Куликов даласында Дмитрий Донскойға қарсы әскер бастап соғысатын Мамайға генеалогиялық жағынан да, нақтылы оқиғалық жағынан да қатысы жоқ. Жырда Қарасайдың әкесі Орақтың батырлығы мадақ етілсе, бұл қаһармандық эпос поэтикасына сыйымды табиғи көрініс. Жалпы алғанда, «Қарасай-Қазиды» біз сөз етіп отырған нұсқасын жинақтарға қосып жариялау да, жыршылардың орындауында жазып алу да, грампластинка етіп шығару да қажет болып көрінеді. Бұл жыр — жас қауымды отаншылыққа, намыспен ерлікке баулитын шығарманың бірі. «Қарасай-Қазига» Қазақ совет энциклопедиясында берілген баға да мейлінше анық. Онда былай делінген: «Қарасай-Қазиге» дастаны — ел қорғау ісі мен әділдікті, ерлік пен батырлықты дәріптейтін шығарма» (8 том, 214-бет).

«Қарасай-Қазиды» нұсқалары көп. Солардың әрқайсысында бөріне тән ортақ желілермен қатар жекелеген өзгешеліктер де кездеседі. Бірақ, жалпы алғанда, жырдың қаһармандық, ерлікті мадақ ететін бағыты барлық варианттарда да сақталған деуге болады. Біз бұл арада «Қарасай-Қазиды» Қарақалпақстандағы Қоңырат қаласының тұрғыны, жыршы Мәмбетов Абаубайдан жазып алынған нұсқаны сөз етеміз.

Жырды хатқа түсірген Көрпеев Айтмұрат, ал одан алып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасына тапсырған филология ғылымдарының докторы, фоль-

клоршы Қыдырәлі Саттаров. Сөз болып отырған нұсқаның көлемі төрт мың жол шамасында. Жазып алушының кейбір жолдарды қалдырып кеткен жерлері де зерттеп оқитын кісіге бірден байқалады. Жыр, мекен, адам аттарына түсінік берілмеген. Осындай аздаған нұсқандарына қарамастан, бұл вариантын толығырақ мазмұндау қажеттігі бар...

Атап өтерлік бір мәселе — эпос қаһармандары Қарасай мен Қазидың ерлік аттаныстарының негізгі себебі әкесі Орақтың өлер алдында айтып кеткен армандарын іске асыру мақсатынан туанды. Түркі-моңғол халықтарында ерекше мәнге ие болған дәстүр — атаның аманатын орындау парызы — жырда кең де кемел айтылған. Бұл қазақтың «атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дейтін макалында дәл көрсетілген елдік арман жүзеге асқандығының да бір жарқын мысалы. Аталар орындай алмаған істерді балалары алға апарса, әке кегін үрім-бұтағы қуып, орнына келтірсе ғана тіршіліктің мұрат тапқаны деп түсінетін ескі заман ұғымы «Қарасай-Қазига» қуатты әрі көркем жырланған.

Орақ батырдың өлер шағында әйеліне айтып кеткен үш арманы мыналар: ол ер інісі Мамайдың қанша қызық өмір жасаса да, сүйсініп күлгенін бір көрмеңгі; алдына жылқы баласын салмайтын Қызылат деген дүлдүлді қолға түсіре алмай, міне алмай кетіпті; Қиғаш тауындағы ата жауы қызылбасты бағындыра алмайты... Қарасай ержете келе анасы оған әке арманын баяндап береді.

Қарасай әке арманын орындауды атақты жүйрікті іздеуден бастайды. Анасының айтқан ақылымен Қызылатты қолға түсіреді, бірақ мал иесі қарт Көкшенің талабы бойынша оған қарындасы Қибатты беруге уәде етеді. Бұл кезде Мамай көп жаумен шайқасып, жеңіске жете алмай жатыр екен. Қарасай тұлпар мініп, құйындатып келіп, қалың жауға жалғыз тиісіп, дұшпанның бетін қайтарады. Осынша ерлік жасаған кім екен деп сүйсінген Мамай өзінің ағасы Орақтың ұлы Қарасайды танып қатты риза болады, өмірінде тұңғыш рет күледі. Міне, осылайша әкенің екі арманы эпостық жылдамдықпен тез-ақ орындалады... Бұл кезде Қарасайдың жасы он екіге жаңа келген шағы болады...

Жырдың алғашқы тұсынан-ақ батырлық эпосқа тән, ежелден қалыптасқан кейбір тұрақты белгілерді танымыз. Соның біріншісі — атадан балаға мирас болып жалғасатын ерлік дәстүрі. Эпостық заңдылықтар бойынша ежелгі жауға қай кезде де аттанып,

соғыс салу табиғи құбылыс саналады. Мұны басқыншылық, зорлық деп түсіну бекер. Сап ғасырларға созылған кек пен намыс белгілі батырлардың қайтыс болуымен кілт тоқталмайды. Карасайдың әке арманын орындау үшін жауға шабуы да осының көрінісі. Түптеп келгенде, бұндай әрекет күллі ноғайлы елінің мүддесінен туатыптып жырдың кейінгі тұстары анықтай түседі. Сыртқы дұшпандардың қастандығы салдарынан ноғайлы елі тозғындап кеткен екен. Карасай-Қазидың әрекеттері солардың басын қайта құрау, бейбітшілікке, тұтастыққа жеткізуді көздеу болып шығады. («Тозып кеткен көп ноғай, қонысқа қайтып қонады»). Сондай-ақ болашақ батырдың ерте ер жетуі де – ежелгі эпостық сарынның бірі. Он екі жасар Карасайдың зор ерліктерге баруы эпос табиғатына қайшы емес... Дүние жүзі эпостық аңыздауларынан ерте басталған батырлықтың неше алуан үлгілері табылатыны белгілі. Тағы да бір атап өтерлік нәрсе жас батырдың ат тандап мінуі. Бұл, шындығына келгенде, қандай да болмасын қаһарманның негізгі арманы ғой. «Ат – ердің қанаты» деп бекер айтылмаған. Қызылатты қолға түсіруді аңсап кеткен Орақтың таппағанын баласы Карасай табады.

Әкесінің үшінші арманын орындау өте қиынға түседі. Өйткені Қиғаш тауын жайлаған қалың қызылбас оңай жау емес. Міне, жырдың ең көлемді тұсы осы мәселеге арналған. Бұл кезде Карасайдың соңына батыр інісі Қазиді еретін болады. Қазидің өткірлігі тіпті Карасайдан да артып түсетіні көрінеді. Ол Карасайдың Қызылат бодауына қарт Көкінеге қарындасы Қибатты беремін деп уәде еткеніне намыстанады. Соғыстың қиын-қыстау кездерінде Қазиді ұлғи ағасын қайрап, жігерлендіріп, намысын қозғап отырады. Ағайынды екі батырдың өзіндік кейбір мінез ерекшеліктерін жыр осылайша анықтап өтеді.

Жырда тағы бір эпостық дәстүр көрініс береді. Ол – болашақ батырлардың ата-тегін мадақтау, бұрынғы батырлар өнегесін айту, ғибрат ету. «Карасай-Қазиді» да осындай дәстүрлі қалыпта басталған. Олардың әкесі батыр Орақ ер Мұсадан тарағаны, ал Мұсаның арғы аталары Баба түкті шашты Әзиз, Едігелер, Нұрадындар болғаны дәріптеледі. Бұл жырдың батырлық жалғастығын сездіруі болып табылады. Ал «Карасай-Қазиді» әлгі адамдардың аты аталғаны болмаса, ешқандай істері айтылмайды. Қырымнан келген қырық мың ноғайлының қолбасыларын әсірелей таныстырып, тізіп айту да – көп жырларға тән көркемдік

әдістердің бірі. Қызылбасты қалай женуге болады деп Карасай анасымен ақылдасады. Баласының қаншалықты қауіпті сапарға ниет етіп тұрғанын сезсе де, анасы оны бетінен қайтармайды, бірақ жаудың аса мықты, әккі айлалы екенін ескертеді. («Қызылбас деген мықты жау, Қиғаш деген биік тау»). Орақ батырдың арманын орындау парыз екенін оның әйелі күдіксіз қабылдайды. Атаеркі (патриархат) заманының заңдылығы осылай болатын. Ол дәуірде ерінің айтқаны әйеліне заң, «баласының басы қатерге тігіледі» деп Орақ әйелінің қаперіне де кірмейді. Осындай қатал тәртіп ол замандағы отбасы беріктігінің, тұтастығының да кепілі болған. Орақтың әйелі де, қызы да өз мүдделерінен ноғайлы елінің намысып жоғары санайды, осы жолда не қиындықтан да тайсалмайды.

Карасай анасының тілін алып, қызылбасқа жалғыз шаппай, Қырымның жас билеушісі, әкелері бір-бірімен дос болған Әділге барып, әскер алуды ойлайды. Қырымнан шыққан қырық мың әскер қызылбасқа қарсы аттанатын болады. Бұл арада дәуір шындығының көмескі де болса бір сілемі табылғандай. Еділ-Жайық бойындағы ноғайлар мен Қырым ноғайларының арасы алшақтығына қарамай, кей кездерде табиғи туыстық одақтарын жасап, ортақ жауға бірге аттанып отырғаны сезіледі.

Карасай мен Қазидің қызылбастармен соғысы нағыз эпостық әсірелеудің классикалық түріне жатады. Бұлар бір өздері жауды жайпап түседі. Әділ де ересен ерліктер көрсетеді. Бірақ Әділ ұрыстың бір кезеңінде қатар қазылған ордың бесіншісінен өтіп, алтыншысына келгенде ат-матымен шыңырауға құлайды. Ол қанша жауды жер жастандырып, ғаламат қайрат көрсетсе де, терең ордан шыға алмай, зар шегеді. Жаулар оның осындай жағдайын пайдаланып, қоршап жүріп, ұстап алады.

Карасай мен Қазиді құтқармақ болып қанша іздесе де, ештеңе шығара алмайды. Сонымен, жаудың сағын сындырып, Қырым әскерлерін бастап Карасай-Қазиді қайтады. Әскердің арасында Әділ жоқтығын естіген елдегі құлдар Омар мен Оспан бұл хабарды қуана қарсы алады. Ахметтің де, Карасайдың да «Әділ тірі» деген хабарына анасы мен қарындасы сенбейді. Бұл дүдәмал жағдай сүйектеріне намыс болатынын Қазиді қатты ойлап, қалай да тұтқында қорлық көріп жүрген Әділді құтқарып алу керек деп түйеді. Соңына еретін әскер табылмай, Карасай мен Қазиді жау жеріне өздері аттанады. Осы тұста олардың ел намысын ту қылып

көтерген нағыз ерлер екені айқын аңғарылады. Жау қолында ғаріп болып, небір азапты шегіп жүрген Әділдің мән-жайын күс бейнесіне түсіп ұшып барып біліп келетін кәміл пірлер болады...

Жырда жебеуші пірлер көмегі батырларды көп жағдайда катерлі халдерден алып шығып отырады. Әділдің тұтқындағы кешкен қорлық күйлері де едәуір айтылған...

Ақырында Карасай мен Қазі өздері уәде еткен жиырма күн ішінде Әділді дүшпан шынжырынан босатып, сұраныл ұрыстар жүргізіп, ересен ерліктер көрсетіп, Қырым елін қуанышқа бөледіреді. Әділдің қарындасы Лия жақсы хабарды алдымен айтып жеткізген Карасайға бұйырады. Бүкіл Қырым елін Әділ қайтадан игеріп, өзі оның басшысы болып мұратына жетеді. Өкесінің үш арманын орындаған Карасай мен Қазі да көңілдері жайланып, парыз үдесінен шығады. Жырдың осылай аяқталуы да классикалық эпостың ежелгі дәстүріне сай.

Сонымен, жырда халықтың қаһармандық тарихының жинақталған, эпостық қалыпқа түскен, әсіреленген алыс елестері сездірілген. «Карасай-Қазидан» ертеде болып өткен қандай да болмасын белгілі бір оқиғаның ізін табу мүмкін емес. Егер жырдың арғы түбіріңде ондай істер болған күннің өзінде олардың аты жоғалып, «заты» ғана қалған. Жалпы қаһармандық жыр атаулының заңдылығы осындай. Осы эпоста Орақ, Мамай, Карасай-Қазі деген есімдер ғана бір заманда ноғайлар арасында жасаған тарихи қайраткерлерді еске түсіреді. Ал олардың жырдағыдай сұраныл соғыстар жүргізгенін ешбір шежіреден немесе жазба тарихтан табу қиын. Кезінде белгілі, ел билеген адамдар болғандықтан, олардың түрлі себептермен өзара, кейде көрші халықтармен дау-таластары болып тұруы әбден ықтимал. Әсіресе Ноғай Ордасының аумалы-төкпелі, алмағайып, аласапыран жағдайында ноғай мырзаларының түрлі саяси, әлеуметтік, әскери істерге араласуы ғажап емес. Бірақ эпос ондай нақтылы тартыстардың бірде-біреуіне тоқтамай, халықтың ежелгі азаттық сүйгіш арманын, батырлық, ерлік туралы түсінігін ғана көтеріңкі жинақтап айтып шыққан. Жырдың ел қиялында қорытылып, дарынды адамдар аузымен айтылып тарағаны барлық болмысынан байқалып тұрады. Ноғайлардың мекені, көшіп-қонып жүрген ауданы, араласқан елдері тарих мағлұматтарынан мәлім. Ал «Карасай-Қазидан» ондай елдердің ешқайсысы да нақтылы аталмайды. Ноғайлардың солтүстіктегі қуатты көршісі, сол кездерде алып қуатпен қана-

тын кең жаял бастаған, көп елдердің тағдыр жолына өсер еткен орыс халқының аты бұл және басқа ноғай тарихына қатысты жырларда мүлде кездеспейді. Сондай-ақ Еділ, Жайық өгірінде, Солтүстік Кавказда, Қырымда географиялық мекені жақын басқа да халықтардың есімі жырда ұшырамайтынына да таң қалуға болмайды. Өйткені эпостық қаһармандық жыр ешқандай да белгілі оқиғаның хронологиясы емес, өзіндік көркем заңдылық шарттарына сәйкес туған шығарма. Демек, жырдың тарихилық дәрежесіне де өзгеше өлшеммен қарау керек болады.

Жалпы алғанда, жырдағы оқиғалардың аты Карасай-Қазіге байланысты айтылғандықтан, олардың ата-бабаларынан азды-көпті дерек келтірілгендіктен, кейбір өлке, жер атаулары кездесетіндіктен ғана эпосты ноғайлы дәуіріне қатысты деп шамалағанымыз болмаса, бұлай деп ең-таңба салуға дәлелдеріміз де онша көп емес. «Карасай-Қазі» қанша ақын, жыршының «редакциясынан» өтіп, өзінің байырғы түбірі танымастай өзгерген жырдың бірі. Мұның халыққа өте сүйкімді болып, «асырлар бойында ұмытылмай қалу себебі отаншылдық, ерлік идеясына және биік көркемдік қасиетіне байланысты. Жырдың еркін төгілген келісті көркем кестесі оның небір ірі айтушы, үлкен дарындардың талғамынан өткенін көрсетеді. Онан соң халық қашанда өйтеуір бір жырларды емес, өзінің ертедегі қаһармандық тарихына қатысты деп есептейтін аңыздарды ғана ерекше қадір тұтып келгені белгілі. Қаншама көркемділігі, эпос қалыбына түсіп, танымастай болып өзгерді дегенмен, Карасай-Қазидың шыққан түбірі байқалмайды емес. Ол Қазақстанның батыс өңірінде, қазақтардың ноғайлармен аралас-құраластығы, ағайындас, құдандалығы көбірек орын тепкен өлкеде молырақ тараған. Ноғай ордасы ыдыраған кезде көптеген рулар мен бірлестіктер қазақ халқының құрамына енгені де елеусіз факторлар дей алмаймыз. Демек, Карасай-Қазидың бұрын көп айтылған, қазір де ұмытыла қоймаған аймағы Батыс Қазақстан, Қарақалпақстан болуы кездейсоқ болып көрінбейді.

Кейбір географиялық атаулар да өз тарапынан жырдың оқиғалары болып өткен атырапты аңғаруға мүмкіндік береді. Карасай-Қазидың ата-тегің шу дегеннен таныстырып өтушілік те, жүйрік аттары бар қарт Көкшенің Орал тауларын жайлап жүруі де, Карасайдың ата жаулары Қиғаш тауларын мекен еткендігі де, Дербент секілді қалалар аталуы да, ақырында Қырым елінің

жай-күйі айтылуы да жырдың жалпы ноғай елі тарихының жанғырығы екенін сездіреді. Тарихи оқиғалардың бедері уақыт өткен сайын адам сапасынан ұмытылып, олардың жалпы аңғары ғана сақталатынына бұл жыр да мысал бола алады.

Жырда Қарасай мен Қазидың «ер жігіт осындай болсын» дейтіндей асқақ, ер бейнелері елестейді. Халық өзінің сүйген қаһармандарын небір ғажайып ерліктерге апарады, бір өзі сансыз жауды женетін етіп дәріптейді. Туған елінің бүтіндігі және азаттығы үшін сыртқы жаулармен арпалысып, осы жолда ақыл, қайратын қалтқысыз жұмсаған батырлар қазақ тарихының ең ардақты қаһармандары еді. Қарасай-Қази міне, нақ сондайлар қатарынан орын алған. Бұлардың есімі шексіз жүректіліктің, атаның адал дәстүрін жалғастырушылықтың, досқа адалдықтың, дұшпанға мейірімсіздіктің символындай ел арасында аңыз боп тараған. Мұндай жырды тыңдау өмірдің қиын-қыстау кезеңдерінде тарыққанға медет, шаршағанға қуат берген.

Бір көңіл аударатын нәрсе — жырдағы эпостық жаулар мінездемесі. Әдетте қазақтың қаһармандық жырларының бәрінде дерлік ежелгі жау болып есептелетін қалмақтардың аты мұнда жоқ. Олардың орнында қызылбастар аталады. Тарихи деректерге қарағанда қызылбастар Солтүстік Иранды жайлаған ел екені белгілі. Олар ноғайлармен де, қазақтармен де бертінгі бірнеше жүз жыл бойында қоныстас та, аралас-құралас та болған емес. Қазақтар мен ноғайлардың ең жақын және көбірек қарым-қатынас жасаған халықтары мен мемлекеттерінің ішінде қызылбасты табу қиын. Ендеше, не Кавказ халықтары, не орыстар, не башқұрт, қалмақтар аталмай, алыстағы қызылбастың жырда жүйелі түрде аталуы не себептен деген сұраққа да жауап іздеп көруге болады. Мұның жауабын әрбір эпостың белгілі бір дәуірдің ғана туындысы болып қоймай, өз ішіне әр замандардың да елесін жинайтын көп стадиялылығынан деп қарау керек.

Аса жиі болмаса да қазақ, ноғайлар тарихи дәуірлерде қызылбастармен де соқтығысып қалған кездері ұшырайды. Әрідегі оқиғаларды айтпағанда, Нөдір шахтың Орта Азияға жасаған шабуылын алсақ та, бұл шындыққа көзіміз жетеді. Ал «Қарасай-Қазидың» қызылбастардың дұшпан орнында жүруі тек эпостық еркіндіктен деп есептеген жөн. Эпостық жырларда оқиғалардың жинақталып алынатыны секілді жаулар аты нақтылы көрінбеуі өзіндік ерекшелік.

«Қарасай-Қази» жырының фольклорлық табиғаты, мұнда халықтың ұжымдық санасының басымлығы тұрақты тіркестерден, сөз айшықтарынан, формулалықтан айқын аңғарылады. Көп жырларда кездесетін «дөнекер» жаттаңшы, көнігі жолдар мен теңеме, баламалар мұнда жиі кездеседі. Мәселен, «буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып», «Қарасайға сөйлейді, сөйлегенде бүйдейді», «беліне буды жарағып, жаудың бұзып камалын», «батырлығын оздырған, барған жерін тындырған», «ата жауын жаулаған, атағы оттай қаулаған», «бүгін мен бір түс көрдім, түсімде ғажайып іс көрдім», «бірге туған ағам жоқ, алладан басқа панам жоқ, жалғыздықтан жамап жоқ, тақыр қылды амал жоқ», «шырағым неге жылайсың, көзіңнің жасын бұлайсың», «жеке айдары желкілдеп, көзінің жасы мөлтгілдеп», «сөйлеме жатқа сырдыңды, ұмытпа, балам, пірінді», «бірнеше күн жол жүріп, аз ғана емес, мол жүріп», «әділ досым сен едің, саған жолдас мен едім», «екі көзі Қызылдың шамшырақтай жанады», «жалғыз аяқ жол екен» секілді тіркестер осы айтылғанға мысал.

«Қарасай-Қази» жырының жалпы көлемі бес мың жолдан асатын бір нұсқасын белгілі жырау Қайролла Иманғалиев айтады. Қайролла жырау Қарақалпақстанда тұрады, бірақ туған, өскен жері Ақтөбе облысы. Ол бұл жырды өзінен бұрынғы белгілі айтушылардан үйренген. Сондықтан жыршының айтқан нұсқасын бұрыннан келе жатқан варианттардың бірі деп қарауға болады.

Бұл нұсқа ежелгі айтқыштық дәстүр бойынша төңіріге сыйыну сөздерімен басталады. Мұнан кейін Қарасай-Қазидың атабабаларының қысқаша шежіресі ескертіледі. Әріден санағанда Шынтас, Ықылас, Нұртас хан, Кияс хан, Баба түкті шашты Әзиз, Едіге, Нұрадың, Мұса болып таныстырылады да, Мұсаның үш әйелінен туған он екі баласы болғаны хабарланады. Бірақ жырда он екінің бәрі бірдей саналмайды, бәйбіше Қараулектен туған Орақ, Мамай, екінші әйелден тараған Алшы, Исмаил, Тобаяқ, Күніксі, Ағыс, Бисидактар, үшінші әйелден көрген перзенттері Әлікен шойнақ, Кершойнақтар аталады. Осылардың ішінен ең данқтылары Орақ пен Мамай болады.

Жырдың алғашқы тұсында Орақ, Мамайға қатысты істер қысқаша баяндалады. Орақ, Мамай Азауды алып, қалмақ Қазанбасты өлтіріп, тағы да қалмақ Қатты ханның еліне аттаныпты. Қатты хан мен Аюке батырлар қайтпай соғыс қылыпты. Орақ, Мамайлар секілді Аюке де тарихта жасаған, Еділ бойындағы қал-

мактардың ханы болған адам. Бірақ бұл арада Аюкенінің аты тарихи демесек, эпостың қаһарманына айналып кеткен мүлде басқа тұлға. Аюке Орақты жекпе-жекке шақырады. Орақ ту ұстаушы болғандықтан, басқа қалың әскер тұрғанла жекпе-жекке түсуіне болмайды екен. Сол үшін Аюкемен сайысқа Мамай шығып, Аюкені өлтіреді.

Тарихи оқиға шындығы бойынша Аюкенінің ажалы бұлай келмейтін. Бұл арада жырдың өз заңдылығы үстем болғанын көреміз. Ал Еділ бойындағы қалмақ хандығының тарихы, Аюкеге байланысты істер өз алдына жеке тоқталарлық... Мамайлардың Аюке-лермен соғысы өте қысқа қайырылған. Мүмкін бұл тарихи әңгімелердің эпос келбетіне толық ауысып, қорытылып үлгермегенінен де салдары болар. Қалай болған күнде де қалмақтармен соғыс суреттері сараң бейнеленген... Осы соғыста қазақтар жағынан тек Мамайдың туысы Сидак өлген делінеді. Жылыса бастаған жау қолын өкшелей қуып, қазақтар Катты ханды да өлтіреді, Сидактың кегін алады. Осымен ноғайлы қазақтың дүшпанға қарсы соғысының бір кезеңі аяқталғандай болады. Бұл тұста оқиғалардың эпостық өріске шығып, кең көсілуінен гөрі өлең мен қарасөз кезектесе айтылған тұжырым басым. Сондықтан да классикалық эпосқа тән үдемелі суреттер мұнда кем кездеседі.

Жырдың бұдан былайғы барысында да Ноғай Ордасы дәуірі оқиғаларының кейбір жаңғырығы сезілгендей болады. Жыр Орақтың мерт болуына себепкер деп Мамайдың бала таппаған жеңіл мінезді әйелі Қарашашты көрсетеді. Қарашаш Орақтың қойнына өзі келді, Орақ ағасының көзіне шөп салғысы келмей, әйелді қабылдамайды. Осыған кектескен Қарашаш осы ауылда жүрген Мұсаның жиендері Қалу мен Сарыны азғырып, Орақ жатқан үйдің табалдырығына алмас қойдырады, жылқыны үркіттіріп, «жау шаптылап» айқайлаттырады. Дауысты естіп, үйден ата шыққан Орақ батыр алмасқа түсіп, ауыр жараланады. Бұл халді Орақтың досы Ақмырза түсінде көріп, ізден келеді, батырдың жағдайын көріп мүсіркейді. Орақтың досына берген жауабында ноғайлы елінің қауіпті болашағын ойлап камығу басым. Әсіресе Орақ айнала қоршаған қалмақ жаудан халқым қатты зәбір көрсідау деп қатты қайғы ойлайды. Тарихи шындық бұл арада нақты елс береді. Өйткені Ноғай Ордасының ыдырауына қалмақ хандарының соққысы айрықша рөл ойнағаны тарихи деректерден мәлім. Ноғайлы келешегін Орақ былай баяндайды.

Кос-кос Орда, кос Орда  
Қосыла қойбас менен соң.  
Қоспақ өркеш нар атан  
Бұрынғыдай қом жасап,  
Өркеш алмас менен соң.  
Жазғы мінген көбені  
Жіберсең де жылқыға  
Жалдана алмас менен соң.  
Орал, Орал, Орал тау,  
Көлденен жатқан Қаратау  
Баса жайлап, шег көшіл.  
Ел қона алмас менен соң.  
Былдыр-былдыр сөйлеген  
Басы шокты қалмағын  
Жан-жағыңды қамалап,  
Қала салар менен соң...  
Қазақ пен ноғай баласын  
Қарасынан жүргізбей,  
Қалмақ қуар менен соң...

Бұл арада эпос тарихи шындыққа жақындап келеді, алмағайып ауыр кезеңнің ахуалын анық елестетеді... Қараулектің Орақ өліміне айтқан жоқтауынан Мұса балаларының арасындағы алауыздық сезіледі. Жыр бұндай алалықтың себебін іштарлықтап, қызғаныштан дегендей болады. Ал шындығында Мұсаның балаларын сқідудай етіп бөлген жағдай басқа екені тарихтан белгілі. Ноғай ордасы әлсіреген, сыртқы жаулар күшейген шақта күллі ұлысқа беделді атаның балалары бұрынғы билігінен айырылып, түрлі бағытты ұстайды. Орақ, Мамайлар ноғайдың тәуелсіздігі жолында өрекет етсе, басқа аналарының балалары кешегі дүшпанмен тіл тауып, іштей одақ құрады. Сөйтіп, бір атадан тараған туыстар арасы бітіспес қайшылыққа ұшырайды. Біз бұл арада Мұса балаларының саяси бағытына баға бермекші емеспіз. Айтқымыз келгені, тарихта анық орын тепкен осындай тартыстардың эпоста өзінше көрініс бергені. Мына жерде Ораққа қастандық ойлаушы Мамайдың қатыны Қарашаш, оның арам ойын жүзеге асырушы жиендері Қалу мен Сары болады. Тарихи аңыз-әңгіме бұл тұста ешбір жазба архивте сақталмаған, тек ауызша тарап келген шындықтың ұштығын ескертіп отыр. Мұса балаларының араздасу себебін жырдың түрлі нұсқалары өзгертіп баяндайды. Сонымен, жыр қалайда тарихи ақиқаттың сілемінен жаңылмағанын көреміз...

Қараулектің Орақты жоқтауынан батыр өлімінің бүкіл ел тағдыры үшін орасан ауыр шығасы екені танылады.

Айдынды Орак, айды Орак,  
Айбалтасы канды Орак,  
Астраханда данды Орак,  
Арғымақ атың азды Орак,  
Байтақ жұртың тоқты Орак,  
Келер болсан, жылдам кел,  
Токсанға келген қарт анан  
Жылай-жылай жазды Орак.

Бұл сөздер жоктаудың жанрлық шартына мейлінше сәйкес келеді. Өлген адамның тірліктегі істерін жарқыратып, әсірелеп, ірілеп айту жоктауға тән ерекшелік. Сонымен қатар жоктаудан болып жатқан оқиғалар тізбегін неғұрлым нақтырақ елестетуге болады. Тәмәм жұрттың алдында айтылатын жоктауларда өлген кісінің тұлғасына тән емес сыпаттар аса көп ұшырай қоймайды. Орақтың нағыз батыр болғанын Қараүлек жоктауында эпостық үлгі шеңберінде серпінді мінездейді.

Майдан жерде тайласқан,  
Емен найза сайласқан,  
Құланды қактан қайырған,  
Ханды тақтан айырған,  
Толмағалап ту алған,  
Туын қанға суарған,  
Айналайын Орағым,  
Кетіңіз алыс сапарға-ай!

Жоктау өлең Орақты өлтіргендер кім екенін де куәлендіреді, жендет мінезді жанардың аттарын атайды, оларды айтақтап салған өз айналасындағы қызғапшак, қарапейілділерді таңбалайды. Тарихи өлең растығына дәл осы арада ден қоймаска мүмкін емес.

Қарауыл қарап болар ма,  
Қара өлсн жеген атпенен.  
Қарусыз жүріп болар ма,  
Қалу менен Сарыдай  
Атасы басқа жатпенен.  
Қонқалаған көп жамап  
Орағымды өлтірдің  
Далай да далай мәтпенен...

Сөз болып отырған жырда тарихи аңыздың да, тарихи өлеңнің де, жоктаудың да эпос көлеміне жарасымды қосылғанын аң-

ғарамыз. Арақидік тарихи істер елесі «мөлдір» қалпында көрініс беріп өтсе де, бұлар эпостық дәстүрдің заңдылығына бағынған, эпостың кең аумағына ойдым аралдай кіріккен. Сондықтан «Қарасай-Қазидың» оқиғаларын мұндай бөліктеріне қарап нағыз тарихи оқиғаның көшірмесі деп санауға болмайды.

Орак өлген соң Қарасай-Қази, қыз Кибат жетім қалады. Бұлардың ғана емес, бүкіл ноғайлынып жағдайы ауырлайды. Мамай Еділ, Жайық, Елек, Кобда, Ойыл өңірінде отырған елді қалмақ алу қаупі бар екенін алдын ала ойлап, қалмақтармен бітім, бейбітшілік орнатуға Сыпыра бастаған елшілерді жібереді. Осы жырда Сыпыра ақылгөй кеңесші ретінде көрінеді. Көп эпоста көрініс беретін Сыпыра оғыз жырындағы Қорқыт секілді нағыз ел қамқоры болып тұлғаланған. Халық қиялы көпті көрген көне, қысылғанда жол табатын дана адам бейнесін жырға осылайша араластырады...

Қалмақтың палуан сұлтан Батыр ханы (жыр Батырдың басына онда жок лауазымдарды, сұлтандық пен хандықты қосып жібереді, шындығында қалмақтарда сұлтан деген атақ кездеспейді) Сыпыра бастаған елшілер сөзін естігенмен, бұл кепке онша сене қоймайды, «Мамай бізбен достасатын болса, құран ұстасын, әскерімен келсін» дейді. Бірақ Мамай арам айлаға көшіп, достық құшағын жая ұмтылған Батырды жөніне тығып барған алмасымен өлтіреді. Ханы мерт болған қалмақтар жылай-сықтай қашады. Бірақ Мамай жеңілдегі ақ алмасын ұмытып кетіп, өзінің шынтағын қатты жаралап алып, басына өлім төнгенін сезеді, қосынмен қайырласалы; өткен ерлік жорықтарын, жеңістерін еске түсіреді, ер жетпеген Қарасай-Қазидың халі нендей болады деп қамығады...

Қалмақтың ханы Батыр өлген соң орнына баласы Әділ хан отырады. Ал ноғайлар Мамай дүние салғаннан кейін «Бұзаулықтың баласы Шынтемір төрені» хан көтереді. Алғашқыда «Мамайдың тілегі» еді деп Сыпыра Қазиды хан сайлатпақ ниетте болғанмен, Қараүлек «Қази әлі жас» деп бұл шешімге қарсы болады. Қараүлек жырда кең ойлайтын кеменгер, ел анасы сипатында көрінеді. Ол еліне қысылғанда кеңес, адасқанда ақыл тауып бер алатын жан... Ноғайдың жаңа ханы Шынтемірде жауынгерлік қабілет жок екенін дұшпандары сезіп, ескі кегімізді аламыз деп дайындала бастайды. Шынтемір үрейі ұшып, отырған қонысын тастап көше жөнеледі. Ноғайдың бірінші босуы дәл осы тұста

болған екен деп мәлімдейді жыршы. Тарихи оқиғалардың дәл хронологиясы сақталмағанымен, жалпы рухы бұл арада анық байқалады. Ноғайлардың Еділ-Жайық бойындағы мекенін тастай көшуіне қалмақ хандарының қысымшылығы себепкер болғанын жазба деректер де дәлелдейді. Әрине, ноғайлардың басына түскен шытырман қайшылық сыры анағұрлым терең екені белгілі. Жыр Ноғай Ордасының ыдырау үрдісін шежірелеп отырған жоқ, «токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ғана тұжырымдап тұр ғой. Ал шындығында ноғайлардың әлсіреп, бұрынғы айбарынан айырыла бастауының бір себебі бұлардың ішіндегі алауыздықтың күшеюінен еді. Әрине, елді басқаратын дарынды көсемнің болмауы да елеулі екені шүбәсіз. Жыршы да, жырды тыңдаушы халық та ноғай басына түскен қасіреттің күнәкары қабілетсіз төре Шынтемір деп ұққан...

Елінің көшіп бара жатқанын асық ойнап жүрген он үш жасар Карасай көріп қалып, мән-жайды қарт анасы Қараүлектен сұрайды. Қараүлек жаулар Орақ, Мамай батырлардың жоғын біліп, басынып отыр, егер соларға тартқан ұл болсан, жауға қорықпай ти деп қайрайды:

Ораққа тартсаң, Карасай,  
Көп жылқының ішінде  
Кабан құлақ қара ат бар.  
Алтын сарай ішінде  
Тас кесетін ақ алмас,  
Орақтан қалған садақ бар.  
Кабан құлақ қара атты  
Жетесі жаман болмасаң,  
Карасай, балам мін, — деді...

Жауға аттанғалы тұрған Карасайға Қараүлек бата береді. Қарасайдың дүсірлете шауып бара жатқанын ұйқыдағы Қазиді естіп оянады, ағасының қайда бара жатқанын білгісі келеді. Жас бала көңілі жайлансын деп Қараүлек «көшкен елді қайтаруға бара жатыр» деп алдамақ болады. Бірақ Қазиді мән-жайды сезіп қалып, бұндай алдауға көнбейді. Осыған анық көзі жеткен Қараүлек жас баланы бетінен қақпай, қайта жігерлендіре түседі. Қазиді ат тандап мінбекке қалың жылқыға барады. «Мойнымда жалы жоқ, жал-құйрығы тағы жоқ, қызыл шұбар көк құпанды» тандайды. Бұл өзінің шын иесін күтіп, «бойын жасырып» жүрген нағыз тұлпардың тұқымы екен. Шұбар аттың шабысы жырда көсілте баяндалған.

Карасай мен Қазидің қатар келе жатқанын көріп қалмақтар қатты абыржиды, қорқақтары қашып, өжеттері соғысқа дайындалады. Қос батыр қалың жаудың топалаңын шығарады. Қалмақтар абайсызда Қазиді алдап қолға түсіреді. Бірақ Қазиді жаудың ханынан жасқанбайды, осыны көріп қалмақ ханының өзі бітім, бейбітшілік сұрайды. Қарасай-Қазиді бұйымтай сұраған қалмақ ханына «ханымыз Шынтемір перзентсіз еді, соған балалы болсын деп бата беріңіз», — дейді. Үстірт қарағанда жаумен шайқастың ақыры онай шешілуі жасандылау секілді сезіледі. «Батада тұрған не бар, қымбатырақ бір нәрсе неге сұрамаған» деп ойлауға болады. Бұл арада халықтың көне ырымы: жаудың берген батасы зайыр орындалады, әрі жауыңгер ұл туалы деген ой жатқанын аңғаруға болады...

Жырдың бұл нұсқасы сан айтушының сынынан өткені күмәнсіз. Қайталама формулалық кестелер де, дәстүрлі теңеме, баламалар да осыны көрсетеді. Сонымен қатар бергі дәуірдің кейбір терминдері де қайсыбір тұста көрініп отыратынын байқаймыз. Мәселен, қалмақ әскерінің қолбасшысы бірнеше жерде атаман деп аталған. Эпос атаулыға тән көпстадиялылық шартынан «Қарасай-Қазиді» да шет қалмағанын көреміз...

Бұл эпизодтың ақыры көп ноғайдың қайтадан қонысына оралғанын айтумен бітеді... Шынтемірдің әйелі қабылан етіне жерік болыпты, айы-күні жетіп, бір ұл, бір қыз тауыпты. Той қылып ұлдың атын Әділ, қыздың атын Глия қояды. Осы кезде қос батырдың тоқал шешеден туған балалары «Қарасай-Қазиді жауға бізге айтап өздеңіз кетті, енді біз де Бозан ханды шабамыз» десіпті. Бұл хабарды естіген Қараүлек ерлігі жоқ Алшы, Исмаил, Тобаяқ, Қарабатыр, Тілекелердің еліріп, соғыс тіленгеніне намыстанып, Қарасай мен Қазиді қайрайды, жорық кезегін жамандарға бермендер деп кеңес айтады. Қарасай мінуге ұстамақ болғанда «қабан құлақ қара атқа» тіл бітіпті, қара ат «мен күтімсізбін әрі қартайдым» «мойнымда жалым жоқ, бұра шабар әлім жоқ, кешегі Орақ кеткен соң, өзіндей ерлер мінген жоқ» деп даңқты өткен дәуренін еске түсіреді, «мені сой, сүйегімді Орақтың жанына қой», — дейді. Қараүлек Қарасайға ноғайлы ішінде Көкшенин ұлы Қосайға барып сәлем бер, соның қызыл атын қайтсаң де қолға түсір деп кенес береді. Қосай атын бермейді, тек қарындасын Қибатқа ғана айырбастаймын деп шарт қояды. Дағдарған Қарасайға Қараүлек «жүйрік аттан қымбат жоқ, Қибат түгіл, мені сатсаң да қызыл

атты ал», — дейді. Бұл аттын бітімі айрықша болады. («Беліне тоқым салған сон, арқасы кетті жазылып, жоғы кетті қазылып, басын тартса ырғилы, мініп алса қарниды»). Бұл тұста Қибадтың ағасына «мені бір атқа айырбасталын», — деп өкіне айтатыны, ақырында ағасын аяп, осындай айырбасқа басын тіккені жырдың басқа нұсқаларымен ұқсастық байқатады. Ал Қызылаттың шабысы аса көркем, үдәмсіз суреттер болып келеді.

Қарасай жау тіленіп кеткен қызғаншақ туыстарын қуып жетіп, олармен күш сапасады, бөрінен де қарулы екенін танытады. Сол кезде жау қарасы көрініп, Исмаил, Тобаяктар қобалжып кері қайтады. Қарасайдың қасында Тарғын батыр ғана қалады, көп ұзамай солдарынан Қазы қуып жетеді. Үш батырды менсібей қалмақтың ханы Ханбөрі астамшылық көрсетеді. Жекпе-жек сайыста Қазы Ханбөріні өлтіреді. Жаудың көп әскері қырылады. Осы жеңістің күрметіне жасалған тойға Көкшенің ұлы Қосай келіп, Қарасайдың ерлігіне сүйсініп, Қибадтың басына еркіндік жариялайды. Осы кезде Шыңтемір хан қартайып, өлер шаққа жетіпті, баласы Әділді Қарасай мен Қазига аманат деп тапсырарды, ағайынды батырлар Әділге дос, қамқор боламыз деп уәде береді. Шыңтемір өлген соң жасы 60-қа келген Сыпыра кімді хан қоямыз деп Қараулекпен ақылдасады, өз хандыққа Қазиды лайық көреді. Бірақ Қараулек балаларына хандыққа қызықпандар, уәдені бұзбандар деп Әділді хан қойғызды. Қараулектің бейнесі бұл арада тағы да айқындала түседі. Ол шын мәнінде халық ақылгөй болып көрінеді. Өз балаларын хандық мансаптан аулақ жүруге шақыруының тасасында үлкен өмірлік тәжірибе жатқанды белгілі.

Әділ хандық таққа отырысымен жау ізденеді. Жыр ел билеушілердің қанына сінген қаталдық пен мейірімсіздікті осы арада тағы бір ескертіп өткендей. Әділдің соғысты ойыншық санауы халық үстінен күн көрген, өзгенің қайғысы мен қасіретіне иімірікпейтін билеуші атаулының ескі әдеті болып елестейді. Соғыстар мен зорлықтардың түп себебісі ел билеушілердің нысапсыз, тойымсыздығы деп мінездейтін қағиданың шындығы осы тұстан да жалт етіп көрінеді. Қараулек Әділге тоқтау айтады, бейбітшіліктен артық байлық жоқ екенін ескертеді.

Жау іздеп, жазым, жаулық,  
Жауын келсе өзі іздеп,  
Көрінер сонда кім мықты.

Тілді алсаң, Әділхан  
Бұйыт жатқан халқыңның  
Үйбасын бұзбай-ақ,  
Тыпыш жазар күн жетті...

Ұрысқа, жортуылға деген пағыз халықтық көзқарас Қараулектің аузымен осылай айтылады. Жырдың идеялық мазмұнын сөз еткенде осы мәселені естен шығармаған жөн.

Әділдің бегінен қайтпайтынын көрген соң Қараулек оған ата жауының кім екенін айтып береді. Соғыстың бөрі бірдей соғыс-құмарлықтан туа бермейді, бұрыш талай өші кеткен ата жаумен айқасуды эпостық дәстүр шет көрмейді. Қараулектің Әділге «жау тауып» берудің де осылай түсінсек керек. Бір кезде Қобыландылай батырлар ала алмаған қызылбас жауды шабу Қараулектің түсінуінше, орысқы іс болып саналады. Қараулек Әділге жорыққа шыға қалсаң батыр серіктер таппа ал деп, аты шулы талай ерлерді тізіп айтып береді. Олар Айсаның ұлы Ахмет, Алшын ұлы Алуан, тоғыз жасар Қазбан, Бсгімнің ұлы Жапай, Қараның ұлы Сидак, Нәріктің ұлы Шора, Жаңбыршының баласы Онбай менен Шотай, Қарсының ұлы Тарғын, Қоянақ ұлы Қартқожақ, Көкшенің ұлы Қосай, Жаңбыршының ұлы Телағыс...

Жырдың ендігі қалған бөлегі Әділ хан бастаған қырық мың қолдың қызылбасқа атталуы мен ұзақ, қырғын соғыстың барысын суреттеуге арналған. Жырдың ілгеріде сөз еткен қоңыраттық жырау париянтымен ұқсастығы көп: қырық мың әскер Қырымдан шығысымен Әділдің анасының қорқынышты түс көруі, бны қызы Ілияның жоруды, хан анасының баласын қауіпті жолдан қайтармақ болғаны, жаудың қамалыпталуда Қарасай мен Қазидың сұрапыл ерліктер көрсеткені, Әділдің қапыда жау қолына түсіп қалып, көп қорлық көруі, кейіннен оны Қарасай-Қазидың азат етіп алуы, жауды жайпауы, зындандағы Әділге «хат таушы» болып ғайып ерен шілтендердің жүруі т.б. Сонымен қатар кейбір қосалқы, тың эпизодтары да жоқ емес. Ақылшы, кенесші Сыпыра ноғайлы әскерімен бұл жорықта да бірге жүріпті. Жыр оқиғалары бастапқы тұста Еділ-Жайық өңірінде болған делінсе, кейіннен ноғайлар жауға Қырымнан аттанады. Сондай-ақ жаулардың аты бірде қалмақ, бірде қызылбас болуы да эпостық дәстүрге қайшы емес. Кейде қалмақ хандарының аттары да тез өзгеріп кете береді. Мұның бөрі оқиғалардың, тарихтың атын емес, затын елестететін эпостың ежелгі заңдылықтары болып

саналады. Жалпы алғанда, Қайролла Иманғалиев жырлаған «Қарасай-Қазы» — өзінің көркемдік кестесімен де, оқиғалардың қызықтығымен де көңіл аударарлық жақсы нұсқалардың бірі.

Жырдың кестелерінде әр түрлі дәуірдің наным-сеніміне сәйкес қосымшалар еніп отыратыны жанрлық ерекшелік тәрізді нәрсе. Сондай қоспалардың бірі діни ұғымдардан тарағаны көрінеді. Жырдың екінші жартысында батырлардың істеріне медеет беріп, пірлер көбірек жүреді, олар араласқан жерде қиын нәрсе оңай шешіледі, бет қаратпай тұрған жау ығысып кете береді, қамыстай жапырылып түседі. Мұндай тұстар, әрине, эпостың шыншылдық қуатын арттырмайды. Соған қарамастан «Қарасай-Қазидың» жалпы бітімінде халықтық ұғымдар мен биік көркемдік, төгілген бейнелі тіл еркін табылады. Әсіресе туған елдің бақыты мен тәуелсіздігі үшін күреске үндейтін қасиеті жырдың мәңгі өлмейтін жарқын идеясы болып саналады. Эпос тыңдаушыны ерлікке, мәрттікке, халықтың жақсы дәстүрлерін жалғастыруға, жеке бастың қамынан жұртшылықтың мүддесін артық санауға үндейді. Ерте заман оқиғаларына құрылған аңыз жырды бүгінгі қауымға жақын ететін қасиет осы тарапта.

## ЭПОС – ЕЛ МҰРАТЫ

Қазақ ауыз әдебиетінің қорында батырлық ертегілер мен қаһармандық жырлардың үлесі үлкен. Оларда халықтың замандар бойындағы өмір, күрес тәжірибесінің ұлы сарыны сақталған. Ертегі мен жырда тарихта орын тепкен белгілі оқиғаның нақтылы қайталамасы немесе шежіресі берілмесе де, солардың ел санасындағы жанғырығы, өзгеше тәсілмен сәулеленген естілігі көрініс табады; ауыз әдебиеті шығармаларында да «таныс бейтаныс» дерліктей халдер қалыптасады. Сырттай қарағанда, нанымсыз секілденіп елестейтін оқиғалар, байланыстар мен тағдырлар түптеп келгенде үлкен халықтық мұраттарды сипаттауға ерекше қызмет етеді. Сол үшін фольклор туындыларын талдап, бағалағанда оның жазба әдебиеттен басқа қырларын есепке алып отыру қажет. Ауыз әдебиеті жаратындылары тек сөз өнерінің мүлкі ғана емес. Мұнда ерте замандардағы адамдардың дүниетанымын, салт-санасын түсіндірерлік көріністер де көп. Осы жағдайларды есепке алып, бұлардың көп қырлы бітімін танығанда ғана жыр-

дың мағынасы ашыла түседі. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: ауыз әдебиеті мұрасын тек өзіне тән көркемдік шарттары тұрғысынан зерттеу ғана нәтижелі болмақ дегенге саяды...

Осы заңдылықтар қаһармандық эпостан айрықша мол байқалады. Кейде ертегілік белгілер аралас келіп отырса да, батырлық жырдың мұндай «төл» сипаты танылмай қоймайды. Қазақ эпосының жекелеген үлгілерін алып қарағанда да осы айтылған заңдылықтың ізін көреміз. Бұл ретте қайсы бірі тарихи аңыз бен ертегінің, енді біреулері батырлық жырдың шартына неғұрлым жақын келетін бірнеше ескерткішті, атап айтқанда: «Ер Едіге», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Қарасай-Қазиды» сөз ету қаһармандық эпостың ежелгі ерекшеліктерін де, олардың әрбір нұсқа-вариантта түрліше жүзеге асатынын да дәлелдеуге мүмкіндік береді...

Қаһармандық жырдың түпкілікті мұраты — елдің бүтіндігін, ыштымағын және тәуелсіздігін қорғайтын, қастасқан жауды мұқатып, халықты азаттыққа, бақытқа жеткізетін ерлердің сом бейнесін жасау, олардың өнегесін мадақ ету ғой. Осы мақсатқа сәйкес жырдың да көздейтіні — ақылына қайраты барабар, ешбір жаудан жеңілмейтін, уақытша сәтсіздікке ұшыраса да, ақырында барлық қиындық пен кедергіні аттап өтіп, мұратына жететін «міңсіз» батырдың ел арманына сай келетін асқақ істерін айту болады. Міне, мұндай биік міндет жырдың күллі құрылысына тікелей әсер етеді. Классикалық (қаһармандық) жырдың ең биік уәзипасы ешкімнен, ешқашан жеңілмейтін батырдың тұлғасын мүсіндеу екені ертеден бері белгілі. Егер мұндай шарттылыққа «өзгеріс» ене қалса, ол жырға басқа жанрлардың (аныздың, тарихи әңгіменің т.б.) ықпалы тигені болып табылады. Мәселен, біз өңгіме еткелі отырған төрт жырдың ішінен бас қаһарманның мерт болатыны тек «Ер Едігеде» ғана айтылады. Мұның себебі, бұл жырда қаһармандық эпостан қатар тарихи аңыздың да элементтері қатарласа, араласа жүруіне байланысты. Демек, «Ер Едігеде» негіз болған оқиғалардың ізі мүлде «жоғалмай», халық санасында сақталып қалған деген сөз. Осыған қарамастан, осы аталған төрт жырдың көптеген тұстарында ортақ нышандар кездеседі. Соларды салыстыра қарасақ, батырлық эпос жанрының өзіне тән хас белгілері анық аңғарылады. Олар: болашақ батырдың ғажайып туысы, жедел жетілуі, ерлікті ерте танытуы, таңдап ат мінуі, қалыңдық іздеуі, жауларын жеңуі, елін мұратқа

жеткізуі, т.б. Осы «үлгі – калып» барлық жерде бірдей тізіле кезектесіп келіп отырмаса да, оқиғаның барысынан қалайда азды-көпті орын алатынын байқаймыз. Кейбір «бұрылыстар» мен «шегіністер» эпостың жалпы заңдылығын жоққа шығара алмайды...

«Ер Едіге» мен «Ер Сайын» жырларының орталық қаһарманы дүниеге ғажайып «күштер» күдіретімен келгендер болып сипатталады. Едіге перінін қызынан туған, Ер Сайын әулиелердің «жарылқауымен» жаралған делінеді. Бұл әрбір құбылыстың жебеушісі, иесі болады деп сенген ежелгі дәуір адамдарының тотемдік түсінігінен хабар береді. «Ер Көкше» мен «Қарасай-Қази» жырларында батырлардың ғажайып туысы тікелей суреттелмегенімен, олардың да түп негізінде осы ұғымның ұштығы жатыр. Мәселен, жырдың баяндауы бойынша Қарасай да, Қази да атақты Едігенің «артық туған» үрім-бұтағы болып есептеледі. Мұның бәрі жыр қаһармандарының ерекше туысы заңдылықтай нәрсе екенін көрсетеді.

Батырлардың қайратын да, парасатын да асқақтата жырлау, жалпы жұртқа үлгі етіп ұсыну, оларды ерте есейген, ел қамын жеген қамқор жандар етіп суреттеу калыптасқан желі болып табылады. Тарихқа жасаған, өмір жолдары мәлім Едігенің өзін халық санасы әділдік пен ақылдылықтың, қайсарлықтың асқар биігіндегі етіп дәріптейді. Батырды аңызға айналдырып айтқан жолдар күллі қазақ сахарасына ертеден бері қанықты. Ер Көкше өзінің жойқын күшін: «менің мылтығыма мың кісі, садағыма сан кісі, қылышыма қырық кісі», «төсенерге төсек жоқ, жастанарға жастық жоқ, жастығыма бес кісі», — деп, әдемі де әсерлі бейнелейді.

Қарасай мен Қазидың жаннан асқан ерсі ерлігін жыр өзгеше көркем кестелермен әдіптеп отырады. Ағалы-інілі батырлар ат жалын ұстап мінуге жараған күннен бастап аталар аманатын, халық мүддесін орындауға кіріседі. Ең ғажыбы сол — бұлар осындай мақсат жолында ешбір тосқауылға тоқтамайтын, алған бетінен қайтпайтын, жұртшылық қамына жас өмірін арнағандар болып көрінеді. Қарасай мен Қази, ең алдымен, ата жаумен алысып, жеңе алмай жатқан Мамайға болысып, асқан ерлік көрсетеді. Қызылбастың әскеріне қырғидай тиеді. Бұдан кейін Қырымдағы одақтасы Әділдің жорығына өз еріктерімен қосылып, биік таудың үңгіріне қамал салған сансыз жаудың бекінісін шабысады. Қаншама батырлардың жүрегі дауаламай, айласы жетпей тұрған шақтарда Қарасай мен Қази намыс пен достық парызы үшін жа-

нын шүберекке түйіп, тау-құздарына паналап, жалғыз аяқ жолдан басқа жүрерге саңылау қалдырмаған дұшпанға арыстандай айбатпен тиіседі, қызылбастың үрейін ұшырып, бетін қайтарады.

Күншығыстан Қарасай,  
Күнбатыстан Ер Қази,  
«Орақ» деп жауға шабады.  
«Орақ» деген дауысы  
Жер-дүниені жаралы.  
Қалала жатқан әскердің  
Құлағына барады.  
«Қарасай-Қази» келіпті,  
Екі жақтан тіліпті  
Қалалаң шығып кетпесен,  
Бізге солар бүлікті,  
Келсе бізді қоймас деп,  
Мұнда жүріп болмас деп  
Түнімен қашып болыпты...

Осы жолдардағы «қала» деген сөз ертедегі түркілік ұғымында «қамал» мағынасын беріп тұрғанын да аңғарта кетейік. Жалпы, қазақ жырларындағы «қалалардың» бәрі де жаудың қамал, қорғаны сипатында берілетінін көреміз. «Қобыланды батыр» жырындағы Қырлықала мен Сырлықала дегендер де бұл пікірімізді дәлелдейді...

Эпос қаһарманының тез есейіп, ерлік дәстүрін мирас етуі — «Ер Сайын» жырында жүйелі көрініс береді. Бұл арадан эпостың әсірелеудің классикалық өрнегі байқалады.

Бір жасына келгенде  
Балалықты қимады.  
Екі жасқа келгенде  
Елеулі ермен тең болды.  
Үш жасына келгенде  
Үш шарбақты ноғайдың  
Бәрі дағы таң қалды.  
Бір түрлі туған жан болды.  
Төрт жасына келгенде  
Төрге қарай ұмтылды.  
Бес жасына келгенде  
Бес қаруды сайлады...

Қаһарманды осылайша дәріптеу эпостың көне түрлерінде жиірек кездесетіні мәлім. Тек қазақ ауыз әдебиетінде ғана емес,

түркі-монгол халықтарының фольклорында да бұл дәстүр ежелден-ақ қалыптасқан. Қырғыздың «Манасында», қалмақтың «Жәңгірінде», буряттың «Гесерінде», саханың олонхолорында бұған көптеп мысал келтіруге болады. Мұның бәрі, сөз жоқ, ертедегі адамдар ғайыптың күшіне селгендігіне байланысты туған. Ер Сайынды:

Сеніз жасқа келгенде,  
Секіріп атқа мінгендей.  
Балдағы алтын ай болат,  
Аш беліне ілгендей,  
Алты қырлы ақ сүңгі  
Оң қолына алғандай.  
Ел іпетіне жау келсе,  
Айқай-сүрен салғандай... —

деп суреттеу де нақ осындай құбылыс.

Батырлық жырларда ел үшін белді буып, білек түріп шыққан ерлердің ат тандап мінуі үлкен қажеттілік, аса маңызды іс болып баяндалады. Өйткені көшпенді өмір жағдайында, аламан-тасыр, алмағайып оқиғалар жиі кездесіп, елді күштілердің зорлығынан, жаудың қорлығынан құтқару өмірдің негізгі сұрауы болып тұрған кезде жүйрік ат тауып міну жігіттің зор арманы болған. Қуса жететін, қашса құтқаратын жүйрікке халық поэзиясында ең тамаша көркем жолдар арналғаны да осыны көрсетеді.

«Карасай-Қазы», «Ер Сайын» жырларында ер қанаты — аттың қадір-қасиеті салдарлы әңгіме ретінде көтерілген. Заманында талай жауын мұқатып, ел енесін көтерген, ерегіскен дұшпанда «қысқа күнде қырық шапқан» айбынды Мамайдың өзі көздеген атып тақымына баса алмай арманда кеткен делінеді. Бұл арманның көңілге ұялағаны соншалық — мұны Мамайдың батыр туысы Орақ та «шіркін сол ат» деп балаларына өсиет айтып кетіпті. Міне, осы аманат тапсырма Орақтың баласы Карасайға көшеді. Мамай қолға түсіре алмай кеткен Қызылат жырда аңыздай бұлдырап естейді.

Орал, Орал, Орал тау,  
Орал таудай тау болмас,  
Орал таудың басында  
Шұбырып өскен бес тұлпар,  
Бес тұлпардай мал болмас.  
Бес тұлпардың ішінде  
Ешкітүяқ Қызылат...

Карасайдың алғашқы мықты әрекеті осы Қызылатты іздеуге кетеді. Орал тауды жайлаған бес тұлпардың иесі Көкше деген қарт болады. Ол Карасайға: «қарындасын Қиатты маған берсең ғана Қызылатты аласың», — деп шарт қояды. Ақырында Қызылатты мініп, алыста жаумен алысып жатқан Мамайға Карасай көмекке келеді, дұшпанды жайпап жібереді. Кейіннен Қырымның билеушісі Әділдің әскеріне басшылық етіп, қалың қызылбасқа аттанғанда да, батырдың сенімді аты оны қаншама қатерден құтқарады...

«Ер Сайын» жырында да ат тандап міну рәсіміне ерекше көңіл бөлінеді. Сайын мінген Қарала аттың ерекше бітімі жырдың әр тұсында жарқырап көрінеді. («Қамшы басып қалғанда, қарғыш кетті Қарала ат, жауға жетіп барады, тауды, тасты аралап...», «қылышты алды қынынан, ойын емес, шынынан, «шу» деп елі Қарала ат жұмырланды қырып...»)

Қазақ жырларында ерліктің «тұқым қуалап», атадан балаға ауысатыны, бірінің бастаған ісін екіншілер жалғастыратыны дәстүрге айналған нәрсе. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп келетін нақыл жай ғана айта салынбаған. Мұның терең астары, ірі мағынасы бар. Көшпенді ел жағдайында әкеден қалған мұраға ие болатын ұлдың тууы ерекше оқиға саналған. Перзентсіздік ең ауыр қасірет болып танылған. Мұның көрінісі эпостық жырларымызда мейлінше мол орын алғаны белгілі. Алпамыс та, Қобыланды да, Шора да, Сайын да ата-аналарының көп арман етіп, жаратқаннан медет тілеп алған балалары болып сипатталады. Бұл сарын «Қорқыт ата кітабында» да кездеседі.

«Ер Сайын» жырының бастапқы тұсында баласыздық зарып тартқан қарт Бозмұнайдың намысын жырталатын баласының жоқтығын пайдаланып, оған есігінің алдында жүрген тоқсан құлы қорлық көрсетеді. Өмір бойы жинаған мал-мүлкінің талапайға түскелі тұрғанын көрген Бозмұнай жатса да, тұрса да төнірден бала тілейді. Ақыры арманы орындалып, Ер Сайындай ұлды көрседі... Осындай көміл пірлер «көмегімен» пайда болған ұлдардың бір де болса, бірегей туысты болып келетініне мысал мол...

Ендігі әңгіме сол батырлардың бастаған ісін баянды ететін мұрагерлері жайында. Бұл ретте де қазақ эпосы өзінің үрдіс қалыптастырғанын көреміз. Кең көлемде алып қарасақ, мұндай дәстүр түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиеті шығармаларында да орын алғанын аңғарамыз. Қырғыздың атақты батыры Манас-

тын ұлы Семетей әке ерлігін қайталайды, ал Семетейдің салған ізгі жолымен оның ұлы Сәйтек аталар данқына данқ қосады...

«Ер Сайын» – қаһармандық эпостың белгілерін неғұрлым мол камтыған туынды. Мұнда қарт ата-ананың бала тілеуі, әулиелердің аян беріп, тілегін қабыл етуі, Сайынның ерте есеюі, оған қалыңдық ізделуі, сырт жауға аттануы, соғыста сәтсіздікке ұшырауы, ақылды әйелінің көмегімен жарақатынап жазылып аман қалуы секілді «қалыпты» тізбек түгелге жуық сақталған. Осылайша жүйелі баяндалған жырдың ақырғы тұсында тағы да бір тып оқиға қосылады. Ол – Сайынның ұлдары Бөкенбай мен Киікбайдың ата кегі үшін жауға аттанып, ермен ерлік көрсетуі.

Жырдың біз сөз етіп отырған нұсқасында Бөкенбай мен Киікбай қалмақтармен соғыста жаралы болған әкесін іздеп табады, дұшпанға пенде болу қаупінен құтқарады. «Ер Сайын» жырының қанша нұсқалары жасалып, ел арасына қалайша тарағанын тексеру өз алдына жеке тақырып. Әуел баста Сайынның балалары Бөкенбай мен Киікбай ерліктері жеке жырда айтылған болуы да ықтимал. Бұл арада бізге керегі ол емес, батырлық жырдың шежірелік, әулеттік (генеалогиялық) тізбекті сипат алуы деген мәселеге ғана көңіл аударамыз. Мұндай циклдену себебін әртүрлі түсіндіруге болады. Бірақ негізгі аңсар – қарттықтан немесе қайғылы оқиғадан мерт болған жандардың бастаған әділ ісін жалғастыратын, мұратқа жеткізетін жаңа күштер іздеу болып табылады. Өзінің сүйікті батырларының қандай да болмасын сәтсіздікке ұшырауына халық санасы келісе алмайды, сондықтан да кемдіктің орнын толтыратын тың қаһармандар «ойлап табады». Кейде белгілі бір батырдың «тегі мықты» екенін үстемелі дәлелдеу үшін, оның ата-бабасының шежіресінде өзгеше қажайыптар болғанын да еске түсіріп отырады.

«Ер Едігелс» генеалогиялық циклденудің нышандары анық. Едігенің әкесі пері қызымен араласқан «әулие» делінсе, ата жауы Токтамысты өлтіретін Едігенің Нұрадыны болады. Біздің заманымызға «Қырымның қырық батыры» деп аталған жырлар дәстесін жеткізген Мұрын жырау әңгімені Едігенің әкесі делінетін Баба түкті шапты Әзизден емес, оның арғы жағындағы аталарынан бастайды да, бертіндегі үрім-бұтағын кезек-кезегімен эпос қаһарманы етіп алады...

«Карасай-Қазид» да айтушы бұл батырлардың әулеті кімнен басталғанын хабарлап, сөз желісін үдемелі ерліктер тарихын дәріптеу арқылы ажарландыра түседі.

Батыр Мамай, қанды Орак,  
Ер Мұсаның ұлы еді.  
Баба түкті шапты Әзиз  
Арғы атасы сол еді.  
Онан соңғы атасы  
Едіге мен Нұралын  
Келе жатқан қашаннан  
Ел қимдаған ер еді.  
Қаптаған ел ноғайлы,  
Байтақ жатқан ел еді.  
Еділ, Жайық – екі су  
Арасы тоғай, қалып ну  
Нағашы халықтың жері еді,  
Қанды Орак асқан ер еді...

Карасай мен Қазид Орақтың ұлдары деп баяндалады. Жыршы үшін де, тыңдаушы қауым үшін де ерлік дәстүрінің өшпей, жалғасып, ұласуы соншалық қажет болғаны түсінікті. «Ата көрген оқ жоңар» деп отаншылдықты, ата салтын сақтауды бәрінен де жоғары санаған.

Ерлікті мирас етіп, қасиеттей білушілік «Ер Көкше» жырының да алтын желісі десе болады. Ертегілік өрнектері аралас-құралас келіп отыратын бұл жырдың бойында адам баласының көне замандағы ұғымдары көбірек байқалады. Белгілі бір оқиғаларды түс көріп «болжау», қиын-қыстау кездерде атқа «тіл бітіп» сөйлейтін болуы, өлген батырдың қайта «тірілуі», жай тасының күдіретімен жауын «жаудыру» секілділер ескі дәуірдегі анимистік, магиялық, тотемистік дүниетанымдар қалдығы. «Ер Көкшенің» түпкі тегінде батырлық бар екенін жыр шу дегеннен аңартып өтеді. Айтушы Көкшенің атасы Орак, өз әкесі Қамбар еді дейді. Ал Көкшенің ұлы Қосай екенін білеміз. Осы арада арнайы зерттеуді қажет ететін бір қызғылықты құбылысқа кездесеміз. Ол – «Ер Көкше» жырындағы бір топ кейіпкер есімі қырғыздың «Манас» жырында кездесетіні. «Манаста» да Қамбар хан, Ер Көкшелер жүреді. Ең тамашасы сол – бұлар қырғыз эпосында қазақ батырлары болып сипатталады. Ал Қосай батыр «Манастағы» орталық тұлғалардың бірі болатын. Қазақтың «Ер Көкшесінде» Қосай Көкшенің баласы делінеді. Ұқсастықтар қатары бұлармен шектелмейді. Қазақ «Ер Көкшесінде» оның досы ретінде Манаша деген батыр да ұшырайды. Ер Көкшенің жауға бірге шабысатын серіктерінің бірі Жанбыршы «Манас» жырында ерлер тізбегінде аталатын еді. Міне, қазақтың бір жырының ішіндегі

мұншама сәйкестіктерді кездейсоқ деп айтуға болмайды. Қалай болған күнде де бұл фактілер казак, қырғыз эпосында араласып, ұласып жатқан оқиғалар мен қаһарманшар бар екенін еске түсіреді.

«Орақ ұлы Қамбар екен, Қамбар ұлы Ер Көкше» деп басталатын жырдың шағын көлемінде талай-талай оқиға қатпары елес береді. Батырдың тандап ат мінуі, қалыңдық іздеуі, жаудан кек алуы тәрізді сарындар эпостың байырғы заңдарына орайлас келеді. Сонымен қатар Қосайдың жаудан өлген әкесі Көкшенің кегін алып, орасан қайрат көрсетуі батырлықтың бұларға «қонғанын» әйгілейді.

Жырда өлең мен қарасөз аралас келеді. Бұл эпостың әуел бастағы қалпы толық сақталмай, айтушылар арқылы қайтадан «мазмұндалғанын» білдірсе керек. Мұны эпос санатына қосып тұрған батырлардың жеке бастық мүдделері үшін емес, тұтас бір елдің, он сан ноғайдың атынан жаумен сайысқа шығатындығы.

Эпостық туындыларда көңіл аударатын және бір құбылыс — негізгі оқиғалық өрілімдерге тікелей қатысы бола қоймаса да, басқа да батырлар атының келтірілетіні. Жыршылар, айтушылар жауға аттанған жас ерлердің айналасында тілеулес елі-жұрты, қолдаушылары бар екенін көрсету үшін, ноғайлы-казак ортасынан шыққан аты белгілі адамдарды тізіп келтіреді. Кейде олар жас батырларға кенесші, ерлікке баулушы ретінде көрінсе, тағы бірде жауға аттанған қолдың айбынын «арттыру» үшін алынатын секілді... «Карасай-Қазидан» осының соңғысы көрінеді.

Исідан туған Ахмет  
Батырлығын оздырған,  
Барған жерін тындырған,  
Ашуланған күнінде  
Алпыс жебе сындырған.  
Қырымнан шыққан аттанып,  
Қырық мың әскер ішінде  
Аты шыққан Көкен бар.  
Ұзын Айдар Қонырат,  
Асынғаны ер болат,  
Ер Сүлеймен бұ да бар...  
Көп жасаған Қоянақ  
Жолбасшысы бұ да бар...

Осы аталған жырлардың тарихи негізін іздесек, «бұлар пәлен ғасырдағы түген оқиғалардың» жаңғырығы немесе тікелей сарыны деп кесіп-пішіп айтуға келе бермейтінін көреміз. Ең алдымен

эпоста бір дәуірдің емес, сан түрлі заманның наным-сенімінің ұштығы жүретінін мойындау керек. Мұның аты жырдың полистадиялығы (көпқабаттылығы) болмақ. Осы төрт жырдың ішінен тарихи ізі жоғалта қоймағаны тек «Ер Едіге» ғана. Мұнда XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бас кезінде Алтын Орланың ханы Тоқтамыс пен «қарадан» шыққан Едігенің арасындағы бақталас, тақ үшін таластың сілемі сезіледі. Солай бола тұрса да, жырдың әуел бастағы оқиғалық тұғыры жалпы эпостық өсірсеудің заңдылығына бағындырылып, жана сипат алғанын аңғару қиын емес. Едіге батырдың ұрпақтары болып саналатын Орақ, Мамай, Карасай-Қазилар жырдың «қалыбына» түскенде мүлде өзіндік өрнекке ие болған. Сондықтан да Карасай мен Қазидың соғыстарын «дәл мыпау оқиғаның ізі» деп дәлелдеу мүмкін емес. Жалпы нобайы казак-ноғайлының елінде болған оқиғалардың белгілі дәрежеде алыс елестері демесек, фактілік нақтылықты ұшырата алмаймыз...

«Ер Көкше» мен «Ер Сайын» жайында да осыны айтуымыз керек. Бұл екі жыр да (алғашқысында ертегілік, аңыздық сарын байқала тұрса да) эпостық жинақтаудың нәтижесінде туған. Арагідік тарихтан аты белгілі адам есімдері кездесіп отыратынына қарамастан, бұлардың мүлде «қайта қорытылып» шыққандығын ұмытпауымыз шарт. Сонау елуінші жылдардың бас кезінде кейбір белсенділер казак эпосын мансұқтау науқанына тым беріліп кетіп, жырдағы Ер Сайынды атышулы Алтын Орда Батидың түптулғасы негізінде жасалған бейне деп дәлелдемек болғаны да белгілі. Бұл тарихи қайраткерлер мен эпос қаһармандарының арасындағы орасан алшақтықтарды түсінбеудің салдары болатын. Сондай-ақ Ер Сайынды жаулаушы деп «қараламақшы» болғандар да ауыз әдебиетінің типтендіру, көркемдік тәсіл ерекшеліктерін мүлде ескермеген еді...

Әрине, эпос тарихта орын теппеген, халық санасында аздықөпті ізі қалмаған, ең болмаса ұлы сарыны сақталмаған жерден туа салады деу күмәнді. Бар мәселе жырдың тарихи «болған» жайларды тізіп айтпай, «теріп» айтуында тұрған секілді. Жыршы, акын айтушы өзінің алға қойған мұратына орайлас келетінді ғана таңдайды. Ол керек жерінде қиялға да, мифтік ескі түсініктерге де еркін орын береді, жан-жануарға тіл бітіріп сөйлетеді, қаһармандар қысылған жерде оларды кәміл пірлердің құдіретімен небір қатерлі жағдайлардан алып шығады. Болашақ батырлардың жас кезінен-ақ ерлік нышанын көрсететіні, жалғыз жүріп қалың жау-

ға қарсы шаба алатыны, тіпті өліп қалған жерінен қайта тірілетіні, елінің дұшпандарын жайратып, халқын бейбіт, бақытты күндерге жеткізетіні — осының бәрі шындыққа бергісіз қиял деуге болады. Эпос болғанды ғана емес, болуы мүмкінді айтады деген осы. Халықтың ежелгі үміт аңсарымен үндесіп, ең биік нысаналарды, ел бостандығын мәңгілік мұрат деп көрсету, соған қауымды сендіре алатыны эпостың тозбас, өшпес мәні де, көркі де болып табылады.

## ҒАШЫҚТЫҚ (РОМАНДЫҚ) ДАСТАН

Халқымыздың ғасырлар бойында жаратқан эпикалық мұрасының бір саласы — романдық немесе ғашықтық дастан. Егер көне, архаикалық жырларда адам баласының дүниені білуі мен тануының бұлдыр, балаң кездері, сол шақтағы түсінігі мифтік, қиялдық түрде көрініс берсе, классикалық қаһармандық эпоста алғашқы қауым ыдырағаннан кейінгі ру, тайпа мүдделері үшін күрестің тәжірибесі әсірелеліп, биіктетіліп, тұтас бейнеленеді. Ал романдық эпоста ерлік, Отан қорғау емес, адамның жеке бастық мүддесі, махаббат еркіндігі мәселесі алғы кезекке шығады (1). Демек, кезеңдік, стадиялық жағынан алып қарағанда, ғашықтық жырлар архаикалық, қаһармандық эпостан соңғы мезгіл туындысы болады (2).

Бұл кезге дейін қазақтың лиро-эпосы ретінде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» секілді санаулы жырлар ғана ауызға алынып келді. Аталған жырлардың көркемдік қасиеті мен танытқыштық маңызы зор. Дегенмен, лиро-эпос қазынасын тек осы тәрізді бірін-саран шығармамен сарқуға болмайды. Қазақтың «өз топырағында» туған басқа да бірсыпыра шығармалар бұл салаға қосылып айтылуы ләзім.

Қазақ халқына кең тараған, төл туындысындай естене жақын болып келген ғашықтық (романдық) эпос — «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Құсырау-Шырын», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зухра», «Бозжігіт» сынды інкәрлік жырларын қазақ эпосының дәстүрі мен тарихынан айырып қарауға болмайды. Бұлардың данқы мен әсері халықтың байырғы ешбір жырынан кем түспеген.

Оқиғаның өрбу, шиеленісу, шешілу жүйесіндегі негізгі сарын ғашықтық аңсары, бас бостандығы, айнымас, азбас, тұрақты

махаббат болуы — романдық эпостың негізгі белгісі. Сыртқы жауға аттанған, ел қорғаған ерлердің іс-әрекетін суреттеу мен өмірдің, көңілдің, тұрмыстың хикаясын қозғау екі түрлі көркемдік тәсілді керек етеді. Ғашықтық жырларда тұрмыстың, салт-сананың сұрауларын камту көбірек... Сондықтан да мұнда қаһармандардың ішкі сезім күйлері, мінез қалыңдықтары мен қайшылықтары кеңірек көрінеді. Ғашықтық жырларды белгілі дәрежеде романға жақындататын басты нышан да осы тарапта.

Сонымен қатар романдық эпоста архаикалық, қаһармандық жырлардың ертегінің элементтері де тиісті дәрежеде қатысып жүреді. Мұндай араласу оның негізгі сипаты мен бағытына нұқсан келтірмейді. Түбірі шығыстан тараған ғашықтық жырлардың қайсыбірінде діни ұғымдар, аңыздар, көне нанымдар қатарласа, оқиға жүйесіне өріле қиысады.

«Сейфүлмәлікті» алып қаралық. Бұл жырдың да идеясы — махаббаттың ұлылығын мадақ ету, шын інкәрлік жеңбейтін кедергі, алмайтын камал жоқ екенін айту. Сейфүлмәліктің пері қызы Бөліғұлжамалға үйлену тарихы, осы жолдағы қиындықтар, қауіп-қатерлер тізбегі әлгі асыл аңсарды дәлелдеуге жұмсалған. Құштарлық, сүйіспеншілік сезімінің күдіреттілігі соншалық — ол адамзат пен перізат өкілдерінің ғашықтық одағын құруға алып келеді. Жырдың мәңгілік мәнін жоймас қуаты осындай өзгеше бітімінде жатыр. Дүниедегі ең үлкен бақыт, теңдесі жоқ қызық жастардың жан туыстығында, табиғи шымырлап тараған сезімінің пәктігінде, алға қойған мақсатқа жету үшін тосқауылдан, тосын бөгесінен тоқтамай өтуде деген идея жырдың өн бойында алтын жіптей тартылған.

Ал осы қарапайым, пенделік мәселе — ғашық жарды іздеудің соншалық тартыс пен күреске алып келу себебі де түсінікті. Түрлі таптық, рулық, діни нанымдар мен ғұрыптар адамның өміріндегі жолы мен міндетін күн ілгері белгілеп қойған заманда зәредей өз тілегін, жеке аңсарын айтудың, сол жолда өзгелердің пікіріне кереғар барудың өзі күрделі кедергілер, орасан оқиғалар тудыратын. Ерте кезде жастардың еркін махаббаты деген төте жолмен табиғи еркін шешілместей қиын түйін болған. Сол себептен де — жырда олардың өзара мәселесі тағайыптың, қиялдың, ерекше күштің, «жебеушінің» көмегінен мүратқа жетпейді. «Сейфүлмәлікте» дәл осындай құбылысты көреміз. Төрт жүз шаһарды билеген Мысыр патшасы Қасымның «170 жасқа» келген-

де көрген жалғыз ұлы Сейфүлмәлік адамның емес, мекені белгісіз пері қызын түсінде көріп ғашық болады. Міне, барлық оқиға осыдан басталады. Осыншама қиын сапар тек кереметтің күшімен ғана орындалуы мүмкін. Сейфүлмәлік төрт жүз кеме, жүз мың әскермен жолға шыққан делінеді. Талай елдерді аралап, сан қиындықты бастан кешіріп, барлық жолдастарынан айырылып қалғанда да ол алған бетінен қайтпайды. Сейфүлмәлік зәңгілер елінде тұтқын болады; маймылдар патшалығында күн кешеді; итбасты, адам мүшелі жандардың арасында жүреді; алып хайуанаттар жерінен өтеді; айдаһарды, жолбарысты, арыстанды өлтіреді, диюдың қолына түскен қызды құтқарады... Мұны күллі пәле-жаладан, қауіптен құтқаратын Сүлеймен пайғамбардың жүзігі болып саналады. Жырда адам үшін перілер мен диюлар да соғысып жатады. Сан түрлі шыпырман оқиғадан соң ғана Сейфүлмәлік аңсаған ғашығы Бәдіғұлжамалға қосылады. Бұл айтылғандар ғашықтық жырларында ескі аңыз, ертегі, діни нанымдар атаулы араласып отыратындығын көрсетеді. Қиял-ғажайып түрінде суреттелген іс-әрекеттер астарынан адам қоғамына хас көп мінездер мен салттарды, қаһармандардың өзіне тән келбетін аңғаруға болады.

«Жүсіп-Зылиха» оқиғасының да ғасырлар бойында алуан ақынды қызықтырып, қайталанса жырлануы тегін емес. Халық, әйтеуір, ынтызарлықты ғана жалаң қызықтамаған. Махаббаттың үдесінен шығуға бүкіл өмірін пидә еткен асыл мінезді жандар ерекше қастерленген. Арманына жете алмай, өкінішпен өксіп өткендердің, әлеуметтік қайшылықтың, таптық теңсіздіктің құрбаны болған ғаріптердің есімі ел жадында сақталған. Сондай-ақ қиындықтың зіл салмағын көтерсе де, дегеніне жетпей тынбаған өр мінезді, табанды, қажырлы жастардың жарқын бейнесі ұмытылмаған. Арғы нұсқасы дін кітаптарынан алынған Жүсіп пен Зылиха ғашықтығы туралы аңыздың көптеген ұлы шайырлар (3) шабытын шақырғаны да ондағы теңдесі жоқ махаббат машақатына байланысты. Атағы әлемге жайылған, салтанатты Мысыр патшасына ұзатылып келсе де, соған еміреніп көңіл аудармаған, барлық арманы құл ретінде сатылып келген Жүсіпке ауған Зылиханьң осы жолда көрсеткен сабыры мен төзімі, шын ғашықтан басқаға көңілін жабық ұстауы, жылдар бойы белгісіз үміт жеткізбей жүрсе де, мақсатынан айнымауы құрметтерлік, таңғаларлық қасиет саналған. Ал қаншама сұлулар аяғына оралып жүр-

се де, өзінің ізлеген жарынан басқаға көңіл бөлмеген, ақырында махаббат мұратына жеткен Жүсіп мінезі де еркек атаулыға биік үлгідей есептелген. «Жүсіп-Зылиха» жырының өшпес өнегесі мен қымбат гибраты осында...

Романдық эпос адамдар арасындағы байланыстардың, достық пен өшпенділіктің алуан жайларына бара алады. Өмірлік дәрегі мен мінездің қырларын көрсету жағынан ол көне жырлардан гөрі анағұрлым ауқымды. Ғашықтық эпос тіршіліктің көкейтесті сауалдарына, бітіспес қайшылықтардың түбірін ашып көрсетуге жақындайды. Бірақ ол жазба әдебиеттегі романның кендігі мен мінезді даралап көрсетудегі жан-жақты мүмкіндігін таба алмайды. Романдық эпоста өмір қайшылықтарының шығар көзі, себебі нұсқалса да, оған әлеуметтік талдау жасалмайды. Ал болмыстың объективтік ағысы мен мінез ерекшелігі үйлестірілмеген жерде оның орнын қиял-ғажайып, ертегілік, мифтік аңыздар басыны мәлім. Қоғамдық дамудың жана қажеттері туғызған ірі әлеуметтік мәселелерді күн тәртібіне қоя білгенінің өзі бұл жаңрудың сонылығы. Адамның әске бастық аңсарлары мен арманы оны үлкен ерліктерге көтеруге қабілетті екенін айту, сол идеяны қиял-ғажайып араластыра отырып дәлелдеу көркемдік дамудың белгілі белесі болатын.

«Жүсіп-Зылихада» қаһармандардың асыл арманына медеткер болатын жебеуші күш көп кездестіріледі. Жүсіп ағаларының қастандығын көріп, мерт болатын жерлердің бәрінде пәле-жаладан оңай құтылып отырады. Оны құдыққа тастағанда ғайыптан келген құдірет сақтап қалады; құдықтың түбіндегі тас кенеттен тақытқа айналады; Жүсіптің аруақтылығы соншалық — оны көруді бір мың екі жүз жыл «жасаған» Заһит де өзіне мәртебе санайды; дүниеге Жүсіп есімді адам келетіні бұрынғы кітаптарда алдын ала жазылған екен деседі; оның алдындағы табақтағы асқан төрт жүз кісі «тойынады»; оған Қылыш атты біреу зәбір көрсеткенде жаңбыр жауып, жер жүзі селдетіп кетеді; Мысырда Жүсіптің сұлулығына қызығып, сатып аламыз деушілердің қазынасы жетпей дала болады... Бұл жырда адам мен қасқырдың «сөйлесуі», түйенің боздағанынан сыр ұғу, ғашықтардың түсінде тілдесуі ескілі толып жатқан «хикметтер» кездесіп отырады. Соның бәрі шығарманың негізгі идеясын — Жүсіп пен Зылиханьң баянды ғашықтығын көрсетуге жұмсалған көркемдік амал екені анық. Замандар бойында тындаушы халық бұл тарихтың ең шырыны — махаб-

батты жырлау екенін жақсы аңғарған. Өлгіндей сиқырлар мен кермет күштер сол әсем, арманды идеяны сақтап келген қосалқы аңыздар ғана екені аян. Адамның бас бостандығы, сезім еріктілігі тұсалып келген дәуірдің бәрінде де ғашықтардың баспан кешкен сергелдені мен сарсаны қасиетті әрекетке баланған, мұндай жыр талайдың мұңдасы мен сырласы болған. Ондай аңыз бен әпсанаға халықтың ежелгі азатшыл арманы ұштасып, әрбір қауымның сүйікті әңгімесіне айналған. Эпоста белгілі оқиғалардың ізі қайталанбай, халық арманы мен тәжірибесінің, алдан күткен үмітінің көркемдік жиынтығы жасалатынын осы тұстан да танымыз.

Лиро-эпос жырларының бір парасы қайғылы оқиғалармен бітеді. «Таһир-Зухра» мен «Бозжігіт» тәрізді жырлар ғашықтардың өлімімен аяқталады. Бір ғажабы — сондай қаза мен аза халықтың өршіл көңілін жасынпай, қайта әділдіктің түпкілікті жеңісіне деген үмітін ұштай түсетіндігі. Мұндай жырлардан әлеуметтік теңсіздіктер мен әділетсіздіктерге қарсы өршіл үн естілгендей.

Романдық эпостың қаһармандық жырлардан тағы да бір айырмашылығы — мұнда драмалық, лирикалық ағынның күрделі орын алатындығы. Бұл айтқанға «Таһир-Зухраны» мысалға келтірсек те болады. Таһирдың ғашығы Зухраға деген табиғи тілегі үлкен драмалық оқиғалар туғызады. Ол екеуінің арасы еріксіз ажырап, Таһирдің зынданға түсірілуі, сандыққа салынып суға ағызылуы осы айтқанды сипаттайды. Ғашықтардың диалдасып, ганибет кездесулері зор қиындық үстінде өтеді.

Таһир мен Зухраның бір-біріне деген сағынып сөздерін тебіренбей оқу қиын.

Сенсіз ішкен астарым,  
Қызыл қанға ұқсайды.  
Жарық күнде жүргенім  
Қара түнге ұқсайды (4).

Жырдың тартыстық желісі нанымды. Патша әйелі өзінің қызын «дәрежесі, туысы төмен» уәзір баласына бергісі келмейді. Санасын осындай төкаппарлық, астамшылық дерті улаған ана қызының ғашықтығын түсінгісі келмейді, ақыры көп азаппен қорлыққа шыдамай өліп кеткен Таһирдың артынан Зухра да опат болады. Жырдың идеялық ұштығы адамдардың бақытына кесе-көлденең тұрған әулеттік, қасталық, таптық соқыр сенімдерге қар-

сы бағытталған. Мұнымен қатар бұл қайғылы оқиғаны өршітіп, қоздырып жүрген жанның бірі — патшаның құлы, Зухраға сыртай ғашық Ғарап деген болады. Арагідік қиял-ғажайып өрнектер қосылып отырғанымен, оқиғаның басталуы, шиеленісу, шешілу жолы жағдайға да, адамдар мінезіне де сәйкес келеді.

Халыққа ертеден қанықты «Бозжігіт» жырының да жалпы желісі «Таһир-Зухраға» орайлас. Мұнда да патша баласы Бозжігіт түсінде көрген сұлуы Қарашанғы іздеп барып, көп кедергілерге душар болып, мұратына жете алмай өліп кетеді. Адам тағдырын орталық идея етіп көрсету бұл жырда айқын сезіледі. Бозжігіт пен Қарашаштың өз бақыты үшін күрескен әрекетінде тұрмыс, өмірдің ақиқаты мол, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің айшықтары қатар өрілген тұстар көп.

Романдық эпостың оқиғалық, құрылыстық бітіміндегі ортақ, ұқсас жайлар да көңіл аударарлық нәрсе. Соның бірі — ғашықтардың түсінде танысуы. Бозжігіт Қарашашты түсінде көріп тілдеседі. «Сейфүлмәлікте» де, «Жүсіп-Зылихада» да осындай ситуация қайталанатын. Демек, бұл тәсіл ғашықтық жырлардың тұрақты композициялық кестесінің бірі деуге келеді...

Белгісіз алыс, қауіпті сапарға шыққан жас жігіттердің сенімді достары болады. Мәселен, «Сейфүлмәлік» пен «Бозжігітте» достар көмегі елеулі орын алады. Ежелгі эпостың, ертегінің дәстүрінен ауысқан қиял-ғажайып элементтер де шығарманың шиірәк өрістеуіне дәнекерлік жасайды.

Сүйреңін іздеп шыққан жігіттерге адамның да, табиғаттың да қаскөй күштерінің кездесуі, бөгесіндер жасауы, қатер төндіруі романдық эпостың тартыстық жүйесіне күшті серпін дарытады. Кейде ондай дүппаңдар пері, дию, мыстан кемпір бейнесінде көрінеді. Мұның бәрі ескі эпостан келе жатқан бағырлық үйлену салтын танытады.

Болашақ эпос қаһарманы көбінесе біреудің жалғыз ұлы болып келеді. Мәселен, «Бозжігіт» жыры былай басталады:

Заманнан көп замандар өтті дейді,  
Біреудің жалғыз ұлы болты дейді,  
Хат танып жеті жаста, оқу оқып,  
Он жаста ойнап-күліп жетті дейді...

Көп ретте олар патшаның немесе басқа бір үкімдардың қартайғанда көрген ұлы не қызы («Таһир-Зухра») болады. Бұл түс

әлемдік ауыз әдебиетінде кездесетін типологиялық ұқсастықты аңғартады.

Классикалық эпостағыдай ғашықтық жырлар қаһарманы да өзгелерден ерекше зерек, ақылды, өнерлі жандар сипатында алынады. Бозжігіт жеті жасында хат таниды. Жүсіп білімдар ғалым, Таһир әнші, ақын болып көрінеді. Оқиғалар шаһарлы жерлерде болады, патша, уәзір аттары, қала өмірінің белгілері, базар, күзет, зындан, дуағәй секілділер шығарманың шыққан тегі Таяу және Орта Шығысқа апаратынын әйгілейді...

Атап көрсететін қызғылықты мәселенің бірі — шығыстың көп халықтарының ортақ қазынасы болып кеткен ғашықтық жырлар мен қазақ эпосының арасындағы ұқсастықтар мен үндестіктер. «Таһир-Зухра» мен «Алпамыс», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырларында мұндай мезеттер бірнеше тұста кездеседі (5). Жырдың басталу кезіндегі патша мен уәзірдің бірінің әйелі ұл, екіншісінікі қыз тұса құдаласуы тиісті болғаны туралы мәміле «Қозы Көрпеш — Баян сұлудағы» Қарабай мен Сарыбай сертін еске түсіреді. Кейіннен сол уәденің бұзылуынан туатын қиындықтар да көп жерде сарындас келеді. Ал Таһирдың Зухра тұсына әйел киімін киіп барып айтысатын жері Алпамыстың зынданнан шығып, ауылына диуана кейпінде келетін, Гүлбаршынмен жауаптасатын кезіне қарайлас. Осы мысалдың өзі қазақ эпосының Шығыс дастандарымен қайсыбір ретте тамырлас, сабақтас жатқанын аңғартады.

Романдық эпоста ауыз әдебиетінің түрлі жанларының бас қосуы жиірек ұшырайды. Әсіресе айтыс формасы мол кездеседі. Мұндай жерлер қаһармандардың ішкі өлемін ашуға, тартыстың табиғатын түсінуге септеседі. «Бозжігіт» жырында жар-жар, көңіл айту, естірту, жұбату, қоштасу, жоқтау, айтыс жанрлары қиюласып, өзгеше сапа құрайды. Нәсір (қара сөз) мен назымның (өлең) кезектесе келтірілуі де шығыс сюжетіне құрылған ғашықтық жырларына тән.

Лирико-эпос жырларының ерекше қызық та қымбат тұстарының бірі — олардың тілдік құрамы, бейнелеу жүйесі, ұйқас, ырғақ өлшемдері. Ғашықтық дастандар арқылы қазақ поэзиясына аса мол көркемдеу, бейнелеу жаналықтары енген. Шығыс поэзиясында ежелден орын теуіп келген ғазал, бәйіт, түйық тәрізді түрлердің, алуан ұйқастардың табиғатын танып, оның қазақ өлеңіне етене туысып кеткенін сөз ету поэзия тарихының жаңа беттерін

ашқанмен бірдей. Әдеби байланыс, ауыс-түйістің көп жанды мысалдары бұл жырлардан табылғандай. Мәселен, «Бозжігіттегі»:

Ғашықтар зарлап өтер,  
Төңірден рахмет күтер,  
Мұратқа бір күн жетер,  
Сабыр қылса керек-ті... —

секілді ұйқас пен ырғақ көршілес түркі тілдес халықтар поэзиясына тән заңдылық екені көрініп тұр.

Сөз болып отырған жырлар көне жазба әдебиетімізде ежелден жалғасып келе жатқан, біз әлі тексеріп болмаған қызғылықты дәстүрлер бар екенін еске түсіреді. Орта Азия халықтарымен тамырластық, тағдырластықтың үлкен бір белгісі осындай жырларда сақталыпты. Ғашықтық эпостың кейбір шумақтары өзінің сөздік құрамы жағынан өзбек, түрікмен, татар өлеңдерінен көп алшақ кетпейді. Бұл бір кездегі ортақ әдеби түркі тілдің дәстүрі өсерімен бірте-бірте қалыптасқан заңдылық екені көміл.

Сонымен романдық эпос кіршіксіз сүйіспеншілікті, адамның ен асыл сезімдерін тәңірі тұтып жырлауымен, адамзатты пәктік, адалдық үлгісіне тәрбиелеуімен ғана емес, көркемдік қасиетімен де құнды рухани мұра. Оның нәрі мен сәні, асқақ арман, ұлы үмітке толы аңсары әлі де талай қауымның көңіліне махаббат пен достықтың мәңгі ескірмес сабағын дарыта бермек.

«Қозы Көрпеш—Баян сұлу». Сөз өнерін қадір тұтатын қауымды өзіне ертеден іңкәр етіп келе жатқан жыр асылының бірі — «Қозы Көрпеш—Баян сұлу». Қарабай мен Сарыбайдың (бірі 83-те, екіншісі 75-те делінеді) анда жүріп танысып, достасуы, құдаласуы, Қарабайдың қолқалап, Сарыбайға достығын міндет етіп, буаз маралды аттыруы, Сарыбайдың маралдың буаздығынан шошып (мұның әйелі жүкті екен) өліп кетуі, Қарабайдың марал мен оның ішінен шыққан егіз қодықты сойып алып, ештеңе көрмегендей Сарыбайды айдалаға алдырып жөнелуі... Осылай басталған жыр (6) көп нәрсені аңғартады. Қарабайдың дүниекоңыз қараулығы, уәде, ұят деген ұғымды аттап өте беретіндігі бірден елес бергендей. Анда жүріп құдаласу да көне сарын. Сарыбайдың аяушылығы мол, ырымшылдығы ескі ұғымға сенетіндігін, обал, сауап мәселесін өзінше түсінетіндігін көрсетеді. Жырдың прологы Қарабай мінезі алда талай қаталдықтарға апарғалы тұрғандығына тыңдаушыны әзірлейді.

Аннан қайтып келе жатқан Қарабайға «Сарыбайдың әйелі ұл тапты» деп хабар беруге шыққан адамдар кездеседі. Қарабай бұл хабарға да селт етпейді, әлгі адамдарға Сарыбайдың жөнін айтпай, жұмбақтап сөйлейді («Бес жүз киік соқтығып, соны қуып, жолы қиын Бетпақтай шөлге кетті...»). «Әйелің қыз туды» деп сүйінші сұраған сақау қатынды қамшының астына алады. Бұл көрініс Қарабайдың мейірімсіз, есзімсіздігін айқындай түседі...

Қарабай жөргекте жатқан сәби — Қозыны көріп, «Мені жұтар жалмауыз туыпты», — деп шошиды. Эпостық әсірелеу осылайша үстемелене береді. Қарабайдың іс-әрекетіне дәлелдеме жоқ, ол «дайын күйінде» алынған тип.

Қазақтың ескі салт-санасы жырда кең де жүйелі көрініс береді. Сарыбайдың өлігін іздеп табу, тазшаның Сарыбай қазасын естіртуі ханымға (бәйбішесіне) түс жорыту түрінде келтірілуі, ақырында Тайлақ би бастаған елдің Сарыбайды ақыретке аттандыруы, қабір үстінде күмбез қалпақ орнатпақ болуы, т.б. бұған мысал.

Қарабай тұлғасы толықтана береді. Ол құдалық жайын жалғап, сөйлесуге барған Сарыбай елінің биі Тайлақтың адамдарына «құда боп жетім ұлға қыз бермеймін», — деп бір-ақ кеседі. Бұл халық ұғымында ауыр қиянат, ант бұзғандық. Ал Қарабайдың Қозыдан ат-тонын ала қашуының түп себебі — өзіне байлық жағынан тең емес деп менсінбеуден, дүние-мүлік теңсіздігінен.

Құдаласуға келгендерді Қарабай: «...Келіңіз сөйлесуге өңшен келей, Қайтсаңшы, жаның олжа, бірін өлмей», — деп кемсітуі де өлгі пікірді дәйектейді. Қарабайдың әділдікке қайырылмас ниетін көрген ханым «сол нәлет біржолата кетсе-ақ екен» деп тілейді. Елдің ауқымы да уәде бұзған, нәмарт Қарабайды кінәлайды.

...Жұртына батыр Тайлақ тию қылды,  
Не қылсын Қарабайды, кәпір сұмды.  
Ешбір адам аузына алмаған сон,  
Аты өшкірдің аты өшіп, ұмытылды...

Қарабай қатынының қарсылығына қарамастан Балталыдан көшіп кетуге бекінеді. Аққайыңды (аты) мініп, бақа айғырды жетелеп жөнелгенде, «жұртында қотыр ала тай қалмады» деп суреттелінеді.

Эпос та роман тәрізді кең ауқымды. Оның ішіне ауыз әдебиетінің өзге жанрлары сыйып кете береді. «Қозы Көрпештегі»

Қарабай қыздары Ай, Таңсықтың туған елі — Балталы, Бағанап-лымен қоштасуы осыған мысал. Бұл қоштасу өте нақтылы, әсерлі, тандаулы үлгі санатында.

Қарабайдың көш жолы әуелі шығысқа тартады. «Ертісті өрлеп» біраз барады, Қарасу көліне жетеді, одан кері бұрылып, Ала-тау жағалап, Ілені баса Құлжаға бет түзейді. Іледен көшіп, Шыршыққа, одан кейін Сыр бойына ауады, Қоканға да қанғырып барады. Мұның бәрі қазақ руларының көшіп-қонған жерлері екені мәлім. Бірақ Қарабай тоқсан мың жылқыны бағатын кең жер таба алмай, ақыры Сарыарқаға, Бетпақдалаға келеді. Бұл да өмір шындығына жанасады. Өйткені осыншама ересен көп мал Сарыарқадан басқа жерге сыймайтыны белгілі еді. Жырдың қазақ шындығынан туғандығын көш «бағыты» өз тарапынан растайды.

Эпос қаһармандарының өзара сөздері диалог түрінде беріліп отыруы да көңіл бөлерлік нәрсе. Бұл жырдың шиыршық атқан драмалық сипатын ашып қана қоймай, мінездерді саралай түсуге себепкер.

Қарабай Шу бойына келген кезде торғауыттан (қалмақ руы) шыққан батыр Қодар іздеп келеді. Жыр бұл тұсты өте анық ескертеді.

...Қарекен қырып-жойып, Шуға барды,  
Ақымалға құдай берген мұша малды.  
«Арқадан қызы сұлу бай көшті» деп  
Торғауыттан бедеумен Қодар салды...

Бұл тұста да тарихи шындық нышандары елес беріп өтеді. Торғауыт қалмақтың көп замандар бойы Қазақстанның шығыс өңірінде шектес жатқаны тарихи анық нәрсе. Торғауыттар Еділ сыртына, Ресей қарауына 1608 — 1610 жылдарда көшкен. Демек, эпостың Қодарға қатысты жерінің өзі оның көнелігіне өз тарапынан «қуәлік» ете алады...

Қодар мен Қарабай оңай тіл табысады. Ол — байлық үшін мүдделестік. Қарабай «Жылқыларды шөлден аман өткізсең, қызым Баянды берем», — деп уәде етеді.

...Жас құлыным қырғалды тамам, Қодар,  
Бір су тауып берсе гөр маған, Қодар.  
Сен шөлдетпей малымды алып өтсең,  
Ақ Баянды беремін саған, Қодар...

Көп жылқыны шөлдеп аман алып өту үшін, Қодардың көрген бейнеті жанды суреттей анық берілген. Ол «әр жерден жүз кісілік құдық қазады», суы жоқ жерге меспен тасиды, алапат еңбек етеді. Жырыны оның жанкешті әрекетіне сүйсінгенін жасыра алмайды.

...Сол күндегі жандардан Қодар етті,  
Уағда қылған сертіне анық жетті.  
Жанды аямай қимылдан, айла тауып,  
Не қылса да бетпақтан алып өтті...

Баяннан үміткер Қодар қанша бейнет шексе де мойымайды. Бұл оның онаша өлеңінен (монологынан) көрінеді. Ол: «Қанаса да аяғым қарамаймын, Баянжанды көрген соң ұмытармын», — дейді.

Қодардың портреті жырда бар бояуымен берілген. Суреттеуде эпостық әсірелеу, мысқылдау көрінеді. Оның «бойы он кез», «жауырынының жалпағы үш жарым кез», «сынар жұдырығы қол ағаштай» делінеді. Ақырында тоқсан мың жылқы сыярлық жер Аягөз, Лепсі, Үржар бойынан табылып, Қарабай мен Қодар сонда келеді.

Қарабай мал қамын ойлап жер ауып, он үш жыл кезгенде қызы Баян он төртке шығады. Оның сұлулығы «кыпша бел, алма мойын, тал шыбықтай бұралған» тәрізді баламалармен беріледі. Сонымен қатар Баянның сезім, түйсігі де суреттеліп отырады. («Анда-санда болмаса сөйлеспейді, жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар».)

Баянға «тоқсан байдың баласы тоқсан сері, сыртынан көзі көрмей ғашық» болады... Ол тоқсанның ешқайсысы да осал емес. Солардың бірі:

Бір өзінде он кісінің қайраты бар,  
Баласы Нұрқара би Көссемсары...

Енді біреуі:

Жүз кісілік өзінің қайраты бар,  
Баласы Қаратоқа Бұланқара...

Бірақ тоқсан нән жігітті Қодар бір өзі беттетпейді, оның бөріні жеңіп, Қарабайдың құлы етіп, мал соңына салып қояды. Қодардың алып күші көрінген тағы бір тұс осы болады.

Қарабай елінен Баяннан хабар алуға, жас Қозының намысын жібермеуге Айбас ердің жолға шығуы рулық мүддені пір тұтқан кездің салты үшін табиғи құбылыс. «Туысқаны, туғаны, жақыны емес, Іздейді жетім ұрдың хақысы үшін», — деп жырда Айбас сапарына түсініктеме берілген. Шыңдығында, Айбас — елінің беделі үшін күресетін рулық-феодалдық дәуірдің нағыз өкілі. Бұл жеке отбасылық мүдде рулық мүддеге тәуелді кездің қарекеті, елесі.

Айбастың Қарабай қыздарымен онашада тілдесуі, Баянға Қозы жайын түсіндіруі, қыздардың Қозыға деген сөлемдемесін алуы жырдың тұтастығы үшін де қажет дәнекер әрі секі салтқа да үйлесімді. Айбастың Қодармен айкаста женуі, тоқсан құлды табанға басуы эпостың идеясы үшін қажет көрініс. Бұл оқиға Қозы Көрпештің іздеп келіп, Қодар сынды дұшпанын женетіндігіне қыздардың, әсіресе Баянның сенімін арттырады.

Аягөзден кері еліне қайтқан Айбастың жүрген жолындағы жер атауларын осы сапарға байланыстыруы да жырдың нанымдылығын күшейту үшін алынған тәсіл. «Қызыл белбеу», «Шұбарайғыр», «Мейізек», «Гемірші», «Қарқаралы», «Шідерлі» деген жер аттарын нақтылы тарихи оқиғалардан тумаған, эпикалық жинақтау деп қараған мақұл.

Айбастан Баян дерегі естіген Қозы шешесінен сыр сұрайды. Ақырында шешесі шындықты айтады, бірақ баласының алыс, қауіпті сапарға жалғыз кеткісі келетініне келіспейді. Оған Қозы: «...Сұлуын дүниенің жисан дағы, бір жарымдай болмайды көңдіме ток», — деп алған бестінен қайтпайды. Анасы амалсыз рұқсат береді, Қозы елімен, Тайлақ бимен қоштасып, жүріп кетеді.

Бұл арада эпос қаһармандық жыр дәстүрін қайталайды. Жігіттің сүйгенін қалайда іздеп табуға бел байлауы, тандап ат мінуі осындай мезеттер... Айбастың Қозыны жеке жіберуге қимай, көп жерге дейін еріп отыруы да романдық эпостың өзіндік қырларын сипаттайтын, «өмірге жақындығын» әйгілейтін құбылыс. Жолда шаршап-шалдыққан Қозыға ғайыптан керуен кездесіп, әрі молда, әрі бай Қожан деген кісі жас балаға ақыл-көнес айтады. «Қозыны қияметтік іні» етеді, ел-жұртқа хабарынды айтамын деп уәде қылады, балаға «он бес күндік азық» береді.

Қозының Аягөзге, Қарабай ауышына жақын келіп, қой сонындағы қойшымен тілдесуі, сыр тартуы — кейіпкерлерді (Қара-

бай мен қыздарын) жанама мінездеу тәсілі (кейінгі жазба прозада біреудің сөзімен екінші адамды мінездеу кең тараған әдіске айналған).

Қарабайдың қойшысы орнына Қозының қалуы ертегілік ситуацияны еске түсіреді. Жана «қойшы» төтен, қияс мінез көрсеткенде де Қарабай «мал бақпай кетіп қалады» деп қорқып шыдайды.

Эпоста қиял-ғажайыптық элементтер аралас келіп отырады. Қой бағып жүрген Қозыны анықтап тексермек болып, Баян бір қызды тоқтының терісін «жамылдырып» қоймен бірге жібереді. Әлгі «тоқты» оңашада Қозының зар-наласын тындап, Баянға жеткізеді. Сөйтіп, тазша баланың Қозы екенін танып, Баян табысады. Қозы күндіз тазша киімін киіп, түнде сүйген жарының қасында қонып, бір жылдай жүреді.

Қодар мен Қозы бірнеше рет күш сынасып, бәрінде де Қозы басым түседі. Қызды сырттай ісменіп, коқиланып Қодар жүреді. Бұл тұста жыр кестесіне әзіл, мысқыл көп қосылады. Қодардың Баянға манайлай алмай жүріп, өзгелерге оны «жеңген» деп сөйлеуі күлкі келтіретіндік. Романдық эпос осылайша сурет бояуларды түрлендіре түскен. Қодар тазша балаға (Қозыға) өлінше қамқорлық жасап, Сасан бидің асынан екі қан ет өңгеріп келген жері де кекесін, мысқыл іспетті. Қарабай, Қодарлар асқа кеткен он екі күнде Қозы мен Баян қызыққа батқанын бір қатын Қодарға жар-жар түрінде айтып қояды.

Қодар істеген еңбегін міндетсіз, әлі де тарай қоймаған астағы елге барып дігір салады. Сасан би Қозыны алып келіп, у беріп өлтіріндер деп кеңес береді. Қозы қымызға қосылған удан басы айналып тойдан кетеді, сонынан кектесіп қуған Қодарды атып, аттан құлатады. Бірақ Қодар өлмейді. Ертеңіне далада шок теректің түбінде ұйықтап жатқан Көсемсарыны (мұның алдында ғана Қозымен дос болған) әуелі атып өлтіріп, басын кесіп алады да, «Қозыны өлтірдім» деп Баянға мақтанады. Баян кесілген бастың Қозы еместігін сезсе де, сыр бермейді. Ақырында қаһарға мінген Қозы Қодарды да, Қарабайды да өлтіреді.

Жырдың бұл шешімі өзге нұсқалардан бөлше екендігі көрініп тұр. Қозы мен Баяннан Күсеп деген бала болады. Қозы елді билеп, Баянмен дәурен сүріп, отыз беске дейін жасап, «жақсылық-жамандықты түгел көріп» дүниеден өтеді. Жырдың бұлай аяқталуы оқиға мен мінездің табиғатына қаншалық сай келетіні өз

алдына жеке мәселе. Қозыны Қодар қолынан өлтіретін жыр нұсқасы ақиқатқа жақын деп білеміз (7). «Өз ажалынан» өлген Қозының соңынан қолында жасөспірім баласы (Күсеп) бар Баянның өмірді қиып кетуі екіталай. Эпостың былай бітуі осы нұсқаны айтушы делінетін Бейсенбайдың ба, әлде басқаның ба, жасаған өзгерісі екені аңғарылады. Қалай болған күнде де, Қозы мен Баянның мұратқа жетуі жырдың байырғы қалпы болмауға тиіс. Қозыны артына тұқым қалдырып өлтіруі де айтушылардың ел аңсарына лайық жасаған өзгерісі деп қарауға болады (8). «Қозы Көрпеп — Баян сұлудың» бұл версиясы көркемдік жағынан өзге нұсқалардан гөрі шымыр жасалғаны көрінеді.

**«Қыз Жібек».** Ғашықтық жырлар ішінде халыққа ең сүйіктілерінің бірі — «Қыз Жібек». Жырдағы басым тақырып — махаббат, жастардың азаттық аңсары. Дегенмен «Қыз Жібек» көп ретте қаһармандық эпостық дәстүрдің өрнегін танытып отырады. Төлегеннің әкесі Базарбайдың еліп, байлығын мадақтау, Жағалбайлының мекені деп Ақ теңіз көлдерін атау әсірелеу, қиял жемісі, Базарбай зарығын жүріп, сексен жасқа келгенде Төлегенді көріпті. Жігіттің сымбат, келбеті де ерекше әсіреленіп айтылады.

Төлеген деп қойыпты ұлдың атын,  
Құдай артық жаратқан оның затын.  
Баланы сипат етіп айтып болмас,  
Көрген жан ақылынан бір танағын...

Төлегеннің өзіне жар іздеу әрекеті де елден ерекше «туысын» аңғартады. Ол «он алты жасқа дейін қыз жаратпай, ат жетер жерді арылтып» тәмәмдапты. Сырт хабары естілген алты шекті еліне баратын жол да әдістегіден тыс сапар делінеді. Ол жол атты адамға жүз күндік, оның ішінде қырық күндік жер пілменнен өтеді екен. Шешесінің ұлын алыс, белгісіз сапарға қимай, уайым шегуі, амалсыздан ғана рұқсат етуі Төлеген ісінің ерекшелігін өсіре түседі. Әрбір қыз көрсеткендер Төлегеннен бір-бір жорғадан алып қайтады... Қаршығаның Төлегенді ертіп, Жібекті көрсетпек болып, он бір көшті қарап өтуі, сол көш басындағы қыздардың сұлулығы бірінен-бірі асып түсуі қазақ фольклорындағы ең әсем, ең әсерлі суреттеудің бірі. Бұл үдемелі суреттер әлі де көзге түспеген Жібектің асқан сұлулығын дәріптеудің ұтымды тәсілі.

Бұл тұста атап көрсетерлік бір мәселе — сұлуларды суреттеу кестесінде қазақ поэзиясының дәстүрлі баламаларымен қатар

шығыс өленіне тән бояу, бейнелеулердің аралас келуі. Мұның өзі жырды шығарушы мен айтушының көбінесе кітап немесе қолжазба көшірме түрінде тараған шығыс дастандарының нұсқаларымен таныстығын аңғартады. «Қыз Жібектің» қалыптасқан нұсқасы XVIII — XIX ғасырларда жасалған дейтін болжамды бұл жағдай өз тарапынан растай түседі. Өйткені түбірі шығыстан келген дастандардың Қазан, Ташкент баспаларынан шығып, қазақ арасында көп тараған кезі өткен ғасырлар болатын. Мұны арнаулы зерттеулер де дәлелдейді (9).

Жырда қазақтың құдалық салты, ескі ауылдың әлет-ғұрпы шөбер көрсетілген. Төлегеннің мінезі, қызды таныстыруға ел еркесі — Қаршығаның жүруі, көш суреті, Сырлыбайдың Төлегеннің көркіне риза болып, қызын беруге келісуі, Жібекті Төлегенге жолықтырмақ болған жеңгелердің бір-бір жамбыдан сыйлық алуы, Төлеген мен Жібектің бір-бірін сөзбен, мінезбен сынасуы секілді толып жатқан тұрмыстық-салттық көріністер өмір шындығына, жағдайға және қаһармандар келбетіне орайлас берілген.

«Қыз Жібектің» өзге ғашықтық жырлардан бір айырмашылығы — мұнда қаһармандар мінезі өмірге сәйкес көрініп отырады. Жібек те, Төлеген де, Қаршыға да әйтеуір бір эпостық жинақтау емес, даралық келбеті айқындалған кейіпкерлер. Олардың әрбір іс-әрекеті дәлелді, нанымды. Төлеген мен Жібектің онаша отауда алғаш кездесуін жерінің психологиялық талдау дәрежесі жазба кәсіпкері әдебиеттің деңгейіне көтеріледі. Жібектің Төлеген отырған үйге беттеген қимыл-суреті тұлғаның табиғатына жарасымды дамып, құлшырып отырады.

Мазмұнды, жаңды сурет Жібектің сұлулығымен қатар кербездігін, ұяты күштілігін, зеректігін, төкашарлығын көп қырлы етіп танытады.

Кер маралдай керіліп,  
Сары майдай еріліп,  
Төңірі берген екі аяқ  
Бір басарға ерініп...  
Атқан оқтай жылысып,  
Ор қояншай ырғысып,  
Қылаң етіп, қылт етіп,  
Сылаң етіп, сылт етіп,  
Тау суындай құтыллап,  
Сүмбіледей жылтылдап,

Буындары бұлтылдап,  
Мысындары былқылдап,  
Айдынды туған Қыз Жібек  
Олауға қарап жөнелді.

Осындағы теңемсе, балама сөздердің бәрі де ескі эпостық поэзияның қорынан ауысқан, көне өмірдің ерекшелігіне сәйкес тұрған кестелер екені көрініп тұр. Бірақ осы дәстүрлі бояу, бейнелер Жібектің қайталанбас тұлғасын нақтылауға жараған. Демек, бұл арада эпостық әсірелеулер сұлу қыздың сырт кескінін ғана емес, ішкі толқындарын ашуға да себеп болған. Бұл кезеңі келгенде эпостық қайталама теңеулердің тірі суретке айналып, мінезді талдауға қызмет ете алатындығын көрсетеді.

Төлегеннің Ақ Жайықтан еліне қайтар мезгілінде Жібектің жайсыз түс көріп шошынуын, түбінде сол түстің расқа айналуын баяндаған тұстар да өсем, ажарлы. Ауызша әңгімеде түске мән бермеген сияктанған Төлеген іштей күдікті болады. Ауылынан ата-анасының айтқан уақытында, қасына нөкер ертіп кетпей, Жібекке берген уәдесінен кешікпеу үшін асығып, жалғыз, жасырын аттанған Төлегеннің інісі Сансызбаймен қоспауынан осындай қауіптің сарыны сезіледі. Қособаның түбінде Бексежан бастаған алпыс қаракшының қолынан мерт болуы әлгі түстің «күдіретін» дәлелдегендей ұғым береді. Бұл арадан жырдың, жыршы, айтушының ескі наным, ырымдарға сенетіндігі айқын көрінеді. Түс жыр жүйесінде үлкен мәнге ие болып шыққан.

Мәселенің екінші жағы терен астарлы шышыққа апарарды. Төлсіңнің ата-ана тілін алмай, жырақ жолға жалғыз кетуі елдің ежелгі салтын бұзғандық болып саналады. Рудын, ауылдың адастырмас ежелгі салтымен жүргендер ғана мұратқа жетеді, жеке басының тілегі үшін ру мүддесін аттап кеткендер бір пәлеге ұшырайды. Эпостың ескертпек болған тұжырымының бірі осы (10). Қаһармандық эпоста батыр қанша қиындыққа кездессе де, ақырында жеңіп шығатын. Өйткені ол бүкіл елдің үмітін дербес аркалап, ру, қауым үшін жанын қатерге тігеді. Сондықтан да ондай ерлерді эпос өлтірмейді. Ал ғашықтық жырларда қауым мүддесі екінші кезекке шығады, барлық салмақ жеке адамдардың азаттық, бақыт үшін әрекетіне түседі. Мұндай «жәске жүрген», елдің ортақ аңсарынан қол үзгендер тағдыры көбінше қасіретті, өкінішті өліммен бітетіні осыдан.

Ауыз әдебиетінде, соның ішінде эпоста қаһармандардың монологтары елеулі қызмет атқарады. Жазба әдебиеттегідей жүйелі тірке-

сіп, көп жайларды анықтай алмаса да, ондай монологтар қаһарманның көңіл күйін, асыл мұратын қысқа да болса тұжырымды етіп ашады. Төлегеннің өлер алдында алты қазбен қоштасуы бұған мысал. Осындай сәтте ол алдымен ата-анасының зарлап, інісінің жалғызсырап қалатынын еске алады. Бұл арадан да ата-ана алдындағы парызын биік санап өскен ескі ауыл жігітінің санасы көрініс береді.

«Кыз Жібек» драмалық тартыстың барлық нышанын танытады. Төлегеннің сенгіш, аңғал, тәжірибесіздігі, Бекежанның арамзалығы, ата-ананың айтқанынан қайтпай, Төлегенді жалғыздыққа душар етуі — мұның бәрі өмірдің де, мінездің де шыпдығы. «Кыз Жібекте» өзге эпостардағыдай, ауыз өдебиетінің көп жанрлары кеңінен сыйып кеткен. Бекежан мен Жібектің өленмен сөз қақтығысуы, Жібектің қарғысы, т.б. жырдың құрылымына лайық келе береді. Әсіресе ғашықтық, тұрмыс-салт жырларда өмірдің түрлі көріністерін беру, демек, түрлі жанрдың көркемдік қуатын кеңірек пайдалану мүмкіндігі көбейеді.

Хабарсыз кеткен Төлегенді іздеп, інісі Сансызбай жолға шығады. Төлеген сынды сүйікті ұлынан айырылып, шерлі болған Базарбай кенже ұлына ақ батасын беріп аттандырады. Бата сөздері де эпостың көп бояулы нақышын байыта түседі. Ағасының өлгенін естігенде Сансызбай айтқан сөздер жоқтаудың үздік үлгілерімен барабар келеді. Шеге Сансызбайға жұбату айтады. Дәстүрлі ізбен айтылған бұл жұбату да жыр жүйесінде тиісті орын алады... Ғашықтық жырларда көркемдегіш құралдардың, түрлі жанрлық тәсілдердің көне эпосқа қарағанда анағұрлым көбірек қолданылатыны осыдан да көрінеді.

«Кыз Жібек» жырында ауыз өдебиетінің түрлі жанрлары неғұрлым толық пайдаланылғанына мысал көп. Жібектің қалмақ ханының зорлығына қапа болып айтқан өлені жоқтау емес, зар десе де болады. Мұнда өткенді ғана еске түсіру жок, өзінің қазіргі халінің аяншты екеніне, қорлыққа душар болғанына нала басым.

Жібектің Сансызбай неге іздеп келмеді деп налуы Төлегенге деген махаббатын ұмытқандықтан емес, жау елдің ханы озбырлық жасап, әйелдікке аламын деп күш көрсеткендіктен, бөтен елдің адамына еріксіз баруға наразылықтан туады. Бұл мәселені кейбір зерттеушілер жырда әменгерлік (левират) дәстүрін мадақтау белгісі деп түсіндіріп келген (11). Шынында, жағдай бұдан басқалау екенін көреміз. Зорлықпен аламын деп көп әскермен келіп, хан Қорен қамап жатқанда Жібектің негізгі тілегі жат елдің

озбыр ханына бұйырмау болады. Жібекке дәл осы тұста өз елінің жігіттерінен де үміткерлер көрінбейді. Енді ол Сансызбайға, өзінің қайын інісіне қосылудан өзге жол жоқ екенін түсінеді. Әлбетте, әменгерлік салты қазақ арасында ертеден қалыптасқаны, әйел «ерден кетсе де, елден кетпейді» деген қағиданы ол заманда ешкім ерсі көрмейтіні белгілі... Жібектің Сансызбайға тиюге ілгері бекінуі Төлегеннің аруағын ұмытқандық, сезімін кірлегендік емес, ақылды, қажет шешім. Жібек жақын жеңгесіне айтқан сөзінде мұны өте анық ескертеді.

...Айналайын, жеңеше-ау,  
Мінезін елі өзгеше-ау.  
Сапар тарттым алысқа,  
Барасын қайда демеші-ау.  
Тұзымды құдай көтерсе,  
Ниет қылдым алыс жол,  
Мұндай істі қылмас ем,  
Хорен қалмақ алғалы  
Қамап жатыр қызың қол...

Ғашықтық жырларда махаббат романтикалық биікке бөленіп, дүниедегі бірден-бір қымбат сезім болып бағаланса, сол сүйіспеншілікті түсіну де салтқа, дәстүрге байланысты. «Кыз Жібекте» өмір ағыстарын шынайы сипатта көрсету басым. Жібек Төлегенге деген інкәрлігін Жағалбайлы елінің мүддесінен бөлекжара қарамайды. Ол өзінің Төлегенмен табысқан шағынан бастап, Жағалбайлы жұртының өз адамы болуға әзірленген. Жырда махаббаттың жалаң күштарлық түрінде көрінбей, қазақ елінің салтына, ұғымына, қалыптасқан адамшылық заңдарына сәйкес шешілуі табиғи.

Жырдың соңғы жағында қаһармандық эпостың дәстүрі көбірек көрініс береді. Сансызбай Хоренді жекпе-жек ұрыста өлтіреді. Жағалбайлы еліне ханыш жоқтап қуа келген көп қалмақты қазақ қолы қырып жібереді, Сырлыбайдың ауылын қамап жатқан жаудың да быт-шығыты шығарылады.

Эпостың Сансызбай мен Жібектің қосылу тойын хабарлауымен бітуі де қаһармандық эпостың салтына сәйкес... Мұның өзі «Кыз Жібек» жырында қаһармандық, лирикалық эпостың көркемдік принциптері аралас жұмсалғанын көрсетеді. Арагідік көне эпосқа тән керемет, ғажайып күштерге сену сарыны да орын тепкен. Мәселен, қалмақ Хореннің атқан оғы Сансызбайға са-

уытының сегіз қабатын тесіп, тоғызыншы қабаттан өтпеуіне «Қырлық шілтен» пірлер пана болған делінеді. Дегенмен жырда лиро-эпостың белгілері, өмір құбылыстарын нақтылы көрсетуге талаптану күшті. «Қыз Жібек» қазақтың тұрмыстық әлеуметтік ақиқатын көркем жинақтап, оның аса мәнді тұстарын айта алған.

Жырдың екінші бөлегінде жау қалмақтардың келтірілуі кездейсоқ емес. Эпос нақтылы оқиғаның не өзін, не ізін көрсетпегенімен, сарының ұстап қалатыны белгілі. «Қыз Жібекте» зорлықшы хан Қорсанның көрінуі тарихи шындық логикасынан шет емес. Ақ Жайық пен Ақ Еділдің арасында көп замандар қалмақ билеушілері үстемдік үшін соғыстар жүргізгені мәлім. Ата қонысы Жоңғариядан ауып келіп, жергілікті халықтардың қонысы мен өрісіне сұқталған, бейбіт елдің тынышын алған, негізінде жаулаушы, зорлықшы рөлінде жүрген қалмақ алпауыттарының «Қыз Жібекте» осылай суреттелуі эпостық шындық заңдылығына сыйымды. Халық санасы мен қиялы ерлердің ел ішіндегі өзара дау, бақталаста жазатайым өліп кеткеніне көнгенімен, оған аяушылық білдіргенімен, сырт жаудың халық тәуелсіздігін жойып, намысын таптауына келіспейді. Бейбіт күндерде Төлегеннің өлгенін мүмкін санайтын ел ұғымы азаттық мәселесі күн тәртібіне қойылғанда, Сансызбай секілді жас жігіттің бойына жеңілмейтін қайрат, мойымайтын рух дарытады...

«Қыз Жібек» — қазақ халқының даналығы туғызған асыл жырдың бірі. Бұл эпикалық суреттеу өнерінің ең жетілген кемел нұсқасы.

#### Әдебиет:

- (1) История казахской литературы. — Алма-Ата, 1968, с. 274.
- (2) Типология народного эпоса. М., 1975, с. 4.
- (3) Джамии. Юсуп и Зулейха. — Душанбе, 1964.
- (4) Ғашық-наме, 210-211-б.
- (5) Әуезов М. Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959, 282-б.
- (6) Батырлар жыры. — Алматы, 1963, 1-т. (Біз «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» осы томдағы нұсқасын сөз етеміз. «Қыз Жібек» те көрсетілген кітап бойынша талданады).
- (7) Әуезов М. Аталған еңбек, 279-б.
- (8) Сонда, 285-б.
- (9) Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1961, 2-т., 1-к., 538-б.
- (10) Әуезов М. Аталған еңбек, 303-б.
- (11) Дүйсенбаев Ы.Т. Қазақтың лиро-эпосы. — Алматы, 1973, 98-б.

## АҢЫЗДАН ТӘУРАТҚА

Фольклор ертедегі жазба мұраның көбіне берік негіз болып келгені мәлім. Әсіресе көне тарихқа тереңдеп барған сайын жазба ескерткіштерге ауыз әдебиетінің кейде тұтас күйінде, енді бірде аздап өзгертілген калпында ауысып отырғанын көреміз. Тіпті фольклордың дүние жүзінің көптеген халықтары ғасырлар бойы «тәңірі сөзі» деп табынып келген дін кітаптарына да әсері болғанын дәлелдейтін еңбектер бар. Сондай зерттеудің бірі — ағылшын этнографы Джеймс Джордж Фрезердің «Фольклор в Ветхом завете» (Мәскеу, 1985) деген монографиясы. Бұл еңбектің екі түрлі мәнін алдымен атап өтуге болады. Біріншіден, бұдан дүниедегі қандай құбылыстар жөнінде де адамзаттың ежелден өз түсінігі, наным-сенімі, белгілі тұжырымдары болғанын байқаймыз, ауызша тарап, айтылып келген аңыз-әпсаналарда алуан шындықтың елесі жатқанын аңғарамыз. Екіншіден, «жаратқанның өсиеті» делініп, қағидадай қалыптасқан ұғымдардың бірталайы тікелей фольклор материалдарын өңдеу, қисындыру негізінде туғанына көз жеткіземіз. Міне, осы екі мәселенің қыруар фактілерге негізделіп, бұлтартпастай сипатталуы сөз болып отырған еңбектің жаналығы екені күмәнсіз. Ендеше «Тәурааттағы фольклордың» мән-жайына қысқа да болса тоқталуымыз шарт.

Библия — Тәураат көне жазба ескерткіш, түрлі діни шығармалардың жинағы екені мәлім. Зерттеушілердің көрсетуінше, Тәураат аса ұзақ тарихи дәуірлер көлемінде, біздің заманымыздан бұрынғы XII ғасыр мен осы заманның II ғасырлары аралығында түзілген. Екі бөлімнен тұратын Библияның алғашқы бөлімі «Көне өсиет» — «Ветхий завет» аталады. Мұны иудейлер мен христиандар қасиетті кітап санаған.

Дж. Фрезер еңбегінің айрықша мәні міне, осы айтылған «тәңірлік туынды» ретінде қаралып келген мұраны әдеби ескерткіштер қатарында зерттеп шығуында, сонымен қатар дүние жүзі халықтарының этнографиясы мен фольклорын түпкілікті

тексеру мәдени, рухани мәдениеттің бастауларын анықтап білуге зор қызмет атқара алатынын айтуында.

Адамның жаралуы туралы Тәуратта келтірілген тұжырымдарды Дж. Фрезер жап-жақты талдайды, дін кітабының жаңсақ кеткен, қайшылықты тұстарын табады. Библияда адамның пайда болуы жөнінде бір тараудың өзінде екі түрлі қисын келтіріліпті: бірде Адам ата мен Хауа апаны төгірі барлық жан-жануарлардан кейін жаратыпты делінсе, екінші жерде Адам ата бірінші болып, одан кейін жан-жануарлар, ақырында Адам атаның қабырғасынан әйел бейнесі жасалыпты деп көрсетіліпті («Фольклор в Ветхом завете», 13-бет). Тәурат мәтініндегі осы қайшылыққа ғалым терең назар аударып, оның себебін анықтауға көңіл бөледі. Зерттеуші адамзаттың дүниеге келуі жайында «қасиетті кітапта» жіберілген қателіктің төркінін онай табады. Автор, шындығында, мұны қателік деп те карамайды, Тәурат редакторларының өзінен бұрынғы түрлі аңыз деректерді (источниктерді) пайдаланғанда олардың арасындағы алшақтықтарды аңғармай қалуына деп түсіндіреді.

Бұлай деп сенімді тұжырымдауына ғалымның дәлелі көп екен. Осы ойын таратып айту үшін ол Тәурат дүниеге келместен бұрынак, жер шарының әр түкпіріндегі халықтар арасында адамның жаралуы жөнінде алуан аңыздар, мифтер айтылып келгенін мысалға алады. Мысалдардың көптігі соншалық — оларды қайталап, толық мазмұндаудың мүмкіндігі де, қажеттігі де жоқ. Тек келтірілген тезистің анықтығына көз жеткізу үшін ғана бірнеше аңызды еске салумен шектелсек жетеді. Олар мыналар: гректерде алғашқы адамдарды Прометей топырақтан жаратқан деген аңыз сақталыпты. Ал Мысыр мифологиясында ілкі адамдарды құдайлардың әкесі Хнум топырақ-лайдан жасаған делінеді екен. Австралиялық аборигендер адам ағаштың қабығынан пайда болған деп түсінген. Полинезияны жайлаған кейбір рулар адамның арғы тегі тас деп ұғынған. Палау аралының тұрғындары алғашқы жандар жаралған топырақ-лайға түрлі аңдардың қаны қосылған, сондықтан олардың мінездері түрліше болған деп есептеген. Борнео аралдарының халқы жаратушы ретінде киелі құстарға табынған. Африка аңыздарында адамдардың түстері әр түрлі болуы олардың пайда болған топырағының түсіне байланысты деп ұққан. Аляска эскимостары әйелді жаратушы қарға деп білген. Міне, осыған ұқсас аңыздар дүниенің әр тарапындағы жұрттар-

дың арасында да орын тепкен. Бұл секілді көне әңгімелер еврейлерде де болған. Халықтардың санасына сіңісіп кеткен мұндай ұғымдар ақырында дін кітабынан келіп шығып, «занданып», құдай сөзі саналып, қайтадан тараған...

Өмір, өлім мәселесі — адамзаттың сансыз әулетін ойландырган, неше түрлі жорамалдар туғызған тақырып. «Өмір неге мәңгілік емес» деген сұраудың жауабын ойлап, қаншама буын өкілдері аңыздар, мифтер жаратқан. Дін иелері жер бетіндегі тіршілік сырын идеалистік түрде түсіндіргені секілді, адамдардың өмірі қысқа болу себебін де олардың тәңірі талабына бойсұнбай, білермендік жасауынан тапқан жазасы деп қисындырған.

Мәселен, Тәуратта адамдар пейіштегі жемістің дәмін татып, күнәға батқаны үшін мәңгілік өмірден мақұрым қалдырылып қуылғаны айтылады. Ал осы тектес аңыз дін кітабынан сан ғасырлар бұрын пайда болғанына да мысал мол екен. Ауызша тараған, әр елден, әр кезде жазып алынған мифтік аңыздарды айтпағанда, жер бетіндегі ең ескі жазба эпос болып саналатын «Гильгамеште» де осы сарындас әңгімелер бар... Адамдар өмірдің тым қысқалығын себебін ақылға сыйғыза алмай, мұндай болуына «кінәлілерді» де іздеген. Көп аңыздарда адамзатты мәңгілік тіршілік сыйынан айыруға себепші болған жылан деп есептеледі. Оның есесіне өлмейтіндік сыбағасын жыланның өзі иемденіп кеткен делінеді. Жыланның жыл сайын екі қабығын түсіріп, қайта түлейтіні оның өлмейтіндігінің белгісі саналған... Адамдарға өлім ағашын таттырып, алдаған өзәзіл — жылан деушілікке иланған.

Ал енді бір аңыздарда өмірдің фәни болуына жап-жануарлардың ішіндегі момыны қоян «кінәлі» болып шығады. Ол аңыз мынау: бір жолы Ай адамдарға қоянды жұмсап: «Менін туып, батқаным, қайта туғаным секілді сендер де өліп, қайта тірілетін болсандар» деген сәлемді айтуды тапсырыпты. Қоян сорлы ұмытшақтығынан ба, әлде ойына арамдық түскеннен бе, әйтеуір сәлемді дұрыс жеткізе алмай, «мен өлген соң қайта оралмайтыным тәрізді, сендер де өлгеннен кейін қайтадан тірілмейсіндер деді», — депті-міс. Сәлемінің бұрмаланып барғанын естіген Ай ашуланып, қоянды таяқпен салып қалғанда, қоянның ерні жырық болып қалыпты-мыс. (Көрсетілген кітаптың 35-беті).

Адамның бақи өмір сүре алмауының сырын өзінше пайымдайтын аңыздар жер жүзі халықтары арасында көп кездесетініне Дж. Фрезер тағы мол мысал келтірген. Бұл саладағы талдаулар-

дын да түп максаты біреу. Ол — дін кітабы ешбір нәрсені де жаңадан ашпағанын, ондағы уағыздар мен әңгімелердің бәрі дерлік ежелден халықтар қиялында қорытылған тұжырымдарға негізделгенін, бірақ Тәурат авторлары мен редакторлары оларды өз мұрағаттарына лайықтап, шебер пайдаланғанын көрсету...

Бір заманда жердің жүзін топан су қаптағаны, адам, жан-жануарлар ұрпағы сол апаттан қалай аман қалып, кейіннен нәсіл көбейгені туралы әлемнің көп елдеріне тараған аңыздың шығуы себебіне, оның шындыққа қаншалықты қатысты екеніне Дж. Фрезер кеңінен тоқталған. Сол мол аңыздың иудейлер арасындағы нұсқасын басқа варианттармен салыстырып көріп, олардың бір бағытта туғанына көз жеткізеді. Сөз реті келгенде айта кетейік, топан су туралы аңыз қазақ арасында да сақталған. Мұнда жан-жануарлар ұрпағы әлгіндей сұрапыл кезінде Нұх пайғамбардың кемесінде тірі қалғаны, телегей тасқын басылған соң жер бетінде тіршілік қайтадан өрбігені туралы айтылады. Аңыздың халыққа кеңінен мәлім нұсқаларының бірінде Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған жер Қазығұрт тауы болған екен деседі. Топан су хақындағы бұл аңыздың қандай негізден, қашан, қалай тарағанын анықтау — өз алдына бір мәселе...

Жаһанға жайылған аңыздың кейбір нұсқаларына тоқтала кетейік. Вавилон әпсанасы топан судың болған уақытын Ксисутрус патшаның тұсында болған деп баяндайды. Кронус атты күдай әлгі патшаға түсінде былай деп аян береді: «Айдың он бесі күні топан болып, адам атаулыны жойып кетеді, сондықтан дүние жаралғаннан бергі тарихты жазып, күн қаласы Сиппарға көміп таста», — дейді. Тағы да: «Кеме жасап, оған жақын-жарандарды отырғыз, азық-түлік, сусын ал, кемеге құстар мен жан-жануарлар тұқымын сал да жүзін кет», — деп кеңес береді. Патша осы айтылғанның бәрін орындайды. Бірнеше күн өтіп, тасқын қарқыны азая бастаған кезде Ксисутрус жер таба алмай, қайта келеді. Тағы бірер күннен соң патша әлгі құстарды екінші рет ұшырып жібереді. Құстар бұл жолы оралғанда аяқтарына лай жұқтырып келеді. Мұны көрген патша құстарды үшінші рет ұшырып қоя береді, бірақ бұл кезекте құстар қайтпайды. Ксисутрус осыдан кейін қара жердің жақын қалғанын сезіп, айналаға қараса, қаруытып жағалау көрініпті. Патша кемені жағалауға беттете жүргізіп, алдымен өзінің үй ішін, жақындарын жерге түсіреді, Жер Анаға, тәңірге тағзым етеді. Мұны көріп, кемедегілер сыртқа

шыққанда Ксисутрус патшаны таба алмайды. Сол кезде аспаннан дауыс естіліп, инабатты пендесі Ксисутрусты жаратқанның өзі қарауына алғанын хабарлайды, барлығын соған құлшылық ететін болындар, — дейді. Әлгі дауыс бұлардың келген жері Армения екенін айтады, тірі қалған жандарға: «Вавилонға қайтындар, соншағы көмуді жатқан тарихты тауып алып, ел-елге таратындар», — дейді. Вавилонға қайта оралғандар тарих жазуды тауып, көп қалалар салып, қасиетті орындарды келтіріп өсіп-өнген екен деседі...

Өлмес өмірді іздеу идеясы «Гильгамеш» эпосында да көрініс береді. Өзінің ажал торына түскен досы Энкидуді ойлап қайғырып, Гильгамеш мәңгілік өмірдің құпиясын сұрауға жол тартады...

Топан су туралы еврей аңыздауында кейбір өзгешеліктер бар. Мұнда сұрапыл су тасқыны адамдардың мінезі бұзылып, азып-тозғаны үшін тәңірінің жіберген жазасы ретінде сипатталады... Бір заманда адамдар жеңіл өмірге үйреніп, инабаттылықты ұмытыпты. Егіннің бір жылғы өнімі оларды қырық жыл асырайды екен. Адамдардың өнері асқаны соншалық, Күн мен Айды да өзіне табындыратын халге жетіпті. Жас балалар туа салысымен бірнеше күннің ішінде дүние пәлені түсінетін, ешкімнен айтылын жимайтын болыпты-мыс. Осындай ондай өмір, жалпай жауапсыздық адамдарды барған сайын күнәға белшесінен батыра беріпті. Тәңірінің адамдарға қаһарлануы осыдан болыпты. Бірақ жаратқан ие әлі де болса пендесіне кеңшілік ойлап, күншілгері ескерту де жасаған көрінеді. Тәңірінің тапсыруымен Нұх халыққа жар салып: «Бұзылмандар, әйтпесе топан су қаптап, барлығыңды тартып кетеді», — деп елді төртінке жүз жиырма жыл үгіттепті. Бірақ ұят пен қапағатты жоғалтқан жұрт бұл сөздерге құлақ аспай, нысап пен әділдік дегенді басыбүтін ұмытыпты, ертенгі тағдырын ойлаудан қалыпты. Ақырында, тәңірі адамдарға соңғы ескерту жасамақ болып, сескендіруді ойлап, аспандағы Күнді бір апта бойы күнбатыстан шығарып, шығысқа батырып та көріпті. Дегенмен, азғындаған елге бұл да тоқтау болмапты. Анайы жұрт Нұхтың топан су бола қалса, жан сақтаймын деп жасатқан алып қалшығын (ковчег) көріп, оны мазак қылатын болыпты. Сонымен, алып қапшық даяр болған кезде Нұх оған құстар мен жан-жануарлардың әрқайсысынан іріктеп алады... Топан су бір жылдан артық қаптаған екен дейді. Күндердің күнінде су қарқыны қайтып, жер бетінде жаңа тіршілік басталыпты.

Дилуовализм (топан су) анызы гректерде де болған. Мұның да жалпы сарыны еврей әпсанасына ұқсас болғанымен, бірсыпыра айырмашылықтары да кездеседі. Лукианның айтуынша, жер бетінде адам баласының өмір кешуі бірінші рет емес екен. Бұрын да яғни, топан суға дейін де қайнаған тіршілік болыпты. Ал топан судың апаратына адамдардың кінәсі тікелей себепкер делінген. Тәртіпсіздік етек алып, ант бұзушылық көбейгені, жақын-жораларға деген мейірімділік таусылып, менмендік, дүниеқоңыздық, пайдакүнемдік асқынғаны үшін жер қабаты жарылып, су аспанға атқылапты, нөсерлеп жаңбыр жауыпты, сөйтіп тіршілік сап болыпты. Тек Девкалион деген ақылды адам ғана осы қауіпті алдын ала ойлап, топан судан аман қалудың айласын ойластырыпты, үлкен, кең ылыс жасаттырып, оған әйелін, балаларын салып, жан-жануарларды бір-бір жұптан тисіп, бұрқанған толқыннан қорықпай жүзе беріпті. Топан су басылған соң, тірі қалған жан иелері өсіп-өніп, көбейіпті...

Дж. Фрезер кітабында топан суға байланысты Үнді, Шығыс Азия, Малай архипелагы, Австралия, Жаңа Гвинея, Полинезия, Оңтүстік Америка, Орталық Америка, Африка аңыз-рәуаяттары келтірілген. Осы және басқа аңыздарды жүйелей, жинақтай отырып, ғалым бірнеше маңызды қорытындыларға келген. Егер ұзақ уақыт бойында зерттеушілер дүниежүзілік топан су туралы аңыздардың түбірі тек қана Библия-Тәураттан тараған деп келсе, ағылшын этнографы мәселеге басқаша қарайды. Дж. Фрезердің найымдауынша, жер шарының түрлі түкпіріне тараған мұндай аңыздарды бір ғана «тәңірілік» версиядан шығару мүмкін емес. Этнография, тарих, фольклор бойынша соңғы кездерде туған еңбектер мұндай ескі қисынды теріске шығарады. Ол — олма? Кейінгі кезде топан су турасындағы библиялық аңыз ешқандай да түпнұсқа еместігі дәлелденіп отыр. Тәурат әпсанасы өзінен әлдеқашан бұрын шыққан Вавилон аңызының көшірмесі екеніне бұл күнде маманлар шүбә келтірмейді. Бір еңбек үшін осындай ірі жаналықтың өзі де аз сыбаға болмас еді. Бірақ ғалым енді осы әлемдік аңыздың түп негіздері қайдан шыққан, шынында да жаһан көлемін шайып кеткен топан су тарихта болған ба деген сауалға тоқталады да, оған өз жауабын айтады. Аңыздардың кейбіреулері діни кітаптардан тарағанын мойындай отыра Дж. Фрезер ол әпсаналардың көбі әрбір өңірдің өз туындысы деген тоқтамға келді (Көрсетілген кітап, 151-бет). Зерттеуші көптеген та-

рихи деректерді салыстыра келіп, дүниені түгел қаптаған топан су болған емес деп есептейді (154-бет). Сонымен қатар кең тараған аңыздың кейбіреулерінің негізінде әлемнің әр бұрышында түрлі кезде болған үлкенді-кішілі апат тасқындардың ұлғайтылған көрінісі жатуы мүмкін деп санайды; бұл тұжырымына тарихтан нақтылы мысалдар келтіреді. Сонымен, ғалым өткендегі су тасқындарына байланысты әңгімелерді аңыздар қатарына қосалды да, жаһан көлемінде топан су болды дегенді миф деп таниды. Адамзаттың хатқа түскен саналы тарихы соңғы бірнеше мың жылды ғана қамтитынын айта келіп, зерттеуші мынадай ой түйеді: «По сравнению созданными природой величественными чертами земного лица человек есть создание вчерашнего дня, и его воспоминания, не идут далее сновидений минувшей ночи» (Дж. Фрезер. «Фольклор в Ветхом завете» с. 159).

Түрлі тілдердің пайда болу, таралу тарихы да адамзатты ертеден ойландырған қиын мәселелердің бірі. Бұл құбылысты түсіндіру үшін ежелгі еврейлер таратқан аңыздар төмендегіше. Халықтар бір заманда шығыстан батысқа көше отырып, Вавилон жеріне келіп тоқтапты. Осы арада олар үй салып, қалалар тұрғыза бастайды. Мұнымен қоймай төбесі көкке бойлаған биік мұнара тұрғызуды көздепті. Оның мақсаты, бір жағынан атақ-даңқын шығару болса, екінші жағы, жолға шыққан қала тұрғындары сол мұнараны меже тұтып, жолдан адаспайтын болсын дегендікке саяды. Бірақ адамдар көктесті жаратқанның күдікшілдігі мен қызғаншақтығын алдын ала ескеруді ойламапты. Адамдардың құрылыс өнерін арттырып, асқан биік мұнара соғу әрекеті тәңірімнен таласқандық деп шамданып, жаратушы қастық ойлапты. Мына адамдар бірлесе қимылдаса, ойлағанына жетпей қоймас деп, оларды бір-бірінен алыстататын тәсіл іздейді. Сондағы тапқан айла-сы адамдарды түрлі тілде сөйлейтін, бірін-бірі түсінбейтін ету болыпты. Ақырында өзді-өзі түсінісуден қалған ел құрылысты тастап, бет-бетімен кетіп отырыпты...

Библияда берілген осы аңызды кейіннен дін иелері «өткірлей» түскен. Соңғы әпсанада адамдардың мұнара салуы тәңіріге тікелей қастық ойлау мақсатынан туған деп ашық айтылады. Мұнараның асқақ көтерілісі соншалық, қып кірпіш көтеретін жұмысшылар оның шын басына бір жылда әрең жететін болған. Сондықтан да мұнарадан жазатайым адамның ұшып өлуі жалғыз кірпіш құлағаннан жеңіл саналған. Адамдар мұнараның шырмау

биігінен аспан тұрғындарын атқылап, қан жоса етіпті-міс. Осыдан кейін шыдамы таусылған құдай өзінің жетпіс періштесімен келесіп, адамдарды түрлі тілде сөйлейтін, бірін-бірі ұқпай, өзара қырғын табатын етіп жіберіпті... Вавилон мұнарасы аңызына тектес әпсаналар Африка, Америка, Азияны жайлаған көп елдерде де болыпты. Осы материалдарды жинақтай келіп, зерттеуші бұл әңгімелердің бір-бірінен тәуелсіз туғанын анықтаған...

«Тәураттағы фольклор» атты монографияда Библияның барлық дерлік тарауларының фольклормен және этнографиямен байланысы жан-жақты сөз болады. Сол тараулардың әрқайсысына бұл арада толық тоқталып жатуды артық санаймыз. Зерек ойлы оқушының назарына біз кітаптың негізгі бағытын және ерекшелігін ұсыпуды ғана мақсат еттік. Енді осы зерттеулердің кейбір қазақ әдет-ғұрпымен сарындас келетін тақырыптарына аз ғана кідіруді лайық көреміз.

Бізді қызықтырған тараудың тағы бірі «Иаков мұрасы немесе минорат» деп аталады. Мұнда зерттеуші Тәуратта айтылып кеткен бір әңгімені — Исаактың екі ұлы Иаков пен Исавтың ата мұрасына өзара таласында кенже ұл Иаковтың қулығын асырып кеткенін сөз етеді. Ғалым осы қысқа тұжырым тасасынан әлем халықтарына замандар бойында ортақ болған кейбір дәстүрлердің ізін көреді, дін кітабындағы оқиғаның терең тамырын әріден қарастырады. Ол Еуропаның, Африканың көп елдерінде ежелден қалыптасқан кенже ұл құқығы дәстүрі — минораттың шығу, қалыптасу тегін материалистік тұрғыда баяндайды. Көп халықтарда атаның шаңырағына бірнеше баланың кенжесі ис болып қалуы неден деген сұраққа сол елдердің тарихи тәжірибесіне сәйкес жауап айтады. Минорат — кенже ұлдың артықшылығы емес, ол отбасы жүгін арқалап қалған жанға берілген табиғи мұра екенін дәлелдейді. Ерте ер жеткен ағалары дүние табу үшін алыстарға аттануына немесе жеке шаңырақ көтеруіне байланысты болашақ үлкен ошақ иесі болып кенже баланың қалуы әсіресе көне дәуірлерге тән салт екенін де баса көрсетеді. Бұл ертеде көшпенді кәсіппен айналысқан түркі-моңғол халықтары арасында кең тараған дәстүр екені де белгілі. Сонымен қатар кейбір елдерде үлкен ұлдың правосы — майорат басым түсетін кездер де тарихта орын тепкенін автор қағыс қалдырмайды. Тарау соңында зерттеуші Библияда айтылған, Иаков ағасы Исавтың сыбағасын иемденіп кетті деген тұжырымның өмірге жанасты кең мағынасын ашып,

Иаковтың қылығы, шынында, қулық емес, кенже ұлдың құқығын пайдаланғандық деп шешеді, Тәурат авторларының еңбегіне «түзету» жасайды.

Көп халықтарда кездесетін салттың және бірі — өлген адам жесірінің белгілі мерзім ішінде қара тұтуы марқұмның рухын сыйлау көрінісі екенін де зерттеуші нанымды баяндайды. Жеке-леген рәсімдік өзгешеліктеріне қарамастан, әр елдегі мұндай дәстүр адамның өзі өлсе де, рухы өлмейді деп сенуден туғанына көп мысал келтірілген. Қазақ этнографтары үшін бұл тараудың да танытқыштық сипаты бар.

Ежелгі Израилде өлген адамға қайғырудың бір көрінісі сонында қалғандардың қасірет шегіп, өз денелеріне жарақат салуынан байқалғанын сөз ете келіп, зерттеуші тағы да әлем халықтарының тарихына шолу жасайды. Араб әйелдері қаралы кездерінде сырғқы киімін, бетін жыртатын болған, шаштарын қырыққан. Ал атақты адамдар дүние салғанда әйелдер тегіс шаштарын кесіп, өлген адамның қабіріне апарып көмген (Көрсетілген кітап, 414-бет). Ертедегі гректерде қаралы әйелдер беттерін жыртса, еркектер шаштарын алдырып тастайтын болған. Кейбір зерттеушілер денеден қан шығару салтын қанды құрбандық мәресімінің белгісі деп есептейді.

Ертедегі скифтер өлген адамға қайғыру үстінде шаштарын алдырған, қолдарына жара салған, құлақтарын жырттып, сол қолдарын садақ оғымен тескен (Көрсетілген кітап, 415-бет). Мұндай әдет славяндарда да, кавказдықтарда да кездескен. Осетин еркектері осындай тұста бастарын қан шыққанға дейін қамшымен ұрған. Америкалық үндістердің кейбір тобы қаралы шақта өз етінен ет кесіп, отқа тастаған делінді. Кейбір елдерде марқұмның жақындары өз денесінен қан ағызып, өлген адамның бетіне тамызған... Ғалым осындай көп мысалдан үлкен қорытынды шығарады. Мұның бәрі адамның тәні өлсе де, жаны өлмейді деп ұғынудан, демек, аруақтарды риза ету ниетінен туғанын, бұндай салттар алғашқы қауымдық діннің түрлері екенін талдап береді...

Дж. Фрезер еңбегі қызықты талдауларымен, маңызды қорытындыларымен, үлкен ғылыми жаңалықтарымен құнды болуының үстіне болашақ зерттеулерге методологиялық негесімен де елеулі.

## ДІНИ ДАСТАНДАР ТАҒЫЛЫМЫ

Эпикалық жанрға жататын жырлардың бір тобы — діни дастандар. Бұлардың көбі XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың бас кезінде жеке кітап болып басылып, халық арасына қисса-хикая деген атпен тараған, жыршы-жыраулар репертуарынан да берік орын алған. Діни дастандарды көпшілік алдында мәнерлеп оқып, насихаттау өзгеше дәстүр болып қалыптасқан. Оларды ежелгі Тұран жерінде қиссахан немесе қиссашы деп атаған. (Қиссашылардың рухани өмірде атқарған қызметі өз алдына жеке зерттеуге лайық). Сол секілді қисса-хикаяларды қолдан көшіріп, көбейтіп, ел арасына тарататын хаттаттардың да (көшірушілердің) еңбегі елеулі болғанын айта кету керек.

Бірақ соңғы сексен жыл ішінде жұртшылық діни дастандарды оқымақ түгілі, аттарын да ести алмады. Оның себебі аға буын қауымға түсінікті. Ұзақ жылдар бойында өктемдік жүргізген өкімшіл-өміршіл жүйе, саясат дін атаулыға әсіресе ислам дініне қатысты құндылықтарға қырын келгені белгілі. Дүниені түбірімен жанартамыз деген қызыл сөзбен елеуреп, ұранға малданғандар діннің мәңгілік жасайтын қымбат тұстарын көргісі де, білгісі де келмеді. Сондықтан діннің тарихы да, тағылымы да үйретілмеді, осыған байланысты қыруар қазына архивтің терең түкпірінен орын тапты. Ал дін шарттары мен ғибраттарын түсіндіретін, халық мұрасы болып кеткен аңыз-әпсаналар, ертегілер, шежірелер, көне сөздер мүлде жиналмады. Діни кітаптарын жинау былай тұрсын, олардың көзін жоғалту, тіпті өрсіп жіберу әдеттегі іске айналған еді. Мешіттердің жойылуымен бірге солардағы сақталған кітаптар да құрлымға жіберілген.

Адам баласының тарихында кездеспеген мұндай жәһіл әрекеттер ислам дінінің тамырын қырқуға бағытталған еді. Мәселенің бір ұшы бұрынғы Ресей империясының қарауында болған көптеген халықтардың рухани, имандылық тірегі болып келген дінді мүлде мансұқтау саясатымен астасып жатқан болатын. Терең ойластырылған мұндай зорлықтың өте жүйелі жүргізілгенін өлі күнге дейін толық ұғынып болдық деп айту қиын.

Патшалы Ресей дәуірінде Қазақстан туралы қалам тартқан миссионерлер жергілікті халықты ислам дінінен айыру қажет деп қаншама зерттеулер жазғанын қазіргі жұртшылық мүлде дерлік білмейді. Мәселен, қазақ жерінде көп жылдар қызмет істеген А. Алексеевтің (1) барлық кітаптарының негізгі сарыны қазақ-

тарды ислам дүниесінен бөліп тастау ниетіне бағындырылған. Қазақстан жайында XVIII — XIX ғасырларда пікір айтқан саяхатшылардың, дипломаттардың, географтардың, тарихшылардың көбінің еңбектерінде исламды құбыжық етіп көрсету — негізгі сарылдардың бірі...

Қазақ тілінде кітап шығарып, үлкен бауырмалдық көрсеткен татар баспагерлерінің ізгі істерін ғайбаттап, бірбеткей қаралаудан танбаған миссионерлер болатын (2).

Кенес дәуірінде патшалық отаршылар көздеген арман «халықтар достығын дәнекерлеу» деген сырты жылытпақ ұранға ұласты; исламды да, оның символы секілденген араб әліппесін де ұмыттыру жүзеге асырылды. Көптеген түркі халықтары мың жыл бойы пайдаланып келген араб әліппесінің «көзін жоғалту» басқыншылардың ежелгі арманының орындалуымен бірдей еді. Әліппінен айырылып, бір сәтте жаппай «сауатсыз» елге айналған қазақтар, өзбектер, татарлар, әзірбайжандар келе-келе араб әрпімен жазылған сан ғасырлық мәдени мұрасын оқи алмайтын мүшкіл халге жетті. Осылайша, замандар бойына жалғасқан мәдени дәстүр үзілді, бұрынғының қалдырған аманатын білмейтін, имандылық тәрбиесінен махұрым қалған жаңа буындар пайда болды. Олар өздері оқи алмайтын, араб әрпімен жазылған әрі үздіксіз жамандалған мұраға мойын бұрып та қараған жоқ. Діни дастандар деп аталатын көркемсөз мүлкі де ескішіл, зиянды деген жаманатқа ұшырады.

Қоғам өмірінде соңғы жылдарда орын тепкен күрделі өзгерістер рухани мұраны неғұрлым тұтас күйінде танып-білуге, оны ел игілігіне жаратуға мүмкіндік беріп отыр. Бұндай он қадамдар ауыз әдебиетіне де қатысты. Соның бір мысалы — діни дастандарды тексеруге жол ашылғандығы. Ғылым алдына ондаған жылдар бойында қойылған тосқауыл бұзылғанын, жалпыадамзаттық құндылықтар халыққа қайта орала бастағанын көреміз.

Әлбетте, көп уақытта бері түмшаланып келген, мағынасы теріске жорылған, кертартпа, зиянды деп есептелген қолжазбалар мен парақтары көнеріп, көмескіленген, оқуға да, түсінуге де ауырлық келтіретін ескерткіштерді толық қалпында жамағатшылыққа ұсыну үшін бірталай дайындық жұмыстар жүргізілуі тиіс. Соған қарамастан оқушы жұртшылыққа бұл мұраның жекелеген нұсқаларын ұсына беру қажеттігі де бар деп білеміз. Діни дастандарға тән ортақ ұқсастықтар мен сарындар оның әрбір шығармасынан да белгілі дәрежеде көрініс бергендей...

Өзінің құрылысы, көркемдік тәсілдері жағынан алып қарағанда батырлар жыры мен діни дастандар арасында ұқсастық мол. Ол, бәрінен бұрын, қаһарманның ғажайып туысы, жедел ержетуі, соғыста ерекше күш-қайратымен көрінуі, жауды жеңіп, мұрағқа жетуі, қысылғанда ғайыптан көмек келуі ескілді дәстүрлі желілерден байқалады. Бұл белгілерді «Дариға қыз» дастанынан да табуға болады. Енді осы шығармаға қысқаша тоқталып өтейік.

«Тәңірінің досы пайғамбар төрт шадиярымен Мединеде кенес құрып отырғанда алыстағы Қатыран қаласында бір палуан қыз бар дегенді естиді. Қыздың «мені бұл жалғанда күресіп жығатын жап бар ма екен» деп асылық сөйлегені Ғали арыстанның (Әлішердің) құлағына тиген соң, ол күш сынасуға бекініп, пайғамбардан рұқсат сұрайды; дүлдді атын мініп, қызды іздеп барғысы, «тәуекел дариясына түскісі» келетінін айтады. Пайғамбардың батасын алып, Әлішер тоқсан күн жол жүріп, қасына еркен жолдасы Қанбар бабамен бірге бір шаһарға келіп, қарауыдан жөн сұрайды. Хазірет Ғали (Әзірет Әлі) бұл қалағын Қатыран екенін, мұнда патшаның Дариға атты қызы барын, оның «еркектен артық туғанын» білген соң, сонымен күрескісі келетінін айтады, өзін таныстырады...

Дастанның осылай басталуы аңыз әңгімелер мен ертегілерде, көне жырларда сан рет қайталанған сүрлеу екенін дәлелдеп жату артық. Ғали мен Дариғаның тілдесуі, майдан жерге елдің жиналуы, шаһмардан (жігіттің падишасы) Арыстан Ғалидың (Әлішердің) күреске әзірленуі, қызбен бірге қырық палуан келді, «бір миллион жөйт» жиналды делінуі эпостық тұрақты көріністерді еске салады. «Дүние жүзін топырақ пен шандақ басып, екеуі күресіпті он төрт күндей» деген тіркестер классикалық эпосты елестетеді. Сол он төрт күнде Әзірет Әлі қаза болған намазын оқуға бір-ақ рет тыныс алады, Аллаға мінежат қылады, «бір қызды жыға алмасам, Омар, Оспан шадиярларға, отыз мың саһабаға не бетімді айтамын», — деп күніренеді. «Алла оның дуасын қабыл қылады, аспаннан жебірейілді жібереді. Керемет қуат алған Әзірет Әлі қызды жығады, жөйттер қорыққанынан дінге кіреді. Әзірет Әлі Дариғаны өйел етіп алады.

Хазірет Ғали Дариғаны жығып алды,  
Тәмәм жұрт тамаша қып көзін салды.  
Саны жоқ (көл...) жөйттер дінге кірді,  
Мешіт пен медресе жөнс салды.

Дастанның негізгі идеясы исламды дәріптеу, оның артықшылығын үгіттеу екені осы жолдардан айқын аңғарылады.

Ғали Мединеге қайтарыпша Дариғаға: «Жүкті болып, босансаң, қыз атын өзің қоярсың, ұл болса, аты имам Мәди болсын» дейді. Дариға айы, күні жетіп ұл туады, атын Мәди қояды. Бала оқу жасына жеткенде оған бес уақыт намазды үйретеді, медресеге оқуға береді. Міне, осы қарапайым «хабарламаның» өзінде мұсылман қауымындағы адам тәрбиесінің қалыптасқан шарты айтылады, жасынан намазға бас қойып, тәртіпті мойындап, жаратқанға сыйынып өскен адамның инабаттылық жібін аттап кетпейтін болып көмелет табатыны анық...

Мәди әкесінің кім екенін білмей өскілі. Бір күні бала медреседен келе жатып, тандырға нан пісіріп отырған кемпірді мазақтайды. Ашуланған кемпір:

Әкесі тірі кеткен сұмырай жетім,  
Не жаздым, мұнша мазақ қылдым, —

дейді. Жақын адамның хабарын осылайша кездейсоқ білу — қазақ жырларында кездесетін сарын. «Қозы Көрпеш — Баян сұлуда» Қозы Баянның жағдайын, «Алпамыста» болашақ батыр айттырған қалыңдығының жай-күйін бөгде аламдардан еститін еді. Демек, «Дариға қызда» да осы сарын орын алған. Діни дастандар қазақтың дәстүрлі жырларымен әр тараптан үндесіп жататындығын көрсеміз. Мәди анасынан «шыныңды айт» деп сұраған соң, Дариға мән-жайды түсіндіреді, балаға жөн айтып, жолға салады. Әзірет Әліні ғана емес, Әбубәкір, Омар, Оспан шадиярларды, «ұлы анаң» деп Фатиманы, ағаларын деп Қасен мен Құсайынды, пайғамбардың зайыбы Бибі Кадипшаны зор ілтипатпен атап, сырттай таныстырады... Қисса-дастанның тағы бір тәрбиелік мәні осы тұстан қылаң береді. Жақын адамдарға деген құрметті бұрынғы аналар балаларына осылайша үйреткен. Дариға өзі көрмеген адамдарды қасиет тұта сөйлейді. Мұндай сыйластықты, таза адалдықты жастай сіңірген бала қалайша мейірімді болмасын? Ислам тағылымын азды-көпті алған қазақ арасында жақын, туысты іш тарту дәстүрі адамшылық тәрбиесінің мықты буыны еді ғой...

Мәди анасына: «Егер осы сапарла олай-былай болып кетсем, «ақ сүтінді кешір» деп өтінеді. Мұсылман баласының анаға деген сүйекке біткен қайырымдылығы осылай болатын.

Батырлар жырларында жас қаһарманның жедел жетілуі, әсірелеу зандылықтай нәрсе десек, діни дастаннан да осыны табамыз. Мәди жолаушылардың жолын кес-кестеген жыланды өлтіргені былайша суреттелген.

Имам Мәди жыланға жетіп барды,  
Таяғын Қызыр берген қолына алды  
«Я, Алла», — деп таяқпен салып еді,  
Ол жылан жетпіс бәлек болып қалды.

Мәди жүретін жол ұзақ; ол алтын күнде Мысырға, тағы алтын күнде Мединеге жетеді. Хазірет Ғали өзінің он жеті баласын күрсетіріп жатыр екен. Мәди де күреске түсіп он алты баланы жығады. Енді он жетінші баланы — Мұхаммед-Қанафияны жықпақ болғанда Ғали Мәдимен өзі күреседі. Бір кезде бала «Я, мекдет бер Хазірет Ғали атам», — деп дауыстағанда Ғали жөн сұрап, белдесіп жүргені өз баласы екенін біледі. «Өз атама қолым тиді, мені енді жер жұтсын», — деп Мәди қуған Ғалиға жеткізбей, қара тасқа еніп кетеді. Ғали әлгі қара тастың тас-талқанын шығарса да, бала табылмайды. Ғалидың жылағанын Алла естіп, Жебірейіл арқылы «баласын машқар күні көрер», — деп хабар береді... Қиссалардың бірінде «болғанда Мәди жерде, Иса аспанда» деп келетін жолдар бар еді. Ғалидың Дариғадан туған баласы, әкесінің жағасынан абайсызда ұстағанын кешірілмес күнә санап, жер астына кіріп кеткен Мәди осы...

Имандылық тәрбиесінен бейхабар кейбіреулерге бұл оқиға қисынсыз қиял ғана болып көрінуі мүмкін. Әрине, мұнда қиял, әсірелеу күшті. Бірақ осы қиялдың әке сыйлауды үйретуге жарайтын мәңгілік ғибраты педагогика пәнінің кез келген ережесінен әсерлі екенін көрмеуге болмайды. Мәдидің аты аңызға айналуына оның батырлығынан гөрі перзент парызын биік санайтындығы, жас буынға берерлік үлгісі басым жатқаны шүбәсіз. Мәдидің аңыз-әпсана деңгейіндегі бір ғана ісі «әкені қадірле» деген сансыз ескертпеден салмақты жатыр.

Әке мен баланың бір-бірін танымай, күш сынасуы әлемдік фольклорда орын алған көне сарын. Атағы жаһанға жайылған «Шаһнамада» да осы архаикалық мотив кездеседі. Бұл тараптан алып қарағанда діни дастандардың көнелік белгілері мол екені байқалады. Жас батырларға қысылғанда жебеуші болып, күшқайрат берушілік сарыны да ежелгі тотемдік наным-сенімдермен сабақтас жатқаны даусыз. «Дариға қыздың» да, басқа дастандар-

дың да әсері, бәрінен бұрын олардың ғибраттылық өнегесінің молдығында...

Батырлық жыр үлгісінде туған діни дастандардың бірі — «Зарқұм». Оқиғалардың үдемелі түрде берілуі, тартыстың шарықтау шегіне жетіп шешілуі, қаһармандарды сипаттаудың жүйелі берілуі және көркемдік деңгейінің жоғарылығы жағынан «Зарқұм» классикалық эпос санатына көтерілген. Тенеме, баламалардың, әсірелеудің, тағы басқа көркемдік кестелердің үйлесімді сәйкестікпен берілуі қисса-дастанның халық арасына кең тарап, ерекше танымал болуын белгілеген.

Қиссада суреттелген оқиғалардың тарихи шындықты қаншалықты нақтылы бейнелегенін тексеру өз алдына бір мәселе. Ал шығармадан Мұхаммед пайғамбар заманында дін үшін болып өткен сұрапыл соғыстардың жаңғырығы естілетіні анық. Мәселе дастанда келтірілген тарихи деректердің, адам, жер аттарының шежірелік немесе хронологиялық дәлшігінде емес, сол дәуірде орын тепкен істердің ізі сақталып, рухы берілуінде.

Дастанда Зарқұм патша билеген Ғирақ елінің әскерлері мен Мұхаммед пайғамбардың саһабалары, шадиярлары қолдаған қауымы арасындағы соғыс жағдайы баяндалады. Бұл соғыстың қажеттігін Жаратқан Алла Жебірейіл арқылы пайғамбарға хабар еткен делінеді. Егер мұсылмандар алдын ала әркеттессе, Ғирақтағы жойттер Мединені басып алуы мүмкін екендігі де ескертіліпті. Бұл соғыстың басталуы басқыншылықтан емес, дін исламды қорғап қалу қажеттігінен туғаны шу дегеннен анық болады... Эпостың ежелгі шарты батырларды таныстыру болса, «Зарқұмда» бұл дәстүр кең әңгіменің арқауы болады:

Ішінде жасы үлкен көрі де бар,  
Әбубәкір, Құмар, Ғұсман, Қали да бар,  
Бір Қалидың он сегіз баласы бар.  
Әбілмәжін, Мәлғаждар, Сәдуақас,  
Құмар, Ғұсман, Кәләппен болған жолдас.  
Пайғамбар, туын алған Ер Ғөкәша  
Саһаба бәрі палуан құрбы-құрдас.  
Бас болған баршасына хак пайғамбар  
Қасына ерген өншен палуаны бар.  
Тәуекел хакқа қойып тақсыр ерлер  
Жөнелді бірі қалмай барша жандар.

Бұлардың алдында зор кедергі, өткел бермес айдың дариға кездеседі. Бір ғажәбы мұсылман қосынын әлгі дариғамен өзге емес,

өз күшіне сенген Ғирақ патшасы Зарқұм төрт жүз кемемен өткізіп алады. Тіпті Ғирақ шаһарының 400 қақпасын аштырып қояды. Әлсіз дұшпан мұндай тәуекелге бел байламас елі. Өзінің күші басымдығына, соғысса жеңетініне, айласының артықтығына сенгендер ғана осындай шешімге барса керек. Оқиғаның дүниеде сирек кездесетіні соншалық — осының ақиқат негізі қалай болғанын тарихи құжаттармен салыстырулы қажет еткендей. Бірақ біз бұл арада әңгімені дастан көлемінен ғана шектейміз.

Дастан әсірелеусіз болмайды. Алладан алған төрт қылыштып үшеуін (Зұлпықар, Зұлқаны, Самсам) — Хазірет Ғали, бірсуін (қамком) пайғамбардың өзі тағынады. Бұл қиссада да, басқа діни туындыларда да Хазірет Ғалидың Зұлпықар атты қылышы зор даққа ие болғаны мәлім. Тіпті Зұлпықар ер қаруының теңдесі жоқ белгісіндей биік көркемдікке бөленген, аңызға айналып кеткен.

Қиссада жау жағының күші, әйгілі батырлары толық таныстырылады, олардың жеңіске деген жігері, мақсаттарына сенімділігі көрсетіледі. Зарқұмның елі қандай дұшпанды да қырып жіберерліктей мығым, ерлері сай секілді сипатталады. Олардың әскерінде пілге, көлікке мініп соғысатындар бар екені де айтылады. Бұл бір жағынан қиссаға негіз болған оқиғаның көнелігін байқатса, екінші жағынан сол замандағы соғыстардың сипатын түсінуге де көмектеседі.

Пілдердің монтанысы жүрсе баста,  
Нәрсе екен тіл үйрепген көрі, жас та.  
Темір тор тұмсығымен ұрған шақта  
Дал-дал боп кетуші еді кара тас та.

Екі жақтың өліспей беріспейтін алапат айқасы алдындағы қорқынышты хал ақындық тілмен шабытты жырлапған.

Қараңғы болды мұқым аспан асты,  
Шыққан соң қалың әскер шанығ басты.  
Адамдар көре алмай бірін-бірі  
Қысылып шыбын жаны қатты састы.  
Ақыдан көрген пенде танды сонда  
Шаң-тозаң басып кетті оңда, солда.  
Құдайдың күдіретімен бір керемет  
Аспаннан қалың жаңбыр жауды сонда...

Қиссада батырлардың жекпе-жек ұрыстары мол көрсетілген. Мұхаммед пайғамбар әскері жағынан мұндай сайысқа алдымен

Құмар (Омар) шығады. Оның ересен ерлігі қысқа да болса, жарқын суреттеледі.

Сонда жұрт қарап тұрды Құмар ерге,  
Бата алған пайғамбардан батыр шерге.  
Бір көпір келе жатты пілге мінген  
Аяғы сүйрегіліп кара жерге.  
Пілге бұрын көпір қамшы басты  
Сыртына қайраттанып қаһар шапты,  
Көтеріп қылыштарын екі жүз көз,  
Жүгіріп екі палуан қарсыласты.  
Құмардың кім ермеген өз қасына,  
Күнінде патша болған жолдасы да,  
Ақырып салды семсер қак басына,  
Айырылып түсті көпір жамбасына.  
Алқап жұрт тамаша етті Құмар ерді,  
Бата алған пайғамбардан батыр шерді  
Үйрек салған сұңқардай дал-дал қылды,  
Көпірлерден менменсіп келгендерді...

Елші Құмарға қарсы «қолында сегіз жүз батпан күрзисі бар» батыр келеді. Өзара кезек тілдескенде Құмар өзін «тастап тәжді, тағымды талақ етіп, қызметкер пайғамбарға болдым», — дейді. Бұл сөздерден оның пайғамбар ісіне берілгендігі, адам баласын адал жолға салу үшін белді бекем бұғаны байқалады.

«Зарқұмның» өзге кейбір қиссалардан тағы бір айырмашылығы — жау батырларының сесі мен күші шыншыл, әділ көрсетіліп отыруында. Мәселен, мұсылмандардың көп батырын бет қаратпаған Жәнәбіл қимылдары өзгеше тартымды сипатталды. Жәнәбіл айбыны асқан Құмардың өзін аспанға бір-ақ атады.

Құстай боп тақсыр Құмар аспанға ұшты,  
Болар ма күші басым мұндай күшті,  
Жіберген бір садақтың оғындай боп  
Қасына асқандардың келіп түсті.

Жәнәбіл мұсылман батырларын шақ келтірмеген соң ұрысқа Хазірет Ғалидың өзі шығады. Оның келбеті де тамаша тапқыр бейнелермен көмкерілген.

Тақсыр ер дүлдүлімен кетіп тұрды,  
Қан майдап болар жерге жетіп тұрды,  
Жер мен көк қаһарынан діріл қағып  
Тамаша тақсыр ерге етіп тұрды...

Кигені жібек киім, қызыл бетті  
Тақсырдың өзі шалқак, кең көкіректі,  
Бойының сұлулығы тоты құстай  
Ғалидың сипатына есі келті.  
Өзгедегі және бөлек мінген аты,  
Сегіз жүз батпан күрсі қолда қатты,  
Ғаламның жігіттерін жиса дағы  
Көріңді пар келместей салтанаты.

Ғали мен Жәнәбілдің жекпе-жегін бейнелейтін жолдар эпостық әсірелеудің биік үлгілері болып табылады. Олардың бірнеше күнге созылған шайқасын жыршы-ақын көкке көтеріп, мадақ етеді. Бірінен-бірі асып түсетін теңеулер тізбесі осында.

Бұған дейін ешкімнен беті қайтпаған Жәнәбіл тек Хазірет Ғалидан ғана жеңіледі. Ең таңқаларлығы сол — Ғирақ намысы үшін арыстанша арпалысқан Жәнәбіл ақырында жана дінге — мұсылмандыққа өтеді.

Ғалидың кім пар келсеі аруағына,  
Жуыған құтылмайды сол жағына,  
Қалқаннан қызыл жалын аспанға ұшып,  
Қызарып, шок боп түсті жан-жағына.  
Олардың тартыстары болды қатты.  
Құдай мұндай жаратқан адамзатты  
Екі ердің жұлқысқан зарлабынан  
Тізеден керік дүлділ жерге батты.  
Бірі — аспан, біреуі — тау, көкке балап,  
Біреулер ұқсатады шерге жанап.  
Ұйықтамай сары таңды атырды әскер,  
Келгендей қайраттары жана бастан,  
Ғаламда қандай палуан мұнан асқан?  
Қали бірлөн Жәнәбіл екі арыстан  
Төрт күн ұдай күресті шарпамастан.  
Жіберді аспанға атып, қолын жайып,  
Кетем деп мұны алмасам, жолдан тайып,  
Үстінде бес мың батпан сайманымен  
Көріңбей көк жүзінде болды тайып...

Жәнәбіл сынды ердің дінге берілуі мұсылмандар үшін күтпеген олжадай оқиға болады. Жәнәбіл исламның артықшылығын мойындап қана дінін өзгертеді. Ол «Жаннан қорқып, дініңді бұзғаның не?» — дегендерге: «Жаратқан бір құдайды жаңа таптым, сендердің бас қойғаның құдай емес», — деп жауап береді. Енді бір кезекте Жәнәбіл бұл ойын анықтай түседі.

Жаманды жақсылыққа қаратамыз,  
Қасиетін исламның таратамыз.  
Жаратқан бізді тек бір құдай болса,  
Оны біз неге қолдан жаратамыз?

Бұл арала исламның құдайды сүкімнің көзіне көрінбейтін, күллі адамзатқа ортақ рух деп есептейтіні — оның пайғамбарды құдай санайтын діндерден гөрі келдігі әрі дұрыстығы деген пікір мензеліп отырғаны белгілі. Қазақ жырларында жау батырының осындай себеппен досқа айналуы («Қобыланды батыр», т.б.) кездеседі. «Зарқұмдағы» Жәнәбіл тұлғасы қайсыбір тараптан алғанда «Манастағы» Алмамбетті де еске салғандай. Қалай болғанда да Жәнәбілдің ислам жағына шығып соғысуы мұсылман дінінің мәртебесін көтеретін мысалдың бірі ретінде қаралып келген.

Ғирақ патшасы Зарқұмның, оның балаларының, әскербасы батырларының елі мен жері, діні үшін жан аямай ұзақ ұрыс салғаны дастанда лайықты ілтипат беріліп суреттеледі. «Кімді кім жеңеді» деген актық майданда небір ерлер мерт болады. Қарсыласқан екі жаққа жеңіс таразысы кезек ауысып отырғанын көрсету дастанның шыншылдық қасиетін күшейтсін. Соғыстың алмағайып сәттері, бұрын-соңды болып көрмеген тайталас мезеттері алуан өрнекпен айшықталған.

Қараңғы күнділі күн түндей болды,  
Тас, топырақ әуелел жүндей болды.  
Тұтылып күннің көзі топырақтан  
Біреуді біреу білмес күндер болды.  
Дүние күніреніп дан боп кетті,  
Бұл істі көрген халық таң боп кетті.  
Айналып ойпан дөңге, дөң ойпанға,  
Дүние астан-кестеп шаң боп кетті.  
Жануар сай-саладан қашып шықты,  
Жарылып жүректері сасып шықты.  
Қалп-құлт етіп дария, жер қозғалып,  
Сұлары бұлақтардың тасып шықты.  
Қара жер қашағандай дірілдейді,  
Тозаннан күннің көзі көрінбейді.  
Қорған құлап, қырық мың әскер өліп  
Тау мен тас тоқтамастан дірілдейді...

Соғыс суреттерін шебер келтіруі жағынан қазақ жырларының ішінде «Зарқұмға» тең келетіні сирек. Дастанды шығарушы, айтушының өзі де ислам үшін күрестің әділеттілігіне имандай

сеніп, шабыт пырағына мініп, сөз асылын тергені сезіледі. Бір-бірімен қайтпай соғысқан екі жақтың таласы ислам әскерлерінің толық жеңісімен, Ғирақтың патшасы Зарқұмның және оның тірі қалған елінің мұсылман дінін қабылдауымен бітеді... Киссаның құндылығы – сенім, наным үшін ұрыстың тарихи шындық деректеріне сәйкес баян етілуі, көптеген қаһармандардың мінез қырларын ашатын суреттердің берілуі әрі осының биік көркемдік деңгейде көрінуі. Осындай қасиеттерімен «Зарқұм» қалың қауымның сүйіп оқитын, ғибрат тұтатын кітабына айналған, тыңдаушы мен оқушы бұл дастаппаң үлкен рухани медет тапқан, жаратқанға табынудың дүниедегі ең үлкен парыз екенін терең ұғына түскен...

Қазақтың қаһармандық жырларында эпостық жаулар ретінде қалмақтар жүреді. Бұлай болуының тарихи себебі түсінікті. Бірнеше жүз жылдарға созылған қазақ-қалмақ соғыстарының естен кетпес зардабы «қалмақтар қапқұйлы жауымыз» деген ұғымды негіздегені белгілі. Сонымен қатар кейбір жырларымызда эпостық дұшпан сипатында қызылтөбестер, ал Мұрын жырау сөздерінде ындыс деген жаулар ұшырайды. Бұлардың арғы түбіріп дәлелдеу қиынға соқпайды. Діни қисса дастандарда исламның жауы болып көбінесе жөйттер көрінеді. «Зарқұмнан» да, «Дариға қыздан» да, тағы басқа қисса, дастандардан да мұны айқын табамыз. Дастандарда аңыз, әсірелеу түрінде айтылса да, жөйттер мен мұсылмандар арасындағы қарама-қайшылықтың, бітіспес өштестіктің ізі жосылып жатқандай әсер қалдырады. Қисса, дастандар бұл арада ақиқат өмірде орын тепкен оқиғаларды өз тарапынан куәлендіріп қана отырғаны кәміл.

Діни қисса, дастандардың құрылыстық жағынан бір ерекшелігі – ғаламды жаратушы Алла мен пайғамбарларды мадақ етіп, таныстырумен, оларды үлгі етіп, ұсынумен басталып отыратындығы. Бұл қатарда дүниеден «тірі кеткен» төрт пайғамбар: Исаның, Мұсаның, Қызыр Илиястың, Имам Мәдидің аттары аталады, тақ Сүлейменнің желге мініп ұшқаны, Даниялдың ғылым тауып, суда жүзгені, Смағұлдың Намруд жаққан отқа күймегені. Дәуіттің темір соғып, дүкен құрғаны т.б. еске алынады. Қайталанып айтылатын қасиетгі есімдер сан қауымның санасына сініп, олардың көңіліне сенім мен үміт ұялатқан.

Осы дәстүр «Наушарбан сұлуың баянында» да орын алған. Мұхаммед пайғамбар отыз үш мың саһаба, төрт шадиярды шақырып, өсиет-аманат айтыпты. Жасы он сегізге толған Бәтима

деген қызын құранды ең жетік оқыған Ғалиға ұзатады. Жұрт жиылып келіп: «Халифалықты кімге қалдырамыз», — дегенде пайғамбар алдымен Әбубәкір, онан кейін Омар, Оспан, Ғалиды атайды. Бұл хабарлар қисса оқиғасына тікелей қатысты болмаса да, қосымша мағлұмат береді, ісі мұсылман қауымы білуге тиісті деректерді пысықтайды.

Пайғамбардың тапсырғаны еді деп Омар халифа он екі мың әскерін Нашрауын шаһарына аттандырады. Кәтпірлермен соғыста Ғали айрықша көзге түсіп, жаудың екі қыз, бір ұлын қолға түсіреді. Үлкен қыз – Діләпразды Мәлғаждарға некелеп қосады, екінші қызға тандауды өзіне береді. Сұлу қыз Наушарбап «Саһабалар алдымнан өтсін» деп талап қояды.

Сөздерін жетімдердің Қабыл көрсін,  
Ініме алпыс түйе малын берсін.  
Біріміз еркімізбен ерге тидік,  
Ғаламнан он сегіз мың тандау берсін.

Қисса дастанның бір көрікті жері – кезектесіп өткен батырларға сипаттама берген тұсы.

Әуелі біреу өтті ақбоз атты,  
Нәсілі қызықтырып адамзатты.  
Нұрлы жүз, сұлу келген мүшелері,  
Ақылы көзінде скен ибадатты.

Бұдан кейін Ғалидың сырт тұлғасы суреттеледі.

Астына дүлдүл мінген бір тұлпарды,  
Көкпенбек жарқылдатып Зұлпықарды,  
Көзі өткір, кең иықты, мұртты келген  
Майданда жеңіп шыққан мың мен санды.

Ығай мен сығай батырлар бейнесі бірінен-бірі артып түскендей.

Ойнатып қаз мойынды кара тұлпар,  
Әр алуан алпыс екі өнері бар.  
Зәрінен ашуланса, қар жаудырып  
Болатын дұшпандарға дүние тар...

Сегіз батпан қолына шокпар ілген,  
Басына қалқан ұстап, сауыт киген.

Найза, қылыш, айбатға һәм асынып,  
Балуандық пайласы көпке тиген...

Ақырында Наушарбан қыз Құсайынды таңдайды, имам Гүлсім ризалық батасын оқиды. Омар бата беріп, Оспан неке суын ішкізеді. Наушарбанның қолға түспегеніне қызғанып, Жазит Құсайынды Кербаланың шөлінде өлтіреді, кейіннен Құсайынның ұлы Зейнел-Ғабиден әкесінің кегін қуып, Жазитты мерт қылады.

Бұл дастанда да өте ескі замандардың ұғым, түсінігі елс берген. Наушарбанның жігіт таңдауы тасасында көне дәуірлердің үйленетін жігіттердің қайрат-қабілетін сынайтын салтының ізі айқын танылады.

Діни дастандардың замандар бойында өссірі кемімей, тартымдылық қасиетін жоғалтпай келуі таңғаларлық құбылыс. Мұның себебін адам баласының белгілі бір ереже-зандарға бағынып, ақиқатты мойындап, Аллаға құлшылық етіп отыруының қажет болғанынан іздеу керек. Сенім жоқ жерде имандылық жоқ. Ал қауым сенімнен айырылса, азу-тозу, әркім өз бетінше лағу басталмақ. Діни қиссалардың да ең қымбат жері адамдарды сенімге, имандылыққа тәрбиелейтіндігінде. Барлық жұрттың мойындайтын, тоқтайтын, аттап өтуіне болмайтын шарттарға көну, асылық жасамау әр пенденің парызы саналғанда ғана өмір орнықты, дәстүр тұрақты болмақ.

«Әбу Шахма» атты қысқа қиссада мағынасы терең ғибрат айтылған. Төрт шадиярдың бірі — Омардың Абдулла және Әбу Шахма есімді екі ұлы болады. Әбу Шахма жастайынан діни кітаптарын көп оқыған «құс әуезді» молла еді. Әкесі де бұл ұлын жанындай жақсы көреді. Әбу Шахма науқастанғанда он ай ораза тұтуға бекініпті, тілегі қабыл болып, ауру бала жазылыпты. Бірақ Омар өз перзентін қанша сүйсе де, шарифат шарттарын одан да жоғары қояды. Көп ұзамай әке мен баланың арасын мөңгілікке айырған оқиға кездеседі. Бір жәйт Әбу Шахманы «арақ ішсен, ауруыңнан жазыласың», — деп азғырып, ақыры көндіреді.

Бала мас болып, бір қызды зорлайды. Қыз жүкті болады, тұғап баласын жасыра алмай, ол Омарға шағынады. Омар істің анығына көзі жеткен соң балаға жүз дүре соғылсын деп үкім етеді... Бір ғажабы сол — мұндай шешім ешкімге де жат, тосын болып көрінбейді. Ежелден әке еркі заң болып есептелген елдерде бұл дәстүр — табиғи құбылыс. Бірде-бір жан мұны «адам құқына қол

сұғу» деп өзеуремейді. Бұрынғылардың қоғам бүтіндігін бекем ұстауына септескен бұлжымас салты осындай еді.

Әке үкімін естіген соң «Тірліктен күдер үзіп, Әбу Шахма, жалғанның сарайынан бетін бұрды» делінеді қиссада... Он дүреден кейін жаны қысылған Әбу Шахма әкесінен кешілік сұрайды. «Қалған дүрені біз көтерейік» деген саһабалар тілегіне де Омар илікпейді. Балаға сексен дүре соғылғанда анасы келіп, араша сұрайды. Бұйрықтың бұзылмасына көзі жеткен соң зар наласын төгеді, оның сөздері ұлымен қоштасудай болып естіледі.

Айналайын жан балам,  
Бір көруге зар болып,  
Еңіреп келді сорлы анам,  
Өз әкең ұрып өлгіртті,  
Болған соң өмір Алладан,  
Қозысы өлген саулықтай  
Ғарып шешен манғыраған.  
Қысқа болды өмірің,  
Сарқылған судай арнадан.  
Тағдырдың құрған ауына,  
Оралмай ешкім қалмаған.  
Күнөсін Алла ғафу ет!  
Қателік өтер пенделен,  
Ажалдың қазған орына,  
Жығылмай кетпес жанды адам...

Омар іші қан жылап тұрса да, өзінің қатал шешімінен айнымайды. Бала өлгенде «ол дүниеде кездесейік» деп тағдырына көнеді.

Төңірім қазы болғанда  
Мақшарда тауып алайын.  
Беріп, алған Аллаға  
Шүкірлік қылып тұрайын, —

дейді. Бұл арада адам тірі жүрсе де, өлсе де Аллаға шүкірлік етсін деген ұғым байқалады. Қиссаның тағы бір ғибраты «кінәлі адам жазалансын, кешірім болмасынға» саяды. Қатал да болса, әділ үкім ғана елді төртіпке үйретеді дейтін ансар да аңғарылады. Әрбір адам өзінің істеген ісіне жауап берсін деген талап дастанның орталық желісіне айналған. Қиссаны тыңдаушылар Омардың соншалықты қаталдығын жақтамаса да, оның үкімінің әділдігіне күмән келтіре алмаған... «Әбу Шахманың» жалпыадамзаттық

мәні, оның жамағатшылық назарын аударып келгені де осы жағдайларға байланысты секілді.

Енді бір дастанда («Мұхаммед-Қанафия») Хазірет Ғалидың (Әзірет Әлі) Үрім-Қайсар патшасын жеңіп, оның қызы Қанифаны мұсылмандыққа кір деп талап етуінен оқиға өрбиді. Қыз «үш шартым бар» деген соң, оны пайғамбарға алып келеді. Қанифа дінге кіруім үшін мені Ғали арыстан әйелдікке алсын, Бәтима-ның қатарынан орын берсін, бала тусам да аты өзіме ұқсап, «Мұхаммед-Қанафия» болсын дейді. Қанифаны пайғамбардың өзі әкеліп, мән-жайды түсіндірген соң Бәтима жана «күндесіне» ризалық білдіреді. Бұл арада да инабаттылық, ізеттілік сабағы жатыр. Үлкеннің тілін кіші алуы тиіс, одан ешкім қор болмайды дейтін терең ой ешбір түсініктемесіз, үгітсіз, қарапайым ақиқат ретінде айтылған... Бір жылдан кейін Қанифа босанып, ұл табады, пайғамбар оның атын Мұхаммед-Қанафия қояды. Бұдан кейін дастан оқиғасының екінші желісі өрбиді. Ендігі істер Мұхаммед-Қанафия ыркымен дамиды. Атап өтерлік бір нәрсе — дін қиссаларының көбінде атаның бастаған ісін баласы ілгерілетіп әкетушілік тұрақты сарын болып кездеседі. Хазірет Ғалидың мұсылман қауымын кеңейту жөніндегі арманын баласы орындауға кіріседі. Бұл жалпы эпос жырларындағы секілді діни дастандарда да әулеттік (генеалогиялық) жалғастық бар екенін көрсетеді. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп келетін халық нақылы дін қиссаларында айрықша мәнге ие болады.

Қанафияның ер жеткен соң атқа мініп, ел көремін, сейіл құрамын деп талаптаңуы эпостық қаһармандардың бәріне ортақ көрініс. Арғы түбірі ертегілерден басталатын бұл сарын қиссада нақтылы мазмұнға ие болады. Алыс сапарға аттану болашақ батырға сын. Төрт күн, төрт түн жүріп, шөлге кездескен Қанафия алғаш рет жалғыздық зарын шегеді, ағалары Қасен мен Құсайыпты еске алады.

Ат жүрді сокқан желдей боп,  
Күм жатыр асқар белдей боп,  
Ертеңгі күн түс болды,  
Түстен кейін кеш болды.  
Күм шетіне жете алмай,  
Ғұмыры зая еш болды...

Қанафияның күм даладағы, шексіз шөлдегі қасіретті халін «күм егіліп барады, көзінің аққан жасынан» деген сөздер әсерлі

бейнелейді. Қиссаның бұдан кейінгі желісі ертегідей елестейді. Қанафия шаршап, тарығып келе жатып:

Таң атқан соң қараса,  
Бір биік күм көріпті.  
Жыламай көңіл бекітті,  
Зырқырап аққан суы бар  
Алтын бұлаққа жетіпті...

Бұлақтың түбінде алтын шатыр ішінде бір сұлуды көреді, қыздың түр-келбеті шебер суреттелген.

Ай сипатты, нұр жүзді,  
Қиғаш қасты, күн жүзді,  
Жамылпты жасылдан,  
Төсеніпті асылдан,  
Жатыр тақта бұралып.  
Алтын кәмшат басында,  
Мамық төсек астында.  
Көрсек тоймас пенденің  
Қарап тұрса нұр жүзін.  
Ондай пенде табылмас,  
Іздесе де жер жүзін.  
Белінен шашы арғылып,  
Ұшында гауһар жалтырап,  
Беліне шағи оранып,  
Жатыр тақтың үстінде,  
Тал шыбықтай бұралып,  
Қауіпті емес кісідей.

Ханпазар деген батыр Хазірет Ғалидың басын кесемін деп хасам ішін, мына сұлу қызға үйленбек екен. Бірақ дегеніне жетпейді. Соғыста Мұхаммед-Қанафияның қолынан қаза табады. Бұл жағдайды жау еліне залым (мыстан) кемпір хабарлап, сексен мың қолды ертіп әкеледі. Бала қалың қолға қарсы жалғыз шабады. Бұл тұста қаһармандық эпосқа тән әсірлеу мол («Сексен мың қалың шерік жабылса да, құтылыпты бір заманда он екі мың», «мың қойға жалғыз тиген көк бөрідей, ішінде сексен мыңның жалғыз өзім», «хал кетіп бір заманда есіл ерден, тәніне жара түсті жетпіс жерден»). Қанша қайратты болса да, Қанафия ауыр ұрыста қалжырайды. Осы сәті «жалғаннан Қанафия өткелі тұр, бермесе өзі жәрдем патша құдай, кеудеден ыстық жаны кеткелі тұр» деп сипатталған. Баласының мүшкіл халін періштелер арқылы естіп, Хазірет Ғали майдан даласына жетеді.

Қағынып төрт аяғын дүлдүл тұрды,  
Қылышы қынабында сарт-сұрт ұрды,  
Күш-жігер арыстаннан кетті қайнап,  
Журуге таусқал деп бетін бұрды...

Хазірет Ғалидың жаудын үрейін ұшырып, ұрысқа кіріскеп  
тұсы былайша берілген:

Қышқырып сонда Ғали айғай салды,  
Дауысы мың күншілік жерге барды.  
«Кұдай-ау, әкем келіп қалған ба», — деп,  
Көтеріп сонда басын жұлып алды.

Дастан соңы дүшпанның жеңіліп, тірі қалғандарының мұсыл-  
мандыққа өтуімен аяқталады. Осылайша эпос мұраты діни мұрат-  
тын үстем болу идеясымен қабысып, нақтылы нысананы көздейді.

Адамдарды қанағатсыздыққа, сабырлылыққа, бір Алланы  
хақ деп білуге шақыруы, сенім жолында шейіт болғандықты мәр-  
тебе деп көрсетуі, адалдыққа, имандылыққа, қайырымдылыққа  
үндеуі үлкенді-кішілі діни дастандардың ортақ желісі деуге бо-  
лады. «Пенделердің Алла дидарын көргені», «Жәннәт ғадиндегі  
хорлар баяны» дейтін шығармалардың да айтпағы осы. Бұл қис-  
саларда діни білімнен хабары жоқ оқушының түсінігіне ауыр араб  
сөздері мен тіркестері көп, өлеңдік жағы да аса шебер деуге кел-  
мейді. Сонда да болса, бұларда айтылмақ ойдың түп қазығын, асыл  
ансарын пайымдауға болады. Өлеңнің кейбір шумақтары мен  
жолдары ескі ортаазиялық түркінің тіл құрамына жақын келетін  
де тұстар бар, мұндай аралас тілді шығармалар бұрын аз болма-  
ған. Қазақ арасына ислам ұғымдары мен дәстүрлері көбінесе осы  
тектес туындылар арқылы тараған. Сондықтан діни қисса дас-  
тандардың тілін қазақ әдеби тілінің өзгеше бір саласы деп кара-  
ған жөн. Араб, парсы сөздері аса қажет тұстарда, табиғи қажет-  
тіліктен енгенін көрсеміз. Тіл жағдайы бір басқа, ал діни бағыт-  
тағы шығармалардың бізге үндес, мұраттас келетін тұстарын  
бірінші кезекке шығарып көрсетуіміз керек. Адамдарды ысырап-  
шылықтан, нысапсыздықтан, қомағайлықтан ірку үшін ойлап  
табылған қиял әлемінің өзі қандай мағыналы! «Дүниеден өз  
нәпсісін тыйған адам, осындай қорды құшып, ізет көрер» деген  
жолдар халықты көз жұмбай қызыққұмарлықтан, ойсыз жүрістен  
тыйып, салдарлы, салихалы өмір жолына түсіру ниетінен туға-  
нын түсіну қиын емес.

Демек, дін қиссалары бір күннің немесе өткінші бір кезеңнің  
ұранын көтермейді, жалған қызықтарды мадақ етпейді, адамзат-  
тын бүгінгі мен болашағына қажет құндылықтарды жыр етеді.  
Мұндай рухани байлық адам мінезін түземесе, бұзбайды.

#### Әдебиет:

(1) Алекторов А.Е. Народная литература киргизов. «Астраханский  
вестник», 1984, № 1324.

(2) Каримуллин А.Г. Татарская книга. — Казань, 1974.



болса бірегей мұра. Катал жаудың кенет, тегеуірінді сокқысы бейғам жатқан, ыдыранқы казак елін қаншалық зардапқа ұшыратқанын тарихи деректер де мейлінше толық растайды. Мәселен, «Қазақ ССР тарихында» бұл оқиға туралы былай делінген: «Жоңғар феодалдарының шабуылдары әдегге аяқ астынан болып, бейбіт халық құтылып та үлгері алмаған. Мысалы, Боралдай өзенінің бойында көшіп жүретін казак ауылдарына 1723 жылы тұтқиылдан шабуыл жасалғанда ауыл манында тіпті мінерге де ат табылмай, халық түгелімен дерлік қырылып жіберілген. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, малынан айырылып, қашып құтылып үлгергендер шөптің тамырын қазып жеп күнелткен: әйелдер, балалар мен қарғтар тұтқынға түскен немесе ауыр жолдың үстінде аштан қырылған. Ондаған мың казактар ата мекенін тастауға мәжбүр болып, оңтүстікке қарай көшіпті. Орта Азияда бос жатқан, қолайлы мал жайылымдарын таба алмай, жокшылық көрген казактардың жағдайын пайдалануға тырысқан Бұхар, Хиуа феодалдарымен шайқасын, казактардың сдәуір бөлігі бағысқа, солтүстік-батысқа, орыс шекараларына қарай жосыпты» (4).

«Қаратаудың басынан көш келеді» деген белгілі өлең, міне, дәл осындай тосын, қанды оқиғаның, халық мұңының суретін мейлінше анық аңғартады. Арада талай ғасырлар өтсе де, бұл өлеңнің жолдары ел жадынан шықпаған.

...Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлак бос келеді.  
Қарындастан айырылған жамап екен,  
Қара көзден мөлліреп жас келеді, —

деп басталған өлең атадан балаға жатталып, тарихтың пағыз шыңшыл куәсі ретінде ұмытылмай жеткен.

Тұтқиылдан дүрсе қоя берген өккі жау елдің ес жинауға шамасын келтірмей, бүйідей тиген. Атадан бала, анадан қыз, ағадан іні айырылып, бес-бегімен бас сауғалап босқан елдің, дұшпанға қайрат көрсете алмай, әрі «қарындастан айырылған» намыс, қорлық, өкініш, көзден жас парлатқан ауыр кезеңнің ақиқаты өлеңнің алғы шумағында-ақ айрықша шебер тұжырымдалған.

Елдің быт-шыт болып көшуі қаншалық қиын халде өткені де өшпестей өксікті өлең жолдарында із қалдырған.

Қай заман, мына заман, қысқан заман,  
Дәулет құсы басынан ұшқан заман.

Аспаннан топырақ пен шан борайды,  
Қыңтардағы күн суық қыстан жамап.

Көліксіз, жаяу-жалпы, аш-жалаңаш шұбырған елдің дәрменсіз ыза-кегі, тағдырға зар-наласы да көрініс береді.

Мұнша қысым қылдың ғой қатты, құдай,  
Қабырғама кара жер батты, құдай.  
Жаяу жүрсем, табаным ауырады,  
Тым болмаса бермедің атты, құдай.

Тарихи өлеңдерде өткен өмір оқиғаларына елдің бағасы мен ұғымы айтылатыны, бұл фольклорлық поэзияның белгілі бір белесі екені келтірілген мысалдардан айқын аңғарылса керек.

Зерттеушілер «Қаратаудың басынан көш келеді» деген төрт-бес ауыз өлең ұзақ жырдың үзіндісі деп септеп келген. Кейінгі кезде бұл шығарманың о бастағы нұсқасын Тобықты Топыш ақын айтқан екен деген пікір қуатталып жүр (5). Бұл нұсқа 86 жолдан тұрады. Мұнда халықтың «Ақтабан шұбырындыға» душар болуының мән-жайы кең баяндалады, казак елінің жаудан жеңіліс табу себептері айтылады, халықтың алдан күткен арманы сездіріледі.

Аяусыз дұшпанның төтен сокқысына ұшыраған ел өдепкіде қарсыласар дәрмен таппай, босқыншылыққа ұшырағанын, намыс, қорлық, аштық, панасыздық азабы естен кетпестей санаға сіңгенін бұл өлең толық сипаттай алады. Халықтың жау айбатынан мүлде жасып қалмағанын, бірте-бірте ес жиып, ертеңін ойлай бастағанын дәлелдейтін жолдар «Қаратаудың басынан көш келедінің» Топыш ақын айтқан деген көлемді нұсқасында кездеседі. Қорқынып сөзімі сейіліп, азаптың дәмін татып көрген жұрт «енді не істейміз» деп толғануы табиғи. Халық болып тұрудың, жаудан жерді азат етудің, қорланғанды құтқарудың, қанғырғанды қайтарудың жолы — бірлік, ынтымақ екенін түсіну сарыны да өлеңнен көрініс береді.

Боларсың бірін артық, бірін кем де,  
Бірінді-бірін сүйе сүрінгенде.  
Ынтымақ, ауызбірлік қып жүрсендер,  
Арзисың аз да болсаң, рулы елге...

Шығарманың аса маңызды түйіндерінің бірі — елдің ескі қоныстан кетпей, бір орталыққа жиналып, қарулы әскер ұстап оты-

руын, ұраны мен салтын ұмытпауын өсиет етуі. Қазақ елінің кіндік жері ретінде Қаратаудың аталуы да тегін емес. Өйткені XV ғасырдан бері қарай «қазақ» деген атпен құралған халықтың әкімшілік, мәдени, діни орталығы да Қаратау, Түркістан болғаны белгілі. Тарихи өлең бұл шындықты да елестете алған.

Ұмытпа, Алаш, қазақ ұраныңды,  
Бойыннан үзе халқым құралыңды.  
Артыңа өлеріңде өсиет қыл,  
Халық боп Қаратауда құралуды...

Қысқасы, «Қаратаудың басынан көш келеді» — тарихтың алмағайып, аласашыран оқиғаларын терсең бейнеленген, танытқыштық, тәрбиелік мәні үлкен көркем ескерткіш.

Осы өлеңге тақырыптас көне жоқтау да жонғар жорығы заманында туған тәрізді. Жанрлық жағынан сәл өзгешелігі болғанмен, бұл шығарма халықтың бастан кешкен қиын ахуалын өз тарапынан сипаттай алады; мазмұны мен нақтылығы мұны тарихи өлең қатарына апарды.

Қайран да қайран, қайран тау,  
Маған тиген пайдан тау,  
Әкем күйеу болған тау,  
Енем келін болған тау,  
Кетсін деген ойым жоқ  
Айналасы толған жау...

Орта Азия хандарының қазақ еліне жасаған көп зорлық-зомбылығының көрінісі тарихи жырда да сақталыпты. Әр кезде қазақтың жеке бір аймақтарына билік жүргізген, озбырлық, өктемдікті көп көрсеткен Қоқан, Хиуа хандарының зұлымдығы жайында ауыз әдәбиетінің туындылары толып жатыр. Солардың бірқатары, сөз жоқ, тарихи өлеңнің табиғатына жақын келеді. «Қоқан ханына Жанкісі жыраудың айтқаны» деген өлең бұған мысал бола алады (6). Мұнда түрлі себеппен Аркадан көшіп келіп, хан қаруына түскен қазақтардың қорлық, қысымға ұшырағаны сөз болады. Өлең арнау түрінде болғанымен, нақтылы адам аттары, оқиғалардың сипаты белгілі дәуірді елестетеді. Бұл өлеңнен Қоқан басқару кезеңінің (XIX ғ.) анық айғақтары көрінеді.

...Отыра зекет деп алады,  
Қошак зекет деп алады...

Айтайын десен ұрады,  
Ұрмақ түгіл қырады...  
Алдына салып айлайды,  
Ашулансаң байлайды,  
Хакімі жоқ қазаққа  
Тендік жоқ деп ойлайды.  
Алса малға тоймайды,  
Біз жыласақ ойнайды,  
Ел ішінде ажарлы  
Қыз-қатынды қоймайды...

Қазақтың тарихи өлеңдері тақырыптық жағынан түрліше болып келеді. Бірақ солардың бәрі де нақтылы оқиғалар ізімен, халықтың түсінігі, бағасы ретінде бейнеленіп отырған. Қазақстан тарихындағы белгілі оқиға — XIX ғасырдың екінші жартысында патша әскерлерінің Оңтүстік Қазақстанды алуы туралы да өлеңдер сақталған екен. «Ақмешітті алғанда айтылған өлеңнен» осы ақиқатты көреміз. Қазақ елінің Қоқан билеушілерін жек көргендігі, олардың астамдығынан құтылуды арман етіп келгендігі бұл өлеңнен анық аңғарылады.

Орыстың күш-қуатты әскерлері,  
Ұрысып Қокандықты қылды әлек...

деген жолдарда соғыстың барысы ғана емес, бағасы да берілгендей. Жырды шығарушы әрбір құбылысты белгілі ансар тұрғысынан мінездейді. Өлеңде аталған уақытқа тән деректер жиі кездеседі. (Обручев губернатор болып өтті, Патшаның өмірімен қайтып кетті...) Енді бір кезекте соғысқан екі әскердің жалпы сипаттамасы келтіріледі.

Қоқанның хакімдері залым болды,  
Әр жұртқа залымдығы мәлім болды,  
Үстіне орыс әскер барғаннан соң,  
Бұрынғышай болмады, гүлі солды...

Бұдан кейін орыс-қоқан әскерлерінің шайқасы өте нақтылы, деректі баяндалады.

...Қокандық екі келіп ұрыс салған  
Атысып, үш күн ғана тұрыс қылған.  
Биқисап қазынасын алып қалып,  
Кісісін екі мыңдай қырып салған...

Тарихи өлеңнің ерекше мәнділігі сол — бұлар өткен заман оқиғаларының ешбір өзге ресми жазбаларда немесе аңыздарда табылмайтын соны деректері мен сырларын жария ете алады. Мәселен, патша әскері Ақмешітті алып болғаннан кейінгі халықтың көңіл күйін мына бір шумақ өлең куәландырып тұр.

...Есітіп бұл хабарды ел қуанды,  
Көңілінде қайраты бар ер қуанды.  
Губернатор құзіретін дұға қылып,  
Көп қазақтар құдайы берді малды.

Енді бір өлеңнен патшалықтың жергілікті әкімін өлтіріп, қарақалпақ жеріне ауған қазақтардың халі елес береді. Оқиғаның нәтижесінен туғаны, қандай әрекеттерге алып келгені нақты баяндалған өлең аса бағалы. «Қылмысты» болып қашқан жігіттің:

Көзімнен аққан жасқа жүзеді үйрек,  
Тайсойған, Қызылқоға, қалды Бүйрек.  
Патшаға бір қылмысты болып көштім,  
Көзіне уезнойдың найза түйреп, —

деген сөздерінен басталған өлең әлеуметтік өмір қайшылықтарының кеңінен ашады. Патша әкіміне қарсы өлгіңше батыл әрекет оңайлықпен тумаса керек. Мұның себебін өлеңнің келесі жолдары анықтай түседі.

...Аяғы Бұлдыртының тұзды көлді,  
Қоныстан күдерімді үздім енді.  
Патшаның жарлығына көнбеген соң,  
Тентек деп патша құды біздің елді...

Бұдан патшаның отаршылдық саясаты тудырған зорлықтың бір түрі — бейбіт елді сәл нәрседен кінәлі етіп, жерінен, қонысынан айырғаны аңғарылады. Тарихи өлең әдебиеттің дәстүріне тән туа отырып, мезгілдің өзіне сай шындығын неғұрлым қайталанбас қуатпен суреттейді делінетіні осыдан.

Айырылып жалғыз жолда кедей болдың,  
Мың қойды, мың жылқыны айдаған бай, —

деген жолдар қоныстан ауған елдің мүшкіл тағдырын айнытпай танытады.

Үдере көшіп, қатерлі сапарға амалсыз беттеген қашқындардың қауіпке толы жолын мына шумақ өлсіремеген қуатпен қайта елестеткендей:

Біз көштік Жемнің бойын жоғары өрлеп,  
Күренге тақтым тұмар алтын зерлеп,  
Көп солдат Алкелділен шыға ма деп,  
Асықтым мінгенімше атымды ерлеп...

Көшпелі қазақ елінің басындағы қырсықтың бірі — жиі қайталанып отыратын жұт еді. Кең далала еркін жайлап жүрген халық жердің отына, күн райының сәттілігіне сеніп, қысқа қарай малға шөп жинамай келген. Мұның ақыры қазақты қанша рет ауыр шығасыға, аштыққа, өлім-жітімге душар еткені белгілі. Талай да талай жұт жайында ел аузында өшпес аңыз қалған. «Жұт жеті ағайынды» деген нақылда терең мән бар. Осындай жұттың зардабы тарихи өлеңде де өрнектелгенін көреміз. Бұл бір жұт емес, сан жұттың ортақ сипатын бере алатындай шығарма.

Аштыққа халық қамалды,  
Таба алмады амалды.  
Үш ұйықтасак ойла жоқ,  
Көрдік сондай заманды.  
Аштық есті тандырған,  
Мойынға дорба салдырған,  
Қабандай жерді қаздырған,  
Шөп теріп жедік балдырған, —

деп басталған өлең (7) аштық пен азаптың суреттерін нақтыландыра, кеңейте баян етеді.

Бұл келтірілген мысалдар тарихи өлеңнің қазақ ауыз әдебиетінде өзіндік орны мен мәні үлкен екендігін аңғартса керек. Сонымен қатар тарихи өлеңнің жанрлық мінездемесі де жеткілікті екішеліп көрінгендей.

Тарихи өлеңдердің үлкен шоғыры 1916 жылғы патша үкіметінің отар халықтардың он тоғыз беш отыз бір жас арасындағы жігіттерін майданның қара жұмысына алу туралы жарлығына, елдің бұл жарлыққа наразы болуына байланысты туған. 1916 жыл оқиғасының сипаты туралы «Қазақ ССР тарихында» кең талдау берілген. «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс біртекті болған жоқ. Аудандардың басым көпшілігінде бұл көтерілістің халық-азаттық сипаты басым болды және өзінің бар пәрменімен патша

үкіметіне қарсы, империалистік соғысқа қарсы және ішінара феодал, бай элементтерге қарсы бағытталды» (8).

Халықтың қобалжып, толқуына карамастан, патша әкімшілігі казак жігіттерін жүздеп, мындап майданның кара жұмысына аттандырған. Елден ажырау, мағынасыз ауыр бейнетке душар болу, әскери тәртіптің қыспағына түсу көп өлендерде ақиқат көрініс береді. Бұл өлендерді сол оқиғаға тікелей қатысушы адамдар шығаруы туындыға анықтық, нақтылық, әлеуметтік бағыттылық дарытады. Тағы бір атап көрсетерлік нәрсе — 1916 жыл оқиғаларына қатысты тарихи өлендердің түрлі жанрлық формада (коштасу, сәлем хат, бата, толғау, т.б.) жасалуы (9). Бірақ бұлардың мазмұны оқиғаның суымаған ізінен туған тарихи өлең шарттарына сай келеді. 1916 жыл оқиғасының басталу, өрбу, аяқталу кезеңінің өзіне тән құбылыстары хронологиялық дәлдікпен көрінуі, сол кездегі адамдардың көңіл күйі, арманы елес беруі бұл шығармалардың танытқыштық мәнін айрықша арттырады. Бұл дәуірде жаратылған тарихи өлендер өзінің манызы, орны жағынан қайталанбас өмір шежірессі, көркемдік құжат болып табылады.

Қара жұмысқа алу туралы жарлық казак адамына төтен қорлықтай болып естілген. Өйткені Ресей патшалығына қарағалы бері казактар әскерге шақырылып көрген емес-ті. Патша әкімшілігі тәуелді ұлттар адамын әскери жұмысқа әдейі араластырмай, сенімсіздік көрсетіп келген. Бір мемлекеттің қарауында отырған халықтарды осындай аралап ұстау езілген елдің намысына тиетін көрініс еді. 1916 жылғы кара жұмысқа шақыруға қарсылықты суреттейтін өлендерде саяси-әлеуметтік теңдік алмаған халықтың басқа ел мүддесі үшін босқа құрбан болғысы келмегендік сарыны күшті сезіледі. «Бекболат» жырында батыр патша әкімдеріне:

...Әуелде солдат қылып ойнатпадың,  
Орысша тіл үйретіп сайратпадың.  
Көзін ашып «қу казак» оянар деп,  
Казынанан аядың кара нанын, —

деп, кінә таға сөйлейді.

Тізімге алыну, казармаға әкеліну, белгісіз алыс жолға аттану көп шығармаларда егжей-тегжейлі көрсетіледі. Сол өлендердің әрбір шумағынан дерлік халықтың отаршыл үкіметке деген буыр-

қанған кегі мен қайнаған намысы елес береді. Кейбір өлендер «Жыл биыл мың тоғыз жүз он алтыншы», — деп күнделік тәрізді мейлінше нақтылы басталады. Енді бір өлең «Ноябрь» жұлдызының дәл бірінде, біз шықтық Қызылжарға приемға», — деп болған істің айы мен күнін де дәл айтады. Майдан шебіне аттанғандардың тұрмыс-халі, көңіл күйі Біржан Берденов, Ғайкеш Ботаевтың өлендерінде неғұрлым толық көрінген деуге болады. Ғайкеш Ботаев нұсқасында әскерге кедейлердің жаппай дерлік алынғаны, бай балалары аман қалғаны айтылады.

...Тазды алды, соқырды алды, ақсақты алды,  
Бір байдың үш баласы бірдей қалды.  
Бұл күнде тура өкім елде болмай,  
Өкімдер дұшпан тұтты жарлыларды.

Осы өленнің енді бір жерінде «Орысша білген кісі тәуір болды, Сонда да қызметі ауыр болды», — делінген.

Ал Біржан Берденовтің «1916 жыл» деп аталған ұзақ өлендерінің әрбір бөлімінде солдатқа алынғандардың ұзақ жолда көрген-білгендері кезек-кезегімен баяндалады.

...Жиылып прием үйдің қақпасына  
Отыз бір он тоғызбен еніп жатыр.  
Сандалып, шара таппай тұрған казак.  
Алдында көмесіе төрелердің  
Топталып төрттен қатар тұрып жатыр...

Бұрын кең сахараны еркін кешіп жүргендерге казарманың ауыр тәртібі алабөтен зорлықтай көрінеді. Сол кездегі ауыл адамдарының мінезі мен дүниетанымын білуге мына жолдар таптырмайтын тірі куәлік есепті.

Жүрмедік енді қайтып келген ізбен,  
Шыға алмай казарманың есігінен,  
Жанашыр бірге туған ағайлармен  
Қақпанын амандастық тесігінен.  
Дүниеде өмір сүріп, жүрсек тірі  
Мұнысы тіпті-ақ кетпес есімізден...

Бұдан кейін әскер тиеген эшелонның бағыты, темір жол бойындағы орыс қалалары аталады. Қонған жер, көрген қысым — бәрі де тізілген.



## II

Тарихи оқиғаларды, аңыздарды эпостық дәстүрмен баяндайтын жырлар өз алдына бір сала. Бұларда тарихи істердің желісі сақталып, негізгі белес оқиғалар, белгілі адамдар сөз болып отырады. Сонымен қатар мұндай жырлардың тарихи оқиғалар ізімен туған өлендерден айырмашылығы бар. Қалай болған күнде де, тарихта анық болып өткен оқиғалар мен адамдарды ауызша тараған аңыз негізінде жырлау өзінше бір аралық жанр деуге келеді. Бұл алуандас жырлар арнайы, жеке зерттеуді, жанрлық ерекшеліктерін жан-жақты ашуды қажет етеді. Көне классикалық эпостың қайсыбір белгілері (әсіресе орталық қаһарманды биікке көтерін, мінсіз етіп мадақтау, т.б.) сақтала тұрса да, мұндай жырлар бойында өзіне хас түрлі сонылықтар кездеседі. Кейде оқиғалар жазба тарих сарынына сәйкес баяндалса, екінші бір тұста қиялдау, көркемдеп жинақтау басым түсіп жатады. Мұның бәрі тарихи аңызға құрылған жырлардың елдің өткенін түсіну мен бағалауда күнделі мағлұмат бере алатын қасиетін аңғартса керек (II).

Абылайға арналған жырлар осы топқа жатады. Тарихта атқарған қызметі, ұстаған саясатының бағыты ғылыми бағасын алған атышулы хан жайында жыр біршама өзіндік талдау береді. Өлбетте, тарихи фактілер мен жырды салыстырып, қалайда дәлмедәлдік, барабарлық нышанын іздеу бос әурешілік болар еді. Жыр Абылай ханның балалық шағынан бастап, даңқты билеуші болғанға дейінгі өмір жолының кейбір мезеттерін елестете алады. Таза хронологиялық жағынан қарағанда жыр шындықтан біраз ауыпқығанмен, кейбір сәтте ресми тарихта «жазылмаған» тосын деректерді де ұмыт қалдырмайды. «Абылай хан» жыры, міне, осындай сипаттарымен қызғылықты.

Бұл жырларда Абылай туралы халық санасында ұялаған ақиқат эпостық дәстүр ауқымында бейнеленген. Ал эпостық дәстүр деген тарихи құбылыстарды тану мен мінездеудің өзгеше бір көркемдік деңгейі ғой. Ендеше, бізге бұл жырлар нұсқасында Абылай істері қай тұрғыдан, қалай сипатталғанын білу мәндірек.

Жырда Абылайдың жасында жетім қалып, сонау Хиуадан Түркістанға келгені, одан үйсін Төле бидің қолында малшы болғаны, кейінірек қалмақ әскерлерімен соғыста ерекше ерлік көрсетіп, көзге түскені, сонан кейін ғана «Сабалақ» аты қалып, Абылай есімін иемденгені айтылады. Түрлі нұсқада Абылайдың ал-

ғаш жауға шапқаны, жекпе-жек ұрыстары, хан көтерілуінің мәнжайы өзінше, өзгешелеу баяндалғанымен, оның әуелгіде малшы болып, елеусіз жүргені, тек ерлігімен ғана ер санатына кіргені қайталана әңгімеленеді. Бұл кезеңді жыр былайша куәлендіреді:

Сабалақ түйе бакты, жылқы бакты,  
Төлеге қалай айтса, өбден жакты.  
Төле би құл да қылды, ұл да қылды.  
Кім білер осындайда берер бакты\*.

Сабалақтың екі қолын екі жаққа жіберіп ұйықтағаны да, «сарқып» деп әкелінген бастың етін өзінен бұрын жолдастарына бөліп беруі де, барлық ісінің тыңғылықтылығы да оның туысы «тегің» еместігін дәлелдеуге керек көріністер. Дегенмен Абылайдың ата-тегі мықтылықтан емес, өз басының қасиетімен қатарынан озып шыққанын көрсетуі — халықтың ұғымына сәйкес келеді.

...Аздан соң жылқы бакты қойдан шығып,  
Еш жанға сыр бермейді, жаудан ығып,  
Қанпа жау көрінсе де, көзге қатер  
Жалғыз тайды алдырмас қорқып бұғып.

Абылай туралы жырлар түрлі нұсқада кездеседі, өрі бірінбірі толықтырады. Солардан оның XVIII ғасырда қазақ елін жоңғар басқыншыларына қарсы күресте атқарған еңбегі көрінеді. Үш жүздің баласының басы бірігіп, жауға шабуы, жеңіске жетуі Абылай хандық құрған кезеңмен тұстас деп бағалайды. Атап өтерлік нәрсе сол — Абылай есімі бұл жырларда қазақ халқының бостандығын қорғау, бүтіндігін сақтау, дұшпандармен алыса аларлық қуатты болуын армандау ұғымымен бірлікте берілген. Абылай атының, ісінің эпостық биікке көтеріле дәріптелуінің түпкі сыры осында жатыр.

Қазақтың жауды жығып немесе кезек жеңісіп жүрген кезінің бәрінде де Абылай еңбегі мадақталып отырады. Мұнда көптеген ақиқат деректер келтіріледі. Үйсін Төле би, қалмақ ханы Қалдан, батырлары Шөкеман, Шарыш, т.б. туралы да аз айтылмайды.

\* XVIII — XIX ғасырларда өмір кешкен ерлерге арналған тарихи жырдың үзінді мысалдар тарихи өлен мен эпостың баспаға әзірленген қолжазба нұсқасы бойынша беріліп отыр. Қолжазба М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінде сақтаулы.

Хандықтың орталығы қай жүзде болу керектігі туралы таластың елесі де жырдан аңғарылады. Үйсін Төле бидің төрелігі бойынша жауға қарсы күрестің орталығы болып отырған Орта жүз жері хан тұруға лайық деп табылады.

Қол бастап аттанғанда қалың жауға,  
Қазаққа көп түсірді олжа-сауға.  
Хан ордасы болуға лайық жер деп,  
Қондырды жұрт көтеріп Көкшетауға...

Соғыста жаудың әйгілі батырларын жекпе-жекте жеңуші көбіне Абылай болып көрінуі, әрине, эпостық әсірелеу нәтижесі. Жыр өткен оқиғалардың фактілік дәлдігін сақтай бермей, бағыты мен рухын ғана ұстап қалатыны мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Абылайдың қалмақ тұтқынында болуын айтқан жердегі шындық пен қиялдың алмасып келуі түсінікті. Қалдан тұтқындағы Абылайға «не арманың бар?» — дегенде ол ұйықтап жатып қолға түскенін, қазақ елін отырықшылыққа көшіре алмағанын, артында үрім-бұтағы жоқ екенін өкініш етіп айтыпты-мыс. Әрине, бұл арада шындық пен қиял аралас жатқаны анық.

Осылайша тарихи оқиғалар ізінен бірде олай, бірде былай, белгілі дәрежеде ауытқи отырса да, Абылай туралы жырлар бұл ханның өмірбаяндық деректері, оның мансабы мен жорықтары, сүйенген күштері мен қоршаған ортасы, жалпы қазақ қауымының сол шақтағы ахуалы жайында елдің қайшылықты ұғымын анықтай алады. Бұл жырлар Абылайдың хандық дәуірі қазақ елінің басын құрау, мейірімсіз жауға қарсы күресті ұйымдастыру жөнінде объективтік жағынан мәнді болғанын сипаттайды. Сонымен қатар, бұл жырларда Қазақстанның Ресеймен ынтымақ, достық орнатуының кейбір фактілері дұрыс бағытта көрсетілгенін де атап айту қажет.

Ежелгі эпос дәстүрінің үлес өрнегі әр жырда түрліше орын алады. Қаһармандардың ерлік ісімен қатар адамшылығын, парасат, сезім дүниесін талдауға, тұрмыстық-салттық, әлеуметтік мәселелерді көрсетуге көбірек көңіл бөлу бұл жырларға тән сипат.

«Қабанбай батыр» жырынан осы айтқанды көреміз. Жыр ауыз әдебиеті дәстүрінен тым алыстап та кете алмаған, сонымен қатар бірыңғай эпос ізіне де түспеген. Соның нәтижесінде әлеуметтік-тұрмыс романы секілді қызғылықты шығарма туған.

Бұл жырды байырғы түрге жақындатып тұрған белгілер ретінде: а) Қабанбай он үш жасында жауға шапқан деп дәріптелуін; ә) Батырлық соғыстың көріністерін; б) Қабанбайдың ауырып жатса да, ата жауының басынып келгенін естіп, қайратқа мініп, дұшпанды қырып «салғанын»; в) Батырлардың таңдаулы аттары болуын, т.б. атар едік. Жырда қазақ елінің ішкі өмірі, ағайындық қарым-қатынасы молырақ суреттелген. Әсіресе аты аңызға айналған Қабанбайдың жойқын батырлығы жеткілікті сездіріледі.

Қабанбайдың қарауындағы бір ауылды қапыда қалмақ шауып кеткенде қапаланып, «жаудан қалай кек алам» дегенін естіп, замандас, тілектес ерлер жиналады. Солардың Қабанбай ауылына біртіндеп келіп, қосылуы да эпостық сарынды еске салады. «Мұрыннан іздеп келті ер Боранбай», «Келіпті Қанжығалы қарт Бөгембай», «Келіпті Көкжарлыдан батыр Барак», «Келіпті Төртұылдан ер Баймұрат» секілді жолдар жыр серпінін күшейте түседі. Бұдан кейін Ершін қожа, Бердіқожа, Дәулетбай, Жәлібек аттары аталады. Қалмақ батыры Әтеке қазақтарға айбат шеге өзі ізденіп келгенде көп ерлердің онымен алысуға күші жетпейді. Әтекені тек Қабанбай ғана жеңеді. Жырда Қабанбай ел кегін қуаушы, жауын жекпе-жекте, адал айқас үстінде түсіруші болып көрінеді. Оның адамшылық парасаты бірте-бірте ашылады (12). Ол әкесінің денесін сұраған Әтеке қызының тілегін орындайды, жеңілген қалмақтың малын талатпайды, қатты науқас кезінде аңдып келген қасақы жауын жайратып, өлерінде еліне өсиет айтады, туысы Дәулетбайдың кінәсін кешеді. Осы және басқа көріністер Қабанбай бейнесін қомақтандырады.

Батырдың жорық серігі — сенімді жүйрік аты болуы эпостық поэзияға хас сипаттың бірі. Сол дәстүрді тарихи аңыздар негізінде жасалған «кенже эпостан да» көреміз. «Абылай хан» жырында оның мінген аты Наркызыл делінеді. Сондай-ақ Қабанбайдың Құбас аты, Бөгембайдың Ақкекілі, Олжабайдың Тайкөгі, Исатайдың Ақтабаны, Барактың Көкжалы, Дәулетбайдың Кергөрысы, Бұхар жыраудың Бөртесі, Жасыбайдың Қоянкөгі, Әтекенің Көкторғайы әрі дүлдүл, әрі есті жануарлар болып сипатталады.

«Қабанбай батыр» жырында халықтың тұрмыс-салт өлеңдері: жоқтау, көңіл айту, қоштасу, арыздасу кен орын алған. Мәселен, Әтекенің қызы Ханбике қансырап, құлап жатқан әкесін былай жоқтайды:

Білмедім өке ойыпты,  
Бар жасағын жойылды.  
Қазақтан шыққан көп батыр,  
Сойысқа салды қойылды.  
Түйеден алды теңізді,  
Ала алмай өлді кетінді.

Қалмақ қызы өткір, батыл мінезімен, парасатты сөзімен қазақ батырларына әсіресе Қабанбайға қатты ой салады. Қыз тілегі орындалады. Кейбір жігіттердің қызды мазақ етпегіне, қалмақ малын түгелдей шауып алмақ ниетіне Қабанбай тыйым салады. Бұл оның бойында нағыз халық азаматына тән туралық мол екендігін аңғартады. Кейіннен, Әтеке жарақаттан жазылып, Қабанбай ауырып өлейін деп жатқанда тұтқиылдан шаппақ болуына қызы Хан-бике қарсы болып, қазақ батырының адамгершілігін, кеншілігін есіне салады. Бұл мезетте де қыз бейнесі жалт етіп, жақсы қырынан көрінеді. Бірақ өштікке, кекке бой алдырған Әтеке қызының ақылын тыңдамайды, ақыры өзі екінші рет барып тиісіп, Қабанбай қолынан қаза табады. Өзара алысқан батырлардың іс-әрекетін мінездегенде жыр авторы әділет биігінде тұрғанын танимыз. Мұнда Қабанбай соғыс кезінде қорған болса, бейбітшілік кезде халық қамқоры сипатында берілген. Жырдың ізгі идеясы, төрбиелік мәні осында жатыр.

Қабанбайдың өлер алдында айтқан өсиеті қоштасу сипатында берілген. Оның биік ойы, өмірлік ансары осы тұста неғұрлым анық та толық айтылған деуге болады.

Бірлік кетіп еліннен,  
Құт шайқалып жерінен,  
Қол бастайтын ерін жоқ,  
Ел бастайтын биін жоқ,  
Қожа болса көрінген.  
Қайрат қылып дұшпанға  
Шыға алмасаң үйінен.  
Қосылмаса бастарың,  
Қайырылмаса достарың,  
Сен қиналып жүргенде  
Болмаса ісі басқаның.  
Мұнан да қорлық өте ме?  
Бұл сүйектеп кетер ме?  
Бір-біріне өкімісіп  
Қолдарыңды көтерме.  
Зейіл болып дұшпанға  
Бас имендер бөтенге...

Жырда қазақ арасын әлсірететін өкпе-араздық, дүние-мүлікке бола туыстан безіп, ағайыннан аулақ көшіп, бірлікті тоздыратын ұнамсыз әдет те көрсетілген. Жаудан түскен олжа — ақбас нарды бсрмедің деп Дәулетбай батыр Қабанбайға өкпелеп, көшіп кетіп, ағасы өлер шаққа келгенде ғана жыласын табысады. Рас, ақбас нар кісі қызығарлықтай-ақ екен. Ол былай сипатталады.

Бауырына ақбас түйе ел көпкендей,  
Бойы зор бөйтерекпен тілдескендей.  
Мінезі сондай жуас, мыңк етпейді,  
Көзі бар жануардың тас бастаудай,  
Тіректей төрт аяғы және жуан,  
Бір құлаш жерді алады бір басқанла-ай...

Міне, осы малға қызыққан Дәулетбайдың өкінілеп көшуі, Қабанбайдың қартайып, ауруға ұшырауы, жеке үйлі отыруы алыстағы жауының қайта шаппақ болып бас көтеруіне себепкер болады. Сонымен, жырда қазақ елінің ескі қырсығы — мал дауының зардабы мен өкініші туралы да айтылғанын аңғарамыз. «Қабанбай батыр» өзінің бірсыпыра нышандарымен (адамдар қарым-қатынасына дендеп бару, тұрмыс-салт әңгімелерін негізгі желі етіп алу, т.б.) эпостың жаңа кезеңін, жазба поэмаға жақындаған тұсын әйгілейтін ескерткіштің бірі.

Кейбір жырлар оқиғасының күрделілігі, кейіпкерлерінің молдығы әлеуметтік қайшылықтарын ашу дәрежесі жағынан роман құрылысына жақындайды. Мұның қатарына «Бөгембай» жырын жатқызуға болады. Алғашқы шумақтан-ақ жырдың өткен дәуір оқиғасын айтатыны ескертіледі.

Өтіпті-ау біздің қазақ жақсы жайдан,  
Естіген тамаша етіп қалар қайран.  
Қазақтың құба қалмақ заманында  
Сөйлейін Қанжығалы Бөгембайдан...

Бөгембай есімі тарихта әйгілі. Ол XVIII ғасырда қазақ қосындарын жоңғар шапқыншыларына қарсы күреске бастаған, батырлық, парасаттылығымен даңқы шыққан, заманында аса беделді болған адам. Мұның солай болғандығын Бұқар жырау бастаған көптеген замандас ақындар сан рет мадақтап өткені мәлім. Халықтың ауызша аңыз әңгімелерінде де «Қанжығалы Бөгембай»

казак халқының бірлігі, тәуелсіздігі жолында жан аямай алынған ерлердің ең ірілері санатында жүреді. Бұндай бағалар оның тарихи істеріне, жалпы алғанда, қайшы келе қоймайды. Халық камын терең ойлаған, оған үлкен саналы жауапкершілікпен қараған Бөгембай өштескен жауды казак жерінен қуып, ел есесін әперуге қанша көп қайрат жұмсаса, халықтың келешегін де соншалық ойлайды. Сонымен қатар тарихымызда Бөгембай атты тағы да бір белгілі батыр бар. Ол Қазақстанға іргелес жатқан, қуатты Ресей мемлекетімен дос, ынтымақтас болуды, патшалықтың панасына өтуді мақұл көріп, осы ниетін жүзеге асыруға көп күш жұмсаған. Бөгембайдың осындай қызметі тарихи құжаттарда да көрсетіледі. Ресей қарамағына өту мәселесіне қазақтың түрлі топтары мен рулары бір ауызды болмай тұрған шақта Бөгембай халық атынан өкілдік алып сөйлеген санаулы аламдар құрамында болады. «...Кейбір қазақ феодалдарын өте-мөте ашындырған бір нәрсе — Әбілқайырдың олармен ақылдаспай Петербургке сөз салуы болды, олар мұны хан билігінің шегінен шығып кеткендік деп білді. Әбілқайырды батыр Бөкенбай, Есет, Құдайназар мырза және осылар сияқты атакты, ықпалды старшиналар батыл қолдады» (13).

«Бөгембай» жырында қаһарманның елді жаудан азат ету күрестері көрсетілмейді. Мұнда батырдың қартай бастаған шағы алынған. Бірақ жырда оның сырт жауларға қарсы күреске дем беруші екендігі, қазақ жауынгерлері одан кеңес, бата алмай, жорыққа аттанбайтыны айтылады. Мәселен, елде жұт болып, жылқы малы қырылып қалған шақта қалмақтың кекті батыры Қаранай «Бөгембайды өлтірмей тынбаймын» деп 19 мың қолмен келгенде соғысқа батырдың өзі қатыспағанмен, оның інілері мен туыстары жауды мұқатып береді. Бөгембайдың бұрынғы данқының күштілігі соншалық — алыстағы елдер де онымен құда-жекжат болуға құмартады. Ол халқына есепсіз еңбек сінірген, ел мүддесін көздеген, жалпы жұрт алдында беделді, батагөй қария кезінде көрінген. Оқиғаларға тікелей араласушы, жүргізуші болмаса да, істің бәрі Бөгембайдың кеңесіне сіз бітпейді. Бұл оның салған дәстүрінің ел көңіліне ұялағанын көрсетеді. Батырдың тілін алмай, бетімен лаққан немесе оған сырттай да болса ауыр сөз айтқандар опық жеп жатады. Жырда батырдың халық алдындағы өшпес еңбегі әлденеше тұста тұжырымдалып, еске алынып отырады. Бір жерде, мәселен, мынадай жолдарды оқимыз.

Бұл жерде Қаратау, Сыр бойындағы немесе Сұрхандариядағы Байсыпшың қайсысы айтылып отырғанын анықтау қиып. Дегенмен осы фактінің өзі де Бөгембай қолы соғысқан атыраптын аумақтылығын аңғарта алады.

Сөз болып отырған жырдың мәнділігі — Бөгембайдың жалпы жұртқа таныс азаттық соғыстарын суреттегенде емес, әлеуметтік-тұрмыстық қайшылықтар мен тартыстарды аша алатындығында. Атағы алысқа кеткен Бөгембайдың өз еліндегі алауыздықтармен күрессі сияқты мен бағытын тануға шығарма септеседі.

Жырдағы негізгі тартыс — Бөгембайдың зор беделі мен үстемдігін көре алмай, оған астыртын өшпенділік жасап жүрген төрелер әрекетіне байланысты болады. Бөгембай Құлжабек пен Есімбек деген төрелерді қол астында ұстап тұрыпты. Батыр тіпті Әбілмәмбет ханға да ашық қарсы шыға алатын болып көрінеді. Бұл арадан халықтың хандар үстемдігін жек көретіндігі, ел билеуші «қарадан» шыққанын қалайтындығы аңғарылады.

Бөгембайға қарсы баруға айбаты жетпеген төрелер ұсақ айлаға, арам есепке көшкені, төренің сұлу қызы Зейнептің Маян (Бөгембайдың әкесі) әулетінің бас көтерер жігіттерінің бірі Қасқабайға тимек болып, оны ағасынан бөліп әкетуінен көрінеді. Қасқабай соңынан көп ел еріп, Бөгембай даңдарып, қапаланып қалады. Лезде жонданып, ақ орда тіккізіп алған Құлжабек төренің ауылын көрген Бөгембайдың досы Сынғыр бұл іске күйініп, Маянның тағы да бір көрнекті жігіті Сарыбайды қайрайды, мына масқараға шыдауға болмайтынын айтады. Оңашада кездесіп қалған Сарыбайға Зейнеп өктем сөйлеп, Бөгембайды «қу бас» деп тілдейді, ер болсаң біздің ауылға ертең кешке кел деп араңдатпақ болады. Зейнептен кек алуға ант ішкен Сарыбай ертеңіне төре ауылына әзірлік жасап, үлкен сактықпен барады. Тағы да бейпіл сөйлеген Зейнеп Сарыбайдың көзін жоюға бел байлайды. Бірақ қыздың бірнеше адамдарын жаралап, Сарыбай жүйрік атпен қашады. Артынан көп дұшпан, ішінде Қасқабай да бар, қуады. Қолға түссе мейірім көрмейтінін білген Сарыбай қызға сатылған опасыз Қасқабайды атып өлтіреді. Бұл хабар ел ағасы Бөгембайға да, Қасқабайдың дана шешесі Аналыққа да ауыр тиеді. Зейнеп сонындағы көп елдің Бекбау деген жігітіне тимек болып, оны Бөгем-

байларға қарсы айдап салады. Бірақ төре дулаттар (жырда осылай делінген) жеңіледі. Мұнап соң Зейнеп Сарыбайдың туысы Бексұлтанды айналдырады. Ашулы Сарыбай Зейнептің бұрымын кеседі, төренің сегіз қызы өз қалауымен бір-бір жігітке тиетін болады. Пысық, өлермен Зейнеп өзіне көп қорлық көрсеткен Сарыбайды таңдайды. Сөйтіп, бұған дейін Бөгембайды «ку бас» деп балағаттап, оның елін екі бөліп, өзінің әкесін билеуші етуді армандаған Зейнеп Қасқабайдың да, басқа байдың да түбіне жетіп, енді ұялмастан Бөгембайға келін болып, кешірім сұрайды, батырдың кеңсінділігін пайдаланып, әкелеріне теңдік өнереді. Сонымен, жыр қазақ шонжарлары мен ежелден елді билеп келген төрелердің арасындағы билік үшін таластың ұштығын ақиқат баяндаған. Бөгембай, Зейнеп, Сарыбай, Аналық бейнелері нанымды ашылған.

Жырдың бұдан былайғы оқиғасы көбінесе Бөгембай ауылынан алыста өтеді. Бір топ інісі Бөгембайдың бата, ризалығын алып, Сырдарияның ар жағындағы қазақ елін қалмақ нояндарының езгісінен құтқармақ болып аттанады. Бұл арада Сыр еліндегі бір байдың қызының күйеуге айттырылғаны, бұған қыз ағаларының біреуі қарсы болып, арала кикілжің туғаны, әлгі қыздың ғайыптан келгендей қанжығалы жігіттеріне кездесуі, солардың бірі — Тыныбекті ұнатып, сөз байласуы, қыз айттырған жақтың жігіттерімен арада болған ұрыстар, т.б. айтылады. Қысқасы, жырдың бұл бөлесті қиял-ғажайып ертегілер секілді белгіні танытады.

Қанжығалы елінде жұт болып, халықтың күйі нашарлайды. Сондай тұста аңдып отырған қалмақ тұтқыннан тиіседі де, жеңіліп қайтады. Енді бір жұтта Бөгембай елінің малы алыстағы Абак жайлауларында аман сақталады. Жерге таршылық көрсеткен Сәуір төренің арам пиғылына ел жақсылары ерік бермейді. «Қазақтың панасы болған» Бөгембайды алыс-жақын рулардың бәрі де зор құрмет тұтқаны осы арадан да көрінеді.

Сонымен қатар жырда Бөгембайдың кедей мен «күлға» менсінбей қарайтындығы қағыс қалдырылмаған. Ол өзіне қызмет етіп жүрген жігіттердің бірі — Бектұрға Сәуір төренің қызын қимай, жас сұлуды жиеніне өнереді. Бұл әрекет Бөгембайдың өзін хан болмаса да, ханнан кем ұстамаған, «ақсүйектік» мінезін байқатса керек.

Халық батыры Бөгембайдың өмір дерегіне негізделіп жазылған жартылай қаһармандық, жартылай әлеуметтік-тұрмыстық

эпос үлгісінде туған жырдың танытқыштық мәні негізінде хатқа түспеген, хронологиясы қалмаған шындықтардың ел жалында сақталған аңызын, ақиқатын елестетуінде.

«Шакшақ ұлы ер Жәнібек» — XVIII ғасырдағы қазақ халқының азаттық күресіне арналған жырдың бірі (14). Тіл кестесі аса көркем, дарынды ақын қолынан шыққан бұл туындының тақырыптас өзге жырларға ұқсастығы да, айырмасы да бар. Атап көрсетерлік бір нәрсе — мұнда да «Қабанбай батырдағыдай» көптеген ерлердің аты аталады, олардың өмісес қаһармандығы мадақталады. Қазақтың XVIII ғасырдағы азаттық соғысының ең әйгілі батырлары мен шешендері қатар тізіліп айтылатын жерлер күрестің жалпыхалықтық сипатын айқындай түседі.

Қазақ хандығының астанасы — Түркістанды жонғар әскері басып алып, елді бастырын жібергенде, аман қалған ерлердің көбі сайын сахара — Сарыарқада бас қосады. Солардың басшысы болған қаһармандарды, намысты қолдап бермейтін ру көсемдерін Бұқар жырау былай тапыстырады:

Қорамсаққа қол салған,  
Бір салғанда мол салған.  
Тартқан оғы зырлаған,  
Түскен жері зарлаған.  
Өтпей кейін тұрмаған  
Белгілі ерлер, батырлар:  
Ордамбасы Жәнібек,  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгембай,  
Сүйіндіктен Олжабай,  
Бәсентіні Сырым бар,  
Малайсары бұрын бар.  
Жантай, Барак, Жаулыбай,  
Бағаналы Барлыбай,  
Тауға жортқан құлжадай,  
Түсірген малды олжадай...

Жәнібек батыр туралы жырдың құрылысы қызғылықты. Ең алдымен болашақ батырдың ата-тегі туралы ел аңызы келтіріледі. Жәнібектің атасы Шакшақ бес жасында найза ұстап, он жасында халыққа билік айтқан делінеді.

Бұл, әрине, эпикалық әсірелеу. Шакшақтың әйелі — тұтқынға түскен қалмақ қызы. Жүкті кезінде қошқардың етіне жерік болыпты. Содан туған баланың атын Қошқар қойған екен. Ал

Кошқардың ұлы Жәнібек әкесінен де асқан ер болады. Осылайша тұқым қуалаған батырлықты көрсету классикалық эпостың ескі дәстүрі болатын. Жәнібектің ер жете келе нағашы жұртына барып, асау атты бас үйретіп мінуі де болашақ батырға тән мінез. Жәнібек туарда атасы Шақшак түс көреді. Оның ер жеткен кездегі істері де мейлінше ірі, тұтас, мінсіз болып келеді. Суреттелу принциптері, тәсілі жағынан «Шақшак ұлы Жәнібек» көне эпостың нышанын танытады. Оның батырлық істерге араласар алдында Орта жүзге қадірлі керей Абыздан бата алуы да халық қиялындағы қаһарманға лайық әрекет. Ал Абыздың батасы күрделі де терең. Бұл өлең, тақпақ сөз бата жанрының үздік үлгілерінің бірі. Мұнда шығыстың, қазақтың ұғымындағы ең даңқты адамдардың басындағы қасиеттер тізіледі... («Лұқпандай миы бол, балам, Залдай терең ойлы бол, балам, сабырлы Аюптай бол, балам, Рүстемдей батыр бол қаймықпай, балам»...).

Жырда Жәнібек қатысатын екі үлкен оқиға айтылады. Біріншісі — Аралбай есімді қалмақ ханының жаулаушы әскеріне қарсы соғысқа қатысып, дұшпан батырын жекпе-жекте жеңіп, асқан ерлік жасауы, екіншісі — Қазақ хандығының астанасы Түркістанды жаудан босататын жойқын ұрысқа қатысып, теңдесі жоқ жүрекшілік көрсетуі. Мұның қай-қайсысында да Жәнібектің қимылы Алпамыс, Қобыландылардан кем көрсетілмейді. Мәселен, Жәнібектің ер қаруын асынып, алысқа сапарға шығуы былай көрсетілген:

Абыздан шығып Жәнібек,  
Қамшы басып шу дейді.  
Астындағы тұлпардың  
Аяғы жерге тимейді,  
Ақ бөкендей гулейді.  
Қос құлағын қайшылап,  
Созып аяқ сермейді.  
Асқар биік тауларды  
Белес құрлы көрмейді...  
Таудың қия тастарын  
Сөз балшықтай илейді...

Жаумен алғаш беттескенде ол осы екінін сөйкес ерлік көрсетеді, күллі қазақ еліне аты жайылады.

XVIII ғасырдағы Жоңғар жаулаушылығын көрсетуге арналған жырлардың ішінде астана қала — Түркістанның қалмақ қолы-

на қалай түскенін, Тәуке хан өлгенін, жұттың, қуанышылықтың қатар келгенін, қазақтың мықты ханы жоқ екенін пайдаланып, әккі жау ұрымтал жерден тигенін, халықтың орасан шығынға, азапқа, қорлыққа ұшырағанын неғұрлым толық та жанды суреттермен беретін осы шығарма болар. Соңдай-ақ мұнда қазақ батырлары қол жинап, Түркістанды қайтадан алғаны, бұл тұстағы Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек ерліктері көң де кемел бейнеленген, Жырдың кестелі, шұрайлы тілі халық басындағы қасиетті де, намыстан ширап, жауды жоймай тоқтамауға бет алған батырлардың қайтпас қажырын да еркін, нанымды сездірген.

Қабанбай мен Бөгембайға алғаш кездескенде Жәнібек өзін былайша таныстырады:

Тегімді менін сұрасаң,  
Досым майдай сақтаған,  
Дұшпанын саздай таптаған,  
Бармаған жері болмаған,  
Алмаған елі болмаған,  
Алдыңан сөз кетпеген,  
Атамның аты ер Шақшак,  
Сол Шақшактың ұлымын,  
Айтулының бірімін...

Жырдың осынша серпіңді, эпостық биіктігі көп ретте нақтылы суретшілікпен ұштасады. Анық тарихи оқиға суреттелетін тұста жыр тілі өзгеше дәл әуенге көшеді, шындық ауқымынан шығып кете қоймайды. Бұл арада классикалық эпосқа тән суреттеу құралдары мен тәсілінің кейінгі дастаншылық дәстүрге ұласып, белгілі дәрежеде бірлік табуының мысалын көреміз. Жырдың хатқа түсуі, жарық көрмей архивтерде жапуы, оның «эпостық мерзім» тәжірибесінен өтіп, қырланып, сырланып құбылуына мүмкіндік бермеген. Жалпы, XVIII ғасыр оқиғаларының бүкіл халық тағдырында үлкен, өшпес орны болуына қарамастан, ол туралы жырлардың классикалық эпос дәрежесіне жетпеуінің негізгі бір себебі осы айтылғанға қатысты.

Жоңғар жаулаушыларына қарсы батырлық эпопеяның бір тарауы — «Олжабай батыр». Бұл жыр Абылай, Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек туралы шығармалардың табиғи жалғасы секілді. Мұнда XVIII ғасырда қазақ жерін қорғаған Бөгембай, Қабанбай, Малайсары, Жасыбай, Сырымбет, Барак, Баян, Балтакерей, Тұрсынбай, Бердіқожа секілді батырлар есімі құрметпен аталады,

кейбіреулері (Жасыбай) Олжабайларға қарулас серік болады, карт Бөгембай іздеп келіп жас батырға бата береді.

Жырдың оқиғалық өзегі: қазақ жеріне сұқтанып, сансыз шабуылға шыққан қалмақтарға соққы беру, елді жайлы қонысқа орналастырып, мұратына жеткізу. Ежелгі классикалық эпосқа тән белгілер «Олжабай батырдан» толығымен табылады. Сондықтан мұны белгілі дәрежеде, қаһармандық жыр тобына жатқызуға болар еді. Соғыс суреттері де ескі жырдың дәстүрінде жасалған.

Сармала туын жайнатып,  
Бір кезеннен Олжабай,  
Шыға келді тұйғындай  
Тайкөк атты ойнатып.  
Шақырлап сулық шайнатып,  
Шашақты найза қолға алып,  
Жұлдыздай көзін жайнатып  
Қалмаққа тілі сонымен  
Садақ, мылтық зырлатып.

Олжабайдың ерлігі, ең әуелі ұрланып кеткен жүйрік атты іздеуден басталады. Ол ат кырғыз Әтеке ауылынан («Қабанбай батырда» Әтеке қалмақ батыры делінетін) табылады. Жас батырдың кимылынан сескенген Әтеке ұрланған жылқыны еркімен беріп, достасайық деген пікірге келеді. Кейіннен екі рет үлкен соғыста жеңілген жау батырлары — қалмақ басқыншылары Олжабайдан кешірім сұрап, достыққа шақырады. Бұл — XVIII ғасырдағы азаттық күресіп суреттеген жырларда кездесе бермейтін сарын. Мұны екі себеппен түсіндіруге болғандай. Біріншіден, Олжабай соғыстары қазақ пен қалмақ жанжалының соңғы дәуіріне, XVIII ғасырдың елуінші жылдарына тұстас келетін секілді. Бұл кезде қалмақтың талай жеңіліске ұшырап, өденкі қарқыны басылып, өз ішінен алалық шығып, әлсірей бастаған кезі. Мына жырдағы соғыстың біреуі — қазақ арасына паналаған Әмірсананы қайтарып бер деген қалмақтардың талабын Олжабайдың орындамауына байланысты туатыны да осыны дәлелдейді. Демек, жырда жеңілген қалмақтың кешірім сұрауы тарихи шындық рухына сөйкес, қазақтардың күші нығайып келе жатқан сәттің бір қосалқы көрінісі деп есептесек керек. Екіншіден, Олжабай батырдың бір әйелі қалмақ қызы болуы оны қалмақ шонжарларымен туыстырғаны белгілі. Бұлар өзара соғыса жүріп те, жекжаттығын ұмытпаған. Міне, бұрынғы қатал, қайырымсыз, тілсіз

жаудың мәмілеге шақырып, достыққа үндей бастауының түпкі сыры әлгіндей құбылыстарға қатысты.

Жырда жаулық тілейтін, қазақ қонысына басып кіретін қалмақтардың болуы да тарихи шындыққа сәйкес. Қазақтардың өз жерінен шығып, қалмақтың ата қонысын жаулап алуға аттанған фактісін тарих дерегі растай алмайды. Мұның өзі «Олжабай батыр» жырында ақиқат оқиғалардың елесі көрінетіндігін білдірсе керек. Сондықтан да мұны эпостық дәстүрмен жасалған көркемдік шындық деп қарауға да болады.

«Олжабай батырда» қазақ елінің ішкі қайшылықтары да көрініс берген. Абылай хан кейбір адамдарға қатал жаза кескенде, әскерімен барып Олжабай арашашы болады. Бұдан Олжабайдың хан алдындағы беделі үлкен екені, хандықтың өзі рубасылар мен батырлар көмегінің тұра алмайтыны аңғарылады.

XVIII ғасыр оқиғаларына, Жонғар жаулаушылығына байланысты туған жыр біз ілгеріде талдап өткендермен сарқылмайды, өзге ерлер жайында үлкенді-кішілі өлеңдер аз болмасқа тиіс. Олардың бәрі жиыла, бас құрай келгенде аса көлемді де көрікті мұра болып шығатыны зайыр.

XVIII ғасырдың оқиғаларын бейнелейтін жырлардың бәрі бірдей жиналып алынды деуге болмайды. Ал жазылып алынып, кітапхана қорына алынғандардың өзі сол жырлардың ең таңдаулы нұсқасы бола бермейді. Сондықтан өткендегі оқиғалардың сыры мен сипатын таныстыратын ондай шығармаларды мүмкін қадарында жинап алу — кезектегі міндеттің бірі.

Көптеген шығармалар аңыздарды өлеңге түсіру ретімен жасалған. Соның бірі — «Сырым батыр». Мұнда Сырымның Нұралы ханды шауып, патша әкімшілігінен қуғын көрген кезінің елесі бар. Сырым елінің атакты билерінің бірі Намаздан бата алып, Бұхараға аттанады. Сонда Бұхар ханымен тілдесіп, шешендік, тапқырлық танытады. Сырым еліне қайтарда хан оған қастық ойлап, үзенгісіне у жақтырады. Соның зардабынан батыр өледі. Міне, «Сырым батыр» жырының ұзын-ырғасы осы, — Бұхар ханының сұрақ қоюы, Сырымның ұтымды жауабы, «Сырым айтыпты» деген сөздер ел арасына кең жайылған. Бірақ мына жырда Сырымның шешендік сөздері онша көркем де, келісті де болып естілмейді. Бұл, әрине, жыр авторының ақындық дарын дәрежесіне байланысты нәрсе. Нақ осындай, өткендегі белгілі оқиғалармен атакты бейнеленген, көркемдігі түрлі деңгейде тұрған шығар-

малар кездеседі. Мұның бәрі халықтың нағыз үлкен істер мен мінездерді әрқашан есінде сақтай білетіндігін көрсетеді...

### Ш

XIX ғасыр оқиғаларын суреттеген көлемді жырлардың құрамы әр қилы. Олар сан жағынан мол, көркемдік дәрежесі түрлі деңгейде. Әзірше ол жырлардың біразы зерттеу тақырыбы бола алған жоқ. Мәселен, өткен ғасырдағы Кенесары-Наурызбай бастаған халықтық қозғалысқа байланысты шығармалар соңғы жылдарда ғана жариялана бастады...

Әлеуметтік талдауы, тарихи мәні ілгерішіл сипаттағы бірнеше шығарма — «Исатай-Махамбет», «Бекет», «Жанқожа», «Досан» — көп мұрадан екшеліп, жұртшылық назарына ұсынылған жырлар қатарында. Бұлардың ішінен «Исатай-Махамбет» жеке кітап болып жарық көрген (15).

Аталған жырлардың көлемдісі де, көркемі де белгілі ақын Ығылман Шөрековтың қаламынан туған — «Исатай-Махамбет». Бұл жырдың бойынан жалпы XIX ғасыр оқиғаларына негізделіп туған шығармаларға тән кейбір ортақ сипаттар да табылады.

«Исатай-Махамбет» жырында тарихи өлеңге де, ертедегі эпосқа да хас белгілер қатар кездеседі. Болып өткен оқиғаларды, адамдарды дәл де нақты айтуы тарихи өлең шартына сай келсе, қаһармандарды бейнелеуде серпіліп, биіктеп кететін тұстар эпостық дәстүрді еске салады. Дегенмен мұнда эпостық әсірелеу XVIII ғасыр оқиғалары туралы жырларға қарағанда анағұрлым кем. Қанша айтқанмен, бұл шығармалар XIX ғасыр істерінің жаңғырығы басыла қоймаған, сол істер туралы анық білетіндердің бар кезінде жасалғаны сезіледі. Сондықтан да «Бөгембай батыр», «Қабанбай батыр» жырларымен салыстырғанда «Исатай-Махамбет» жазба поэма үлгісіне анағұрлым жақын.

«Исатай - Махамбет» жыры өмір фактілерін, шежірені, аңызды кең пайдалану негізінде жазылғаны көрінеді. Жырдың ұлы желісі Махамбет ақын толғаған жайларды кеңейте, жүйелі түрде қайталайды десек те болады. Бұл шығарманың кемшілігі емес, тарихи шындыққа жақындығы деп білеміз. Өйткені 1837-38 жылғы халық қозғалысының себебі мен мақсатын, Исатай батырдың жарқын бейнесін Махамбет ақыннан артық та, әсерлі де суретте-

ген ешкім жоқ. Ы.Шөреков шығармасының тарихи өлеңге ұқсайтын жерлері де көтерілістің Махамбет жырлаған кезіндегі толғайтын тұстары.

Дегенмен «Исатай — Махамбет» өлгіндей тарихи өлеңге тән нақтылығына қарамастан, негізінен алғанда, ауыз әдебиетінің үлгісіне жақын тұратын шығарма. Мәселен, Исатай мінездемесі былайша берілген.

...Әділдігін сұрасаң, —  
Қастаспаған момынға  
Жәбір-жана қылмады.  
Қайсарлығын сұрасаң —  
Бөксе бұрып орнынан,  
Хан келсе де қынбады.  
Сабырлығын сұрасаң —  
Өзі айтқанда аз сөйлеп,  
Кісінің сөзін тындады.  
Батырлығын сұрасаң —  
Қатерін тіккен дұшпанмен  
Қан төгіспей тынбады.

Бұл сипаттама шыншыл поэманың емес, эпостың өнегесіне бейім екендігі көрініп тұр. Бұдан кейінгі Исатайды мадақтау сарыны осы пікірді нығайта түседі.

Он жасына келгенде,  
Бұлбұлдай тілі сайрады.  
Жасы он беске келгенде  
Жұрт пайдасын ойлады.  
Жиырмаға келгенде,  
Жиылған дуды көргенде,  
Оза шауып бөйге алды.  
Жиырма беске келгенде,  
Астананың қамы үшін  
Түн ұйқысын бөлгенде  
Түтесітмес қайғы алды.  
Отыз жасқа келгенде,  
Жасакпенен сайланды.  
Арыма шылап тұрман деп,  
Жұрт үшін жаным құрбан деп, —  
Он екі ата байұлы  
Жеті баулы берішті  
Бермеске жауға айналды...

Исатайдың портреті де эпостық қаһармандарды еске салады.

...Ту сыртынан қараса,  
Тұтас екен денесі.  
Тоты құстай тұрпаты.  
Табылмаған кемісі.  
Ат үстіне мінгенде  
Аруағы көтеріп,  
Көптен озған төбесі.  
Орта бойлы ер екен  
Жауырыны жазық, мойны ұзын,  
Оқ тартқанда қолы ұзын.  
Сәукеле сақал, үлкен көз,  
Жазық маңдай, кең бетті.  
Қырмызы қызыл келбетті...  
Ой менен ақыл, білікті,  
Сыпайылық, көркемдік  
Салмақ пен сабыр, құлықты  
Бір денеге сыйғызып,  
Жаратқан Алла беріпті...

Батырдың жаулармен соғысы портреттік, мінездік сипатта-  
маны растай түседі. Исатай мұнда алып батырдай айбат көрсетеді.

Анда-санда ақырып,  
Өткізді мидан дауысты,  
Ата да ата тауысты.  
Оқ біткенін білген соң,  
Қаптай шауып қалын қол  
Ерте келіп қауысты.  
Күн бесіппен ауысты.  
Санап алған алпыс оқ  
Жалынбастан жауына,  
Жалаң қылыш қолға алып  
Жаяулап көппен алысты...

Қазақ жырының құрылысына, суреттеу мәнеріне енген жа-  
налық нышаны да «Исатай-Махамбеттен» көрінеді. Мұны біз ең  
алдымен, әлеуметтік талдаудың тереңдей, нақтылана түскенінен  
байқаймыз. Қаһарманның іс-әрекетіне мотивировка — дәлелде-  
ме шыншыл берілген.

Беріш руының ішіндегі қайшылықтар, билікке таласушылық  
та Исатайдың жалпы хан саясатына деген наразылығын тудыр-  
ғап. Ханның сайлаған адамы — Балқы би елдің мұқтажын ойла-  
майды, бұл жағдай үлкен өшпенділікке түрткі болады.

Сонымен Балқы би болды,  
Би болған сон күйленді.

Халықты қойып, хан жақтап  
Әдіске шебер үйренді.  
Халық арасы бұзылып,  
Сөзбенен қаңқу шиеленді.  
Хан сақтаған әскерден  
Халық қорқып именді.  
Ханнан күдер үзілді.  
Халық арасы бұзылды...

Ал халықтың патшалық, хандық әкімшілікке наразы болып,  
қолына қару алып көтерілуінің түпкі себептері де анық айтыл-  
ған. Әлеуметтік, ұлттық езгіге қатар душар болған қазақ ауылда-  
ры теңсіздіктің тақсиретін тартқан, бұлқынып, қаруланып күре-  
суге мәжбүр болған. Осы ахуал мына жолдарда өріктелген:

Еділдің бойын алдырып,  
Еріксіз қала орнатты.  
Қазыналық орман деп  
Қалын бір нуды қорғатты.  
Жайыққа жақын барма деп,  
Қазына мүлкін қорға деп,  
Қазақты айдап сорлатты.

Сонымен, Исатай-Махамбет бастаған қозғалыстың әлеуметтік  
астары ашық бой көрсетеді (16). Сол қозғалысқа жетекші болған  
Исатай, Махамбет, Қалдыбай, Үбі секілді ерлер бейнесі ерекше  
іліпатпен көрсетілген. Халықтың мүддесін ойламайтын, мансап-  
қор, дүниеқор әкімдер тобының іс-әрекеті де табиғи ақиқат ай-  
тылған. Тіпті Махамбеттің ағасы Бекмағамбеттің жау жағына шы-  
ғып кеткені де бұл күрестің ішкі қайшылығын аңғарта алады.  
Жәңгір, Балқы, Шомбал, Қарауылқожалар отаршыл патшалық-  
тың сенімді сыбайластары, Исатайлар жерден, ерікпен айырылған  
көпшілік бұқараның мұнын көздеушілер сипатында танылған.

Жәңгір хан мен Исатайдың араздасуы, батырдың қол жинауы,  
Орданы шабуға аттануы, ханның уәдесіне сеніп кідіріп қалушы-  
лық, жаудың самсаған көк мылтықты әскерімен ұрыстың сәтсіз  
аяқталуы, сонда да ерлердің жігері жасымай қайрат көрсетуі,  
жортуыл, қуғын, қатерлі сергелден кезеңдер, Исатайдың бойта-  
салап жүрген жерлері, қайтадан күш жинап, майдан ашуға әзір-  
ленуі т.б. тарихи оқиғаның барысын қайта елестетеді. Шығарма  
авторы сол көтеріліске тікелей қатысушы болмаса да, оқиғаның  
рухын терең түсінгендігін, сезінгендігін көрсетеді.

## Исатай жасағының алғашқы қимылы былайша берілген:

Желбіретіп ту байлап,  
Желіктіріп ат сайлап,  
Мыңдық пен жүздік, ондық деп  
Басшылар қойды ынғайлап.  
Хан жақтаған қазақты  
Ықтиярсыз жүрді айдап...

Аттанымса шыққан алғы лекті Исатай, Махамбет, Үбі, Танатар батырлар бастапты. Сарбаздарды жігерлендірген ұрандар мен сөздер сол дәуір шындығына сай, сахара адамын қыздырарлық, намысын қайрарлық шыншыл.

Ат қойды сонда «Алла» деп,  
Кастерін болсын ханда деп,  
Ат жалын тартып мінгендер,  
Арыннан бүгіп қалма деп.

Хан ордасының халық қаһарынан сескеніп, жедел әскер жинағаны, абыржуға түсуі көзбен көргендей анық та әсерлі сөздермен бейнеленген.

Ханға хабар жетісті  
Қатынасқан елменен.  
Елден хабар жеткен соң  
Хан төртіліп жүргізіп,  
Қарауылға бұйырған.  
Қолбасшысы сол болып  
Пәрменмен әскер жиылған.  
Екі мың кісі қол болып...  
Қазақ пен орыс аралас  
Ордадан бері құйылған.

Міне, жырдың осыдан былайғы бөлектері жанды оқиғаның үзік-үзік көріністері секілді әсер қалдырады. Олардың әрбір тарауына нақтылы ат қоюға болатындай.

Шығармада көтерілген және маңызды идея — қазақ руларының өзара жауласып, өзімен-өзі әлек болып, күшін ыдыратып алатындық қасіреті. Адай мен шүрен руларының ұзаққа созылған дау-жанжалына Исатай басу айтады. Бұл арада жыр авторының аңсары мен арманы Исатай аузымен берілген секілді. Исатай әлім руының басшыларына мынадай аталы сөздер айтады.

Алалықпен бүлініп,  
Өркімдерге телініп,  
Бақыты тайып бұрылған.  
Осыны біліп еске алмай,  
Тарихқа өткен көз салмай,  
Өзінді өзін жау көріп  
Жүрдіндер неге қырыннан.

«Исатай-Махамбетте» де тұрмыстық, әлеуметтік ішкі мәселелер көбірек көрінеді әрі кейіпкерлердің сезім сырлары да көне жырларға қарағанда молырақ камтылады.

Қиын-қыстау кездерде, елінен ауып шыққан күндерде Исатайдың ойы мен толғаныстары кең монолог түрінде берілуі де шығарманың шыншылдық бояуын қалындатады. Бұл тәсіл қаһарман тұлғасын жана қырынан ашуға қажет қызмет атқарады.

Әдіре қалған Нарында  
Ан сұңқар баулып ұшырып,  
Қолымнан баптап жем бердім.  
Жау десе саспай сайланып,  
Садағымды сала байланып,  
Айшықты туды өңгердім...  
Жауымды көп деп санамай,  
Азымды көпке теңгердім.  
Аузымнан шыққан сөзімді,  
Ханмен бірдей жүргізіп,  
Халыққа бірлік кіргізіп,  
Астана жұртты менгердім.

«Исатай-Махамбет» өткен ғасырдағы азаттық күресінің үлкен көркемдік ескерткіші.

Авторлық шығармалардың жасалу тәсілі, көркемдік деңгейі түрліше екенін «Жанқожа батыр» жыры сипаттай алады. Мұнда XIX ғасырдың бірінші жартысында Сыр бойында өткен оқиғалардың жаңғырығы естіледі. Жанқожаның қарақалпақ батыры Тықымен, Хиуа ханының өкілі Бабажанмен, Қокан ханының Созақтағы әскерімен соғысының суреттелу тәсілі эпостық дәстүрде берілген.

Тарихи нақты мағлұматқа құрылып, негізінде эпос үлгісінде жырланған Жанқожа бейнесі әсерлі. Жырлаушы Кенжеев Лұқпан оның азаттық күресінде атқарған қызметінің жалпы келбетін ірі жинақтай алған. Жырда қазақ қосындарын ерлікке шақырып отыратын шешен жырау Төремұрат бейнесі бар.

Жанрлық жағынан қызғылықты жырдың бірі — «Бекет батыр». Бекеттің аулеті, Арыстан ханды өлтіруі, патша абақтысына түсуі, кейіннен әйелі еркекше киініп келіп, жасырын пышақ жеткізіп, батырдың түрмені бұзып қашып шығатын жері қарасөзбен берілген, қалған жері өлеп. Бекеттің түрмеде жатып, бұрын досы саналып келген Шернияздың алдауына түсіп қалғанына өкініш білдірген монологы көп шындықты аша алады. Тарихта Бекет батыр деген өмір кешкені, оның хандармен кектес болғаны рас. Жырдың бірінші бөлігі, міне, осы жайды аңғартады. Ал шығармада Бекеттің «ғайыптан» темір торлы, күзеті күшті түрмеден шығып, сонынан қуған самсаған жауды «жайрататын» жері классикалық эпостың салты. Бекеттің монологы арқылы таптық, әлеуметтік қайшылықтың сырқаттары сездіріледі, әсіресе қара халықтың үстем тапқа деген өшпенділігі жарқырап көрінеді. Бұл жырдың оқиғалық төркініне бір кезде М. Әуезовтің де қызығып, «Бекет» атты либретто жазуы осындай әлеуметтік анық бағдарына байланысты болу керек. Тарихта болған Бекеттің түп тұлғасын ғана тірек етіп, оқиғаларды ойдан қиыстыру, қиял араластыру осындай жыр тудырған.

Халық ақыны Жанғабыл Сәттіғұлов 1939 жылы шығарған жыр — «Досан» өткен ғасырдың 70-жылдарында Манғыстау өңірінде болған оқиғаны қайта тірілтеді. Жердің шұрайлысын тартып алып жүрген әкімдерге ызаланып, Досан батыр бастаған жігіттер патша солдаттарын өлтіріп, Хорезм жаққа жылысады. Артынан Ломакиннің жазалаушы отряды қуып, әр жерлерде ұрыс болады. Ер жігіттерді патша әскері қуалай келгенін көрген Хиуа ханы да қатты сасып, қашқындарға пана бола алмайды. Қиындыққа шыдамай, Досанның серігі Иса өз еркімен дұшпаннан кешірім сұрап, лауазым иемденеді. Намысы күшті, өжет ер Досан ақырында қолға түсіріледі.

Ел аңызының ізімен жазылған жыр болған оқиғаны «қолмен қойғандай» баяндайды. Бұдан шығарманың тарихилық сипаты күшті сезіледі. Шығарма қазақ елінің бір қиырындағы ауыр оқиғаның жанды суретін беруге жараған.

Сонымен, XVIII—XIX ғасыр оқиғаларының кейбір елес суреттерін берген бірнеше жырды шолып өттік. Біз аталған жырларды қазақтың эпостық дәстүрінің жалғасуы тұрғысынан қарастырдық. Жалпы алғанда, бұл шығармалар қазақ эпостық поэзиясының аса қуатты желісі біздің дәуірімізге дейін, белгілі дәреже-

де сақталып, жалғасып, дамып келгендігін сипаттайды. Сонымен қатар эпос жанрының бүкіл тұлғасына ене бастаған жаналықтар мен тың нысандар да көрініс береді. Қалай болған күнде де бұларды бірыңғай жазба әдебиет ауқымында ғана алып қарауға, ежелгі эпостық сарыннан мүлде бөлектеуге болмайды. Алуан түрлі суреттеу элементтері аралас бұл жырлардың көбінде ескі эпостың іздері мен бедерлері кейде мол, кейде аз кездесіп отырады. Бұл мұраны қазақ эпосының белгілі кезіндегі тың бір бөлесі деп қарадық.

#### Әдебиет:

- (1) Ертедегі әдебиет нұсқалары. — Алматы, 1967, 25 — 26-б.
- (2) История казахской литературы. — Алма-Ата, 1968, с. 320.
- (3) Мағауин М. Кобыз сарыны. — Алматы, 1968, 13-б.
- (4) Қазақ ССР тарихы. — Алматы, 1957, I т., 249 - 250-б.
- (5) Уахатов Б. Тарихи өлеңдер. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы, 1979, 68-б.
- (6) Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. — Алматы, 1967, 149-б.
- (7) Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы, 1979, 80-б.
- (8) Қазақ ССР тарихы. — Алматы, 1957, I т., 600-б.
- (9) Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы әдебиет. — Алматы, 1966, 261-б. Жармұхамедов М. 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлар. — Кітапта: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы, 275-б.
- (10) Ысмайылов Е. Ақындар. — Алматы, 1956, 276-б.
- (11) История Казахской ССР. — Алма-Ата, 1979, III т., с. 80.
- (12) Әбілқасымов Б. Қаракерей Қабанбай батыр. Кітапта: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы, 1979, 108-б.
- (13) Қазақ тарихы, 1959, I т., 253-б.
- (14) Адамбаев Б. Шақшақ Жәнібек батыр. — Кітапта: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы, 1979, 134-б.
- (15) Шөреков Ы. Исатай - Махамбет (Құрастырған, кіріспе мен түсініктерін жазған Б.Аманшин.) — Алматы, 1976.
- (16) Сейдаханов К. Исатай-Махамбет. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы, 1979, 206-б.

## ҚОС АРНА

Адамзаттың көркемдік дамуында фольклор мен әдебиеттің алатын орны үлкен. Өзара күрделі ұқсастықтары да, елеулі айырмашылықтары да бар бұл құбылыстардың мәні мен өзгешелігін білу – рухани даму жолдарын түсіну үшін ғана емес, мәдени ілгерілеудің болашағы үшін де аса қажет. Фольклор мен әдебиеттің жалпы заңдылықтары мен шарттылықтарын саралап ажырату – ауыз әдебиеті қоры мен дәстүрі күшті халықтар үшін өте-мөте керек. Қазақ халқының көркемдік мұрасын бағалап, оны бүгінгі дәуір қажетіне жарату міндеті зерттеушілеріміздің бұл мәселе жөнінде ғылыми-методологиялық принциптерге сүйенуін талап етеді.

Ауыз әдебиеті шығармаларының нақтылы қандай жағдайда туғанын, жанрлық ерекшелігін ажырату оңай емес. Оны тануға ғылыми методологиялық сенімді тіректер керек. Ауыз әдебиетін тексеру үшін этнографияның, тарихтың, тілдің, антропологияның, музыканың тиісті деректерін салыстыру қажет...

А.М.Горький жаңа социалистік мәдениетті қалыптастыру және дамыту үшін фольклордың маңызы зор екенін ескерткені белгілі. Жазушының фольклор – тіл қазынасының таусылмас кені (1), мінсіз, кесек, тартымды тұлғалар ауыз әдебиетінде жасалған деген тұжырымы терен білгірлікпен айтылған (2). Фольклор мұрасында халықтың ресми тарихтарға түспеген ақиқат тағдырының ізі жатады.

Кеңес өкіметі жылдарында халықтардың ауыз әдебиеті мұрасын жинау, жариялау, зерттеу саласында ұлан-ғайыр істер жүргізілді. Фольклордың таңдаулы нұсқалары бір халықтың шеңберінен көтеріліп, көп ұлтты кеңес елінің ортақ байлығына айналды. Дегенмен фольклор мұрасының қадірі мен қасиетін саралап, танып, бағалауда атқарылмаған міндет әлі де көп. Бұл арада солардың ішінен бір-ақ мәселеге – ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшелігіне ғана кідіргіміз келеді.

Жазба әдебиет шығармаларының жетістігі мен кемшілігі әңгіме болған кезде белгілі бір көркем туындыдағы олқылық атаулыны ауыз әдебиетіне «тану» жиі кездеседі. Қазақтың қазіргі жазба әдебиетінде фольклормен жалғастық, сарындастық орын алып келе жатқанын кемшілік деп көрсету кең тараған пікір. Егді бірсыпыра зерттеу еңбектерде, кейбір қаламгерлердің сөйлеген сөздерінде фольклорды әдебиеттің бір кезде басып өткен сатысы, қазіргі әдебиетке залалдан басқасы жоқ тәріздендіріп сипаттау ұшырайды. Бұндай тұжырымдар ауыз әдебиетінің көркемдік тәсіл ерекшелігін елемеуден туатыны анық. Фольклордың бірталай шығармасы жазба әдебиет туындыларымен салыстырғанда «қарадүрсіндеу» көрінгенімен, онда көркемдігі кемел, бітімі бөлек мұралар да аз еместігін ұмытуға болмайды.

Ауыз әдебиетінде астамшылық көрсетудің зияны әр тараптан көрініс береді. Бұл, біріншіден, кейбіреулердің фольклор қазынасынан алатынды алып, үйренетінді үйреніп болдық деген секілді үстірт қорытынды жасауына жол ашады. Онан да қауіпті-регі – жалпы ауыз әдебиетінің ұшан-теңіз байлығына, оның ерекшелігіне үстірт көзқарас қалыптастыратынында. Біздің әлі күнге дейін қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық жіктерін, құрамын, ішкі бөліністерін, генезисін, эволюциясын, оларда өмір шындығының елестеу дәрежесін, танымдық және көркемдік қызметін, дәстүрлілік пен жанашылдықтың ара жігін, стадиялық катарын, типологиясын толық мәнінде ажыратып болмауымыз фольклорға деген үстірт, жеңіл ұғымдардың едәуір орын алып келгендігіне де байланысты. Бұл ғылыми методологияның кемсіденіп болмауынан туған нұқсап десек те болады.

Мұндай жағдайда ауыз әдебиетінің өзіне тән айырмашылықтарын есепке алу көркемдік тәжірибені де, фольклортану ғылымын да өрістетудің маңызды шартына айналады. Мәселенің тарихына көз жібермей бүгінгі қалпын жыға тану қиын. Сол үшін көне де болса мәнін жоймайтын кейбір заңдылықтарды қайтадан еске салудың артықтығы жоқ.

Ауыз әдебиетіне тым қатал қарайтындар оның табиғатына мән бермейді. Олар әсіресе халық шығармашылығының ауызша туып, тарайтындығына назар аудармайды. Ал ауызша жасалу – фольклордың ең негізгі белгілерінің бірі. Замандар бойында ауызекі шығарылған мұраның ең өміршен, ел көңіліне ұялағандары ғана сақталған. Демек, біздің дәуірімізге жеткен көркемсөз ескерткіш-

тері уақыттын катал сынына төтеп берген, түрлі айтушылардың ой елегінен өткен, сұрыпталған өрнектері ғана. Әуел баста шығарушысы жекелеген дарынды жанлар бола тұрса да, ауыз әдебиеті туындылары талай буын, әулеттің, сан қауымның талғамынан өтіп, халық мұрасына айналған. Ал адам баласының естігенді жалында ұстап тұру қабілеті шексіз емесігі мәлім. Осындай жағдайда ауызша туған өлең мен жырдың, мақал мен шешендік сөздің, аңыз бен ертегінің ең түрлі, көркі кемімес, мәні өшпес нұсқалары ғана сақталып қалуы табиғи. Ал фольклор мұрасының сақталуы деген өзіндік заңдылығы бар құбылыс. Ешбір ауызша туынды әуелгі калпында сақталуы мүмкін емес. Олардың кейбіреулері мезгіл өте келе ұмытылса, енді біреулері жана кезеннің талабына сәйкес өзгеріске ұшырайды. Сондықтан да ондай шығарманы пәлен заманда түген ақын, жыршы, шешен жаратқан деп «еншілеу», авторын іздеу қиын.

Уақыт озған сайын ауыз әдебиетінің жекелеген туындылары ғана емес, тұтас жанрлары да эволюцияны бастан кешіреді; бірі жаңаланса, екіншісі ескіріп, үшіншісі тыннан пайда болады. Кейбір жанрлардың таралу аймағы мен нақтылы қызметі, әсер-ықпалы азаяды. Осындай құбылыстардың тарихи болмыспен байланыстылық дәрежесін айырып тану да күрделі уәзипаның бірі. Фольклор шығармалары, жаңрлар, көркемдік жүйелер қалайша өзгеріп, олардың бірі сақталып, екіншісі ұмытылып қалатынын анықтау — арнаулы зерттеулердің тақырыбы. Елдің дүниетанымындағы, папым-сеніміндегі, мінез-құлқындағы соны серпілістер ауыз әдебиеті туындыларының құрылысына, оқиғалық өріліміне, кейіпкерлердің іс-әрекетіне тосын өрнектер қосады. Соның өзінде де ауыз әдебиеті ескерткіштерінің бәрі бірдей жоғалып кетпейді, неғұрлым жанды, тұрақты элементтері сақталады. Фольклорда түрлі замандардың шындығынан елес беретін полистадиялық (көпқабаттылық) белгілері аралас келіп отыратыны, мұраның пайда болу мезгілін нақтылы бір дәуірге жанастырудың мүмкін бола бермейтіні де осы себептен. Өнер атаулының мұраты, бәрінен бұрын, өз заманының эстетикалық талап-тілектеріне лайық келуінде, болмыстың жана тәжірибесін қорытып, көркемдік шындығын көрсетуінде. Дәуірлік талаптарға сәйкес келу үшін, ауыз әдебиетінің дәстүрі мен дамуына қажетті жаңалықтар еніп отырады.

Фольклордың жаңрлары, тектері, түрлері осылайша сан алуан өзгерістерді, жаңаруларды бастан кешіріп, бірте-бірте қалып-

тасады, көркемдік түрлері, суреттеу құралдары, оқиғалық жүйелер, құрылыстық қалыптар, олардың өзара сәйкестігі мен қабысуы айқындалып, дәстүрлі сарынға айналады. Түрлі оқиғалық белгілеріне қарай кейбір жанрлардың көнелігін немесе кейіпкер пайда болғанын анықтау мүмкіндігі де туады. Мәселен, көптеген зерттеушілердің көрсетуіне қарағанда, мақал-мәтелдер, дуа өлеңдері, жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әпсаналар ең көне жанрлар болып табылады. Фольклорға тәп синкретизм — әннің, бидің, поэзияның бірлестік табуы оның көне сипатының көрсеткіші.

Ауыз әдебиеті дәстүрінде туған шығарманың құрылысы қарапайым, ойлары анық, оқиғалары жүрдек, балама, теңемелері қонымды, сөйлемдік жүйесі тартымды, шымыр болатыны да ошын ауызша таралғандығынан. Қосалқы оқиғалық желілер, шытырман шегіністер, көп артық эпизод немесе тыңдаушының қабылдауына қиындататын оралымдар кездеспейтіні осыған байланысты. Жасанды, жансыз тіркес, ұғымға ауыр термин атаулы фольклор шығармаларында орын ала алмайды.

Ауыз әдебиеті туындыларындағы қаһармандар ел есінен шықпау үшін, ерекше қасиеттердің иесі болуға тиіс. Халық қиялында берік орнықтаған, қандай да бір өзгеше келбетімен елді таңдандырмаған кейіпкер ауыз әдебиетінде өмір сүре алмаған. Эпос пен ертектегі, аңыздағы атакты батырлар, халық арасынан шыққан даналар, шешендер, тапқырлар — ең екшелген қаһармандар.

Жазба әдебиет — жеке авторлар туындысы. Әрбір қаламгердің дарын қуатына, өмірлік тәжірибесіне, дүниетанымына, уақыт талабына, жанр заңдарына, шеберлік деңгейіне орай шығарманың да сапасы түрлі дәрежеде болмақ. Жазып шығарушылықтың тақырып таңдау, кейіпкерлер қатыстыру, оқиғалық шытырмандарға бару, мінез қалтарыстарын ашу жағынан, әріпте, ауыз әдебиетіне қарағанда мүмкіндігі мол. Ондай шығарманың өмірі де көркемдік шындықты қаншалықты толық бере алғандығына тәуелді. Кезінде рияшыл қауымнан мақтау, марапат көрген сансыз шығарманың уақыт тозанының астында қалатыны осыдан. Мағынасы шамалы ауызша өлең мен аңыздың тек ұмытылатыны секілді өмірдің терең заңдылықтарын шынайы көркемдікпен аша алмаған жазбаша шығарма да рухани тіршілікте із қалдыра алмайды. Демек, әдеби мұраның ауызша шығарылып таралғандығы оның жасалуындағы ерекшелік қана. Бұдан фольклор дәстүріндегі туындыларға қандай да болмасын артықшылық берілді деген ұғым тұмайды.

Фольклорды әдеби ғана емес, тарихи құбылыс ретінде қарап тексерудің де өзіндік шарттары жоқ емес. Көркем ескерткіштердің тегін анықтау үшін, тарих, фольклор, этнография деректеріне сүйеніп отыру табиғи. Әсіресе жұмбақ, ертегі, эпос, тұрмыс-салт өлеңдердің түп негізін іздегенде мұндай тәсіл ерекше ұтымды. Ауыз әдебиетінің көптеген сарындары адамзаттың түрлі даму сатысындағы мифтік, анимистік, тотемдік, діни-магиялық т.б. түсініктерден бастау алғаны анық. Міне, сондай әлеуметтік, тұрмыстық жағдай түрлі жанр, фабула, сарын-мотивтерді тудырып қана қоймай, олардың дамуына да әсер еткен. Мәселен, эпос немесе ертектегі қаһарманның үйлену дәстүрінің шындығына жету үшін, некелену салтының әр замандағы қалпын, шартын білу керек болады. Сонымен қатар фольклорда түрлі әлеуметтік, тұрмыстық қатынастар тікелей көшірілмей, белгілі көркемдік жинақтау заңдылықтарына сәйкес берілетінін де есте тұтуымыз ләзім. Кейінгі қауымға кейде түсініксіздеу көрінетін қайсыбір ұғымдар — көне дүние адамдарының наным-сеніміне лайық туған өмір естеліктері.

Шығармалар мәтінінің ұдайы қозғалыста, азды-көпті өзгерісте болып отыруы ауыз әдебиетіне хас шарттың бірі. Осыдан келіп фольклор туындыларының көп варианттылығы (көпнұсқалылығы) деген заңдылық шығады. Ескі сарынды жаңаша өңдеу, қосымшалар енгізу немесе қысқарту ауыз әдебиетінің айрықша белгісі қатарына қосылады. Варианттылық — қандай да болмасын шығарманың ел арасына кең тарағандығының да, халық көңілінен терең орын алғандығының да нышаны. Бірақ сондай өзгеріс, жаңалану тек фольклордың өз дәстүрі ауқымында жүріп жатады. Көркемдік жүйесі мен элементтері тұрақтылыққа, дәстүрлілікке, формулалық қайталауларға негізделетін фольклор шығармасының өз ішінде түрлі жаңа шешімдер мен жүрістер жасауына варианттылық кең жол ашады.

Орыстың фольклоршы ғалымы Б.Н.Путилов варианттылықтың мәні мен орны туралы көп қызық тұжырым жасаған. Оның көрсетуінше, фольклордағы әрбір варианттың өзіндік маңызы бар, солардың әрқайсысына тән ерекшелікті топтастырып, тексеріп қарағанда, қайсысының көне немесе толығырақ екенін ажыратуға болады. Бірақ бұдан варианттың бірі құнды, екіншісі керексіз деген қорытынды шықпаса керек. Тіпті белгілі бір шығарманың ең толық, көркем, кемел нұсқасын да вариант қата-

рында қарау орынды. Өйткені фольклорда негізгі немесе қосалқы мәтін деген тұжырым жүрмейді. Атап көрсетерлік мәселенің бірі сол — ауыз әдебиеті шығармаларында түрлі варианттар қосылып, «толық мәтін» құрамайды. Варианттардың мәні әуел бастап олардың «қатар жасап», өз деңгейінде толысып, дамып отыратындығында. Ал версиялар мен редакциялар жағдайы басқалау. Бұлар ауыз әдебиеті туындысының тұрақты, көркемдік-идеялық дәйектілікке жеткенін көрсетеді.

Қандай да болмасын ауыз әдебиеті шығармаларының варианттары неғұрлым көбірек қамтып, тексерулер жасау — фольклортану ғылымының көделі заңдарының бірі. Әрине, әрбір варианттың көркемдік дәрежесі айтушының, өңдеушінің, орындаушының дарындылығына тікелей байланысты. Айталық, қазақта «Қобыланды батыр» мен «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырларының ондаған варианттары кездеседі. Бұл шығармалардың жекелеген нұсқалары басқа халықтарда да ұшырайды. «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» алтайлықтарда, башқұрттарда, қырым ноғайларында бар. Осы жырдың аңыз әңгімесі Румыния ноғайлары арасында да сақталғаны мәлім. Ғылым үшін жырдың көп варианттылығы деген тарихи, әлеуметтік тың деректердің, көркемдік ізденістердің, жаңаша шешімдердің қоры болып саналады. Академик Ә.Марғұлан «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» толып жатқан нұсқаларын салыстыра, тексере келіп, сол варианттардың әрқайсысынан халықтың өткендегі өмір қалпынан қызғылықты мағлұматтар тапқан (3). Ғалымның көрсетуінше, жырдың көне бір нұсқасында қазақтардың ерте заманда жаз айларында мұз теңізіне дейін жақын көшіп барып, қайтып жүргені бейнеленген. «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының оқиғалық өріліміндегі, көркемдік шешіміндегі көпнұсқалылықтың елесін эпостың ақырғы тұсында, Қозы мен Баянның тағдырын көрсететін жерден де аңғаруға болады. Көп варианттарда жыр соны екі ғашықтың арманды өлімімен бітеді. Ал кейбір нұсқаларда айтушылар Баян мен Қозыны «өлтірмей», мұратына жеткізеді. Кейде қаһармандардың аты өзгертіліп (мәселен Қарабай мен Сарыбайды Еділбай мен Жайықбай деушілік) берілетіні де болады. Ауызша тараған шығарманың өмірін ұзартып, өрісін кеңейтетін де түбір әңгіме-аңыздың осылайша кең көлемге шығуы.

Өткендегі әдеби, музыкалық мұрасы көбінесе ауызша шығарылып, біреуден біреу естіп, үйреніп, таралып келген қазақ елі

жағдайында варианттылық дегеннің мәні ерекше күшейе түседі. Эпостың көп нұсқалы болып келетіндігі мұның жарқын мысалы. Көне және классикалық эпостың қай-қайсысының да бір-бірінен азды-көпті айырмашылығы бар нұсқалары кездесе береді. «Алпамыс батырдың» тамаша көркем версиялары карақалпақ пен көшпенді өзбектер арасында да кең танымал болғанына таң қалуға болмайды. Бұл эпос сол жырдың мұрагері болып табылатын ру, тайпалардың арасында көбірек сақталған. Өйткені жырды айтушы, таратушылар кейіннен қай халықтың құрамына енсе де, «Алпамыс батырды» өзіміздікі деп етене жақын тұтып ардақтаған, өздеріне мақтаныш өрі рухани азық санаған. Түрікмен, өзірбайжан, түріктер эпосы – «Дәде Қорқыт» кітабының да үлкен бір тарауының оқиғасы «Алпамыс батырмен» бірдей... Белгілі бір жырдың басқа халықтарға да ортақ саналуы эпостың көнелігінің, дапқытылығының белгісі. Сонымен бірге бұл халықтардың ежелгі этностық, мәдени туыстығынан хабар беретін, оларды бір-бірімен жақындастыра түсетін маңызды себеп деп қаралуы керек. Айталық, «Алпамыс батырдың» туысқан халықтардың сүйікті мұрасы болғанынан олардың ешқайсысы да ұтылмайды. Қазақта да, карақалпақта да, өзбекте де «Алпамыс батыр» негізінде жазба көсіби шығармалар тууы осыны сипаттайды.

Ғылым үшін жырдың түрлі айтушылар ғана емес, бір орындаушыдан қайталай жазып алынғандығының да маңызы бар. Табиғаты ауызша туғандықтан, эпос бір айтушының орындауында да әр кезеңде өзгерістерге ұшырап отырады. Саха (якут) олонхосуттары (жыршылары) эпосты қайталап айтқанда ордайым жана өрнектер қосып немесе қысқартып құлпыртып отыратыны дәлелденген (4). Қырғыз манасшыларының жырдың мәтініне елеулі көркемдік жаңалықтар енгізіп толғайтыны туралы да зерттеушілер көптен бері айтып келеді. «Манас» жырының 1856 жылы Шоқан Уәлиханов алғаш рет жазып алған үзінді нұсқасы кейінгі жазбаларда сөзбе-сөз қайталанбай, басқаша берілгені белгілі. Жырдың оқиға, сөз өрнегі жаңғырып отыруы оның ұзақ сақталуының шарты да.

Осындай жыршылық заңдылық өнері кенес дәуіріне дейін жалғасып келген ірі айтушылар тәжірибесінен де көрінеді. Атақты ақын-жырау Нұрпейіс Байғанин бірнеше жырды, соның ішінде «Қобыланды батырдың» бір нұсқасын бертінде қайта толғаған. «Қырымның қырық батырын» Ұлы Отан соғысы кезінде Алма-

тыға келіп жаздырған Мұрып жырау бұл үлкен-ғайыр эпостың есінде сақталғанын ғана айтқан. Оның жасырақ кезінде орындаған нұсқаларының көркемдік кестесінде де, көлемінде де айырмашылықтар болғаны күмәнсіз. Халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев жас кезіңше сан рет жырлаған «Сұраншы батыр» мен «Өтеген батырды» жасы тоқсанға келген шағында орындап, жаздырғанда шығарма кестесі түбірлі өзгерістерге ұшыраған. Тіпті Жамбылдың бір кезде «Өтеген батырды» екі қайтара айтқанының арасында да айырма бар. Міне, жыр нұсқасының хикметі деген осы.

Халық әндері мен күйлерінің түрлі нұсқада кездесе беретіні жиі ұшырайтын құбылыс. Әдетте халық әндерінің мәтіндеріндегі айырмашылықтар төңірегінде пікірталастар туып жатады. «Ол әннің сөздері олай емес, біздің жақта былай айтылушы еді», – деп дәлел, мысал келтірушіліктің себебі де сол әннің әрбір айтушы тарапынан үлкенді-кішілі өзгеріске түсуінің белгісі. Мұндай жағдайда «дәл мына шумақтар» тұңғыш рет шығарылған деп кесіп-пішіп төрелік айту оңай емес. Көп салыстырулар, мәтіндік зерттеулер арқасында ғана белгілі қорытындылар жасауға болады. Кейде әннің алғашқы нұсқасынан гөрі варианты көркемірек болатыны да бар. Ол дарынды айтушының түпнұсқаға жана өмір бергенімен бірдей, жеке нұсқа деп аталарлық соны варианттар әдетте осындай жолмен туып отырады.

Күй жөнінде де осыларға орай көп әңгіме қозғауға болар еді. Осы күнгі белгілі күйлердің замандар өте келе алғашқы нұсқасынан қаншалықты алыстап кеткеніне шүбә жоқ. Мәселен, «Ақсақ құлан» күйінің сонау XIII ғасырда алғаш туған нұсқасы біздің заманымызға өзгеріссіз жетіп деп ешкім де айта алмайды. Әрбір талантты орындаушы бұл күйді өз өңдеуінде жеткізген. Соның арқасында ғана ғажайып шығарма уақыт кеңістігінде жоғалып кетпей, ажарлана, өңделсе, толыса сақталған...

Музыкалық шығармалардағы варианттылық дегенді жете түсінбей, керексіз талас туғызушылық та ұшырап отырады. Бір кезде Тәттімбеттің «Саржайлау» деген күйін кейбір қаламгер «Токаның шығармасы» деп жазып келгені белгілі. Шындығында, бұл арада керсегар пікір туарлық ештеңе де жоқ еді. Өйткені Тәттімбеттің де, Токаның да өз «Саржайлаулары» бар. Ол күйлердің жалпы сазында әуенділік сезілгенімен, өзара дара өрнектері де жеткілікті. «Қосбасардың» ең таңдаулы, көркем үлгілерін Тәттімбет

шығарған делінгенімен, кейінгі дарынды орындаушылар өз варианттарын қалыптастырғанын түсіну қиын емес. Нота жазуы жок, тек есту арқылы ғана үйренген шығарма өзгеріссіз, нақпақ қайталанбайды, қалайда жана нақыштар қосылып, түрленіп отырады. Кейінгі орындаушылардың талантты неғұрлым ірі болған сайын, алғашқы нұсқаға елеулі үйлесімдер еніп, сонылыққа ие болады, тын шығарма жасалады. Сарыарқа «Қосбасарларының» жалпы құрылысы мен бағытындағы орайлас, ортақ саздық негіз байқала отырса да, солардың көбі бітімі бөлек дербес шығармалар. Токаның, Әбдінің, Аккыздың «Қосбасарлары» жөнінде осыны айтуға болады. Бұл дәстүрді Мағауия Хамзин мен Төлеген Момбековтің «Қосбасарлары» жалғастыра түскен... Тіпті белгілі бір композитордың «осы күйді пәленнісден үйрендім» деп «мойындауы» да жана, төл туындылардың дүниеге келу заңдылығын жоққа шығармайды.

Қазақстанның батыс өңірінде «Ақ желен» аталатын күйлердің ондаған нұсқасы бар екенін көрнекті музыка зерттеушісі А.Жүбанов та, басқа ғалымдар да бір ауыздан мойындайды. Ендеше, осы шығармалардың бәрін қалайда бір алғашқы шығарушыға танып қоюға болмайды ғой. Осы күнге дейін ел арасында «Түйдек Ақ желен», «Шілтер Ақ желен», «Кербез Ақ желен», «Талма Ақ желен» тәрізді күйлердің алуан түрі тартылып келеді екен. «Байжұманың да» бірнеше нұсқасы бар екенін күйді зерттеушілер жақсы біледі (5).

Шығарманың мазмұны мен көркемдеу құралдарында дәстүрліліктің басым келуі ауыз әдебиеті туындыларының тағы да бір үлкен белгісі. Өйткені фольклор — ұжымдық сананың жемісі, ол сан қауымның сын тезінен өтіп, әбден екшелген, сұрыпталған туынды. Оның шын авторы халық болатыны осыдан. Бірақ бұған қарап онда жеке дарындардың үлесі болмайды деген қорытынды жасалмасқа тиіс. Ауыз әдебиетін жасаушылар мен таратушылар, айтушылар фольклорлық дәстүр мен сарынға сүйене отырып, өз тарапынан фабулалық жүрістерге, көркем бейнелерге, шығарма құрылысына тың өрнектер қосады. Сондықтан да фольклорда ұжымның да, жекелеген адамдардың да үлесі болады. Бұндай шығармаларға қойылатын басты шарт — халықтың ой-арманына, көркемдік тұшынымына сай келетін болуы. Сондай-ақ ол шығармалар қалың бұқара арасына кең таралып, ауызша сақталуы және орындалуы ләзім.

Ауыз әдебиеті жанларының әрқайсысында дәстүрлілік, ұжымшылдық пен даралықтың өзара қатынасы түрліше болатыны белгілі. Аңыз әңгімелер мен ертекертерді айту үстінде көркемдік қиял араласуға мүмкіндік көбірек туады. Айтушының тіл байлығы, білімділігі, өмірлік тәжірибесінің молдығы бұл жанрларда күшті қызмет атқарады. Қазақ ертектің майын тамызып айтатын шеберлер аз болмаған. Осы күнгі қазақ ертегілері кітаптарына енген шығармалардың көркемдік деңгейі түрлі-түрлі болып отыратындығы да айтушылардың тіл ұсталығына, шешендік, әңгімешілдік қабілетіне қатысты. Кейбір адамдар ертегі айтуды өнер дәрежесіне көтергендігі туралы деректер бар. Өзге мысалдарды айтпағанда, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында суреттелетін Баймағамбет ертегішінің тұлғасы-ақ осы шыпшықты дәлелдейді. Баймағамбет батыс романларының мазмұнын естіп, ұғып алып, оны өзінше өңдеп, әрлеп, ертегі дәстүріне лайықтап таратқан ғой.

Жоқтау өлеңдердің де бұрынғы дәстүрлі қалыппен басталып, айтушысы дарынды болса, тұтас-тұтас тарихтар баяндалған дербес көркем шығарма дәрежесіне көтерілгеніне де мысал көп. Жалпы, жоқтаулар — сан түрлі оқиғалар мен тағдырларды мейлінше шыншыл сипаттайтын айрықша бағалы көркем сөз мүлкі. Бұл күнде белгілі болып отырған жоқтаулардың өзі көлем жағынан өлденеше том құрарлық. Қалың эпостар мен ғанықтық дәстүрлердің, ұзақ ертегілердің, сөз маржандары — мақалдардың, нақылдардың, ғажайып ақиқатшыл жанр — айтыстардың тасасында жоқтауларға көп көңіл бөлінбей келгені өкінішті.

М.Әуезов кезінде «эпикалық шығармалардың бастау алар бір түбірі — жоқтаулар», — деп терең пікір ұсынғаны мәлім (6). Асылы, біздің кейбір зерттеушілеріміз жоқтауларға кездесетін діни сөздерден немесе қайсыбір тарихи адамдарға қарата айтылған марапат, мадақ, әсірлеулерден «сскеніп», бұл жанрдың қайталанбас ерекшелігін тереңдеп тексеруге бармай келген секілді. Шындығында, озық ғылыми методологиямен қаруланған фольклоршы жоқтаулардың ішіндегі асылын аршып, олардағы тарихты тануға керек мағлұматтарды, көркемдік қазынаны ел игілігіне жаратуына әбден болады. Көп ғасырлық тарихы бар, аса бағалы нұсқалары мол жоқтаулардың арғы жағы сонау Орхон-Енисей жазбаларында сақталған үлгілерінен бастап, ұлы жыршы Қодан тайшы айтыпты-мыс делінетін, Қараұзақ шығарды деп есепте-

летін қадау-қадау ескерткіштерінің өзі ұзын тарихтың өзіңше бір көркем шежіресі дерлік...

Фольклорлық дәстүр өзінің сипаты жағынан жазба әдебиеттегіге қарағанда анағұрлым тұрақты да маңызды. Егер жыршы, термеші бұрыннан айтылып келе жатқанды жаттап орындаса, жазбаша акын әрбір шығармасын жаңадан шығарады. Дәстүрлілік сөздік мәтіннің тұрақтылығынан да, әуен мен орындалу біркелкілігінен де көрінеді. Дәл осындай дәстүрлі шумақтар мен оралымдар ерте замандағы халықтық сана елесін неғұрлым анық аңғартады. Бұл айтылғаннан дәстүрлілік дегеннің ұжымдық шығармашылық нәтижесі, көне мұраны сақтау мен таратудың көпшілік түрі екені байқалса керек...

Көне фольклорлық дәстүрге әсер ететін фактор — жазба әдебиет. Жазба көркемдік мәдениет дамыған, күрделіленген сайын ауыз әдебиетіндегі дәстүрлілік, ұжымдық сипат азайып, құбылыстардың таралық нақтылығы айқындала түседі... Ал фольклор мен жазба әдебиеттің өзара қарым-қатынасы сан қырлы. Кейде жазба мұралардың ауызша таралып, жаңа өріс тауып кететін кезі де кездеседі. Қазақ арасында «Мың бір түннен», «Тотынамадан», «Калила мен Димнадан» ауысқан қаншама оқиғалардың ертегі, аңыз түрінде табиғи сипісіп кеткендігіне мысал көп. Тәжіктің халық өлеңдері — ғазалдардың күрделі бөлегі ертегі классик шайырлар шығармаларының негізінде жасалғанын зерттеушілер анықтаған. Бұлар туысы жағынан жазба әдебиет ескерткіштері болғанымен, таралуы, сақталуы, дамуы жағынан фольклорлық дәстүрге жақын. Әйгілі ғазалдардың ауызша түрлі варианттары кездесіп отыратыны осыдан.

Ауыз әдебиеті шығармаларының нормативті (қалыпты) болатыны да ерекшелігіне жатады. Қаһарман мінезінің «дайын» қалпында берілуі, олардың калайда бір қасиет иесі болып көрсетілуі ауыз әдебиетінің көркемдік тәсіліне тән нәрсе. Өйткені фольклор туындыларында көркем бейне алдып ала белгіленген «міндетті» ғана атқарады. Батыр болса — ел қорғаушы, Отан тәуелсіздігі мен бірлігін бекітуші; жау болса — қиянатшыл, әділетсіз, астам; қу болса — шегіне жеткен залым; бай болса — қисапсыз мал айдаған болып көрінуі халықтың әлеуметтік құбылыстарға деген түсінігіне лайық көріністер.

Оқиғалар мен қаһармандарды суреттеудегі өсірелеу ауыз әдебиеті шығармаларында кең орын алады. Ол — болғанды ғана емес,

болуға тиістіңіз іздейтін ел арманына, алдан күткен үмітіне орай қалыптасқан дәстүр. Батырлардың «отқа салса, күймейтін, суға салса, батпайтын, қылш кеспейтін, оқ өтпейтін» болып суреттелуі адам нанғысыз сияқтанып көрінгенімен, халық сондай ерлер болады деп сенген. Классикалық қаһармандық жырлардың көбінде ел батырлары сансыз жауды жеңіп, мұратына жететін болуы да шындықтың өз ағысы емес, халық қиялының жемісі. Тарихтың ұзақ, бұралаң жолдарында өткен соғыстарда жеңіс пен жеңіліс кезек келіп отырғаны белгілі. Бірақ батырлар жырларда қаһармандар ылғи дерлік жауды мұқатып, дегеніне жетеді.

Қазақтың батырлық жырының біразында қалмақ, жоңғарлармен бірнеше ғасырға созылған өзара шапқыншылық тақырыбы сөз болып отырады. Мәселен, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде халықтың есепсіз шығасыға душар болғаны тарихи өлеңдерде мейлінше анық елестейді. «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын өлең тізбесінде сол дәуірдің нағыз қаны сорғалаған шындығы жатқаны көміл. Бұл өлеңде елдің қапыда қалған өкініші мен намысы, сұрапыл шапқыншылық зардабы қарапайым да көркем бейнеленген. Ал үлкен жырларда өмір ақиқаты қорытылып, эпостық идеал тұрғысынан талданады, көркемдік жинақтаулардың заңдылығы да өзгешеулеу келеді.

Қаһармандық жырларда қасакы дұшпан қаншама айлалы, күшті болса да, ақырында жеңіліп, қазақ батырлары уақытша сәтсіздіктерге ұшырағанымен, түбінде жауды талқандап тынады. Мұның өзі фольклор шығармаларында көркемдік жинақтау біркелкі болмай, әрбір жанрдың ерекшелігіне орай өзгеретінін көрсетеді. Жалпы, эпостық жанрларда ұнамды қаһарман қандай қиындықтан да кешіп өтіп, жол табатын болуы, елінің, жұртының сенімін ақтап шығатыны ортақ заңдылықтай нәрсе. Батырлық жырлардың бір дәуір ғана емес, әр заман адамына да сүйікті көрінетіні халықтың көңіл түкпіріндегі ансарларға сөйкес келуіне қатысты.

Өсірелеу көне жырларда ерекше мол орын алатыны анықталған. Сібір халықтарының архаикалық эпосында өсірелеудің неше алуан күрделі түрлері кездеседі. Алтай халқының жыры «Мадай — Қарада» ел қуаныш үстінде «жетпіс жылдай жырғалып, тоқсан жылдай той тойлайды», ал батырлардың жүйрік аты бір ашылып, бір жабылып тұрған екі таудың арасынан қас қаққанша

каргып өтеді. Түрікменнің романдық жыры «Қорлыта мен Хем-рада» аспандағы күн нұрымен таласатын екінші бір сәуелді жер батырдың ғашық қызы тұрған өңір болып сипатталады. «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысы — эпикалық әсірелеудің классикалық үлгісі.

Жазба әдебиетте қаһарманның мінез-құлық, іс-әрекетіне әлеуметтік, психологиялық дәлелдеме қажет етілсе, фольклор кейіпкерлері көбінесе бірқалыпты, өзгеріссіз тұлға болып танылады. Ауыз әдебиетіндегі неше түрлі ғажайып бейнелер айтушының, тыңдаушының «осындай қасиет иелері болса екен» деген аңсарына орай жасалған. Ертегілерде кездесетін білгір тазша балалар, бойына күші сыймай тауларды допша қағатын дәулер, қашса құтылып, қуса жететін желаяқтар, дүниенің төрт бұрышындағы дыбыс-сыбысты еститін саққұлақтар, айдын суды бір-ақ ұрттайтын қолтаусарлар, шайтанның өзін алдап кететін қулар, алдағыны болжап, қысылғанда ақыл тауып беретін данышпандар бейнесі шындықтың дәл көшірмесі емес, халық қиялының нәтижесі. Бұл айтылғандар ауыз әдебиетінде көркемдік жинақтаудың орасан әсіреленіп, осындай қасиетімен елдің жадында өшпестей орын алатынын аңғартады.

Фольклор шығармаларындағы қиял-ғажайыптық көріністер тек бірыңғай әсірелеу тәсілі емес. Ауыз әдебиетіндегі көптеген кереметтер ертедегі қауым үшін нағыз шындықтың өзі болып көрінген. Дүниелегі барлық құбылыстардың иесі бар деп ұғушылық — тотемизм — адамзат қоғамының балаң кезінде қалыптасқан түсініктер. Қаһарман қысылғанда, тарыққанда жәрдем қолын созатын ғайып ерси қырық шілтендер — тотемдік нанымның кейініректегі бір көрінісі. Әлемдегі барлық тіршілік иесінің, өсімдіктердің «жаны» болады деп есептеушілік те халықтың санасында ұзақ замандар бойында сақталып келген.

Ертекерде алыс сапарға шыққан жас батырлар алып дәулермен алысқанда жеңе алмайтын болған соң дәудің басқа бір жерде жасырулы тұрған «жанын» тауып өлтіретін. Қазақ арасында күні кешіге дейін адам ұйықтағанда жаны шыбын бейнесінде ұшып кетеді-міс, сол шыбыны қайта оралғанда ғана адам ұйқыдан оянады-мыс деп сенушілік болғаны белгілі. Кисса-дастандарда, аңыз-ертегілерде ұшырайтын жартылай адам, жартылай аң бейнесіндегі кейіпкерлер — антропоморфизм де дүниені танудың бір кездегі дәрежесіне лайық наным.

Табиғаттың тылсым күштеріне табынудан туатын фетишизм, сөз бен әрекеттің сиқырлы әсеріне сенушілік, магиялық көріністер де фольклордың көпе жанрларында кең орын алады.

Ауыз әдебиеті шығармалары табиғатындағы осындай ерекшелікті есепке алмай, оларға тек жазба әдебиеттің талабымен қарап, үстірт үкім кесу шындыққа жеткізбек емес. Фольклор туындыларының құрылысындағы, дамуындағы және аяқталуындағы бірізділік өмір құбылыстарына деген көп замандарда қалыптасқан ұғымдардың үлгісіне, қалыбына лайық туғанын елемеуге болмайды. Сонықтан фольклорды тек сөз өнері деп қарау жеткіліксіз. Одан халықтың қадим кезеңдердегі тұрмыс-салтының, білім деңгейінің, тіршілік үшін күресінің елесті де іздеуіміз керек. Ондай танудың «кілтін» кейде этнография, енді бірде тарих, тағы бірде архология беруі мүмкін...

Фольклордың өзіне хас белгілерінің бірі — оларға қайталама формулалардың, клишелердің күрделі орын алатындығы (7). Әуелі ауызша туып, халық жадында сақталатындықтан, қайталамалардың түрлі мөлшерде кездесуі табиғи. Мұндай клишелердің көлемі мен сипаты да әр қилы болып кездеседі. Кейде ауыз әдебиеті шығармаларынан жекелеген бейнелі тіркестердің қайталануын кездестірсек (алтын айдар, шөк терек, ақберен, айдын көл, шалқар теңіз, көк найза, алмас қылыш, алтын балдақ, айдай сұлу, қолан шап, ақ құба, билай өңді), екінші бір тұста бұлар күрделілене түседі. Эпостық жырларда, тарихи өлеңдерде, жеке тармақтар ғана емес, тұтас шумақтар да қайталанатын. Бұған «қакпанын аузын қан қылды, тұлымдысын тұл қылды, солқылдаған мырзасын табанға салып жүн қылды», «асу да асу бел деді, аса бір соққан жел деді», «Ертеден салса кешке озған, ылдидан шапса төсте озған» секілді оралымдарды мысалға алуға болады. Формулалық «ортақ тіркестер» енді бірде эпизодтар қайталаудан да байқалады. Мәселен, батырдың тұлпар атының шабысын, соғыс суреттерін, дүпқан батырларымен диалогтарды келтіргенде берілетін қанықты жолдар мен шумақтар көп жырларда бірінен екіншісіне «еркін» ауысып кете береді. Мұндай тұрақты қайталаулар шығарманы тұтастырып тұрған берік дәнекер секілді. Формулалық қайталамалар көне эпостарда зор көлемді болып келе береді. Түркі-монғол халықтарының эпостық аңыздарында бір жырдан екінші жырға көшетін кесек бөлектер мол.

Ауыз әдебиеті шығармаларында өмір шыршығы мен көркемдік шындықтың арақатынасы да өзгеріске ұшырайды. Өзі ішіне сан ғасырлардың болмысынан «естеліктер» сыйғызатын фольклор туындыларындағы көркемдік жинақтау жазба әдебиеттегіден басқаша болмауы мүмкін де емес.

Фольклор шығармаларында тарихи шындықтың берілу тәсілдері жөнінде түрлі көзқарастар орын алған. Басы ашық бір мәселе – әрбір жанрда өмір ақиқатын бейнелеу дәрежесі әр түрлі екендігі. Ауыз әдебиеті ескерткіштерінің ішіндегі ең көлемді туындылар – эпикалық аңыздардың тарихилығы турасында айтылып келген ғылыми тұжырымдардың өзі-ақ бұл мәселенің зерттеушілер назарына көптен бері ілінгенін аңғартады. Фольклортанудағы «тарихи мектеп» теориясын басшылыққа алғандар орыс былиналары тарихта болып өткен нақтылы оқиғалардың суымаған ізімен туған деп есептеген. Былиналар және олардың қаһармандары белгілі тарихи істердің жаңғырығы, көркемделген нұсқасы деп пайымдау осы қисынның негізгі желісі еді. Мұндай жағдайда фольклор туындысының көркемдік заңдылық ауқымында жасалған поэтикалық құбылыс екені ешқандай қала беретін. Ертедегі былиналар тарихи оқиғалар болып өткен кезден тым жырақ кетіп тұмайды дейтіндердің үлкен бір дәлелі – дер кезінде жырланбаған оқиға ұмытылып кетеді, ал ондай құбылыстар көп уақыт өткеннен кейін эпосқа айналуы мүмкін емес дегенге тірелетін.

«Былиналардың поэтикасы және генезисі» деген зерттеуінде А.П.Скафтымов эпос табиғаты туралы жанаша, ғылыми талдауға қызғылықты пікір қосты. Автор бұл еңбегінде тарихи құбылыстар мен эпос арасында тепе-теңдік белгісін қоятын «тарихи мектеп» тұжырымдамасына қарсы шықты. Ғалым эпоста тарихи шындықтың берілу дәрежесін жанр поэтикасының заңдылығымен өлшеу қажет деген ойды түпқазық етіп алды. Ол тарихи істер, адамдар, заттық куәліктер эпостың көркемдік ансарына лайық қорытыла бағындырылады, шығармадан нақтылы болып өткен оқиғаларды «мөлдір» қалпында іздемей, көркемдік шарттарымен бірлестікте қарау қажет деп ұсынды. Осы тұжырымдама кенестік фольклортануда жалғастық тауып, дамытыла түсті. Көрнекті фольклоршылар В.Я.Пропп пен Б.Путинлов зерттеулерінде бұл тақырып ішкіміні тапты деуге болады. Былина мен эпостың тарихилығы туралы осы көзқарас шындыққа неғұрлым жақын келеді. Олай болса эпикалық шығармаларда тарихи оқиғалар

сілемі емес, поэтикалық қиял басым жатады, ал сол «ойдап шығарылғанның» өзі тарихилық сипатқа ие болады деген тұжырымға келісек керек. Бұл арала шындық пен көркемдік қиялдың арақатынасы секілді сөз өнерінің түпкілікті проблемасы ескерілгенін көреміз. Кең мағынасында көркемдік жинақтаудың жалпы, ежелгі принциптері фольклорға да, жазба әдебиетке де ортақ екені осы тұста анық байқалады.

Өмірде болып өткен нақтылы адамдар тағдыры, бастан кешкендері тарихи романдардың да тақырыбы ғой. Бірақ қандай да болмасын шығарманың желісі тек қана «болғанды» тізуден құралмайтынын білеміз. Дарынды суреткер көркемдік жинақтау заңдарына орай объективтік ақиқат пен қаһарманның жеке бастық ансарларын бірлестіреді. Осындай жағдайда ғана адамдар іс-әрекетінің мінездемесі нағыз толымды шындығына жетіск. Тарихи роман оқиғалардың хронологиялық тізбегін қайталамайды, сол істерді жеке адамдар өміріне қатыстыра баяндайды, қаһармандардың өзара байланысының шындығын, мәнін ашады. Жазба әдебиет шығармасы кейіпкердің өмірбаянын құрғақ санамай, адамдар келбеті ашыларлық тартысты, ұрымтал тұстарды, күрес, қайшылық, сын, тосу кезеңдерді талнайды, типтендіру шартын басшылыққа алады, қызық көрінген оқиғаның көбі шығарма ауқымына алына бермейді, ең екішелген оқиғалық оралымдар ғана іске жаратылады. Осы себептен де ешбір оқушы романда тарихи қайраткерлердің барлық бастан кешірген істері берілуін талап етпейді.

Архивтік ұмытылмаған деректерге табан тірейтін тарихи романның жасалуында, осыншама шығармашылық еркіндік болғанда мұндай «қиялмен қорыту» мүмкіндігін эпосқа кимау ақылға қонбайды. Демек, эпос та тарихи оқиғалардың көшірмесі бола алмайды, шындықты кең көлемде жинақтап, ірілеп, эпостық дәстүр ауқымына сыйғызып, өз поэтикасының заңдылығына бағындырады. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Көрұғлы», «Қамбар батыр» тәрізді жырлардағы қаһармандардың дәл прототипін іздесек, ол бізді ақиқатқа жеткізбейтін жол болар еді. Өйткені бұл туындыларда тарихи ұлы шындық биік көркемдік жинақтау заңдылығына бағынып, кең қорытылып, сом сурет болып шыққан. Тіпті эпостық жырларда тарихи оқиғалардың кейбір елестері, эпизодтары сақталған күнде де олар фольклорлық көркемдік жинақтаудың қалыпты шарттылықтарынан жырақ кете алмайды. Мұндай жағдайда эпостың және бір өзіндік

қыры — түрлі заманның, алуан істердің басын «құрай» алатын көпстадиялылық қасиеті айқындала түседі. Басқаша айтқанда, бір жырдың ішінде нақтылы оқиғалардың көрінісі де, бұрыннан қанықты қайталама, формулалары құбылыстар да, қиял-ғажайып та қатарласа, араласа келе беруі мүмкін. Ал тарихи қайраткерлердің аты нақтылы аталатын жырларда болып өткен әйгілі істер айтылмай, жанама, қосалқы хикаялар баяндалатыны да болады. Мәселен, XVIII ғасырда қазақ халқының жоңғар жаулаушыларына қарсы күресін бастаған Бөгембай мен Кабанбай туралы жырларда олардың дұшпанды жеңу жолындағы әйгілі ірі соғыстары емес, өмірлерінің кейбір эпизодтары көрсетілген. Демек, бұл жырларды жарағушылар өздерінің түсінігіне, білген мағлұматына және ақындық қуатына сәйкес данқты батырлар өмірбаянынан орын алған кейбір істерді суреттеген. Бұл келтірілген мысалдардан кейде эпос пен тарихи істер арасы «жақынырақ» келгенімен, шығармада бәрібір эпикалық сапа мен поэтика талаптары басым жататыны сипатталса керек. Мәселе жекелеген ұқсастықтарда емес, жырдың аңсарында, көркемдеу тәсілінде, түпкі философиясында. Ондай жағдайда тарихи адам мен эпос кейіпкерлерінің аты бір болса да, «заты» бөлек шыға береді...

Көркем сөз шығармаларының даму, жетілу, жаңа сапаға көшу тарихы фольклор мен жазба әдебиеттің өзара байланысы мен бір-біріне ықпалының замандар бойында үзілмей желі тартып келгенін дәлелдейді. Сонымен қатар осы екі көркемдік ағынның жалпы даму бағытында ортақ үлкен заңдылықтар да бар. Ол — ауыз әдебиеті дәстүрінің бірте-бірте жазбаша дәстүрге ауысу, ұласу тенденциясы. Көркемдік ойлаудағы дәстүрліліктен, ұжымшылдықтан даралық өрнегі анық жеке авторлар шығармасына, өмір құбылыстарын суреттеудегі қалыпты қаһарманнан даму үстінде көрінетін кейіпкерге дейінгі ұзақ жол осыған дәлел.

Зерттеушілер фольклорлық деңгейден жазба әдебиетке өтудің түрлі жолдары мен тәжірибелерін анықтаған. Онан соң «фольклор» деген терминнің өзін әрқилы түсінуге де болады. Кейбір халықтар үшін фольклор — көркемдік ойлау мен шығармашылықтың өте ертеде өтіп кеткен белесі. Жазба мәдениет тарихы бай елдердің көбінде жағдай осындай. Ал қазақтың ауыз әдебиеті деген көлемі мен биік көркемдігі ұштасқан, халқымыздың рухани өмірінің, тарихи-әлеуметтік істердің, күрестер мен қайшылықтардың, армандар мен үміткердің, ірілік құбылыстарына деген ба-

ғалардың, дүниетаным мен қоғам, табиғат туралы білімдердің шоғырланып, ерекше жарасым тапқан энциклопедиясы ғой. Бізде шығарушысы белгісіз, барлық жағдайда туындылардың өзі жүздеген том құрарлық. Айтушысы немесе авторы белгілі делінгенімен, таралуы жағынан фольклорлық дәстүрге жақын ақындық поэзияның да айрықша мол екенін білеміз. Қазақ ауыз әдебиеті дегеніміз — көп ретте халықтың эстетикалық қажетін өтеген, фольклордың да, жазба әдебиеттің де қызметін атқарған, осы екеуінің де сипаттарын бойына дарыта алған өзгеше әлем. Оның жанрлық түрлерін де, шығармашылық құрамын да, тақырыптық ауданын да, идеялық мазмұнын да, шеберлік сырларын анықтай түсу — биік борыш.

Қазақ жазба әдебиет тәжірибесінде фольклор дәстүрі қаншалықты көрінетінін тек нақтылы зерттеулер арқылы ғана талдауға болады. Сонда да болса, осы процесстің кейбір жетекші тенденциялары туралы тұжырым айтуға мүмкіндік жоқ емес. Соның бірі — жазба әдебиет туындыларында фольклорға тән бейнелі сөздердің, ұғымдардың араласа, өзгеше ажар бере қатысуы. Мұндай шығармалар өзінің көркемдік тәсілі жағынан ауыз әдебиеті мұрасынан қара үзіп кетпейді. Ал фольклорлық материалды, сарындарды, фабулаларды белгілі бір дүниетаным тұрғысынан жанаша талдап көрсететін шығармалар мұндай «ауыз-түйістің» екінші сатысы деп қараса да болғандай. Фольклор қазынасынан жазба әдебиетке көшіп, шығармаға күшті серпін қосатын бір нәрсе — ескі мифтердің, аңыздардың, тәсілдердің тосын, жалпылық мәні бар идеялар айту үшін қолданылуы. Бұл байқаулар, әрине, қатып-семіп қалған схема емес. Көркемдік тәжірибенің молдығы және жан-жақтылығы соншалық — ол ешқандай шарттылықтың қауызына сыя бермейді.

#### Әдебиет:

(1) Горький М. Избранные литературно-критические произведения. 1954, с. 243.

(2) Сонда, 214-бет.

(3) Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. 1984.

(4) Пухов И.В., Эргис Г.У. Якутские олонхо. В кн. «Строптивный Кулун Куллустур». М., 1985, с. 546.

(5) Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. 1975, 148-бет.

(6) Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVII том, 1985, 171-бет.

(7) Гриппер П.А. Стилистические развертывания темы в санскритском эпосе. В кн. Памятники книжного эпоса. М., 1978. с. 16.

## КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

### I

Түркі тілдес халықтардың ғылыми жұртшылыққа мәлім ертедегі жазба мұрасы VI—VIII ғасырларға, Түрік қағанаты дәуіріне тән ескерткіштер. Бұл мұра Орхон-Енисей жазбалары деп те аталады. Осы жазулардың құпиясы ашылып, мазмұны анықтала бастағанына да жүз жылдан артық уақыт өтті. Шынында, тасқа ойып қалдырған, сан әулетке өткен замандардың тарихын айқын куәлендіріп тұрған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазулары дүниеде сирек кездесетін ғажайып секілді. Өткеннің кейбір жазба мұрасының растығы немесе жалғандығы кейінгі зерттеушілер арасында күмән, талас пікірлер туғызып жататыны болады. Ал Орхон-Енисей жазбаларының бірегейлігі, теңдесі жоқ таңытқыштық қасиеті жөнінде сшқашан екіұшты тұжырым айтылған емес. Өйткені бұлар — тасқа таңбаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жететіндей етіп қалдырылған ақиқат ескерткіштер.

Дегенмен бұл кезге дейін осылар турасында қаншама зерттеулер жазылды десек те, аталған ескерткіштердің адамзат мәдениеті тарихындағы мәні мен орны жете насихатталды дей алмаймыз. Өйткені ежелгі түркі алфавитін танып, жазбаларды оқып, түсіне алатындар сирек. Жалпы, жұртшылық үшін Орхон жәдігерлерінің сыры әлі де көп жағдайда жабық күйінде. Мұны тас жазулардың сипаты, жанры жөнінде айтылып жүрген әр алуан ойлар мен қисындардан да аңғаруға болады. Бір зерттеушілер Орхон жазбаларын поэзиялық жанрға жақын (Стеблсва т.б.) деп есептесе, екіншілер оларды қара сөзге жатқызады. Бұл мәселе жөнінде қазақ ғалымдары Ғ.Айдаров, А.Аманжолов т.б. мақала, зерттеулер жазып, жүйелі, қызғылықты пікірлер айтып келеді. Орхон-Енисей жазбаларының жанры жайында Қ.Өмірәлиев, Н.Келімбетов «VIII—XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері» (1985), «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986) деген еңбектерінде нақтылы талдаулар жасады...

Ежелгі түркі ескерткіштерінің тарихтық, жазба әдебиеттік өрнегі туралы бірталай зерттеулерде пікір қорытылғанымен, Орхон жазуларының ауыз әдебиетіне қатысы кең сөз болған емес. Бұл проблемаға қазақ ғалымдарынан алғаш назар аударып, күрделі ой тастаған М.Әуезов болатын. Ол қырғыз эпосы «Манас» туралы монографиясында жырдың сөз айшықтары ертедегі түркі шығармаларымен үндес, орайлас келетінін ескерткен еді. Ғалым түркі тілдес халықтардың эпостық дәстүрі қадимдегі ғасырлардан басталатынын, мұның көрінісі — Орхон-Енисей жазбаларынан да байқалатынын атап өткен. «Олардың мазмұнында, — дейді М.Әуезов, — эпостық баяндау сазы басым, аңыздың көркемдік түрі де соған орайлас. Күлтегін, Тоныкөк немесе Суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік бейнеленген десеніңші! Оларда әр алуан ру-тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтарының шежіресі бар. Тіпті сол жазулардың бірталайында Күлтегіннің жеңілуді білмейтін батыр болғандығы баяндалады. Ол жазуларда хронологиялық тәртіп те бар. Күлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейін, яғни өлгенге дейін өміріндегі ерлік қимылдары баян етіледі. Мұнда батырдың жас шағынан бастап, өмірінің ақырына дейін жырлайтын батырлық дастандардың сюжеттік құрылысына ұқсастық бар» (1). Арнайы зерттеп, кеңейтіп талдамаса да, осы сөздерде үлкен шындықтың ұштығы бар екені анық. Кейінгі зерттеулер бұл болжамның дұрыстығын дәлелдей түсті. Қазақ ССР тарихының кейінгі басылымында ежелгі түркі ескерткіштерінде эпостық дәстүр ізі айқын екені тұжырымдалған. Оларда: «...көркемдік тәсілдердің алуан түрінің, тұрақты сөз тіркестері мен тұжырымды нақыл сөздердің қолданылуы ресми баяндауды эмоциялық жағынан әрлендіріп, оның стилін құлпырта түседі», — делінген (2).

Бұл кезге дейінгі зерттеулерді шолып, белгілі дәрежеде қорытындылаған еңбегінде әдебиет тарихшысы Н.Келімбетов түркі жазуларындағы эпикалық дәстүр мәселесін былайша түсіндіреді: «Күлтегін ескерткішін тарихи фактілер тізбегі емес, ежелден еркіндік аңсаған түркі халқының бақытты өмір жайындағы арман-қиялын, тәуелсіздік үшін ғасырлар бойы жүргізіп келген ерлік күресін, кескілескен шайқастарда қол бастаған қас батырларын жыр еткен батырлық эпосының алғашқы үлгілері деп танығанымыз жөн» (3).

Орхон жазбаларының жанры поэзия ма, проза ма деген пікір таласына біз тоқталмаймыз. Сол жазба ескерткіштердегі эпикалық дәстүр сарыны қаншалықты көрінетінін өңгімелесіміз келеді. Күлтегіп, Білге қаған, Тоныкөк аттарына қатысты мұра эпостың шарттарына бастан-аяқ толық жауап береді десек, біржақтылық болмақ. Осы ескерткіштерді «түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтары баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи өңгіме... Бұл тарихи-әдеби шығармада ертедегі түркілердің өзін, өзінің елдігін, айналасын тануы... тарихи-саяси оқиғаларға баға беруі, оның себебін дәлелдеуі, болашақ жайлы толғануы сияқты халықтың сана, ой-пайымдаулары көрініс берген». (4) — деп бағалауда жеткілікті негіз бар. Ендеше, біз ертедегі түркі жазба шығармаларынан эпостың толық қалыптасқан тұлғасын емес, жекелеген елеулі өрнектерін іздесек орынды.

Қаһармандық эпостың ең басты және шешуші белгілерінің бірі — онда алып батыр тұлғасының болуы. Сырт жаулардан елдің азаттығын, бүтіндігін қорғау, осы мақсат жолында қандай қаһарлы дұшпанға да қарсы шығу, өз жұртының тәуелсіздігі үшін ересен ерліктер көрсету батырлық эпос атаулының жетекші идеясы болып табылады. Аз күшпен көп жауды жеңетіндік, қаһарман ерлігі өсіріленіп берілетіндік те эпикалық дәстүрге хас көркемдік тәсіл. Елді бостандыққа жеткізу қандай үлкен мұрат болса, ынтымақты, бейбіт өмірді аңсау да күрделі міндет болып есептеледі. Міне, осындай сипаттар Күлтегін туралы ескерткіштен еркін табылатынын көрсеміз. Көне мәтіннің қазіргі қазақ тілімен берілген нұсқаларынан мысал келтірейік: «Қаған өкsem қайтыс болғанда інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жаста Күлтегін... батыр атанды. Он алты жасында Қаған ағамның жұртын, өкіметін сондайлық зор етіп күрды; алты тарапқа әскер жүргіздік. Табғаш Он Тұтықтың елу мың әскері келді. Соғыстық, Күлтегін әскерімен еліне тиді. Он Тұтықты қолбасшысымен, жарақты қолымен тұтқын етті. Ол әскерді сол жерде жоқ қылдық. Жиырма бір жасында Чача Сенүнмен соғыстық... Содан кейін жер Байырқанның Ұлығ іркін жау болды. Оны қуып, Түргі жарғун көлде қираттық. Ұлығ іркін аз ғана қолымен қашып кетті...» («VIII—XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері». 1985, 88—89-беттер).

«Қарасөзбен» баяндалған осы бір қысқа үзіндінің өзі бізге эпикалық әсірелеудің заңдылықтарын елестетеді. Болашақ ба-

тырдың күш-қайраты, ерекше туысы жас кезінен-ақ танылатыны, жедел жетілетіні күллі қаһармандық эпостың ортақ көрсеткіші болса, осы белгі біз келтірген мысалдан айқын аңғарылады. Екінші бір атап көрсетерлік нәрсе — Күлтегіннің жауларды бет қаратпай жеңгендігінің айтылуы. Өлең дәстүрінің кара сөзге «көшуі» немесе аңыз, ертегінің эпикалық поэзияға айналуы тарихта кездеспейтін процесс емес. Атақты «Дәде Қорқыт кітабы» хатқа түскенде ауызша өлең түрінде айтылып келген нұсқасынан мазмұндалғаны белгілі. Соның өзінде де әуел бастағы поэзиялық кестенің ізі байқалып отырады. Сондай-ақ Орхон жазуларын тарихи шежіре деп қарағанда да, оның әр тұсынан қуатты эпикалық дәстүрдің сілемі қылаң беріп отырады.

Орхон-Енисей жазулары — жазба ескерткіштердің ғылымға белгілі бастапқы үлгілері. Ал оның арғы жағында түркілердің ерекше жетілген сан ғасырлық тарихи аңыздары, ауызша поэзиясы бар еді. Орхон жазуларының білімді, дарынды авторы сол қуатты поэзиялық дәстүрден сусындап, тағылым алмауы мүмкін емес. Түркілердің VI — VIII ғасырларда бастан кешкен оқиғаларын, жеңістері мен өкініштерін кейінгіге үлгі-ғибрат өрі өсиет етіп қалдырғысы келген Иоллығ тегін шежіре мағлұматының құр қанқасын берумен шектелмей, өз шығармасын поэзия өрнектерімен де әдіптеген. Осы тұрғыдан алып қарағанда көне түркі жазба ескерткіштері белгілі дәрежеде эпикалық дәстүрден нәрленген.

Орхон жазуларында эпосқа тән қайталама тіркестер — формулалар ұшырауы да атап көрсетерлік құбылыс. Білге қағанға арналған тас жазудағы: «Өлменші халыққа жан кіргізіп асырадым, жаланаң халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Айбарлы елдікке, айбарлы қағандыққа жақсы жеткіздім. Төрт тараптағы халықты тұтас бас игіздім. жуасыттым, жауықпас жұрт қылдым, бәрі маған қаралы» («VIII — XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері», 88-бет) деген сөздер қаһармандық жырлардың аяқталар тұсында жауын жеңіп, мұратына жеткендікті хабарлайтын шалқыма, шадыман өлең жолдарын еске салады. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» эпосында дәл осындай халдер болатын.

Классикалық эпос қаһармандары қалың жауға жалғыз шабатын алыптар болады. Күлтегіннің ата жауы Чача Сенүнмен соғысын суреттеген тұста осы заңдылық елес береді. «Күлтегіннің сауытына, шекпеніне жүзден артық оқ тиді, бірақ оның басында

мыс дулыға, бірде-бір жебе дарыған жоқ» деген сияқты жолдардың «жазығы» өлең емес демесең, казак эпосындағы оқ өтпес сауыт киген батырларды бейнелеген тұстардан айырмасы шамалы. Мәселе шығарманың жанрында емес, ерлікті суреттеудің эпикалық тәсілі бірдей болып келуінде ғой.

Ежелгі түркі эпикалық аңыздарында батырлар мінетін тұлпар аттың рөлі күшті көрсетілетіні белгілі. Жаудан жүрегі таймаған ерлердің ең сенімді серігі жүйрік ат еді. Орхон жазуларында да бұл мәселе жеткілікті көрініс береді. «Күлтегін ақбоз атын мініп жауға ұмтылды» тәрізді тіркестер батырлық жырдың кез келгенінде ұшырайтын таныс көріністерді ойымызға оралтады.

Орхон жазуларында соғысатын әскердің саны да эпикалық көлемге жетіп жығылады. Бұл сонау көне ғұндар заманынан келе жатқан эпикалық дәстүр. Н.Я. Бичуриннің көрсетуінше, «ғұн қағаны Мөде бір жорықта үш жүз мың кісіні атқа қондырған. Түрік Кигин қаған бір жолға жүз мың қолды, ал Шабала хан төрт жүз мың қолды әр кезде-ақ атқа қондыра алған» делінеді («VIII — XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері», 15-бет). Майданда соғысатын әскерді осыншама көп етіп сипаттау дәстүрі казак, қырғыз, алтай эпосында ұзақ сақталған.

Көне түркі жазуларында өсірелеудің эпикалық түрлері жиі кездесіп отырады. Мәселен, Білге қаған атынан берілген «Ілгері күн шығыстағы, оң жақта күн ортасындағы (түстіктегі), қиырда күн батысындағы, сол жақта түн ортасындағы (терістіктегі) — осы аралықтағы жұрттың бәрі маған қарайды» деген тіркестерде тарихи нақтылық жоқ, эпикалық жинақтау ғана бар. Бұл сөздерге қарап Түрік қағанатына сол заманда дүниенің төрт бұрышы түгел бағынған екен деп ойлауға болғандай. Шындығында, Білге қағандарға қараған елдің нақтылы аттары да, шекарасы да мына суреттегіден анағұрлым шағын болатын. Тас жазулар авторы бұл арада көркемдік қиялға ерік берген.

Күлтегін атынан баяндалған тарихта да халықтың дүние, әлем туралы мифтік түсінігі мен эпикалық санасы аңғарылады. Түрік қағандарының тарихын дүниенің жаралуынан бері келе жатқан етіп көрсету, жер-жаһанның тірегі секілдендіріп дәріптеу шежіренің емес, эпостың табиғатына тән. «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара Жер жаралғанда, екі арасында кісі ұғлы жаралған екен. Кісі ұғлының үстінен (билік жүргізуге) менің арғы бабаларым Бумын қаған, Істемин қаған таққа отырған екен» тәрізді

жолдарда тарихи «дәлдіктің» ұштығы да жоқ, мұнда ескерткіш авторының «осылай болуға тиіс» деген аңсары, мұраты ғана байқалады.

Зерттеушілердің көбі Орхон-Енисей жәдігерлерінің тарихтық, шежірелік сипатын баса көрсетеді. Мұнда VI — VIII ғасырлардағы түркі мемлекетінің ішкі, тысқы жағдайлары, бірлесіп қуатты елге айналған тұстары да, ыдырап, берекесі кетіп, айлалы жаудың тұзағына түскен, құрып кетуге жақындаған кезеңдері де айтылған. Бұл жағынан алғанда жазбаларды тарихи проза деп санау орынды. Мәселен, мына жолдар түркі халықтарының сол замандағы «қаны сорғалаған» шындығы болып естіледі: «Бектері, хандары азғаны себепті, түзу жолдан шыққаны себепті, тағаш халқының алдамшы-көлгірлігі себепті, аға-інілерінің кектескені, өштескені себепті, арбаушылығы себепті, әкімі халықты бір-біріне шағыстырғаны себепті түркі халқы елін, мемлекетін қолдан берген екен, ел билеген қағанын қолдан шығарған екен» («VIII — XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері», 84-бет). Түркі мемлекетінің құлдырау, әлсіреуінің анық бір себебін тарих-шежіре осылайша төндірс, сендіре баяндайды. Бұл сөздер баға жетпес тарихи мағлұмат болып табылады. Орхон-Енисей жазулары түркі халқының бірнеше ғасырлық тағдыр жолының нанымды, әсерлі шежіресі, төндесі жоқ құжаты саналады...

Орхон жазуларының тарих орнына жүрерлік осындай қымбат қасиетін көрсетумен қатар, оларда болып өткен істердің дәлме-дәл қайталанбағандығын да зерттеушілер байқаған. Мәселен, Күлтегін жазуында Елтеріс хан өлген соң оның орнына Могилян — Білге қаған болған делінеді екен. Ал шынында, Елтеріс дүниеден қайтқаннан кейін қағандықтың ежелгі тәртібі бұзылып, бұл биік лауазымға Қапағанның ұлы Бегю ие болады. Күлтегін мен Могилян ел басқару ісінен сырт қалдырылады. Анығы — Қапаған өлген соң Тоныкөк қағандық тақты ағасы Білге қағанға күшпен тартып алып берген, өзі әскери қолбасшы болған. Тарихи оқиғалар хронологиясындағы осы қайшылықты тас жазулар авторы білмегендіктен емес, шежіре шындығын көркем әдебиеттің шартына лайық өзгерткен деген пікір де айтылып жүр. «Тарихи оқиғаларды осылайша бұрмалап көрсету Орхон жазбаларында жиі кездеседі, мұның себебі, автордың басты мақсаты тарихи шындықты шежіреші ретінде көрсету емес, сол дәуірге тән қас батырдың көркем бейнесін жасау болып табылады»

(Келімбетов Н. Казак әдебиетінің ежелгі дәуірі. 38-бет). Әрине, ескерткіштің көркемдік жинақтаушылық жағын баса көрсетемін дей отырып, оның шежірелік сипатын мүлде сызып тастаудың орайы келмейді. Дегенмен Н.Келімбетовтің батыл тұжырымының құлақ асарлық жерін ескермеске болмайды. Орхон жазбаларында тарихи фактілер ізінің бірталай ретте өзгертіле баяндалуын тек автордың «ұмытшақтығынан» деп қарауға келмейді. Ендеше, мұның сырын қалай түсіну керек? Қашанда уақыты өтіп, аңызға айналған оқиғалар халық жадында сақталып, «өмірін» ұзартады. Мұндай жағдайда, сөз жоқ, тарихи оқиғалардың ең елеулі, ең маңыздылары ғана екшеліп, халық тағдыры үшін мәні жоқтары ұмытылады. Ендеше, түрік қағандарының ең даңқтылары ғана тарих қаһарманы болып сипатталып, ерекше еңбегі жоқ басшысымақтардың ел есінен де, шежіреші назарынан да тыс қалуы түсініксіз болмаса керек. Бұл арада ауыз әдебиетінің байырғы заңдылығы — тарихтың ұнамды қайраткерлерін жер-көкке сыйғызбай көтеріп, идеалдық биікке жеткізгендігі еріксіз еске түседі. Орхон жазбаларындағы эпикалық дәстүрдің қатысы дегенде, бәрінен бұрын осындай мәселелерді көрсетеміз. Ал сол эпикалық жинақтау дәстүрі деген қандай еді?

Эпос — белгілі бір дәуірде болып өткен оқиғалардың хронологиялық тізбегі емес, сол істердің ел санасында сақталған естелігі, халықтың өз түсінігі, дүние құбылыстарына берген бағасы. Осы себептен де, эпоста суреттелген қаһармандар мен тарихи қайраткерлерді бір қалыпқа салуға болмайды. Бұлардың арасында айырма үлкен. Эпос өмірде орын тепкен қандай да болмасын елеулі оқиғаларды өз поэтикасының шарттарына бағындырады. Тіпті тарихи қайраткерлер аты эпостық туындыда кездесе қалған күнде де біз олардың арасына теңдік белгісін қоймаймыз. Тарихта жасаған Қобыланды мен эпос қаһарманы мүлде екі басқа құбылыс екеніне фольклор табиғатынан хабары бар бірде-бір адам таласпаса керек. Бұл жеке бір жырға ғана қатысты емес, жалпы эпостық мұраға тән ортақ қағидадай нәрсе.

Тағы бір атап көрсететін мәселе — эпоста болған оқиға ғана емес, болуға тиісті, халық аңсаған, арман еткен істер көрсетіледі. Халық қашанда өмірден жақсылықты, өділдікті, шындықты іздейді. Ғасырлар бойында болып өткен сан соғыстардың бірде-біреуін эпос шежірелемейді, халық азаттығы мен бақыты үшін күрескен ерлердің идеалдық, асқақ, сом бейнесін жасайды. Жыр

қаһармандарының ешбір жаудан жеңілмейтін, кедергіні кесіп, бөгесінді бұзып өтетін болып сипатталу себебі осыдан. Оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін адам болмайды, бірақ эпос ерлеріне ешбір жаудың қаруы дарымайды. Бұл — халық қиялы, «осындай жаңдар болса екен» деп тілеуінен туған құбылыс. Нанымсыз көрінетін мұндай фактілерді ел шындықтай қабылдайды.

Осы эпикалық поэтика заңдылықтарын Орхон жазуларынан да іздеп көру табиғи. Ол жазуларда түркі халқының сырт жауларға қарсы ғасырларға созылған күресінің ірі фактілері, сол күрестің әйгілі қаһармандары екшелгені күмәнсіз. Ескерткіштер авторы тек «болып өткенді» ғана санап шығумен шектелмей, алдына халық санасын ояту, тарих тәжірибесін түсіндіру, жақсы дәстүрге баулып, өкінішті істерден сақтандырмақ міндетін қойғаны да кәміл. Соңдықтан тарихтың фактілерін тілге тиек ете отырып, солардың ғибратын, үлгісін әсерлі баяндап беруді көздеген. Түркі тіліндегі бай халықтық поэзияның әсіресе эпикалық дәстүрдің көп өрнектері тас жазуларға ауысуы кездейсоқ емес. Ел мүддесін қорғаған ерлер тұлғасын жасау үшін заманының ақыл-өйданасы Иоллығ тегін ауыз әдебиетінің жұрт құлағына қанықты кестелерін пайдаланған. «Басы жұмыр пендені илкітірді, тізеліні бүктірді» деген секілді танқыр нақыл сөздер мен тіркестердің Орхон жазуы бойынан мол кездесетіні ауызша тараған қуатты поэзияның ықпалы.

Бұл келтірілген мысалдар Орхон жазуы дүниеге келген кезден көп бұрын түркі руларында кен дамыған, алуан жаңрлы ауыз әдебиеті мұрасы болғанын, сол дәстүрдің «хат жазуға» тиісті дәрежеде әсер еткенін, демек, ауызша аңыз, жыр, өлең жазба шығарманы нәрлендірген негіздің бірі болғанын дәлелдесе керек.

## II

Алғашқыда аңыз ретінде ауызша таралып, кейіннен хатқа түсірілген көне тарихи, әдеби мұраның бірі — «Оғызнаме». Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл жалпы түркі тілдес халықтардың тарихи оқиғалары жайындағы ең ескі ескерткіш. «Оғызнаменің» жазба нұсқа ретінде белгілі болғаны XII — XIII ғасырлар мөлшері делінгенімен, оның ауызекі айтылу тарихы талай ғасыр өріге кетеді. Кейбір ғалымдар бұл аңыздың негізі VI — VIII ғасыр-

ларда-ақ қалыптасқан болуы тиіс деп есептейді (Өмірәлиев К. VIII — XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. 1985, 104-бет). Қалай болған күнде де «Оғызнаменін» әдепкіде фольклор шығармасы болып туып, әдеби ескерткішке айналуы соңғы процесс екені күмәнсіз.

Осы эпостық аңыздың тарихи түбірі дәл «мыпа оқиғалар» деп ешкім де дөп басып айта алмайды. Көп дегенде бұдан ертедегі оғыздар жасаған үлкенді-кішілі жорықтардың алыс жаңғырығын аңғаруға болады. Бір жағы Қытай, екінші жағы Үрім патшалығы арасындағы кең саҳара көшпенді түркілердің бағзы заманнан бері келе жатқан қонысы, ұлы өрісі еді. Біздің дәуірдің басында ғұндардың осы атырапты еркіп билеп өткені де белгілі. Ғұндар тіпті Үрім емес, одап ары қарай, Батыс Еуропа жеріне де жеткен. Герман, Скандинавия елдерінің эпосында жаулаушы көшпенділердің көссемі Аттиланың аты да сақталған, оның соғыстары да суреттелген. Бұл тарихи оқиғалар Батыс Еуропа халықтарының фольклоры ғана емес, жазба әдебиетінен де орын алғаны белгілі. Бұл арада біз тарихта орын тепкен ұлан-ғайыр оқиғалардың ғасырлар бойында ұмытылмай, аңыз, эпос, жыр түрінде айтылып келуі заңдылық сәкенін көрсеткіміз келеді.

Ғұндардан бірнеше жүз жыл кейін оғыздардың Орталық Азиядан күнбатысқа қарай көш жорығы болғаны да мәлім. Оғыздар заманында көп өлкеге үстемдігін жүргізген. «Оғыздар — ежелгі түркі тайпаларының бірі. Олар көбінесе дерлік Сырдарияның төменгі ағысы мен Қаратау бөктерін мекендеген. Ұзақ жылдар бойы көршілес тайпалармен соғысып, Арал теңізінің батысы мен Каспий теңізінің солтүстік жағалауын өздеріне қаратып алады... Оғыз тайпалары бірлестігі 965 жылы Киев Русімен олақтасып алады да, екі жаққа бірдей қатер төндіріп тұрған қуатты Хазар қағандығына қарсы соғыс ашады. Ақыры хазарларды жеңіп, Еділ мен Кама өзендері бойында болгарларды да тас-талқан етіп, жеңіп шығады» («Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», 86-бет).

Міне, осы ескілді оқиғалық сарындар бірте-бірте өсіреленсе келіп, ешкімнен «жеңілмейтін» Оғыз қаған туралы аңызды тудыруы әбден мүмкін. Шөл және жартылай шөлейт далаларда қысы-жазы қоныс аударып, мал жайылымына қолайлы жер іздеген көшпенді түркілердің ұғымында қалың елді соңына ерткен қолбасшылар тұлғасы ерекше өркештеніп елестеген. Ұлы даланы мекендеген рулар мен бірлестіктердің осындай қажеттілікпен

алыс-жақын көршілердің жеріне «көз тігуінің», соғыстар жүргізуінің сыры көбінесе экономикалық факторларға байланысты екені ғылыми дәлелденген нәрсе. Ғасырлар көлемінде тек ғұндар мен оғыздар ғана емес, басқа да одақтар мен тайпалардың «тіршілік кеңістігі» үшін таластары аз болмаған. «Оғызнаме» солардың бірде-бірінің нақтылы ізін шежірелемейді. Мифі, анызы, арагдік тарихи негіздері аралас келіп отыратын бұл мұраны халықтың көркемдік қиялы туғызған десек, дұрыс болмақ. Мұнда бір кезеңнің емес, тарихи түрлі дәуірдің паным-сенімі, түсінігі көрініс беретін полистадиялық сипат бар.

«Оғызнамеде» түркі-моңғол халықтары эпикалық аңыздарларының көне үлгісі танылады. Бұған аңыздан мысал келтіре отырып, көз жеткізуге болады. Кейінгі замандарда туып, толысқан, өзінің классикалық биігіне жеткен эпостың негізгі шарттары «Оғызнамеде» салынған. Олар: а) болашақ қаһарманның ғажайып туысы; батырдың желел жетіліп, алдағы орасан істерге дайындығын ерте танытуы; ә) қаһарманның аңға шығып, жау күштерімен соғысып, жеңуі; б) ерлікпен үйленуі; в) соңындағы елін мұратқа жеткізуі.

Оғыз қағанның жарық дүниеге келуі былай сипатталған:

Ертеде күндердің бір күні  
Ай қағанның көзі жайнап  
Бір ұл бала тапты.  
Сол баланың жүзі көгілдір,  
Аузы — оттай қызыл еді,  
Көзі — алқызыл, шашы, қасы  
Қап-қара болатын.

Ал қаһарманның жасынан ерекше болып өскені, өз елдерден «бөлектігі» адам таң қалғандай етіп берілген. Көп эпостарда дамытыла, көркемдігі жетілдіре суреттелетін жас батыр тұлғасын «Оғызнаме» қысқа сөздермен тұжырымдайды.

Қырық күннен соң өсті —  
Жүрді, ойнады.  
Аяғы — өгіздің аяғындай,  
Белі — қасқырдың беліндей,  
Иықтары — бұлғынның иығындай,  
Төсі аюдың төсіндей еді.  
Денесінің бәрін түк басқап еді,  
Жылқы бағатын еді,

Киік аулап жүретін.  
Талай күн, талай түннен соң жігіт болды.\*

Осындай эпикалық әсірелеу Оғыз қағанның үйленуі тұсында да бар. Оған кездескен қыз «күннен де шұғылалы, айдан да сәулелі» екен (казак ертегілеріндегі «ай мен күндей, әмбеге бірдей» деген формулалық тіркестер еріксіз еске түседі).

Оғыз қаған балаларына Күн, Ай, Жұлдыз, Көк (аспан), Тау, Теңіз деген есімдер береді. Бұл аттардың символдық мәнін түсіну қиын емес. Мұның өзі қағанның бүкіл әлем билеушісі болуға ниеттенгенін де сездіреді.

Аңыздың бұдан былайғы жері жартылай тарих, жартылай миф секілденіп кетеді. Оғыз қаған дүниенің төрт бұрышына елші жіберіп: «Олар маған бағынуы тиіс. Бізге өз еркімен бағынғандар салық төлесін. Бағынбағандар жауымыз болады. Оларға қарсы қисапсыз көп әскер жіберіп, құртамыз. Ұранымыз – көк бөрі болсын», – дейді. Ғұндар да, оғыздар да қанша күшті жауынгер болғанымен, жер жүзін аузына қарата алмағаны, олардың билігі көп дегенде әр кезеңде Байқалған Балқанға дейінгі аралыққа ғана жүргені тарихи фактілерден белгілі. Бірақ аңыздың аты аңыз.

Ол Оғыз қағанды дүниенің әміршісі етіп шығарған... «Оғызнамені» тарихи ескерткіш деуден гөрі фольклорлық туынды деп айту жөн болатыны осыдан да көрінсе керек. Ал оғыздар ұран етіп алған көк бөрі нағыз тотемдік ұғым. Әрбір тірі жанның иесі, жебеушісі болады дейтін өте ерте кездегі түсінік «Оғызнаменден» кездеседі. Аңызда түрлі дәуірдің ұғымы араласып кеткен дейтініміз осыдан. Оғыз қаған әскерін Үрім жұртына бастаушы көк бөрі болып көрінеді...

Оғыз қағанның әскері жүретін жолдағы белгілі географиялық атаулар жорықтың бағытын аңғаруға көмектеседі. «Ол жерде Етіл (Еділ) теңіз деген бір теңіз бар еді. Еділ теңізінің төменгі жағында бір Қара тау етегінде ұрыс болды. Оқпен, пайзамен, қылышпен ұрысты. Оғыз қаған Үрім қағандарын алды» деп баяндалады. Оғыз қағанға бұдан кейін тарту-таралғысымен келіп бағынатын Урус бектің ұлы Саклаб болады. Қайтар жолда Еділ суынан ағаштан сал жасап, әскерді өткізген Орда бегіне Қыпшақ деген есім беріп, сол өлкені билеуді тапсырады.

\*Үзінді мысалдар «Қазақ әлебиетінің ежелгі дәуірі» кітабынан.

Көк бөрі Оғыз қаған әскерін енді күншығыс жаққа бастайды. Үлкен мұзтаудан өтіп, Шүршіт еліне жетеді. Бұл ел туралы: «Үлкені бір мемлекет, ел-жұрт елі. Малы көп, сиыр-бұзаулары көп, алтын-күмістері көп, асыл бұйымдары көп еді. Бұл жерде Шүршіт қағанның ел-жұрты Оғыз қағанға қарсы келді. Ұрыс, соғыс басталды. Оқпен, қылышпен ұрысты. Шүршіттің ел-жұртын басып-жаншылды, Шүршіт қағанды жеңді, өлтірді, басын кесті. Шүршіт ел-жұртын өзаузына қаратты» делінген (VIII – XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. 124-бет). Қара сөзбен тұжырымды әңгімеленген бұл үзінді қаһармандық эпостағы соғыс суретінің дәл өзіндей әсер береді. Кейінгі казак эпосында жау қаласын соғыспен алған мезетті «қаланың аузын қан қылды, қақпаның аузын қан қылды, тұлымдысын тұл қылды, солқылдаған мырзасын, табанға салып жүн қылды» деп серіппе жырлайтын жолдар еске түседі. Атап айтарлық нәрсе сол – Оғыз қаған Шүршітті жеңді деп қапша төндіріп айтылғанына қарамастан, бұл нақтылы тарихи оқиғаның ізі емес, эпостық тәсіл ғана. Тарихтың ұзына бойында ғұндар, оғыздар, түркілер шүршіттермен бір емес, әлдепеше рет шайқасқан той. «Оғызнамеде» сондай ежелгі жаулықтың сарыны ғана жинақталып айтылған. Қазак жырларындағы эпостық жау – қалмақпен арадағы соғыстың жалпылама көрсетілетіні секілді «Оғызнамедегі» Үрім, Шүршіттер де жинақталып берілген...

Сондай-ақ біз «Оғыз қаған Тапғұтты, Мысырды, Шам елдерін алды» деген «тарихты» да нағыз фольклорлық әсірелеу деп қабылдаймыз. («Оғыз қаған басты, Мысыр қаған қашты»). Жер, ел атауларының тізіліп берілгені «Оғызнамені» тарихи еңбектер қатарына қоса алмайды. Мұның бөрі оғыз халқының бірлігін, айбынды ел болуын, жұртты басқарып, жауларын жеңіп беретін қаһарманды аңсауынан туган аңыз, эпостық көркем жинақтау деп білеміз. Қай елдің фольклорлық ескерткіштерінде де мұндай әсірелеу жат саналмайды. Армянның «Сасундық Дәуіті» мен қалмақтың «Жөңгірінде» де баһадүрлер жауларын бет қаратпай жеңіп отырады. «Жөңгірде» қалмақ елдерінің түп дұшпандары қанша алыста жатса да, батырлар ұзақ сапарға аттанып барып соғыса беретін. Эпостық сананың заңдылығы бойынша мұндай соғыстар шапқыншылық болып есептелмейді. Сондай-ақ Оғыз қағанның жер түбіндегі жауларды жусата беруі де аңыз, эпос шарттарына сыйымды. «Оғызнамені» бұл реттен алғанда түркі тілдес халықтардың ең алғашқы эпосының бірі деуге болады.

«Оғызнамедегі» бір қызық бейне — оғыз қағанның жанында отыратын ақылгөй, дана жырау ұлы Түрік (Бұл кейінгі жырларда кездесетін Сыпыра жырауды еске салады). Ол түс көріп, болашақты болжайды, халық қамын ойлайды. Бірақ оны да тарихи пәлен қайраткер деп кесіп-пішіп айту қиын. Ол қағандар құзырында жүретін кеңесші, кеменгер, білімді жанлардың жиынтық тұлғасындай. Осы ұлы Түрік түсінде алтын жай және үш күміс оқ көреді. Оғыз қағанның балалары күншығыс пен күнбатыс тұсқа бөліне аң аулауға шыққанда әлгі алтын жай мен үш күміс оқты тауып алады. Бұл да Оғыз қаған күдіретінің батыс пен шығысқа жеткендігінің тәміл-мысалы секілді... Оғыз қағанның жұрт жиып, ұлан-асыр той жасап, иелігіндегі жерді балаларына аманат етіп тапсыруымен аңыз аяқталады. Осы мәселе «Оғызнаманың» идеялық түйіні де болып табылады. Эпос — болып өткен оқиғалардың хронологиясы емес, халықтың «осылай болса» деген аңсары. «Оғызнаме» барлық белгілерімен осы талапқа сай келеді.

### Ш

Түркі тілдес халықтардың орта ғасырлардағы эпосының жазбаша ескерткіші «Қорқыт ата кітабының» данқы дүние жүзіне мәлім. Алғаш хатқа түсірілген кезеңі XV — XVI ғасырлардан бастап бұл эпос жөнінде жаһанның көп тілдерінде пікір айтылған. «Қорқытты» орыс тіліне аудару басталғанына да бірер ғасыр уақыт өтті.

Бұл жазба ескерткішті зерттеген ғалымдар, соның ішінде Х.Г.Короглы эпостың алғашқы бірнеше тарауының оқиғалық құрамы оғыздардың Түркістанда, Сыр бойында жүрген кезінің шындығын сипаттайды деп есептейді (5). Уақыт жағынан алғанда, эпостың алғашқы бастаулары VII — VIII ғасырларда оғыздар мен қыпшақтардың аралас-құралас жасап жүрген дәуірінде туған делінеді. Деректерге қарағанда, Қорқыттың әкесі Баят (оғыздардың бір тарауы) руынан, шешесі қыпшақ қызы болса керек. Мәдениеті, шаруашылығы, дәстүрі жақын бұл елдердің поэтикалық шығармалары мен аңыздары да ол заманда ортақ мұра болып есептелген. Оғыздарда да, қазақтарда да Қорқыт әңгімесі қатар сақталу себебі осыдан.

«Қорқыт ата кітабының» он екі тарауында баяндалатын аңыздық, ертегілік, мифтік сарындардың қай-қайсысы да қазақ оқу-

шысына тосын болып естілмейді. «Қорқыттағылай» мотивтер түркі-моңғол халықтарының фольклорында, соның ішінде қазақ аңыз, ертегілерінде молынан ұшырайды. Мұның кейбіреулері тарихи-генетикалық үндестікті байқатса, екіншілері тарихи-мәдени байланыстар салдары болып сезіледі. Ал қайсыбір кейіпкер (жалғыз көзді дәу Төбекөз т.б.) кең мағынасындағы тарихи-типологиялық үндестікті танытады. Бұл айтылғандар «Қорқыт ата кітабы» қазақ қауымы үшін әр тараптан қызғылықты ескерткіш екендігін көрсетеді.

Қорқыт туралы қазақ аңыздарының мәніне терен үніліп, көп пікір айтқан М.Әуезов болғанын білеміз. Кейінірек Қорқыт жайындағы аңыз, әңгімелердің құрамын негүрлым толық қамтып, академик Ә.Марғұлан күрделі еңбек жазғаны белгілі (6). Атақты ақындарымыздың бірі Қ.Бекхожин бұл тақырыпта поэма жариялады. Профессор Ә.Қоңыратбаев, филология ғылымдарының кандидаты Б.Ысқақов эпосты қазақ тілінде сөйлетті. Соңғы жылдарда «Қорқыттың күйі» деп тартылып келген он шақты күйдің табылуы да жұртшылықтың бұл аңыздық есімге соншалық көңіл бөлгенін байқатады. Сырдарияның бойында, Қызылорда облысының Қармақшы ауданы жерінде Қорқытқа ескерткіш орнатылғаны да айтулы оқиғалардың бірі. Әзірбайжанда Қорқыт жайында кинофильм түсірілгенінен де хабарымыз бар. Мұның бәрі Қорқыттың аты мен аңызы ғасырлар тозанында қалып қоймай, халық жадынан шықпағандығының дәлелі. Міне, бұл және басқа көптеген мысалдар Қорқыт тақырыбы мәңгі ұмытылмайтын ұлы тақырыптардың бірі екенін аңғартады.

Эпостың қазақша нұсқасы қадим дәуірдің наным-сенімдерін, салт-санасын, дүние туралы ұғымдарын, сөз, сөйлем үйлесімін қайта жаңғыртып елестетеді. Қорқыт атаның сөздері, көптеген накылдары қазақ адамына «таныс бейтаныстай» болып жақын естіледі. Мәселен, «Әзелде жазылмаса, құл басына қаза келмес, ажал уақыты жетпейінше ешкім де өлмес», «Өлген адам тірілмес, шыққан жан қайта келмес», «Сулар тасығанмен, теңіз толмас», «Төкаппарлықты төңірі сүймес», «Күл — төбе болмас, күйеу бала — ұл болмас», «Қара есек басына жүген кигізсең, тұлпар болмас». «Жапалақ-жапалақ қар жауса да, жазға қалмас», «Ежелгі дұшпан дос болмас», «Ер малын қимайынша, аты шықпас», «Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас», «Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес», «Дәулетті ұл болса, ошағының қоры болар, дәулетсіз ұл

болса, атаның көрі болар», «Сілтей білген жігітке оқ пен қылынтан гөрі шоклардың өзі артық», «Жердің соны шөбін киік білер», «Түнде керуен көшкенін жекен білер», «Самайы ағарған баба көрікті, ақ сүтіне тойғызса, бала емізген ана көрікті, сүйікті ағайын-туған көрікті, үлкен үйдің қасына тігілген отау үй көрікті» секілді тіркестердің төркіні қазақ ұғымына етене жақын екенін түсіндіріп жату артық болар еді...\*

Эпостың оқиғалық жүйесінде де, құрылысында да, бейнелеу құралдарында да қазақ фольклорынан қанықты көп өрнектер кездеседі. Біз солардың кейбір тұстарына тоқталып, таныстыруды жөн көреміз.

Жырдың «Дірсехан ұлы Бұқаш хан әңгімесі» деп аталған бірінші тарауын оқығаннан-ақ эпостық дәстүрдің өлеміне жолығамыз. Мұндағы түркі-монғол эпосының көбіне ортақ сарын — баласыздық зары. Байындардың ел жинап, ұлы барларға құрметті орып ұсынып, ұлсыздарды кемсітуі көне заманның шындығынан хабар береді. («Манастағы» Жақып, «Алпамыстағы» Байбөрінің перзентсіздік наласы да әркімдерден зәбір көруіне байланысты туатын еді ғой.) Дірсехан өзіне жасалған астамшылықтан құтылу үшін бала тілейді.

Баланың алып болып өсуі, бұқаның мойнын бұрап алғаны үшін Бұқаш атануы, алғашқы ерлік сындарынан абыроймен өтуі, өлген жерінен Қыдырдың «медетімен» қайта тірілуі, өкесіне қастандық жасаған қырық қаракшыны жойып, хандық таққа ие болуы, Қорқыттан бата алуы — мұның бәрі тұтас эпостық жырдың қара сөзбен тұжырымды баяндалған түрі болып елестейді.

Жырдың әрбір тарауында дерлік келтірілетін Қорқыт бата-сы былай келеді:

Қара таулардың құламасын,  
Саялы ағашың сынбасын.  
Қанаттарың қыркылмасын,  
Жүйрік атың сүрінбесін,  
Ақ найзан сынбасын,  
Қара биік қылыптың кетілмесін,  
Ақ самайлы ата-ананың жатқан жері бейіш болсын,  
Хак жандырған шырағың сөнбесін,  
Қаражүрек қаракшыға кез етпесін...

\* Мысалдар Б. Ысқақов аудармасынан алынды.

Бұл жолдардағы бата-тілестің бейнелеу кестесі мен жүйесі түркі тілінде өте ерте кезден кең тараған.

Асқан батыр Салор Қазанның (екінші тарау) шалқыған байлық, салтанатын суреттеу («тоқсан баулы отау үйлер тіккізді, тоқсан жерге қалы кілем төсеттірді, сексен жерге үлкен шатыр жайдырды»), батыр сыртта жүргенде елін тұтқиылдан жау шабуы, көп дұшпанның келе жатқанын шопан Карашықтың түс көріп білуі, Қазанның бөріге кездесіп, «тіл қатысуы», көпірлер Қазанның сағын сындыру үшін баласы Оразды өлтірмек, Бурлы қатынды маскараламақ болғаны, ақырында соғыс үстінде оғыздардың мерейі үстем болып, жеңіске жеткені эпостың сайраған ізі болып сезіледі.

«Қорқыт ата кітабының» үшінші бөлімі ерекше көңіл бөлерлік. Мұның оқиғалық өрілімі де, қаһармандарының сипаттамасы да «Алпамыс батыр» жырымен бірдей. Адам аттарының үндес, ұқсастығы да (Бөрібек — Байбөрі, Бамсы — Алпамыс, Банушешек — Гүлбаршын) осы екі эпостың түбірлестігіне күмән қалдырмайды. Бұл мәселе академик В.М.Жирмунскийдің, М.Әуезовтің, Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулерінде бұрыннан айтылып келеді. «Алпамыс батыр» жырының түп төркінін, эволюциясын тексеру үшін «Қорқыт ата кітабы» үлкен сенімді тірек екенін көреміз. Бұл фабула «Қорқыттың» бір тарауы болып кітапқа түскенінің өзіне көп ғасырлар өтсе, оның арғы жағында қанша заман ауызша айтылып келгенін болжау қиын емес. Осының өзі-ақ «Алпамыс батырды» ең көне эпостың бірі дегізеді. Қалай болған күнде де қазақ эпосының генезисін арнайы зерттеп, оның жасалу жолдарын анықтай түсу — алдағы міндеттердің бірі.

В.М.Жирмунский өзінің «Тюркский героический эпос» (1974) деген еңбегінде «Алпамыс батырға» негіз болған оқиғалық желілердің төркінін, олардың Алтайдан Орта Азияға дейінгі таралу географиясын шолып өткен. Кейінгі зерттеушілер бұл болжамға соқпай өтпейтіні белгілі. Оқиғалық аңыздың сүйегі ерте заманнан келе жатқан батырлық ертегінің көркемдігі биік, классикалық эпосқа айналуын тексеру керек-ақ. Кейбір фольклоршылардың «Алпамыс батырдың» қоңырат редакциясы оңтүстік Өзбекстанда толысып жетілген деген долбары дәлелді болып естілмейді. Эпостың жасалу ортасын оғыздардың өмір кешкен, қоныс еткен өлкесінен (Сыр бойы, Оңтүстік Қазақстан) жырақтан іздеудің ғылыми негізі жоқ...

Оғыз эпосында батырлық үйлену сарыны кең орын алған. Бұл да жырдың көнелігіне куәнің бірі. Қашлы Қожа ұлы Төрәлінің хикаясы осыны сипаттайды (жетінші тарау). Үйленбек болып қыз іздеген Төрәлі асқан сұлулы көпір елінен кездестіреді. Бірақ қыздың қоятын шарты ауыр: ол арыстанды, бұқаны, бураны жеңген батырға ғана тимек. Төрәлі осы шартының бәрін орындап, қызды алатын болады. Қыз Селжан Төрәлімен күш сынасып та байқайды. Демек, күші асқанға ғана тиемін деп шарт қоятын қыз тұлғасы қазақтағы секілді оғыз жырларында да ескі сарын болып көрінеді. Осы тараудағы мотивтің бірі — батырдың алып ұйқысы. Төрәлі қызды алып қайтып келе жатқанда бір жерге келіп тоқтайды, ұзақ ұйқыға шомалы. Аңдып жүрген жау дәл осы кезде батырды мұқатпақ болады. Ұйқыда жатып дұшпан қолына түсіп қалу «Қорқыт ата кітабында» бірнеше тұста көрініс береді.

Жырда жау батырлары да орасан қайратты болып сипатталады, оғыздардың қас дұшпаны Текурдың бойы «алпыс аршын, алпыс батпан гүрзімен» соғысқа шығады делінеді. Байындыр ханның уәзірі Қазылық қожа ұрыста осы Текурдан жеңіледі. Көпірге сілтеген қылыш дарымайды деп дәріптеледі. Бұл аридан эпостың табиғатына тән терең шыншылдық байқалады. Оғыз батырлары бұл соғыста жаратқаннан «медет» тілеп барып, жеңіске жетеді.

«Қорқыт ата кітабында» оқиғалық сарыны басқа әңгімелер де ұшырайды. Соның бірі — Делі Домрул туралы хикая (бесінші тарау). Көпір үстінен «өткендерден отыз үш ақша, өтпегендерден қырық ақша» алып қалып отыратын Домрул күндердің күнінде мейманасы тасып, көкірегіне төкаппарлық орнап, Алла өміріне қарсы сөз айтады. Әзірейіл Домрулдың көзін көрмейтін етеді, Домрул енді Аллаға тәуба келтіреді. Алла «жанын беретін бірсе табылса, Домрулды аман қалдырыңыз» депті-міс. Бірақ Домрулдың әкесі де, шешесі де баласы үшін жанын бергісі келмейді. Бұндай мәрттікке Домрулдың әйелі ғана барады. Мұны білген Домрул тәнірге: «әйеліммен бірге менін де жанымды ал», — деп жалынады. Ақырында әзірейіл Домрулдың әкесінің де, шешесінің де жанын алып, Домрул мен әйеліне жүз қырық жыл өмір беріпті... Бұл мысал-тәмсіл әңгімеден ислам дінінің әсері байқалып тұр. Адам баласы тағдырдың жазуына шәк келтірсе, күпір болады деген ой ашық білдірілген, сонымен қатар жары үшін «жанын беруге» баратын әйел қасиетін мадақ ету көздел-

ген. Осыған үндес аңыздар қазақ ауыз әдебиетінде де кездесетіні бұл сарынның да кең тарағанын байқатады.

Сөз болып отырған жырда ертегілік, қиял-ғажайыптық элементтер де мол. Бұған мысалға «Басаттың Төбекөзді өлтіру әңгімесін» (сегізінші тарау) келтіруге болады. Мұнда адам баласының дүние сырын, табиғат әлемін тылсым, жұмбақ күш санап келген дәуірінің көп елесі бар. Аруз қожаның көштен түсіп қалған жас баласын арыстандар «асырайды». Қорқыт бұл баланың атын Басат қояды. Аруздың бір қойшысы перінің қызымен жақып болып («Едіге» жырындағы пері қызының тарихына ұқсас), содан кеудесі адам, төбесінде жалғыз көзі бар бір құбыжық туады. Уәделі кезінде баланы әкеліп тастаған пері қызы әлгі қойшыға: «Барша оғыз еліне бір пәлені өзің тілеп алдың», — дейді. Төбекөз күн сайын бір қазан сүт ішсе де тоймайды, емізуші әйелдің «бір сорғанда сүті, екі сорғанда қаны, үш сорғанда жапы» шығыпты (Дәл осындай хал «Манаста» да ұшырайтын). Есейе келе Төбекөз жалмауыз болып, адам жейді, оғыз еліне таял болып шығады, оған «оқ өтпейді, қылыш кеспейді», оғыздардың батырбағланының зәресін ұшырады, тіпті батырлардың зоры Қазанның өзіне қол жұмсайды. Төбекөз күн сайын «екі адам, бес жүз қой» жейтін болады. Ақырында Төбекөзді көп айла, ақыл жұмсап Басат өлтіреді. Ғажабы сол — Басаттың әрекеттері грек эпосындағы Одиссейге көп ұқсайды.

Бұл әңгімеден «Қорқыт ата кітабына» түрлі аңыз, ертегілер де енгені көрінеді. Бірақ солардың бәрі оғыз елінің тағдырына қатысты етіп берілген. Жалғыз көзді дәу туралы ертеқ қазақ арасында да айтылып келген, мұның өзі оғыз, қыпшақ фольклорындағы терең түбірлестіктің нақты бір мысалы.

«Қорқыт ата кітабындағы» негізгі сарын — оғыздардың сырт жаулармен қаһармандық күресі. Жырдың әрбір тарауы өмір шындығына негізделгені айқын танылады. Жау қолына қапыда түсіп қалған әкесін баласы барып ерлікпен азат етуі («Бегіл ұлы Әміре әңгімесі»), дұшпанға тұтқын болған ағасын інісінің босатып алуы («Үйсін қожа ұлы Секіректің әңгімесі»), ұйықтап жатқанда көпірлерге пенде болған Қазанды баласы Ораз мол әскермен барып, жау қолынан шығаруы — ерліктің атадан балаға мирас болғанын көрсетеді.

Жырдағы өте қызықты бір көрініс — түркі халықтары эпосында жиі кездесетін тұрақты тіркестердің, көнігі теңеме, бала-

маның – формулалықтың жиі кездесуі. Той жасағанда оғыздар «аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар» сонды. Батырлардың ер жетуін, тандап ат мінуін, ерлікпен үйленуін, жаулармен соғысын суреттеген тұстарда ертеден келе жатқан сөз айшықтары кең қолданылады.

«Қорқыт ата кітабы» ауыз әдебиеті дәстүрінің өміршеңдігін әрі оның көп елдің фольклорымен типологиялық ұқсастығын әйгілейді.

#### IV

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының фольклор нұсқаларының жиналу немесе жазба әдебиет шығармаларында пайдаланылу мысалдарып осыдан тоғыз жүз, мың жылдар бұрынғы мұралардан көреміз. Бұл ретте Жүсіп Баласағұнның «Құтадғү білігі», Махмұт Қашқаридің «Диуан лұғат ат-түрік» алдымен ойымызға оралады. Аталған ескерткіштерде ауыз әдебиеті сарындарының әсері күрделі елес береді. Егер «Құтадғү білікте» шығарма авторының ауыз әдебиетінен үйренуі мен нәрленуі өмір құбылыстарын халықтың ұғым, наным-сенімдер тұрғысынан бағалауынан, мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөздерді қолдануынан байқалса, «Диуан лұғат ат-түрікте» фольклор материалдары түйдек-түйдегімен кездеседі.

«Құтадғү біліктің» ауыз әдебиеті дәстүрлерімен терең байланыстылығы әр тараптан-ақ сезіледі. Мұнда қаншама шепсендік сөздердің, нақылдардың, мақал-мәтелдердің өлең қатарларын айрықша ажарға бөлеп, көріктендіріп тұрғанын аңғару қиын емес. Тіпті кейбір бөйіттер тікелей мақалдың өзіндей болып естіледі.

Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,  
Сөз қалады, таяқ табы кетеді, –

деген жолдардың түпнұсқадағы желісі аудармадан алыс емес. Дасғаннан «ит үреді, керуен көшеді», «әуелгі байлық – денсаулық», «жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас», «сүтпен бірге сінген сүйекпен бірге кетеді» секілді нақылдардың сайраған ізін табу оңай. «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз» деген тіркестер де ауызша сансыз рет қайталанып айтылып, сұрыпталған тұжырымдар болып табылады. «Құтадғү біліктің» тілі мен көркемдік жүйесіндегі мол жа-

қындықтар дастанды қазақ тілінің заңдылығына орай транскрипциялағанда айқынырақ түсінікті. Шығармада кейіпкерлердің әрқайсысы белгілі бір қасиеттің, ұғымның бейнесі ретінде берілуі де эпикалық дәстүр дәйектілігін еске салады. «Құтадғү біліктің» алуан сипаттары жөніндегі әңгіменің көбі алда. Дастанның қазақ тіліне жана ғана аударылып болғаны белгілі. Баспасөзде жарияланған үзінді аудармаларға қарап, бір игілікті іс тындырылғанын көріп отырмыз. Осыдан мың жылға жуық бұрын түркі тілдес халықтардың биік поэзиялық мәдениетін әлемге танытқан осы ғажайып дастанды қазақша тәржімалаған дарынды ақынымыз Асқар Егеубаевқа алғыс білдірсек орынды. «Құтадғү біліктің» қазақша ғылыми басылымын өзірлеу де таяудағы жылдар міндеті деп сенгіміз келеді. Ертедегі әдебиет қазынасын меңгермей, ақындық дәстүрдің ұзақ жолдарын саралап талғамай, жаңалыққа бару мүмкін емес. Бір қазақ емес, жалпы түркі тілдес елдерге ортақ ұшап-теңіз рухани байлықты игеріп, құлашты кеңге салатын уақыт жетті...

Махмұт Қашқаридың (XI ғасыр) «Диуан лұғат ат-түрік» атты еңбегі түркі халықтарының тілі мен диалектілері, тарихы, фольклоры, этнографиясы бойынша аса қымбат деректерге толы, энциклопедиялық сипаты бар мұра. Әсіресе мұнда ауыз әдебиетінің түрлі жанрлары мен үлгілері жөнінде сенімді әрі нақтылы мағлұматтар алуға болады. Бұл жазба ескерткіштің жалпы мәні мен орнын академик А.Н.Кононов білгір сипаттап берген. «Мұнда, – дейді ол, – XI ғасырдағы түріктердің өмірі, олардың материалдық мәдениет бұйымдары, тұрмыс халі, этнонимдері мен топонимдері, ру-тайпалары, туыстық және жекжаттық терминдері, түрлі қызмет адамдарының лауазымдары мен аттары, тағам-сусындарының аттары, үй жануарлары, жабайы аңдар мен құстар, мал шаруашылығы терминдері, өсімдіктер мен дақылдары, астрономиялық терминдер, халықтық күнтізбе, айлардың және аптадағы күндердің аттары, географиялық терминология мен номенклатура, қалалар, аурулар мен дәрілердің аттары, анатомиялық терминология, металдар мен минералдар, әскери, спорт және өкімшілік терминологиясы, түрлі тарихи және мифтік қаһармандардың есімдері, діни және эпикалық терминология, балалардың ойындары мен ертеңдері және басқалар туралы көп жағдайда бірден-бір деректеме табылады» («Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» кітабынан алынды, 140-бет).

«Диуан лұғат ат-түрікте» екі жүзден артық өлең, үш жүзге жуық мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөз берілгені белгілі. Сонымен қатар мұнда орта ғасырлардағы түркі жазба поэзиясының да нұсқалары келтірілген. Мұның қай-қайсысы да түркі халықтарының бұдан мың жыл бұрынғы көркем сөз қазынасын, өлең мәдениетінің деңгейін танып білу үшін аса бағалы куәліктер. Бұл материалдар түркі өлеңдерінің эволюциясын салыстырып көру үшін де қажет.

Ал осы ертедегі халық поэзиясы нені жырлайды? Мысалдар келтіріп көрелік. Орайы келгенде айта кетейік, «Диуан лұғат ат-түріктегі» өлеңдер бұл күнде қазіргі қазақ тілінде де сөйлейтін болды. Бұларды дарынды ақынымыз Фариза Оңғарсынова қазақшалап, «Жаз бен қыстың айтысы» деген атпен («Жалын» баспасы, 1985) жеке кітапша етіп жариялады. Поэзиямыздың көне нұсқаларын бүгінгі қауымға түсінікті етіп, қайта жырлап, пайдалы жұмыс атқарғаны үшін ақынға ризашылық білдіреміз. Мысал өлеңдерді де осы қазақша басылымнан келтіріп отырмайық.

М.Қашқари жинағында өлеңдердің бір тобы ерлікті мадақ ететін шығармалар. Бұлардың түркі халықтары арасында ежелден күнгі дамыған эпостық дәстүрмен үндестігі бірден көзге шалынады. Мәселен, «Танғұттарға қарсы күрес жырлары» батырдың монологы секілді бірінші жақтан айтылады. Өлең ұйқасы да (а, а, а, б) көптеген түркі тілдес елдерде, соның ішінде түрікмендерде, қазақтарда, каракалпақтарда, көшпелі өзбектерде күні кешеге дейін қолданылып келген дәстүрлі ұйқас.

Әскерін бекің көргенше,  
Тасындай жайдың төнгенде,  
Танғұттар сасып сол демде  
Қонағы болды ажалдын.  
Бек көрлі жаудың шөккенін,  
Қансырап азап шеккенін,  
Олжаға батып бектерім  
Алыбын қырды тажалдын.  
Қол жинап, өрге самғаттым,  
Садақты шіреп жауга аттым,  
Ұрыста бөріп аунаттым  
Ақылдан дұшпан аласты.  
Аяғыма келіп жығылды.  
Сұрады жалғыз ғұмырды,  
Ұяттан өліп бүгілді.  
Токтатты мәні осылай...

Бұл өлеңдер ХІ ғасырда хатқа түскенмен, одан көп бұрын жасалғаны анық. Ал осындай рухтағы шығармалар қазақтың ХV — ХVІІІ ғасырларда өмір кешкен ақын-жырауларында да мол кездесетінін аңғару қиын емес. Қазтуған, Доспанбеттерден бастап, Махамбетке дейін көп ақын ерлік пен өрлікті асқақ жырлаған. Мұнан поэзиядағы дәстүр жалғастығының жарқын мысалын танымыз. Осы сарын көп өлеңдердің тұрақты белгісі болып танылады.

Қиқулап атпен шабайық,  
Семсер мен қалқан алайық.  
Дұшпанға ойран салайық,  
Ат жанынан түнілсін.

Қоршайық жаудың қамалын,  
Құртайық жаудың амалын.  
Қиратып жау-жарағын,  
Қалжырап жерге бүгілсін...

Кейбір өлең жолдары бізге белгісіз эпостық жырдың үзінділері секілді сезіледі. Әсіресе түркілердің жау батырларымен жекпе-жек ұрыс суреттері кейінгі қаһармандық эпоспен зор үндестік байқатады.

Өл жеткенше алысты,  
Ұрандасып табысты,  
Қас батырдай қарысты,  
Бізден өшін алмаққа.  
Қаны ағып жосылды.  
Денесі окқа тесілді,  
Өліктерге қосылды,  
Шыққан күні батты енді, —

деген жолдардың бейнелеу жүйесі, тұрақты тіркестердің молшығы орта ғасырларда дамыған эпос болғандығына күмән қалдырмайды. Ал мына төмендегідей шумақтар қазақтың кез келген қаһармандық эпосына тән екенін дәлелдеп жату артық болар еді.

Жау қамалы алынды,  
Қызыл байрақ қағылды.  
Дұшпан шөптей шабылды,  
Құтылмады қашса да...

М.Қашқари жинағындағы өлеңдерде кездесетін «тұрмады бектер алдасып, жекпе-жек шықты арбасып», «түтқындап жау-

дың қалғанын, шыңғыртып қақты шаңдарын», «дұшпандар қалды абдырап, бұғауға түсіп зар жылап», «бір кез атып баптады, әскерлері қаптады», «арғымаққа мінгізіп, бес қаруды ілгізіп» тәрізді тіркестер бұлардың эпостық табиғатын танытып тұр.

Ертедегі түркілердің тұрмыс-салт өлеңдерінің үлгілері де М.Қашқари жинағынан орын алған. Солардың бір саласы жоқтау өлеңдер. Жанрлық сипаты жағынан бұл жоқтаулар талай ғасырдан соң туған шығармалармен де үндесетіні қайран қалдырады. «Алып Ер Тонаны жоқтаудан» осыны көреміз. Бүкіл бір елдің бетке ұстаған беделі секілді батырдың өліміне арналған сөздер барынша тебіреністі.

Шенгелін ажал салды ма?  
Ер Тонаны алды ма?  
Сұм дүние артта қалды ма?  
Қайғылы жүрек жыртылды-ау  
Сұм ажал бүгін жылатты,  
Қурығын салып құлатты,  
Бектердің де бегін сұлатты,  
Қыршын да ғұмыр қыркылды-ау.

Бұл мысал жоқтау өлеңнің түркілер арасында қадим замандарда туып қалыптасқанын, негізгі жанрлық шарттары сақталып келгенін сипаттай алады. Өлең қайғылы оқиғаның аса ауыр екенін хабарлап, онан соң батырдың тіршілікте таптықан қасиеттерін мінездеп береді. Алып Ер Тонаның «аш арландай аларып, қадалғаннан қан алып» өзіне дұшпанды беттеспеген ерлігін мадақ етеді. Елдігі жерде қас жаулар қайтадан бас көтерер ме екен деген қауіп те ескертіліп өтеді («жалғанның туып заманы, жауыздар қаптап барады»). Үстемелеп келген қиындықтар елдің белін қайыстырғаны, алдағы өмірдің үрейлі екені сездіріледі («Біліктілер қалмады, заман оны жалмалы»). Жоқтау өлең дүниенің баянсыздығын, пенденің тағдыр үкімінен құтыла алмайтынын айтумен аяқталады.

Тәңірім торын құрғанда,  
Тұтылмай адам тұрған ба?  
Кертілер алып шындар да  
Тағдырының оғы қадалған...

Келтірілген өлең жолдары тек мазмұн тереңдігімен ғана емес, биік көркемдігімен де көз тартады.

Енді бір жоқтауда өлген адамның ең жақсы қасиеті ретінде «жақсы істерге бас болғаны, дастарқанына ас толғаны» атап көрсетіледі, халыққа қамқор, жауына семсер болғаны айтылады. Жоқтау өлең елге еңбегі сіңген жандарға жасалған көркемдік ескерткіш сипатында қабылданған.

Көне түркі өлеңдерінде аншылыққа арналған шығармалар да аз емес. Өзінің стадиялық кезегі жағынан бұл топтағы туындылар адамзаттың өте ертедегі кәсібінен хабар береді.

Төрт аяғын билетіп,  
Құр атқа басын үйретіп,  
Қырық кез құрық сүйретіп,  
Кийікке тазы қосайық...

М.Қашқари «лұғатында» топталған өлеңдердің бәрі бірдей ауыз әдебиетінің үлгілері емес, онда орта ғасырлардағы жазбаша туындылар да орын алған. Мұнда жастық, ғашықтық жырлары да, ғибрат сөздер де кездеседі. Солардың шығармашылық бітімі мінсіз, көркемдігі кәміл болып келеді.

Өзінсіз қызық жат болар,  
Көзімнің жасы қық болар.  
Қызықтан көңілім сап болар,  
Құстары қайтқан көлдейін...  
Құмарлық асса төзімнен,  
Жасыра алмасын жан мұңын  
Жасыра алмасын көзінен  
Жүректің жасын – жанбырын...

Ғибрат, накыл өлеңдерде қай заманда да мәнін жоймайтын шындық сөз болған, адалдық, арлылық, білімділік мадақ етіліп, сарандық, дүниеқорлық, қанағатсыздық танбаланған. Бұл шығармалар түркі тіліндегі поэзияның деңгейі сонау X — XI ғасырларда-ақ қаншалық жоғары болғанын бұлтартпай дәлелдей алады.

...Алтынына, малына масаттанба, ағайын,  
Күн мен түнің бәрібір өте шығар жолшылай.  
Артық бұйым, адамзат, жауын болар түбінде,  
Білім, өнер бойдағы сауын болар түбінде.  
Байлық деген топан су тау боратар,  
Ол иесін түбінде төмен қарай құлатар.

Орта ғасырлардағы түркі поэзиясының үлкен бір шоғыры табиғат туралы өлендері.

Еділдің суы ағады,  
Қаһарлы толқын тас қажап.  
Сайларға су толады,  
Ойнайды суда ақ шабақ.

деген жолдарда табиғат әлемінің бір мезеті суреттелсе, кейбір шығармаларда жаратылыс құбылыстары әлеуметтік өмірмен байланыстырыла, салдарлы тұжырымдар жасалады. Бұған мысалға «Жаз бен қыстың айтысы» деген өлеңді алуға болады. Бұл шығарма жаңа ретінде айтыстың ежелден мәлім екендігін көрсетеді әрі терен мазмұнымен көз тартады. Мұнда қыс пен жаздың ерекшеліктері, тіршілікке қолайлы-қолайсыздығы туралы халықтық көзқарас айқын танылады. Қыстың да, жаздың да қасиеті, түгіп келгенде, қоғам, ел өміріне қаншалықты пайдалылығымен өлшенеді. Қыс қарымен, жерге, өнімге ылғал беретіндігімен («Қар далаға күш себер, жаз байлығын қыс берер») «мақтанса», жаз одан көп артықшылығын дәлелдейді. Қыстың ауырлығын айтатын тұста үлкен әлеуметтік мәселе көтерілгені көңіл аударарлық.

Қыстың аяз, мұзы бар,  
Жер келбеті бұзылар.  
Жайлы жазы қызығар,  
Сорғанда аяз депені.

Кедей жүрер бүгіліп,  
Қыстан жапы түңіліп.  
Саусақтары тілініп,  
Отпен ғана жан кірер...

Жаздың еңбекші адам баласына жайлылығын сипаттайтын өлең шумақтары әсерлі:

Мен келгенде жер үсті,  
Түрге енеді келісті.  
Қар менен мұз ығысып,  
Жер көктейді, күн ысып...

Жердің бетін гүл алар,  
Бүршік атар, бұралар.

Құшақтасып түр олар,  
Ашылады, шалқиды.

Жанбыр жерге нәр берді,  
Гүл шешініп, сәнденді.  
Жазбен бірге өн келді,  
Жұпар иісі аңқиды.

«Диуан лұғат ат-түрікте» көптеген мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жүр. Солардың көбі әлі күнге дейін пайдаланылып келеді.

Аңыздарды, мифтерді, өлеңдерді, шежірелерді, даналық сөздерді жазба еңбектерде келтіріп отырып, олар арқылы шығарманы әрлендіру ертеден келе жатқан дәстүр екенін бұл мысалдар аңғартса керек. Фольклордың жазба әдебиетке «ауысуы», бұдан кейінгі ғасырлар мұрасы — «Қисса сул әнбия» мен «Кодекс куманикустен» де көрінеді.

#### Әдебиет:

- (1) Әуезов М. Шығармалар. — Алматы, 1969, II том, 136-бет.
- (2) Қазақ ССР тарихы. — Алматы, 1980, I том, 456-бет.
- (3) Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. — Алматы, 1986, 52-бет.
- (4) Өмірәлиев К. VIII—XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. 1985, 22,39-беттер.
- (5) Короглы Х. Огузский героический эпос. М., 1976, с. 30.
- (6) Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. — Алматы, 1984, 135 — 228 беттер.

## ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ЖАСАУШЫЛАР МЕН ДАМЫТУШЫЛАР

Қазақ ауыз әдебиетінің ұшан-теңіз байлығын халықтың ұжымдық санасы мен қабілеті шындап жаратқан. Фольклордағы әрбір шығарманың әр кезеңде түрліше айтылатын нұсқаларының мол болатындығы да мұраны сақтаушылар мен айтушылардың көптігіне байланысты. Бұл әуел баста хатқа түспеген, тек қана жұрттың ауызша айтуы, бірінен екіншісіне таратуы арқылы жеткен көркем ескерткіштердің жалпы ерекшелігі болып табылады. Халық мұрасының қалыптасып жетуіне аты белгісіз қаншама жыраулардың, ақындардың, жыршылардың, шешендердің, ертегішілердің, әңгімешілердің тиісті үлесі болғанын есептеп шығару мүмкін емес. Мақал мен мәтелдің, қанатты, шешендік сөздердің алғашқы шығарушыларын дәл табу қиын болса, сол даналық, нақылдарып кім, қаншалық, қашан өндеп, әрлегенін ажырату міндеті одан да күрделі. Мәселен, пәлен шешендік сөздерді түгенше шығарған екен деген тұжырымдарымыз кей жағдайда шартты ғана ұғым екенін мойындау қажет. Халық өзінің арманы мен үмітіне сай келетін сөздерді атағы шыққан адамдарға тели беретіні, ондай сөздер дарынды тілмөр жандардың талғамынан өтіп, «қашалып», жұп-жұмыр болып мүсінделетіні фольклорға тән нәрсе. Ертегілік фабуланы да әркім әр түрлі шеберлікпен айтып таратады, бірақ солардың ішінен құрылысы шымыр, тілі жатық, оқиғасы қызық, есте сақтауға неғұрлым ыңғайлылары ғана өміршең болады. Ертегі, аңыз, шежірені «майын тамызып» айтатындар бұрын әр өңірде-ақ кездесіп отырған. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында суреттелетін Баймағамбет ертегіші сондайлардың бірі болатын. Ал аты ұмытылған айтушылардың сапын ешкім де болжай алмайды. Өлең, жырлардың әр түрлі нұсқада сақталғанын да осындай заңдылық ауқымында алып қараймыз. «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Едіге батыр», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырларының бестеп-ондап варианттарының болуы

да олардың халық арасына мейлінше кең танымал екенін, таралу өрісінің, айтушыларының көптігін көрсетеді. Қысқасы, ауыз әдебиетінде азды-көпті өзгеріссіз сақталған шығарма кездеспейді десе де болғандай. Мұның өзі фольклордың «кемшілігі» емес, оның өмір сүруінің, сақталуының «занды» жолы деп санау керек.

Дегенмен ауыз әдебиеті шығармаларын жасауға, дамытуға, қалыптастыруға дарын иелері айрықша еңбек сіңіргенін ескермеуге болмайды. Қандай да болмасын фольклорлық туындыны жұртшылық жиылып отырып, «келісіп» шығармайтыны мәлім. Ондай жаратындылардың алғашқы «иелері» болатыны да анық. Мәселе солардың бертін келе аттарының ұмытылып, шығармасының халықтық сипат алып кететіндігінде. Қазақ эпосын сөз еткенде жыр қазынасын жасаушылардың түп тегінде Сыпыра жырау есімі аталатыны мәлім. Бірақ қазақ жырларының қайсысы Сыпыра жыраудан таралғаны анық емес. Шыңғысханның баласы өлгенде осы қайғылы хабарды естірткен Ұлы Жыршының да нақтылы аты-жөні мәлімсіз. Ел арасына тараған нақыл сөздердің әуелгі жаратушыларының бірі Майқы би делінеді. «Түгел сөздің түбірі бір, түп атасы Майқы би» деген сөздер бұған дәлел. Сонда да болса «мынау әңгіме дәл Майқы биге тән деп ешкім де кесіп-пішіп айта алмайды. Көптеген шешендік сөздер Жиренше шешендікі делініп таралғанымен, олар шын мәнінде халық даналығының туындысы екені күмәнсіз. Мейлінше тапқыр, айлакер, қу Алдар көсе секілділер қазақ арасында баршылық еді. Күні кешеге дейін әр ауылдың, өлкенің қулығымен аты шыққан, қандай қиын сауалға да жауап таба білетін, әзілкеш, мысқылшыл өз сайқымазақтары болған. Ал онші, жыршы, термеші, киссашы, ертегіші, шежіреші, өлеңші әр ауыл-аймақта кездесетін. Солардың есімдері уақыт өте келе «таныс бейтаныстар» болып қала берген.

Осы жақын жылдарға дейін Сыр бойында өткір тілді, тапқыр сөзді, мысқылшыл Күндебай деген өнерпаз өмір кешті. Ол өңірде «Күндебай айтқан» деген сөздерді көп адамдар біледі. Оған бұрынрақтағы дәуірге көз салсақ, Қазақстанның әр жерінде тапқыр сөз шеберлері болғанын көреміз. Қарқаралы маңындағы елдерде «Шаншардың қулары» атанған сыншыл ойлы, қырғи тілді жандар айтыпты дейтін сөздер күллі Сарыарқа атырабына жайыл-

ған. Нақылға айнарлық сөздің әдепкі айтушысы болатынын өз заманымыздың мысалдарымен де дәлелдеуге болады. Атақты қолбасы, жазушы Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері жамағатшылыққа жақсы таныс... Саңлақ суреткерлер қаламынан туған шығармаларда осындай ойлардың алтын тізбектері табылады. Солардың да кейбіреулері келешекте халық туындысына айналып кетуі ықтимал. Бұл айтылғандар ауыз әдебиеті нұсқаларының алғашқы дүниеге келуі мен ондай шығармалардың халықтық сипат алуының арасында белгілі мөлшерде уақыт пен кеңістік жататынын мәлімдейді. Өмір талабына жауап бере алмайтын әлжуаз ойлар мен орта қол туындылар ұмыт болады, буыннан буынға асылдың асылы дегендей ең тандаулы жәдігерлер ғана сақталып, тұрақты көркемдік байлыққа айналады, ауызша таралып, санаға, құлаққа сіңісті болып, жатталып қалатын әрі тіршілік қажетіне жарайтын нұсқалар ғана өшпеген. Халық әдебиетінің айтуға жеңіл, көңілге қонымды, бас-аяғы бүтін, қарапайым да тұжырымды болатын себебі осыдан.

Қандай да болмасын көне сөздер қоғам қажетіне жарағанға дейін өмір сүреді. Адамдардың түсінігіне, дүниетанымына, әсіресе рухани тіршілік талабына сәйкес келетін шығармалар өмірі ұзақ. Бұрыннан келе жатқан ауызекі әдебиеттің өміршендігін сынайтын да, өзгертетін де жұртшылық аңсары. Күллі ауыз әдбиеті атаулының түпкілікті мұраты қауымға өмір ақиқатын ұғындыру, өткеннің тәжірибесін сабақ етіп тарату арқылы тарих тағылымын беру екені белгілі. Сонымен қатар фольклор жаратындылары адамшылық, имандылық, тәрбие құралы қызметін де атқарған. Өмір сүрудің шарттары мен төртіндерін болашақ ұрпаққа дарыту, жақсы мен жаманның, ізгілік пен зұлымдықтың айырмасын ұдайы ескерту де ауыз әдебиеті ескерткіштерінің қасиетті уәзипасы. Ақырында, жамағатшылықтың көркемдік тұшынымын тәрбиелеу жолындағы қызметі де фольклордың мәңгілік мәнін жоймайтын қасиеті. Осы талаптардың үддесінен шыға білген шығармалар ғана нәсілден нәсілге жалғасады.

Фольклор туындыларының өзгеруіне немесе белгілі дәрежеде жанаша сипат алуына, кейбіреулерінің «қатардан шығып» қалуына себепкер болатын күрделі заңдылықтар бар. Ол – заманның, дүниетанымының өзгеруі, бұрынғы ұғымдардың бағасы «қайтадан өлшенетін» кезеңнің тууы, уақыттың күн тәртібіне жаңа міндеттердің қойылуы, тіршілік қажеттерінің тын бағытқа

беттеуі секілді нәрселер. Алғашқы алам қауымы, феодализм, капитализм дәуірлерінің, одан бергі кезеңдердің дүниетанымы фольклор жанрларына, шығармалардың сипатына және құрылысына күрделі бетбұрыс туғызғанына мысал көп...

Халық әдебиетін шығарушылар мен орындаушылар өнеріне тән жалпы ерекшеліктің бірі – олардың көпқырлы, «әмбебап» қызмет атқаратындығы. Мәселен, сонау XV ғасырда өмір кешкен Асан қайғы, Қазтуғандарды тек жыраулар деп мінездеу аздық етер еді. Олар шешендік сөздің де шеберлері, кезі келгенде қобызда күй де толғаған. XVIII ғасырда жасаған ұлы жырау Бұқардың шешендік, ақындық айтысқа түскенін сипаттайтын деректер бар. Көпқырлы өнердің бір кісі бойынан табылуы көшпелі өмір салтында табиғи құбылыс еді. Жыраулар да, ақындар да әрі жанынан сөз шығарушы, жаттамалы жырларды орындаушы міндетін қатар атқарған. Олардың бәрі дерлік өншілік пен күйшілікті де «жатырқамаған» секілді. Қонақ келгенде «ауылдың алты ауызын» айта алмайтын қазақ болмайтыны ертеден қалыптасқан дәстүр. Сондай-ақ ауылға келген мейманның «қонаққаде» айтуы да міндетті шарт болған. Мұның бәрі қазақ даласында көркем сөздің, тапқырлықтың киелі қасиетке, культке айналғанын көрсетеді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» деген ұлы Абай сөздері қандай ақиқат болса, «маған қазақ даласы тегіс ән салып тұрған төрізді» деп танданған академик В.В.Радловтың лебізі де сондай рас. Осындай ортада туып өскен дарынды жандар бірде жыршы, екіншіде төкпе ақын, тағы бірде шежіреші, әңгімеші, басқа бір ретте күйші болып көрінуі өмір қажеттігінен туған. Бір өзі бір театрдың қызметін атқарып келген ел өнерпаздары өздерінің қабілетін кез келген жағдайда көрсете аларлықтай болып шыңдалған. Жасынан сөз қадірін біліп өскен қалың қауымның ақын мен жыршыға қояр талабы да тым жоғары болған. «Әуелгі бақ – тіл мен жақ», «Өнер алды – қызыл тіл» деп өскен қазақ жұрты «әу» деп дауыс көтеретіндер мен екі ауыз сөздің басын құрастыратындарды санатқа ілмеген. «Ерінбеген етікші болады, ұялмаған өлеңші болады» деген нақыл текке шықпаған болуы керек. Жиналған қауымға кейде ермектікке жарайтын өлеңшінің өзін жамият биік өнер мінберіне жақындатпаған. Түйіп айтқанда, халық әдебиетіне тән синкреттілік белгілер ақын, жырау, жыршыларда толығымен ұшырасып отырған...

**Жырау.** Халық әдебиетінің, соның ішінде жыр, толғау жанрларының толықсуына үлес қосқан өзгеше өнер иелері – жыраулар жайында зерттеушілер берген сипаттамаларда құнды пікір тұжырымдалған. Е.Исмаилов өзінің «Ақындар» деген кітабында: «Қазақтың көне ауыз әдебиет нұсқаларында жырау ақындықтың ең көне түрі болғанға ұқсайды. Өйткені қазақтың батырлар жырында алғашқы ақындардың аттары: Сыпыра жырау, Шалкиіз жырау» (1) деп түйіндейді. Жыраулар өздерінің шығармаларында өмірдің кез келген тақырыптарына бара бермей, «заман – дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалар айтқан жыраулық дәстүр қазақ сөз өнерінің биік бір кезеңі болып, кейіннен оның орнына ақындық пен жыршылықтың келу жағдайын Е.Исмаилов: «Жыраудың ақындық рөлі қазақ әдебиетінің ертерек кезінде зор болып, біртінде бәсеңдеуінің негізгі бір себебі жана қоғамдық, тарихи даму жағдайында жыраудан гөрі ақындықтың, жыршылықтың маңызы артқандығы» деп түсіндіреді (2).

Жыраулар поэзиясының табиғаты, тақырыбы, жетекші сарыны, көркемдік өрнегі жөнінде академик Ә.Х.Марғұлан «Ертелегі жыр, аңыздар» (1984) атты зерттеуінде кең тоқталған. Ол аты аңызға айналған Қорқыттан бастап, XVIII ғасырға дейінгі аралықта жасаған жыраулар туралы құнды пікір қалдырды. Оның еңбегінің тағы бір ерекшелігі – ақындық, жыраулық өнерді бүкіл түрік халықтары әдебиетінің деңгейінде қызғылықты салыстырулар жасай отырып тексергендігінде. Ә.Марғұлан жырау сипаттамасын тереңдете баяндайды: «Патриарх, ақын әрі халық мүддесін білдіруші жырау топ алдында өте сирек, аса қажет жағдайларда ғана шығады. Халық қадір тұтқан ақсақал жыраудан жұрт толқыған, халық дағдарған, бүліншілік шыққан немесе ел шегіне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған. Мұндай реттерде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға дем беріп істің немен тынатыны жәйлі болжамдар айтып отырған» (3).

XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген атақты Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Төтіқара, Үмбетей, Бұқар жыраулар өмірі мен поэзиясы туралы салдарлы зерттеу жазған М.Мағауин еңбегі әдебиеттану ғылымына жана беттер қосты. Мұнда жыраулар өлеңінің ерекшеліктері неғұрлым кең таратылып түсіндірілді. М.Мағауин жыраулықтың қырла-

рын заман шындығына байланыстыра баяндайды әрі олардың батырлық эпосты қалыптастырудағы қызметін жоғары бағалайды.

«Жаугершілік заманда жырау жауынгер де болуға тиіс еді. Бұл жағдай жыраулар шығармашылығында үлкен із қалдырды. Жырау туындылары әдетте өршіл романтизмге, азаматтық пафосқа толы келеді. Жырау аузынан шыққан жырлар өзінің сыртқы формасымен де, ішкі мазмұнымен де көбінесе-ақ ұран іспеттес. Сондықтан да жыраулық поэзия, белгілі дәрежеде, жаугершілік поэзиясы... Өзі де жорықтарға қатынасып отырған, кейде тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырлар туғызуға тиіс еді. Біздің заманымызға жеткен бұл тақырыптағы шығармалар батырдың өзіне, атына, қаруына мадақ немесе жауынгерлерді ерлікке, жаудан тайсалмауға шақырған өр ұран, я болмаса қайрау бермеген қара қанжардай қайтпас ерлерді мадақтау, қаза болған батырларды жоқтау түрінде келеді. Жауынгер ретінде жорықтарға қатысу жырау репертуары одан ары байытты. Ескіден қалған мол мұра – қаһармандық жырларды туғызушылар – жыраулар болып есептеледі» (4).

Жыраулар жайында көп ізденістер жасаған Қ.Сыдықовтың монографиясында да көптеген тың мағлұматтар кездеседі. Зерттеуші Батыс Қазақстан өңірінде өткен жыраулардың дәстүр жалғастығы, репертуары жөнінде алғаш рет жүйелі ойлар, талдаулар, қорытындылар келтіреді. Әсіресе ол Абыл мен Махамбет, Шернияз бен Ақтан, Нұрым мен Сүгір, Қашаған мен Жаскілең, Нұрпейіс пен Нұрым, Ығылман мен Аралбайдың жыраулық, ақындық өрнектері терең тамыр тартып, үлгі қалдырғанын атап өтеді (5).

Жыраулық поэзияның өзіндік ерекшеліктері айқын дараланады. Олардың негізгі жанрлық түрлері толғау мен арнау (М.Мағауин. Қобыз сарыны. 124-бет). Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет, Бұқар шығармаларында бұл үлгілер молынан кездеседі. Толғауларда терең философиялық тебіреністер мен асқақтық, насихат, ғибрат, тіршілік сұрауларын «ірілеп» айту, өрлік, ерлікті мадақ ету, күрделі қорытындылар жасау жиі кездеседі. Шалкиіздің:

Шағырмақ бұлт жай бастар,  
Ағытқан қойды жол бастар,  
Ақ желкенді жел бастар.  
Ғаділ төре ел бастар,

Батыр жігіт жау бастар,  
Аға жігіт қол бастар,  
Шешен алам сөз бастар...

немесе:

Асқар, асқар, асқар тау,  
Асқар таудың со бүркіті,  
Ылдидың аңын шалар ма,  
Далала сұңқар түлесе,  
Жүніне қарға жолар ма,  
Алтайы ердің баласы,  
Атадан жалғыз тудым деп,  
Басына қиын іс келсе,  
Ісін көпке салар ма?  
Атаның ұлы ерлерге  
Малынды бер де, басың қос,  
Басынды қос та,бек сыйлас,  
Күндердің күні болғанда  
Басын жауда қалар ма? —

деген жолдары жырау толғауларының жарқын үлгілері қатарына қосылады. Бұқар жыраудың «Ақсаннан биік тау болмас», «Айналасың жер тұтқан» секілді толғаулары да тіршілік тәжірибесін биік көркемдік жинақтаудың мысалы. Бұл топтағы туындыларда өмір шындығы нақтылы бедерленіп, жамият санасына алуан түрлі халдерді сініреді...

Кейде жырау өлеңдерінде жалпылама насихаттан гөрі өмірдің белгілі бір құбылыстарына көзқарасы, қолдау немесе мансұқтауы басымырақ көрінетін, «салқын» ақылдан сезім толғанысы көбірек орын алатын кездер болады.

Тоғай, тоғай, тоғай су  
Тоғай қондым, өкінбен.  
Толғамалы ала балта қолға алып  
Қол бастадым, өкінбен.  
Тобыршығы биік жай салып,  
Дүспан аттым, өкінбен.  
Тоғынды аттым, өкінбен.  
Тоғынды сарты нар жегіп,  
Көш түзедім, өкінбен.  
Ту құйрығы бір тұтам,  
Тұлпар міндім, өкінбен.  
Туған айдай нұрланып,  
Дулыға кидім, өкінбен.

Зерлі орындық үстінде,  
Ақ шымылдық ішінде,  
Тұлымшағын төгілтіп,  
Ару сүйдім, өкінбен...

(Доспамбет).

Жыраулар аузынан шыққан арнау өлеңдердің де көбіне тән белгі — шамырқанған қайрат пен намысты ойларды өктем ұштастырып айтушылық, ерлік пен мәрттікті жоғары қоюшылық. Жиенбет жыраудың Есім ханға арнауында осы өрнектер баршылық:

Еңсегей бойлы ер Есім,  
Есім, сені есірткен  
Есіл менің кеңесім.  
Ес білгеннен, Есім хан,  
Қолыңа болдым сүйессін,  
Қолтығына болдым демесін...  
Менің ерлігімді сұрасан,  
Жолбарыс пенен аюдай.  
Өрлігімді сұрасан,  
Жылқыдағы асау тайындай.  
Зорлығымды сұрасан,  
Бекіре мен жайындай,  
Беріктігімді сұрасан,  
Қарағай мен қайындай...

Адам бойындағы қасиеттерді көтере, өктем, әсірелей айтуы, сол арқылы шындық шырайын ашып, оларды адамзаттық құндылықтар дәрежесіне көтеріп әрлеуі жыраулар поэзиясына қайталанбас нақыш, биік деңгей дарытады, қаһарманға лайық жүк артады. Бұл реттен алғанда «ескіден қалған мол мұра — қаһармандық жырларды туғызушылар — жыраулар» (М.Мағауин) деген тұжырым ақиқатқа жақын келеді. Ертеде жырау деген сөздің өзі батырлық эпосты айтушыларға қолданылуы да осыны растайды. Қарақалпақтар қаһармандық жырларды орындаушыларды осы күнге дейін жырау деп атайды. Қазақстанның кейбір жерлерінде (Сыр бойы, Батыс Қазақстан) де ескіден келе жатқан батырлық эпосты айтушыларды жырау деседі. Қазақ арасында осы күні «жырау» ежелгі мағынасының көбін жоғалтып, тек жаттап айтатын жыршы сипатында қолданылалы. Кейде жыршы-жырау деген сөздерді тіркестіріп айтушылық та орындаушының қаһармандық репертуарды молынан айтатынын белгілеу үшін алынған ескілі.

Зерттеушілер жыраулық өлеңдердің құрылыстық, көркемдік ерекшеліктерін атап көрсетеді. Солардың бірі — жырау толғауларында психологиялық параллелизмдердің жиі ұшырайтындығы.

Жауынды күн көп жүрме,  
Жар жағасы тайғақ-ты.  
Жаманға жақыным деп сыр айша,  
Күндердің күні болғанда,  
Со жаман өз басына айғақ-ты!

Жыраулар поэзиясының көнелігін және ескі замандағы түрік халықтары өлеңшік дәстүріне жақындығын аллитерация мен ассонанстың молдығынан да көруге болады. Дыбыстың үндестігіне үлкен мән беру ауызша айтылып, таралуға өте қолайлы шарттың бірі болатын.

Жабағылы жас тайлақ,  
Жардай атаң болған жер.  
Жатып қалған бір тоқты,  
Жайылып мың қой болған жер.  
Жарлысы мен байы тең.  
Жабысы мен тайы тең,  
Жары менен сайы тең...  
(Қазтуған)

Арту-арту бел келсе,  
Атаң тартар бүгіліп.  
Алыстан қара көрінсе,  
Арғымақ шабар тігіліп.  
Алыстан жанжал сөз келсе,  
Азулы сөйлер жүгініп...  
(Бұқар)

Дыбыс қуалау сөздің басында ғана емес, өлең тармақтарының өң бойында кездесуі, ұйқастардың бір ізді болмай, екінші бірінде-ақ буын мөлшері артық не кем түсіп отыруы жырау поэзиясының өзгешелігі... Халық поэзиясын жасаушылардың ең негізгі тұлғаларының бірі жырау дегенде, қазақтың батырлық жырларын солар шығарды деген ұғым тұмайды. Жыраулық, ақындық, жыршылық, термешілік арасында үзілмеген байланыс жатқанын да есте тұту шарт. Қазақтар мен карақалпақтардың көне эпосын жасау дәстүрі Сыпыра жыраудан басталады деуіміз

мәселенің бір жағы ғана. «Едіге батыр» жырында Сыпыра жырау сөзі делініп берілген түйдек-түйдек көркем кестелер өзінің сом алтындай тұтастығымен, ағыл-тегіл теңемелерімен, баламаларымен қайран қалдырады. Осы дәстүрді кейінгі жырау жыршылар мен ақын жыршылар өздеріне биік үлгі санап дамытып өкеткені кәміл. Қаһармандық эпостың барлық тұстарында меруерттей жарқырап көрінетін бояуы қанық жырлардың ең тартымды, тағылымды өрнектерінің дені жыраулық поэзиядан нәрленіп туған деп есептеуге болады. Кейде жеке бейнелі тіркестер, енді бірде тұтас шумақтар келушілік қайталанып — формулалық та жырау өлеңдеріне хас, олардың көбінесе ауызша таралғанының нышаны («Балдырғаны білектей, бүлдіргені жүректей, қымыздығы күректей, бақасы қойлай шулаған, балығы тайдай тулаған» т.б.).

**Ақын.** Халық ауыз әдебиетін жасаушылар мен дамытушылардың бел ортасында ақын тұлғасы тұрады. Өзінің стадиялық кезендік жағынан алып қарағанда ақындар шығармашылығы жыраулардан кейінгі заманның туындылары болып есептеледі. Бұл қорытынды казак әдебиетінің XV — XVIII ғасырлар арасындағы поэзиясының басым пафосы жыраулар, (Асан, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Марқасқа, Жиенбет, Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді т.б.) жаратындылары болғандығына байланысты туған. Әдебиеттің дәлосы аталған кезеңдегі дәстүріне сүйенсек, бұндай тұжырым күмән тудырмайды. Сонымен қатар жалпы ақындық дарынның қай заманда да өмір сүруі, дүниеге соны шығармалар әкелу мүмкіндігі есте болуы керек. Осы реттен алғанда ақындық өнер ұшқындары адамзаттың саналы өмірінің барша дәуірлерінде де көрініс беріп отырған.

«Ақын» деген сөздің шығу төркіні жөнінде түрлі пікірлер бар. Кейде оның әуелгі мағынасы «ағын» деген сөзбен (В.В. Радлов, М. Әуезов) байланыстырылса, енді бірде ескі түркі сөзі «ахуннан» алынған (К.К. Юдахин) делінеді.

Қазақ әдебиетінің білгірі, профессор Е. Исмаилов «ақын» деген сөздің қара өлеңді әрі төгіп шығаратын, әрі жазып тудыратын дарын иелеріне қатар қолданыла беретінін ескерте келіп, шынлығында бұлардың арасында айырмашылық бар екенін атап көрсеткен еді. «Қазақ поэзиясында творчестволық қызметіне қарай ақынды екі жікке бөлеміз. Бірі өлеңді домбырамен суы-

рып салып айтатын немесе жазып шығарса да, жаттап, әнге қосып, ауыз әдебиет дәстүрімен айтатын импровизатор халық ақындары.

Екіншісі — оқыған, білімді, өленді жазып шығаратын жазба ақындар (поэт) (Ақындар. 1956, 18-бет). Ғалым шығарманы тудыру, тарату тәсілінде күрделі өзіндік өзгешелігі бар бұл тұлғаларды дара терминмен жіктеп белгілеу қажеттігін күн тәртібіне қойғандай болады. Өленді табан астында жанынан шығарып айтатын ақындар өз алдына ерекше құбылыс екенін дәлелдегісі келіп, Е.Исмаилов ойын дәйектендіре түседі. «Домбырамен жырлайтын, көбінше ауылда, халық ортасында тұрып, өлең-жырларын халық арасына ауызша тарататын ақындар — халық ақындары» (Көрсетілген кітап, 18-бет). Бірақ іс жүзінде қазақ арасында бұл айырмашылықты біле, мойындай тұрғанмен, олардың терминдік анықтамасын реттеуге көңіл бөлінбей келеді. Өленді жанынан шығарып, төгіп айтатындарды ақын, хатқа түсіріп шығаратындарды шайыр деп атау өзінен-өзі сұранып тұрған нәрсе. Өленді ауызша шығарушылық пен жазбаша жаратушылық сан ғасырлар бойында қатарласа келе жатқан құбылыс. Рас, қазақ елінің көшпелі, жартылай көшпелі өмір қалпына байланысты ауызша шығарушылықтың орны мен көлемі анағұрлым басым болып отырған. Төкпе ақындықтың жұртшылық көзіне қанықтығы әрі даңқтылығы соншалық — жазып шығаратын ақындарды жеке терминмен сипаттау мәселесі «күн тәртібіне» қойылмаған да секілді. Ал шындығына келгенде, ертедегі жыраулар мен ақындардың көбі дерлік белгілі дәрежеде сауаты бар жандар еді. Шалкиіз жыраудың би Темірге айтқан сөзіндегі «қара сия, ақ қағаз, дәптерге өнер төктірдің» деген жолдар ертедегі ақындар жазбаша дәстүрден мүлде бейхабар болмағанын байқатады. Ақын, жыраулардың көбінің шығармаларында «Ибраһим Халил Алла жасапты, Ғазырайыл жаналғыш қасапты» (Шалкиіз), «ғылымды хатим еткендер, мақсұтына жеткендер» (Асан қайғы), «төрт шадияр Мұстафа, Мұсқап ашқан ғаламды айт, тәңірім сөзі бұрқанды айт, кәлім Алла құранды айт» (Бұқар) тәрізді тіркестердің ұшырауы шығыстың жазба мұрасымен таныстық нышаны. Ауызша және жазбаша шығарғыштықты қатар ұстаған сөз зергерлерінің тәжірибелері неғұрлым жемісті болғаны көрінеді. Осы дәстүр замандар бойында жалғасып отырғанына мысал көп. Тіпті қазіргі

айтыс ақындарының да ең көрнектілері өленді ауызша әрі жазбаша шығаратындар қатарынан көрініп жүргені де осы ақиқатты дәлелдей түседі... Бұл айтылғандар жыр, өлең шығаруда ақындар мен шайырлардың үлесі мол екенін көрсетсе керек. Дегенмен, халық әдебиетін жарату мен жетілдіруде төкпе ақындар қызметі өлшеусіз озық болғанына шүбә жоқ. Сондықтан да ауыз әдебиетін жасаушылар қатарында төкпе ақындар орнын өзгеше бағалаймыз. Халықтың қалың ортасында үздіксіз өлең, жыр толғап, өмірдің сан түрлі сауалдарына көркемдік жауап айтып келген, бірде «ағымдағы» мәселелерге талдау жасап, жамағатшылық көзқарасын білдіріп отырған, екінші бір тұста тарих сабақтарын ұзақ дастан түрінде толғаған ақындар еңбегі санқырлы нақышымен жарқырайды. Біздің заманымызға дейін жеткен халық әдебиеті мұрасының шығарушылары мен дамытушылары ең алдымен ақындар деп қарайтынымыз осы себептен.

Жазылған немесе шамырқанған шабыт үстінде толғанған ұзақ шығарманың сақталу, жетілу заңдылығы өз алдына бөлек мәселе. Дүниеге келген туындыны ұмыттырмай, ұлайы насихаттап, сан рет қайталап, «кедір-бұдырын» тегістеп айтудың мәні де олқы емес. Ақынның бір басында өлең шығарғыштықпен қатар, шығармасын халық арасына тарату үшін домбыраға немесе қобызға қосып, белгілі саз мақаммен айтқыштық, әншілік, жаттап алу қабілеті де болуға тиіс еді. Жазып, яки ауызша шығарған өлең-жырын жаттап айтуға бейім ақындар ел алдында жыршы сипатында да танылған. Ақындық пен жыршылықтың басын қосқан өнер иелері ерекше қадірлі болған. Қазақ қоғамының әлеуметтік қажеттіліктеріне орай кез келген той-жиында алуан тақырыпқа табанда өлең шығара алатын төкпелік пен «бұрыннан бар» жырларды жаттап, құлпыртып айтатын жыршылықтың басын қосқан «әмбсбаптық» айрықша қымбат саналған. Ақын-жыршы тұлғасы осылайша өмір қажетіне сәйкес қалыптасқанын көреміз.

Қазақ халық әдебиетінің тарихындағы неғұрлым белгілі, беделді ақындар өнері көпқырлы, синкретті болғаны мәлім. Ертедегі Жанак, Арыстан, Орынбай, Шөже, Абыл, Шернияз, Ақтан, Нұрым, Қашаған, Сүйінбай, Майлы, Құлыншақ, Майкөт, Құлманбеттің қай-қайсысы да ақындық пен жыршылықтың тізгінін қатар ұстаған, «ертеден шапса, кеште озған, ылдидан шапса төсте

озғандар» еді. Бұл дәстүрді біздің дәуірімізге Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Кенендер жалғастырып әкелді. Өкінішке қарай, Кенес дәуірінде төкпе акындардың ертеден айтып келе жатқан жыршылық репертуары көбінесе жазылмай қалды. Мәселен, Жамбыл айтқан «Манас», «Көрұғлы», «Алпамыс», «Қыз Жібектер» өз ерекшеліктерімен хатқа түскен болса, құнды мұрамыз толығымен түскен болар еді. Бірақ ұлы акынның «социализм мен оның көссемдерін» мақтаған ағымдағы өлеңдеріне ғана көңіл бөлініп, оның жадында сақталған небір інжу-маржан жырлар назардан тыс қалған. Бұл барлық жақсылық Кенес дәуірінде деп, бұрынғы мұраны мансұқтаған, олардың ішінен тек «таптық» сипаты барларын ғана ілтипатқа алған біржақты көзқарастың салдары болатын.

Халық акындықты киелі өнер деп түсініп, оны ерекше құрметтеген. Ел арасында акындықтың адамға түсінде аян беруі арқылы «қонатыны» туралы да көп аңыз әңгімелер тараған. Аты белгілі акындардың көбінің өмірбаяндық, естелік сөздерінен осы аңызды «тірілтетін» әңгімелерді табуға болады. Сүйінбай, Құлыншак секілді аты әйгілі акындардың көбінің көрген түстері туралы ел әуезе қылып айтып келген. Мұның бәрі тіршіліктегі әрбір құбылыстың иесі болады деп есептейтін көне тотемдік ұғымдарға байланысты көрініс. Жамбыл өзінің акындық «киесі» жолбарыс бейнесінде жебеп рухтандырып отырғанын айтқан. Кемпірбай акын үйінің керегесінде «қонақтап» отырған көкала үйрегі ұшып кеткен соң, акындығы да сарқылғанын мойындаған. Акындық жас талапкерге бұрыннан белгілі өнер иесінің батасы арқылы дариды деген түсінік те ел арасында орын алған. Сондай-ақ өнердің «тұқым қуалайтыны» туралы да көптеген қызғылықты ғибратты әңгімелер сақталған. Бұл айтылғандар қазақ қауымында акын тұлғасының қаншалықты маңызды орны болғанын сипаттайды.

Акындық өнердің дамуы үшін орта мен дәстүрдің мәні айрықша зор болатын. «Қазақ акындарының үйрену, оқуында жазып немесе кітаптан оқып үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі акындық дәстүр. Сыншылдық, шешендік, тапқырлық өнер, лирикалық, эпостық жырларды, мақал-мәтелдерді, аңыз-ертегілерді, халықтық сатираны өрі шығарып, өрі орындап, дамытып отырып, кейінгі ұрпаққа аса қызықты поэзия-

лық қазына етіп жеткізетін творчестволық тәжірибе, үлгі қазақтың ақын, жыршы, жырау, әнші, өлеңшілерінің дәстүріндегі негізгі ерекшелік» (Е.Исмаилов. Акындар. 88-бет).

Акын-жыршының шығармашылық тағдыры өзінің дарын ерекшелігіне байланысты болмай, ортаның, қауымның әлеуметтік талаптары мен сұрауларына қарай да қалыптасатынын көреміз. Қандай ортада нендей өлең, жырдың «өтімді» болатындығы аса маңызды мәселе. Төкпе акындықтың «базары» жүріп тұрған ортада аса зәру тақырыптарға жана, тапқыр өлеңдер қажеттігі басым болса, жыршылықты қадірлейтін қауым алдында ертеден келе жатқан «ескі» сөздердің бағасы арта түскен. Кейбір акындардың біржолата жыршылыққа бейімделіп кетуі немесе жыршылықты уәдә қылмай, той-тамашада, айтыстарда акындық өнеріне шындалап жаттығуы объективтік халдерге де қатысты.

**Жыршы.** Халықтың рухани, көркемдік мұрасын сақтау, дамыту жолында жыршылардың атқарған қызметі зор. Ел ұғымында үлкен қаһармандық яки ғашықтық жырларды жаттап, «шашау шығармай» байырғы қалпында сазға қосып айтушыны жыршы деп атаған. Жыршылар қазақ даласының барлық өңірінде де аз болмаған, олар халықты өткен замандар шындығымен таныстыратын тарихшы, шежіреші міндетін де қоса атқарысқан секілді. Ертегілік, батырлық, ғашықтық, тарихи эпос халық тарихының өзгеше тәсілмен сәулеленген көрінісі болса, соларды өулеттен жеткізуші жыршылар өз тарапынан тарихи романшы тәрізді еді. «Нағыз төселген жүйрік, айтқыш жыршылардың қадірі халық алдында ақын, жыраулардан кем болмаған» (Е.Исмаилов). Өзінің жазба тарихы жүйелі түрде сақталмаған елде жыршылық тарихты танудың теңдесі жоқ құралы болып келген. Халықтың отаншылдық, азаматтық рухын көтеруде, бұрынғы замандарда болып өткен оқиғалар мен адамдардың мән-жайын таныстыруда, соларға халықтың өз бағасы мен көзқарасын қалыптастыруда жыршылар еңбегі ерекше.

Дарын қабілетіне, тәжірибесі мен шеберлігіне қарай жыршыларды түрлі топқа бөліп қарауға да болады. Қырғыздар «Манасты» толық білетіндерді «шоң манасшы», жырдың жеке бөлектерін жатқа айтатындарды «шала манасшы» деп атайтын болған. Қазақта дәл осылай жіктелген термин атау кездеспегенімен, жыршылардың өзара парқын жақсы ажырата білгені байқала-

ды. Шығарманың әуел бастағы нұсқасын ешбір өзгеріспен таза қалпында орындайтын немесе азды-көпті өзгерістер қосып айтатын жыршылардың болатыны белгілі. Сахаларда (якуттарда) бір эпостың тұтас-тұтас тарауларын бірінен екіншісіне ауыстырып, «біріктіріп» айту дәстүрі де орын алған. Бұлай ету өте көне замандағы ертегілік-мифтік оқиғаларды баяндайтын жағдайда ғана мүмкін болмақ. Ал тарихи шекарасы мен дәуірі азды-көпті анықталған жырларда мұндай еркін ауыстырулар орын алмайды. Қазақ эпосында архаикалық элементтер кездескенімен, көбінің «тарихилық» келбеті байқалып отырады. Олардың көп жағдайда «тарих оқулығы» қызметін атқарарлық қасиеті осы себептерге де байланысты.

Қазақтың кең даласында жыршылықтың әр түрлі мектептері де қалыптасқан. Зерттеушілер оларды төрт топқа бөліп қарайды. Батыс Қазақстанда, Сыр бойында, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда, Орталық-Шығыс Қазақстан өңірінде дәстүр салған жыршылық өнерінің бір-бірінен репертуар жөнінен де, саздық-макамдық жағынан да айырмашылықтары бар. Олардың арасындағы ерекшеліктерді жалпылай сипаттағанда кейбір заңдылықтар көзге түседі. Мәселен, Батыс Қазақстан жыршыларында қаһармандық жырларды («Қырымның қырық батыры») айту басым сарын болса, Орталық-Шығыс Қазақстан атырабында лиро-эпос («Қозы Көрпеш—Баян сұлу» т.б.) жанрындағы шығармалар кең таралған. Ал Сыр бойы мен Оңтүстік Қазақстан аймағында осы екі топтағы жырлар аралас келіп отырған, оның үстіне мұнда арғы тегі шығыс әдебиетінен ауысқан ғашықтық, қаһармандық, діни хикаялар да («Рүстем-дастан», Көрұғлы», «Әміре-Әмзе») күрделі орын алған. Әлбетте, жыршылар қазақ даласын еркін аралап, өз өнерін кең таратып отырғандықтан, репертуардың ауыс-түйісі де болып тұрғаны белгілі.

Бұл аталған жыршылық мектептердің ішінде Батыс Қазақстанда қалыптасқан дәстүр көбірек зерттелген деуге болады. Е.Исмаиловтың «Ақындар» (1956), Қ.Сыдықовтың «Ақын жыраулар» (1974) деген кітаптарында жыршылықтың көп мәселесі: ақын-жыршылық орта, дәстүр жалғастығы, репертуар ауысу, қаһармандық жырлардың жаратылуына себеп болған тарихи жағдай, эпикалық аудан т.б. қарастырылған. Е.Исмаилов осы өлкеде өмір кешкен Қазақбай, Нұрым, Қашаған, Нұрпейіс, Айса, Мұрындардың репертуарлық ерекшеліктерін жан-жақты сөз ете ке-

ліп, Қазақстанның оңтүстік-батыс аудандарында батырлар жырын дамытып, айтатын белгілі дәстүр, жыршылық мектеп болғандығын тұжырымдайды (Ақындар. 235-бет). Ғалым мұның тарихи себептерін де сенімді дәлелдеген.

«Қазақстанның оңтүстік-батыс аудандары, — дейді ол, — көне дәуірлердің өзінен бастап халықтардың мекені, ерсілі-қарсылы жасалған жорық жолы, сауда-саттық, керуен, кеме жолдарының үсті болды. Ғұндар, селжұктар, қарлықтар, оғыздар, монғолдар, араб-ирандар, қыпшақтар... қырғын соғыстар жасап, осы жерлерді мекен еткен ру, тайпа, елдердің тарихында үлкен апаттар, қоғамдық сапырылысулар тудырып отырған... Хорезмнің Шығыс Еуропа, Еділ бойындағы елдермен байланыс жасайтын ұзақ заманғы керуен жолы Арал теңізінің батыс жағалауы арқылы Үстірт жазығына, одан Жем, Жайыққа асқан» (239-бет). Бұдан кейін зерттеуші Алтын Орда, Ноғай Ордасы дәуірінің көп оқиғалары осы өлкеге тікелей қатысты болғанын да ескертеді. «Эпикалық аудан» жөніндегі тұжырым басқа да көптеген мысалдармен дәлелденгенін көреміз. Қазақтың классикалық эпосы «Қобыланды батырдың» белгілі айтушылары Марабай, Мergenбай жыраулар Батыс Қазақстанда дамыған жыршылық өнердің аса көрнекті өкілдері еді. Бұл жыраулардың айтуынан «Қобыланды батырдың» айрықша көркем екі нұсқасы кейінгілерге жалғасқаны мәлім. (Қобыланды батыр. Москва, 1975). Сондай-ақ «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге батыр», «Қарасай-Қазы», «Орақ-Мамай», «Құбығұл», «Шора батыр» сынды эпикалық аңыздардың танымал нұсқалары да осы аталған өлкеде көбірек таралған.

Эпостық жырлардың сақталуына жыршылық мектептердің қызметі үлкен. Көптеген шығармалар нақ осындай жолмен ғана ұмытылмай, біздің заманымызға жеткен. М.Ғабдуллин «Қобыланды батыр» жырының айтушыларын арнайы зерттей келіп, атакты ақын Нұрпейістің бұл жырды Мақуеттен, Мақует Ділмағамбеттен, Ділмағамбет Бітегеннен, Бітеген Терлікбайдан, Терлікбай Бақыдан, Бақы Жаскілеңнен, Жаскілең Токберген жыраудан үйренгенін мысалға келтірген (Қазақ халқының ауыз әдебиеті. 1958, 163-бет). «Алпамыс батыр» жырының да бірнеше буын айтушылары болғаны анық. Оңтүстік Қазақстанда бұл жырдың түрлі нұсқа-варианты жазылып алынғаны мұнда айтушылардың үлкен мектебі болғанын сипаттайды. «Алпамыс батырдың» ең көркем нұсқаларының бірін Майкөт ақын айтқаны мәлім. Құлын-

шактын да, Майлының да, Мұсабектің де репертуарында бұл жырдың орын алғаны күмәнсіз. «Алпамыс батырдың» Сұлтанбек Ақкожаевтан, Әбдірайым Байтұрсынновтан, Келімбет Серғазиевтан жазып алынған нұсқалары эпостық мұрамыздың алтын қорына қосылды. Жетісу жеріндегі жыршылық дәстүрдің туын тіккен көрнекті ақындардан Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі есімдері айрықша естіледі. Жамбыл жырлаған «Сұраншы батыр» мен «Өтеген батырдың» алғашқы нұсқалары одан көп бұрын ел арасына мәлім болған.

Қ.Сыдықов Батыс Қазақстан, Атырау акын-жыршыларының мұрасына арналған еңбегінде «репертуар ауысудың» көп деректі мысалдарын келтіреді, Нұрым, Кашаған, Абыл, Карасай, Ақтан, Мұрат, Қазақбай, Мұрын айтқан шығармалардың кімнен кімге ауысып жалғасып отырғанын неғұрлым нақтылы дәлелдей келіп, Батыс Қазақстандағы жыршылық ортаның негізі ертеде Сыпыра, Шалкиіз жыраулар салған дәстүрге тірелетінін көрсетеді (Ақын жыраулар. 1974).

Қазақ халқының ұшан-теңіз жыр мұрасының жасалу, сақталу, толысу заңдылықтары — жеке зерттеулердің тақырыбы. Жыршылық өнердің дамуы да, бәсен тартуы да күрделі себептерге байланысты болады. Халық өзінің өткендегі тарихи, қаһармандық оқиғалар сырын білуге ықыласты болған шақтарда жыр репертуары көбейетіні белгілі. Жыршылық дамуы үшін алғы шарттың бірі — айтушының айтқан мағлұматына имандай сенетін эпикалық ортаның болуы. Жұртшылық аңсары мен талабы эпикалық жырлардың жанданып көркеюіне мықты ықпал жасап отырады. Зерттеушілер қырғыздың «Манас» жырының негізгі бөлектері ғасырлар бойында ұмытылмай, қайталанатын жырланып отыруына тыңдаушы халықтың әсері күшті болғанын атап көрсетеді (В.М.Жирмунский. Тюркский героический эпос. 1974.) Өйткені жамағатшылық өздерінің жанына жақын оқиғалар мен қаһармандарды эпос арқылы еске түсіріп, көңілін көтеріп, мақтаныш сезіміне бөленіп отырған. Тіпті жыршылар бір айтқанды қайталай бергісі қолмай, жана сарындарға түскісі келсе де, тыңдаушылар өздеріне бұрыннан қанықты, жан-сезімдеріне жақын таныс ситуацияларды қалайтынын анық аңғартып, жыршылардың ертеден таныс желіден ауытқымауын талап еткен.

Жыр мұрасының кейбіреуі ұмытылып, енді біреулерінің жалғастық табуы әлеуметтік талаптарға тікелей байланысты. Халық

өзінің басына ауыр күндер туғанда бұрынғы қол бастаған батырлары мен сөз бастаған даналарын еске түсіріп, солардың істерін үлгі тұтып, елдік рухын жоғалтпауға тырысқан. Кеңес халқының фашистік Германияға қарсы сұрапыл соғысы жылдарында Қазақстанда жыршылық дәстүрдің белең алуы кездейсоқ емес. Халық эпостағы Алпамыс, Қобыланды, Шора батырлардың қалмақ жауға қарсы аттаныстарынан өздерінің майданда жүрген ұлдарының бейнесін іздегендей еді. Халықтың эпостық санасына қоғам дамуының жана сапаға ауысуы, жана ұғымдар мен өлшемдердің, түсініктердің орын алуы ғана өзгеріс туғызады, ауызша тараған қиялдай қызық ертегі, аңыз, жырлардың орнына жазба әдебиеттің, кітап мәдениетінің үрдісі енеді.

Жыршылар өлең-дастандарды сақтап жеткізушілер ғана емес, халық ауыз әдебиетінің өзге жанрлардағы ескерткіштерін де айтып таратушылар болып есептеледі. Ерте заманнап қазірге дейін жалғасқан дәстүр бойынша жыршының орындаушылық өнері көпқырлы болып келеді. Жыршылар жиналған жұртшылыққа ең алдымен өзінің репертуар құрамын таныстырып, солардың көпшілік тандаған біреуін ғана «дауысқа салып», белгілі бір шығармаға ғана жіп тағатын болған. Сонан кейін жырдың қысқаша мәңжайы, бұрын мұны кім айтқаны қысқаша баяндалады. Тіпті кейде жырдың арасында ауызша айтылатын басқа әңгімелер де түсіп кетуі мүмкін. Халықты жалықтырып алмайын дегендей жыршылар арақидік қызық «бөгде» аңыз әңгіме-шежіреге бұрылып отыратын кездері болады. Қайсыбір шақтарда алдымен мазмұны түсіндіріліп, күйлер де тартылады. Халықтың нендей әңгімелерге қызығатынын жіті бақылап жүретін жыршылар өзінің репертуарын тек өлеңмен ғана емес, ертегілермен, шежірелермен, аңыздармен, шешендік сөздермен, мысал-тәсілдермен ұдайы толықтырып отырған. Осыған қарап жыршылар халықтың шешендік, ғибраттық, ертегілік, аңыздық сөздерін де ел арасына таратуға атсалысқан деп қараймыз.

Ақын мен жыршы байланысы үзілмеген. Кейде жыршылар белгілі, атакты шайыр, ақындарға қисса-жыр жаздырып алып, соларды өз репертуарына қосып, байытып отырған. Шымкенттік көрнекті ақын Нұралы Нысанбайұлының қаламынан туған қаншама дастан жыршылар арқылы тараған.

Басқа халықтардан ауысқан шығармалардың да насихатшысы жыршылар болғанын атап өту керек. «Көрұғлы» жырын қазақ

арасына таратушылар түркімен, қарақалпақпен көршілес жатқан қазақ ауылдарының жыршылары деп есептеуге болады. Жыршылар көрші жатқан елмен шығарманың мазмұнын ғана алып қоймай, саздық желісін де үйреніп жалғастырған. Кітап жүзіне шыққан қисса-дастандардың да «өмірін ұзартып», ел арасына тарататын жыршылар еді. Бұл олардың жазба әдебиет пен ауыз әдебиеті арасындағы дәнекерлік қызметін сипаттайды. Жыршылық өнердің бұл күштерге дейін жалғасып келе жатқандығы бұл дәстүрдің өміршендігін, халық мүддесіне әлі де болса қызмет ете беретінін дәлелдейді.

**Термеші.** Ұзақ көлемді қаһармандық, ашықтық және тарихи жырларды орындаушыларды жыршы десек, қысқа ғибрат өлеңдерді айтушыларды термеші деп атаймыз. Жүздеген, мыңдаған өлең жолдарын жаттап алуға әрбір талапкердің қабілеті жете бермейді. Оның үстіне эпостық сарындағы шығармаларды тыңдайтын орта да жиі кездесе бермеуі мүмкін. Жыршылардың ежелден айтып келген таңдамалы репертуары жазба мәдениеттің артуына байланысты елге кітап жүзінде тарайтын болғаны белгілі. Ендігі жерде жыр мазмұнын кез келген сауатты адам кітаптан өзі-ақ оқып алатын жағдай туды. Жыршылықтың өрісін күрт қысқартқан басты себептің бірі осы. Оның үстіне ертедегі тарихи қайраткерлер жайында зерттеулердің, жазба көркем прозаның пайда болуы жыршылардың тарих мағлұматын таратушы ретіндегі дара қызметін шектеді. Көне шығармаларды өзінің өзегі табиғи, қалыптасқан сазымен айтатын орындаушылардың азаюы да жыршыға деген ықыласты кемітті. Мәселен, соңғы жылдарда жекелеген орындаушылар классикалық эпостан «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібектерді» грампластинкеге жаздырғанымен, олардың әсері мен тартымдылығы ойдағыдай болмады. Жырды бұрыннан айтылып келе жатқан сазымен, рәсімімен орындағанда ғана табысты болатыны көрінді. Жыршылық дәстүрі баяулауының бұдан да басқа себептері жоқ емес. Мұның бәрі ғажайып өнер — жыршылықтың «дәурені өткенін», оның ығысып шығуына ауызша мәдениетті жазба мәдениеттің «ауыстыруы» секілді күрделі факторлар ықпалы тигенін дәлелдейді.

Дегенмен жыршылық сарыны мүлде үзіліп қалды деуге болмайды. Жаңа заман, орта ыңғайына бейімделе алған жағдайда оның сынарындай өнер — термешілік қайта жанданып, дамуға

мүмкіндігі бар екенін көрсетті. Термешілік өзінің әсері қуатты әрі тұрақты екенін дәлелдеп келеді. Тіршіліктің алуан сауалына көркемдік жауап айтатын термелер жұртшылықтың сүйіп тыңдайтын, тағылым, өнеге алатын, сұлулық тәрбиесіне бөлнетін жанрына айналды. Ерлік пен ездік, мәрттік пен нәмәрттік, намыстылық пен күйкілік, отаншылдық пен опасыздық, асқактық пен пәстік, сақилық пен сарандық, жақсылық пен жамандық парқын жарқын да жанды суреттермен анық әрі қанықты баян ететін терме сөздері қай заманда да ескірмей, көдеге жарайтынына аңғартады. Қайта термешіліктің көлемі мен қарқыны қай кездегіден де қазір көбірек деуге болады.

Қазақтың халық жырларын да, нақыл толғауларын да, мысал, тәмсіл шығармаларын да, сонымен қатар жеке авторлар туындыларының ел арасына таралып, халықтық сипат алған нұсқаларын да ұмыттырмай, әрбір буынның құлағына құйып, әдет, әдеп, дәстүр, кісілік, адамгершілік, имандылық сабақтарын дарытып келген термешілер екені шүбәсіз. Тыңдаушыны жалықтырмайтын, түрлі тақырыптарға еркін ауысып бара алатын, сөзіне сазы сай термешілер бұрын қандай қадірлі болса, қазір де тыңдаушының қалаулысы. Термешіліктің замана ағымына ыңғайлылығы уақыт талап еткен өзін-өзі жауап — актуальдылық сипатына да байланысты. Қандай дәуірде де қауым тәрбиесі ең маңызды уәзіп болып саналған. Бұрынғылар қасиет тұтқан ұғымдарды кейінгі буындарға жеткізуде терме мен термеші орны бөлек. Көне заманда жасаған жыраулардан қалған даналық сөздер, ақындар айтқан тапқырлықтар, тұспал, мысалмен берілген өнегелер, атадан балаға ауысқан өсиеттер, өмірдің мәні мен қасиетін түсіндірген толғаулар өзінің әдепкі мәнін жоғалтатын емес. Мұның өзі адамшылық парыздары мен қарыздары қандай кездерде де өзгермейтін тұрақты құндылықтар екенін дәлелдейді. Кейде термешілер белгілі бір ақышның сөздерін кең насихаттау арқылы оларды халық мұрасына айналдырып жібереді. Бұл арадан да ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің бір-біріне ететін ерсілі-қарсылы әсері байқалады. Фольклордың заман талабына төтеп беріп жалғасып, дамып келе жатқан санаулы жанрларының бірі терме өзінің өрісін кеңейтіп, ұлттық көлемдегі қымбаттар қатарына қосыла бастады. Тіпті бұрын термешілік дәстүр дамымаған өңірлерге де бұл өнердің тарала бастауы өте қызығалықты құбылыс. Термешілік туын кейінгі жылдарда көтерген дарын иелері қатарына Көшеней Рүс-

тембеков, Шамшат Төлепова, Қаламқас Орашева, Алмас Алматов, Берік Жүсіпов сынды жүйріктерді атауға болады. Термешілер халық әдебиеті мен жазба әдебиеттің үздік үлгілерін әрі сақтаушылар, әрі насихаттаушылар сипатында маңызды қызмет атқарып келеді.

**Өлеңші.** Ескі қазақ қоғамында жыр, өлең қазынасын айтушы мен сақтаушының ең көпшілік түрі өлеңшілер еді. Салттық, өдет-ғұрыптық, халықтық лирика — кара өлеңнің, қайым айтыстың сөздерін айтатын жандар әр ауыл сайын кездесіп отырған. Көркем сөзді кие санаған қазақ халқы екі ауыз өлеңді құрастыра білетіндерге де ілтипатпен қараған. «Ерінбеген етікші, ұялмаған өлеңші болады» деген тұжырым өмір тәжірибесінен алынған еді. Ауылға қонақ келсе, үй иелері «ауылдың алты ауызын» айтуы, келген қонақтың «қонақкәде» орындауы міндет саналған. Қандай да болмасын жиын-той өлеңсіз өтпейтіні жазылмаған заңдай болатын. Үлкен ақындар, атакты жыршылар жоқ жерде олардың орнын белгілі дәрежеде өлеңшілер басқан.

Ел арасында сақталған өлеңдердің көптігі соншалық — олардың көлемі өлденеше том құрарлық екені көрінеді. Бұған мысалға Оразақын Асқар құрастырған «Қара өлең», Ақселеу Сейдімбеков топтаған «Мың бір маржан» жинақтарын алып қарауға болады. Осындағы жүздеген, мыңдаған өлең шумақтарды ауыздан ауызға таратып, сақтап келген өлеңшілер, әншілер болатын. Қара өлеңнің алғашқы шығарушыларын анықтау мүмкін емес, олар жаттала, жетіле, тарала келе халықтың ортақ рухани мүлкіне айналған. Оразақын Асқар кара өлеңдерді жіктеп, топтаудың қызғылықты түрлерін ұсынады. Мәселен, ол кара өлеңдерді өлең туралы өлең, танысу өлеңі, тәлім өлең, жер-су өлеңі, тау өлең, балық өлең, көші-қон өлеңі, қамшы өлең, домбыра өлең, базар өлең, дүние-ғұмыр, ғашықтық-сүйіспеншілік, жігіт өлең, қыз өлең, сыңсыма, қайым өлең, бәдік өлең, өтірік өлең, қайырма өлең... деп алуан түрге бөліп қарайды (Қара өлең. 1989).

Қазақтың шеуендік, шежірелік, ертегілік, аңыздық, діни сөздерін жадында сақтап, ауызша айтып таратып келген дарынды жандар көп болған. Өкінішке қарай олардың өмірі мен айтқыштық қасиеті жөнінде арнаулы зерттеулер кездеспейді. Сондай-ақ жазбаша кисса-дастандарды ұзақ түндерде ауылдастарына оқып таратқан киссашылардың халық әдебиетін жандандыруға қос-

қан үлесі жоқ емес. Бүгінде Қазақстан Ғылым академиясының қолжазба қорына топталған, әр жерлерден жазылып алынған, көлемі жүздеген томды құрайтын мұраның сақтаушылары да көбінесе бізге аты белгісіз жандар...

#### Әдебиет:

- (1) Исмаилов Е. Ақындар. А., 1956, 40-бет.
- (2) Сонда, 44-бет.
- (3) Маргулан А. О носителях древнего поэтического искусства казахского народа. 1961.
- (4) Мағауин М. Қобыз сарыны. А., 1968, 125-бет.
- (5) Сыдықов К. Ақын жыраулар. А., 1974, 9-бет.

## ЭПОС БАСЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Қазақ әдебиеттану ғылымында ең кенжелеп қалған саланың бірі мәтіншілік (текстология) екені айтылып келеді. Белгілі бір мұраны әйтеуір жариялай салу мен оны ғылыми талап, шарттарға лайық етіп шығарудың арасында зор айырма болатынын ескере бастадық. Мұның мысалын эпос пен ертегіге арналған жеке-леген басылымдардан көреміз (1).

Дегенмен, ауыз әдебиеті нұсқаларын баспаға даярлау ісінде жүйсіздік пен қалыптаспағандық жиі ұшырайды. Нұсқаның әуел бастағы қалпын өзгертіп жіберу, орыпсыз қысқартулар жасау, жаңадан сөздер мен тіркестер қосу, ескірген ұғымдарға түсініктеме бермеу екінің бірінде-ақ көзге түседі. Ең сорақысы сол — осындай өзгерістердің не үшін және қандай мақсатпен жасалғанына дәлелдеме берілмейді. Сондықтан кейде мұндай басылымдар шығарманың асыл нұсқасы ма, жоқ әлде жасанды құрастырма ма деп күдік келтіруіміз табиғи. Әсіресе Кеңес дәуірінде дүниеге келген туындылардың қайта басылымдарындағы адам танымастай айырмашылықтар бізде мәтіншілік мәселесіне мән берілмей келгендікті аңғартады. Қазақ ақындарының өлеңдерінде ондаған жылдар бойында дәріптеліп келген Сталин есімі жеке адамға табынушылық сыналғаннан кейін «партия» деген сөзбен оп-оңай алмастырылғаны мәлім. Арада тағы да біраз жылдар өткенде коммунистік партияның халыққа орасан озбырлықтар жасағаны айтыла бастауы мұн екен — ендігі басылымдардан партияға «марапат» тұстардың бәрі өшірілетін болды. Ұзақ-ұзақ толғаулардан шумақ-шумақ өлеңдер алынып тасталды. Мұндай басылымдардан ешкімнің де жартымды білім, тағылым ала алмайтыны айтпаса да түсінікті. Тиісті ғылыми шарттары орындалмаған мәтіндерден зерттеу еңбектерге үзінді мысал алуға болмайтыны да осы себептен. Ал ондай мәтіндерді шет тілдерге аударуға болмайтыны да белгілі. Бұл айтылғандардан мәтіншіліктің асығыстықты, үстірттікті, шалағайлықты көтермейтін, әдебиеттанудың

нақтылы, құрамды саласы екені байқалса керек. Кейбір ғалымдардың мәтіншілікті ғылымның қосалқы емес, жеке бөлігі деп қарауында жан бар (2).

Мәтіншіліктің назариялық (теориялық) және методологиялық жағдайлары фольклортану, әдебиеттану ғылымында көптен бері анықталған және мұндай қисындар жүзеге асырылып келеді. Солардың кейбіреулерін еске салудың артықтығы болмас деп ойлаймыз. Белгілі фольклоршы А.А.Петросян мәтінші түпнұсқаның барлық қыры мен сырына қанық болуға тиістілігін атап айтады. Сонымен қатар мәтінші халықтың ежелгі мәдениетінің ерекшелігімен де жете таныс болуы керек деп шарт қояды. Өзінің ойларын ол «мәтіншіде филологтың, зерттеушінің, тарихшының, суреткердің қабілеті ұштасуы қажет» деген тұжырыммен тұйықтаған (3). Ал А.С.Мирбадалованың эпос аудармашысы жырдың барлық вариантының сын көзімен қарауы керектігі туралы пікірлерін мәтіншіге де қолдануға болады (4). Солтүстік Кавказ халықтарының ауыз әдебиетін тексерген У.Б.Далгат мәтіншіге ілгеріде айтылғандардан да күрделі талап қояды. Ол эпос басылымын даярлаушы қажет жерінде тарихтың, этнологияның, этнографияның, тіл тарихының, диалектологияның, әдебиет теориясының, өнертанудың деректеріне сүйенуі шарт деп санайды (5). Мұның қай-қайсысы да ғылыми-зерттеу жұмыстарының барысында екішеліп туған ойлар екені анық. Енді бір ғалымдар түпнұсқаның ақиқат немесе жалған, жасанды екенін ажыратудың күрделілігін алға тартады (6). Әр елде, әр кезде кейбір жалған шығармалардың тізбекке қосылып, жұртшылықты шатастырып отыратыны бұрыннан бар нәрсе екенін еске алсақ, зерттеушінің көтеріп отырған мәселесін қазақ ғылымына да қатыстыра әңгімелеудің зәрулігі бар екенін түсінеміз. Кейінгі жылдарда бізде ешбір қисынға келмейтін жасанды жыр, шындығы мен қиялы мидай араласып кеткен шежіре көбейіп кетті. Әр жерден жиналған мағлұматтарды құрастырып, «мұны пәлен жерді қазып тауып алып едім» деп қазіргі дәуір қаламгерлерінің мәнерімен сырғытып жазып шығатындар әрекетінің ғылымға зәредей де пайдасы жоқ екенін елемейтін болып барамыз. Бұл — жеке талдаудың, арнаулы әңгіменің тақырыбы.

Мәтінші алдына қойылатын уәзипаның бірқаншасын атақты орыс ғалымы Д.С. Лихачев өзінің терең мәнді монографиясында жан-жақты ашып көрсеткен. Ол қордаланып жатқан қолжазба-

лардың толық ғылыми сипаттамасын жасау кезек күттірмейтін міндет деп қарайды. Мұнсыз жерде ең жетілген методологияның өзі мәтіншілікті дамыта алмайды, — дейді (7). Бұл да қазақ зерттеушілеріне ой салатын нәрсе. Жарамсыз тұғырға тұрғызылған үйдің сапасыз болатыны секілді жасанды мәтіндерге негізделген «ғылым» да баянсыз болмақ. Зерттеушінің қолжазбаны өз көзімен көріп, салыстырып тексеруі ғана сенімді қорытындылар жасауға мүмкіндік бермек, белгілі бір мұра жөнінде жобалап, долбарлап сөйлеу қаупінен құтқармақ. Мәтінші жыр, эпосты көшіруші, айтушылар туралы да мейлінше мол дерек білуі қажет, көшірмедегі кейбір жаңсақтықтардың түп-төркінін ажыратарлықтай болуы ләзім (8).

Қолжазбаларға ғылыми сипаттама беру, халық әдебиеті ескерткіштерінің ғылыми басылымын әзірлеу жөнінде қазақ фольклоршыларының атқарып келген маңызды істері жоқ емес. Бірақ ондай жұмыстар әлі де болса тым аз. Ең басты мәселе — ауыз әдебиеті мұрасын басып шығарудың шарттары ғылыми тәжірибеде берік қалыптасып болмағандығы. Кейде фольклоршылардың тым ыждағатты даярлаған мәтіндеріне баспа редакторлары өз тарапынан білгермендік жасайтыны болады. Сөз орнына сөз, тіркес орнына тіркес қосу, енді бірде «қолайсыз» деп тапқан ұғымдарды мүлде қысқартып жіберу дағдысы осыны көрсетеді. Мұның бәрі бір жағынан объективтік шындықты мойындаудың аздығын білдірсе, екінші жағынан мәдени, әдеби мұраға тек қана идеологиялық талап тұрғысынан қараушылықтың үстем болып келгенін әйгілейді. Кешегі өкімшілік-әміршілік жүйе қоғамдық ғылымдардың еркін дамуына алабөтен залал келтіргені, бәрінен бұрын, мәтіншіліктен байқалатын. Қазақ халық әдебиетінің неше алуан үлгілері осындай көзқарастың қырсығынан жылдар бойында тіпті қолға алынбай да келген. Әсіресе шығыс тақырыбына қатысты қолжазбалар архивтің тереңіне жіберілген. Ал жарық көрген бірен-саран нұсқалардың ескі наным-сенімдерге жанасты тұстары не мүлде қысқартылып, не түсінік берілмей қалдырылатын. Осыдан барып баспадан шыққан мұраны оқып түсінудің өзі онайға соқпайтын, қаншама сөздер мен терминдер оқушы ойында көмескілік тудыратын.

Бұл айтылғанға М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты даярлаған, «Жазушы» баспасы шығарған қазақ халық әдебиеті көп томдығының алғашқы кітаптарынан мол мысал

келтіруге болады. Көп томдықтың жарық көрген он төрт кітабын (батырлық жыры, ертегілер, дастандар, айтыстар) түгелдей қарап шықса, фольклор басылымдарына тән жетістіктер мен кемшіліктердің неғұрлым жиі кездесетін түрлері анықтала түсер еді. Біз сол кітаптардың бәрін емес, бір-екеуін алып шолып шыққанда да кейбір жағдайларды дәлелден көрсетуге мүмкіндік бар екенін көрдік.

Көп томдықтың бастапқы екі кітабында «Қобыланды батыр» және «Алпамыс батыр» (1986) жырлары берілген. Әрқайсысы бір-бір кітапқа кірген бұл жырлардың қазақ эпосы қатарынан алатын айрықша орны біз айтпасақ та түсінікті. Бұлар қазақ классикалық қаһармандық жырының інжу-маржаны, мазмұнына көркемдігі сай ескерткіштер. Аталған жырлар қазақ қауымының сан буынына отаншылдық рух дарытқан, көркемдік ләззатына бөлеген аса танымал әрі сүйікті туындылар. Міне, осы жырларды қазақша оқитын қазіргі қауымға лайықтап, жеткілікті түсініктемесімен шығарудың өзіндік себептері бар екенін де ұмытуға болмайды. Біріншіден, бүгінгі жаппай отырықшыланған қазақ еліне, әсіресе оның шаһарда туып өскен бөлігіне бұрынғы көшпенділік өмір ұғымынан туған терминдердің, бейнелі сөздердің, тіркестердің көбі түсінікті деп айта алмасақ керек. Ал көне наным-сенімдерді елестететін немесе ертегілік, әпсаналық ұғымдар тарихы бұдан да қиынырақ екенін көреміз. Міне, осы халдерді толық ескеріп, тиісті сөздік, түсініктеме бергенде ғана жырдың табиғатын бүгінгі буын тани алады. Осы талаптар тұрғысынан алып қарағанда сөз болып отырған кітаптар турасында не айтуға болар еді? Сөз жоқ, бұл басылымдарды әзірлеуге көп еңбек сипірілген, мәтіндердің түпнұсқаға сәйкес шығуына айрықша көңіл бөлінген, жырлардың бұрынғы басылымдары, варианттары, жекелеген айтушылары туралы мағлұмат келтірілген, кейбір көп сөздер мен терминдерге түсінік берілген. Бір қарағанда көншілік үшін шығарылған кітаптарға қойылатын талап орындалғандай болып көрінеді. Бірақ зер сала қарасақ, «мына нәрселер неге жоқ» дегізетін тұстардың бар екеніне де көз жеткіземіз.

Ең алдымен басылымның ғылыми принциптері жете анықталып болмағаны көзге шалынады. Бірінші томның алғы сөзінде батырлық жырлардың шыққан заманы, олардың жанрлық белгілері, айтушылары, жырдағы кейіпкерлер құрамы, бұрынғы зерттеушілері жайында айтыла келіп, варианттылықтың пайда

болу жолдары қамтылады, «Кобыланды батырдың» қандай нұсқалардап құралғаны ескертіледі. Мұның бәрі алғашқы томда айтылуға тиісті деректер деп білеміз. Сонымен қатар мұнда осы қаһармандық жырдың генезисі, тарихи шындықты елестету ерекшеліктері, танытқыштық, тәрбиелік, көркемдік мәні қысқа да болса баяндалуы тиіс еді. Әрбір эпос туралы оқушыға мағлұмат беру шарт. Міне, осы мәселе елеусіз қалдырылған. Екінші томда «Алпамыс батыр» жыры жөнінде де ештеңе айтылмаған. Әрбір томға азды-көпті алғы сөз, соңғы сөз беру басылым атаулының құрамдас бөлігі болып сапалған ғой. Біз бұл арада жырлардың вариант-нұсқалары жөніндегі түсініктемелерді көрмей отырған жоқпыз. Түсініктеменің өз орны бар... Мұнда жырдың жариялану хронологиясы, нұсқалар саны ескертілгенмен, варианттардың арасындағы айырмашылықтар талданбаған. Ал көне атаулар, жер, су атаулары, діни ұғымдар мен фразеологиялық тіркестерге түсінік берілмеген. Бұл кемшілік жалғыз осы басылымның бойындағы нұсқан емес. Батырлар жырының барлық басылымдарында да көне наным-сенімдерді білдіретін сөздерге бұған дейін де жартымды түсіндірме жасалмай келген. Мұның бір себебі, дінге қатысты ұғымдарға мән бермеушілікте жатыр. Осының салдарынан көптеген тіркестер мағынасы оқушы көңілінде көмескілік тудырған қалпында қала береді. Мысал келтірейік: Қазақ жырларында жиі кездесетін «эпостық жау» — қызылбастар туралы осы уақытқа дейінгі басылымдарда жартымды жауап берілмей келеді. Арнаулы жыр басылымында берілмеген түсінікті оқушы қайдан алмақ? Кобыланды батыр Қазанға аттанарда анасымен, қарындасымен коштасып тұрып: «Алпыста анам Аналық, Бибі Фатимаға тапсырдым, шырағым есені, Қарлығаш, Қарашаш ханымға тапсырдым» дейді. Осы жолдардың мәні кітап беттерінің аяғында да, кітап соңында да айтылмаған күйінде қала береді. Түсініктемені тілеп тұрған жолдар мен сөздер жырда жиі кездеседі. Солардың көбінің мағынасы ашылмай қалуы, әлбетте, басылымға нұсқан келтірген, ең бастысы — оқушының жырды толық түсініп қабылдауын қиындатқан... «Жеті жұмақ пейіш», «иманды күл жолығар», «хауызды көусар суына», «Ғұмар, Ғұсман екі жар, Қауыс, Кияс екі жар», «ойда Илияс пайғамбар, Ықылас ата, шашты Әзиз», «көл иесі Қамбар-ай, шөл иесі Қамбар-ай», «Ғали арыстан тапсырдым», «Азулының бойында», «қырық мың үйлі қыят», «Қазанның сырлы қаласы», «сыйынған пірім Қамбар, Дәуіт», «Бұлғары

садақ, Бұқар жай», «жеті пірге тапсырдым», «хан Темір», «ұлы Қобда бойында Кобыландының моласы» сынды тіркестер тасасында қандай ұғым жатқаны оқушыға қараңғы. Осы тіркестердің әрқайсысы туралы өте ұзақ түсініктемелер, арнаулы зерттеулер жасалсын деп отырғанымыз жоқ, сонда да болса «өзін түсініп біле бер» дегендей бұларды мүлде аттап өту ешқандай да басылымның бойына лайық емес. Біз оқушы ұғымына ауырлау тиеді-ау дегендерді толық тізіп отырғанымыз жоқ, олардың саны әлденеше көп. Тіпті айтылуы «қазақы» сөздер мен тіркестердің өзінің де түсіндірмені тілеп тұрғандары толып жатыр. Мәселен, «бұл жібердім базардың, бояғы мен бөзіне, салса жылқы тоқтайды, Арқаның бөрі көзіне» деген шумақта мағынасып аша түсетін сөздер бар. Бұл көрсетілгендер мәтін алдына қойылатын талаптың қаншалықты күрделі екендігін сездірсе керек. Мәтінші әрі тілші, әрі тарихшы, әрі этнограф, әрі шығыстанушы болуы керек дейтін талаптың күр сөз емес екендігін осыдан да көруге болғандай. Ал осы талапқа лайық келетін мәтінші бізде көп пе десек, жауабымыз жартымды бола қоймайды. Филология факультеттерін бітіргендердің кейбіреулері мәтінші жүгін көтеру былай тұрсын, жалпы сауатының өзі күмәнділеу болып келетінін көріп жүрміз. Осы жағдайды ойлағанда жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде мәтіншілік (текстология) жөнінен арнаулы курстар жүргізілуі, студенттердің белгілі бір тобы бұл салада мамандануы қажеттігі айқын болып көрінеді. Мәселе мәтінші проблемасына мүлде жанаша келу қажеттігінде болып отыр. Бұл тарапта үлкеніміздің де, кішіміздің де түсінігіміз үстірттеу болып келгенін мойындамасқа шара жоқ. Демек, жоғарыда көрсетілген шалағайлықтар тек кітапты құрастырушылардың салақтығынан туған нәрсе деп қарамай, мәтіншілік принциптеріне жете мән бермей келген жалпы ортақ олқылығымыз деп мойындаған дұрыс.

Қазақ қаһармандық эпосы қатарынан неғұрлым көбірек зерттелген жыр «Кобыланды батыр» десе болады. Ауыз әдебиетінің бұл туындысы жөнінде Қазақ төңкерісінен бұрын да салдарлы талдаулар жасалғанын кейінгі кездерде ғана біле бастадық. Солардың ішінде атакты қазақ ойшылы Әлихан Бөкейханұлының зерттеуі ерекше орын алады. Қазақ эпосын бұрын-соңды сөз еткен қаламгердің «Кобыланды батырға» соқпай кеткені кемде-кем. Зерттеушілердің қай-қайсысы да эпостың терең мазмұнын, биік көркемдігін атап көрсеткен. М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің,

С. Мұқановтың, К. Жұмалиевтің, Б. Кенжебаевтың, Ә. Марғұланның, Ә. Қоңыратбаевтың еңбектерінде жырдың алуан қырлары зор сүйіспеншілікпен сөз болады. Эпостың шыққан заманы, оқиғалардың тарихи шындыққа қатыстылық дәрежесі, кейіпкерлер жүйесі, айтушылары, көркемдік кестелері әр тараптан тексерілген. Халқымыздың даңқты ұлдарының бірі М. Ғабдуллин бұл тақырыпта арнаулы зерттеу жазып, өзіне дейінгі ғалымдардың ізденістерін қамти отырып, күрделі ойлар мен тұжырымдар айтқаны белгілі. Ал фольклоршы О. Нұрмағамбетова «Қазақтың қаһармандық жыры – «Қобыланды батыр» атты монография жариялап, осы еңбегінің негізінде докторлық диссертация қорғайды, жырдың зерттелу деңгейін жаңа белеске шығарды. «Қобыланды батыр» жөнінде жазылған жекелеген материалдар саны тіпті көп. Ұлы жазушы М. Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» деген драмасы да эпостың халық арасына кеңінен танымал болуына өз ықпалын тигізгені мәлім. Ақырында «Қобыланды батырдың» мәтіні үзінді түрінде орта мектептің әдебиет оқулықтары мен хрестоматияларында үздіксіз басылып келгенін айтсақ, жырдың әрдайым жұртшылық ілтипатына бөленіп отырғанын сеземіз. Осыншама еңбектер мен басылымдарды есепке алғанның өзінде де «Қобыланды батыр» ақыр-тақыр толық зерттеліп болды дей алмаймыз. Оның әлі де аша түсетін аспектілері, білікті талдауды керек ететін проблемасы аз емес. Эпостың мәтіншілік мәселесі ыждағатты іздеушісін күтіп тұрғанын біз ілгеріде мысалға келтірген шумақтар мен тіркестер толық дәлелдейді. Қаншама рет қайталанып басылған жырымыздың өзінде түсініктеме берілмеген ұғымдар мен терминдердің көптігін көргенде басқа эпостық ескерткіштердің мәтіншілік жағы озып кетпегенін шамалауға болады...

«Алпамыс батыр» жырының жариялануы мен зерттелуіне де көңіл жеткілікті бөлінбеген деп айта алмаймыз. Алғаш рет 1899 жылы Қазан қаласында басылған эпос Қазан төңкерісіне дейінгі уақыт ішінде жеті рет қайталанып жарық көрген. Бұған Кеңес заманындағы басылымдарды қоссақ, жырдың ел арасына неғұрлым кең тарағанын танимыз. Ауыз әдебиетін, соның ішінде эпосты тексерушілер ерекше ден қойып сөз еткен ескерткіштердің бірі де осы. Эпосты диссертациялық жүйеде зерттеген филология ғылымдарының кандидаты Т. Сыдықовтың еңбегі де жеке кітап түрінде жарияланғаны белгілі. «Алпамыс батырдың» ғылы-

ми басылымы жүзеге асырылғаны да кезінде атап өтілді. Бұл жырдың өзбек версиясы атакты түрколог В. М. Жирмунскийдің зерттеулері арқылы әлем фольклоршыларының назарына ілінді. Өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт ғалымдарының Алпамыс туралы эпос, аңыз, әпсаналарға арналған еңбектері өз алдына бір төбе. «Алпамыс батыр» эпосы сарынымен өзбектер мен қарақалпақтарда драма, қазақтарда опера жазылғаны да, қазақтың өзге бірсыпыра жырлары секілді «Алпамыс батыр» жыршының айтуында күйтабақтарға түскені де мәлім. Бұл және басқа мысалдарды көңілге тоқ санай тұрсақ та, жырдың мәтіншілік (текстологиялық) жағында әлі де болса кемшілік орын алып келгенін жасырудың қажеті жоқ.

Сөзіміз дәйекті болуы үшін жырдың соңғы, 1986 жылғы басылымына бұрылайық. Басылымның ұнамды белгілерінің бірі деп «Алпамыс батырдың» үш нұсқасының қатар берілгенін айтар едік. Соның ішінде 1939 жылдан бері сирек жарияланып келген нұсқаның ұсынылғаны оңды болған. Жырды баспаға даярлағандар да, нашрият қызметкерлері де мұраның мәтіні мейлінше салыстырылып шығуына көңіл бөлгені аңғарылады. Әттен, жырдың оқиғалық өрілімі, тарихи шындықтың эпоста сәулеленуі, әр дәуірдің ақиқатынан елес беретін полистадиялылығы, құрылысы мен көркемдік ерскиліктері, басқа халықтар арасында да кең таралуының себептері тәрізді мәселелер жөнінде ештеңе айтылмауы, өкінішті-ақ. Эпосты жырлаушылар жайында да кітап соңында мардымды мағлұмат жоқ, тек аттары ғана аталған да қойған...

Кітап соңындағы «Түсініктерде» кейбір атакты жыршылардың аты-жөні қате жазылуы нағыз салақтықтың салдары демеске болмайды. «Алпамыс батырдың» ең көркем нұсқасы деп биік бағалап келген нұсқаны айтушы Сұлтанбектің аты, неге екені белгісіз, Сұлтанкүл болып кетіпті. Қазақтың соңғы ұлы жыршыларының бірі Сұлтанбек Аққожаев туралы арнаулы зерттеулер де, шағын макалалар да жеткілікті. Ол туралы арнаулы мақала Қазақ совет энциклопедиясының бірінші томында (1972) да бар. Бұған «Қазақ әдебиеті» газетінде, Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарларында, «Простор» журналында басылған макалаларды қоссақ, деректі материалдың молдығына көз жетеді. Ол макалаларда Сұлтанбектің (1876 — 1965) бүкіл саналы өмірін Оңтүстік Қазақстанда, Түркістан ауданында, Қаратаудың орта өңірінде өткізгені, оның жыршылық дәстүрді Құлыншақ, Май-

лы, Майкөт сынды өз заманында атағы шыққан ақылдардан үйренгені, жыршының репертуарында «Алпамыс батыр», «Шора батыр», «Қыз Жібек», «Сауда нишан» секілді көркем шығармалар, сан алуан толғаулар, шежірелер, күйлер болғаны көрсетілген. Жыршының орындаушылық ерекшелігі туралы да қызғылықты естеліктер жарық көрген. Міне, күні кешеге дейін барлық дарының халқына қалтқысыз жұмсаған қадірлі өнер иесінің аты бір емес, бірнеше жерде өзгертіліп жазылуы қынжылтпай қоймайды. Мәселесі кітаптың жауапты шығарушысын (А. Айдашев) сынаумен шектелмесе керек. Жырды зерттеушілердің өзі әуел баста бір жаңсақтық жіберіп алғанын, сол қателіктің кітаптан кітапқа ауыса бергенін аңғарамыз.

Жыр варианттарының әрқайсысына тән өзгешелік ескертілу де қажет өңгіменің бірі еді. Бірақ бұл мәселені де кітап құрастырушылар елемеген. Ал көнерген сөздер мен тіркестердің көбіне түсінік берілмеуі басылымның өзіне хас нақтылы шартын орындамағандық болып табылады. Эпостың үш нұсқасының екеуінің айтушылары аталып, біреуінің кімнен, қашан жазылып алынғаны көрсетілмеген, 1939 жылы С. Мұқанов құрастырған «Батырлар жыры» деген кітаптан алынды деген де қойған.

Әділдік үшін «Алпамыс батырдың» бұл басылымындағы тағы бір ұнамды нышанды айта кету ләзім. Ұзақ жылдар бойында жырдың ең жақсы үлгісі деп танылған Сұлтанбек жыршының айтуынан жазып алынған нұсқаның кіріспе бөлімі жасанды түрде қысқартылып келгенін енді біліп отырмыз. Эпостың көпшілікке мәлім болып келген болмысы «баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда, Жиделі-Байсын жерінде, Қонырат деген елінде» деген тармақтардан басталады. Тіпті кейде әсіре сақ редакторлар осы жолдардан «дін мұсылман аманданы» да сызып тастап кететін. Жырдың біз сөз етіп отырған кейінгі басылымында бұрын берілмей келген тұтас кіріспе қайтадан қосылған. Осында үрей ұшырарлықтай жат ойлар мен залалды пікірлер бар ма, жоқ па, оны оқушы өзі таразылап көрсін...

Бисмилла сөздің анасы,  
Күлді сөздің данасы,  
Бисмилла деп бастаса,  
Ашылар сөздің әмнесі.  
Назым ғып бір сөз шығардым,  
Бұрынғы сөзді доғардым,

Болмаған сон мазасы.  
Көңіліме қызық көрінді,  
Сөз нұсқасы, жобасы.  
Болса егер расы,  
Бізден болмай дуасы.  
Бекер болса зарала,  
Жазғанға болар жазасы.  
Әркімдер сөз шығарған,  
Келгенінше шамасы.  
Нанбағанға амал жоқ,  
Табылмайды дауасы.  
Нанғаштарға осылай,  
Бұрынғылардың жобасы.  
Еңбек қып ерлер ел алса,  
Жетпейтін болса қазасы.  
Ер артында көз қалса,  
Көз қалмаса, сөз қалса,  
Өлгенге салған азасы.  
Бұрынғы өткен заманда,  
Біздерге қалған хабарда,  
Ер де түскен зынданға,  
Басында болып жаласы.  
Қырық жылда шығып хан болған,  
Басынан қабыл тобасы.  
Жаратқанға жалынып,  
Кетпеген қолдан жағасы.  
Байсын деген өзені,  
Жиделі байтақ қаласы.  
Жаз жайлауға, қыс-қыстау  
Жер еді артық саясы.

Бұл жолдардың арасында қалып қойғандары бар-жоғын біле алмадық. Осы кезге дейін қолжазбадағы сөздер мен тіркестерді сызып тастау немесе өзгертіп жіберу «онайдың-онайы» болғанын еске түсірсек, мұндай күдіктің қылан беруінде негіз жоқ емес. Ал осы кіріспеде акын-жыршының үлкен қисса айтардағы толғанысы, ертеден келе жатқан аңыз өңгімені қайта толғап шығуға бекінген тәуекелі, көңілінде зоредей де түйткіл қалдырмай, сөзді бисмилладан бастауы — бәрі де жарасымды. Жалпы шығыс шайырлары өздерінің шығармаларын жаратқанға табынудан, жалбарынудан бастауы дәстүрлі нәрсе. Ұқпағанға бұл бір басы артық нәрсе секілденеді, ал іс жүзінде мұнда айтушының бұзылмаған сенімі, адал сыры аңғарылады.

Қалың оқушыға көмескі, кейде мүлде түсініксіз тіркестер мен терминдерді түсіндірмеушілік «Алпамыс батырдан» да орын ал-

ған. Бұл біздің басылымдарымыз үшін үйреншікті нәрсе сияқты. Әйтпесе әрқайсысының астарында күрделі ұғымдар тұрған «Ра-сулды хақ білген», «Жылқышы ата», «Шаһмардан жар болса», «Әзірет сұлтан», «Әзіреті Ыскак бап, Бабатада дер еді», «Түркіс-танда Қожахмет, Самарканда палуан Ахмет», «Мүйіз шықпас басына» тәрізді жолдар мағынасы ашылмай қалар ма еді?

Жырда көне заманда қолданылған, бірақ кейінгі дәуірлерге мағынасы жағынан жалпы жұртқа бұлдыр болып көрінетін сөздердің бір-ексеуіне тоқтала кетуді жөн көреміз. Алпамыс зынданнан шығып, еліне келгенде немере ағасы Тортай оған Ұлтанқұлдап көрген қорлығын айта келіп: «Өзің кеткенде іште қалған алты айлық Жәдігерді бөрінің баласы бөрілігін қылмай қоймас деп, мойнына *күнде* салып, аяғына кіссен құрсау, қолына шынжыр бұғау салып, қозы бақтырып қойды» дейді (58 бет). Осы сөйлемдегі *«күнде»* деген сөздің мағынасы ертеде жәндіктердің адам басын кесер алдында кигізетін құрсауы дегенге келеді.

Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батырында да» осы сөз кездеседі. Қазіргі тіліміздің құрамынан мүлде шығып қалған сөздің эпоста ғана сақталғанын көреміз. *«Күнде»* сөзін ноғай жырларынан да оқығанымызды айта кетейік. Шыңғыс Айтматовтың «Плаха» деген романын өзбектер алғашқыда «Көнде» деп аударғаны есімізде. Міне, осылайша кейде бір сөздің өзі талай заманның қойнауындағы тарихтарды тануға көмектеседі.

Алпамыстың жауға шапқанда «Алатаулап» ұран тастайтыны да жырда қағыс қалмаған. Рулық ұрандар тарихынан бейхабар адам бұл сөзді өлемге әйгілі Алатау екен деп ойлап қалуы мүмкін. Шындығында, бұл Есім хан заманында қол бастап, сан жеңістерге жеткен, кейіннен казак қоныраттарының рулық ұранына айналған Алатау батырдың есімі ғой. Жырдың Әбдірайым Байтұрсынов нұсқасында *«Байсында қоңырат, лақайдың»* деген жолдар бар. Осындағы *«лақай»* Оңтүстік Өзбекстанда жасайтын ру аты екенін де оқушы біліп отырса, артық болар ма еді?

Жекелеген сөздердің өзгертіп айтылған мысалдарын да ұшыратуға болады. «Алпамыс батыр» жырында неғұрлым кен таралған, жиі айтылған Оңтүстік Қазақстанда қолданылатын көкпар деген сөзді кітап құрастырушылар көкбөрі деп өзгертеді. Егер мұндай ауыстыру аса бір қажеттіліктен туған болса, оған да түсінік беру керек қой...

Халқымызға танымал бірер эпосты қайта оқып шыққанда, мәтіншілікке байланысты ойға оралған кейбір пікірлер осы. Қармандық жырлардың бірлік басылымын толық шолса, мысалдар анағұрлым мол табылатыны күмәнсіз болып көрінеді. Сонда да болса басылымдардың көбіне ортақ нұқсандарды нақтылы көрсетудің қажеттігі бар деп есептедік.

#### Әдебиет:

- (1) Қобыланды батыр. М., 1975; Хайуанаттар туралы халық ертегілері. А., 1979.
- (2) Лихачев Д.С. Текстология. Л., 1983, с. 5.
- (3) Фольклор. Издание эпоса. М., 1977, с. 5.
- (4) Сонда, 24-бет.
- (5) Сонда, 60-бет.
- (6) Сонда, 108-бет.
- (7) Лихачев Д.С. Текстология. Л., 1983, с. 29.
- (8) Сонда, 30-бет.

«Қазығұрт» баспасының директоры  
Темірғали КӨПБАЕВ

**РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙ**

**Бес томдық шығармалар жинағы**

**МАЗМҰНЫ**

Мұрапың мәні (алғы сөз) .....	3
Ежелгі ерлік дәуірінің жанғырығы .....	8
Орхон ескерткіштері және эпикалық дәстүр .....	25
«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының архаикалық сипаты .....	33
«Дәде Қорқыт кітабы» және казак эпосы .....	40
«Манас» жырындағы казак тақырыбы .....	46
Көне заман куәліктері .....	59
Алтай аңызы .....	70
Ертегіден эпосқа .....	74
Қаһармандық эпос .....	92
Жаһанға мәшһүр жыр .....	117
Түрік халықтары эпосының тарихи-генетикалық типологиясы .....	139
Ұлыстың ұлы дастаны .....	146
Мәңгілік жасайтын аңыздар .....	154
Эпос тудырған дәуір .....	163
Қырымның қырық батыры .....	181
Едіге деген ер елі... ..	201
Қаһармандық жыр — халық естелігі .....	269
Эпос — ел мұраты .....	294
Ғашықтық (романдық) дастан .....	304
Аңыздан Тәуратқа .....	323
Діни дастандар тағылымы .....	332
Тарихи жыр .....	350
Қос арна .....	384
Көркемдік дәстүр жалғастығы .....	402
Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылар мен дамытушылар .....	428
Эпос басылмалары туралы бірер сөз .....	450

*Бірінші том*

**Эпос — ел қазынасы**

Редакторы  
Галия Майкотова

Корректоры  
Әсия Орымбаева

Суретшісі  
Пұран Айымбет

Техникалық редакторы  
Гүлмира Ақажанова

Терген  
Гауһар Отарбаева

Беттеген  
Ниязбай Оразымбетов